4) есту және көру арқылы қабылдауын дамыту (сызба, тірек карточка, жоспар, кесте , иллюстрация, дидактикалық ойындар бойынша жұмыс);

5) есте сақтауын дамыту (тақырыптық дидактикалық ойындар мен жаттығулар);

6) байланыстырып сөйлеу тілін дамыту (үлгі, жоспар, түсіндіру, сұрақтар қою, түйінді сөздер бойынша әңгімелеу);

7) ұсақ моторикасын дамыту (клавиатуралық жаттықтырушы).

21. "Информатика" пәні бойынша білім беру мен түзету міндеттеріндегі жетістікке жету үшін төмендегілер қолданылады:

1) оқу-әдістемелік әдебиет (оқулықтар, нашар еститін балаларға арналған жұмыс дәптерлері, әдістемелік құралдар, тапсырмалар жинағы мен практикумдар, тақырыптық және қорытынды бақылауға арналған тест тапсырмаларының жинағы);

2) мерзімдік басылымдар; демонстрациялық қабырғалық көрнекі құралдар жиынтығы (міндетті түрде "Жұмыс орнын және қауіпсіздік техникасын ұйымдастыру" плакатын енгізу);

3) "Информатика" оқу пәнінің негізгі мазмұнын көрсететін плакаттар, сызбалар, кестелердің демонстрациялық көрнекі құралдарының жиынтығы, қабырғалық графикалық басылымдар түрінде, электрондық түрде де қарастырылады ( мультимедиялық презентация слайдтарының жинағы), пән бойынша оқытушы плакаттар; информатика бойынша анықтамалық және әдістемелік әдебиет; алмастырылған материалы бар қабырғалық стенд;интерактивті тақта; проектор; проекторға арналған төбелі бекіткіш; веб-камера; стационарды дыбысты күшейтуші жабдық; монитормен жүйелі блок; компьютерлік үстелдер мен столдар; көрсеткіш бойынша (арнайы клавиатура, манипулятор, джойстик, бейімдеуші стол-мольберт, тіреуші жиектеме);

4) әрбір білім алушыға оқытудың арнайы техникалық және компенсаторлық құралдары.

### **3-тарау. "Информатика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. "Информатика" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5 - сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

2) 6 - сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

3) 7 - сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

4) 8 - сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

5) 9 – сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты;

6) 10 - сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында - 34 сағатты құрайды.

23. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімі бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлім сынып бойынша күтілетін нәтиже түрі ретінде оқытудың мақсаты мен мазмұны көрсетілген бөлімшелерден құралған: дағды немесе білік, білім немесе түсіну.

24. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

1) компьютерлік жүйе;

2) ақпараттық процестер;

3) компьютерлік ойлау;



4) денсаулық және қауіпсіздік.

25. "Компьютерлік жүйе" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) компьютер құрылғысы;
- 2) программалық қамтамасыз ету;
- 3) компьютерлік желі.

26. "Ақпараттық процестер" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты өлшеу және ұсыну;
- 2) ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.

27. "Компьютерлік ойлау" бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) моделдеу;
- 2) алгоритмдер.

28. "Денсаулық және қауіпсіздік бөлімі төмендегідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) эргономика;
- 2) ақпараттық және онлайн қауіпсіздік.

29. 5-сыныпқа арналған "Информатика" пәнінің базалық мазмұны:

1) пәнге кіріспе. "Информатика" пәні. Компьютерлік сыныппен танысу. Жұмыс орнын ұйымдастыру мен өмір қауіпсіздік ережесін меңгеру;

2) ақпарат және ақпараттық процесс. Информатика және ақпарат: ақпарат туралы түсінік, ақпаратты өңдеу, ақпаратты өлшеу бірлігі;

3) компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде. Адам және компьютер. Компьютер қалай құрылған, компьютердің негізгі құралының қызметі мен мүмкіндіктері. Жұмыс үстелі, тышқанмен жұмыс жасау амалы. Мәзір және "Бастау" түймешегі. Компьютер жадысындағы ақпаратты шығару. Клавиатурамен танысу. Бағдарламамен қамтамасыз етілудің жалпы сипаты мен топтамасы. Операциялық жүйені (терезе, мәзір, тапсырмалар жолағы, "Жұмыс үстел" папкасы және "Корзина") басқару амалы мен негізгі объектілер, операциялық жүйені түсіну. Файл жүйесінің қызметі. Папка, ярлык, файл, файлға жол, файла көлемі. Папка мен ярлықты қайта өзгерту, құру. Объектілерді іздеу, өшіру, алмастыру және көшіріп алу. Ақпаратты санау және жазу, ақпарат тасыушылар;

4) АКТ. Қарапайым графикалық редактор. Суреттерді сақтау және ашу. Графикалық редакторларды суреттеу құралы. Фрагменттік суретті ерекшелеу, фрагменті суреттер, масштабпен жұмыс, графикалық ақпаратты өңдеу (бейнені трансформациялау, масштабтау). Басып шығаруға даярлау, басып шығару. Қарапайым мәтіндік редактор. Мәтіндік редактордың интерфейсі. Құжаттарды компьютерді даярлау кезеңдері (мәтін кіріспесі, мәтінді теру ережесі, мәтін бойынша алмастыру Файлдан мәтінді жүктеп алу.

5) бағдарламалық әрекет.

30. 6-сыныпқа арналған "Информатика" пәнінің базалық мазмұны:

1) кіріспе. Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру;

2) ақпарат және ақпараттық процесс. Әлемнің ақпаратық суреті. Ақпаратты сақтау, ақпаратты сақтау. Антивирусты программа. Ақпаратты ығыстыру, архиватор программасы;

3) компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде. Есептеуіш техниканың даму тарихы, электорнды-есептеуіш машинасы. Компьютерлік техниканың даму тенденциясы;

4) алгоритмизациялау және моделдеу. Алгоритм және оны орындаушылар. Алгоритмді жазу формасы, блок-схема. Алгоритм типтері (сызықты, тармақталған және циклдік алгоритм). Модель шынайы объектінің маңызды сипаты ретінде. Модель түрлері;

5) АКТ. Мәтіндік процессор, интерфейс программасы, құжатты құру мен сақтау, мәтінді форматтаудың негізгі амалдары туралы жалпы түсініктерінің болуы. Шрифт, абзац, шегіністер және интервал. Нөмерленген және маркирленген тізім. Колонкиалар, беттер параметрі, шеттері, алдын ала көру, құжатты басу. Кесте, кесте құру, кестені түзету, берілген кестені форматау және кіріктіру. Графикалық объектілерді және декоративті жазуларды қою, жазулар мен суреттерді форматтау. Интерфейс программаларды таныстыру, презентациялау. Мультимедиялық презентацияны құру. Презентация құру, безендіру шаблон, мәтінді құру, кестені, видео, дыбыстар, суреттерді кіріктіру. Анимация тиімділігін, презентацияны демонстрациялау;

6) телекоммуникация. Компьютерлік байланыстар, глобалды ақпараттық желі, интернетте ақпаратты іздеу, электорндық почтаның негізгі түрлері.

7) жобалау әрекеті.

31. 7-сыныпқа арналған "Информатика" пәнінің базалық мазмұны:

1) кіріспе. Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру;

2) ақпарат және ақпараттық процесс. Компьютерде ақпараты ұсына алу амалы. Сандық, мәтіндік және графикалық ақпараты кодтау;

3) компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде. Компьютерді аппараттармен, жады, операциялық жүйені топтастыру, операциялық жүйенің функциялармен қамтамасыз ету;

4) алгоритмизациялау және программалау. Программалау алгоритмді жазу амалы ретінде. Алфавит, синтаксис прграммалау тілі. Арифметикалық өрнектерді жазу ережелері, алмастыру типі. Сызықтық алгоритмді программалау. Операторды кіргізу және шығару, операторды иелену;

5) ақпараттық модельдеу. Модельді сипаттау әдісі, моделдің қасиеті, алуантүрлі білім беру саласында мысал тапсырмаларда модельдерді зерттеу;

6) АКТ. Компьютерлік графиканың түрі. Векторлы және нүктелі графиканы құру мен өңдеу, графикалық файлдарды форматтау бойынша программалар. Векторлы графика. Векторлы графиканы өңдеу бойынша интерфейс программалары. Игураларды салу. Векторлы объектілермен қарапайым операция жасау. Түзу емес орындарды түзету. Мәтін, мәтінді құру блогы. Нүктелі графика. Нүктелі графика, нүктелі бейне

параметрлерін өңдеу бойынша интерфейс программалар. Нүктелі бейнелермен жұмыс жасаудың ортақ амалдары. Шеткі бөліктерін ерекшелеу, сурет салу құралдары, түстер. Ерекшеленген шеткі бөліктерімен жұмыс. Қабат. Мәтінмен жұмыс;

7) жобалау әрекеті.

32. 8-сыныпқа арналған "Информатика" пәнінің базалық мазмұны:

1) кіріспе. Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру;

2) ақпарат және ақпараттық процесс. Есептеу жүйесі (екілік, сегіздік, ондық, он алтылық) бір есептеуден екінші бір есептеуге көшіру. Екілік арифметика. Логика және логикалық операция, кесте шынайылығы. Компьютердің логикалық негізі;

3) компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде. Жеке компьютер архитектураның заманауи даму тенденциясы. Перифериалды құрылғы, перифериалды құрылғыны құру, драйверлер;

4) алгоритмизациялау және программалау. Бөлшектеу (ветвления) операторлары. Күрделі шарттар. Циклидік алгоритм, циклік алгоритмді программалау. Тікелей және кері циклді санаушы. Шарттар қарастырылған цикл. Жасап біткеннен кейінгі цикл. Графикалық операторлар мен процедуралар;

5) ақпараттық модельдеу. Компьютерде зерттеу және құрудың негізгі кезеңдері;

6) АКТ. Электронды кесте. Кесте процессорының интерфейс терезесі. Электрондық кестенің негізгі түсініктері. Мәліметтерді форматтау және түзету, кіріктіру. Маркерді толтыру. Формаларды енгізу. Қатысты, абсолютты және аралас сілтемелер. Функция, стандартты функцияны қолдану, диаграмманы құру, кестені баспаға даярлау;

7) телекоммуникация. Компьютерлік желінің қызметі, компьютерлік желінің негізгі түсініктері. Локалды желі. Глобалды компьютерлік желі. Интернет желі ресурстарына қолжетімділігі, Интернет қызметі;

8) жобалау әрекеті.

33. 9-сыныпқа арналған "Информатика" пәнінің базалық мазмұны:

1) кіріспе. Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру;

2) ақпарат және ақпараттық процесс. Компьютерлік желідегі ақпараттардың қауіпсіздігі. Ақпаратты сақтау бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасы;

3) компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде. Заманауи программамен қамтамасыз ету және оның даму тенденциясы. Қызметтік программалар;

4) алгоритмизациялау және программалау. Файлдар және оны өңдеу, мәліметтерді құрылымдау. Салынған цикл. Массивтер туралы, массивтерді өңдеудің стандартты алгоритмі. Символды қатар, қатарды символды өңдеу, символды қатарлармен жұмыс үшін функциялар;

5) жобалау әрекеті;

6) қайталау.

34. 10-сыныпқа арналған "Информатика" пәнінің базалық мазмұны:

1) кіріспе. Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру;

2) ақпараттық модельдеу. Компьютерлік модельдеу. Модельдеудің негізгі элементтері. Программалау тіл құралы арқылы модельдер құрастыру;

3) жобалау әрекеті;

4) АКТ. Мәліметтер базасы. Мәліметтер базасының құрылымы. Мәліметтер базасының кестесі. Мәліметтер жазбасы, шеткі бөлігі, типі. Кестелік процессор құралы арқылы мәліметтер базасы кестесін құру. Іздеу операциясы. Операции поиска. Қорытынды мәнін шығару, топтастыру. Видеоақпаратты өңдеу. Видеофайл форматы. Видеоны өңдеу мен құру бойынша программалар. Интерфейс программалар. Жобаны сақтау, құру, ашу. Видеоны монтаждау. Дыбыстау эффектілерін орнықтыру. Анимация және визуалды эффект. Видео қорытындысы;

5) жобалау әрекеті;

6) қайталау.

#### 4-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі

35. Бағдарламада мониторинг жүргізу мен оқу мақсатын тиімді қолдану үшін кодтық белгімен белгіленген. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімшені, төртінші белгі оқыту мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.1 кодында "5" - сыныбы, "2.1" - бөлімше, "1" - оқу мақсатының реттік саны.

36. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1 – бөлім "Компьютерлік жүйе":

1 кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Компьютер құрылғысы	5.1.1.1 процессор мен қатқыл дисктің қызметін қарапайым деңгейде түсіндіру	6.1.1.1 есептеуші техниканың тарихы мен перспективасы туралы әңгімелеу	7.1.1.1 компьютерлік жады түрлерінің қызметін сипаттау (оперативті есте сақталатын құралдар, жиі есте сақталатын құрылғы, мырт келбетімен есте сақталатын құрылғы)	8.1.1.1 процессор қызметін және оның негізгі сипаттарын қарапайым деңгейде түсіндіру	9.1.1.1 компьютердің қызметіне конфигурацияны таңдау	10.1.1.1 компьютердің функционалды мүмкіндіктері мен негізгі сипаттарын қолдану
						10.1.1.2

		6.1.1.2 компьютердің негізгі құралдарының өзарабайланысын түсіндіребілу				персоналды компьютер және оның перифериялық құралдарын (принтер, сканер, модем, мультимедиялық проектор, камера
1.2 Программалық қамтамасыз ету	5.1.2.1 процессор мен қатқыл дисктің қызметін қарапайым деңгейде түсіндіру	6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметін атау	7.1.2.1 "программалау жүйесі" мен "программалау тілі" ұғымын ажырата білу	8.1.2.1 колданбалы жүйелі бағдарламамен қамтамасыз ету мен прграммалау жүйесін ажырата білу	9.1.2.1 тұтынушының қажеттілігіне қарай программалық қамтамасыз етілуін таңдау	10.1.2.1 заманауи программалық етілудің даму тенденциясын білу
			7.1.2.2 әртүрлі форматтағы архивтерді құру және орналастыру			
			7.1.2.3 бірдей ақпаратты сақтайтын әртүрлі форматтағы файлдар мөлшерін салыстыру			
1.3 Компьютерлік желі	5.1.3.1 ортақ қолжетімді файлдарды көшіру, өзгерту, орналастыру	6.1.3.1 сымсыз байланыстың маңыздылығын түсіндіру	7.1.3.1 компьютерлік желілерді топтастыру	8.1.3.1 желіде жіберу амалдарын анықтау	9.1.3.1 интернет қызметтерін қолдана отырып (веб сервер, бұлтты есептеуіш, блок, вики арқылы жұмысты жүктеп алу) бірлесіп құжаттарды құру және қайта өңдеу бойынша жұмыс жасау	10.1.3.1 пошталық бағдарлама көмегімен электронды поштадан жіберу, қабылдауды жүзеге асыру;
						10.1.3.2

						іздеу жүйесін қолдану арқылы интернеттен ақпаратты іздеуді жүзеге асыру
--	--	--	--	--	--	---

## 2) 2 - бөлім "Ақпараттық процестер":

### 2 – кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1 Ақпаратты өлшеу және ұсыну	5.2.1.1 әртүрлі формадағы ақпараты ретпен айту	6.2.1.1 әртүрлі формадағы ақпараты ұсыну	7.2.1.1 шифрлеудің әртүрлі әдістерін қолдану арқылы мәтіндік ақпараты кодтау және қайта кодтау	8.2.1.1 ақпаратты бір өлшемнен басқа өлшемге аударуды жүзеге асыру	9.2.1.1 ақпараттың сипатын анықтау (қауіпсіздігі, нақтылық, дәйектілік, өзектілік)	10.2.1.1 қабылдаған ақпараты бағалау және талдау
		6.2.1.2 компьютерде ұсынылатын ақпараттар екілік түрде берілетінін түсіндіру	7.2.1.2 ақпаратты өлшем бірліктерін атау	8.2.1.2 ақпарат санын анықтау кезінде алфавит пен ықтималды амалдарды қолдану		10.2.1.2 программалық құралдармен видеоақпараты өңдеу
2.2 Ақпараттық объектілерді түрлендіру және құру	5.2.2.1 құжатты басып шығаруды тиімді ұйымдастыру (беттің параметрлерін орнату, алдын-ала қарау, басып шығаруға құжатты жіберу)	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу	7.2.2.1 сілтемені ұйымдастыру (гиперсілтеме, атау, мазмұны)	8.2.2.1 электрондық кестеде тапсырмаларды шешу үшін мәліметін типтері мен пішіндерін қолдану	9.2.2.1 мәліметтер базасын, жазба, жиегін түсіндіру	10.2.2.1 электрондық кестеде мәліметтер базасын құру
	5.2.2.2 нүктелі бейнелерді түзету және құру	6.2.2.2 электронды кестенің элементтерін пішіндеу	7.2.2.2 векторлы бейнелерді түзету және құру	8.2.2.2 абсолютті және қатысты сілтемелерді қолдану		10.2.2.2 мәліметтерді топтастыру және тез табу жүзеге асыру
			7.2.2.3 нүктелі және	8.2.2.3 электронды кестелерді		

	6.2.2.3 электронды кесте диаграмма құру	векторлы графиканың кемішлігі мен жетістігін бағалау	колдану арқылы тапсырмаларды шешу үшін кірістірілген функцияларды колдану		
	6.2.2.4 электрондық кестеде шартты пішіндеуді колдану		8.2.2.4 берілген кестеде график функциясын құру		

### 3) 3- бөлім "Компьютерлік ойлау"

#### 3 - кесте

Бөлімше	5 - сынып	6 - сынып	7 - сынып	8 - сынып	9 - сынып	10-сынып
3.1 Моделдеу	5.3.1.1 ойын программасы мен (Лого, Scratch (Скратч) ойын ортасында жағдайлар мен объектілер анимациясын құру	6.3.1.1 ойын программасын ойын ортасында сценарилер құрастыру және жүзеге асыру	7.3.1.1 3D редакторында оқиғалар мен объектілер моделін құу	8.3.1.1 программаны интеграциялық ортада модель міндеттерін құру	9.3.1.1 электрондық кесте процессор моделін ( физикалық, биологиялық, экономикалық) зерттеу және құру	10.3.1.1 (бағдарлау тілі мен құралдар моделін құру
3.2 Алгоритм	5.3.2.1 " алгоритм" түсінігін қалыптастыру	6.3.2.1 кезең бойынша тапсырмаларды шешуді орындау	7.3.2.1 программалау тілінде алгоритмді жазбаға жазу	8.3.2.1 алгоритмді қабылдауды жүзеге асыру	9.3.2.1 тапсырмаларды әртүрлі жолдармен шешу	10.3.2.1 әр тапсырманың шешімін сипаттау және оның тиімдісін таңдау
	5.3.2.2 алгоритмді сөздік формада ұсыну	6.3.2.2 алгоритмді блок-сызба түрінде ұсыну		8.3.2.2 қойылған міндеттердің шешімін бағалау		
	5.3.2.3 орындаушы мен оның командалық жүйесіне мысал келтіру					
	5.3.3.1 программалау (Лого, Scratch (Скратч) ойын	6.3.3.1 ойын ортасында	7.3.3.1 мәліметтер	8.3.3.1 кіріккен ортада бағдарламаны талдауда	9.3.3.1 кіріккен ортада біртекті	10.3.3.1 символдық талдаудың алгоритмін

	ортасында тармақтау мен цикл командасын қолдану	программалау процедурасын қолдану	түрлерін топтастыру	таңдау операторы мен циклдарды пайдалану	массивтерді жасаудың бағдарламасын құру	бағдарламалау
3.3 Программалау			7.3.3.2 кіріккен ортада бағдарлама жасау үшін сызықтық және тармақталған алгоритм жасау(C/C++, Python (Пайзн), Delphi (Дельфи), Lazarus (Лазарус)	8.3.3.2 кіріккен ортада бағдарлама құрудың компоненттерінің білу және қолдану		

#### 4) 4 – бөлім "Денсаулық және өмір қауіпсіздігі":

##### 4 - кесте

Бөлімше	5-сынып	6 - сынып	7 - сынып	8 - сынып	9 - сынып	10 - сынып
4.1 Эргономика	5.4.1.1 техника қауіпсіздігі ережелерін бұзудың салдарын талдау	6.4.1.1 эргономиканың тапсырмаларын қалыптандыру мен шешу. Максимальды жайлылықпен тиімділігі үшін	7.4.1.1 талдаудағы жобаға интерфейс құру үшін шарттарын орындау	8.4.1.1 әртүрлі электронды құралдардың кері әсеріне мысалдар келтіру және қорғану әдістерін қолдану	9.4.1.1 жалғаспалы компьютерлердің қолданудың тәуекелдерін бағалау	10.4.1.1 ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың құралдарын пайдалануда эргономика талаптарына сүйену
4.2 Ақпараттық қауіпсіздік	5.4.2.1 өзге жұмысты көшірмелеудің заңсыздығын талдау	6.4.2.1 "авторлық құқық", плагиат" түсініктерін түсіндіру	7.4.2.1 қауіп төндіретін бағдарламалау рданың компьютерді қорғау	8.4.2.1 желі қолданушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау алаяқтық, кибербуллинг және басқалары)	9.4.2.1 желіде этикалық және құқықтық нормаларды бұзудың салдарын түсіндіру	10.4.2.1 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағдарламамен жұмыс жасаудың ережелерін ұстану
	5.4.2.2 құжаттарға құпия сөз орнату	6.4.2.2 мәлімет авторына сілтеме жасау				



37. Осы Бағдарлама тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

38. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 5-10 сыныптарына  
арналған "Информатика" оқу  
пәнінен жаңартылған  
мазмұндағы үлгілік  
оқу бағдарламасына қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5- сынып:

1 – кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны /тақырыбы	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Ақпарат және ақпараттық процесс	Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру	5.4.1.1 техника қауіпсіздігі ережелерін бұзудың салдарын талдау
	Информатика Ақпарат	5.2.1.1 әртүрлі формадағы ақпараты ретпен айту
Компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде	Компьютер	5.1.1.1 процессор мен қатқыл дисктің қызметін қарапайым деңгейде түсіндіру; 5.4.1.1 техника қауіпсіздігі ережелерін бұзудың салдарын талдау
	Программалық қамтамасыз ету	5.1.1.1 процессор мен қатқыл дисктің қызметін қарапайым деңгейде түсіндіру; 5.1.2.1 процессор мен қатқыл дисктің қызметін қарапайым деңгейде түсіндіру
2 - тоқсан		
Компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде	Негізгі объектілер мен Windows (виндоус) басқару амалдары	5.1.3.1 ортақ қолжетімді файлдарды көшіру, өзгерту, орналастыру

Ақпараттық-коммуникациялық технология	Қарапайым графикалық редактор	<p>5.1.1.1 процессор мен қатқыл дисктің қызметін қарапайым деңгейде түсіндіру;</p> <p>5.1.3.1 ортақ қолжетімді файлдарды көшіру, өзгерту, орналастыру;</p> <p>5.2.2.1 құжатты басып шығаруды тиімді ұйымдастыру (беттің параметрлерін орнату, алдын-ала қарау, басып шығаруға құжатты жіберу);</p> <p>5.2.2.2 нүктелі бейнелерді түзету және құру құру</p>
---------------------------------------	-------------------------------	--

3 - тоқсан

Ақпараттық-коммуникациялық технология	Қарапайым мәтіндік редактор. Интерфейс редакторы	<p>5.1.3.1 ортақ қолжетімді файлдарды көшіру, өзгерту, орналастыру;</p> <p>5.2.2.2 нүктелі бейнелерді түзету және құру құру</p>
	Аралас құжаттарды құру	<p>5.1.3.1 ортақ қолжетімді файлдарды көшіру, өзгерту, орналастыру;</p> <p>5.2.2.1 құжатты басып шығаруды тиімді ұйымдастыру (беттің параметрлерін орнату, алдын-ала қарау, басып шығаруға құжатты жіберу);</p> <p>5.2.2.2 нүктелі бейнелерді түзету және құру құру;</p> <p>5.4.2.1 өзге жұмысты көшірмелеудің заңсыздығын талдау;</p> <p>5.4.2.2 құжаттарға құпия сөз орнату</p>

4 - тоқсан

Ақпараттық-коммуникациялық технология	Есептеуші ақпаратты өңдеу. Калькулятор.	5.2.1.1 әртүрлі формадағы ақпараты ретпен айту
	Дыбыстық ақпаратты өңдеу. Фонограф	<p>5.1.3.1 ортақ қолжетімді файлдарды көшіру, өзгерту, орналастыру;</p> <p>5.3.1.1 ойын программасымен ( Лого, Scratch (скратч) ойын ортасында жағдайлар мен объектілер анимациясын құру;</p> <p>5.4.2.1 өзге жұмысты көшірмелеудің заңсыздығын талдау</p>
	Жобалау әрекеті	

2) 6 - сынып:

2 – кесте

--	--	--

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны /тақырыбы	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Ақпарат және ақпараттық процесс	Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру	6.1.1.1 есептеуші техниканың тарихы мен перспективасы туралы әңгімелеу; 6.1.1.2 компьютердің негізгі құралдарының өзарабайланысын түсіндіре білу
	Әлемнің ақпараттық суреті. Ақпаратты сақтау, ақпаратты сақтау	6.1.1.2 компьютердің негізгі құралдарының өзарабайланысын түсіндіре білу 6.2.1.1 әртүрлі формадағы ақпараты ұсыну; 6.2.1.2 компьютерде ұсынылатын ақпараттар екілік түрде берілетінін түсіндіру; 6.4.2.1 "авторлық құқық", "плагиат" түсініктерін түсіндіру
	Антивирусты программалар	6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметін атау; 6.2.1.1 әртүрлі формадағы ақпараты ұсыну; 6.4.1.1 эргономиканың тапсырмаларын қалыптандыру мен шешу
	Ақпаратты ығыстыру, архиватор программасы	6.2.1.1 әртүрлі формадағы ақпараты ұсыну; 6.2.1.2 компьютерде ұсынылатын ақпараттар екілік түрде берілетінін түсіндіру; 6.4.1.1 эргономиканың тапсырмаларын қалыптандыру мен шешу
Компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде	Есептеуші техниканың даму тарихы	6.1.1.1 есептеуші техниканың тарихы мен перспективасы туралы әңгімелеу
	Электронды-есептеуші машинасы	6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметін атау
	Компьютерлік техниканың даму тенденциясы	6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметін атау
2 - тоқсан		
	Алгоритм және оны орындаушылар	6.3.2.1 кезең бойынша тапсырмаларды шешуді орындау
	Алгоритмді жазу формасы	6.3.2.1 кезең бойынша тапсырмаларды шешуді орындау; 6.3.2.2 алгоритмді блок-сызба түрінде ұсыну
		6.3.2.1 кезең бойынша тапсырмаларды шешуді орындау;

Алгоритмизациялау және моделдеу	Алгоритм типтері (сызықты, тармақталған және циклдік алгоритм)	6.3.2.2 алгоритмді блок-сызба түрінде ұсыну; 6.3.3.1 ойын ортасында программалау процедурасын қолдану
	Модель және модельдеу	6.3.1.1 ойын программасын ойын ортасында сценарилер құастыру және жүзеге асыру
3 - тоқсан		
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Мәтіндік процессор, интерфейс программасы	6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметін атау
	Мәтінді форматтау амалының негізі	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу
	Құжаттарды алдын ала көру және баспадан шығару	6.1.3.1 сымсыз байланыстың тиімді жақтарын түсіндіру
	Кесте, кестені құру	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу; 6.2.2.2 электронды кестенің элементтерін пішіндеу
	Кестені түзету	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу
	Кесте мазмұнын форматтау және енгізу	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу 6.2.2.2 электронды кестенің элементтерін пішіндеу
4 - тоқсан		
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Графикалық объектілерді және декоративті жазуларды қою	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу
	Суреттер мен жазбаларды форматтау	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу
	Интерфейс программаларды таныстыру, презентациялау	6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметін атау
	Презентация құру және безендіру	6.2.2.1 мәтіндік процессорде кесте элементтерін пішіндеу
	Презентацияны демонстрациялау және анимациялау	6.2.2.3 электронды кесте диаграмма құру
Телекоммуникация	Негізгі компьютерлік байланыстар негізі	6.1.3.1 сымсыз байланыстың тиімді жақтарын түсіндіру
	Глобалды ақпараттық желі Жобалау әрекеті	6.4.2.1 "авторлық құқық", "плагиат" түсінігін түсіндіру; 6.4.2.2 мәлімет авторына сілтеме жасау

### 3) 7 - сынып:

#### 3 – кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны /тақырыбы	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		

Ақпарат және ақпараттық процесс	Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру	7.1.1.1 компьютерлік жады түрлерінің қызметін сипаттау (оперативті есте сақталатын құралдар, жиі есте сақталатын құрылғы, мырт келбетімен есте сақталатын құрылғы)
	Компьютерде ақпаратты ұсыну амалы	7.2.1.1 шифрлеудің әртүрлі әдістерін қолдану арқылы мәтіндік ақпараты кодтау және қайта кодтау; 7.2.1.2 ақпаратты өлшем бірліктерін атау
Компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде	Компьютер, жадыны аппаратпен қамтамасыз ету	7.1.1.1 компьютерлік жады түрлерінің қызметін сипаттау (оперативті есте сақталатын құралдар, жиі есте сақталатын құрылғы, мырт келбетімен есте сақталатын құрылғы); 7.4.1.1 талдаудағы жобаға интерфейс құру үшін шарттарын орындау; 7.4.2.1 қауіп төндіретін бағдарламалардан компьютерді қорғау
	Операциялық жүйені топтастыру	7.1.2.1 "программалау жүйесі" мен "программалау тілі" ұғымын ажырата білу
	Операциялық жүйенің функциясы	7.1.2.2 әртүрлі форматтағы архивтерді құру және орналастыру; 7.1.2.3 бірдей ақпаратты сақтайтын әртүрлі форматтағы файлдар мөлшерін салыстыру
2 - тоқсан		
Алгоритмизациялау және модельдеу	Программалау тілі	7.3.2.1 программалау тілінде алгоритмді жазбаға жазу; 7.3.3.1 мәліметтер түрлерін топтастыру
	Программа және оның құрылуы	7.3.2.1 программалау тілінде алгоритмді жазбаға жазу; 7.3.3.1 мәліметтер түрлерін топтастыру
	Алмастыру типі	
	Арифметикалық өрнектер жазбасы	7.3.3.2 кіріккен ортада бағдарлама жасау үшін сызықтық және тармақталған алгоритм жасау(C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус)
		7.3.3.2 кіріккен ортада бағдарлама жасау үшін сызықтық және тармақталған алгоритм жасау(C/C

	Сызықты алгоритмді программалау	++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус)
3 - тоқсан		
Ақпараттық модельдеу	Модельді сипаттау әдісі мен қасиеті	7.3.1.1 3 D редакторында оқиғалар мен объектілер моделін құру
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Компьютерлік графиканың түрлері	7.2.2.2 векторлы бейнелерді түзету және құру құру; 7.2.2.3 нүктелі және векторлы графиканың кемішлігі мен жетістігін бағалау
	Векторлы және нүктелі графиканы өңдеу және құру бойынша программалар	7.2.2.3 нүктелі және векторлы графиканың кемішлігі мен жетістігін бағалау
4 - тоқсан		
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Векторлы графиканы өңдеу бойынша векторлы графика, интерфейс программалар	7.2.2.2 векторлы бейнелерді түзету және құру құру; 7.2.2.3 нүктелі және векторлы графиканың кемішлігі мен жетістігін бағалау
	Нүктелі графиканы өңдеу бойынша нүктелі графика, интерфейс программалар	7.2.2.2 векторлы бейнелерді түзету және құру құру
	Нүктелі бейнелермен жұмыс жасаудың ортақ амалы Жобалау әрекеті	7.2.2.3 нүктелі және векторлы графиканың кемішлігі мен жетістігін бағалау

#### 4) 8 - сынып

#### 4 –кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны /тақырыбы	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру	8.1.1.1 процессор қызметін және оның негізгі сипаттарын қарапайым деңгейде түсіндіру 8.4.1.1 әртүрлі электронды құралдардың кері әсеріне мысалдар келтіру және қорғану әдістерін қолдану
	Есептеу жүйесі (екілік, сегіздік, ондық, он алтылық)	8.2.1.1 ақпаратты бір өлшемнен басқа өлшемге аударуды жүзеге асыру
	Екілік арифметика Компьютердің логика және логикалық негіздері	8.2.1.2 ақпарат санын анықтау кезінде алфавит пен ықтималды амалдарды қолдану
2 - тоқсан		
		8.1.1.1 процессор қызметін және оның негізгі сипаттарын қарапайым деңгейде түсіндіру;

Компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде	Жеке компьютер архитектураның заманауи даму тенденциясы	8.4.1.1 әртүрлі электронды құралдардың кері әсеріне мысалдар келтіру және қорғану әдістерін қолдану
	Перифериалды құрылғы	8.1.1.1 процессор қызметін және оның негізгі сипаттарын қарапайым деңгейде түсіндіру
Алгоритмизациялау және программалау	Ветвления операторлары	8.1.2.1 қолданбалы жүйелі бағдарламамен қамтамасыз ету мен прграммалау жүйесін ажырата білу; 8.3.2.1 алгоритмді қабылдауды жүзеге асыру
	Күрделі шарттар	8.3.2.2 қойылған міндеттердің шешімін бағалау
	Циклдік алгоритм	8.3.3.1 кіріккен ортада бағдарлама жасауда таңдау операторы мен циклдарды қолдану
3 - тоқсан		
Алгоритмизациялау және программалау	Тікелей және кері циклді санаушы	8.3.3.1 кіріккен ортада бағдарлама жасауда таңдау операторымен циклдарды қолдану; 8.3.3.2 кіріккен ортада бағдарлама құрудың компоненттерін білу және қолдану
Ақпараттық модельдеу	Модельді компьютерлерді меңгеру	8.3.1.1 программаны интеграциялық ортада модель міндеттерін құру
	Компьютерде модельдерді құрастырудың негізгі кезеңдері	8.3.1.1 программаны интеграциялық ортада модель міндеттерін құру
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Электронды кесте	8.2.2.1 электрондық кестеде тапсырмаларды шешу үшін мәліметін типтері мен пішіндерін қолдану
	Мәліметтерді түзету және форматтау	8.2.2.1 электрондық кестеде тапсырмаларды шешу үшін мәліметін типтері мен пішіндерін қолдану
	Қатысты, абсолюті және аралас сілтемелер	8.2.2.2 абсолюті және қатысты сілтемелерді қолдану
4 - тоқсан		
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Стандарттық функцияны қолдану функциясы	8.2.2.3 электронды кестелерді қолдану арқылы тапсырмаларды шешу үшін кірістірілген функцияларды қолдану
	Диagramманың құрылуы	8.2.2.4 берілген кестеде график функциясын құру

Телекоммуникация	Компьютерлік желінің қызметі, компьютерлік желінің негізгі түсініктері	8.1.3.1 желіде жіберу амалдарын анықтау
	Интернет желі ресурстарына қолжетімділігі Жобалау әрекеті	8.1.3.1 желіде жіберу амалдарын анықтау; 8.4.2.1 желі қолданушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (алаяқтық, кибербуллинг және басқалары)

## 5) 9 - сынып:

### 5 – кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны /тақырыбы	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Ақпарат және ақпараттық процесс	Компьютерлік желідегі ақпараттардың қауіпсіздігі	9.1.1.1 компьютердің қызметіне конфигурацияны таңдау; 9.1.3.1 интернет қызметтерін қолдана отырып (веб сервер, бұлтты есептеуіш, блок, вики арқылы жұмысты жүктеп алу ) бірлесіп құжаттарды құру және қайта өңдеу бойынша жұмыс жасау; 9.4.1.1 жалғаспалы компьютерлерді қолданудың тәуекелдерін бағалау
	Ақпаратты сақтау бойынша Қазақстан Республикасының Заңнамасы	9.2.1.1 ақпараттың сипатын анықтау (қауіпсіздігі, нақтылық, дәйектілік, өзектілік және); 9.4.2.1 желіде этикалық және құқықтық нормаларды бұзудың салдарын түсіндіру
Компьютер ақпаратты өңдеу құралы ретінде	Заманауи программамен қамтамасыз ету	9.1.2.1 тұтынушының қажеттілігіне қарай программалық қамтамасыз етілуін таңдау; 9.2.2.1 мәліметтер базасын, жазба, жиегін түсіндіру
Алгоритмизациялау және программалау	Файлдар және оны өңдеу	9.3.2.1 тапсырмаларды әртүрлі жолдармен шешу
2 - тоқсан		
Алгоритмизациялау және программалау	Мәліметтерді құрылымдау	9.3.2.1 тапсырмаларды әртүрлі жолдармен шешу
	Циклді салу	9.3.2.1 тапсырмаларды әртүрлі жолдармен шешу
3 - тоқсан		
	Символды қатар	9.3.2.1 тапсырмаларды әртүрлі жолдармен шешу
		9.3.1.1 электрондық кесте процессор моделін (физикалық,



Алгоритмизациялаужәне программалау	Символды қатарлармен жұмыс үшін функциялар	биологиялық, экономикалық) зерттеу және құру
	Массивтер туралы түсінігі	9.3.1.1 электрондық кесте процессор моделін (физикалық, биологиялық, экономикалық) зерттеу және құру
4 - тоқсан		
Алгоритмизациялаужәне программалау	Массивтерді өңдеудің стандартты алгоритмі	9.3.3.1 кіріккен ортада біртекті массивтерді жасаудың бағдарламасын құру

## б) 10 сынып

### 6 – кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны /тақырыбы	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Ақпараттық модельдеу	Жұмыс орнын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздік ережелерін меңгеру	10.1.1.1 компьютердің функционалды мүмкіндіктері мен негізгі сипаттарын қолдану; 10.1.1.2 персаналды компьютер және оның перифериялық құралдарын (принтер, сканер, модем, мультимедиялық проектор, цифровая камера); 10.4.1.1 ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың құралдарын пайдалануда эргономика талаптарына сүйену
	Графика тәртібінде графикалық операторлар	10.1.2.1 заманауи программалық етілудің даму тенденциясын білу
	Компьютерлік модельдеуПрограммалау тіл құралы арқылы модельдер құрастыру.	10.3.1.1 бағдарлау тілі мен құралдар моделін құру
2 - тоқсан		
Ақпараттық модельдеу	Модельдеудің негізгі элементтері	10.3.1.1 бағдарлау тілі мен құралдар моделін құру; 10.3.2.1 әр тапсырманың шешімін сипаттау және оның тиімдісін таңдау; 10.3.3.1 символдық талдаудың алгоритмін бағдарламалау
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Мәліметтер базасы	10.2.2.1 электрондық кестеде мәліметтер базасын құру; 10.2.2.2 мәліметтерді топтастыру және тез табу жүзеге асыру
3 - тоқсан		

Ақпараттық-коммуникациялық технология	Кестелік процессор құралы арқылы мәліметтер базасы кестесін құру	10.1.3.1 пошталық бағдарлама көмегімен электронды поштадан жіберу, қабылдауды жүзеге асыру; 10.2.2.1 электрондық кестеде мәліметтер базасын құру
	Қорытынды мәнін шығару, топтастыру	10.1.3.2 іздеу жүйесін қолдану арқылы интернеттен ақпаратты іздеуді жүзеге асыру; 10.2.2.2 мәліметтерді топтастыру және тез табу жүзеге асыру; 10.4.2.1 Қазақстан Республикасының заңнамасына сай бағдарламамен жұмыс жасаудың ережелерін ұстану
	Ақпарат түрінде өңдеу Видеофайл форматы	10.1.3.1 пошталық бағдарлама көмегімен электронды поштадан жіберу, қабылдауды жүзеге асыру; 10.2.1.1 қабылдаған ақпараты бағалау және талдау; 10.2.1.2 программалық құралдармен видеоақпараты өңдеу
	Видеоны өңдеу мен құру бойынша программалар	10.1.2.1 заманауи программалық етілудің даму тенденциясын білу; 10.2.1.1 қабылдаған ақпараты бағалау және талдау; 10.2.1.2 программалық құралдармен видеоақпараты өңдеу
4 - тоқан		
Ақпараттық-коммуникациялық технология	Интерфейс программалар	10.1.2.1 заманауи программалық етілудің даму тенденциясын білу;
	Жобаны сақтау, құру, ашу	10.1.2.1 заманауи программалық етілудің даму тенденциясын білу
	Видеоны монтаждау	10.2.1.2 программалық құралдармен видеоақпараты өңдеу ; 10.4.1.1 ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың құралдарын пайдалануда эргономика талаптарына сүйену.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 495-қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); алып тасталды - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 496-қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Бағдарламаның мақсаты тірек-қозғалыс аппараты бұзылған (бұдан әрі -ТҚАБ) білім алушылардың жасқа сай және жеке дара қимыл-қозғалыс ерекшеліктерін ескере отырып, дене және психикалық денсаулығын күшейтуге деген талпынысын арттыру.

3. Бағдарламаның жалпы білім беру міндеттері қимыл біліктері мен жалпы қозғалыс мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру үшін дұрыс негіз құруды көздейді.

4. Бағдарламаның түзету міндеттері:

1) жүру, дене сымбаты бұзылыстарын, аяқ-қолдың дұрыс емес қимылдарын түзету, тепе-теңдікті қалыптастыру;

2) қол қызметі мен заттық-манипуляциялық қызметті, көру-моторлық үйлесімділікті дамыту;

3) дұрыс емес дене қалпы мен кейпін тежеу және жеңу;

4) тұрақтандыру, қозғалыс аясындағы екіншілік бұзылыстарды түзету, олардың үдеу ықтималдығының алдын алу;

5) денсаулықты нығайту және жұмыс қабілетін арттыру;

6) психомоторика бұзылыстарын түзету және компенсациялау (жабық кеңістіктен, биіктіктен қорқуды, қимыл үйлесімділігінің бұзылысын, өзін-өзі асыра немесе кеміте бағалауды жеңу).

## 2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. ТҚАБ бар білім алушылардың категориясына байланысты, олардың бейімделген дене тәрбиесі:

1) нозология бойынша; жасы бойынша, бұзылыстың ауырлық дәрежесі мен құрылымы;

2) оның пайда болу мерзімі бойынша (туылғанда, өмір сүру барысында);

3) аурудың себептері мен ағымының сипаты бойынша, медициналық болжамы, ілеспелі дерттердің және екіншілік бұзылыстардың болуы;

4) сақталған қызметтердің жағдайы бойынша ерекшеліктерге ие болады.

6. Тірек-қозғалыс аппараты қызметінің бұзылыстары туа біткен, сондай-ақ жүре пайда болған сипатта болуы ықтимал. Тірек-қозғалыс аппараты патологиясының келесі түрлері байқалады:

1) жүйке жүйесінің аурулары (балалардың церебралдық салы (бұдан әрі - БЦС), полиомиелит;

2) тірек-қозғалыс аппаратының туа біткен патологиясы (туа біткен жамбас буынының шығуы, қисық мойын, табан деформациялары, омыртқа жотасының даму ақаулары, аяқ-қолдың жетілмегендігі мен даму кемістіктері, қол саусақтарының даму ақаулары);

3) тірек-қозғалыс аппаратының жүре пайда болған аурулары мен зақымданулары (жұлынның, мидың және аяқ-қолдың жарақаттық зақымдары, полиартрит, қаңқа дерттері (туберкулез, сүйек өспелері, остеомиелит), қаңқаның жүйелік аурулары (хондродистрофия, рахит).

7. Тірек-қозғалыс аппаратының туа біткен және ерте жаста жүре пайда болған аурулары мен зақымдануларының алуан түрлілігіне қарамастан, мұндай білім алушылардың басым бөлігінде ұқсас жағдайлар байқалады, клиникалық көрінісінде қимыл-қозғалыс ақаулары басты орын алады (қимыл-қозғалыс қызметінің қалыптасуының тежелуі, жетілмеуі, бұзылуы немесе жоғалуы).

8. Арнайы жаттығулар мен ойындар білім алушыларға дене және психикалық даму кемістіктерінің орнын толтыруға, қимыл-қозғалыс қасиеттерін дамытуға, олардың дене және психоэмоционалдық күйін жақсартуға көмектеседі.

9. ТҚАБ білім алушыларға сабақ беру мен оқытудың келесі стратегиялары пайдаланылады:

1) әр білім алушының пікірін тыңдау және бар білімі, білігі және дағдыларын дамыту мақсатымен олардың маңызды екендігін мойындау;

2) мұқият іріктеп алынған тапсырмалар мен әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту;

3) мәселелерді модельдеу және оларды білім алушыларға түсінікті болатын жолмен шешу стратегиясының мысалдары;

4) ізденушілік тәлімдемеге және білім алушылардың зерттеулеріне негізделген белсенді оқытуды көтермелеу;

5) білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту.

10. Бағдарламаны құрудың дифференцияланған тұғыры:

1) білім беру мазмұнын меңгеру мүмкіндіктерінің бірдей еместігі түрінде көрініс табатын білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері ескеріледі. Бұл білім алушылардың типологиялық және жеке дара ерекшеліктерін ескере отырып, бағдарламаның әртүрлі нұсқаларын, соның ішінде жеке оқу жоспары негізінде жасауды қарастырады;

2) пәнге оқытудың арнайы құрастырылған құралдары мен іс-әрекетті дифференциялау тәсілдері көмегімен білім алатын әртүрлі топтардың оқу ісін ұйымдастыруды қамтиды. Дифференцияланған жұмысты ұйымдастырудың шарты күрделілігі бойынша, танымдық қызығушылығы бойынша, мұғалім тарапынан көрсетілетін көмектің өзгешелігі бойынша ажыратылатын дифференцияланған тапсырмаларды қолдану болып табылады.

11. Жобалық тәсілдеме: жобалық іс-әрекет алгоритмі толығымен сақталады. Бөлімнің мазмұнымен таныстыру шеңберінде ұжымдық/топтық жоба дайындау іс-әрекетін ұйымдастыру қарастырылады. Жобалық жұмыстар сабақтағы сағаттармен шектелмейді, сабақтан тыс қызметпен интеграциялау да қарастырылады.

12. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) пайдалану:

1) АКТ пайдаланудағы күзіреттілік базалық АКТ-дағдылар негізінде құрылады және технологияларды жұмыс, демалыс және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылық түрде қолдануды қамтиды;

2) білім алушылар АКТ бойынша дағдыларын білім алу барысында ақпаратты тауып, құрастырып және онымен жұмыс істей отырып, бірлесе жұмыс істегенде ақпаратпен және идеялармен бөлісе отырып, өз жұмысын бағалап және содан соң оны жетілдіре отырып, жабдықтар мен қосымшалардың кең спектрін пайдалана отырып дамытады.

13. Қажет болған жағдайда сынып топтарға бөлінеді, өйткені бір сыныпта ауыр қозғалыс бұзылысы бар білім алушылар да, өз бетімен жүре алатын (соның ішінде әртүрлі тіреулер көмегімен) білім алушылар да бола алады.

14. Педагогтар педагогикалық тәсілдемелерді білім алушылар ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне (пісіп жетілуіне) сәйкес, дерттің ауырлығы мен сипатына байланысты бақылап, өзгертіп отырады.

15. Қимыл жаттығуларын дифференцияланған тәсілдемемен тағайындау мақсатымен арнайы медициналық топқа жатқызылған білім алушыларды аурудың түріне қарай бөлу қарастырылады; мектеп дәрігерінің рұқсатымен дене жаттығуларынан уақытша босатуға болады.

16. ТҚАБ бар білім алушылар үш топқа бөлінеді:

1) ауыр бұзылыстары бар білім алушылар – бұл топтағы білім алушыларда заттарды қармау және қапсыра ұстау, жүру дағдысы қалыптаспаған (немесе ортопедиялық құрылғылар арқылы жүреді), өзіне-өзі күтім жасау дағдылары жартылай қалыптасқан;

2) орташа дәрежелі қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар білім алушылар, олардың басым бөлігі шектеулі қашықтыққа өз бетімен жүре алады – олар өзіне-өзі күтім жасау дағдыларын меңгерген, бірақ бұл дағдылары жеткіліксіз деңгейде автоматталған;

3) жеңіл қозғалыс бұзылыстары бар білім алушылар – өз бетімен жүреді, өзіне-өзі күтім жасау дағдыларын меңгерген, бірақ кейбір қимылдарды дұрыс емес орындайды.

17. Дене шынықтыру мұғалімдері:

1) білім алушылардың қазіргі денсаулық жағдайы мен ауру түрлеріне сәйкес оларды топтарға бөледі;

2) білім алушының дене мүмкіндіктеріне қарай жаттығулар тағайындайды;

3) өзінің оқытуға, сабақ беруге және бағалауға деген тәсілдемелерін дараландырады ;

4) сабақтарын медициналық білімі бар, сол білімін дене әрекетіне қатысты қолдана алатын мамандардың қолдауымен өткізеді.

18. Мұғалім үшін білім алушылардың дене дамуы мен дене дайындығын бақылау міндетті болып табылады, бұл білім алушылардың мектепке келген мерзімінен бастап оны бітіргенге дейінгі даму динамикасын қадағалауды қарастырады. Бастапқы және қорытынды диагностиканың талдау сызбаларын салыстыру танымдық әмбебап оқу іс-әрекеттерінің өткен мерзімдегі қалыптасу динамикасын қадағалауға мүмкіндік береді.

19. Дене шынықтыру сабақтарында пәнаралық байланыс жүзеге асырылады. Бейімделген дене шынықтыру сабағы мен түзету циклі пәндерінің арасындағы байланыс ерекше маңызды болып табылады, өйткені ол білім алушылардың қоғамға әлеуметтік бейімделуі мен интеграциялануына тікелей дайындалуға мүмкіндік береді.

20. ТҚАБ бар білім алушылар үшін бүкіл оқу жопары барысында дене белсенділігімен оқытуға жағдай жасайтын үлкен кеңістік және көп құрылғылар қажеттігі қарастырылады. Бұларға әртүрлі ауқымды және пішінді қоғамдық және ойын алаңдары, ашық алаңдар, жабық ғимараттар кіреді.

21. Мектепте дене жаттығуларын өткізуге қолайлы, кондиционирленетін (жақсы желдетілетін) бөлме-жай; ашық ауадағы әртүрлі алаңдар; жүзу бассейні қарастырылады. Бөлме-жайлар, соның ішінде санитарлық тораптар кедергісіз қозғалуды қарастырады.

22. ТҚАБ бар білім алушылардың "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің білім беру аясын меңгеруі қозғалыс дағдыларын музыкалық, ырғақтық және бейімдеуші спорт әрекеті барысындағы түзетуді қамтиды. Бұл үшін арнайы құралдар, әртүрлі музыкалық шығармалар жазылған фонотека болады.

23. Дене шынықтыру залдарының жабдықталуы әдеттегі қалыпты құрал-жабдықтармен де (мектептерді спорт залына арналған), әртүрлі даму бұзылысы бар білім алушыларға арнап арнайы бейімделген құрал-жабдықтармен де, соның ішінде тренажерлер, арнайы велосипедтер (ортопедиялық құралдарымен) қамтамасыз етіледі. Сабақтардың тиімділігін арттыру үшін гимнастикалық (швед) қабырғалары, орындықтар, сәкілер, еңіс жазық тақтайлар, стол теннисіне арналған столдар, сатылар, баспалдақтар, ізді жолақтар, рельефті және қырлы жылжымалы тақтайлар, еңіс тақтайлар, кіші төсеніштер, тренажерлер, үрлемелі заттар болғаны дұрыс.

24. Әрбір нозология арнайы жабдықтар мен құралдарды талап етеді. Жұлын зақымдалғанда дене бөліктерін бекіту үшін белдіктер, кенеп таспалар, баулар, қол тартпалар, корсеттер қолданылады. Балалардың церебралдық салы кезінде қозғалуды жеңілдететін әртүрлі заманауи құрылғылар (әр бала үшін жеке дара) пайдаланылады.

25. Қозғалыс белсенділігін дамыту үшін шығарылған арнайы бейімделген (ассистивті) жабдықтар: степ-тақтай, балансир, Гросс тренажері, Фазтон комбинезоны, текшелер, білікшелер, кегльдер, ұсақ моториканы дамытатын тренажерлер, әртүрлі өлшемді фитбол және су-джок доптары, релаксацияға арналған сенсорлық бөлме (жарық және қараңғы), оқу қимыл дағдыларын компенсациялауға мүмкіндік беретін оңалту тренажерлері және құрылғылары.

26. АКТ пайдалану дене әрекеті мен жаттығуларды күшейтеді, алмастырады. Сандық технологиялар білім алушыларға жеке іс-әрекеті мен сабақтарының кестесін құрастыруда көмектеседі, қозғалыстың маңызын түсінуге септігін тигізеді.

27. Білім алушылар ақпаратты іздеу, құру және өңдеу, оны жіберу, бағалау идеяларымен бөлісе отырып, өз жұмысын жетілдіру арқылы, жабдықтар мен аспаптардың ауқымды диапазонын қолдана отырып бүкіл оқу бағдарламасы барысында АКТ дағдыларын жетілдіреді.

28. Бағдарламаға:

1) АКТ "Бейімделген дене шынықтыру" бойынша теориялық және практикалық сабақтарда қолдану (видео, презентациялар, графиктер, кестелер, өсу динамикасы);

2) өзін-өзі бағлау техникаларын үйрету мақсатымен фото және видеоматериалдарды пайдалану;

3) қозғалыс әрекеттерін талдауда және бағалауда, өлшеуде және жақсартуда көмек көрсету;

4) АКТ (ғаламторды) "Бейімделген дене шынықтыру" саласындағы өзара іс-әрекет жасаудың, ынтымақтастықтың, контент құрудың, ақпаратты іздеп, оған қол жеткізудің негізгі құралы ретінде пайдалану қосылған.

### **3 - тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

29. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;

- 2) 6 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 3) 7 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 4) 8 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 5) 9 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 6) 10 сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты құрайды.

30. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері бойынша бөлінген. Бөлімдер әріде сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі білім алушылардың оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген: дағды және икем, білім және түсіну.

31. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) қозғалыс әрекеті;
- 2) шығармашылық қабілеттері және сыни тұрғыдан ойлау;
- 3) денсаулық және салауатты өмір салты.

32. "Қозғалыс әрекеті" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) спорттық-спецификалық қимыл әрекеттерін орындау кезіндегі дәлдік, ептілікті бақылау және түзету;

2) негізгі қимыл дағдыларын түзету: Тірек-қозғалыс аппараты, дене мен нысанды басқару;

3) әртүрлі дене жаттығулары кезінде қимыл комбинациялары мен олардың реті, дене және психологиялық кедергілерді жеңу;

4) қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет істеуге қажет болатын дене жүктемелерін жеңу қабілеті;

5) өз мүмкіндіктеріне саналы түрде қарай отырып, спорттық-спецификалық техникаларды орындау кезіндегі қимыл дағдылары мен ретін қиыстыру;

6) қимыл әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктерін бағалау;

7) қозғалыс қабілеттерін жақсарту мен түзетуге арналған бірқатар дене жаттығуларында тактикаларды, стратегияларды және құрылымдық идеяларды қолдану және бағалау;

8) қимыл белсенділігімен байланысты қиындықтарды жеңу, қауіпке төтеп беру дағдылары.

33. "Шығармашылық қабілеттері және сыни тұрғыдан ойлау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) қимыл-қозғалыспен байланысты алған білімін өзгергіш жағдайларға сай әрекет жасау үшін бейімдеу;

2) көшбасшылық дағдылары, командада жұмыс істеу дағдылары, өзінің тұлғалық қасиеттерін жақсартуға деген ықыласы;

3) қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеу дағдыларын көрсету;

4) ағзадағы мүшелер мен жүйелердің сақталған қызметін пайдалану;



5) дене жаттығулары шеңберінде іс-әрекетті оңтайландыру мен баламаларды құрастыруға арналған ережелер мен құрылымдық тәсілдер және өз дене қызметін басқарудың қол жетімді әдістерін меңгеру;

6) өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттері және оларға баға бере отырып, баламалы шешімдер ұсыну;

7) жарыс қызметінің ережелері мен төрешілік ережелері;

	<p>Күш пен төзімділікке сынау</p>	<p>9.3.6.6 қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулық, қауіпсіздік техникасы бойынша күрделі сұрақтарды, сондай-ақ денсаулыққа төнуі ықтимал қатерлерді азайту әдістерін түсіну және егжей-тегжейлі сипаттау;</p>

Ұлттық ойындардың жарыстық сипаты		9.1.7.7 қозғалыс қабілеттерін жақсарту мен түзетуге арналған кең диапазондағы дене жаттығуларында әртүрлі тактикаларды, стратегияларды және композициялық идеяларды жасау, талдау;
	Ұлттық ойындар арқылы қазақ халқының дәстүрлерін зерделеу	9.1.4.4 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет істеуге қажет болатын дене жүктемелерін түсіндіру және көрсету;
		9.1.6.6 қимыл әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктерін бағалау ;
		9.1.8.8 білім алушылардың қимыл белсенділігімен және жеке білім алу қажеттіліктерімен байланысты қиындықтарды жеңу және қауіпке төтеп беру дағдыларын жақсарту алу;
Денені сауықтыру мен нығайтуға бағытталған шипалы гимнастика	Ағзаға жан-жақты ықпал ету	9.2.5.5 дене жаттығулары шеңберінде іс-әрекетті оңтайландыру және баламаларды құрастыру үшін ережелер мен құрылымдық тәсілдерді пайдалану мен талқылай алу және өз дене қызметін басқарудың қол жетімді әдістерін меңгеру;
		9.2.3.3 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын қолдану және көрсету ;
	Қатаң регламенттелген қимыл-қозғалыс бағдарламасы жағдайындағы үйлестірілген қозғалыс қабілеттерінің білінуі	9.1.4.4 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет істеуге қажет болатын дене жүктемелерін түсіндіру және көрсету;
		9.3.7.7 дене жаттығулары бойынша басқа адамдардың тәжірибесін байытуға бағытталған білім мен дағдыларды бағалау;
		9.2.9.9 қимыл-қозғалыстың әртүрлі контекстімен байланысты рөлдерді көрсету мен салыстыру және олардың айырмашылықтарын түсіну;
		9.3.6.6 қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулық, қауіпсіздік техникасы бойынша күрделі сұрақтарды, сондай-ақ

		денсаулыққа төнуі ықтимал қатерлерді азайту әдістерін түсіну және егжей-тегжейлі сипаттау;
3- тоқсан		
Шаңғы/кросс және коньки дайындығы	Шаңғы дайындығы	9.2.1.1 өзгергіш жағдайларға жауап беру үшін білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, қимыл-қозғалыспен байланысты алған білімін көрсету;
		9.3.6.6 қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулық, қауіпсіздік техникасы бойынша күрделі сұрақтарды, сондай-ақ денсаулыққа төнуі ықтимал қатерлерді азайту әдістерін түсіну және егжей-тегжейлі сипаттау;
		9.3.5.5 энергетикалық жүйенің қызметін және оның әртүрлі дене жүктемесін беретін жаттығулармен байланысын түсіндіру мен сипаттау және өзінің дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;
	Кросс дайындығы	9.2.1.1 өзгергіш жағдайларға жауап беру үшін білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, қимыл-қозғалыспен байланысты алған білімін көрсету;
		9.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа тигізетін әсерін өз үлгісімен көрсете алу және түсіндіру;
	Коньки дайындығы	9.2.6.6 өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін көрсету мен салыстыру және баламалы шешімдер ұсыну;
9.1.3.3 кең диапазондағы қимыл комбинациялары мен олардың ретін түсіндіру және көрсету, сондай-ақ дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру;		
		9.2.4.4 ағзадағы жоқ немесе зақымдалған мүшелер мен жүйелердің орнына басқаларының қызметін дамыту бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеуді қолдану және көрсету;

Қозғалыс дағдыларын спорттық ойындар арқылы жетілдіру	Ойын сабақтарын жүргізу дағдылары деңгейіндегі білімін өзекті ету	9.2.3.3 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын қолдану және көрсету ;
		9.1.5.5 өз мүмкіндіктеріне саналы түрде қарай отырып, спорттық-спецификалық техникаларды орындау кезіндегі қимыл дағдылары мен ретін түсіндіру және көрсету;
		9.1.2.2 негізгі қимыл дағдыларын түзетуді негіздеу және қолдану: тірек-қозғалыс аппараты, дене мен нысанды басқару;
	Доппен ойнайтын ойындарда тактикалық білімін жақсарту	9.2.7.7 жарыс қызметінің ережелері мен төрешілік ережелерін көрсету және салыстыру;
		9.2.8.8 жарыс кезінде шыншыл ойынды, отансүйгіштікті, ынтымақтастықты паш ететін мінез-құлық танытуды бағалау;
	Ойындар арқылы дене қасиеттерін дамыту	9.2.9.9 қимыл-қозғалыстың әртүрлі контекстімен байланысты рөлдерді көрсету мен салыстыру және олардың айырмашылықтарын түсіну;
9.3.7.7 дене жаттығулары бойынша басқа адамдардың тәжірибесін байытуға бағытталған білім мен дағдыларды бағалау;		
4 - тоқсан		9.2.4.4 ағзадағы жоқ немесе зақымдалған мүшелер мен жүйелердің орнына басқаларының қызметін дамыту бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеуді қолдану және көрсету;
Кіші және үлкен топтарда жұмыс	9.3.3.3 ТҚАБ және денсаулық жағдайында тұрақты бұзылыстар бар білім алушылардың өмір сүру қабілетін барынша бақылау және дамытуды өз мысалында көрсете алу	
	9.3.6.6 қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулық, қауіпсіздік техникасы бойынша күрделі сұрақтарды, сондай-ақ	



Денсаулық және физикалық жүктеме	Дене денсаулығының компоненттері бірқатар ойын комбинациялары арқылы	<p>денсаулыққа төнуі ықтимал қатерлерді азайту әдістерін түсіну және егжей-тегжейлі сипаттау;</p> <p>9.2.2.2 көшбасшылық және командада жұмыс істеу дағдыларын және өзінің тұлғалық қасиеттерін жақсартуға деген ықыласын көрсету және қолдану;</p> <p>9.3.7.7 дене жаттығулары бойынша басқа адамдардың тәжірибесін байытуға бағытталған білім мен дағдыларды бағалау;</p> <p>9.1.8.8 білім алушылардың қимыл белсенділігімен және жеке білім алу қажеттіліктерімен байланысты қиындықтарды жеңу және қауіпке төтеп беру дағдыларын жақсарту алу;</p>
Қозғалыс мүмкіндіктерін дамыту арқылы серіктестік және құндылықтардың жүзеге асырылуы	Денсаулық туралы білім және практика арқылы дағдыларды меңгеру	<p>9.2.9.9 қимыл-қозғалыстың әртүрлі контекстімен байланысты рөлдерді көрсету мен салыстыру және олардың айырмашылықтарын түсіну;</p> <p>9.3.5.5 энергетикалық жүйенің қызметін және оның әртүрлі дене жүктемесін беретін жаттығулармен байланысын түсіндіру мен сипаттау және өзінің дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p> <p>9.3.1.1 салауатты өмір салтының денсаулыққа тигізетін әсерін өз үлгісімен көрсете алу және түсіндіру;</p>
	Іс-әрекет барысында зерттеу арқылы тәжірибе және импровизация жасай отырып, дағдыларын жақсарту	<p>9.3.4.4 дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып нақты дене жаттығулары үшін ширатулар құрастыру, түсіндіру және өткізу, ағзаның қалпына келуінің тиімділігін бағалау;</p> <p>9.1.1.1 тірек-қозғалыс аппаратының бұзылыстарын ескере отырып, спорттық-спецификалық қимыл әрекеттерінің диапазонында дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту үшін қимыл дағдыларын көрсету;</p> <p>9.3.2.2 ағзадағы дене өзгерістерін қадағалауды, ағзаны емдеу мен сауықтыру үшін жағымды</p>

түзете-дамыту жағдайларын жасауды бағалау

б) 10 - сынып:

6-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Тақырыбы/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Жеңіл атлетика арқылы белсенді өмір салты	Жарыс ойындары арқылы жүгіру, лақтыру және секіру дағдыларын дамыту	10.1.1.1 тірек-қозғалыс аппаратының бұзылыстарын ескере отырып, спорттық-спецификалық қимыл әрекеттерінің кең диапазонында дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту үшін қимыл дағдыларын салғастыру; 10.1.8.8 білім алушылардың қимыл белсенділігімен және жеке білім алу қажеттіліктерімен байланысты қиындықтарды жеңу және қауіпке төтеп беру дағдыларын бағалау;
	Жүгіру, лақтыру және секіру дағдыларын дамыту	10.1.7.7 қозғалыс қабілеттерін жақсарту мен түзетуге арналған кең диапазондағы дене жаттығуларында әртүрлі тактикаларды, стратегияларды және композициялық идеяларды жасау, салыстыру және салғастыру;
	Алысқа секіру және лақтыру бойынша жарыс құрастыру, ұйымдастыру және өткізу	10.2.7.7 жарыс қызметінің ережелері мен төрешілік ережелерін бағалау мен талдау; 10.2.9.9 қимыл-қозғалыстың әртүрлі контекстімен байланысты әртүрлі рөлдерді бағалау және бейімдеу;
	Қозғалыс дағдыларын кеңейте және қолдана отырып, іс-әрекетті жеке, жұпта, топта орындау	10.1.3.3 кең диапазондағы жаттығулар кезінде қимыл комбинациялары мен олардың ретін негіздеу және жеткілікті техникалық деңгейде қолдану, сондай-ақ дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру; 10.1.6.6 қимыл әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктерін қиыстыру; 10.3.4.4 дене және психомоторлық аутқуларды ескере отырып

Мәселелі жағдаяттарды қимыл белсенділігі арқылы шешу		ширату мен қалпына келтіруге арналған жаттығулар кешендерін талдау, бағалау және бейімдеу;
	Іс-әрекет барысында зерттеу арқылы тәжірибе және импровизация жасай отырып, дағдыларын жақсарту	10.3.1.1 өз денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімін бағалау және бейімдеу;
		10.1.3.3 кең диапазондағы жаттығулар кезінде қимыл комбинациялары мен олардың ретін негіздеу және жеткілікті техникалық деңгейде қолдану, сондай-ақ дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру;
	Дене жаттығуларының әлсізденген ағзаға тигізетін жағымды әсері	10.1.2.2 негізгі қимыл дағдыларын түзетуді көрсету: тірек-қозғалыс аппараты, дене мен нысанды басқару;
10.1.4.4 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет істеуге қажет болатын мөлшерленген дене жүктемелерін негіздеу және қолдану;		
Бағалауға болатын, доппен орындалатын топтық тапсырмалар құрастыру	10.3.6.6 қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулық, қауіпсіздік техникасы бойынша күрделі сұрақтарды, сондай-ақ денсаулыққа төнуі ықтимал қатерлерді азайту әдістерін талдау, бағалау және бейімдеу;	
	10.2.8.8 жарыс кезінде шыншыл ойынды, отансүйгіштікті, ынтымақтастықты паш ететін мінез-құлық танытуды талдау;	
2 - тоқсан		
Гимнастика арқылы ағзаны нығайту	Гимнастикадағы композициялық элементтерді бірлесіп құрастыру	10.2.3.3 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын бағалау;
	Кеңістікте денені теңгеру мен орнын ауыстыруға арналған гимнастикалық жаттығулар	10.2.5.5 дене жаттығулары шеңберінде іс-әрекетті оңтайландыру және баламаларды құрастыру үшін ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау мен салғастыру және өз дене қызметін басқарудың қол жетімді әдістерін меңгеру;
		10.3.6.6 қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулық, қауіпсіздік техникасы бойынша күрделі сұрақтарды, сондай-ақ

		денсаулыққа төнуі ықтимал қатерлерді азайту әдістерін талдау, бағалау және бейімдеу;
Ұлттық және зияткерлік ойындар	Ширату мен оның пайдасы жайлы ойлану	10.3.4.4 дене және психомоторлық ауткуларды ескере отырып ширату мен қалпына келтіруге арналған жаттығулар кешендерін талдау, бағалау және бейімдеу;
		10.3.1.1 өз денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімін бағалау және бейімдеу;
		10.1.2.2 негізгі қимыл дағдыларын түзетуді көрсету: тірек-қозғалыс аппараты, дене мен нысанды басқару;
	Қалпына келтіру техникасына баса назар аудару	10.3.5.5 энергетикалық жүйенің қызметін және оның әртүрлі дене жүктемесін беретін жаттығулармен байланысын талдау, бағалау мен бейімдеу және өзінің дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;
		10.1.6.6 қимыл әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктерін қиыстыру;
3 - тоқсан		
Шаңғы/кросс және коньки дайындығы	Шаңғы дайындығы	10.3.2.2 ағзадағы дене өзгерістерін қадағалауды, ағзаны емдеу мен сауықтыру үшін жағымды түзете-дамыту жағдайларын жасауды бағалау және бейімдеу;
		10.2.1.1 өзгергіш жағдайларға жауап беру үшін білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, қимыл-қозғалыспен байланысты алған білімін бағалау;
	Кросс дайындығы	10.3.3.3 ТҚАБ және денсаулық жағдайында тұрақты бұзылыстар бар білім алушылардың өмір сүру қабілетін барынша барынша дамыту үшін білімді бағалау және бейімдеу;
		10.3.2.2 ағзадағы дене өзгерістерін қадағалауды, ағзаны емдеу мен сауықтыру үшін жағымды түзете-дамыту жағдайларын жасауды бағалау және бейімдеу;
		10.3.3.3 ТҚАБ және денсаулық жағдайында тұрақты бұзылыстар

	Коньки дайындығы	<p>бар білім алушылардың өмір сүру қабілетін барынша барынша дамыту үшін білімді бағалау және бейімдеу;</p> <p>10.2.5.5 дене жаттығулары шеңберінде іс-әрекетті оңтайландыру және баламаларды құрастыру үшін ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау мен салғастыру және өз дене қызметін басқарудың қол жетімді әдістерін меңгеру;</p>
	Қорғаныс және шабуыл стратегиясы	<p>10.1.3.3 кең диапазондағы жаттығулар кезінде қимыл комбинациялары мен олардың ретін негіздеу және жеткілікті техникалық деңгейде қолдану, сондай-ақ дене және психологиялық кедергілерді жеңу қабілетін қалыптастыру;</p> <p>10.3.6.6 қозғалыс патологиясын ескере отырып денсаулық, қауіпсіздік техникасы бойынша күрделі сұрақтарды, сондай-ақ денсаулыққа төнуі ықтимал қатерлерді азайту әдістерін талдау, бағалау және бейімдеу;</p> <p>10.1.7.7 қозғалыс қабілеттерін жақсарту мен түзетуге арналған кең диапазондағы дене жаттығуларында әртүрлі тактикаларды, стратегияларды және композициялық идеяларды жасау, салыстыру және салғастыру;</p> <p>10.2.2.2 көшбасшылық және командада жұмыс істеу дағдыларын және өзінің тұлғалық қасиеттерін жақсартуға деген ықыласын бағалау;</p>
Спорт ойындары арқылы оқыту	Өмірдегі іс-әрекет түрлері үшін дайындық ойындары	<p>10.3.7.7 дене жаттығулары бойынша тәжірибені байытуға бағытталған білім мен дағдыларды талдау және бейімдеу ;</p> <p>10.1.1.1 тірек-қозғалыс аппаратының бұзылыстарын ескере отырып, спорттық-спецификалық қимыл әрекеттерінің кең диапазонында</p>

		<p>дәлдікті, бақылауды және ептілікті дамыту үшін қимыл дағдыларын салғастыру;</p>
		<p>10.3.5.5 энергетикалық жүйенің қызметін және оның әртүрлі дене жүктемесін беретін жаттығулармен байланысын талдау, бағалау мен бейімдеу және өзінің дене мүмкіндіктері мен шектеулерін ұғыну;</p>
	<p>Допты лақтыру мен қайтару ойындарын құрастыру</p>	<p>10.2.9.9 қимыл-қозғалыстың әртүрлі контекстімен байланысты әртүрлі рөлдерді бағалау және бейімдеу;</p>
		<p>10.2.7.7 жарыс қызметінің ережелері мен төрешілік ережелерін бағалау мен талдау;</p>
		<p>10.1.4.4 қоғамда әрі қарай толыққанды қызмет істеуге қажет болатын мөлшерленген дене жүктемелерін негіздеу және қолдану;</p>
<p>4 - тоқсан</p>		
<p>Қозғалмалы және спорттық ойындар</p>	<p>Орташа қашықтықтарға жаттықтыру (шыдамдылық)</p>	<p>10.2.1.1 өзгергіш жағдайларға жауап беру үшін білім алушылардың жеке білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, қимыл-қозғалыспен байланысты алған білімін бағалау;</p>
		<p>10.2.6.6 өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін бағалау мен талдау және баламалы шешімдер ұсыну;</p>
		<p>10.2.4.4 ағзадағы жоқ немесе зақымдалған мүшелер мен жүйелердің орнына басқаларының қызметін дамыту бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеуді бағалау;</p>
	<p>Секіру және тастау: топтық жаттықтыру жоспарлары және жарыстар</p>	<p>10.1.5.5 өз мүмкіндіктеріне саналы түрде қарай отырып, спорттық-спецификалық техникаларды орындау кезіндегі қимыл дағдылары мен ретін қиыстыру;</p>
		<p>10.2.2.2 көшбасшылық және командада жұмыс істеу дағдыларын және өзінің тұлғалық қасиеттерін жақсартуға деген ықыласын бағалау;</p>

		10.2.8.8 жарыс кезінде шыншыл ойынды, отансүйгіштікті, ынтымақтастықты паш ететін мінез-құлық танытуды талдау;
Жүгіру, секіру және лақтыру дағдыларын дамыту	Тепе-теңдік және қарсы салмақ, олардың сәйкестігі және салыстырылуы	10.2.6.6 өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін бағалау мен талдау және баламалы шешімдер ұсыну; 10.1.8.8 білім алушылардың қимыл белсенділігімен және жеке білім алу қажеттіліктерімен байланысты қиындықтарды жеңу және қауіпке төтеп беру дағдыларын бағалау;
	Ауадағы сүйемелді және сүйемелсіз секіру	10.2.4.4 ағзадағы жоқ немесе зақымдалған мүшелер мен жүйелердің орнына басқаларының қызметін дамыту бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеуді бағалау; 10.1.5.5 өз мүмкіндіктеріне саналы түрде қарай отырып, спорттық-спецификалық техникаларды орындау кезіндегі қимыл дағдылары мен ретін қиыстыру;
	Құрал-жабдықтағы топтық композициялар	10.2.3.3 қолайлы оқу ортасын құру бойынша бірлесіп және ұтымды жұмыс істеудің бірқатар дағдыларын бағалау

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№115 бұйрығына 497 - қосымша

**Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Бағдарламаның мақсаты: тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларда (бұдан әрі – ТҚАБ) қоғамдық мінез-құлық, әртүрлі тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларда дербес болуға мүмкіндік беретін арнайы әлеуметтік икемдер мен дағдыларды қалыптастыру.

3. Бағдарламаның міндеттері:

- 1) білім алушылардың өзіне өзі қызмет көрсету, тамақтану дағдыларын қалыптастыру;
- 2) тұрмыстық икемдерді қалыптастыру;
- 3) әлеуметтік мекемелердің ұсынған қызметтерін пайдалана алу және бағдарлық дағдыларды қалыптастыру (сауда, тұрмыстық қызмет, байланыс жасау, мәдени қызметтер, медициналық көмек және қоғамдық көлік);
- 4) мінез-құлықтың моральды-этикалық нормаларын, адамдар арасындағы өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- 5) өз бос уақытын ұйымдастыру дағдылары мен мүмкіндіктерін қалыптастыру;
- 6) адами-тұлғалық қасиеттерді тәрбиелеу: еңбексүйгіштік, жанашырлық сезімі, үлкендерге деген құрмет, патриоттық сезім;
- 7) ақыл-ой аумағы мен психофизикалық даму кемшіліктерін түзеу, ірі және ұсақ моториктерді дамыту.

## **2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Бағдарлама концентрикалық тәсіл бойынша құрылған, онда бір ғана оқу материалы бірнеше рет ұсынылады, мұндағы әрбір қайталаулар күрделене түседі және білім берудің мазмұны кеңейеді, нәтижесінде жаңа және тұрақты әлеуметтік-тұрмыстық икемдер мен дағдыларды қалыптастыру үшін жан-жақты зерттелген материалды қайталау және тереңдетуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретінінің жекелей элементтері нақтыланып, тереңдей береді.

5. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәні бойынша оқыту процесінде тұлғалық қасиеттерді дамыта оқытудың белсенді әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) білім алушылардың пікірін сыйлау және әрі қарай дамыту мақсатында қалыптасқан білім мен түсініктерді пайдаланудың маңыздылығын білу;
- 2) қызмет түрлері мен жіті іріктелген тапсырмалардың көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту;
- 3) "Оқытуды бағалау" арқылы оқытуды қолдау;
- 4) шығармашылық ортаны құру мақсатында әртүрлі тәсілдермен оқытуды дифференциациялау.

6. ТҚАБ оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің негізінде бүкіл әлеммен қабылданған "қалыптандыру" педагогикалық концепциясы жатыр. Бұл



концепцияға сәйкес білім алушылар түзеу-педагогикалық іс-шаралардың барлық жүйесін жобалау кезіндегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады. Жоспарланған педагогикалық іс-шаралар қоршаған ортаның өзгеруін, әрбір оқушының жеке қызметін стимулдаушы жағдайда білім алушылармен тікелей жұмыс жасауды қамтиды.

7. "Қалыптандыру" концепциясының негізінде арнайы мектеп жағдайында ТҚАБ білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары жиынтықталған.

8. Білім алушылардың құқығын тану қағидасы жекелей қарқында дамиды, ол әрқайсысының жекелей ерекшеліктерін сақтауға мүмкіндік береді. Бұл қағиданы ұстану оқытудың жекелей бағдарламаларының мазмұнын анықтау мақсатында дамудың мүмкіндіктерін ұдайы зерттеуді ұсынады.

9. Әрбір оқушының жекелей мүмкіндіктері мен тұлғалық жетістіктері мониторингінің нәтижелері есебімен педагогтың оқытудың дидактикалық құралдары, формалары, әдістері, мазмұнын іріктеу қағидасы.

10. Білім алушылардың әлеуметтік дағдылары мен тәжірибелік қызметін қалыптастыру үшін сәйкес мектеп ортасын құру қағидасы:

1) икемдер мен дағдыларды қалыптастыру олар қолданысқа түсетін жағдайға сәйкес жүзеге асады. Бұл білім мен дағдыларды жаңа жағдайға ауыстыру қиындығымен байланысты;

2) әртүрлі өмірлік жағдайлардан көрініс беретін кеңістіктің өзгеруі, пәндік орта білім алушылар қажеттіліктерінің өзгеруімен байланысты өзгеріп отырады;

3) ыңғайлы әлеуметтік-тұрмыстық және пәндік-дамытушы орта мектепте білім алушылардың жастық және физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты құрылады.

11. Білім алушылардың мектептегі күнделікті әрекетінің белсендендірілген сипатының қағидасы. Оқу жоспарындағы бірнеше пәндік аумақтардың мазмұнын белсендендіруді ұсынады.

12. ТҚАБ білім алушыларды оқыту процесі мазмұндық ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық формасы тұрғысынан да қатаң регламенттелмеген.

13. Білім алушылар қызметтің түрлерін қажет кезде ауыстырып, жекелей жұмыстарды орындайды және педагогтың жекелей көмегін ала алады.

14. Белсенділігі көрініп, ТҚАБ білім алушылардың өз алдына дербестілігі дамиды қызметтің негізгі түрлері мыналар болып табылады:

- 1) тірі және өлі табиғатты, әлеуметтік өмір көріністерін бақылау;
- 2) пәндік-тәжірибелік қызмет;
- 3) ойын әрекеттері және ойын қызметі;
- 4) шаруашылық-еңбек қызметі;
- 5) әлеуметтік-тұрмыстық қызмет.

15. Тәжірибелік-көрнекі әдістер оқытудың тәжірибелік қызметтерінің көрнекі әдістерін толықтырады. Мұғалім жаттығу түрлерін, оны сыныпта өткізу орны мен тәсілдерін жіті ойластырады (жұмыс үстелінде, тақтаның алдында, кенептік жинақтарда, ойын бұрышында, кілемде).

16. Дидактикалық ойындар қолданылады. Ойынды өткізу барысында белгілі бір қарқында жүргізіледі, ойын жаттығулары барысында сұрақтар қойылмайды.

17. Сабақтар сәйкес көрнекі көмекші құралдардың жиынтығымен және фронтальды және жекелей жұмыстарға арналған таратпалы пәндік материалдармен қамтамасыздандырылады.

18. Мұғалімнің көмегімен орындалатын тәжірибелік әрекеттерді орындау барысында дербестілік және өз-өзіне деген сенім қалыптасады.

19. Білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық бағдары сабақтар шеңберімен шектеліп қалмайды және ол тәрбиелік іс-шаралар шеңберінде өзінің логикалық жалғасын табады.

### **3 - тарау. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

20. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 6) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты құрайды.

21. Бағдарламаның мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылады. Әрбір бөлім белгілі бір сыныпқа арналған оқу мақсаттары түрінде көрсетілген тарауларды қарастырады. Оқыту мақсаттары жүйелі түрде ұйымдастырылған және әрбір тараушалардың ішінде орналасқан, ол мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктері бағалауға, оқытудың келесі деңгейіне өтуі туралы хабар беріп отыруға мүмкіндік береді.

22. Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Денсаулық және қауіпсіз өмір салты";
- 2) 2-бөлім "Мен және менің отбасым";
- 3) 3-бөлім "Мен және қоғам".

23. "Денсаулық және қауіпсіз өмір салты" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) денсаулық және қоршаған орта;
- 2) тамақтану;
- 3) киім және аяқ киім.

24. "Мен және менің отбасым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) отбасылық және тұлғааралық қатынастар;

- 2) бос уақыт және қызығушылықтар;
- 3) мерекелер, салтанаттар, дәстүрлер;
- 4) отбасылық экономика.

25. "Мен және қоғам" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сауда;
- 2) тұрғын үй;
- 3) байланыс құралдары;
- 4) көлік;
- 5) жұмысқа орналастыру.

26. 5-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық және қоршаған орта. Жеке бас тазалығы: таңғы және кешкі туалет. Шаш күтімі (ашты жуу, шаш үлгісі). Құлақ күтімі. Жуынатын бөлме, душқа түсудің қауіпсіздігі; столда, компьютердің алдында отырған кезде арқаны тік ұстау. Көзді күту. Телевизор, электронды планшеттер, смартфондарды қараудың қауіпсіздігі; иіссуларды (дезодорант, әтір, одеколон) пайдалану және жеке бас гигиенасының құралдары; төтенше жағдайлар – жер сілкінісі, жер сілкінісі кезінде өзін-өзі ұстауы;

2) тамақтану. Тамақтанудағы негізгі азық-түліктер, олардың адам организімі үшін маңыздылығы. Азық-түліктердің сақталу мерзімі; тамақ дайындаудағы тазалық талаптары; асүй жабдықтары; құралдар, ыдыстар. Оларға күтім жасаудың ережелері; тамақтану тәртібі; таңғы ас мәзірі. Таңғы ас столын әсемдеу, тамақ дайындау: салаттар, салаттарға арналған дәмдеуіштер; жұмыртқадан жасалған тағамдар, қуырылған жұмыртқа; қарапайым бутербродтар жасау; кесетін құралдар, қайнаған су, ыстық ыдыстар, электрлі және газ плитасын пайдаланудағы қауіпсіздік ережелері;

3) киім және аяқ киім. Мезгіл мен арнайы жағдайға байланысты киімдер мен бас киімдердің түрлері; өлшемі мен фасонына байланысты киімдер мен аяқ киімдерді таңдау; киімге күнделікті күтім жасау (кірлеудің алдын-алу, тазалау); аяқ киім түрлері, оның қызметі. Аяқ киім күтіміне арналған заттар (кептіру, тазалау, мезгілімен киілетін ая киімді сақтауға дайындау);

4) отбасы және тұлғарааралық қатынастар. Отбасы құрамы: аты-жөні, әкесінің аты, жасы, жұмыс орны, отбасы мүшелері. Туыстық қатынастар және ататек (ана, әке, бауыр, әже); отбасылық дәстүрлер, отбасы мүшелерінің туған күндерін атап өту; қарым-қатынас жасау ережесі мен этикеті: үлкендер мен балалардың қарым-қатынасы;

5) бос уақыт және қызығушылықтар. Белсенді демалыс және туризм, спорттық секциялар, мұз айдындарына, ойын алаңқайларына, бассейнге бару, табиғатқа шығу, туристік орындар; шығармашылықпен айналысу: тігін, тоқыма, өрнек салу, құрастыру, үлгілеу, суретке түсіру өнері; хайуанаттар бағы, саябақтар мен көңіл көтеру орталықтарына бару;

6) мерекелер, салтанаттар, дәстүрлер. Мемлекеттік мейрамдар: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының Бірлігі күні, Жеңіс күні, Отан қорғаушылар күні, Астана күні, Тұңғыш Президент күні, Конституция күні, Тәуелсіздік күні; туған күн, оны дайындалудың ерекшеліктері және өткізу; қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері: "Бесік той" (баланың дүниеге келу мерекесі);

7) отбасылық экономика. Ақша. Заманауи ақша белгілерінің түрлері: қағаз ақшалар, ауысымды монета (теңге, тиын); отбасы бюджетінің құрамдас бөліктері: кіріс және шығыс. Шығындардың негізгі статьясы; терминал төлемін пайдалану;

8) сауда. Дүкен түрлері: шағын маркет, супермаркет, гипермаркет, сауда орталықтары; арнайы дүкендер: киімдер, аяқ-киімдер, кеңсеге арналған тауарлар, маталар; дүкендерден тауар алудың тәртібі; интернет дүкендер: ерекшеліктері;

9) тұрғын үй. Қалалық көпқабатты үйлердегі тұрғын үй ғимараттарының түрлері және ауылдық жерлердегі жеке тұрғын үйлер; тұрғын үй ғимараттарының тазалық талаптары және оларды қамтамасыздандыру талаптары; пәтерді күнделікті жинау (құрғақ және дымқыл). Шаңсорғыш. Ұйықтайтын бөлменің жайлылығы;

10) қатынас құралдары. Қарым-қатынас жасаудың заманауи құралдарын пайдалану. Интернет. Электронды поштаны пайдалану. Пошта. Пошта жіберілімдерінің түрлері (хаттар, бандерольдар, жіберілмдер, ақша аударымдары). Үйдің пошталық адресі. Пошталық конверттерде мекен-жайды жазу; хат түрлері (қарапайым, тапсырыс беруші), хат жіберудің тәртібі;

11) көлік. Қаладағы көлік түрлерін пайдалану. Аялдамадан автобус, троллейбус салонына міну қауіпсіздігі. Метро. Жол қауіпсіздігі ережелері. Бағдаршам. Жол белгілері. Тірек-қозғалыс аппараты жағдайының ерекшеліктеріне байланысты жолда жүрудің ережелері мен әдістері, метрода жүру ережелері; қоғамдық көлікте жүру кезінде көрсетілетін көмекпен байланысты адамдармен қарым-қатынас жасаудың формалары; көмек көрсету туралы өтініштерді қарастыру; жол ақысын төлеу картасын пайдалану;

12) жұмысқа орналастыру. Іскерлік қарым-қатынас. Қалалық және ауылдық жерлердегі мамандықтар. Завод, фабрикалар, фермалар. Мамандық атаулары: жұмысшылар, тігіншілер, тігін, киім пішіндеу, тігіншілік, фермер, омарташы; Пошта. Көлік. Адамдардың мамандықтары: пошташы, газет таратушы, жүргізуші (шофёр), автомеханик, құрылыс мамандықтары: сылақшы, әктеуші, тас қалаушы.

27. 6-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық және қоршаған орта. Жеке бас тазалығы: денені шынықтыру (жаттығу жасау, денені ысқылау, мерзім бойынша киіну, дене жаттығуларын жасау). Қол, аяқ терісі мен тырнақ күтімі; қайшы және маникюрлік заттарды қолданудағы қауіпсіздік техникасының ережелері; медициналық мекемелер (поликлиникалар, дәріханалар, ауруханалар), олардың қызметтері; медициналық мекеме қызметкерлері, дәріхана

қызметкері (провизор); медициналық көмек түрлері, "жедел жәрдемс", ауруханаға жатқызу; жедел жәрдем мен дәрігерді үйге шақыру; карапайым медициналық процедуралар: дене қызуын өлшеу, жарақаттарды дауалау және таңу; төтенше жағдайлар – су тасқыны, су тасқыны кезіндегі адамның өзін-өзі ұстауы;

2) тамақтану. Тамақ дайындаудағы тазалық. Азық-түліктерді сақтау; электр және газ плитасы. Срінке мен электрозажигалка қолдану; асүйдегі қауіпсіздік техникасының ережелері; кеспе өнімдерінің түрлері. жіңішке жұмыр кеспеден жасалатын көмеш, кеспеден жасалатын гарнир; жарма түрлері. Жарманы бірінші рет және жылылай өңдеу . Ботқа дайындау: қарақұмық, күріш және сұлы ботқасы; көкөніс гарнирлерін және салаттар дайындау (пюре);

3) киім және аяқ киім. Киім затбелгісінде көрсетілген шартты мағыналар; киімдерге жасалатын ұсақ жөндеу жұмыстары (түйме қадау, жамау); киімді кір мәшинде жуудың ережелері. Кірді қолымен жуу. Түрлі-түсті киімдер. Жуатын заттар; киімдер мен іш киімдерді үтіктеу;

4) отбасы және тұлғааралық қатынастар. Отбасы мүшелерінің арасындағы міндеттерді бөлу; туысқандармен біріккен іс-шаралар өткізу; қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережесі: кинода, театрда, музейде, кітапханада, көшеде;

5) бос уақыт және қызығушылықтар. Үй жануарлары. Үй жағдайында ит пен мысықты асырау ерекшеліктері. Оларды асырау кезіндегі санитарлық-тазалық талаптарын ұстану; аквариум құрылымы, балық асырау; өз қолымен сыйлықтар дайындау;

6) мерекелер, салтанаттар, дәстүрлер. Мейрамдар: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Жеңіс күні, Отан қорғаушылар күні, Астана күні, Тұңғыш Президент күні, Конституция күні, Тәуелсіздік күні; мұсылман мейрамдары: Құрбан айт; қазақтың ұлттық дәстүрлері: "Тұсау кесер" дәстүрі;

7) отбасылық экономика. Ақшаның рөлі мен қызметі: тауар мен қызметтерді иеленген кезде сату-сатып алу төлемі; тауар құны мен бағасының өлшемі; қорлар мен ақша жинақтары; заманауи ақша түрлері; қолма-қол және карточкамен төлеу; пластиалық карточкалар;

8) сауда. Дүкендер және оның бөлімшелері; тауарлардың құны, азық-түлікке арналған себеттер мен тележкалар; аспаздық және тәттілер дүкені. Тауар түрлері; қызмет көрсетудің түрлері: тұрмыстық техниканы, ұялы телефондарды және өзге де техникалық заттарды жөндеу;

9) тұрғын үй. Үй жинау: жұмсақ және корпустық жиһаздар күтімі; мектеп білім алушысының жұмыс орнын ұйымдастырудың негізгі ережелері. Дене жағдайының ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс орнына икемделу. Ақыл-ой және дене жүктемесін бөлу; жарықтандырушы құралдарды пайдалану. Қауіпсіздік ережелері;

10) байланыс құралдары. Негізгі байланыс құралдары: пошта, телефон, факс, радио, мобильді байланыс, интернет; факсимильді байланыс: факспен құжаттарды жіберу; байланыс құралдары мекемелеріндегі өзін-өзі ұстау ережелері;

11) көлік. Қала сыртына қатынайтын көлік түрін пайдалану. Жол ақысын төлеу ерекшеліктері (бір реттік, жол жүру картасы, жол ақысын төлеудің көліктік картасы). Қала сыртына қатынайтын көліктердің жүру ережесі; қоғамдық көлікте өзін-өзі ұстаудың ережелері (отырғызу кезінде, төлеу барысында, салонда және көшеге шығу кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелері; автобусқа отырудың қауіпсіздік ережелері (ұстағыштарды, белгі беруші батырман пайдалану, көмек сұрау); электропоезд, метро, эскалаторға отыру кезіндегі өзін-өзі ұстау ежелері;

12) жұмысқа орналастыру. Искерлік қарым-қатынас. Еңбек және қызмет түрлері; еңбек түрлері; біліктілік: кәсіби талаптардың белгілі бір деңгейге сәйкес келуі.

28. 7-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық және қоршаған орта. Жеке бас тазалығы: күн тәртібі, тамақтану. Төсек орын, төсек орынды өз күшімен және үлкендердің көмегімен ауыстырудың жиілігі; үй дәріханасы. Емдік өсімдіктер. Суық тию. Асқазан жолдарының ауруы. Тіс ауруы; жарақат кезіндегі алғашқы көмек: жараларда, көгерген, буын шыққан кезде, сүйек сынғанда. Халық емі; төтенше жағдайлар – өрт, өрт кезінде адамның өзін-өзі ұстауы;

2) тамақтану. Ас дайындау. Көкөніс, ет және балық өнімдерін өңдеу тәсілдері. Ас дайындау кезінде, қайнаған су, тұрмыстық техника құралдарымен жұмыс жасау барысындағы қауіпсіздік техникасының ережелері; түскі ас үстелін дайындау және асүй құралдарын пайдалану ережелері. Үстел басында өзін-өзі ұстаудың ережелері; сорпа мен борщ дайындау. Картоп котлеті мен көкөніс гарнирін дайындау. Кисель және кептірілген жемістерден компот дайындау;

3) киім және аяқ киім. Жүннен жасалған киім күтімі. Сақтауға дайындау; теріден жасалған киім күтімі; сақтауға дайындау; тоқыма киім күтімі. Жуу, кептіру, үтіктеу, ерекшеліктері;

4) отбасы және тұлғааралық қатынастар. Қақтығыстық жағдайлар және одан шығудың жолдары; ата-ана міндеттері, балаларға деген махаббат және оларды қамқорлыққа алу; қонақ күтудің ережелері. Қонаққа барған кездегі өзін-өзі ұстаудың мәнері мен этикеті. Әңгіме жүргізудің қағидалары;

5) бос уақыт және қызығушылықтар. Кітапханаға бару: кітаптар, газеттер, журналдар; теледидарлық бағдарламалар, оларға таңдау жасау және көру; әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас;

6) мерекелер, салтанаттар, дәстүрлер. Мемлекеттік мейрамдар: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының бірлігі күні,

Жеңіс күні, Отан қорғаушылар күні, Астана күні, Тұңғыш Президент күні, Конституция күні, Тәуелсіздік күні; православиелік мерекелер; қазақтың ұлттық дәстүрлері: "Сүндет той" дәстүрі;

7) отбасы экономикасы. Үй шаруашылығындағы үнемдеулер; төлем терминалын пайдалана білу және есепшоттарды толтыру; сатып алуларды жоспарлау (киім, жиһаз);

8) сауда. Тауар сатып алудың тәсілдері: көтерме және бөлшек сауда, жеке-жеке сатып алу, өлшеммен сатып алу. Бөлек қаптамаларда; өнім қаптамаларындағы тауардың жарамдылық мерзімін тексеру және өндіру мерзімінің таңбалануын түсіну; жөндеу шеберханалары: аяқ киім, киім жөндеу;

9) тұрғын үй. Тұрғын үйді тазалау; Ғимараттарды мерзімдік тазалау; терезелер күтімі; косметикалық жөндеу жұмыстары; еденді, қабырғаларды бояу; тұрғын ғимаратының интерьері;

10) байланыс құралдары. Бандероль түрлері (қарапайым, қымбат, тапсырыспен). Сәлемдемелер. Қаптау және жіберу тәртібі; жіберу құны; бланктерді толтыру; хаттар мен хабарламаларды элеткронды пошта бойынша жібер;

11) көлік. Теміржол көлігі; вокзалдар. Вокзалдардағы анықтамалық қызметтер; поездардың жүру тәртібі. Жолаушылар вагондарының түрлері; жеткізу пунктіне дейінгі жол құны; теміржол билеттерін алу; жол сөмкелерін сақтау камералары;

12) жұмысқа орналастыру. Іскерлік қарым-қатынас. Жеке меншік – адамдар, еңбек нысандары, заттар арасындағы қарым-қатынас формалары (нысан және меншік иесі). "Менікі", "Сенікі", "Біздікі" түсініктері; меншік формалары: мемлекеттік, жекелей, біріккен; халыққа қызмет көрсету орталықтары: электронды кезекке тұру және анықтама қызметін пайдалану.

29. 8-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық және қоршаған орта. Жеке бас тазалығы; бет күтімі. Косметикалық құралдар (лосьондар, кремдер). Қырыну. Қырыну жиілігі. Электр ұстарасы және қырыну құралын пайдаланудың техникасы. Декоративті косметика және оны пайдалану; ішкі паразиттік аурулар және олардың алдын-алу; қышыма, оның алдын-алу; күресу жолдары; оқыс оқиғалар кезіндегі алғашқы көмек (терінің ашық жаракатаны өңдеу ережелері; санация; улану кезіндегі шектерді шаю, үсіп калудың әртүрлі деңгейлері; бастан күн өтіп кету);

2) тамақтану. Қамыр түрлері. Құймақ, оладий және пісірмелерге арналған қамыр. Құмшекерлі қамыр, піспенан пісіру. Бисквитке арналған қамыр. Балкүлше пісірмесі. Қатпарлы қамыр; духовканы пайдалану, микротолқынды пештер, мультиваркаларды пайдалану; Қауіпсіздік техниканың ережелері; қазақтың ұлттық тағамдары: Ашымалы сусындар (қымыз, шұбат, айран);

3) киім мен аяқ киім. Киім мен аяқ киім өлшемдерін білу. Өлшеу. Киім жапсырмаларындағы маркировка. Дене жағдайына байланысты ыңғайлы киім мен аяқ

киім таңдау; жағдайға байланысты киім таңдау (күнделікті, мерекелік, спорттық, тауға шығуға арналған); іскерлік және өндірістік киім: дресс-код, комбинезон, алжапқыш, халат;

4) отбасы және тұлғааралық қатынастар. Қарама-қарсы жыныстағы адаммен өзара қарым-қатынас орнату; адамның сексуалды физиологиясы және адам психологиясы; жас жігіттер мен қыздардың танысу жағдайын үлгілеу, қарым-қатынас жасау мәдениеті . Махаббат пен ғашық болу, күту;

5) бос уақыт пен қызығушылықтар. Бағбандық: топырақ дайындау, дәндерді отырғызуға дайындау (қияр). Көкөністердің көшеттерін отырғызу. Есік алдындағы қысқы бақша; мәдени іс-шаралар: кино, театр, концерт, көрмелерге бару;

6) мерекелер, салтанаттар, дәстүрлер. Мемлекеттік мейрамдар: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Жеңіс күні, Отан қорғаушылар күні, Астана күні, Тұңғыш Президент күні, Конституция күні, Тәуелсіздік күні; кәсіби мерекелер: Білім күні, Медициналық қызметкерлердің күні; Мұғалімдер күні; Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбалар күні; Қазақстан халықтарының тілдер күні; қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері: құдалық, қалыңдықты шығарып салу кеші;

7) отбасы экономикасы. Жаздық демалысты жоспарлау. Тұрғын үйді қамтамасыз ету. Екінші деңгейдегі банктер мен байланыс бөлімшелерінде коммуналдық қызметтің төлемін жасау; ағымдық шығындар және мәдени қажеттіліктерді өтеу (киноға, театр, жол жүру билеттері, тазалық құралдарын алып жүру, әртүрі қызмет көрсетулерді пайдалану);

8) сауда. Сауда орталықтары. Бутиктер. Жұмыс ерекшеліктері мен тәртібі. Тауарларға таңдау жасау; жапсырмада көрсетілген өнім құрамы, тағам құндылығы және зиянды қоспалар; сұлулық салондары және шаштараздар;

9) тұрғын үй. Пәтердегі жиһаздардың орналасуы: қонақүй интерьері; қозғалту мүмкіндіктеріне байланысты жиһаздарды тиімді орналастыру; асүйді, санузелді тазалау , жуынатын орындарды жуу. Жуу құралдары;

10) байланыс құралдары. Телефон. Телефон анықтамалығын пайдалану. Шұғыл шақыру номерлері: полицияны, өрт сөндірушілерді, газ шыққан кезде аппараттық қызметті шұғыл шақыру. Телефон бойынша анықтамалар алу; халықаралық телефон байланысы; телефонмен сөйлесу тарифтері, телефонмен сөйлесу мәдениеті; мобильді байланыс. Интернет;

11) көлік. Халықаралық автотасымалдау. Автовокзал. Негізгі автобустық маршруттар; автовокзалдардың қызметі; жол құны. Билеттерді сатып алу тәртібі;

12) жұмысқа орналастыру және іскерлік қарым-қатынас. Жұмысқа тұрғызу. Нормативтік құжаттар; өндірістегі қарым-қатынас. Субординация. Қызметтермен қарым-қатынас жасау; халыққа қызмет көрсету орталықтары: мекен-жай анықтамасын алу.



30. 9-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық және қоршаған орта. Салауатты өмір салты: шылым, алкаголь, нашаның зияны; венерологиялық, инфекциялық аурулар және олардың алдын-алу; ауруларды күту; еңбекке қабілетсіздігі қағазы (аурухана қағазы), Медициналық сақтандырулар. Диагностикалық орталықтар, жеке клиникалар; поликлиникаға қаралу. Дәрігер қарауына талон алу; "Электронды кезек" терминалын пайдалану;

2) тамақтану. Ет тағамдарын дайындау: қайнатылған ет, котлеттер, фрикаделькалар, фаршпен бұрыш; диетаға отыру, оның ерекшеліктері; қазақтың ұлттық тағамдарының ерекшеліктері: ұлттық тағамдарды дайындау; (бешбармақ, қуырдақ), үстелді сәндеу;

3) киім және аяқ киім. Киім стилі, мода, моданың пайда боу тарихы; киімдерді жаңарту; базарлар мен нарықтағы киімдер сапасы және оларды таңдау, химиялық тазалау; көрсетілетін қызмет түрлері; киімдерді өткізуге дайындау ережелері; ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдар; зергерлік бұйымдар ұлттық костюмге қосымша ретінде;

4) отбасы және тұлғааралық қатынастар. Некеге тұру. Салттар, некеге тіркелу. Қазақ халқының дәстүріндегі үйлену тойы; некелік қарым-қатынас: өзара түсінісу, өзара сыйлау; күйзелістік жағдайларды үлгілеу және олардан шығу, психотерапевтикалық түзету;

5) бос уақыт және қызығушылықтар. Бағбан, өсімдіктерді күту (бір жылдық және көпжылдық өсімдіктер, гүлдерді көбейту әдістері); үйірмелер, әртүрі клубтар, курстар;

6) мерекелер, салтанаттар, дәстүрлер. Мемлекеттік мейрамдар: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Жеңіс күні, Отан қорғаушылар күні, Астана күні, Тұңғыш Президент күні, Конституция күні, Тәуелсіздік күні; мерейтойлар. Зейнетке шығарып салу, қазақтың ұлттық дәстүрлері: "Беташар";

7) отбасылық экономика. Сақтандыру – мүлік пен денсаулықты қорғаудың тәсілі; міндетті сақтандыру, ерікті сақтандыру, сақтандыру келісімшарты, жарна, ақша мөлшері, сақтандыру жағдайы; несиелеу жүйесі. Қарыз алуға қажетті құжаттар; банк салымдарының түрлері;

8) сауда. Комиссионды дүкендер (секонд-хенд, сток). Тауарларға мерзімдік жеңілдіктер; базарлар мен нарықтар: ерекшеліктері; фотосалондар, полиграфиялық қызметтер, таксопарк қызметі;

9) тұрғын үй. Үйді тазалау: жұмсақ жабынғыларға күтім жасау ережелері (кілемдер, төсемелер); пәтерге ағымдық жөндеу жұмыстарын жасау; эмульсиялық бояу жағу. Қабырғаға обой жапсыру; киіз үй; киіз интерьеріндегі халықтық декоративті-қолданбалы шығармашылық өнімінің рөлі;

10) байланыс құралдары. Ақша аударымдары. Аударым түрлері (пошталық, банктік); бланктерді толтыру; қызме құны; Қазақстан Республикасының мобильді операторлардың түрлері;

11) көлік. Авиатасымалдау. Аэропорт. Аэровокзал. Маршруттар; жол құны. Билеттерді сатып алу тәртібі (авиакассы); жол сөмкелерін рәсімдеу; интернетпен билет сатып алу және оны төлеу тәртібі;

12) жұмысқа орналастыру. Іскерлік қарым-қатынастар. Жұмысқа орналастыру бойынша ұйымдар мен бөлімшелер (кадрлар бөлімі, халықты жұмысқа орналастыру бойынша бюро); уақытша жұмыс, үй жұмысы, шағын бизнес. Жұмыссыздық. Жәрдемақылар; халыққа қызмет көрсету орталықтары: құжаттарды алу.

31. 10-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық және қоршаған орта. Демалысын ұйымдастыру. Көкке шығу. Демалыс аймағы. Шипажай. Демалыс үйі. Жолдама сатып алу және дербес демалыс. Контрацепция тәсілдері. Түсік және оның салдары. Жүктілік, оның белгілері;

2) тамақтану. Асхана, дәмхана, мейрамхана. Мақсаты мен ерекшеліктері. Мәзір. Банкет. Фуршет. Тағамдарды әзірлеу ерекшеліктері және үстел дайындау. Коктейлдер, алкогольсіз және фитококтейлдер дайындау. Шейкер, миксер, құрылымы, нысаны, пайдалану ережесі;

3) киім және аяқ киім. Жағдайларға сәйкес (жұмысқа, қонаққа, театрға, спортпен айналысу үшін, демалыс үшін) киім мен аяқ киім таңдау; қазақтың ұлттық костюмдері;

4) отбасылық және тұлғааралық қатынастар. Неке - отбасылық өмірдің негізі. Отбасылық бақыттың құрама бөліктері. Бала тууын жоспарлау. Отбасының психологиялық климаты. Отбасылық өмірдің қиындықтары және оларды жеңу жолдары. Балалар - отбасының тірегі, бала тууына отбасының дайындығы;

5) бос уақыт және қызығушылықтар. Бау-бақша, бақша учаскесін жоспарлау. Жемісті бұталар және ағаштар, олардың күтімі;

6) мерекелер, салтанаттар, дәстүрлер. Мемлекеттік мерекелер: Тәуелсіздік Күні, Конституция Күні, Республика Күні, Тұңғыш Президент күні, Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мейрамы, Қазақстан халықтарының бірлігі күні, Отан қорғаушылар күні; мерекелеудегі қазақ халқының ұлттық дәстүрлері: "Бесік той", "Тұсау кесер той", "Сүндет той", "Тілашар". Оларды дайындау мен өткізуінің ерекшеліктері;

7) отбасы экономика. Жөндеу шеберханалары. Аяқ киім, киім, қолшатыр, телефон жөндеу. Фотоателье. Қызметтерін пайдалану ережелері;

8) сауда. Жәрменке: халықаралық, қалалық, ауылдық; жәрменке-көрмелер, үлгілер жәрменкелері;

9) тұрғын үй. Тұрғын үйді сатып алу және сату. Алу-сату мәмілелерін ресімдеу үшін қажетті құжаттар. Тұрғын үй құжаттарын сақтау. Нотариус, нотариуспен міндетті түрде куәландырылатын мәмілендер, нотариус қызметінің ақысын төлеу. Тұрмыстық

қызмет және халыққа тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары: заттарды жалға алу, пәтерлер жөндеу, тұрмыстық техниканы жөндеу;

10) байланыс құралдары. Автоматты түрде нөмір анықтаушы бар телефон (бұдан әрі - АНА); ұялы телефон байланысы. Мақсаты. Пайдалану ережесі;

11) көлік. Транзит. Жолға билет алу. Бару орнына дейін және кері қарай билеттерді сатып алу;

12) жұмысқа орналастыру. Іскерлік қарым-қатынас. Еңбекақы: мерзімді, кесімді, келісімді, нақты. Келісімді еңбекақы. Ең төменгі жалақы. Ең төменгі күнкөріс деңгейі, кедейшілік шегі. Халықты әлеуметтік қорғау: еңбек жағдайлары, еңбекті қорғау, жеңілдіктер, еңбек тәртібі. Еңбек заңнамасының негіздері.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Бағдарламада оқыту мақсаттарын пайдалану және мониторинг өткізу ыңғайлы болу үшін кодтау енгізілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші мен үшінші сандар – бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін көрсетеді. Мысалы, 5.1.2.1 кодындағы: "5" - сынып; "1.2" - бөлімше, "1" - оқыту мақсаттарының реттік нөмірі.

33. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) "Денсаулық және қауіпсіз өмір салты":

1 - кесте

Оқыту мақсаттары						
Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Денсаулық пен қоршаған орта	5.1.1.1 жуынатын бөлмедегі қауіпсіздік, жеке тазалық ережелерін білу; 5.1.1.2 жер сілкінісі мен өрт кезінде өзін-өзі ұстаудың қарапайым ережелерін білу; 5.1.1.3 смартфон, электронды планшеттер, теледидар және компьютер алдында	6.1.1.1 денсаулығын да ауытқушылықтарды ескеріп отырып негізгі қозғалыс дағдыларын білу және колдана алу; әртүрлі тәсілдермен емдік-түзеу жаттығуларын орындау; 6.1.1.2 аяқ, кол терісін, тырнаққа күтім жасау; маникюр заттары, қайшыны дұрыс	7.1.1.1 күн тәртібін білу; төсек-орнын тасын ауыстыру жиілігі; 7.1.1.2 суық тию аурулары кезіндегі дәрілік өсімідіктердің тұнбасы мен қайнатпаларын білу; жарақат, шығарып алу кезінде алғашқы медициналық	8.1.1.1 бет терісі тазалық талаптарын ұстана алу; 8.1.1.2 арнайы құралдардың көмегімен сақтану шаралары мен санитарлы-гиеналық талаптарын ұстана алу; 8.1.1.3 арнайы құралдардың көмегімен сақтану шаралары мен санитарлы-гиеналық талаптарын ұстана алу; 8.1.1.4 әртүрлі деңгейдегі	9.1.1.1 салауатты өмір салтын жүргізу алу; 9.1.1.2 венерологиялық аурулар алдын-алу шараларын білу; 9.1.1.3 ауруларға дұрыс күтім жасауды білу; еңбекке жарамсыздық туралы қағазды толтыруды білу	10.1.1.1 пикникке қатысу немесе өз бетінше ұйымдастыру; 10.1.1.2 әртүрлі контрацепция

	жұмыс жасау кезінде арқаны дұрыс ұстау; 5.1.1.4 жеке бастың тазалық құралдары мен иіссуларды дұрыс пайдалану; ережелерге сәйкес төтенше жағдайлар кезінде әрекет алу	қолдануды білу; 6.1.1.3 жедел жәрдем шақыру; медициналық мекеме түрлерін білу; 6.1.1.4 дене температурасын өлшеуді білу; су тасқыны кезінде өзін-өзі ұстау ережелері, жараны таңу	көмек көрсете алу; емдеудің халықтық құралдарын білу; 7.1.1.3 өрт кезінде өзін-өзі ұстаудың қарапайым ережелерін білу	үсік шалу кезінде, оқыс оқиғалар кезінде алғашқы көмек көрсете алу; денені жылыту, ыстық сусын ішу; зақымдалған бөліктерді сабынмен жуу, қатты үсік шалу кезінде қармен ысқыламау, ауруханаға жеткізу	9.1.1.4 тұрғылықты жері бойынша дәрігерге талон алу жолдарын білу; 9.1.1.5 терминалды дұрыс пайдалана алу, электронды кезек арқылы кезекті бақылауға алу	әдістері туралы түсінік болу
1.2 Тамақтану	5.1.2.1 азық-түліктердің жарамдылық мерзімдеріне бағыттала алу; 5.1.2.2 тамақ дайындауға қойылатын санитарлық-тазалық ережелерін ұстану; 5.1.2.3 ас-үй құралдарын дұрыс тазалауды білу; 5.1.2.4 тамақтану тәртібі, үстелді безендіру; 5.1.2.5 қарапайым салаттарды жасай алу; шәй қайнату;	6.1.2.1 тамақ әзірлеу және азық-түліктерді сақтаудың санитарлық-гигиеналық талаптарын білу; 6.1.2.2 сіріңке мен электртұтатқышды пайдалану, электрлі газ пешін пайдалануды білу; 6.1.2.3 асүйдегі техниканы жылжыту кезіндегі қауіпсіздік техникасын білу; 6.1.2.4 макароннан жасалған гарнирлер, макаронды пайдалану ережелерін білу; 6.1.2.5 жарма түрлерін білу;	7.1.2.1 бірінші, екінші, үшінші тағамдарды дайындай алу; 7.1.2.2 үстелді дұрыс безендіре алу; үстел үстінде өзін-өзі ұстау ережелерін білу; 7.1.2.2 сорпа, борщ, гарнир, кисель және кептірілген жемістерден компот дайындай алу	8.1.2.1 қамыр түрлерін білу, оның оның неге арналғандығын білу; 8.1.2.2 микротолқынды пештер, әмбебап аспісіру құралының қызметтерін білу және ҚТ ережелерін білу; 8.1.2.3 қышқыл-сүтті сусындар қандай қандай сүттен жасалатынын	9.1.2.1 ет өнімдерінің дайындалу тәсілін білу; 9.1.2.2 диеталық тамақтану өнімдерінің түрлерін білу; 9.1.2.3 ұлттық тағамдардың дайындалуын білу (бешбармақ, қуырдақ) үстелді безендіру	10.1.2.1 асхана, кафе, мейрамхана менін ажырата білу. Тағам дайындау және үстел, банкет, фуршет жасау; 10.1.2.2 алкогольсіз коктейль, шейкер,

	жұмыртқа пісіру; 5.1.2.6 кесетін құралдардың қауіпсіздік техникасын ұстану (қайнатпа, электр газ плитасы)	ботқа мен жармалардың бірінші өңделуі; 6.1.2.6 өңдей алу; (көкөністердің бірінші жылыдай өңделуін жүзеге асыру; көкөніс салаттарының дайындалу тәсілдерін білу		білу; (қымыз, шұбат, айран)		миксер дайындау
	Ойын қозғалыстары арқылы келетін дене саулығының компоненттері	8.1.2.2 өз жүрісін түзеу, өздігінен бақылауға алу және жаттығулар кешенін түсіндіре алу және көрсету; 8.3.2.1 командадағы жұмыс және көшбасшылық дағдыларды көрсету және қолдана алу
		8.1.1.2 омыртқаны түзеу үшін негізгі емдік дене жаттығуларын білу, түсіну және жақсартуды жалғастыру;



Денсаулық және тәжірибе арқылы дағдыларды игеру туралы білім	Денсаулық жаттығулары арқылы денсаулықты сақтау және бекіту	8.4.5.1 қауіпсіздік техникасының күрделі мәселелерін түсіну, қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсаулықты нығайтуға бағытталған денсаулыққа төнген қауіпті төмендетудің тәсілдерін орындау
	Емдік дене шынықтыру арқылы денсаулықты дамыту	8.1.4.1 дағдыларды түсіндіре алу және көрсете алу, бармақтар саулығының деформациясы және омыртқа деформациясының күрделілігінің алдын алу және буын серпімділігінің қызметтік мүмкіндіктерінің қол жеткізген деңгейін арттыра түсу, ұстап тұру; 8.4.1.2 денсаулық үшін тыныс алу органаарының маңыздылығы туралы білімді пайдалана алу, тыныс алу ережелерін пайдалана алу

5) 9 - сынып:

5 - кесте

Ұзақмерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақмерзімді жоспардың мазмұны /тақырыптары	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Салауатты өмір салты – дені сау ұрпақ	Қауіпсіздік техникасы Баяу өсуші күш жүктемесіне бейімделу	9.3.1.1 өмір сүру ортасының балама шешімдеріндегі қозғалыс идеялары, стратегиялары мен жоспарларын ұйымдастыру және бағалауды анықтау; 9.3.5.1 денсаулықтағы ауытқушылықтар есебімен конструктивтік ұсыныстарды жасай отырып, шығармашылық тапсырмаларды талдау және бағалауды біріктіру; 9.3.8.1 айырмашылығын көрсете отырып, іртүрлі қозғалыс қимылдарын орындау барысында әртүрлі тәжірибе жасау
	Дене паталогиясын түзеу және алдын-алу	9.1.1.1 әртүрлі емдік дене жаттығуларын орындау кезіндегі икемдер және қозғалыс дағдыларын салғастыру; 9.1.5.1 дене жаттығуларының кең ауқымындағы композиционды идеялар мен әртүрлі тактика, стратегияларды жасау, талдау және салғастыру;

		9.4.1.2 денсаулық үшін тыныс алу органдарының маңыздылығы туралы білімді пайдалана алу, тыныс алу ережелерін пайдалана алу
	Өртүрлі доптармен жасалатын тәжірибелер	9.1.4.4 негізгі дене жаттығуларн білу және ұсақ моториктерді түзету үшін заттармен орындалатын жаттығуларға үйрете алу; 9.4.1.1 денсаулық және салауатты өмір салты үшін ден е қызметінің маңыздылығын сараптау және оны түсіну
	Арнайы жекелей жаттығуларды өздігімен орындау	9.1.4.2 қол бас бармақтары буындарындағы серпімділікті арттыру үшін жаттығулар кешенін түсіну және көрсете алу; 9.4.6.4 жұмысы бұзылған қызметтерді түзеу үшін жаттығу құралдарымен жасалатын гимнастика элементтерін жасай алу және оған бейімделу
Ортопедиялық тәртіпті ұстану	Дұрыс сымбат қалыптастыру дағдыларын бекіту және қалыптастыруға арналған жаттығулар	9.1.1.2 омыртқаны түзеу үшін өртүрлі емдік дене жаттығуларын орындау кезіндегі қозғалыс дағдылары мен икемдерді салғастыру; 9.3.1.2 босаңсытудың зерттелген әдістерін пайдалана отырып, организм бұлшықеттерінің жеке топтарын босаңсыту бойынша жұмыстарды бағалау, анықтау
	Омыртқа тізбегі және бұлшықеттердің созылмалылығы мен серпімділігін дамытуға арналған жаттығулар	9.1.3.1 қозғалыстағы қателіктерді түзеу және олардың алдын алу, дене дамуына ықпал ететін өртүрлі реттік жаттығуларды орындау сапасын арттыруды негіздеу және көрсету; 9.4.6.3 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсаулықты нығайтуға бағытталған релаксация мен өзін-өзі уқалау элементтеріне талдау жасау және бейімделе алу
	Техникасы қарапайым элементтерден тұратын тапсырмалар	9.1.2.2 жаттығулар кешенін негіздеу және қолдана алу, қалыптасқан жағдайларға байланысты өз жүрісін түзеу және бақылауға ала алу; 9.2.2.1 қозғалыс қызметтерін жетілдіру, тәжірибелік тұрғыдан

		кеңістіктік бейімдеуге және кеңістіктік әрекеттерді жоспарлауға оқыту
	Кеңістік түсініктерді тәрбиелеуге арналған жаттығулар	9.1.2.1 қозғалыстың аралас түрлерін қолдану, негіздеу және дене дайындығы мен дене дамуын өздігінен бақылауға ала алу; 9.2.1.1 кеңістіктік қатынастарды игреу бойынша кешендерді негіздеу және қолдана алу
	Командадағы жұмыстың негізі	9.1.7.1 қозғалыс қабілетін түзеу және жақсарту үшін оқытудың әртүрлі деңгейлеріндегі қозғалыс белсенділігімен байланысты тәуекелдерді ескеру және қиындықтардың алдын-алу дағдыларын бағалау; 9.3.6.1 іртүрлі жағдайларда берілетін жаңа элементтерді жасау үшін шығармашылық қабілеттер мен идеяларды біріктіру

2 - тоқсан

	Қауіпсіздік техникасы. Микромоториктер дамуын түзеу; психотүзету	9.1.6.1 өмірлік қажетті қозғалыстық икемдер мен дағдыларды қалыптастыру үшін қозғалыс әрекеттеріндегі кемшіліктердің алдын-алу бойынша өзіндік және өзге қимылдарды талдау және салыстыру, жасау; 9.2.1.1 кеңістіктік қатынастарды игеру бойынша кешендерді негіздеу және қолдана алу; 9.4.4.1 емдік дене жаттығуларының арнайы кешінін орындау барысында әртүрлі тыныс алу гимнастикаларын қолдану және көрсету; 9.4.6.1 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсауықты нығайтуға бағытталған психогимнастика элементтерін талдай алу және оған бейімделу
		9.1.4.1 субъективті сезімдерге сәйкес бұлшықет күші мен қозғалыс амплитудасын анағұрлым айқын басқара алатын жаттығуларды түсіну және көрсету; 9.3.4.1 қозғалыс паталогиясы балалардың дене ерекшеліктерін

Жалпы дене дамуын түзеу	Қозғалыс дағдыларын түзетуге арналған дәстүрлік емес әдістердің элементтері	ескере отырып, әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысындағы құрылымдық тәсілдер мен ережелерді жасау және қолдану; 9.4.6.2 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсауықты нығайтуға бағытталған емдік дене шынықтыру бойынша сабақтардың дәстүрлі емес формалары элементтерін талдай алу және оған бейімделу
	Дене күші мен мөлшерлемесін есептей алумен қатар жаттығу құралдарымен орындалатын жаттығуларды орындай алу	9.1.4.3 аяқ бас бармақтары буындарындағы серпімділікті арттыру үшін жаттығулар кешенін түсіну және көрсете алу; 9.4.6.4 жұмысы бұзылған қызметтерді түзеу үшін жаттығу құралдарымен жасалатын гимнастика элементтерін жасай алу және оған бейімделу
	Түзетуші инвентармен жасалатын жаттығулар	9.1.1.1 әртүрлі емдік дене жаттығуларын орындау кезіндегі икемдер және қозғалыс дағдыларын салғастыру; 9.1.4.1 субъективті сезімдерге сәйкес бұлшықет күші мен қозғалыс амплитудасын анағұрлым айқын басқара алатын жаттығуларды түсіну және көрсету
	Заттармен және заттарсыз жасалатын жаттығулар	9.1.4.4 негізгі дене жаттығуларн білу және ұсақ моториктерді түзету үшін заттармен орындалатын жаттығуларға үйрете алу; 9.4.2.1 қозғалыс белсенділігін дамытуға бағытталған емдік дене жаттығуларының кешінін жасау және көрсету
Қазақтың ұлттық ойындары	Ұлттық қозғалыстық және танымдық ойындар	9.2.2.1 қозғалыс қызметтерін жетілдіру, тәжірибелік тұрғыдан кеңістіктік бейімдеуге және кеңістіктік әрекеттерді жоспарлауға оқыту; 9.3.3.1 организмнің жекелей ерекшелігін ескере отырып, түзетуші және дамытушы бағыттағы оң оқу ортасын құру бойынша біріге жұмыс жасау дағдыларының қатарын талқылау бағалау;

		9.3.7.1 жекелей және топтық дене қызметтерінде патриотизм сезімін көрсету
3 - тоқсан		
Емдік дене жаттығуларымен айналысудың адам иммунитетіне ықпалы	Қауіпсіздік техникасы. Дене жағдайын компоненттерін дамыту	9.3.5.1 денсаулықтағы ауытқушылықтар есебімен конструктивтік ұсыныстарды жасай отырып, шығармашылық тапсырмаларды талдау және бағалауды біріктіру; 9.4.1.2 денсаулық үшін тыныс алу органдарының маңыздылығы туралы білімді пайдалана алу, тыныс алу ережелерін пайдалана алу
	Түзеу жаттығуларының пайдасы	9.1.3.1 қозғалыстағы қателіктерді түзеу және олардың алдын алу, дене дамуына ықпал ететін әртүрлі реттік жаттығуларды орындау сапасын арттыруды негіздеу және көрсету; 9.4.3.1 дене жаттығуларын орындау кезінде және одан кейінгі белгілі бір дене өзгерістерін көру үшін бақылау стратегияларының қатарын қолдана алу; 9.4.6.1 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсаулықты нығайтуға бағытталған психогимнастика элементтерін талдай алу және оған бейімделу
	Емдік дене шынықтыру бойынша айналма жаттығулар	9.1.7.1 қозғалыс қабілетін түзеу және жақсарту үшін оқытудың әртүрлі деңгейлеріндегі қозғалыс белсенділігімен байланысты тәуекелдерді ескеру және қиындықтардың алдын-алу дағдыларын бағалау; 9.3.4.1 қозғалыс паталогиясы балалардың дене ерекшеліктерін ескере отырып, әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысындағы құрылымдық тәсілдер мен ережелерді жасау және қолдану; 9.4.1.1 денсаулық және салауатты өмір салты үшін ден е қызметінің маңыздылығын сараптау және оны түсіну; 9.4.6.2 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсаулықты нығайтуға

		бағытталған емдік дене шынықтыру бойынша сабақтардың дәстүрлі емес формалары элементтерін талдай алу және оған бейімделу
Біріккен және қызықты тапсырмалар арқылы оқыту	Көшбасшылық және ынтымақтастық	<p>9.2.2.1 қозғалыс қызметтерін жетілдіру, тәжірибелік тұрғыдан кеңістіктік бейімдеуге және кеңістіктік әрекеттерді жоспарлауға оқыту;</p> <p>9.3.2.1 командадағы жұмыстың ккшбасшылық дағдыларын бағалау;</p> <p>9.3.5.1 денсаулықтағы ауытқушылықтар есебімен конструктивтік ұсыныстарды жасай отырып, шығармашылық тапсырмаларды талдау және бағалауды біріктіру;</p> <p>9.3.6.1 іртүрлі жағдайларда берілетін жаңа элементтерді жасау үшін шығармашылық қабілеттер мен идеяларды біріктіру;</p> <p>9.3.7.1 жекелей және топтық дене қызметтерінде патриотизм сезімін көрсету</p>
	Біріккен және қызықты тапсырмалар арқылы оқыту	<p>9.1.6.1 өмірлік қажетті қозғалыстық икемдер мен дағдыларды қалыптастыру үшін қозғалыс әрекеттеріндегі кемшіліктердің алдын-алу бойынша өзіндік және өзге қимылдарды талдау және салыстыру, жасау;</p> <p>9.4.4.1 емдік дене жаттыңуларының арнайы кешінін орындау барысында әртүрлі тыныс алу гимнастикаларын қолдану және көрсету;</p> <p>9.4.5.1 денсаулық, қауіпсіздік техникасы, сондай-ақ қозғалыс бұзылыс ерекшелігі есебімен әлеуетті қауіпті төмендетудің тәсілдерін орындау;</p> <p>9.4.6.3 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсаулықты нығайтуға бағытталған релаксация мен өзін-өзі уқалау элементтеріне талдау жасау және бейімделе алу</p>
		9.1.4.2 қол бас бармақтары буындарындағы серпімділікті

	<p>Ойындардағы елестетуді дамыту</p>	<p>арттыру үшін жаттығулар кешенін түсіну және көрсете алу; 9.3.1.2 босаңсытудың зерттелген әдістерін пайдалана отырып, организм бұлшықеттерінің жеке топтарын босаңсыту бойынша жұмыстарды бағалау, анықтау; 9.4.2.1 қозғалыс белсенділігін дамытуға бағытталған емдік дене жаттығуларының кешінін жасау және көрсету</p>
	<p>Сөйлеу диалогтары арқылы ойындардағы қозғалыстық сапаны дамыту</p>	<p>9.3.1.2 босаңсытудың зерттелген әдістерін пайдалана отырып, организм бұлшықеттерінің жеке топтарын босаңсыту бойынша жұмыстарды бағалау, анықтау; 9.3.8.1 айырмашлығын көрсете отырып, іртүрлі қозғалыс қимылдарын орындау барысында әртүрлі тәжірибе жасау; 9.4.6.1 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсауықты нығайтуға бағытталған психогимнастика элементтерін талдай алу және оған бейімделу</p>
<p>4 - тоқсан</p>		
<p>Өзара әрекет ету ойындары</p>	<p>Қауіпсіздік техникасы. Әртүрлі салмақтағы допты игеру арқылы дағдыларды дамыту</p>	<p>9.1.6.1 өмірлік қажетті қозғалыстық икемдер мен дағдыларды қалыптастыру үшін қозғалыс әрекеттеріндегі кемшіліктердің алдын-алу бойынша өзіндік және өзге қимылдарды талдау және салыстыру, жасау; 9.3.1.1 өмір сүру ортасының балама шешімдеріндегі қозғалыс идеялары, стратегиялары мен жоспарларын ұйымдастыру және бағалауды анықтау</p>
	<p>Допты пайдаланумен жасалатын жаттығулар кешенін жасау</p>	<p>9.1.2.1 қозғалыстың аралас түрлерін қолдану, негіздеу және дене дайындығы мен дене дамуын өздігінен бақылауға ала алу; 9.3.6.1 іртүрлі жағдайларда берілетін жаңа элементтерді жасау үшін шығармашылық қабілеттер мен идеяларды біріктіру; 9.4.3.1 дене жаттығуларын орындау кезінде және одан кейінгі</p>

		<p>белгілі бір дене өзгерістерін көру үшін бақылау стратегияларының қатарын қолдана алу</p>
	<p>Арнайы жаттығуларды орындау барысында көрсетілетін көмек</p>	<p>9.1.4.3 аяқ бас бармақтары буындарындағы серпімділікті арттыру үшін жаттығулар кешенін түсіну және көрсете алу;</p> <p>9.4.6.3 қозғалыс бұзылыстарының ерекшелігін ескере отырып, денсаулықты нығайтуға бағытталған релаксация мен өзін-өзі уқалау элементтеріне талдау жасау және бейімделе алу</p>
	<p>Модификацияланған ойындар</p>	<p>9.3.2.1 командадағы жұмыстың кқшбасшылық дағдыларын бағалау;</p> <p>9.3.3.1 организмнің жекелей ерекшелігін ескере отырып, түзетуші және дамытушы бағыттағы оң оқу ортасын құру бойынша біріге жұмыс жасау дағдыларының қатарын талқылау бағалау</p>
<p>Денсаулық және тәжірибе арқылы дағдыларды игеру туралы білім</p>	<p>Ойын қозғалыстары арқылы келетін дене саулығының компоненттері</p>	<p>9.1.2.2 жаттығулар кешенін негіздеу және қолдана алу, қалыптасқан жағдайларға байланысты өз жүрісін түзеу және бақылауға ала алу;</p> <p>9.3.2.1 командадағы жұмыстың кқшбасшылық дағдыларын бағалау</p>
	<p>Денсаулық жаттығулары арқылы денсаулықты сақтау және нығайту</p>	<p>9.1.1.2 омыртқаны түзеу үшін әртүрлі емдік дене жаттығуларын орындау кезіндегі қозғалыс дағдылары мен икемдерді салғастыру;</p> <p>9.4.5.1 денсаулық, қауіпсіздік техникасы, сондай-ақ қозғалыс бұзылыс ерекшелігі есебімен әлеуетті қауіпті төмендетудің тәсілдерін орындау</p>
	<p>Емдік дене шынықтыру арқылы денсаулықты дамыту</p>	<p>9.1.4.1 субъективті сезімдерге сәйкес бұлшықет күші мен қозғалыс амплитудасын анағұрлым айқын басқара алатын жаттығуларды түсіну және көрсету;</p> <p>9.4.1.2 денсаулық үшін тыныс алу органдарының маңыздылығы туралы білімді пайдалана алу, тыныс алу ережелерін пайдалана алу</p>



6) 10 - сынып:

6 – кесте

Ұзақмерзімді жоспар бөлімі	Тақырып/ ұзақмерзімді жоспардың мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
Салауатты өмір салты – дені сау ұрпақ	Қауіпсіздік техникасы. Баяу өсуші жүктемеге бейімделу	<p>10.3.1.1 өмір сүру қызметіндегі баламалық шешімдердегі стратегиялар мен жоспарлар, қозғалыс идеяларын тәжірибеде талдай алу және қолдана алу;</p> <p>10.3.5.1 денсаулықтағы бұзылыстар есебімен конструкциялық ұсыныстарды ұсына отырып, шығармашылық міндеттерді талдау және қолдана алу;</p> <p>10.3.8.1 олардың айырмашылығын түсіне отырып, қозғалыстарды орындау кезіндегі әртүрлі рөлдермен тәжірибе жасай алу және талдай алу;</p>
	Дене паталогиясына түзеу және оның алдын-алу	<p>10.1.1.1 емдік дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыс дағдылары мен машықтарына талдау жасау;</p> <p>10.1.5.1 дене жаттығуларының кең диапазонындағы композициялық идеялар мен стратегиялар, әртүрлі тактикаларды үйрене алу;</p> <p>10.4.1.2 денсаулық үшін тыныс алу органдарының маңыздылығы туралы өзінің және өзгенің білімін сараптау, тыныс алу ережелерін пайдалану</p>
	Әртүрлі доптармен тәжірибе жасау	<p>10.1.4.4 ұсақ моториктерді түзетуге арналған оқытудың негізгі физикалық қозғалыстары туралы білімге талдау жасау;</p> <p>10.4.1.1 денсаулықты нығайту үшін физикалық қызметтің маңыздылығы туралы өзінің және өзгенің білімін сараптау</p>
	Арнайы жекелей жаттығуларды өздігінен орындау	<p>10.1.4.2 қол бармақтары буындарындағы қозғалмалылықты арттыру үшін жаттығулар кешенін өздігінен қолдану;</p> <p>10.4.6.4 бұлшықет-буын қозғалыстарын дамыту үшін тренажерлардағы жаттығулардың өзге ерекшеліктеріне үйрету және өзі қолдана алу сараптау</p>

Ортопедиялық тәртіпті сақтау

<p>Дұрыс сымбат дағдыларын қалыптастыру және бекітуге арналған жаттығулар</p>	<p>10.1.1.2 омыртқаны түзеуге арналған әртүрлі емдік физикалық жаттығуларды орындау кезіндегі қозғалыс дағдылары мен машықтарын сараптау; 10.3.1.2 және көрсете алу босаңсытудың зерделенген әдістерін қолдана отырып, организм бұлшықеттерінің жеке топтарын босаңсыту бойынша сараптай алу және көрсету</p>
<p>Омыртқа байланыстары мен бұлшықеттердің созылуы және оның серпімділігін дамытуға арналған жаттығулар</p>	<p>10.1.3.1 қозғалыс қателіктерін түзеу және оның алдын ала алу мен физикалық дамуына ықпал етуші әртүрлі жаттығулардағы қозғалысты орындау сапасын талдау; 10.4.6.3 өзін және өзгелерді өз-өзіне массаж жасауға үйрету және қозғалыс бұзылыстарының ерекшеліктері есебімен денсаулықты нығайтуға бағытталған өзіндік массаж бен релаксацияның өзге элементтеріне үйрету</p>
<p>Техникалық элементтері жеңіл тапсырмалар</p>	<p>10.1.2.2 жаттығулар кешенін сараптау және пайдалану; қалыптасқан жағдайға орай өз жүрісін өздігінен бақылау және түзей алу; 10.2.2.1 қозғалыс қызметтерін жетілдірумен тәжірибелік тұрғыдан кеңістіктік бағытталу және кеңістіктік әрекеттерді жоспарлауды сараптау</p>
<p>Кеңістіктік түсініктерді тәрбиелеуге арналған жаттығулар</p>	<p>10.1.2.1 қозғалыс комбинациясын өздігінен сараптау және қолдана алу және дене дамуы мен дене дайындығынын өздігінен бақлай алу; 10.2.1.1 кеңістіктік қатынастарды игеру бойынша өзге жаттығулар кешенін сараптау және үйрете алу</p>
<p>Командадағы жұмыс негіздері</p>	<p>10.1.7.1 қозғалыс қабілетін түзеу және жақсарту үшін оқытудың әртүрлі деңгейлеріндегі қозғалыс белсенділігімен байланысты тәуекелге қиындықтары мен әсер етуінің алдын-алу дағдыларына оқытуды сараптай алу және пайдалана алу; 10.3.6.1 әртүрлі жағдайларда берілетін өзгелердің жаңа</p>

		элементтерді құру идеялары мен өзінің шығармашылық қабілетін сараптау
2 - тоқсан		
	Қауіпсіздік техникасы. Микромоториктерді дамытуды түзеу; психокоррекция	<p>10.1.6.1 өмірлік маңызы зор қозғалыс дағдылары мен машықтарын қалыптастыру үшін қозғалыс әрекеттеріндегі кемшіліктің алдын алу бойынша өзгенің дағдысын пайдалана алу және сараптау;</p> <p>10.2.1.1 кеңістіктік қатынастарды игеру бойынша өзге де жаттығулар кешеніне үйрете алу және сараптау;</p> <p>10.4.4.1 емдік дене жаттығуларының арнайы кешендерін орындау кезінде тыныс алу гимнастикасының өзге де әртүрлі әдістеріне үйрете алу;</p> <p>10.4.6.1 қозғалыс бұзылыстарын ерекшелігі есебімен денсаулықты нығайтуға бағытталған психогимнастика элементтеріне талдау жасау және оларды пайдалана алу</p>
	Қозғалыс дағдыларын түзеуге арналған дәстүрлі емес әдістердің элементтері	<p>10.1.4.1 субъективті сезінулерге сәйкес бұлшықет күші мен қозғалысы амплитудасын нақты басқара алуға мүмкіндік беретін жаттығуларды талдау және өздігінен қолдана алу;</p> <p>10.3.4.1 қозғалыс паталогиясы бар балалардың дене ерекшеліктерін есепке ала отырып әртүрлі жаттығуларды орындау кезіндегі құрылымдық тәсілдер мен ережелерді пайдалана алу және талдау;</p> <p>10.4.6.2 қозғалыс бұзылыстарның ерекшелігі есебінен денсаулықты нығайтуға бағытталған емдік дене шынықтыру бойынша сабақтардың дәстүрлі емес формаларының элементтерін талдау</p>
Жалпы физикалық дамуды түзеу		10.1.4.3 аяқ бармақтары буындарының қозғалмалылығын арттыруға арналған жаттығуларға оқыту үшін негізгі дене жаттығулары туралы білімді талдау және қолдана алу;

	Мөлшер мен жүктемені есептей алумен тренажерларда жаттығуларды орындай алу	10.4.6.4 бұлшықет-буын қозғалысын дамытуға арналған тренажерлардағы жаттығулардың өзге ерекшеліктеріне үйрету және талдау
	Түзету жаюдықтарымен келген тапсырма	10.1.1.1 әртүрлі емдік дене жаттығулары орындау кезіндегі қозғалыс дағдылары мен машықтарын талдау; 10.1.4.1 субъективті сезінулерге сәйкес бұлшықет күші мен қозғалысы амплитудасын нақты реттеп отыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды талдау және өздігінен қолдану
	Заттармен және заттарсыз түзеу жаттығулары	10.1.4.4 ұсақ моториктерді түзеуге арналған өзге жаттығуларға оқытуға арналған негізгі дене жаттығулары туралы білімге талдау жасау; 10.4.2. қозғалыс белсенділігін дамытуға бағытталған емдік дене жаттығуларының кешеніне талдау жасау және оған
Қазақтың ұлттық ойындары	Ұлттық қозғалыс және танымдық ойындар	10.2.2.1 қозғалыс қызметтерін жетілдіруді біріктірудегі тәжірибелік кеңістіктегі бағытталу және кеңістіктік әрекеттерді жоспарлауды талдау; 10.3.3.1 жекелей ерекшеліктерді есепке ала отырып, түзеу және дамыту бағытының жағымды оқу ортасын құру бойынша өзінің және өзгенің тиімді және біріккен жұмыстарын талдау және қолдана алу; 10.3.7.1 патриотизмнен көрініс беретін мінез-құлықты көрсету, патриотизм сезімін және жекелей және топтық дене қызметіндегі бәсекелестікті көрсете алу
3 - тоқсан		
	Қауіпсіздік техникасы. Дене жағдайының компоненттерін дамыту	10.1.5.1 дене жаттығуларының кең диапазонындағы композициялық идеялар мен стратегиялар, әртүрлі тактикаларды үйрене алу; 10.3.5.1 денсаулықтағы ауытқушылықтар есебінен конструктивті ұсыныстар жасай отырып, шығармашылық міндеттерін талдау және қолдана алу;

<p>Емдік дене жаттығулары сабақтарының адам иммунитетіне әсеру</p>		<p>10.4.1.2 денсаулық үшін тыныс алу органдарының маңыздылығы туралы өзінің және өзгенің біліміне талдау жасау</p>
	<p>Түзету жаттығуларының пайдасы</p>	<p>10.1.3.1 қозғалыс қателіктерін түзеу және оның алдын-алу, дененің дамуына ықпал етуші әртүрлі реттік жаттығулардағы қозғалысты орындау сапасын талдау;  10.4.3.1 дене жаттығулары мен жүктемесін орындаға,аннан кейін немесе сол кездегі дене өзгерісін анықтау үшін өзінің және өзгенің стратегияларын қолдануды сараптау;  10.4.6.1 қозғалыс бұзылыстарын ерекшелігі есебімен денсаулықты нығайтуға бағытталған психогимнастика элементтеріне талдау жасау және оларды пайдалана алу</p>
	<p>Емдік дене шынықтыру сабақтарындағы айналымдық жаттығу</p>	<p>10.1.7.1 қозғалыс қабілетін түзеу және жақсарту үшін оқытудың әртүрлі деңгейлеріндегі қозғалыс белсенділігімен байланысты тәуекелге қиындықтары мен әсер етуінің алдын-алу дағдыларына оқытуды сараптай алу және пайдалана алу;  10.3.4.1 қозғалыс паталогиясы бар балалардың дене ерекшеліктерін есепке ала отырып әртүрлі жаттығуларды орындау кезіндегі құрылымдық тәсілдер мен ережелерді пайдалана алу және талдау;  10.4.1.1 денсаулықты нығайту үшін дене қызметінің маңыздылығы туралы өзінің және өзгенің біліміне талдау жасау;  10.4.6.2 қозғалыс бұзылыстарның ерекшелігі есебінен денсаулықты нығайтуға бағытталған емдік дене шынықтыру бойынша сабақтардың дәстүрлі емес формаларының элементтерін талдау.</p>
		<p>10.2.2.1 қозғалыс қызметтерін жетілдіруді біріктірудегі тәжірибелік кеңістіктегі бағытталу және кеңістіктік әрекеттерді жоспарлауды талдау;</p>

	<p>Көшбасшылық және ынтымақтастық</p>	<p>10.3.2.1 командада жұмыс жасауда өзінің және өзгенің көшбасшылық дағдыларына талдау жасау;  10.3.5.1 денсаулықтағы ауытқушылықтар есебінен конструктивті ұсыныстар жасай отырып, шығармашылық міндеттерін талдау және қолдана алу;  10.3.6.1 әртүрлі жағдайларда берілетін жаңа элементтерді құру үшін өзінің және өзгенің шығармашылық қабілеті мен идеяларына талдау жасау;  10.3.7.1 патриотизмнен көрініс беретін мінез-құлықты көрсету, патриотизм сезімін және жекелей және топтық дене қызметіндегі бәсекелестікті көрсете алу</p>
<p>Біріккен және қызықты тапсырмалар арқылы оқыту</p>	<p>Біріккен және қызықты тапсырмалар арқылы оқыту</p>	<p>10.1.6.1 өмірлік маңызы зор қозғалыс дағдылары мен машықтарын қалыптастыру үшін қозғалыс әрекеттеріндегі кемшіліктің алдын алу бойынша өзгенің дағдысын пайдалана алу және сараптау;  10.4.4.1 емдік дене жаттығуларының арнайы кешендерін орындау кезінде тыныс алу гимнастикасының өзге де әртүрлі әдістеріне үйрете алу;  10.4.5.1 өзгелерді қауіпсіздік техникасына үйрету және талдау, сонымен қатар қозғалыс бұзылысын есепке ала отырып, денсаулықтың әлеуетті қаупін төмендету;  10.4.6.3 өзін және өзгелерді өз-өзіне массаж жасауға үйрету және қозғалыс бұзылыстарының ерекшеліктері есебімен денсаулықты нығайтуға бағыталған өзіндік массаж бен релаксацияның өзге элементтеріне үйрету</p>
	<p>Ойындардағы елестетуді дамыту</p>	<p>10.1.4.2 қол бармақтары буындарының қозғалмалылығын арттыруға арналған жаттығуларға оқыту үшін негізгі дене жаттығулары туралы білімді талдау және қолдана алу;  10.3.1.2 босаңсытудың зерделенген әдістерін қолдана</p>

		<p>отырып, организм бұлшықеті жеке топтарын босаңсыту бойынша әдістерді көрсете алу және талдау; 10.4.2.1 қозғалыс белсенділігін дамытуға бағытталған емдік дене жаттығуларының кешеніне үйрете алу және талдау</p>
	<p>Речетатив, сөйлеу диалогтарымен қатар қимыл сапасын дамыту ойындары</p>	<p>10.3.1.2 босаңсытудың зерделенген әдістерін қолдана отырып, организм бұлшықеті жеке топтарын босаңсыту бойынша әдістерді көрсете алу және талдау; 10.3.8.1 олардың айырмашылығын түсіне отырып, қимылдарды орындау кезінде әртүрлі рөлдермен тәжірибе жасау және талдай алу; 10.4.6.1 қозғалыс бұзылыстарын ерекшелігі есебімен денсаулықты нығайтуға бағытталған психогимнастика элементтеріне талдау жасау және оларды пайдалана алу.</p>
<p>4 - тоқсан</p>		
	<p>Қауіпсіздік техникасы. Әртүрлі салмақтағы допты игеру дағдыларын дамыту</p>	<p>10.1.6.1 өмірлік маңызы зор қозғалыс дағдылары мен машықтарын қалыптастыру үшін қозғалыс әрекеттеріндегі кемшіліктің алдын алу бойынша өзгенің дағдысын пайдалана алу және сараптау; 10.3.1.1 өмір сүру қабілеті ортасындағы балама шешімдердегі стратегиялар мен жоспарлар, қозғалыс идеяларын тәжірибеде қолдана алу және талдау.</p>
<p>Өзара әрекет ету ойындары</p>	<p>Допты пайдаланумен жаттығулар кешенін жасау</p>	<p>10.1.2.1 қимыл комбинациясын өздігіне қолдана алу және талдау, дене дамуы мен дене дайындығы өздігінен бақылай алу; 10.3.6.1 әртүрлі жағдайларда берілетін жаңа элементтерді құру үшін шығармашылық өзінің қабілеті мен идеяларын талдау; 10.4.3.1 дене жаттығуы мен жүктемесін орындағаннан кейін және орындау барысында дене өзгерістерін анықтау үшін өзінің және өзгелердің стратегияларын қолдануды талдау.</p>

	<p>Арнайы жаттығуларды орындау кезіндегі көмек</p>	<p>10.1.4.3 аяқ бармақтары буындарындағы қозғалмалылықты арттыруды үшін өзге жаттығуларға үйретуде негізгі дене қозғалыстары туралы білімді қолдана алу және талдау; 10.4.6.3 өзін және өзгелерді өз-өзіне массаж жасауға үйрету және қозғалыс бұзылыстарының ерекшеліктері есебімен денсаулықты нығайтуға бағыталған өзіндік массаж бен релаксацияның өзге элементтеріне үйрету</p>
	<p>Модифицирлі ойындар игры</p>	<p>10.1.2.1 қимыл комбинациясын өздігіне қолдана алу және талдау, дене дамуы мен дене дайындығын өздігінен бақылай алу; 10.3.3.1 жекелей ерекшеліктерді есепке ала отырып, түзеу және дамыту бағытының жағымды оқу ортасын құру бойынша өзінің және өзгенің тиімді және біріккен жұмыстарын талдау және қолдана алу.</p>
<p>Тәжірибе арқылы дағдыларды игеру және денсаулық туралы білім</p>	<p>Ойын қозғалыстарының қатарының дене саулығының компоненттері</p>	<p>10.1.2.2 жаттығулар кешенін талдау және пайдалану: қалыптасқан жағдайларға байланысты өз жүрісін өздігінен бақылау және түзеу; 10.3.2.1 командада жұмыс жасауда өзінің және өзгенің көшбасшылық дағдыларына талдау жасау.</p>
	<p>Түзеу жаттығулары арқылы денсаулықты сақтау және нығайту</p>	<p>10.1.1.2 омыртқаны түзеуге арналған әртүрлі емдік физикалық жаттығуларды орындау кезіндегі қозғалыс дағдылары мен машықтарын сараптау; 10.4.5.1 өзгелерді қауіпсіздік техникасына үйрету және талдау, сонымен қатар қозғалыс бұзылысын есепке ала отырып, денсаулықтың әлеуетті қаупін төмендету</p>
	<p>Емдік дене тәрибесі арқылы денсаулықты дамыту</p>	<p>10.1.4.1 субъективті сезінулерге сәйкес бұлшықет күші мен қозғалысы амплитудасын нақты реттеп отыруға мүмкіндік беретін жаттығуларды талдау және өздігінен қолдану; 10.4.1.2 денсаулық үшін тыныс алу органдарының маңыздылығы туралы өзінің және өзгенің білімін</p>



**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқыту мақсаты – тіл туралы білімдерді меңгеру, түрлі деңгейдегі құралдарды қолдану нормалары және оларды өнімді тілдік әрекет барысында белсендету, сонымен бірге сөздік қорын байыту, байланыстыра айту жолдарын, қатынас мәдениетін, тілді жетілдірудің саналы және шығармашылықтық механизмдерін меңгеру негізінде тілдік әрекеттің барлық түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) бойынша коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру арқылы зиялы және белсенді тұлғаны дамыту.

3. Оқытудың міндеттері:

1) тіл туралы білімдерді, оның түрлі салада және қатынас жағдайларында, стилистикалық ресурстарда, әдеби тілдің негізгі нормаларында (орфоэпиялық, орфографиялық және грамматикалық) және тілдік этикет ережелерінде қызмет істеуін қалыптастыру;

2) оқу және жазу дағдыларын жетілдіру;

3) нормативтік және қатынас жағдайындағы сәйкестік көзқарастары жағынан тілдік құралдарды бағалау және таңдау қабілетін қалыптастыру;

4) түрлі тілілік жанрларда ауызша және жазбаша монологиялық сөйлемдерді құру қабілетін дамыту және жетілдіру;

5) табысты әңгімелік қатынас жасау, түрлі сала мен коммуникативтік жағдайда пікірталас жүргізу қабілетін жетілдіру;

6) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық және стилистикалық сауаттылығын жетілдіру;

7) қатынас құралы, білім көзі, рухани-адамгершіліктік құндылық ретінде, және де қоғамда табысты әлеуметтенуге ықпал жасайтын тілдік капитал ретінде, тілге саналы қарауға тәрбиелеу.

4. Бағдарламаның мазмұны, заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзеу міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; бейтарап және белсенді сөздігін өсіру; сөйлеуінде вербализмді болдырмау, тілдің семантикалық жағымен жұмыс; тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымының бұзылымдарын түзеу; дислексияны, дисграфияны және дизорфографияны болдырмау және жеңу.

## **2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Тілді оқыту, оқытудың түзеу-дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты қағидаларының негізінде және жіктемелік, әрекеттік, коммуникативтік, құндылықты-бағдарлаушылық, дифференциалдық тәсілдер мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану негізінде, жүзеге асырылады.

6. Оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады.

7. Әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

8. Әрекеттік тәсіл қағидасы: оқыту барысында педагогтың басшылығымен заттық-практикалық, ізденушілік әрекеттер кең қолданылады, бұл оқу материалын түсінуге жағдайлар жасайды; заттық-практикалық әрекет жоғарғы психикалық функцияларының сенсомоторлық негізін дамытуға (қабылдауы, тілі, ойлау қабілеті), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толықтыруға, жалпыбілімдік пәндер бойынша білімдер мен дағдыларды меңгерулеріне мүмкіндік береді.

9. Коммуникативтік тәсіл – ақпаратты беру және хабарлау, тілдік қатынас барысында білімдерімен, қабілеттерімен және дағдыларымен алмасу; тіл арқылы қатынас жасау қабілеттілігі оқыту нәтижесі болып табылады.

10. Оқытудың практикалық бағыты білім алушылардың оқыған материалы мен практикалық іс-әрекеті арасындағы тығыз байланысты, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешуде бірінші кезекті мағынасы бар, білімдері мен қабілеттерінің қалыптасуын болжайды.

11. Білім алушыларға қарасты жіктемелік және жекелік тәсіл, олардың Бағдарлама мазмұнын меңгерудегі бірдей емес мүмкіндіктерін көрсететін ерекше білімдік

қажеттіліктерінің ескерілуін, оқу материалын меңгеру барысында көрініс алатын және алған білімдерінің, дағдыларының, қабілеттерінің сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуын болжайды. Әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, білім алушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады.

12. Ақпараттық коммуникативтік біліктілігін қалыптастыру мақсатында білім алушылар түрлі дереккөздік ақпараты бар әртүрлі жұмыстарды, соның ішінде инновациялық коммуникациялық технологияларды қарастырады (оқитын машиналар, сөздіктер, анықтамалар, бұқаралық ақпарат құралдары, ғаламтор, компьютер).

13. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірінің түрлі аспектілерін қамтитын, түрлі үлгідегі және жанрдағы мәтіндерді қолданылады, бұл білім алушылардың орфографиялық, пунктуациялық, стилистикалық сауаттылық деңгейін, сондай-ақ тілдік мәдениет деңгейін көтеруге, саралау дағдыларын жаттықтыруға және тілдің түрлі жанрдағы, стильдегі байланысты сөйлемдерді меңгерулеріне мүмкіндік береді.

14. Мәтіндер мазмұны білім алушылардың рухани-адамгершіліктік қасиеттері мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға және өмірде жалпыұлттық "Мәңгілік Ел" идеясын іске асыруға, этникааралық және мәдениаралық коммуникация жағдайында төзімділік пен қатынасты дамытуға бағытталады.

15. Сабақтарды ұйымдастыру және өткізу барысында педагог бірқатар ерекше және жалпы әдістемелік талаптарға сүйенеді:

1) үздіксіз түзеу және дефицитарлық функцияларын дамыту (сенсорлық, моторлық, психикалық);

2) кеңістіктік ұғымдарды, коммуникативтік әрекеттерді, сезіну мен ұсақ моториканы, есту, көру және тактильдік қабылдауды дамыту;

3) меңгерген компенсаторлық тәсілдерін, қабілеттері мен дағдыларын, қалпына келтірілген және түзетілген функцияларын түрлі оқу процесі барысында, сабақта және сабақтан тыс кезде, айналасындағылармен қатынас жасау кезінде белсенді түрде қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4) әлеуметтік құзіретін белсендету және өз бетінше жұмыс жасау дағдыларын, танымдық белсенділік пен танымдық қызығушылығын, тұлғаның эмоциялық-еріктік саласы мен оң қасиеттерін дамыту.

16. Оқытудың әдістері мен тәсілдерін таңдау ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық әс-әрекеттеріне сәйкес жүзеге асырылады, соған орай, іс-әрекеттер алгоритмдері мен заттық-практикалық ірекеттерді қолдану түрінде берілетін, "кішкентай қадамдар" әдісі маңызды орын алады.

17. Оқудағы қиындықтарды жеңу мақсатында арнайы тәсілдер (көру бұзылымдары ескерілгендегі оқу ісінің алгоритмизациясы, сабақ құрылымының ерекшелігі, сақталған функцияларды дамыту бойынша арнайы гимнастика), оқу ақпаратын өңдеудің логикалық тәсілдері (нақтыландыру, үлгілер бойынша аналогиясын орнату, қорыту) қолданылады.

18. Білім алушылардың психикалық және дене ерекшеліктерін түзеу мақсатында тіл сабағында қолданылатын әдістер мен тәсілдер:

1) шолу әдісі;

2) дидактикалық ойындар;

3) "Фонетика", "Лексика және фразеология" тақырыптарын оқу барысында кроссвордтарды табу, ребустарды, шарадаларды шешу;

4) тірек сызбалар;

5) мәтінді редакциялау;

6) анықтамалық материалдар үшін дәптер дайындау және қолдану;

7) "дыбыссыз" сұрақ;

8) дайын мәтіннің тақырыптық торын құрастыру тәсілі және тақырыпты құру барысындағы есептеулер тәсілі;

9) болашақ тақырыптың микротақырыптарын ашу сызбасын құрастыру тәсілі және оны дайын мәтіннен есептеп шығару тәсілі;

10) тәсілдерді қолдана отырғандағы тіл шығармашылығы: "Еркін ассоциациялар тәсілі"(суреттердің деректері бойынша), "Не болар еді, егер ..." (білім алушы өзіне осындай сұрақ қойып жауап беруге тырысады), "Өңгімені жалғастыр";

11) "мағыналық бірліктер" тәсілі мағыналық жады мен логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналады. Тәсілдер: мәтіннің сараптамасы немесе

шағын-баяндау, мұнда білім алушы дәйекті түрде екі сұраққа жауап береді: "Бұл мәтінде кім (немесе не) туралы айтылады?" және "Бұл жөнінде не айтылады ( хабарланады)?" Қолданылатын қысқаша-баяндаулар көлемі үлкен мәтінге қарасты қорқынышын жеңіп, эмоциялық-ерік аясының қалыптасуына көмектеседі. Жеке тәжірибесін қолдану: жанұядағы туыстық байланыстардың аналогиясы бойынша мәтін немесе сөйлем ішіндегі туыстық байланыстарды анықтау (мысалы, "Қарапайым сөйлем ") тақырыбын зерделеу барысында.

19. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға барлық психикалық процестердің тез сарқылуы тән, сондықтан сабақ кезінде іс-әрекеттерді ауыстырудың, әдістер мен тәсілдерді алмастырудың, жіктемелік тәсілдің, маңызыды материалды ойда сақтап қалу үшін көп рет қайталаудың, көру қабілеті, айналаны бақылау, оқу, жұмысты тынығумен алмастыру үшін жайлы жағдайлар жасаудың мағынасы зор.

20. Бағдарламалық материалды толыққанды жүзеге асыру үшін тіл және әдебиет кабинеттерін жабдықтаудың нормалары белгіленген:

- 1) интерактивтік және проекциялық жабдықтар жинақталымы: проектор, интерактивтік тақта немесе экран;
- 2) электрондық басылымдар, DVD –гі видеофильмдер, электрондық плакаттар;
- 3) компьютер жинақталымы: жүйелік блок, монитор, микрофондық-телефондық гарнитура, акустикалық жүйе, Web-камера, желілік фильтр, көпфункционалды құрылғы ;
- 4) аудиторлық қабырға тақтасы.

21. Тілдік оқыту барысында техникалық құрылғылар (аппаратура) және дидактикалық құралдар (ақпарат тасушы) белсенді түрде қолданылады, оның ішінде:

- 1) интерактивтік панелі және үшөлшемді аксессуарлары бар "Мультимедиялық интерактивтік оқытатын бағдарламалық-әдістемелік кешен" электрондық ресурсы - теориялық материал мен практикалық білімдердің меңгерілу тиімділігін жоғарылату үшін;
- 2) дыбыстық сигналады визуалдайтын "Логопедиялық тренажер" - арнайы тыныс алу және дауыс жаттығуларын өткізу барысында, әсіресе тұтықпасы мен дизартриясы бар балалармен жұмыс істегенде;
- 3) "Тілдік коммуникацияны меңгеру және дамытуға арналған тілідік тренажер" ассистивтік құрылғысы, - қажетті мөлшерде жалпақ сөйлемдік тілді меңгермеген білім алушылар үшін, сонымен бірге білім алушылардың тілдік шектелуі кезеңінде.

### **3 - тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

22. "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты;
- 6) 10- сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

23. Пәндік білімнің мазмұны коммуникативтік әрекеттерге және коммуникативтік дағдыларға негізделген; коммуникативтік дағдылардағы оқу мақсаттары әр сынып деңгейіне сәйкес динамикалық даму бағытында жасалған.

24. Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірзділік пен сабақтастықты көрсететін төмендегідей 5 бөлімді қамтиды:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) тілдік нормаларды қолдану;
- 5) сөйлеу тілін дамыту және түзету.

25. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі мұғалім мен білім алушылардың сөзі, аудио (видео) таспаларды тыңдай білу, сөйлеушінің коммуникативтік мақсаты мен себебін түсіну, естіген әдеби, публицистикалық, ғылыми-танымал мәтіндердегі ақпараттарды түсіну дағдыларын қалыптастыру, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық, адамгершілік-этикалық тақырыптар бойынша өз ойын бірізділікпен ауызша түрде жеткізу және диалогтың әртүріне қатысу дағдыларын дамытуға бағытталған.

26. "Оқылым" бөлімі шығарманы түсініп, дұрыс, мәнерлеп, жылдам оқу; іштей оқу, шығарманың басты ойын айқындау, оқылған шығармалардың мазмұнын талқылау, кітап жайында пікірлер құрастыру, мұғалім тапсырмасы бойынша оқылған шығарманы мазмұндау, басты кейіпкерлерді атау, өз көзқарасын айқындап айту, ақпарат көздерімен жұмыс істеу мәдениетін дамыту және оқылым стратегияларын қолдану дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

27. "Жазылым" бөлімі естіген және оқыған мәтіннің мазмұнын жазбаша әрі қысқартылған түрде дұрыс жеткізе білу дағдыларын (мазмұндама, конспект, аннотация, тезистер) қалыптастыру, қажетті ақпараттарды іріктеу негізінде өзекті мәселелерге (әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық, адамгершілік-этикалық) қатысты тақырыптарға өзіндік мәтіндерді құрастырып, өз ойын дәлелдеп жазу, бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқулар мен орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, редакциялау, тілдің әртүрлі функционалды-мағыналық типтерін (сипаттау, баяндау, пайымдау) пайдалана отырып әртүрлі функционалдық стильде шығарма жазу (оның ішінде пікір және сын пікір) дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

28. "Тілдік нормаларды қолдану" бөлімі білім алушылардың қарым-қатынастық дағдыларын дамыту, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, грамматикалық, пунктуациялық нормалар мен қазақ тілінің этикет формаларын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеруге бағытталған.

29. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) болжау;
- 2) әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау;
- 3) сөзді түсіну және қабылдау;
- 4) тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау;
- 5) сөйлеу мәдениетін дамыту;
- 6) сөйлеу тілін дамыту және түзету.

30. "Оқылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мәтіннен ақпаратты анықтау;
- 2) мәтіннің стильдік ерекшелігін тану;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу;

5) оқылым стратегияларын қолдану.

31. "Жазылым" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жазу дағдыларын жетілдіру;
- 2) жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну;
- 3) іскерлік хат жазу;
- 4) мәтіндерді түзету.

32. "Тілдік нормаларды қолдану" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық нормаларды сақтау;
- 2) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 3) лексикалық нормаларды сақтау;
- 4) грамматикалық нормаларды сақтау;
- 5) пунктуациялық нормаларды сақтау.

33. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны.

34. Сөйлеу әрекеттерінің түрлері:

1) тыңдалым және айтылым: тірек сөздер арқылы тақырыпты болжау; негізгі ойды анықтау; негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; коммуникативтік жағдаятқа сай эмоционалды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздер арқылы өз ойын білдіру;

2) оқылым: мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну; мәтіннің мазмұны бойынша негізгі сұрақтарға жауап беру; ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтары; оқылым стратегияларын қолдану; қажетті ақпаратты таба білу;

3) жазылым: бірдей элементтердің әртүрлі саны бар графемаларды ажырату (п-т, л-м, і-и, и-ш); шағын маз мұндама жазу; мұғалім ұсынған жоспар бойынша шағын шығарма жазу; хат жазу, конвертке мекен-жайын дұрыс жазу;

4) тілдік нормаларды қолдану:

орфографиялық норма: қазақ тілінің дыбыстар жүйесі; үндестік заңы; емле заңдылықтары;

орфоэпиялық норма: ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал;

лексикалық норма: сөздердің тура және ауыспалы мағынасы; көп мағыналы сөздер; синоним, антоним;

грамматикалық норма: туынды сөздер; күрделі сөздер: зат есімнің мағыналық түрлері; сын есім, шырай категориясы; сан есім, мағыналық түрлері; төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі;

пунктуациялық норма: төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

35. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны.

36. Сөйлеу әрекеттерінің түрлері:

1) тыңдалым және айтылым: иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі

көтерілген мәселені талдау; мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау; тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру; терминдерді орынды қолдану, диалогке қатысу;

2) оқылым: мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтау, түсіну; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландыру хабарландырудың құрылымы мен өңделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ауызекі сөйлеу мен көркем сөйлеуді тілдік құралдар арқылы тану; мәтіндегі жаңа сөздерді тауып, мағынасын түсіну; сұраққа өздігінен жауап бергенде қолдана білу; оқылым стратегияларын қолдану, комментарий жасау, іріктеп оқу, рөлге бөліп оқу; сілтеме жасау;

3) жазылым: бірдей элементтері бар, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасқан графемаларды ажырату (п-р, ү-у, ұ-у, и-у, б-д, с-э, е-ә); бір қосымша элементі бойынша графемаларды ажырату (ц-и, г-ғ, ү-ұ, о-ө, н-ң, к-қ, х-с); сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру; оқыған шығармалар бойынша жоспар құрып (мұғалімнің көмегімен), шығарма жазу; сурет бойынша жоспар құрып (мұғалімнің көмегімен), шығарма жазу;

іс-қағаздарды (хабарландыру, жедел хат, құттықтау) жазу; орфографиялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету;

4) тілдік нормаларды қолдану:

орфографиялық норма: жеке, бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздер;

орфоэпиялық норма: сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін;

лексикалық норма: көп мағыналы сөздер мен омонимдер; синонимдердің мағыналық және стилистикалық айырмашылықтары; ауызекі және жазбаша мәтіндерде антонимдерді қолдану;

грамматикалық норма: есімдік; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің жасалу жолдары мен қызметін білу, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру сөйлемдегі есімдіктің қызметін түсіну, есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану; есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтарды қолданып, сөз өзгерту мағынасына көңіл аудару;

пунктуациялық норма: қазақ тіліндегі тыныс белгінің түрлері, даралаушы тыныс белгілері.

37. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны.

38. Сөйлеу әрекетінің түрлері:

1) тыңдалым және айтылым: мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тыңдау арқылы көтерілетін мәселені болжау; әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіну; детальді ақпаратты анықтау; мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау;



мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап беру; ойын анық жеткізу, дәлелдеу, қорытынды жасай білу; ресми сөздер мен тіркестер, дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, диалогке қатысу;

2) оқылым: мәтіннен детальді ақпаратты анықтау, мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу;

3) жазылым: бірдей элементтердің әртүрлі саны бар графемаларды ажырату (п-т, л-м, і-и, и-ш; графикалық тіректер бойынша мәтін құрастыру, жазу; сөздерді өзгерте отырып шағын мазмұндама жазу; өз бетінше құрастырған жоспар бойынша шығарма жазу; іс-қағаздарды: қабырға газетіне мақала жазу, қолхат, өтініш, мінездеме, сауалнама, өмірбаян толтыру; мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету;

4) тілдік нормаларды қолдану:

орфографиялық норма: жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу;

орфоэпиялық норма: екпіннің түрлерін (сөз екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану;

лексикалық норма: көнерген сөз, неологизм (жалпы тілдік және жеке авторлық) сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу;

грамматикалық норма: есімше; көсемше; тұйық етістік; шақ, рай түрлері; одағай; оқшау сөздер; үстеудің мағыналық түрлері, етістіктің есімше, көсемше, тұйық етістік, шақ, рай түрлері; еліктеу сөздер; шылау түрлері;

пунктуациялық норма: сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану; шылау түрлерін ажырата білу, орынды қолдану; сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану.

39. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны.

40. Сөйлеу әрекетінің түрлері:

1) тыңдалым және айтылым: мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау; факті мен көзқарасты ажырата білу; проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру; пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдау; білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып ойын жеткізу;

2) оқылым: мәтіндік және графикалық (кесте, диаграмма, сурет, шартты белгілер) ақпаратты интерпретациялау; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану; хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының, қызметтік жазбалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; комментарий жасау, іріктеп оқу, талдап оқу, мәнерлеп шапшан оқу;

3) жазылым: бірдей элементтері бар, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасқан графемаларды ажырату, оқыған кітаптарынан білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып шығарма жазу, іс-қағаздарды: хабарландыру, жұмысқа алу өтініші, жеделхат, жарнама, түсініктеме, сенімхат жазуға, түбіртек (суға, телефонға, газға) толтыру; мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу;

4) тілдік нормаларды қолдану:

орфографиялық норма: бас әріппен жазылатын күрделі-құрама атауларды орфографиялық нормаға сай жазу;

сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану;

лексикалық норма: ежелгі қазақ және кірме сөздер, фразеологизм,

мақал-мәтелдердің эмоционалды мәні, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану;

грамматикалық норма: оқшау сөздердің қызметі, сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлері, есім, етістікті сөз тіркестері, тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері, сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелері;

пунктуациялық норма: қабаттаса қолданылатын тыныс белгілері.

41. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық мазмұны.

42. Сөйлеу әрекетінің түрлері:

1) тыңдалым және айтылым: дәйексөздерге, үзінділерге сүйене отырып, көтерілетін мәселені болжау, әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи, оқу-еңбек тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилогтардағы (интервью, пікірталас үзінді) автордың көзқарасы мен экспрессивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау, перифраз түрінде берілген сұрақтар арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, ой тұжырымдау;

5.2 Математикалық тіл және математикалық модель	<p>5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу;</p> <p>5.5.2.2 ондық бөлшектерді оқу және жазу;</p> <p>5.5.2.3 координаталық сәуледе натурал сандарды бейнелеу;</p> <p>5.5.2.4 координаталық сәуледе жай бөлшектерді, аралас сандарды бейнелеу;</p> <p>5.5.2.5 координаталық сәуледе ондық бөлшектерді бейнелеу;</p> <p>5.5.2.6 натурал сандарды салыстыру нәтижесін <math>&gt;</math>, <math>&lt;</math>, <math>=</math> белгілерінің көмегімен жазу;</p> <p>5.5.2.7 жағдайды зерттеу, натурал сандарды салыстыруды және келтіруді талап ететін жағдайды зерттеу;</p> <p>5.5.2.8 айнымалылармен өрнектер құрастыру;</p> <p>5.5.2.9 жиындармен жұмыс барысында</p> <p>∪</p> <p>,</p> <p>∩</p> <p>,</p> <p>∈</p> <p>,</p> <p>∉</p> <p>,</p> <p>⊂</p> <p>,</p> <p>⊃</p> <p>,</p> <p>∅</p> <p>символдарын қолдану;</p> <p>5.5.2.10 жазық фигураларды құру және кеңістіктік геометриялық фигураларды (текше мен тікбұрышты параллелепедті) ұнғылау;</p> <p>5.5.2.11 оқу кітабымен тиімді жұмыс істеу, орындалған тапсырмалардың нәтижелерін бағалау</p>	<p>6.5.2.1 екі санның қатынасын оқу және жазу</p> <p>6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу</p> <p>6.5.2.3 шамаларды сипаттау кезінде бүтін сандарды қолдану</p> <p>6.5.2.4 шамалар арасындағы тәуелділікке арналған есептерді шығару;</p> <p>6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділіктер тапсырмасының тәсілдерін білу;</p> <p>6.5.2.6 тәуелділік формуласын оны сипаттау бойынша жазу;</p> <p>6.5.2.7 формуламен немесе графикамен берілген тәуелділіктер үшін кестені құрастыру;</p> <p>6.5.2.8 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктер графикасын құру;</p> <p>6.5.2.9 нақты процестер графикасын қолданып, шамалар арасындағы тәуелділікті зерттеу;</p> <p>6.5.2.10 нақты тәуелділіктер мен тура пропорционал шамалар арасындағы графиканы түсіндіру;</p> <p>6.5.2.11 сипаттау бойынша тура пропорционал формуланы жазу;</p> <p>6.5.2.12 тура пропорционал графигін құру;</p> <p>6.5.2.13 ғылыми (оқу) мәтінге ат қою, фразааралық байланыс тәсілдерін қолданып, 2-3 сөйлемді құрастыру</p>

27. Осы Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Математика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді

жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

28. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған "Математика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Математика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5 - сынып:

1 - кесте

Ұзақмерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақмерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
1. Сандар	Натурал сандар және нөл саны	5.1.1.1 натурал сандар жиыны ұғымын меңгеру; 5.1.1.2 жұп және тақ сандар ұғымдарын меңгеру; 5.1.1.7 өзара қарапайым сандардың анықтауды білу
3. Геометрия элементтері	Координаттық сәуле	5.3.1.1 әртүрлі ұзындық өлшемдерін білу және координаталық сәуледегі бірлік кесіндінің не екенін түсіну; 5.3.1.10 оқулықтағы ақпаратты (мәтін, графикалық, бейнелеу) табу, оның мазмұнын талдау
5. Математикалық модельдеу және анализ	Натурал сандарды салыстыру	5.5.2.3 координаталық сәуледе натурал сандарды бейнелеу; 5.5.2.6 натурал сандарды салыстыру нәтижесін $>$ , $<$ , $=$ белгілерінің көмегімен жазу; 5.5.2.7 жағдайды зерттеу, натурал сандарды салыстыруды және келтіруді талап ететін жағдайды зерттеу
		5.1.2.1 натурал сандарды, оның ішінде координаталық сәуле көмегімен салыстыру; 5.1.2.2 амалдар тәртібін орнату және жақшамен және жақшасыз

1. Сандар	Арифметикалық амалдардың қасиеттері	төрт амалдан артықтау тұратын сандық өрнектердің мәндерін табу ; 5.1.2.3 сандық өрнектер мәнін табу үшін қосу және көбейту қасиеттерін қолдану; 5.1.2.35 белсенді сөздік қорында негізгі пәндік терминдерді қолдану
2. Алгебра элементтері	Санды және әріпті өрнектер, олардың мәндері. Өрнектерді ықшамдау	5.2.1.1 қосу және көбейту қасиеттерін қолданып, әріптік өрнектерді айналдыру; 5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріптік өрнектердің мәндерін табу; 5.2.1.3 айнымалы өрнектерді және мәтін есептерді шығару кезіндегі формулаларды құрастыру; 5.2.1.4 толық тындау; мұғалім немесе сыныптасы оқыған мәтіннің мазмұнын, құрбысының ауызша жауабын саналы және толық қабылдау; 5.2.1.5 пәндік лексиканы қолданып, конструктивті диалог құру
	Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Теңдеуді шешу	5.2.2.1 арифметикалық амалдардың белгісіз компоненттерін табу ережелері негізінде теңдеулер шешу; 5.2.2.2 теңдеулерді шешу дұрыстығын тексеру тәсілдерін қолдану; 5.2.2.3 жеке көрсеткіштер бойынша қойылған дыбыстардың айтылуына өзін-өзі бақылауды сақтау
	Натурал сандардан тұратын сандар тізбегі	5.2.3.1 натурал сандардан тізбектерде заңдылықты орнату; 5.2.3.2 натурал сандардан тізбектерде жетіспейтін элементтерді табу; 5.2.3.3 заңдылықты ойлап табу және натурал сандардан тізбектерді құрастыру
5. Математикалық модельдеу және анализ	Формула. Формула арқылы есептеу. Мәтін есептерді шешу.	5.5.1.1 арифметикалық амалдар көмегімен натурал сандармен мәтін есептерді шығару; 5.5.1.6 мәтін өрнектерді құрастыру және оларды есептерді шешу үшін қолдану;

		5.5.1.7 Эйлер-Венн мәтін есептерін шығару үшін формуланы құрастыру
1. Сандар	Бөлгіштер мен еселіктер, жай және құрама сандар	5.1.1.4 бөлгіштің анықтауды және еселенген натурал санды білу; 5.1.1.5 қарапайым және құрама сандарды анықтауды білу
	Бөлінгіштіктің, қосындының және айырманың негізгі қасиеттері. 2; 3 ; 5; 9; 10 сандарына бөлінгіштік белгілері	5.1.2.5 натурал сандардың 2, 5, 10, 3, 9-ға бөлінгіштік белгілерін қолдану; 5.1.2.6 құрама сандарды қарапайым көбейткіштерге бөлшектеу; 5.1.2.7 натурал сандардың бөлгіштерін табу; 5.1.2.8 натурал сандардың еселіктерін табу; 5.1.2.9 көбейтіндінің берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау 5.1.2.10 қосынды мен айырманың берілген натурал санға бөлінгіштігін талдау;
	Дәреже	5.1.1.3 натурал санның дәрежесін анықтай білу; 5.1.2.4 бірдей сандардың көбейтіндісін дәреже түрінде жазу
	Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу	5.1.2.6 құрама сандарды қарапайым көбейткіштерге бөлшектеу;
	Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік	5.1.1.6 жалпы бөлгіш, жалпы еселеуіш, ең үлкен ортақ бөлгіш және ең кіші ортақ еселік сандарын анықтауды білу; 5.1.1.7 өзара қарапайым сандардың анықтауды білу
	Ең үлкен ортақ бөлгішті және ең кіші ортақ еселікті табу	5.1.2.11 екі және одан көп сандардың ең үлкен ортақ бөлгішін және ең кіші ортақ еселігін табу; 5.1.2.35 белсенді сөздік қорында негізгі пәндік терминдерді қолдану
5. Математические моделирование и анализ	Мәтін есептерді шығару кезінде ең үлкен ортақ бөлгішті және ең кіші ортақ еселікті қолдану	5.5.1.2 мәтін есептер шығару кезінде ең үлкен ортақ бөлгішті және ең кіші ортақ еселікті қолдану
2 - тоқсан		
1. Сандар	Жай бөлшек.	5.1.1.8 жай бөлшек ұғымын меңгеру;



	Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер	5.1.1.9 дұрыс және бұрыс бөлшектерді тану;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Жай бөлшектерді оқу және жазу	5.5.2.1 жай бөлшектерді оқу және жазу;
1. Сандар	Жай бөлшектердің негізгі қасиеті	5.1.2.13 жай бөлшектерді қысқарту кезінде бөлшектің негізгі қасиетін қолдану; 5.1.2.14 жай бөлшектерді жаңа бөлгішке, ең аз ортақ бөлгішке келтіру; аралас сандарды, жай бөлшектерді салыстыру;
	Аралас сандар	5.1.1.10 аралас сандарды анықтай білу; 5.1.1.11 өзара кері сандарды анықтай білу;
	Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру	5.1.2.12 бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санды бұрыс бөлшекке айналдыру; 5.1.2.14 жай бөлшектерді жаңа бөлгішке, ең аз ортақ бөлгішке келтіру; аралас сандарды, жай бөлшектерді салыстыру;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Жай бөлшектер мен аралас сандарды кескіндеу	5.5.2.4 координаталық сәуледе жай бөлшектерді, аралас сандарды бейнелеу; 5.5.2.11 оқу кітабымен тиімді жұмыс істеу, орындалған тапсырмалардың нәтижелерін бағалау
2. Алгебра элементтері	Жай бөлшектерден тұратын сандар тізбектері	5.5.2.3 координаталық сәуледе натурал сандарды бейнелеу; 5.5.2.6 натурал сандарды салыстыру нәтижесін $>$ , $<$ , $=$ белгілерінің көмегімен жазу;
1. Сандар	Жай бөлшектерді қосу және азайту Аралас сандарды қосу және азайту Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу	5.1.2.15 бірдей бөлгіштермен бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
		5.1.2.16 әртүрлі бөлгіштермен бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
		5.1.2.17 натурал саннан бөлшекті азайтуды орындау;
		5.1.2.18 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау;
		5.1.2.19 жай бөлшектерді, аралас сандарды көбейтуді орындау; 5.1.2.20 берілген санға кері санды табу;
		5.1.2.21 жай бөлшектер мен аралас сандарды бөлуді орындау;

1. Сандар	Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер	5.1.2.22 санның бөлігін және оның бөлігі бойынша санды табу;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер	5.5.1.3 арифметикалық амалдар көмегімен жай бөлшектермен мәтін есептер шығару (мысалы, бірлескен жұмысқа арналған есептер); 5.5.1.4 сандар немесе шамалар бөліктерін және оның бөлігі бойынша сандарды немесе шамаларды табуға арналған есептерді құру және шешу;
1. Сандар	Ондық бөлшек	5.1.1.12 натурал санды ондық жазба түрінде ұсыну; 5.1.1.13 ондық бөлшектер ұғымын меңгеру; 5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандар теңдігін түсіну, мысалы: 1,3 және 1,30
	Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру	5.1.2.23 бір нысанда жазылған бөлшектерді басқаға ауыстыру; 5.1.2.24 ондық бөлшектерді салыстыру;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Ондық бөлшектерді оқу және жазу	5.5.2.2 ондық бөлшектерді оқу және жазу; 5.5.2.5 координаталық сәуледе ондық бөлшектерді бейнелеу; 5.5.2.11 оқу кітабымен тиімді жұмыс істеу, орындалған тапсырмалардың нәтижелерін бағалау
1. Сандар	Ондық бөлшектерді қосу және азайту	5.1.2.25 ондық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
	Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейту	5.1.2.26 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке көбейтуді орындау;
	Ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшектерге бөлу	5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал санға және ондық бөлшекке бөлуді орындау;
	Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; .. және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына көбейту және бөлу	5.1.2.27 ондық бөлшекті 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001-ге көбейту ережесін қолдану; 5.1.2.29 ондық бөлшекті 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001-ге бөлу ережесін қолдану;
	Жуық мәндер	5.1.1.15 сандардың жуық мәндері ұғымын меңгеру;

	Ондық бөлшектерді дөңгелектеу	5.1.2.30 ондық бөлшектерді берілген разрядка дейін дөңгелектеу;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.5 арифметикалық амалдар көмегімен бөлшектермен мәтін есептер шығару; 5.5.1.11 жеке көрсеткіштер бойынша қойылған дыбыстардың айтылуына өз бақылауын сақтау
2. Алгебра элементтері	Бөлшектерден тұратын сандар тізбектері	5.2.3.4 бөлшектерден тұратын сандық тізбектерде заңдылық орнату;
4 - тоқсан		
4. Статистика және ықтималдықтар теориясы	Жиын. Жиын элементтері.	5.4.1.3 ішкі жиынтық ұғымын меңгеру;
	Жиындар арасындағы қатынастар. Ішкі жиын. Жиындардың бірігуі мен қиылысуы	5.4.1.2 берілген жиындардың бірігуін және қиылысуын анықтай білу және табу, $\cup$ , $\cap$ , символдарын қолдана отырып, нәтижелерін жазу; 5.4.1.3 ішкі жиынтық ұғымын меңгеру; 5.4.1.4 жиындар арасындағы (қиылысатын және қиылыспайтын жиындар) қатынастардың сипатын анықтау; 5.4.1.6 бағыттау көмегіне жүгіну;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Жиындарды кескіндеу	5.5.2.9 жиындармен жұмыс барысында $\cup$ , $\cap$ , $\in$ , $\notin$ , $\subset$ , $\supset$ , $\emptyset$ символдарын қолдану;
	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.7 Эйлер-Венн мәтін есептерін шығару үшін формуланы құрастыру;
	Пайыз	5.1.1.16 пайыз түсінігін меңгеру;

1. Сандар	Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу	5.1.2.31 бөлшектерді пайыздарға және пайыздарды бөлшектерге айналдыру; 5.1.2.32 берілген санның пайызын табу; 5.1.2.33 бір санның басқаға пайыздық қатынасын табу және керісінше; 5.1.2.34 берілген пайыз бойынша санды табу
5. Математикалық модельдеу және анализ	Мәтінді есептерді шығару	5.5.1.10 пайыздарға арналған мәтін есептер шығару;
3. Геометрия элементтері	Бұрыш	5.3.1.2 бұрыш ұғымдарын және оның градустық өлшемдерін меңгеру, бұрыштарды белгілеу және салыстыру; 5.3.1.3 бұрыш түрлерін (сүйір, тік, доғал, жазыңқы, толық) ажырату;
	Көпбұрыш	5.3.1.4 көпбұрыш ұғымын меңгеру ;
	Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор	5.3.1.6 шеңбер, дөңгелек ұғымдарын және олардың элементтерін (центр, радиус және диаметр) меңгеру; 5.3.1.7 циркуль көмегімен шеңбер салу; 5.3.1.8 айналма сектор ұғымын меңгеру;
	Бұрыштың градустық өлшемі	5.3.3.1 транспортир көмегімен бұрыштарды өлшеу және транспортир көмегімен берілген градустық өлшеммен бұрыштар сызу; 5.3.3.2 градустық өлшемдегі бұрышты табу, бұрыштарды салыстыру үшін есептер шығару;
4. Статистика және ықтималдықтар теориясы	Диаграмма	5.4.3.1 дөңгелек, сызықтық және бағаналық диаграммалар туралы түсінігінің болуы, дөңгелек, сызықтық және бағаналық диаграммалар құру;
	Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері	5.4.3.2 кесте немесе диаграмма түрінде ұсынылған статистикалық ақпаратты шығару; 5.4.3.4 диалог барысында пәндік лексиканы қолдану;
3. Геометрия элементтері	Тік бұрышты параллелепипедті ұңғылау	5.3.1.5 тікбұрышты параллелепипед (текше) және оларды ұңғылау туралы ұғымының болуы;

		5.3.1.10 оқулықтағы ақпаратты ( мәтін, графикалық, бейнелеу) табу , оның мазмұнын талдау
5. Математикалық модельдеу және анализ	Жазық фигуралар және кеңістіктік геометриялық фигураларды ұңғылау	5.5.2.10 жазық фигураларды құру және кеңістіктік геометриялық фигураларды (текше мен тікбұрышты параллелепедті) ұңғылау;
3. Геометрия элементтері	Фигураларды қиюға берілген есептер. Фигураларды құрастыруға берілген есептер	5.3.2.1 фигураларды кесу және жинау көмегімен есептер шығару; 5.3.2.2 орындау техникасын нақтылау және түзету үшін тура сұрақтарды қою; 5.3.2.3 орындау процесінде оқу тапсырмасын ұстану
5-сыныптағы математика курсы қайталау		

## 2) 6 - сынып:

### 2 – кесте

Ұзақмерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақмерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
5-сыныптағы математика курсы қайталау		
1. Сандар	Екі санның қатынасы	6.1.1.1 екі санның қатынасы не көрсететінін білу; 6.1.1.10 интонация мен диалог немесе монологтың эмоционалдық құраушы өзара байланысын бақылау; 6.1.1.11 ауызша нұсқау бойынша іс-әрекет жасай білуі
	Екі санның пайыздық қатынасы	6.1.2.5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану; 6.1.2.2 берілген қатынасқа кері қатынасты табу; 6.1.2.8 берілген қатынастағы шамаларды бөлу; 6.1.2.9 шамаларды бөліктерге, керісінше пропорционалдарды берілген сандарға бөлу;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Екі санның қатынасы	6.5.2.1 екі санның қатынасын оқу және жазу 6.5.2.2 пропорцияны оқу және жазу
	Пропорция. Пропорцияның негізгі қасиеті	6.1.2.3 пропорцияны анықтай білу; 6.1.2.4 пропорцияны тану және құрастыру; 6.1.2.5 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану;

1. Сандар	Тура және кері пропорционалдық тәуелділік	6.1.1.2 қандай шамалар тура пропорционалдар болатынын түсіну, мысалдар келтіру, есептерді шығару; 6.1.1.3 қандай шамалар кері пропорционалдар болатынын түсіну, мысалдар келтіру, есептерді шығару
5. Математикалық модельдеу және анализ	Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару	6.5.1.2 пропорция көмегімен пайыздарға арналған мәтін есептерді шығару; 6.5.1.5 тура және кері пропорционалмен байланысты шамаларды тану және есептерді шығару;
1. Сандар	Масштаб	6.1.1.5 масштаб ұғымын меңгеру;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Мәтінді есептерді пропорцияның көмегімен шығару	6.5.1.3 картамен, жоспармен, сызбамен жұмыс барысында масштабты қолдану;
3. Геометрия элементтері	Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы. Шар. Сфера	6.3.1.1 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасында тұрақты сан бар екенін білу; 6.3.1.4 шар және сфера туралы түсінігінің болуы;
	Шеңбердің ұзындығының және дөңгелектің ауданының формулалары	6.3.3.2 шеңбер ұзындығының оның диаметріне қатынасында тұрақты сан бар екенін білу; 6.3.3.3 шеңбер ұзындығының формуласын білу және қолдану;
2 - тоқсан		
1. Сандар	Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар	6.1.1.4 координаталық түзуді анықтауды және оны құруды білу; 6.1.1.7 қарама-қарсы сандар ұғымын, оларды координаталық түзуде белгілеуді меңгеру;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Бүтін сандар. Рационал сандар	6.5.2.3 шамаларды сипаттау кезінде бүтін сандарды қолдану
1. Сандар	Рационал сандар. Сандардың модулі	6.1.1.8 рационал сан ұғымын меңгеру; 6.1.1.9 сан модулін және оның мәнін таба білу;
2. Алгебра элементтері	Өрнектердің геометриялық мәні ;	6.2.1.8 өрнектердің геометриялық мағынасын түсіну;
3. Геометрия элементтері	Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы	6.3.3.1 координаталық түздегі нүктелер арасындағы қашықтықты табу 6.3.3.6 сөйлеу тілі ағымындағы барлық дыбыстарды анық айту (

		сөйлеу аппаратында ауыр органикалық бұзылыстары бар балалардан басқа)
1. Сандар	Рационал сандарды салыстыру, қосу және азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы	6.1.2.6 координаталық түзуде рационал сандарды бейнелеу; 6.1.2.10 бүтін сандарды салыстыру ; 6.1.2.12 рационал сандарды салыстыру; 6.1.2.24 Эйлер-Венн шеңберінің көмегімен рационал сандардың ішкі жиынтығын бейнелеу; 6.1.2.11 координаттық түзудің көмегімен бүтін сандармен қосуды және азайтуды орындау; 6.1.2.14 рационал сандармен азайтуды орындау;
	Рационал сандарды көбейту және бөлу	6.1.2.15 рационал сандармен көбейтуді орындау; 6.1.2.16 рационал сандармен бөлуді орындау; 6.1.2.17 рационал сандармен қосудың және көбейтудің қасиеттерін қолдану
	Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру	6.1.2.18 қандай жай бөлшектер негізгі ондық бөлшектер ретінде берілгенін тану; 6.1.2.19 рационал санды шексіз периодтық ондық бөлшек түрінде беру; 6.1.2.20 шексіз периодтық ондық бөлшек кезеңін табу; 6.1.2.21 шексіз периодтық ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру; 6.1.2.25 толық тыңдау; мұғалімнің және сыныптасының оқыған мәтінінің мазмұнын, жолдасының ауызша жауабын саналы және толық қабылдау
	Сандарға арифметикалық амалдар қолдану	6.1.2.22 рационал сандардан тұратын сандық өрнектердің мәнін табу;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Мәтінді есептерді шығару	6.5.1.4 рационал сандарға мәтін есептерді шығару;
3 - тоқсан		
		6.2.1.1 алгебралық өрнектер ұғымын меңгеру 6.2.1.2 берілген айнымалылардың рационал мәндері кезіндегі

2. Алгебра элементтері	Айнымалы. Айнымалысы бар өрнек	алгебралық өрнектердің мәндерін есептеу 6.2.1.3 алгебралық өрнекте рұқсат етілетін айнымалының мәнін табу және қандай айнымалының мәндерінде алгебралық өрнектер кезінде практикалық есептер мәнмәтінінде мағына бар екенін түсіну; 6.2.1.4 жақшаларды ашу ережесін білу; 6.2.1.5 коэффициент, ұқсас қосылғыштар ұғымдарын анықтай білу және ұқсас қосылғыштарды алгебралық өрнектерге келтіру; 6.2.1.11 шағын монолог пікір айтуды – авторлық мәтінге сүйеніп аннотация құрастыру
	Алгебралық өрнектерді түрлендіру	6.2.1.6 тепе-тең және тепе-тең түрлендіруді анықтай білу және алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау
	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік	6.2.2.1 мәндел теңдеулердің бір айнымалысымен сызықтық теңдеуді анықтай білу; 6.2.2.2 бір айнымалымен сызықтық теңдеулерді шешу; 6.2.2.3 екі айнымалымен сызықтық теңдеулерді анықтауды және оның қасиеттерін білу; 6.2.2.19 оқу қызметінің табыстылық критерийлері негізінде орындалған тапсырмаларды өзара және өздігінен талдай алу
	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.6 дұрыс сандар теңдігінің қасиеттерін білу және қолдану;
	Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу	6.2.2.7 $a$ және $b$ – рационал сандар болатын $ x \pm a  = b$ түріндегі теңдеулерді шешу;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару	6.5.1.6 сызықтық теңдеулерді құрастыру көмегімен мәтін есептерді шешу; 6.5.1.10 негізгі және қосымша ақпаратты бөлу, іс-әрекет тәртібін құру
	Санды теңсіздіктер және олардың қасиеттері	6.2.2.8 дұрыс сандар теңсіздігінің қасиеттерін білу және қолдану; теңсіздіктерді қосу, азайту, көбейту мен бөлуді түсіну және қолдану;



	Сан аралықтар. Сан аралықтардың бірігуі мен қиылысуы	6.2.2.9 сандық аралықтарды жазуға арналған белгілерді қолдану және сандық аралықтарды бейнелеу; 6.2.2.10 сандық аралықтардың бірігуі мен қиылысуын табу
2. Алгебра элементтері	Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздік. Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктерді шешу Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесі	6.2.2.11 $kx > b$ , $kx \geq b$ , $kx < b$ , $kx \leq b$ түрлерінің сызықтық теңсіздіктерін шешу; 6.2.2.12 теңсіздіктерді алгебралық түрлендіру көмегімен $kx > b$ , $kx \geq b$ , $kx < b$ , $kx \leq b$ теңсіздіктер түріне келтіру; 6.2.2.13 координаталық түзуде теңсіздіктерді шешуді бейнелеу; 6.2.2.14 сандық аралық түрінде теңсіздіктерді шешуді жазу және теңсіздік түріндегі берілген сандық аралықты жазу; 6.2.2.15 бір айнымалымен сызықтық теңсіздік жүйесін шешу; 6.2.2.16 координаталық түзуде $ x  > a$ , $ x  \geq a$ , $ x  < a$ , $ x  \leq a$ теңсіздік түрімен берілген көптеген нүктелерді бейнелеу; 6.2.2.17 талқылау элементтерімен мәтінді естіп қабылдау және түсіну, өз сөзімен жеткізе білу;
	Перпендикуляр түзулер және кесінділер. Параллель түзулер және кесінділер	6.3.1.5 координаталық жазықтық ұғымын меңгеру; 6.3.1.6 координаталардың тікбұрышты жүйесін жасау; 6.3.1.7 сандардың реттелген жұбы $(x; y)$ координаталардың тікбұрышты жүйесінде нүкте қоятынын түсіну және әрбір нүктеге нүкте координаталары деп аталатын сандардың жеке реттелген жұбы сәйкес; 6.3.1.8 нүктенің координаталары бойынша координаталар жүйесінде оны құру және

3. Геометрия элементтері		координаталық жазықтықта берілген координаталар нүктелерін табу
	Координаталық жазықтық. Тікбұрышты координаталар жүйесі	6.3.2.1 қиып өтетін, параллель, перпендикуляр түзулерді анықтай білу 6.3.2.2 перпендикуляр, параллель түзулерді және кесінділерді тану; 6.3.2.3 кесінділердің, сәулелердің, түзулердің бір бірімен, координаталық осьтермен қиылысу нүктелерінің координаталарын графикалық тәсілмен табу; 6.3.2.6 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және интонациясына бағдарланып негізгі логикалық екпінді сөзді естіп тану
	Центрлік симметрия. Осьтік симметрия	6.3.1.9 осьтік және орталық симметрия ұғымдарын меңгеру; 6.3.1.10 симметрия осі немесе центрі бар фигуралар туралы түсінігінің болуы; симметриялық және орталық симметриялық фигураларды тану; 6.3.1.11 өз әрекетін жоспарлау, өз әрекетін ауызша және жазбаша еркін айта білу
	Фигуралардың кеңістікте орналасуы	6.3.2.4 фигураны оның бейнесі бойынша табу және жазық және кеңістіктік фигураларды бейнелеу; 6.3.2.5 координаталар басына және координатаның тікбұрышты жүйесіндегі координаталық осьтерге қатысты симметриялық нүктелер мен фигураларды сызу
4 - тоқсан		
	Жиындардың бірігуі мен қиылысуы	6.4.1.1 сандық теңсіздіктерді шығару кезінде жиындардың бірігуі мен қиылысуы ұғымын қолдану; 6.4.1.2 зат есімдермен көрсетілген лексикалық қайталауларды бақылау
	Іріктеу тәсілі арқылы комбинаторикалық есептер шығару	6.4.2.1 іріктеу әдісімен комбинаторлық есептерді шешу; 6.4.2.2 ақпарат іздеу, оны сақтау мен қолдану процесінде өз мінез-құлқына жеке жауапкершілік сезімін таныту

4. Статистика және ықтималдықтар теориясы	Статистикалық деректер және олардың сипаттамалары	<p>6.4.3.1 бірқатар сандардың, қарқынның, медиананың және сандық деректер қатарының модасын орта арифметикалық анықтай білу;</p> <p>6.4.3.2 сатистикалық сандық сипатты шығару;</p> <p>6.4.3.3 негізгі және екінші кезектегі ақпаратты бөліп тастау, іс-қимыл тәртібін құру;</p> <p>6.4.3.4 ауызша және жазбаша нысанда зерттеу сипатындағы саналы және тиімді хабарлама құру</p>
5. Математикалық модельдеу және анализ	Шамалар арасындағы тәуелділіктердің берілу тәсілдері: аналитикалық (формула арқылы), кестелік, графиктік тәсіл	<p>6.5.2.4 шамалар арасындағы тәуелділікке арналған есептерді шығару;</p> <p>6.5.2.5 шамалар арасындағы тәуелділіктер тапсырмасының тәсілдерін білу;</p> <p>6.5.2.6 тәуелділік формуласын оны сипаттау бойынша жазу;</p> <p>6.5.2.7 формуламен немесе графикамен берілген тәуелділіктер үшін кестені құрастыру;</p> <p>6.5.2.8 формуламен және кестемен берілген тәуелділіктер графикасын құру;</p> <p>6.5.2.13 ғылыми (оқу) мәтінге ат қою, фразеаралық байланыс тәсілдерін қолданып, 2-3 сөйлемді құрастыру</p>
1. Сандар	Тура пропорционал шамалар	6.1.1.2 қандай шамалар тура пропорционалдар болатынын түсіну, мысалдар келтіру, есептерді шығару;
5. Математикалық модельдеу және анализ	Нақты процестердің графиктерін қолданып шамалар арасындағы тәуелділіктерді зерттеу	<p>6.5.2.9 нақты процестер графикасын қолданып, шамалар арасындағы тәуелділікті зерттеу;</p> <p>6.5.2.10 нақты тәуелділіктер мен тура пропорционал шамалар арасындағы графиканы түсіндіру;</p> <p>6.5.2.11 сипаттау бойынша тура пропорционал формуланы жазу;</p> <p>6.5.2.12 тура пропорционал графигін құру;</p>
1. Сандар	Тура пропорционалдық және оның графигі	6.1.2.23 тура пропорционал тәуелділікті табу және мысалдар келтіру;
	Түзу пропорционалдық графигі	6.2.1.9 формуланы білу және тура пропорционал графигін құру;

2. Алгебра элементтері	Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйелері және оларды шығару тәсілдері	6.2.2.4 екі айнымалымен сызықтық теңдеулер жүйелері туралы түсініктерінің болуы және екі айнымалымен сызықтық теңдеулер жүйесін шешу реттелген сандар жұбы болып табылатынын түсіну; 6.2.2.5 алмастыру және қосу жолдарымен теңдеулер жүйесін шешу
5. Математикалық модельдеу және анализ	Теңдеулер жүйелерін құрастыру көмегімен есептерді шығару	6.5.1.7 сызықтық теңдеулердің жүйесін құрастыру көмегімен мәтін есептерді шешу; 6.5.1.8 оқу диалогін тоқтату және аяқтау; 6.5.1.9 сандармен байланысты есептерді шығару үшін $\overline{ab} = 10a + b,$ $\overline{abc} = 100a + 10b + c$ жазбаларын қолдану;
5-6-сыныптардағы математика курсы қайталау		

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 506 -қосымша

## Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптар үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Оқыту мақсаты – "Алгебра" пәнін сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, сөйлеу тілінің күрделі кемістігі бар білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, оның

ішінде оқу пәндерімен кіріктіруді, жалпы адами құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің ең озық дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамытуды қалыптастыру.

### 3. Міндеттер:

1) Бағдарламаның бөлімдері бойынша: "Сандар", "Алгебра", "Статистика және ықтималдықтар теориясы", "Математикалық модельдеу және анализ" математикалық білімдерін, біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға және дамытуға себептесу;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешу үшін математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды, сандық қатынастарды және кеңістіктік пішіндерді қабылдауға көмектесу;

3) білім алушылардың білімдерін есептерді шешу мақсатымен математикалық үлгі құруға бағыттау және нақты процестерді сипаттайтын математикалық үлгілерді түсіндіру;

4) физика, химия, биология және теориялық салалардағы және практикалық қызметтер бойынша есептерді зерттеу мен шешу үшін математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын, өз бетінше зерделеуге және болашақ таңдалған мамандығымен білім алуын жалғастыруға қажетті дағдыларды қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді таңдау үшін логикалық және сын тұрғысынан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін алынған нәтижелерді бағалау және олардың нақтылығын анықтауын дамыту;

6) қарым-қатынас дағдыларын дамыту, оның ішінде ақпаратты нақты және сауатты жеткізу қабілетін, жарияланымдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда ақпаратты әртүрлі деректерден пайдалану;

7) дербес жұмыс үшін, сондай-ақ командалық жұмыс үшін дербестік, жауапкершілік, жігерлілік, табандылық, шыдамдылық және төзімділік сияқты жеке қасиеттерін дамыту;

8) ғылым сияқты алгебраның даму тарихымен, алгебралық терминдердің шығуымен таныстыру;

9) алгебраға оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;

10) қоғамдық ілгерілеу үшін алгебраны түсіну маңыздылығын қамтамасыз ету;

11) түзету қолдауының міндеттерін шешуді қамтамасыз ету.

4. Бағдарлама сөйлеу тілінің әртүрлі жақтарын дамыту бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз етуге бағытталған ерекшеліктерге ие және төмендегідей түзете қолдау міндеттерін шешеді:

1) математикалық терминология материалында сөздік қорын қалыптастыру және кеңейту;

2) еркін сөйлеуде, сабақтан тыс, толыққанды әлеуметтенуіне қажетті термин сөздер мен сөйлемдерді саналы және дұрыс қолдану;

3) білім алушылардың сөйлеу кезіндегі өзін өзі бақылауына, өзін өзі бағалауына, өзінің сөйлеу тілін дамытуға түрткі болатын жағдайларды жасау;

4) тура мағынасын, мәнмәтінді және сөздің астарын түсінуге қажетті ойлау операцияларын құрылымдау;

5) тіректік сигналдарды, алгоритмдерді, нұсқауларды және өз әрекетін айту ережелерін қолдануға қабілеттерді қалыптастыру және дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Түзету-сөйлеу жұмысындағы негізгі орын білім алушылардың математикалық материалды түсінуіне және зияткерлік функцияларын дамытуға бағытталған математикалық қызметтерге оларды тарту арқылы пәннің базалық негізін бір уақытта меңгерумен терминологиялық сөз қорын дамытуға беріледі. Пәндік терминологиялық минимумды жақсы меңгеру үшін сабақтарда барлық арнайы сөздер ірі, нақты, ал күрделі сөздер буындарға бөлініп берілетін көрнекіліктер (жалпы және жеке жұмыс үшін кесте, сызба, карточка) қолданылады.

6. Жұмысты жаңа терминдермен белгілі алгоритм бойынша өткізген дұрыс:

1) сөздің/терминнің мағынасының түсіндірмесі;

2) дұрыс айту жаттығулары;

3) сөздік эквивалентті (синонимдер) таңдау;

4) сөз формаларымен жұмыс: септеу, жіктеу;

5) фразеологизмдерді, мәтелдерді, аналогтарды қосатын мнемотехникалық тәсілдерді қолданып, көп белгілікпен жұмыс.

7. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды оқыту кезінде сөйлеу тілінің лексикалық жағының олқылықтарын, оқу-терминологиялық лексиканы әлсіз меңгеруін, сәйкес терминдермен белгіленетін түсініктер туралы формалды ұғымы ескеріледі.

8. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға аталған пәнді оқыту кезінде оқу процесін ерекше ұйымдастыруды талап ететін психологиялық сипаттары ескеріледі және келесідей принциптер:

1) мұқият таңдалған тапсырмалардың көмегімен ынталандырушы және дамытушы оқыту, оның ішінде сөйлеу әрекеті дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) дамыту, пәннің оқу материалында психикалық процестерді түзету (сөйлеу тілі, қабылдау, есте сақтау, ойлау);

2) "бағалау" арқылы оқытуды қолдау;

3) зерттеу әрекеттерін және белсенді оқыту әдістерін міндетті қолдануын мадақтау;

4) сыни ойлау стратегиясын қолдану;

5) бірнеше сезім нүктелеріне сүйену;

6) сабақта сөйлеу тілі қарым-қатынасы жағдайларын құру мақсатымен білім алушылардың жеке, жұптық, топтық әрекеттерін ұйымдастыру;

- 7) талқылау элементтерімен монологиялық сөйлеу тіл дағдыларын қалыптастыру;
- 8) білім алушылардың алдына қойылған проблемалық тапсырмаларды шешу жолдарын өз бетінше іздену;
- 9) мүсінін, көру қабілетін, психоэмоционалдық күшейтпесін алу, ұсақ және жалпы моторикасын, сөйлеу кезіндегі дем алуын түзету үшін денсаулық сақтау технологияларын қолдану;
- 10) білім алушыларды өзара оқыту (сынып ішінде және сыныптар арасында);
- 11) практикалық, шығармашылық әрекеттері (теория мен практика арасындағы алшақтықты жою үшін шығармашылық жұмыстардың түрлерін құру);
- 12) қосымша материалды іздеуді және қолдануды талап ететін тапсырмаларды орындау;
- 13) аталған пәннің қолданбалы сипатын демонстрациялау мақсатымен пәндік салалармен кіріктірілген тапсырмаларды қолдану;
- 14) сабақта әртүрлі әрекеттерді жиі ауыстырып отыру;
- 15) білім алушылардың жеке сезімдік, ойлау және практикалық тәжірибесіне сүйену ;
- 16) сабақтағы жағымды психоэмоционалдық ахуал;
- 17) мәтіндермен жұмыс кезінде білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру қолданылады.

9. Пән мұғаліміне жалпыдидактикалық тәсілдерді, әдістерді, оқу процесін ұйымдастыру технологиялары пайдаланылады, яғни:

- 1) құндылыққа бағдарланған тәсіл оқу әрекетін ұйымдастыру және орындау тәсілі ретінде, оқу процесі білім алушылардың жеке құндылықтар жүйесін қалыптастыру кезінде нақты құндылықтар позициясынан оның нәтижелерін алу және қолдану;
- 2) тұлғаға бағдарланған тәсіл, мақсаты оқу процесін дербестендіру, білім алушы тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, жеке психикалық және дене даму ерекшеліктерін, қажеттіліктерін мен мінез-құлық мотивтерін, әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, оның шығармашылық күшін толық ашу болып табылады;
- 3) іс-әрекет тәсілі білім алушының білімдерді дайын түрде алмай, керісінше өзі ізденуімен, өз оқу қызметінің мазмұны мен формасын ұғынуымен, оның білімдерін белсенді және табысты қалыптастыруға, кең спектрдағы оқу біліктері мен дағдыларына көмектесетін нормалар жүйесін түсінуімен және қабылдауымен қорытындыланады;
- 4) сараланған тәсіл білім алушылардың ерекшеліктері ескеріліп, олардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, оқытуды ынталандыруға әртүрлі тәсілдерді іздеуді, олардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытуды түсіндіреді;
- 5) құзыреттіліктік тәсіл, әлеуметтік тәжірибені қолдану негізінде әртүрлі салалардағы және әрекет түрлеріндегі білім алушылардың өз бетінше шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған; білім мазмұнын қамтитын танымдық,

коммуникативтік, ұйымдастырушылық, адмгершіліктік және басқа да проблемаларды өз бетінше шешу тәжірибесін білім алушыларда қалыптастыру үшін жағдайлар жасауды болжайды;

6) "Алгебра" пәнін басқа да оқу пәндерімен байланыстыруға мүмкіндік беретін кіріктіруші тәсіл;

7) білім алушылардың өз бетінше оқу іс-әрекетін ұйымдастыру негізінде құрылатын жүйелі ықпал оларда әмбебап оқу іс-әрекеті жүйесін қалыптастыру мен дамытуды, өз бетімен оқу, өзін өзі дамыту, өзін өзі ұйымдастыру режиміндегі оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

8) ақпарат беруді және хабарлауды, екі немесе одан да көп адамдардың сөйлеу тілдік өзара іс-әрекеті процесіндегі білімдермен, дағдылармен және біліктермен алмасуды болжайтын коммуникативтік тәсіл; коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тіл және сөйлеу тілі жүйесін дұрыс қолдана отырып, коммуникативтік тәртіпті, қарым-қатынастың адекватты жағдайын таңдай отырып, өзара іс-әрекет процесінде тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыруға қабілеттілігі болып табылады.

10. Оқыту процесі, есепке алу, бұзылған сөйлеу тілі қызметтерімен және барлық оқу процесіндегі екіншілік салдарлармен жұмыс түзету бағыттылығына ие. Түзету бағыттылығы принципі келесідей позициялармен қамтамасыз етіледі:

1) дыбыс айтуын, лексико-грамматикалық жұмысты түзету, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, артта қалған танымдық даму процестерді белсендіруге ілеспелі коммуникативтік дағдыларды жетілдіру;

2) екіншілік ақауларды түзетуге оқыту мазмұнының бағыттылығы: ойлаудың ұғымдық-логикалық нысандарын дамыту, ұсақ моторикасын дамыту, сенсорлық эталондарды нақтылау және саралау, тәртіп еріктілігін қалыптастыру;

3) білім алушылардың білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының беріктігі оқу материалын меңгеру сапасының, оның есте сақтау тұрақтылығының, практикада жаңғырту және қолдану жеңілдігінің көрсеткіші ретінде.

11. Мұғалімнің кәсіби қызметі сүйемелдеу қызметінің мамандарымен – логопедпен, психологпен, медицина қызметкерлерімен жүйелі тиімді өзара іс-әрекет дайындығын, сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары бар білім алушыларға сабақта жеке түзету қолдауын көрсетуге мүмкіндік беретін арнайы әдістемелерді меңгеруді қамтиды.

12. Ерекше талаптар педагогтың сөйлеу тіліне қойылады: ақпараттылық, дұрыстығы, нақтылығы, логикалығы мен қолжетімділігі, мәнерлілігі, анық дикция, оңтайлы қарқыны мен сөйлеу тілінің ырғағы.

13. Кабинетте міндетті түрде қабырғаға ілетін көрсету, маркерлік, интерактивті тақталар, толымдалған компьютер, сондай-ақ сызбалар, кестелер, көрнекі оқу материалы бар схемалар, дидактикалық материал қарастырылады.

14. "Алгебра" пәні кабинеті кіші және үлкен топтарда білім алушылардың қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мобильді үстелдері, орындықтары бар кең бөлмені



қамтиды. Аталған кабинеттерде жиһазды орын-орнына қою білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі.

### 3-тарау. "Алгебра" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

15. "Алгебра" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында - 102 сағатты құрайды.

16. 7-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 5-6 сыныптардағы математика курсының оқу материалын қайталау;

2) натурал сандар және олардың бөлінгіштігі. Натурал сандар және нөл саны. Координаттық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік. Натурал сандарды қосу. Натурал сандарды азайту. Натурал сандарды көбейту. Натурал сандарды бөлу. Арифметикалық амалдардың қасиеттері. Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Санды өрнектер. Әріпті өрнектер. Санды және әріпті өрнектердің мәндері. Өрнектерді ықшамдау. Теңдеу. Теңдеудің түбірі. Теңдеудің көмегімен мәтінді есептер шығару. Формула. Формула арқылы есептеу. Натурал сандардан тұратын сандар тізбектері. Натурал сандардың бөлгіші мен еселігі. Жай және құрама сандар. Бөлінгіштіктің негізгі қасиеттері. 2; 3; 5; 9; 10 сандарына бөлінгіштік белгілері. Жұп және тақ сандар. Дәреже. Дәреженің негізі. Дәреженің көрсеткіші. Натурал сандарды жай көбейткіштерге жіктеу. Ең үлкен ортақ бөлгіш. Өзара жай сандар. Ең кіші ортақ еселік;

3) жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану. Жай бөлшектерді оқу және жазу. Жай бөлшектің негізгі қасиеті. Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер. Аралас сан. Аралас санның бүтін және бөлшек бөліктері. Бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру. Аралас санды бұрыс бөлшек түрінде жазу. Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу. Жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру. Жай бөлшектерді және аралас сандарды салыстыру. Жай бөлшектерді қосу және азайту. Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды азайту. Жай бөлшектерді және аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар. Жай бөлшектерді және аралас сандарды бөлу. Жай бөлшектер мен аралас сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табу. Бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер;

4) ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану. Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді оқу және жазу. Ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру. Ондық бөлшектерді координаталық сәуледе кескіндеу. Ондық бөлшектерді салыстыру. Ондық бөлшектерді қосу және азайту. Ондық бөлшекті натурал санға көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту. Ондық бөлшекті натурал санға бөлу. Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу. Ондық бөлшекті 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ... сандарына

көбейту және бөлу. Ондық және жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолдану. Ондық бөлшектерді дөңгелектеу. Бөлшектерден тұратын сандар тізбектері. Пайыз. Санның пайызын және пайызы бойынша санды табу. Мәтінді есептерді шығару;

5) рационал сандар және оларға амалдар қолдану. Оң сандар. Теріс сандар. Координаталық түзу. Қарама-қарсы сандар. Бүтін сандар. Рационал сандар. Санның модулі. Рационал сандарды салыстыру. Рационал сандарды координаталық түзудің көмегімен қосу. Теріс рационал сандарды қосу. Таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосу. Рационал сандарды азайту. Координаталық түзуде нүктелердің арақашықтығы. Рационал сандарды көбейту. Рационал сандарды қосу мен көбейтудің ауыстырымдылық және терімділік қасиеттері. Рационал сандарды бөлу. Рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түрінде беру. Шексіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру. Рационал сандарға арифметикалық амалдар қолдану. Мәтінді есептерді шығару;

6) бүтін көрсеткішті дәреже. Натурал көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Бүтін көрсеткішті дәреже және оның қасиеттері. Құрамында дәрежесі бар өрнектерді түрлендіру. Санның стандарт түрі. Өте кіші және өте үлкен сандармен байланысты практикалық есептер шығару. Абсолюттік және салыстырмалы қателік. Құрамында дәрежесі бар сандар тізбектері;

7) көпмүшелер. Бірмүшелер және оларға амалдар қолдану. Көпмүшелер және оларға амалдар қолдану. Бірмүше мен көпмүшенің стандарт түрі. Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

8) функция. Функцияның графигі". Функция ұғымы. Функцияның графигі. Сызықтық функция және оның графигі. Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу.  $y=ax^2$ ,  $y=ax^3$  и ( $k$   
 $\neq$

0) түріндегі функциялар, олардың графиктері және қасиеттері;

9) статистика элементтері. Бас жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдары. Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі. Жиілік алқабы;

10) 7-сыныптағы алгебра курсың қайталау.

17. 8-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 7-сыныптағы алгебра курсың қайталау;

2) қысқаша көбейту формулалары. Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласы. Екі өрнектің қосындысының квадраты және айырымының квадратының формулалары. Екі өрнектің қосындысының кубы және айырымының кубының формулалары. Екі өрнектің кубтарының қосындысы және кубтарының айырымының формулалары. Өрнектерді тепе-тең түрлендіру. Теңдеу және теңсіздік құру арқылы берілген мәтінді есептерді шығару;

3) алгебралық бөлшектер. Алгебралық бөлшектер және оның негізгі қасиеті. Алгебралық бөлшектерді қосу, азайту, көбейту, бөлу және дәрежеге шығару. Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

4) квадрат түбір және иррационал өрнектер. Иррационал сандар. Нақты сандар. Квадрат түбір. Квадрат түбірдің жуық мәні. Арифметикалық квадрат түбір. Арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттері. Көбейткішті түбір таңбасының алдына шығару. Көбейткішті түбір таңбасының ішіне енгізу. Бөлшектің бөлімін иррационалдықтан босату. Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру. Нақты сандарды салыстыру.

$$y = \sqrt{x}$$

функциясы, оның қасиеттері және графигі;

5) квадрат теңдеулер. Квадрат теңдеу. Толымсыз квадрат теңдеулер. Келтірілген квадрат теңдеу. Екімүшенің толық квадратын айыру. Квадрат теңдеу түбірлерінің формулалары. Дискриминант. Виет теоремасы. Виет теоремасына кері теорема. Квадрат үшмүше. Квадрат үшмүшенің түбірі. Квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу. Квадрат теңдеуге келтірілетін теңдеулер. Биквадрат теңдеу. Жаңа айнымалы енгізу әдісі. Бүтін рационал теңдеу. Бөлшек-рационал теңдеу. Рационал теңдеу.  $|ax^2+bx|+c = 0$ ;  $ax^2+b|x|+c=0$  түріндегі теңдеулер. Квадрат теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару. Бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен мәтінді есептерді шығару;

6) 8-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

18. 9-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 8-сыныптағы алгебра курсы қайталау;

2) статистика элементтері. Жиілік. Жиіліктер кестесі. Интервалдық кесте. Гистограмма. Жинақталған жиілік. Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу. Полигон;

3) квадратичная функция. Квадратичная функция. Функции вида, их свойства и графики. Квадратичная функция вида, ее свойства и график;

4) теңсіздіктер. Квадрат теңсіздік. Квадрат теңсіздіктерді квадраттық функцияның графигі арқылы шығару. Рационал теңсіздік. Интервалдар әдісі. Бір айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесі. Квадрат теңсіздіктер жүйесі;

5) екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелері. Екі айнымалысы бар сызықты емес теңдеулер. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу. Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесі көмегімен мәтінді есептер шығару. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйесі;

6) 9-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

19. 10-сыныпқа арналған "Алгебра" пәнінің базалық мазмұны:

1) 9-сыныптағы алгебра курсы қайталау;

2) комбинаторика элементтері. Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын "орналастыру", "

алмастыру" және "теру" ұғымдары. Комбинаториканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару. Ньютон биномы және қасиеттері;

3) тізбектер. Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері. Арифметикалық прогрессия. Арифметикалық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Арифметикалық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Геометриялық прогрессия. Геометриялық прогрессияның  $n$ -ші мүшесінің формуласы. Геометриялық прогрессияның алғашқы  $n$  мүшесінің қосындысының мәнін есептеу формуласы. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия. Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия мүшелерінің қосындысы. Математикалық индукция әдісі;

4) тригонометрия. Бұрыш пен доғаның градустық және радиандық өлшемдері. Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің мәндері. Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер. Келтіру формулалары. Екі бұрыштың қосындысы мен айырымының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосбұрышы және жартыбұрышының формулалары. Тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге түрлендіру формулалары. Тригонометриялық функциялардың көбейтіндісін қосынды немесе айырымға түрлендіру формулалары. Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру;

5) ықтималдықтар теориясының элементтері. Оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға. Элементар оқиға. Қолайлы нәтижелер. Тең мүмкіндікті және карама-қарсы оқиғалар. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы. Статистикалық ықтималдық. Геометриялық ықтималдық;

б) 10-сыныптағы алгебра курсы қайталау.

20. Алгебра оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша қарастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі оқыту мақсаттарын: дағдыні немесе білікті, білімдерді немесе түсініктерді қамтитын бөлімшелерге бөлінген

21. Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) "Сандар" бөлімі;
- 2) "Алгебра" бөлімі;
- 3) "Статистика және ықтималдықтар теориясы" бөлімі;
- 4) "Математикалық модельдеу және анализ" бөлімі.

22. "Сандар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сандар және шамалар туралы түсініктер;
- 2) сандарға амалдар қолдану.

23. "Алгебра" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) алгебралық өрнектер және оларды түрлендіру;

- 2) теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері мен жиынтықтары;
- 3) тізбектер және олардың қосындысы;
- 4) тригонометрия.

24. "Статистика және ықтималдықтар теориясы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) комбинаторика негіздері;
- 2) ықтималдықтар теориясының негіздері;
- 3) статистика және деректерді талдау.

25. "Математикалық модельдеу және анализ" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) математикалық анализ бастамалары;
- 2) математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару;
- 3) математикалық тіл және математикалық модель.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

26. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар - бөлім мен бөлімшені білдіреді, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4 кодындағы "7" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

27. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

1-бөлім. Сандар				
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Сандар және шамалар туралы түсініктер	7.1.1.1 сандарды стандарт түрде жазу; 7.1.1.2 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және екпініне бағдарланып, негізгі логикалық екпін сөзді есту арқылы тану	8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру; 8.1.1.2 санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату; 8.1.1.3 жеткілікті дауыс күшімен сөйлемде және еркін сөйлеу тілінде негізгі логикалық екпінді бөле алу		10.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 10.1.1.2 бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу
	7.1.2.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар шығару; 7.1.2.2 жай бөлшектермен және			

<p>1.2 Сандарға амалдар қолдану</p>	<p>аралас сандармен амалдар шығару;  7.1.2.3 ондық бөлшектермен амалдар шығару;  7.1.2.4 рационал сандармен амалдар шығару;  7.1.2.5 құрамында жай бөлшектер мен аралас сандар, ондық бөлшектер мен рационал сандар бар жақшалы сандық өрнектердің мәнін табу және ретке келтіру;  7.1.2.6 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу;  7.1.2.7 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау;  7.1.2.8 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу;  7.1.2.9 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету;  7.1.2.10 алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану;  7.1.2.11 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу;</p>	<p>8.1.2.1 қысқаша көбейту формуласын, оның ішінде рационал сан үшін қолдану;  8.1.2.2 арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану;  8.1.2.3 квадрат түбірдің мәнін бағалау;  8.1.2.4 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу;  8.1.2.5 бөлшек бөлімін иррационалдықтан арылту;</p>		<p>10.1.2.1 градусты радианға және</p>
-------------------------------------	--	--	--	--

	<p>7.1.2.12 стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану;</p> <p>7.1.2.13 стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу;</p> <p>7.1.2.14 стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру;</p> <p>7.1.2.15 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу;</p> <p>7.1.2.16 шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу;</p> <p>7.1.2.17 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу ;</p> <p>7.1.2.18 калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау;</p> <p>7.1.2.19 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану ;</p> <p>7.1.2.20 логикалық негіздемемен дәлелдеу арқылы өзінің және сыныптастарының іс-әрекеттерін түсіндіру</p>	<p>8.1.2.6 құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау;</p> <p>8.1.2.7 нақты сандарды салыстыру;</p> <p>8.1.2.8 орындалған жұмысқа есеп беру және өзін нақты бағалау</p>		<p>радианды градусқа айналдыру</p>
--	---	--	--	------------------------------------

## 2-кесте

2-бөлім. Алгебра				
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		8.2.1.1		

7.2.1.1 қосу мен көбейтудің қасиеттерін колданып, әріпті өрнектерді түрлендіру және олардың мәнін табу;	$a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$ ; $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;
7.2.1.2 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін колдану;	8.2.1.2 $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3a^3 \pm b^3 = (a \pm b)(a^2 \mp ab + b^2)$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;
7.2.1.3 бірмүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу;	8.2.1.3 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу;
7.2.1.4 бірмүшені стандарт түрде жазу;	8.2.1.4 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау;
7.2.1.5 бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету;	8.2.1.5 алгебралық бөлшектерді танып білу;
7.2.1.6 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу;	8.2.1.6 алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу;
7.2.1.7 көпмүшені стандарт түрге келтіру;	8.2.1.7 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: $\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$
7.2.1.8 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау;	8.2.1.8 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
7.2.1.9 көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау;	8.2.1.9 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау;
7.2.1.10 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау;	8.2.1.10 құрамында алгебралық
7.2.1.11 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;	



	<p>7.2.1.12 көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау;</p> <p>7.2.1.13 амалдар тізбегін орнына келтіру, сыныптастарының іс-әрекеттерін бағалау</p>	<p>бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау;</p> <p>8.2.1.11 элементтердің топтастырылуы, өрнектердің түрлендірілуі бойынша белгіні анықтау;</p> <p>8.2.1.12 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру;</p> <p>8.2.1.13 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу;</p> <p>8.2.1.14 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу</p>		
<p>2.2 Теңдеулер және теңсіздіктер, олардың жүйелері мен жиынтықтары</p>	<p>7.2.2.1 құрамында жай және ондық бөлшектер, аралас және рационал сандар бар теңдеулерді шешу;</p> <p>7.2.2.2 алмастыру тәсілімен және қосу тәсілімен теңдеулер жүйесін шешу;</p> <p>7.2.2.3 <math>kx &gt; b</math>, <math>kx \geq b</math>, <math>kx &lt; b</math>, <math>kx \leq b</math> түрлерінің сызықтық теңсіздіктерін шешу;</p> <p>7.2.2.4 бір айнымалысы бар</p>	<p>8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу;</p> <p>8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату;</p> <p>8.2.2.3 квадрат теңдеулерді шешу;</p> <p>8.2.2.4 Виет теоремасын қолдану ;</p> <p>8.2.2.5 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу;</p> <p>8.2.2.6 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу;</p> <p>8.2.2.7 құрбысының сұрауы бойынша</p>	<p>9.2.2.1 квадрат теңсіздіктерді шешу ;</p> <p>9.2.2.2 рационал теңсіздіктерді шешу ;</p> <p>9.2.2.3 біреуі сызықтық, екіншісі квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу;</p> <p>9.2.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату;</p> <p>9.2.2.5 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу;</p> <p>9.2.2.6 екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу ;</p> <p>9.2.2.7 екі айнымалысы бар</p>	

	сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу	мақсатты көмек көрсету	сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу; 9.2.2.8 құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу; 9.2.2.9 орындау барысында өзара көмек көрсету	
2.3 Тізбектер және олардың қосындысы	7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау; 7.2.3.2 амалдар жоспары мен алгоритмін құрастыру			10.2.3.1 сандар тізбегі туралы түсінік болу; 10.2.3.2 тізбектің $n$ -ші мүшесін табу, мысалы: 10.2.3.3 сандар тізбектерінің арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны ажырату; 10.2.3.4 арифметикалық прогрессиялардың $n$ -ші мүшесін, алғашқы $n$ мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 10.2.3.5 геометриялық прогрессиялардың $n$ -ші мүшесін, алғашқы $n$ мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 10.2.3.6 арифметикалық немесе геометриялық прогрессияларға

байланысты есептер шығару;  
10.2.3.7 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану;  
10.2.3.8 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану;  
10.2.3.9 математикалық индукция әдісін білу және қолдану;  
10.2.3.10 презентация түрінде жұрт алдында сөз сөлеуге дайындалу және оны ұсыну

10.2.4.1 тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу ;  
10.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары (  $\cos$  ,  $\sin$  ) мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын білу;  
10.2.4.3 бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық

2.4 Тригонометрия			<p>формуларын қорытып шығару және қолдану;  10.2.4.4 келтіру формуларын қорытып шығару және қолдану;  10.2.4.5 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу;  10.2.4.6 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын, бірсарындылығын және таңба тұрақтылық аралықтарын түсіндіру;  10.2.4.7 тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формуларын қорытып шығару және қолдану;  10.2.4.8 тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;  10.2.4.9 сұрақтар қою, диалогті аяқтау</p>
-------------------	--	--	---

### 3-кесте

3-бөлім. Статистика және ықтималдықтар теориясы				
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып

3.1. Комбинаторика  
негіздері

10.3.1.1  
комбинаториканың  
ережелерін білу (   
косу және көбейту  
ережелері);

10.3.1.2  
қайталанбайтын  
орналастыру,  
алмастыру және  
т е р у  
анықтамаларын білу  
;

10.3.1.3  
қайталанбайтын  
орналастыру,  
алмастыру және  
теру сандарын  
есептеу үшін  
комбинаторика  
формуларын білу;

10.3.1.4  
қайталанбайтын  
орналастыру,  
алмастыру және  
теру сандарын  
есептеу үшін  
комбинаторика  
формуларын  
қолдана отырып  
есептер шығару;

10.3.1.5 Ньютон  
б и н о м ы  
формуласын және  
оның қасиеттерін  
білу және қолдану;

10.3.1.6 мәдени  
сөйлеу тілі  
қарым-қатынасыны  
ң ережесін білу  
және орындау,  
қарым-қатынас  
стилистикасын  
ұстану

10.3.2.1 оқиға,  
кездейсоқ оқиға,  
ақиқат оқиға,  
мүмкін емес оқиға,  
қолайлы нәтижелер,  
тең мүмкіндікті  
және қарама-қарсы  
оқиғалар  
ұғымдарын меңгеру  
;

<p>3.2 Ықтималдықтар теориясының негіздері</p>				<p>10.3.2.2 элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату;  10.3.2.3 ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану;  10.3.2.4 ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу;  10.3.2.5 геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану;  10.3.2.6 сөйлеу тілін еркін баяулату мен жылдамдату тәсілін игеру</p>
<p>3.3 Статистика және деректерді талдау</p>	<p>7.3.3.1 басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру;  7.3.3.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу;  7.3.3.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету;  7.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету;  7.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру;  7.3.3.6 таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету;  7.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы</p>		<p>9.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру;  9.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру;  9.3.3.3 жинақталған жиілік анықтамасын білу;  9.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау;  9.3.3.5 дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу;</p>	

	<p>түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау; 7.3.3.8 мәдени сөйлеу тілі қарым-қатынасының ережесін білу және орындау</p>		<p>9.3.3.6 тапсырманы орындауда өзіне өзі баға беру</p>	
--	---	--	---	--

#### 4-кесте

4-бөлім. Математикалық модельдеу және анализ				
	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
<p>4.1 Математикалық анализ бастамалары</p>	<p>7.4.1.1 функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 7.4.1.2 функцияның берілу тәсілдерін білу; 7.4.1.3 функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу; 7.4.1.4 <math>y = kx</math> функциясының анықтамасын білу, графигін салу, <math>k</math> коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.5 <math>y = kx + b</math> түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің <math>k</math> және <math>b</math> коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.6 сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу; 7.4.1.7 <math>y = kx + b</math> сызықтық функциясының</p>		<p>9.4.1.1 <math>y = a(x - m)^2</math>, <math>y = ax^2 + n</math>, <math>y = a(x - m)^2 + n</math>, <math>a \neq</math></p>	

<p>графигінен <math>k</math> және <math>b</math> таңбаларын анықтау;</p> <p>7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу;</p> <p>7.4.1.9 графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу;</p> <p>7.4.1.10 <math>y = ax^2(a \neq 0)</math> функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.11 <math>y = ax^3(a \neq 0)</math> функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.12 <math>y = \frac{k}{x} (k \neq 0)</math> функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.4.1.13 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;</p> <p>7.4.1.14 графиктердің функциясын зерттеу барысында әртүрлі типтегі сұрақтар қою;</p>	<p>8.4.1.1 функцияның қасиеттерін білу және оның графигін құру;</p> <p>8.4.1.2 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу</p>	<p>0 түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу;</p> <p>9.4.1.2 <math>y = ax^2 + bx + c, a \neq 0</math> түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу;</p> <p>9.4.1.3 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу;</p>
---	---	---



	7.4.1.15 өз әрекетін ауызша жоспарлау; 7.4.1.16 өз әрекетін ауызша және жазбша еркін айту			
4.2 Математикалық модельдеудің көмегімен есептер шығару	7.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару; 7.4.2.2 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгертінін бағалау	8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.3 жоспар және іс-әрекет жүйелілігін құру		10.4.2.1 мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 10.4.2.2 геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару; 10.4.2.3 өз әрекетін ауызша жоспарлау, бақылау және оны бағалау
4.3 Математикалық тіл және математикалық модель	7.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру	8.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 8.4.3.2 тапсырманы орындау барысында сыныптастарымен нәтижелі серіктесу	9.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 9.4.3.2 шарттар мен есептер шығаруды талқылау барысында диалогке белсенді қатысу	10.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 10.4.3.2 өз сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылуды көрсету

28. Осы Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру  
деңгейінің 7-10 сыныптарына  
арналған "Алгебра" оқу пәнінен  
жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына  
қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Алгебра" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7 - сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
1. Сандар	<p>Натурал сандарға арифметикалық амалдар қолдану.                      Жай бөлшектер және аралас сандар.                      Ондық бөлшектер</p>	<p>7.1.2.1 натурал сандарға арифметикалық амалдар шығару;                      7.1.2.2 жай бөлшектермен және аралас сандармен амалдар шығару;                      ;                      7.1.2.3 ондық бөлшектермен амалдар шығару;                      7.1.2.4 рационал сандармен амалдар шығару;                      7.1.2.5 құрамында жай бөлшектер мен аралас сандар, ондық бөлшектер мен рационал сандар бар жақшалы сандық өрнектердің мәнін табу және ретке келтіру</p>
2. Алгебра	Санды және әріпті өрнектер, олардың мәндері	7.2.1.1 қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолданып, әріпті өрнектерді түрлендіру және олардың мәнін табу
	<p>Теңдеулер және теңсіздіктер.                      Екі айнымалысы бар теңдеулер жүйесі. Теңсіздіктер жүйесі</p>	<p>7.2.2.1 құрамында жай және ондық бөлшектер, аралас және рационал сандар бар теңдеулерді шешу;                      7.2.2.2 алмастыру тәсілімен және қосу тәсілімен теңдеулер жүйесін шешу;                      7.2.2.3 <math>kx &gt; b</math>, <math>kx \geq b</math>, <math>kx &lt; b</math>, <math>kx \leq b</math> түрлерінің сызықтық теңсіздіктерін шешу;                      7.2.2.4 бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу</p>
2 - тоқсан		
	Санның стандарт түрі	<p>7.1.1.1 сандарды стандарт түрде жазу;                      7.1.1.2 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және екпініне бағдарланып, негізгі логикалық екпін сөзді есту арқылы тану</p>
	Натурал көрсеткіші бар дәреже және оның қасиеттері	<p>7.1.2.6 натурал көрсеткішті дәреже анықтамасын және оның қасиеттерін білу;                      7.1.2.7 санның дәрежесі қандай цифрға аяқталатынын анықтау;</p>

1. Сандар	<p>Бүтін көрсеткіші бар дәреже және оның қасиеттері</p>	<p>7.1.2.14 натурал көрсеткішті дәреженің қасиеттерін қолдану</p> <p>7.1.2.8 нөл және бүтін теріс көрсеткішті дәреженің анықтамасын және оның қасиеттерін білу;</p> <p>7.1.2.9 бүтін көрсеткішті дәреженің санды мәнін анықтау және берілген сандарды дәреже түрінде көрсету;</p> <p>7.1.2.10 алгебралық өрнектерді ықшамдауда дәрежелердің қасиеттерін қолдану;</p> <p>7.1.2.11 көрсеткіші нөлге тең дәреженің негізіндегі айнымалының мүмкін мәндерін табу;</p> <p>7.1.2.12 стандарт түрде жазылған сандарға арифметикалық амалдар қолдану;</p> <p>7.1.2.13 стандарт түрде жазылған санның мәнді бөлігін және ретін табу;</p> <p>7.1.2.14 стандарт түрде жазылған сандарды салыстыру;</p> <p>7.1.2.15 шамаларды бір өлшем бірліктен екінші өлшем бірлікке айналдыру және оны стандарт түрде жазу;</p> <p>7.1.2.16 шамалардың жуық мәндерін табу және оларды стандарт түрде жазу;</p> <p>7.1.2.17 жуық шамалардың абсолюттік және салыстырмалы қателіктерін есептеу;</p> <p>7.1.2.18 калькулятордың көмегімен жуықтап есептеулерді орындау;</p> <p>7.1.2.20 логикалық негіздемемен дәлелдеу арқылы өзінің және сыныптастарының іс-әрекеттерін түсіндіру</p>
2. Алгебра	<p>Дәрежеден тұратын өрнектерді түрлендіру</p>	<p>7.2.3.1 құрамында дәрежесі бар сандар тізбегінің заңдылығын және жетіспейтін мүшелерін анықтау;</p> <p>7.2.3.2 амалдар жоспары мен алгоритмін құрастыру</p>
		<p>7.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару;</p>

4. Математикалық модельдеу және анализ	Мәтінді есептерді шығару	7.4.2.2 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгертетінін бағалау; 7.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру
3 - тоқсан		
2. Алгебра	Бір мүше және оларға амалдар қолдану. Дәреже және бір мүшенің стандарт түрі	7.2.1.2 санды өрнектердің мәндерін табуда бүтін көрсеткішті дәреже қасиеттерін қолдану; 7.2.1.3 бірімүше анықтамасын білу, оның коэффициенті мен дәрежесін табу; 7.2.1.4 бірімүшені стандарт түрде жазу; 7.2.1.5 бірімүшелерді көбейтуді орындау және бірімүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету
	Көпмүше. Дәреже және көпмүшенің стандарт түрі	7.2.1.6 көпмүше анықтамасын білу және оның дәрежесін табу; 7.2.1.7 көпмүшені стандарт түрге келтіру
	Көпмүшелерге амалдар қолдану	7.2.1.8 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау; 7.2.1.9 көпмүшені бірімүшеге көбейтуді орындау; 7.2.1.10 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау
	Көпмүшені көбейткіштерге жіктеу	7.2.1.11 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару және топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу; 7.2.1.12 амалдар тізбегін орнына келтіру, сыныптастарының іс-әрекеттерін бағалау
	Тепе-тең өрнектерді түрлендіру	7.2.1.13 көпмүшелерге амалдар қолдану, көпмүшелерді көбейткіштерге жіктеу арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау
	Функция және функция графигі	7.4.1.1 функция және функцияның графигі ұғымдарын меңгеру; 7.4.1.2 функцияның берілу тәсілдерін білу; 7.4.1.3 функцияның анықталу облысы мен мәндер жиынын табу; 7.4.1.12 $y = \frac{k}{x} (k \neq 0)$ функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;

4. Математикалық модельдеу және анализ		7.4.1.13 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу; 7.4.1.14 графиктердің функциясын зерттеу барысында әртүрлі типтегі сұрақтар қою;
	Сызықтық функция және оның графигі	7.4.1.4 $y = kx$ функциясының анықтамасын білу, графигін салу, $k$ коэффициентіне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.5 $y = kx + b$ түріндегі сызықтық функцияның анықтамасын білу, оның графигін салу және графиктің $k$ және $b$ коэффициенттеріне қатысты орналасуын анықтау; 7.4.1.6 сызықтық функция графигінің координата осьтерімен қиылысу нүктелерін графикті салмай табу; 7.4.1.7 $y = kx + b$ сызықтық функциясының графигінен $k$ және $b$ таңбаларын анықтау; 7.4.1.16 өз әрекетін ауызша және жазбаша еркін айту
	Сызықтық функциялар графигінің өзара орналасуы	7.4.1.8 сызықтық функция графиктерінің өзара орналасуы олардың коэффициенттеріне тәуелді болатынын негіздеу; 7.4.1.9 графигі берілген функцияның графигіне параллель немесе қиятын сызықтық функцияның формуласын табу; 7.4.1.15 өз әрекетін ауызша жоспарлау
4 - тоқсан		
4. Математикалық модельдеу және анализ	Функции вида $y=ax^2$ , $y=ax^3$ және $k \neq 0$ түрлерінің функциясы, олардың графиктері мен қасиеттері	7.4.1.10 $y = ax^2$ ( $a \neq 0$ ) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу; 7.4.1.11 $y = ax^3$ ( $a \neq 0$ ) функциясының графигін салу және оның қасиеттерін білу;
	Есептер шығару	7.4.2.1 өте кіші немесе өте үлкен сандармен берілген шамаларға байланысты есептер шығару; 7.4.2.2 шаршы мен текшенің сызықтық өлшемдерінің өзгеруіне

		байланысты олардың ауданы мен көлемі қалай өзгеретінін бағалау
3. Статистика және ықтималдықтар теориясы	Түрлендіріме қатарлар	7.3.3.1 басты жиынтық, кездейсоқ таңдама, вариациялық қатар, нұсқалық ұғымдарын меңгеру
	Абсолюттік жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиіліктер кестесі	7.3.3.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.3.3.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету; 7.3.3.4 таңдаманы жиілік кестесі түрінде көрсету; 7.3.3.5 кестедегі деректердің дұрыстығын тексеру; 7.3.3.8 мәдени сөйлеу тілі қарым-қатынасының ережесін білу және орындау
	Жиіліктер полигоны	7.3.3.6 таңдама нәтижесін жиілік алқабы түрінде көрсету; 7.3.3.7 кесте немесе жиіліктер алқабы түрінде берілген статистикалық ақпаратты талдау
7-сыныптағы алгебра курсы қайталау		

## 2) 8 - сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
7-сыныптағы алгебра курсы қайталау		
2. Алгебра	Қысқаша көбейту формулалары	8.2.1.1 $a^2 - b^2 = (a - b)(a + b)$ ; $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану; 8.2.1.2 $a^3 \pm b^3 = (a \pm b)(a^2 \mp ab + b^2)$ ; $(a \pm b)^3 = a^3 \pm 3a^2b + 3ab^2 \pm b^3$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану
	Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру	8.2.1.3 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу;
2 - тоқсан		
2. Алгебра	Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру	8.2.1.4 қысқаша көбейту формулалары арқылы алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау

4. Математикалық модельдеу және анализ	Бөлшек-рационал теңдеулерді шығару	8.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу
	Мәтінді есептерді шығару	8.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 8.4.3.2 тапсырманы орындау барысында сыныптастарымен нәтижелі серіктесу
2. Алгебра	Алгебралық бөлшек және оның негізгі қасиеті	8.2.1.5 алгебралық бөлшектерді танып білу; 8.2.1.6 алгебралық бөлшектегі айнымалылардың мүмкін мәндер жиынын табу; 8.2.1.7 алгебралық бөлшектің негізгі қасиетін қолдану: $\frac{ac}{bc} = \frac{a}{b}, b \neq 0, c \neq 0$
	Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану	8.2.1.8 алгебралық бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;
3 - тоқсан		
2. Алгебра	Алгебралық бөлшектерге амалдар қолдану	8.2.1.9 алгебралық бөлшектерді көбейту және бөлуді, дәрежеге шығаруды орындау
	Алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендіру	8.2.1.10 құрамында алгебралық бөлшектері бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.2.1.11 элементтердің топтастырылуы, өрнектердің түрлендірілуі бойынша белгіні анықтау
1. Сандар	Нақты сандар	8.1.1.1 иррационал және нақты сандар ұғымдарын меңгеру
	Квадрат түбір	8.1.1.2 санның квадрат түбірі және арифметикалық квадрат түбірі анықтамаларын білу және ұғымдарын ажырату; 8.1.1.3 жеткілікті дауыс күшімен сөйлемде және еркін сөйлеу тілінде негізгі логикалық екпінді бөле алу
	Қысқаша көбейту формулалары	8.1.2.1 қысқаша көбейту формуласын, оның ішінде рационал сан үшін қолдану; 8.1.2.8 орындалған жұмысқа есеп беру және өзін нақты бағалау
	Квадрат түбірдің қасиеті	8.1.2.2 арифметикалық квадрат түбірдің қасиеттерін қолдану; 8.1.2.3 квадрат түбірдің мәнін бағалау
		8.1.2.4 көбейткішті квадрат түбір белгісінің алдына шығару және

	Құрамында квадрат түбірлері бар өрнектерді түрлендіру	көбейткішті квадрат түбір белгісінің астына алу; 8.1.2.5 бөлшек бөлімін иррационалдыктан арылту; 8.1.2.6 құрамында түбір таңбасы бар өрнектерді түрлендіруді орындау; 8.1.2.7 нақты сандарды салыстыру
4. Математикалық модельдеу және анализ	Функция, оның графигі және қасиеттері	8.4.1.1 функцияның қасиеттерін білу және оның графигін құру; 8.4.1.2 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу
4 - тоқсан		
2. Алгебра	Квадрат теңдеу	8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын білу; 8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату
	Квадрат теңдеулерді шешу	8.2.2.3 квадрат теңдеулерді шешу; 8.2.2.4 Виет теоремасын қолдану; 8.2.2.5 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу; 8.2.2.6 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді шешу; 8.2.2.7 құрбысының сұрауы бойынша мақсатты көмек көрсету
	Квадрат үшмүше	8.2.1.12 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын меңгеру; 8.2.1.13 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын бөлу; 8.2.1.14 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу
4. Математикалық модельдеу және анализ	Мәтінді есептерді шығару	8.4.2.1 мәтінді есептерді квадрат теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.2 мәтінді есептерді бөлшек-рационал теңдеулердің көмегімен шешу; 8.4.2.3 жоспар және іс-әрекет жүйелілігін құру
8-сыныптағы алгебра курсы қайталау		

### 3) 9 - сынып:

#### 3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
8-сыныптағы алгебра курсы қайталау		



3. Статистика және ықтималдықтар теориясы	Жиіліктер полигоны, Жиіліктер гистограммасы	9.3.3.1 таңдама нәтижелерін жиіліктердің интервалдық кестесі арқылы беру; 9.3.3.2 жиіліктердің интервалдық кестесінің деректерін жиіліктер гистограммасы арқылы беру
	Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу	9.3.3.3 жинақталған жиілік анықтамасын білу; 9.3.3.4 статистикалық кестемен, алқаппен, гистограммамен берілген ақпаратты талдау; 9.3.3.5 дисперсия, стандартты ауытқу анықтамаларын және оларды есептеу формулаларын білу; 9.3.3.6 тапсырманы орындауда өзіне өзі баға беру
4. Математикалық модельдеу және анализ	Квадраттық функция және оның графигі	9.4.1.1 $y = a(x - m)^2$ , $y = ax^2 + n$ , $y = a(x - m)^2 + n$ , $a \neq 0$ түрдегі квадраттық функциялардың қасиеттерін білу және графиктерін салу;
2 - тоқсан		
4. Математикалық модельдеу және анализ	Квадраттық функция және оның графигі	9.4.1.2 $y = ax^2 + bx + c$ түріндегі квадраттық функцияның қасиеттерін білу және графигін салу; 9.4.1.3 аргументтің берілген мәндері бойынша функцияның мәндерін және функцияның мәні бойынша аргументтің мәнін табу
	Мәтінді есептерді шығару	9.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 9.4.3.2 шарттар мен есептер шығаруды талқылау барысында диалогке белсенді қатысу
3 - тоқсан		
2. Алгебра	Квадрат теңсіздік	9.2.2.1 квадрат теңсіздіктерді шешу;
	Рационал теңсіздік	9.2.2.2 рационал теңсіздіктерді шешу; 9.2.2.9 орындау барысында өзара көмек көрсету
	Теңсіздіктер жүйелерін шешу	9.2.2.3 біреуі сызықтық, екіншісі квадрат теңсіздік болатын екі теңсіздіктен құралған жүйелерді шешу;

	Екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер.	9.2.2.4 екі айнымалысы бар сызықтық және сызықтық емес теңдеулерді ажырату;
4 - тоқсан		
2. Алгебра	Екі айнымалысы бар теңдеулер. Теңсіздіктер. Екі айнымалысы бар теңсіздіктер жүйелері	9.2.2.5 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңдеулер жүйесін шешу; 9.2.2.6 екі айнымалысы бар теңсіздіктерді шешу; 9.2.2.7 екі айнымалысы бар сызықтық емес теңсіздіктер жүйесін шешу; 9.2.2.8 құрамында екі квадрат теңсіздігі бар жүйелер мен жиынтықтарды шешу; 9.2.2.9 орындау барысында өзара көмек көрсету
9-сыныптағы алгебра курсы қайталау		

#### 4) 10 - сынып:

#### 4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
9-сыныптағы алгебра курсы қайталау		
3. Статистика және ықтималдықтар теориясы	Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері)	10.3.1.1 комбинаториканың ережелерін білу (қосу және көбейту ережелері); 10.3.1.2 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру анықтамаларын білу; 10.3.1.3 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын білу;
	Комбинаторика формулаларын қолданып есептер шығару	10.3.1.4 қайталанбайтын орналастыру, алмастыру және теру сандарын есептеу үшін комбинаторика формулаларын қолдана отырып есептер шығару; 10.3.1.5 Ньютон биномы формуласын және оның қасиеттерін білу және қолдану; 10.3.1.6 мәдени сөйлеу тілі қарым-қатынасының ережесін білу және орындау, қарым-қатынас стилистикасын ұстану
		10.2.3.1 сандар тізбегі туралы түсінік болу;

2. Алгебра	Сандар тізбегі, оның берілу тәсілдері және қасиеттері	10.2.3.2 тізбектің n-ші мүшесін табу, мысалы: $\frac{1}{2 \cdot 3} = \frac{1}{3 \cdot 4} - \frac{1}{4 \cdot 5} = \frac{1}{5 \cdot 6} - \dots$ 10.2.3.9 математикалық индукция әдісін білу және қолдану;
	Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар	10.2.3.3 сандар тізбектерінің арасынан арифметикалық және геометриялық прогрессияны ажырату;
2 - тоқсан		
2. Алгебра	Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар	10.2.3.4 арифметикалық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 10.2.3.5 геометриялық прогрессиялардың n-ші мүшесін, алғашқы n мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін білу және қолдану; 10.2.3.6 арифметикалық немесе геометриялық прогрессияларға байланысты есептер шығару; 10.2.3.7 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану; 10.2.3.10 презентация түрінде жұрт алдында сөз сөлеуге дайындалу және оны ұсыну
	Шексіз кемімелі геометриялық прогрессия	10.2.3.8 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану; 10.2.3.10 презентация түрінде жұрт алдында сөз сөлеуге дайындалу және оны ұсыну
4. Математикалық модельдеу және анализ	Арифметикалық және геометриялық прогрессиялар	10.4.2.1 мәтінді есептерді теңдеулер жүйелері арқылы шығару; 10.4.2.2 геометриялық және арифметикалық прогрессияларға байланысты мәтінді есептерді шығару; 10.4.2.3 өз әрекетін ауызша жоспарлау, бақылау және оны бағалау

	Мәтінді есептерді шығару	10.4.3.1 есеп шарты бойынша математикалық модель құру; 10.4.3.2 өз сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылуды көрсету
1. Сандар	Бұрыштың градустық және радиандық өлшемдері	10.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын меңгеру; 10.1.1.2 бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу
	Градустық өлшемді радиандық өлшемге айналдыру	10.1.2.1 градусты радианға және радианды градусқа айналдыру
3 - тоқсан		
2. Алгебра	Кез келген бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі.	10.2.4.1 тригонометриялық функциялардың анықтамаларын білу; 10.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары ( $\cos$ , $\sin$ ) мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын білу; 10.2.4.9 сұрақтар қою, диалогті аяқтау
	Тригонометриялық функциялар және олардың қасиеттері	10.2.4.5 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын табу; 10.2.4.6 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын, бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру
	Тригонометрия формулалары	10.2.4.3 бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қорытып шығару және қолдану; 10.2.4.4 келтіру формулаларын қорытып шығару және қолдану; 10.2.4.7 тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қорытып шығару және қолдану
		10.2.4.8 тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіруді орындау;

	Тригонометриялық өрнектерді тепе-тең түрлендіру	10.2.4.9 сұрақтар қою, диалогті аяқтау
4 - тоқсан		
3. Статистика және ықтималдықтар теориясы	Кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, қарапайым және қарапайым емес оқиғалар	10.3.2.1 оқиға, кездейсоқ оқиға, ақиқат оқиға, мүмкін емес оқиға, қолайлы нәтижелер, тең мүмкіндікті және қарама-қарсы оқиғалар ұғымдарын меңгеру; 10.3.2.2 элементар және элементар емес оқиғаларды ажырату; 10.3.2.3 ықтималдықтың классикалық анықтамасын білу және есептер шығару үшін оны қолдану; 10.3.2.4 ықтималдықтың статистикалық анықтамасын білу; 10.3.2.5 геометриялық ықтималдықты есептер шығаруда қолдану; 10.3.2.6 сөйлеу тілін еркін баяулату мен жылдамдату тәсілін игеру
10-сыныптағы алгебра курсына қайталау		

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 507-қосымша

## **Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптар үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Оқыту мақсаты – "Геометрия" пәнін сапалы меңгеруді қамтамасыз ету, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын, оның ішінде оқу пәндерімен кіріктіруді,

жалпы адами құндылықтар мен ұлттық мәдениеттің ең озық дәстүрлері негізінде білім алушылардың зияткерлік деңгейін дамытуды қалыптастыру.

### 3. Міндеттер:

1) "Геометриялық фигуралар туралы түсінік", "Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы", "Метрикалық қатыстар", "Векторлар және түрлендірулер" бөлімшелері бойынша математикалық білім және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

2) әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешу үшін математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды, сандық қатынастарды және кеңістіктік пішіндерді қабылдауға көмектесу;

3) білім алушылардың білімдерін есептерді шешу мақсатымен математикалық үлгі құруға бағыттау және нақты процестерді сипаттайтын математикалық үлгілерді түсіндіру;

4) физика, химия, биология және теориялық салалардағы және практикалық қызметтер бойынша есептерді зерттеу мен шешу үшін математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын, өз бетінше зерделеуге және болашақ таңдалған мамандығымен білім алуын жалғастыруға қажетті дағдыларды қалыптастыру;

5) практикалық есептерді шешу кезінде қолайлы математикалық әдістерді таңдау үшін логикалық және сын тұрғысынан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін алынған нәтижелерді бағалау және олардың нақтылығын анықтауын дамыту;

6) қарым-қатынас дағдыларын дамыту, оның ішінде ақпаратты нақты және сауатты жеткізу қабілетін, жарияланымдар мен электрондық құралдарды қоса алғанда ақпаратты әртүрлі деректерден пайдалану;

7) дербес жұмыс үшін, сондай-ақ командалық жұмыс үшін дербестік, жауапкершілік, жігерлілік, табандылық, шыдамдылық және төзімділік сияқты жеке қасиеттерін дамыту;

8) математиканың даму тарихымен, математикалық терминдердің шығуымен таныстыру;

9) геометрияға оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту;

10) қоғамдық ілгерілеу үшін математиканы түсіну маңыздылығын;

11) түзету қолдауының міндеттерін шешуді қамтамасыз ету.

4. Бағдарлама сөйлеу тілінің әртүрлі жақтарын дамыту бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз етуге бағытталған ерекшеліктерге ие және төмендегідей түзете қолдау міндеттерін шешеді:

1) математикалық терминология материалында сөздік қорын қалыптастыру және кеңейту;

2) еркін сөйлеуде, сабақтан тыс, толыққанды әлеуметтенуіне қажетті термин сөздер мен сөйлемдерді саналы және дұрыс қолдану;

3) білім алушылардың сөйлеу кезіндегі өзін өзі бақылауына, өзін өзі бағалауына, өзінің сөйлеу тілін дамытуға түрткі болатын жағдайларды жасау;

4) тура мағынасын, мәнмәтінді және сөздің астарын түсінуге қажетті ойлау операцияларын құрылымдау;

5) тіректік сигналдарды, алгоритмдерді, нұсқауларды және өз әрекетін айту ережелерін қолдануға қабілеттерді қалыптастыру және дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Түзету-сөйлеу жұмысындағы негізгі орын білім алушылардың математикалық материалды түсінуіне және зияткерлік функцияларын дамытуға бағытталған математикалық қызметтерге оларды тарту арқылы пәннің базалық негізін бір уақытта меңгерумен терминологиялық сөз қорын дамытуға беріледі. Пәндік терминологиялық минимумды жақсы меңгеру үшін сабақтарда барлық арнайы сөздер ірі, нақты, ал күрделі сөздер буындарға бөлініп берілетін көрнекіліктер (жалпы және жеке жұмыс үшін кесте, сызба, кесте) қолданылады.

6. Жұмысты жаңа терминдермен белгілі алгоритм бойынша өткізген дұрыс:

1) сөздің/терминнің мағынасының түсіндірмесі;

2) дұрыс айту жаттығулары;

3) сөздік эквивалентті (синонимдер) таңдау;

4) сөз формаларымен жұмыс: септеу, жіктеу;

5) фразеологизмдерді, мәтелдерді, аналогтарды қосатын мнемотехникалық тәсілдерді қолданып, көп белгілікпен жұмыс;

7. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды оқыту кезінде сөйлеу тілінің лексикалық жағының олқылықтарын, оқу-терминологиялық лексиканы әлсіз меңгеруін, тиісті терминдермен белгіленетін түсініктер туралы формалды ұғымы ескеріледі.

8. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға аталған пәнді оқыту кезінде оқу процесін ерекше ұйымдастыруды талап ететін психологиялық сипаттары ескеріледі және келесідей принциптер:

1) мұқият таңдалған тапсырмалардың көмегімен ынталандырушы және дамытушы оқыту, оның ішінде сөйлеу әрекеті дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) дамыту, пәннің оқу материалында психикалық процестерді түзету (сөйлеу тілі, қабылдау, есте сақтау, ойлау);

2) "бағалау" арқылы оқытуды қолдау;

3) зерттеу әрекеттерін және белсенді оқыту әдістерін міндетті қолдануын мадақтау;

4) сыни ойлау стратегиясын қолдану;

5) бірнеше сезім нүктелеріне сүйену;

6) сабақта сөйлеу тілі қарым-қатынасы жағдайларын құру мақсатымен білім алушылардың жеке, жұптық, топтық әрекеттерін ұйымдастыру;

- 7) талқылау элементтерімен монологиялық сөйлеу тіл дағдыларын қалыптастыру;
- 8) білім алушылардың алдына қойылған проблемалық тапсырмаларды шешу жолдарын өз бетінше іздену;
- 9) мүсінін, көру қабілетін, психоэмоционалдық күшейтпесін алу, ұсақ және жалпы моторикасын, сөйлеу кезіндегі дем алуын түзету үшін денсаулық сақтау технологияларын қолдану;
- 10) білім алушыларды өзара оқыту (сынып ішінде және сыныптар арасында);
- 11) практикалық, шығармашылық әрекеттері (теория мен практика арасындағы алшақтықты жою үшін шығармашылық жұмыстардың түрлерін құру);
- 12) қосымша материалды іздеуді және қолдануды талап ететін тапсырмаларды орындау;
- 13) аталған пәннің қолданбалы сипатын демонстрациялау мақсатымен пәндік салалармен кіріктірілген тапсырмаларды қолдану;
- 14) сабақта әртүрлі әрекеттерді жиі ауыстырып отыру;
- 15) білім алушылардың жеке сезімдік, ойлау және практикалық тәжірибесіне сүйену ;
- 16) сабақтағы жағымды психоэмоционалдық ахуал;
- 17) мәтіндермен жұмыс кезінде білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру қолданылады.

9. Пән мұғаліміне жалпыдидактикалық тәсілдерді, әдістерді, оқу процесін ұйымдастыру технологияларын пайдалану қарастырылады, яғни:

1) құндылыққа бағдарланған тәсіл оқу әрекетін ұйымдастыру және орындау тәсілі ретінде, оқу процесі білім алушылардың жеке құндылықтар жүйесін қалыптастыру кезінде нақты құндылықтар позициясынан оның нәтижелерін алу және қолдану;

2) тұлғаға бағдарланған тәсіл, мақсаты оқу процесін дербестендіру, білім алушы тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, жеке психикалық және дене даму ерекшеліктерін, қажеттіліктерін мен мінез-құлық мотивтерін, әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, оның шығармашылық күшін толық ашу болып табылады;

3) іс-әрекет тәсілі білім алушының білімдерді дайын түрде алмай, керісінше өзі ізденуімен, өз оқу қызметінің мазмұны мен формасын ұғынуымен, оның білімдерін белсенді және табысты қалыптастыруға, кең спектрдағы оқу біліктері мен дағдыларына көмектесетін нормалар жүйесін түсінуімен және қабылдауымен қорытындыланады;

4) сараланған тәсіл білім алушылардың ерекшеліктері ескеріліп, олардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, оқытуды ынталандыруға әртүрлі тәсілдерді іздеуді, олардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытуды түсіндіреді;

5) құзыреттіліктік тәсіл, әлеуметтік тәжірибені қолдану негізінде әртүрлі салалардағы және әрекет түрлеріндегі білім алушылардың өз бетінше шешу қабілеттерін дамытуға бағытталған; білім мазмұнын қамтитын танымдық,



коммуникативтік, ұйымдастырушылық, адамгершіліктік проблемаларды өз бетінше шешу тәжірибесін білім алушыларда қалыптастыру үшін жағдайлар жасауды болжайды ;

6) "Геометрия" пәнін оқу пәндерімен байланыстыруға мүмкіндік беретін кіріктіруші тәсіл;

7) білім алушылардың өз бетінше оқу іс-әрекетін ұйымдастыру негізінде құрылатын жүйелі ықпал оларда әмбебап оқу іс-әрекеті жүйесін қалыптастыру мен дамытуды, өз бетімен оқу, өзін өзі дамыту, өзін өзі ұйымдастыру режиміндегі оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

8) ақпарат беруді және хабарлауды, екі немесе одан да көп адамдардың сөйлеу тілдік өзара іс-әрекеті процесіндегі білімдермен, дағдылармен және біліктермен алмасуды болжайтын коммуникативтік тәсіл; коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тіл және сөйлеу тілі жүйесін дұрыс қолдана отырып, коммуникативтік тәртіпті, қарым-қатынастың адекватты жағдайын таңдай отырып, өзара іс-әрекет процесінде тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыруға қабілеттілігі болып табылады.

10. Оқыту процесі, есепке алу, бұзылған сөйлеу тілі қызметтерімен және барлық оқу процесіндегі екіншілік салдарлармен жұмыс түзету бағыттылығына ие. Түзету бағыттылығы принципі келесідей позициялармен қамтамасыз етіледі:

1) дыбыс айтуын, лексико-грамматикалық жұмысты түзету, байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, артта қалған танымдық даму процестерді белсендіруге ілеспелі коммуникативтік дағдыларды жетілдіру;

2) екіншілік ақауларды түзетуге оқыту мазмұнының бағыттылығы: ойлаудың ұғымдық-логикалық нысандарын дамыту, ұсақ моторикасын дамыту, сенсорлық эталондарды нақтылау және саралау, тәртіп еріктілігін қалыптастыру;

3) білім алушылардың білімдерінің, біліктерінің және дағдыларының беріктігі оқу материалын меңгеру сапасының, оның есте сақтау тұрақтылығының, практикада жаңғырту және қолдану жеңілдігінің көрсеткіші ретінде.

11. Мұғалімнің кәсіби қызметі сүйемелдеу қызметінің мамандарымен – логопедпен, психологпен, медицина қызметкерлерімен жүйелі тиімді өзара іс-әрекет дайындығын, сөйлеу тілінің әртүрлі бұзылыстары бар білім алушыларға сабақта жеке түзету қолдауын көрсетуге мүмкіндік беретін арнайы әдістемелерді меңгеруді қамтиды.

12. Ерекше талаптар педагогтың сөйлеу тіліне қойылады: ақпараттылық, дұрыстығы, нақтылығы, логикалығы мен қолжетімділігі, мәнерлілігі, анық дикция, оңтайлы қарқыны мен сөйлеу тілінің ырғағы.

13. Кабинетте міндетті түрде қабырғаға ілетін көрсету, маркерлік, интерактивті тақталар, толымдалған компьютер, сондай-ақ сызбалар, кестелер, көрнекі оқу материалы бар схемалар, дидактикалық материал қарастырылады.

14. "Геометрия" пәні кабинеті кіші және үлкен топтарда білім алушылардың қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мобильді үстелдері, орындықтары бар кең

бөлмені қамтиды. Аталған кабинеттерде жиһазды орын-орнына қою білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі.

### 3-тарау. "Геометрия" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

15. "Геометрия" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында - 68 сағатты құрайды.

16. 7-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны:

1) 5-6 сыныптардағы математика курсының оқу материалын қайталау;

2) геометрияның алғашқы мәліметтері. Геометрияның негізгі ұғымдары. Геометрияның қарапайым фигуралары. Аксиома және теорема. Фигуралардың теңдігі. Теореманы дәлелдеу. Дәлелдеудің кері жору әдісі. Сыбайлас және вертикаль бұрыштар және олардың қасиеттері. Бұрыштың биссектрисасы. Перпендикуляр;

3) үшбұрыштар. Үшбұрыш және оның түрлері. Үшбұрыштардың теңдігі. Үшбұрыштардың теңдігінің белгілері. Теңбүйірлі үшбұрыш. Үшбұрыштың биссектрисасы, медианасы және биіктігі, орта сызығы;

4) түзулердің өзара орналасуы. Екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштар. Түзулердің параллельдік белгілері. Параллель түзулердің қасиеттері. Үшбұрыштардың бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы. Үшбұрыштардың теңсіздігі. Тікбұрышты үшбұрыштың теңдік белгілері;

5) 7-сыныптағы геометрия курсының қайталауы.

17. 8-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны:

1) 7-сыныптағы геометрия курсының қайталауы;

2) түзулердің өзара орналасуы. Тік бұрышты үшбұрыштың қасиеттері. Перпендикуляр түзулер. Көлбеу және оның проекциясы. Түзуге жүргізілген перпендикулярдың біреу ғана болуы;

3) шеңбер. Геометриялық салулар. Шеңбер, дөңгелек және оның элементтері мен бөліктері. Центрлік бұрыш. Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. Екі шеңбердің өзара орналасуы. Шеңберге жүргізілген жанама. Шеңберге жүргізілген жанамалардың қасиеттері. Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер. Салу есептері;

4) көпбұрыштар. Төртбұрыштарды зерттеу. Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш. Көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы. Көпбұрыштың сыртқы бұрышы. Көпбұрыштың сыртқы бұрыштарының қосындысы. Параллелограмм және оның қасиеттері. Параллелограмның белгілері. Тіктөртбұрыш, ромб және шаршы, олардың қасиеттері және белгілері. Фалес теоремасы. Пропорционал кесінділер. Трапеция.

Тікбұрышты және теңбүйірлі трапециялар, олардың қасиеттері. Үшбұрыштың орта сызығы. Трапецияның орта сызығы. Үшбұрыштың тамаша нүктелері. Үшбұрыштың медианаларының қасиеті;

5) тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар. Тікбұрышты үшбұрыштағы сүйір бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі. Пифагор теоремасы;

6) 8-сыныптағы геометрия курсын қайталау.

18. 9-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны:

1) 8-сыныптағы геометрия курсын қайталау;

2) тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар. Негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктер және оның салдары. Синус, косинус, тангенс және котангенстің  $30^\circ$ ,  $45^\circ$ ,  $60^\circ$  бұрыштарындағы мәндері. Тікбұрышты үшбұрыштарды шешу.  $a$  және  $(90^\circ - a)$  бұрыштарының тригонометриялық функциялары;

3) аудан. Аудан ұғымы. Тең шамалас және тең құрамдас фигуралар. Шаршының, тіктөртбұрыштың, параллелограммның, ромбтың, үшбұрыштың және трапецияның аудандары;

4) жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі. Жазықтықтағы нүктенің координаталары. Кесінді ортасының координаталары. Екі нүктенің арақашықтығы. Шеңбердің теңдеуі. Түзудің теңдеуі. Теңдеулерімен берілген түзулер мен шеңберлердің өзара орналасуы. Координаталарды есептер шығаруда қолдану;

5) жазықтықтағы векторлар. Вектор ұғымы. Нөлдік вектор. Бірлік вектор. Коллинеар векторлар. Вектордың ұзындығы (модулі). Векторлардың теңдігі. Векторларды қосу және оның қасиеттері, векторларды азайту, векторды санға көбейту. Жазықтықтағы векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу. Вектордың координаталары. Координаталық түрде берілген векторларға амалдар қолдану. Векторлардың коллинеарлық белгісі;

6) 9-сыныптағы геометрия курсын қайталау.

19. 10-сыныпқа арналған "Геометрия" пәнінің базалық мазмұны:

1) 9-сыныптағы геометрия курсын қайталау;

2) жазықтықтағы векторлар. Нүктенің радиус-векторы. Жазықтықтағы нүктелердің координаталары мен векторлардың координаталары арасындағы байланыс. Векторлардың арасындағы бұрыш. Векторлардың скалярлық көбейтіндісі. Векторларды есептерді шығаруда қолдану;

3) жазықтықта түрлендіру. Жазықтықты түрлендіру, қозғалыс және оның қасиеттері. Түрлендірулердің композициясы (көбейтіндісі). Фигуралардың теңдігі және оның қасиеттері. Жазықтықтағы қозғалыстар – осьтік және центрлік симметриялар,

параллель көшіру, бұру. Гомотетия, ұқсастық түрлендіру және оның қасиеттері. Ұқсас фигуралар. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері. Тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығы;

4) үшбұрыштарды шешу. Синустар және косинустар теоремалары. Үшбұрыштарды шешу. Практикалық мазмұнды есептерді шешу. Шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштың ауданын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулалары;

5) шеңбер. Дұрыс көпбұрыштар. Іштей сызылған бұрыш және оның қасиеттері. Шеңбердің хордалары мен қиюшы кесінділерінің пропорционалдығы туралы теорема. Шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштар және олардың қасиеттері. Шеңбер доғасының ұзындығы. Сектор мен сегмент ауданы. Іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын көпбұрыштың қабырғаларымен, периметрімен және ауданымен байланыстыратын формулалар. Дұрыс көпбұрыштарды салу;

6) 10-сыныптағы геометрия курсың қайталау.

20. Оқу пәнінің мазмұны "Геометрия" бөлімін қамтиды.

21. "Геометрия" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) геометриялық фигуралар туралы түсінік;
- 2) геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;
- 3) метрикалық қатыстар;
- 4) векторлар және түрлендірулер.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

22. Бағдарламадағы оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар - бөлім мен бөлімшені білдіреді, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.1.1.4 кодындағы "7" – сынып, "1.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

23. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

1-бөлім. Геометрия				
	7 - сынып	8 - сынып	9 - сынып	10 - сынып
	7.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу; 7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың			

<p>1.1 Геометриялық фигуралар туралы түсінік</p>	<p>шарты мен қорытындысын ажырату; 7.1.1.4 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және "кері жору" әдістері; 7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу; 7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану; 7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу; олардың қасиеттерін қолдану; 7.1.1.10 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу; 7.1.1.11 үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикулярлары, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу; 7.1.1.12 үшбұрыштардың түрлерін ажырату; олардың элементтерін білу;</p>	<p>8.1.1.1 тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.1.2 шеңбер мен дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын білу; 8.1.1.3 центрлік бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.1.4 шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теоремаларды білу және қолдану; 8.1.1.5 нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын білу; 8.1.1.6 перпендикуляр ұғымын біледі; 8.1.1.7 көпбұрыш, дөңес көпбұрыш, көпбұрыш элементтері анықтамаларын білу; 8.1.1.8 көпбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулаларын қорытып шығару; 8.1.1.9 параллелограмм</p>	<p>10.1.1.1 доға ұзындығының формуласын білу және қолдану; 10.1.1.2 сектор мен сегмент ауданының формулаларын білу және қолдану; 10.1.1.3 іштей сызылған бұрыш анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 10.1.1.4 дөңгелектегі кесінділердің пропорционалдылығы туралы теоремаларды білу және қолдану; 10.1.1.5 мәдени сөйлеу тілі қатынасының ережесін білу және орындау, қарым-қатынас</p>
--	--	--	--

7.1.1.13 сүйір бұрышты, доғал бұрышты және тікбұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасуын салыстыру;

7.1.1.14 теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін қолдану;

7.1.1.15 теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;

7.1.1.16 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және оларды есептеу мен дәлелдеуге арналған есептерді шығару кезінде қолдану;

7.1.1.17 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы мен оның салдары туралы білу және есептерді шығару кезінде оларды қолдану;

7.1.1.18 үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және оларды қолдану;

7.1.1.19 үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы қатысты білу және есептер шығаруда қолдану;

7.1.1.20 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің қасиеттері мен

анықтамасын , қасиеттері мен белгілерін білу;

8.1.1.10 тіктөртбұрыш, ромб , шаршы анықтамаларын, қасиеттері мен белгілерін білу;

8.1.1.11 Фалес теоремасын білу және қолдану;

8.1.1.12 пропорционал кесінділер туралы теоремаларды білу және қолдану;

8.1.1.13 циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей  $n$  бөлікке бөлу;

8.1.1.14 пропорционал кесінділерді салу;

8.1.1.15 трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу;

8.1.1.16 үшбұрыштың орта сызығының қасиетінің анықтамасын білу және қолдану;

8.1.1.17 трапецияның орта сызығының қасиетінің анықтамасын білу және қолдану;

8.1.1.18 сөйлемдегі және еркін сөйлеу тіліндегі негізгі логикалық екпін сөзді жеткілікті дауыс күшімен анықтау



стилистикасын ұстану

	<p>белгілерін есептер шығаруда білу және қолдану; 7.1.1.21 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және екпініне бағдарланып, негізгі логикалық екпін сөзді есту арқылы тану</p>		
<p>1.2. Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы</p>	<p>7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы); 7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу; 7.1.2.3 екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу; 7.1.2.4 параллель түзулердің қасиеттері мен түзулердің параллельдік белгілерін білу және оларды есеп шығаруда қолдану;</p>	<p>8.1.2.1 перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы ұғымдарын меңгеру; 8.1.2.2 нүктеден түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы білу және қолдану; 8.1.2.3 перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.2.4 түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасу жағдайларын талдау; 8.1.2.5 шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын білу және есептер шығаруда жанаманың қасиеттерін қолдану; 8.1.2.6 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын білу; 8.1.2.7 үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған</p>	<p>10.1.2.1 шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін білу және қолдану; 10.1.2.2 дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын және қасиеттерін білу; 10.1.2.3 дұрыс көпбұрыштарды салу; 10.1.2.4 дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арасындағы байланысты білу және қолдану; 10.1.2.5 дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын</p>

	<p>7.1.2.5 логикалық негізделген дәлелдерді қолданып, өзінің және сыныптастарының іс-әрекеттерін түсіндіру</p>	<p>шенберлердің центрлерінің орналасуын түсіндіру; 8.1.2.8 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қажет бөлу; 8.1.2.9 кесіндінің орта перпендикуляр және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 8.1.2.10 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу; 8.1.2.11 амалдар жүйелілігін орнына келтіру, сыныптастарының іс-әрекеттерін бағалау</p>		<p>байланыстыратын формулаларды білу және қолдану; 10.1.2.6 үшбұрыш медианаларының қасиеттерін білу және қолдану; 10.1.2.7 өзінің сөйлеу тілі тәртібін, айналасындағылардың тәртібін адекватты бағалау; сөйлемді өңдеу үшін міндетті серіктестікте өзара көмек көрсету " Жауап ... толық (толық емес), нақты (нақты емес) болды, сөздер анық (анық емес) айтылды"</p>
			<p>9.1.3.1 бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарының қатыстары арқылы берілген анықтамаларын білу ; 9.1.3.2 Пифагор теоремасын білу және қолдану; 9.1.3.3 тікбұрышты үшбұрышты 30°, 45°, 60° -қа тең бұрыштардың синус , косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін табу үшін қолдану; 9.1.3.4 тікбұрышты үшбұрыштың элементтерін табу</p>	



<p>1.3. Метрикалық қатыстар</p>	<p>7.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану; 7.1.3.2 үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар, биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану; 7.1.3.3 геометриялық фигураларды салуда әртүрлі типтегі сұрақтарды қою</p>	<p>8.1.3.1 Пифагор теоремасын білу және қолдану; 8.1.3.2 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.3.3 үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар, биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.3.4 шарттар мен есептер шығаруды талқылауда диалогке белсенді қатысу</p>	<p>үшін 30о, 45о, 60о - қа тең бұрыштардың синус , косинус, тангенс және котангенсінің мәндерін қолдану; 9.1.3.5 берілген екі элементі бойынша тікбұрышты үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғаларын табу; 9.1.3.6 көпбұрыш ауданының анықтамасы мен қасиеттерін білу; 9.1.3.7 тең шамалас және тең құрамдас фигуралардың анықтамаларын білу ; 9.1.3.8 параллелограммның және ромбтың ауданы формулаларын қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.9 үшбұрыштың ауданы формуласын қорытып шығару және қолдану 9.1.3.10 трапецияның ауданы формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.11 жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу; 9.1.3.12 кесінді ортасының координаталарын табу; 9.1.3.13 кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу;</p>	<p>10.1.3.1 косинустар теоремасын білу және қолдану; 10.1.3.2 синустар теоремасын білу және қолдану; 10.1.3.3 іштей сызылған үшбұрыштың ауданын (<math>S = \frac{abc}{4R}</math> , мұндағы <math>a, b</math> – үшбұрыштың қабырғалары, <math>R</math> – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының (<math>S = p \cdot r</math> мұндағы <math>r</math> – іштей сызылған шеңбер радиусы, <math>p</math> - көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану; 10.1.3.4 шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулаларын білу және қолдану;</p>
---------------------------------	--	--	--	--

		<p>9.1.3.14 центрі (a, b) , радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін <math>(x - a)^2 + (y - b)^2 = r^2</math> білу;</p> <p>9.1.3.15 берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу;</p> <p>9.1.3.16 түзудің теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу;</p> <p>9.1.3.17 координаталармен берілген карапайым есептерді шығару;</p> <p>9.1.3.18 есептер шығаруда Пифагор теоремасын пайдаланып, <math>\sin^2 a + \cos^2 a = 1</math> формуласын білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.19 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.20 <math>a</math> және <math>(90 - a)</math> бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды білу және қолдану;</p> <p>9.1.3.21 <math>\sin</math>   <math>a, \cos</math>   <math>a, \operatorname{tg}</math> және <math>\operatorname{ctg} a</math> -ның мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу;</p> <p>9.1.3.22 кез-келген құрылымдық күрделіліктегі буындар мен сөздерді анық және қосып айту</p>	<p>10.1.3.5 синустар және косинустар теоремаларын үшбұрыштарды шешуде қолдану;</p> <p>10.1.3.6 сөйлеу тілін еркін баяулату мен жылдамдату тәсілін игеру</p>
			<p>10.1.4.1 вектордың координаталарын</p>

1.4. Векторлар және түрлендірулер

9.1.4.1 вектордың, коллинеар векторлардың, тең векторлардың, нөлдік вектордың, бірлік вектордың және вектор ұзындығының анықтамаларын білу ;  
9.1.4.2 векторлардың коллинеарлық шартын қолдану;  
9.1.4.3 векторларды қосу, векторды санға көбейту ережелерін білу және қолдану;  
9.1.4.4 векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу;  
9.1.4.5 5-7 сөзден тұратын лепті сөйлемдегі негізгі сөзді дауыспен және кідіріспен анықтау

және вектордың ұзындығын табу;  
10.1.4.2 координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдану;  
10.1.4.3 векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану;  
10.1.4.4 векторлар арасындағы бұрыштың анықтамасын білу;  
10.1.4.5 векторлар арасындағы бұрышты есептеу;  
10.1.4.6 векторлардың скаляр көбейтіндісін табу;  
10.1.4.7 есептерді векторлық әдіспен шешу;  
10.1.4.8 қозғалыстың түрлерін, композициясын және олардың қасиеттерін білу;  
10.1.4.9 симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін салу;  
10.1.4.10 дұрыс көрбұрыштардың симметрияларын білу;  
10.1.4.11 гомотетияның анықтамасын және қасиеттерін білу;  
10.1.4.12 ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін білу;  
10.1.4.13 үшбұрыштар ұқсастығы

			белгілерін білу және қолдану; 10.1.4.14 тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығын білу және қолдану; ұқсас фигуралардың қасиеттері; 10.1.4.15 үшбұрыш биссектрисасының қасиетін білу және қолдану; 10.1.4.16 ұқсас фигуралардың аудандары және ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын білу; 10.1.4.17 өз сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылуды көрсету
--	--	--	--

24. Осы Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

25. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптарына арналған "Геометрия" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 7-10 сыныптары үшін "Геометрия" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 7 - сынып:

1-кесте

--	--	--

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
5-6 сыныптардағы математика курсының оқу материалын қайталау		
2 - тоқсан		
1. Геометрия	Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома. Теорема	<p>7.1.1.1 планиметрияның негізгі фигураларын білу: нүкте, түзу;</p> <p>7.1.1.2 нүктелер мен түзулердің тиістілік аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.3 аксиоманың теоремадан айырмашылығын түсіну: теореманың шарты мен қорытындысын ажырату;</p> <p>7.1.1.5 кесінді, сәуле, бұрыш, үшбұрыш, жарты жазықтық анықтамаларын білу;</p> <p>7.1.1.6 кесінділер мен бұрыштарды өлшеу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.8 кесінділер мен бұрыштарды салу аксиомаларын білу және қолдану;</p> <p>7.1.1.10 берілген үшбұрышқа тең үшбұрыштың бар болуы аксиомасын білу</p>
	Нүктелердің түзуде және жазықтықта орналасуы	<p>7.1.2.1 нүктелердің түзу мен жазықтықта орналасу аксиомаларын білу және қолдану (реттік аксиомасы);</p> <p>7.1.2.2 түзулердің параллельдік аксиомасын білу;</p>
	Фигуралар теңдігі	7.1.1.7 тең фигуралардың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану;
	Теореманы дәлелдеу әдістері: тура дәлелдеу және "кері жору" әдісі	<p>7.1.1.4 теоремаларды дәлелдеу әдістерін білу: тура дәлелдеу және "кері жору" әдістері;</p> <p>7.1.1.21 сөйлемнің мағынасына, кідірісіне және екпініне бағдарланып, негізгі логикалық екпін сөзді есту арқылы тану</p>
	Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері	7.1.1.9 сыбайлас және вертикаль бұрыштардың анықтамаларын білу; олардың қасиеттерін қолдану ;
3 - тоқсан		
	Үшбұрыш және оның түрлері	7.1.1.12 үшбұрыштардың түрлерін ажырату; олардың элементтерін білу;

1. Геометрия	<p>Үшбұрыштың биссектрисы, медианасы, биіктігі және орта сызығы</p>	<p>7.1.1.11 үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, орта перпендикуляры, орта сызығы анықтамаларын білу және оларды салу; 7.1.1.13 сүйір бұрышты, доғал бұрышты және тікбұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасуын салыстыру;</p>
	<p>Үшбұрыштар теңдігінің белгілері</p>	<p>7.1.1.16 үшбұрыштар теңдігінің белгілерін білу және оларды есептеу мен дәлелдеуге арналған есептерді шығару кезінде қолдану;</p>
	<p>Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері</p>	<p>7.1.1.14 теңбүйірлі үшбұрыштың белгілері мен қасиеттерін қолдану; 7.1.1.15 теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттерін есептер шығаруда қолдану;</p>
4 - тоқсан		
1. Геометрия	<p>Параллель түзулер, олардың белгілері және қасиеттері</p>	<p>7.1.2.3 екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштарды танып білу; 7.1.2.4 параллель түзулердің қасиеттері мен түзулердің параллельдік белгілерін білу және оларды есеп шығаруда қолдану; 7.1.2.5 логикалық негізделген дәлелдерді қолданып, өзінің және сыныптастарының іс-әрекеттерін түсіндіру</p>
	<p>Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы. Үшбұрыштың сыртқы бұрышы</p>	<p>7.1.1.17 үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы мен оның салдары туралы білу және есептерді шығару кезінде оларды қолдану; 7.1.1.18 үшбұрыштың сыртқы бұрышының анықтамасын білу және оларды қолдану; 7.1.1.19 үшбұрыштың бұрыштары мен қабырғалары арасындағы қатысты білу және есептер шығаруда қолдану;</p>
	<p>Үшбұрыш теңсіздігі</p>	<p>7.1.3.1 үшбұрыш теңсіздігін білу және қолдану; 7.1.3.2 үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар, биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану;</p>

		7.1.3.3 геометриялық фигураларды салуда әртүрлі типтегі сұрақтарды қою
	Тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгілері	7.1.1.20 тікбұрышты үшбұрыштар теңдігінің қасиеттері мен белгілерін есептер шығаруда білу және қолдану;
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

## 2) 8 - сынып:

### 2-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
7-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
1. Геометрия	Тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттері	8.1.1.1 тікбұрышты үшбұрыштың қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.1.6 перпендикуляр ұғымын біледі
	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері. Центрілік бұрыш	8.1.1.2 шеңбер мен дөңгелектің және олардың элементтерінің (центр, радиус, диаметр, хорда) анықтамаларын білу; 8.1.1.3 центрілік бұрыштың анықтамасы мен қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.1.18 сөйлемдегі және еркін сөйлеу тіліндегі негізгі логикалық екі сөзді жеткілікті дауыс күшімен анықтау
	Перпендикуляр түзулер. Перпендикуляр, көлбеу және оның проекциясы	8.1.2.1 перпендикуляр, көлбеу және көлбеудің проекциясы ұғымдарын меңгеру; 8.1.2.2 нүктеден түзуге түсірілген перпендикулярдың біреу ғана болуы туралы теореманы білу және қолдану; 8.1.2.3 перпендикуляр түзулердің қасиеттерін білу және қолдану
2 - тоқсан		
	Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері. Центрілік бұрыш	8.1.1.4 шеңбер диаметрі мен хордасының перпендикулярлығы туралы теоремаларды білу және қолдану; 8.1.1.5 нүктелердің геометриялық орнының анықтамасын білу;
		8.1.2.4 түзу мен шеңбердің, екі шеңбердің өзара орналасу жағдайларын талдау;

1. Геометрия	Шеңберге жүргізілген жанама және оның қасиеттері Секущая.	8.1.2.5 шеңберге жүргізілген жанама мен қиюшының анықтамаларын білу және есептер шығаруда жанаманың қасиеттерін қолдану; 8.1.2.11 амалдар жүйелілігін орнына келтіру, сыныптастарының іс-әрекеттерін бағалау
	Үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлер	8.1.2.6 үшбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің анықтамаларын білу; 8.1.2.7 үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлердің центрлерінің орналасуын түсіндіру;
	Салу есептері	8.1.2.8 берілген бұрышқа тең бұрыш салу, бұрыштың биссектрисасын салу, кесіндіні қаж бөлу; 8.1.2.9 кесіндінің орта перпендикулярын және берілген түзуге перпендикуляр түзу салу; 8.1.2.10 берілген элементтері бойынша үшбұрыш салу; 8.1.2.11 амалдар жүйелілігін орнына келтіру, сыныптастарының іс-әрекеттерін бағалау
3 - тоқсан		
1. Геометрия	Көпбұрыш. Дөңес көпбұрыш	8.1.1.7 көпбұрыш, дөңес көпбұрыш, көпбұрыш элементтері анықтамаларын білу; 8.1.1.8 көпбұрыш тың ішкі бұрыштарының қосындыларының және сыртқы бұрыштарының қосындыларының формулаларын қорытып шығару;
	Параллелограмм, ромб, тіктөртбұрыш, шаршы және олардың қасиеттері мен белгілері	8.1.1.9 параллелограмм анықтамасын, қасиеттері мен белгілерін білу; 8.1.1.10 тіктөртбұрыш, ромб, шаршы анықтамаларын, қасиеттері мен белгілерін білу;
	Фалес теоремасы	8.1.1.11 Фалес теоремасын білу және қолдану;
		8.1.1.12 пропорционал кесінділер туралы теоремаларды білу және қолдану;



	Пропорционал кесінділер	8.1.1.13 циркуль мен сызғыштың көмегімен кесіндіні бірдей $n$ бөлікке бөлу; 8.1.1.14 пропорционал кесінділерді салу; 8.1.1.18 сөйлемдегі және еркін сөйлеу тіліндегі негізгі логикалық екпін сөзді жеткілікті дауыс күшімен анықтау
	Трапеция, түрлері мен қасиеттері. Трапеция мен үшбұрыштың орта сызықтары	8.1.1.15 трапецияның анықтамасын, түрлерін және қасиеттерін білу; 8.1.1.16 үшбұрыштың орта сызығының қасиетінің анықтамасын білу және қолдану; 8.1.1.17 трапецияның орта сызығының қасиетінің анықтамасын білу және қолдану;

4 - тоқсан

1. Геометрия	Үшбұрыштың тамаша нүктелері	8.1.3.2 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.3.3 үшбұрыштың қабырғаларына жүргізілген медианалар, биссектрисалар, биіктіктер және орта перпендикулярлар қасиеттерін білу және қолдану;
	Пифагор теоремасы	8.1.3.1 Пифагор теоремасын білу және қолдану; 8.1.3.2 тікбұрышты үшбұрыштың тік бұрышының төбесінен гипотенузасына түсірілген биіктігінің қасиеттерін білу және қолдану; 8.1.3.4 шарттар мен есептер шығаруды талқылауда диалогке белсенді қатысу

8-сыныптағы геометрия курсын қайталау

3) 9 - сынып:

3-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
8-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
		9.1.3.1 бұрыштың синусы, косинусы, тангенсі және котангенсінің тікбұрышты



1. Геометрия	Төртбұрыштар мен үшбұрыштардың аудандары	9.1.3.9 үшбұрыштың ауданы формуласын қорытып шығару және қолдану; 9.1.3.10 трапецияның ауданы формуласын қорытып шығару және қолдану;
3 - тоқсан		
1. Геометрия	<p>Жазықтықтағы координаталар әдісі. Түзу теңдігі. Шеңбер теңдігі</p> <p>Мәтінді есептерді шығару</p>	<p>9.1.3.11 жазықтықта координаталарымен берілген екі нүктенің арақашықтықтығын есептеу; 9.1.3.12 кесінді ортасының координаталарын табу; 9.1.3.13 кесіндіні берілген қатынаста бөлетін нүктенің координаталарын табу; 9.1.3.14 центрі (a, b), радиусы r болатын шеңбердің теңдеуін <math>(x - a)^2 + (y - b)^2 = r^2</math> білу; 9.1.3.15 берілген теңдеуі бойынша шеңбер салу; 9.1.3.16 түзудің теңдеуін және берілген екі нүкте арқылы өтетін түзудің теңдеуін жазу; 9.1.3.17 координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару; 9.1.3.18 есептер шығаруда Пифагор теоремасын пайдаланып, формуласын білу және қолдану; <b><math>\sin^2 \alpha + \cos^2 \alpha = 1</math></b> 9.1.3.19 негізгі тригонометриялық тепе-теңдіктерді білу және қолдану; 9.1.3.20 <math>\alpha</math> және <math>(90^\circ - \alpha)</math> бұрыштарының синусы, косинусы, тангенсі және котангенсі арасындағы байланыстарды білу және қолдану; 9.1.3.21 <math>\sin \alpha</math>, <math>\cos \alpha</math>, <math>\operatorname{tg} \alpha</math> және <math>\operatorname{ctg} \alpha</math> ның мәндерін олардың біреуінің берілген мәні бойынша табу; 9.1.3.22 кез-келген құрылымдық күрделіліктегі буындар мен сөздерді анық және қосып айту</p> <p>9.1.3.17 координаталармен берілген қарапайым есептерді шығару;</p>
4 - тоқсан		
		9.1.4.1 вектордың, коллинеар векторлардың, тең векторлардың, нөлдік вектордың, бірлік

1. Геометрия	Вектор. Векторларға амалдар қолдану. Коллинеар және коллинеар емес векторлар	вектордың және вектор ұзындығының анықтамаларын білу; 9.1.4.2 векторлардың коллинеарлық шартын қолдану; 9.1.4.3 векторларды қосу, векторды санға көбейту ережелерін білу және қолдану; 9.1.4.4 векторды екі коллинеар емес векторлар бойынша жіктеу; 9.1.4.5 5-7 сөзден тұратын лепті сөйлемдегі негізгі сөзді дауыспен және кідіріспен анықтау
9-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

4) 10 - сынып:

4-кесте

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
9-сыныптағы геометрия курсын қайталау		
1. Геометрия	Вектордың координаталары. Координаталық түрде берілген векторларға амалдар қолдану	10.1.4.1 вектордың координаталарын және вектордың ұзындығын табу; 10.1.4.2 координаталарымен берілген векторларға амалдар қолдану; 10.1.4.3 векторлардың скаляр көбейтіндісін және оның қасиеттерін білу және қолдану; 10.1.4.4 векторлар арасындағы бұрыштың анықтамасын білу; 10.1.4.5 векторлар арасындағы бұрышты есептеу; 10.1.4.6 векторлардың скаляр көбейтіндісін табу; 10.1.4.7 есептерді векторлық әдіспен шешу;
	Қозғалыс және оның қасиеттері	10.1.4.8 қозғалыстың түрлерін, композициясын және олардың қасиеттерін білу; 10.1.4.9 симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін салу;
	Гомотетия және оның қасиеттері	10.1.4.9 симметрия, параллель көшіру және бұру кезінде фигуралардың бейнелерін салу; 10.1.4.10 дұрыс көрбұрыштардың симметрияларын білу;

		10.1.4.11 гомотетияның анықтамасын және қасиеттерін білу;
2 - тоқсан		
1. Геометрия	Ұқсас фигуралар және олардың қасиеттері. Үшбұрыштар ұқсастығының белгілері	10.1.4.12 ұқсас фигуралардың анықтамасын және қасиеттерін білу; 10.1.4.13 үшбұрыштар ұқсастығы белгілерін білу және қолдану; 10.1.4.14 тікбұрышты үшбұрыштардың ұқсастығын білу және қолдану; ұқсас фигуралардың қасиеттері; 10.1.4.15 үшбұрыш биссектрисасының қасиетін білу және қолдану; 10.1.4.16 ұқсас фигуралардың аудандары және ұқсастық коэффициенті арасындағы тәуелділік формуласын білу; 10.1.4.17 өз сөйлеу тілінің дыбыстық мәдениетін жетілдіруге ұмтылуды көрсету
	Үшбұрыштарды шешу	10.1.3.1 косинустар теоремасын білу және қолдану; 10.1.3.2 синустар теоремасын білу және қолдану; 10.1.3.3 іштей сызылған үшбұрыштың ауданын ( $S = \frac{abc}{4R}$ ), мұндағы a, b, c – үшбұрыштың қабырғалары, R – сырттай сызылған шеңбер радиусы) және сырттай сызылған көпбұрыштың ауданының ( $S = p \cdot r$ мұндағы – іштей сызылған шеңбер радиусы, p – көпбұрыштың жарты периметрі) формуларын білу және қолдану;
3 - тоқсан		
1. Геометрия	Үшбұрыштарды шешу	10.1.3.4 шеңберге іштей немесе сырттай сызылған үшбұрыштардың аудандарын пайдаланып шеңбердің радиусын табу формулаларын білу және қолдану; 10.1.3.5 синустар және косинустар теоремаларын үшбұрыштарды шешуде қолдану; 10.1.3.6 сөйлеу тілін еркін баяулату мен жылдамдату тәсілін игеру

	Шеңбер және дөңгелек. Доғаның ұзындығы. Дөңгелек, сектор және сегменттің аудандары	10.1.1.1 доға ұзындығының формуласын білу және қолдану; 10.1.1.2 сектор мен сегмент ауданының формулаларын білу және қолдану;
4 - тоқсан		
1. Геометрия	Шеңбер және дөңгелек. Доғаның ұзындығы. Дөңгелек, сектор және сегменттің аудандары	10.1.1.3 іштей сызылған бұрыш анықтамасын және оның қасиеттерін білу; 10.1.1.4 дөңгелектегі кесінділердің пропорционалдылығы туралы теоремаларды білу және қолдану; 10.1.1.5 мәдени сөйлеу тілі қатынасының ережесін білу және орындау, қарым-қатынас стилистикасын ұстану
	Дұрыс көпбұрыштар, олардың қасиеттері және симметриялары	10.1.2.1 шеңберге іштей және сырттай сызылған төртбұрыштардың қасиеттері мен белгілерін білу және қолдану; 10.1.2.2 дұрыс көпбұрыштардың анықтамасын және қасиеттерін білу; 10.1.2.3 дұрыс көпбұрыштарды салу; 10.1.2.4 дұрыс көпбұрышқа іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары арасындағы байланысты білу және қолдану; 10.1.2.5 дұрыс көпбұрыштың қабырғаларын, периметрін, ауданын және оған іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустарын байланыстыратын формулаларды білу және қолдану; 10.1.2.6 үшбұрыш медианаларының қасиеттерін білу және қолдану; 10.1.2.7 өзінің сөйлеу тілі тәртібін, айналасындағылардың тәртібін адекватты бағалау; сөйлемді өңдеу үшін міндетті серіктестікте өзара көмек көрсету "Жауап ... толық (толық емес), нақты (нақты емес) болды, сөздер анық (анық емес) айтылды"
10-сыныптағы геометрия курсын қайталау		

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5 - 10 сыныптары үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Информатика" пәнін оқыту мақсаты сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды тиімді қолдану үшін олармен жұмыс жасаудағы базалық білімдермен, біліктер мен дағдыларымен қамтамасыз ету.

### 3. Міндеттері:

1) адам қызметінің әртүрлі салаларындағы ақпараттық технологияларды қолдану болашағы және техникалық мүмкіндіктері, қоғамдағы ақпараттық процестердің рөлін түсінуді қалыптастыру;

2) еңбекте және оқуда, күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана алуды дамыту, ақпараттың жекелей сұраныстарына бағытталған өндеулер мен тұрақты дағдыларды дамыту;

3) білім алушылардың жүйені талдауы үшін шешімдерді жасау, өз өнімін бағалау және бағдарламалық қосымшаларды қалыптастыруы үшін компьютер жұмысының базалық қағидаларын игеруі;

4) білім алушыларда логикалық, алгоритімдік, сонымен қатар, алға қойған тапсырмалардың тиімді түрде шешімін табу, құрамдас бөліктердің ортақ заңдылықтарын бөліп қарастыру мәселелелерін ашып көрету, жалпыландырушы сипатқа ие есептік ойлауды дамыту;

5) білім алушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру – жалпыға ортақ ережелерді ұстану, тұлға және барлық қазақ қоғамының көзқарасын есепке алу.

### 4. Түзеу міндеттері:

1) қарым-қатынас жағдайына сәйкес нормативтілік, ақпараттылық тұрғысынан тілдік құралдарды таңдау және бағалай алуды қалыптастыру, сөйлеу тілінің күрделі

бұзылыстары бар білім алушылардың академиялық тілді игеруі және пән бойынша түсініктік аппаратты байыту;

2) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы барлық сенсорлық жүйелерді дамытуды түзетуге үйрету;

3) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларын сөйлеуінің коммуникативтік сапасын және олардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру;

4) қозғалыс сферасын дамыту;

5) оқытудың белсенді әдістерін ендіру арқылы сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды мақсатты түрде әлеуметтендіру, ақпараттық-коммуникациялық органы құру, өзінің болашақ кәсіби қызметінің бағытын таңдау, функционалдық сауаттылықты дамыту.

## **2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың "Информатика" оқу пәнін толыққанды игеру қиындығы кең ауқымды терминологиялық сөздікті игеру үшін қажетті пәндердің күрделі бөлімдерінің мазмұнының болуымен, ақпараттық анықтамалардың, кеңістіктік түсінік, ақпараттық алгоритмдік және логикалық ойлаудың тілін түсіне алуымен байланысты.

6. Оқу процесін ұйымдастыру мына қағидалар негізінде жүзеге асырылады:

1) жіті іріктеліп таңдалынып алынған тапсырмалардың көмегімен ынталандыру және дамыту тұрғысынан білім беру, соның ішінде сөйлеу қызметінің дағдыларын дамыту, пәннің оқу материалдарындағы психикалық процестерді түзету;

2) сабақ барысында сөйлеу тәртібін ұстану;

3) "оқытуды бағалау" арқылы оқытуды қолдау;

4) зерттеу қызметін кеңейту және оқытудың белсенді әдістерін міндетті түрде пайдалану;

5) сыни ойлау стратегияларын пайдалану;

6) бірнеше анализаторлардың міндетті тіректері;

7) сабақта сөйлеу қатынасын құру жағдайын жасау мақсатында топтық, қосарлы, жекелей қызметтерді ұйымдастыру; талқылау элементтеріне ие монологиялық сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

8) сөйлеудің ауыр бұзылыстарына ұшыраған білім алушылар алдындағы қойылған шешімдердің жолдарын өздігінен іздеу;

9) сөйлеудегі тыныс алу, ұсақ және жалпы моториктерді түзету, психоэмоционалды күш түсірудің алдын-алу, арқа, көру бұзылыстарының алдын алатын сақтандырушы технологияларды пайдалану;

10) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың өзара білім алмасуы;



11) тәжірибелік, шығармашылық қызмет;

12) іздестіру және қосымша материалды пайдалануды талап ететін тапсырмаларды орындау;

13) "Информатка" пәнін қолданбалы сипатын көрсету мақсатында пәндік салалармен біріктірілген тапсымаларды пайдалану;

14) сабақтағы қызмет түрлерін жиі ауыстыру; әртүрлі типтегі сабақтарды пайдалану ;

15) сөйлеудің ауыр бұзылыстарына ұшыраған білім алушылардың жеке сезімдік, ойлау және тәжірибелік тәжірибесінің тірегі;

16) сабақтың оң психоэмоционалды климаты;

17) мәтіндермен жұмыс жасау кезінде сөйлеудің ауыр бұзылыстарына ұшыраған білім алушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру.

7. Білім берудің жаңартылған мазмұнына өту мақсатында оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері, әдістері, технологиялары қолданылады:

1) "мұғалім - білім алушы" өзара қарым-қатынасының сипатының серіктестік өзгеруіне, сонымен қатар танымдық қызығушылықты тәрбиелеу. Зерттеу тәсілін пайдалану тұлғаның танымдық сферасын дамытуға, өзін-өзі қалыптастырудың дағдылары мен шеберлігін қалыптастыруға ықпал етеді;

2) құндылықтық бағыттық тәсіл оқу қызметін ұйымдастыру және іске асыру тәсілі ретінде, белгілі бір құндылықтар тұрғысынан нәтижелерді алу және пайдалану;

3) тұлғалық-бағыттық тәсілдің мақсаты оқу процесін жекелендіру, оқу тұлғасын жан-жақты қалыптастыру және үйлесімді түрде дамыту болып табылады, олардың әлеуеттік мүмкіндіктері, мінез-құлқының қажеттіліктері мен мотивтері, психологиялық және физиологиялық жекелей даму ерекшеліктері ерекшеліктерін есепке ала отырып оның шығармашылық әлеуетін толығымен ашу;

4) қызметтік тәсілдің мәні сол мұнда білім алушылар білімді дайын күйінде алмайды, өзі ізденеді, өзінің оқу қызметінің мазмұны мен формаларын түсінеді, оның нормаларын қабылдайды;

5) олардың әртүрлі ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін арнайы сипатқа бағыттайтын сараланған тәсіл, оқытуды мотивациялаудың әртүрлі тәсілдерін іздеу, шығармашылық және сыни ойлауды дамыту ;

6) білім алушыларда әлеуметтік тәжірибені пайдалану негізінде қызметтің барлық түрлері мен салаларындағы мәселелерді өздігінен шешуді дамытуға бағытталған құзырлық тәсіл;

7) "Информатика" пәнінің оқу пәндерімен байланысын көрсететін интегративті тәсіл. Аталмыш тәсіл психикалық процестерге әсер етеді, жүктеулерді жеңілдетіп, оқу материалын жаңа, анағұрлым тиімді түрде игеруге мүмкіндік береді;

8) білім алушылардың өзіндік оқу қызметін ұйымдастыру негізінде құрылатын жүйелік тәсіл олардағы бірегей оқу әрекеттерінің жүйесін қалыптастыру және дамытуды, өзін-өзі ұйымдастыру, дамыту, оқыту тәртібіндегі оқу процесін ұйымдастыруды қалыптастырады;

9) ақпарат беруді және хабарлауды, екі немесе одан да көп адамдардың сөйлеу тілдік өзара іс-әрекеті процесіндегі білімдермен, дағдылармен және біліктермен алмасуды болжайтын коммуникативтік тәсіл; коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тіл және сөйлеу тілі жүйесін дұрыс қолдана отырып, коммуникативтік тәртіпті, қарым-қатынастың адекватты жағдайын таңдай отырып, өзара іс-әрекет процесінде тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыруға қабілеттілігі болып табылады;

10) оқыту әдісі ретінде ойын формаларын пайдалану білім алушылардың танымдық қызметтерін белсендендіруге ықпал етеді. Қызметтің ұжымдық формаларын ұйымдастыруға бағытталған ойындық тәсілдерде білім алушылар шағын топтарда өзгенің пікірін сыйлауды, соңғы нәтижелерді болжамдауды, өз жұмысын жоспарлауды, мақсаттарға қол жеткізу әдістерін анықтауға ықпал етеді;

11) жобалық тәсілдің ортасында білім алушының және топ білім алушыларының ғылыми-зерттеу, шығармашылық немесе тәжірибелік мәселелерін шешуге бағытталған жобалық тәсіл. Ол жалпы мақсатпен, әрекеттер мен әдістердің үйлесімділігімен сипатталады;

12) дамыта отырып білім беру, оның мақсаты білім алушының білімді өздігінен игеруге дайындау, шындықты іздеу, сонымен қатар күнделікті өмірде біреуге тәуелді болмау. Ол сөйлеу, есте, сақтау, ойлауға бағытталған оқыту әдістері, пікірталасты, дидактикалық ойындарды оқытуда пайдалана отырып, білім алушыларды қызметтің әртүрлі түрлеріне тарту формасында жүзеге асады;

13) мәселелі оқыту дүниетанымды қалыптастыратын өзекті құрал. Мәселелік оқытудың тиімділігі сол онда білім алушыларда сыни, шығармашылық, диалектілік ойлау қалыптасады;

14) жекелей оқыту оқыту процесін жекелендіруге және тәрбиелеуге, білім алушылардың ерекшеліктеріне, өзіндік танымдық қызметті қалыптастыруға, өзіндік қалыптасу мен дайындыққа ықпал етеді;

15) зерделенетін материалдың мәні және оларды оқыту қажеттілігін түсіну, тәжірибеде сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың білімі мен дағдысын саналы түрде игеру және қолдануды қамтамасыздандыратын оқыту жұмысының құрылымын құруды талап ететін оқудағы саналылық.

8. Пәннің түзету бағыттылығы:

1) сабақтардың мақсатымен;

2) екіншілік бұзылыстарды түзетудегі оқыту мазмұнының бағыттылығымен;

3) білімділікпен, дағдылармен;

4) ғылыми білімді дұрыс меңгерумен қамтамасыз етіледі.

9. Оқытудың әдістемелік шарттары:

1) танымдық процесті когнитивті қолдау бойынша әдістемелік тәсілдердің кешенін қолдану;

2) материалды күрделендірудің баяулығы, оны жіктеу, кванттау, тиімді дозалау, жаңа жағдайларда бірнеше рет вариацияланатын білім қолданудағы жаттығулардың ұлғайтылған көлемі;

3) білім алушылардың ойлау типін дамыту деңгейін есепке алудың полисенсорлы негізіндегі оқу материалын ұсыну, материалды түсіндіру әртүрлі логикалық тәсілдермен жүргізіледі: индуктивті немесе дедуктивті негізде, талдау негізінде немесе ситуациялар негізінде;

4) материалды ұсыну қарқынымен сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың дұрыс қабылдау мүмкіндігі;

5) бейімделген оқу мәтіндерін қолдану;

6) сөйлеу рәсімін визуалды қолдау.

10. Информатиканың оқу пәндерімен байланысын жүзеге асыру сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды олардың қызығушылығы бар салаларына қатысты білім алып қана қоймай олардың танымдық мотивациясына дамуына оң ықпал етеді.

11. Педагогтың сөйлеу тіліне қойылатын талаптар төмендегілерді:

1) педагогтың сөзі ақпараттық, дұрыс, нақты, логикалық және қолжетімді, таза, мәнді және мағыналы, бай және образды болуды;

2) білім алушылардың пайдасына өз сөздерінің көлемін азайтуды қарастырады.

12. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың пәнге тән академиялық тілінің қалыптасуы – түзету жұмысының базалық бағыттарының бірі.

13. Ғылыми – терминологиялық сөздікті жүйелі қалыптастыру мақсатында мұғалім сынып логопедіне логопедиялық сабақтарда оны нақтылау және білім алушылардың белсенді сөз қорына енгізу үшін пәндік сөздік қорын ұсынады.

14. Информатика кабинеті теоретикалық және тәжірибелік, сыныптық және сыныптан тыс сабақтар өткізу үшін қолданылатын оқу-тәрбиелік бөлімше ретінде ұйымдастырылады.

### **3 - тарау. "Информатика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

15. "Информатика" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

3) 7-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

6) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

16. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Оқу пәнінің мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер күтілетін нәтиже түрінде сыныптар бойынша оқыту мақсаттарынан көрініс беретін бөлімшелерге бөлінген: дағдылар немесе машықтар, білімдер немесе ұғымдар.

17. Оқу пәнінің базалық мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Компьютерлік жүйелер";
- 2) 2-бөлім "Ақпараттық процестер";
- 3) 3-бөлім "Компьютерлік ойлау";
- 4) 4-бөлім "Денсаулық және қауіпсіздік".

18. "Компьютерлік жүйелер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) компьютердің құрылғылары;
- 2) бағдарламалық қамтамасыздандыру;
- 3) компьютерлік желілер.

19. "Ақпараттық процестер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты ұсыну және өлшеу;
- 2) ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру.

20. "Компьютерлік ойлау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) үлгілеу;
- 2) алгоритмдер;
- 3) бағдарламалау.

21. "Денсаулық және қауіпсіздік" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) эргонометрика;
- 2) ақпараттық және онлайн қауіпсіздік.

22. 5-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік жүйелер: кіріспе, компьютер және қауіпсіздік, қауіпсіздік техникасы және жұмыс орнын ұйымдастыру; компьютердің негізгі құрылғылары (жады және қатты диск); өзге жұмысты көшіріп алудың қауіпсіздігі; құжаттарға пароль қою; жалпы қолжетімділіктегі файлдармен жұмыс жасау (орналастыру, редакциялау, тартып алу);

2) ақпараттық процестер: интернеттегі қауіпсіздік, бағдарламалық қамтамасыздандыру; растрлық суреттерді жасау және редакциялау;

3) компьютерлік ойлау: алгоритм; атқарушы, атқарушының командалар жүйесі; алгоритмді сөздік формада ұсыну, бағдарламалау, бағдарламалаудың ойындық ортасы (Лого, Scratch (скратч)); бұтақтану; цикл; жобаны әзірлеу; бағдарламалаудың ойындық ортасындағы нысандар мен оқиғалардың анимациясын жасау (Лого, Scratch (скратч)); құжатты баспаға дайындау (беттің параметрлерін қою, алдын-ала қарау); жобаны ұсыну;

4) денсаулық және қауіпсіздік: қауіпсіздік техникасы және жұмыс орнын ұйымдастыру, интернеттегі қауіпсіздік, өзгенің жұмысын көшіріп алудың заңсыздығы, құжаттарға пароль қою.

23. 6-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік жүйелер: қауіпсіздік техникасы; есептеуіш техниканың даму тарихы; компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеті; операциялық жүйенің негізгі қызметтері, желісіз желілер;

2) ақпараттық процестер: мәтіндік құжаттардағы сілтемелерді ұйымдастыру: сілтемелер; үлкен сілтемелер; тақырып қою; реферат жасау; компьютерлік ойлау: мәтіндік ақпаратты ұсыну; ақпаратты беру; мәтіндік ақпаратты шифрлау; ақпаратты қосарлы түрде ұсыну; компьютерлік графика; векторлы суреттерді жасау; растрлық және векторлық суреттерді салыстыру;

3) компьютерлік ойлау: компьютерлік ойындарды жасау: компьютердегі тапсырмаларды шешу деңгейлері; блок-сызба түріндегі алгоритмді ұсыну; компьютерлік ойын концепциясы; бағдарламалаудың ойындық ортасындағы әзірleme мен сценарийді жүзеге асыру; ойынды әзірлеу деңгейінде қолданылатын құрамдас бөліктер; бағдарламадағы қателіктерді анықтау және түзету; ойынға арналған құжатнамалар; сілтемелерді ұйымдастыру; пайдаланылған ресурстарға сілтемелер;

4) денсаулық және қауіпсіздік: эргономика, қауіпсіздік техникасы, авторлық құқық, плагиат, сілтемелерді ұсыну (ауқымды сілтемелер, мазмұны, атауы, нұсқамалары), ресурстарды пайдалану сілтемелері.

24. 7-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік жүйелер: ақпаратты өлшеу бірліктері, бір өлшеу бірліктерінен өзгесіне ауыстыру, компьютер жадысының түрлері (жедел есте сақтаушы құрылғы, ұдайы есте сақтаушы құрылғы, сыртқы жады, кеш-жады); бірдей ақпаратты сақтаушы әртүрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру; ақпаратты нығыздау, мұрағат-бағдарламалар, мұрағаттарды жасау және қаптау, тағайындалуы, компьютерлік жүйелерді жіктеу (ауқымы жағынан, топологиясы бойынша);

2) ақпараттық процестер: ақпаратты зиянды бағдарламалаудан қорғау, электронды кестелер көмегімен тапсырмаларды шешу: мәтіндік жадыда кестелер жасау, редакциялау және форматтау; электронды кестелер, электронды кестелердің негізгі түсініктері; ендіру, мәліметтерді редакциялау және форматтау; толтыру маркері; мәліметтер типі; формулаларды ендіру; шартты форматтау; диаграммалар жасау;

3) компьютерлік ойлау: шешімдерді бағдарламалау (солардың бірі: C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус): бағдарламалау жүйесі; салынған және құрамдық шарттағы тарамдалған алгоритмдерді бағдарламалау; нысандар мен оқиғаларды үлгілеу: 3D-редакторлар; нысандардың үшөлшемді үлгілері; оқиғалардың үшөлшемді үлгілері; үшөлшемді нысандар мен оқиғаларды жасау және редакциялау;

4) денсаулық және қауіпсіздік: жоба интерфейсі, ақпараттарды зиянды бағдарламалардан қорғау.

25. 8-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік жүйелер: компьютер мен желілердің техникалық сипаттамалары, ақпарат көлемін бағалаудың алфавиттік тәсілі, жадынаманың негізгі сипаттамалары, компьютерлік желінің өткізушілік қабілеті;

2) ақпараттық процестер: электронды кестелердегі ақпаратты өңдеу, электронды кестелердегі мәліметтердің форматы, абсолюттік және қатыстық сілтемелер, қызметтер графигін құру, құрылмалы қызметтерді пайдалану: математикалық (сома, өндірістік деңгей), статистикалық (мин, макс, тағандалуы, есептілік, егер), логикалық (егер);

3) компьютерлік ойлау: бағдарламаны жасаудың интеграциялық ортасы (солардың бірі: C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус), қызметі бойынша бағдарламалық қамтамасыздандырудың жіктелуі, қосымшалар жасаудың интегралды ортасының компоненттері, таңдау жасау операторы, цикл операторы (параметрлі цикл, алғышарттық цикл, сөзден кейінгі цикл), алгоритмнің трассировкасы, әзірлеменің белсенді ортасындағы қолданбалы тапсырмаларды шешу үлгілері;

4) денсаулық және қауіпсіздік: электронды құрылғылардың адам организміне ықпалы, электронды құрылғылардың теріс ықпалынан қорғау; желідегі қолданушы қауіпсіздігі: алаяқтық, интернеттегі агрессия.

26. 9-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік жүйелер: компьютер конфигурациясы, компьютер конфигурациясына таңдау жасау, оның тағайындалуына байланысты (аппараттық және бағдарламалық қамтамасыздандыру), іздестіру, мәліметтерді іріктеу және фильтрлеу;

2) ақпараттық процестер: мәліметтер базасы, алаңқай, жазба, электронды кестелерде мәліметтер базасын жасау;

3) компьютерлік ойлау: электронды кестелердегі процестер үлгілерін (физикалық, биологиялық, экономикалық және өзгелер) зерттеу, жұмысты жалғасытру шартымен цикл немесе параметрмен келген циклді қамтитын алгоритмдер, бағдарламалау ортасында бағдарламаларды әзірлеу және орындау;

4) денсаулық және қауіпсіздік: эргономика, желідегі этикалық және құқықтық нормалары.

27. 10-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) компьютерлік жүйелер: функциялары бағдарламалық қамтамасыз ету компьютер, ақпараттық технологиялар құралы ретінде практикалық міндеттерді шешу, пайдалану, бұлттық технологиялар;

2) ақпараттық процестер: электронды кестелердегі процестерді үлгілеу, үлгілерді жасау және оны зерттеу (электронды кестедегі мәліметтер базасы), тапсырмаларды шешудің тиімді жолдарын іздестіре отырып, оларды шешу;

3) компьютерлік ойлау: мәліметтер массиві (солардың бірі: C/C++, Python (пайзн), Delphi (дельфи), Lazarus (лазарус), бір өлшемді массив, массивті өңдеудің негізгі алгоритмдері: іздестіру, іріктеу, қайта орналастыру, массив элементтерін қою және жою;

4) денсаулық және қауіпсіздік: эргономика: компьютер және денсаулық. Ақпараттық қауіпсіздік: ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму болашағы.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

28. Бағдарламадағы оқыту мақсаттары кодпен берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты білдіреді, екінші және үшінші сандар - бөлім мен бөлімшені көрсетеді, ал төртінші сан оқыту мақсаттарының санын көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.3: кодында "6" – сынып, "2.1" – бөлімше, "3" – оқыту мақсатының реттік нөмірі.

29. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1 - кесте

Бөлімше	1-бөлім. Компьютерлік жүйелер					
	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Компьютер құрылғысы	5.1.1.1 қарапайым тілде жадныма мен қатты дисктің қызметін түсіндіру; 5.1.1.2 белсенді сөздік қордағы базалық пәндік терминді бекіту	6.1.1.1 есептеуіш техниканың тарихы мен даму болашағы туралы айту; 6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекетін түсіндіру; 6.1.1.3 базалық терминдерді дұрыс айту және жазу; 6.1.1.4 дыбыстарды айтуды бақылауға алу	7.1.1.1 компьютер жадысы түрлерінің қызметін сипаттау: жедел есте сақтаушы құрылғыла, ұдайы есте сақтаушы құрылғы, сырттай есте сақтау құрылғысы, кеш-жады; 7.1.1.2 үлгілер бойынша анықтамаларды қалыптастыру	8.1.1.1 жадынама және оның негізгі сипаттарын қарапайым деңгейде түсіндіру; 8.1.1.2 өз қызметін жоспарлау, оны бақылау және бағалау	9.1.1.1 оның қызметіне байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау; 9.1.1.2 өзінің және қоршаған ортаның сөйлеу мінез-құлқын дұрыс бағалау	10.1.1.1 компьютердің бағдарламалық қамтамасыздану қызметтері мен тағайындалуы туралы білімді жүйелеу; 10.1.1.2 тірек сызбалар бойынша талқылау-мәтіндерін құру
	5.1.2.1		7.1.2.1 "бағдарламалау жүйесі" және "		9.1.2.1	10.1.2.1 ақпараттық технология құралдарын

1.2 Бағдарламалық қамтамасыздандыру	" бағдарламалық қамтамасыздандыру" түсінігін түсіндіру; 5.1.2.2 Өзіндік сөйлеудің дыбысты мәдениетін бақылауға тырысуды көрсету	6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі қызметтерін атау; 6.1.2.2 сөйлемдердегі термин-сөздерді дұрыс пайдалану	бағдарламалау тілі" түсініктерін ажырату; 7.1.2.2 әртүрлі форматтағы архивтерді құру және қаптау; 7.1.2.3 бірдей ақпаратты сақтаушы әртүрлі форматтардағы файлдардың өлшемдерін салыстыру	8.1.2.1 бағдарламалау жүйесі мен жүйелік, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыздандыруды ажырата алу; 8.1.2.2 талқылау мәтінінің үлгісін құру	қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыздандыруды таңдау; 9.1.2.2 мәндік эквиваленттерді пайдалана отырып, сөздерді түрлендіру	пайдаланып отырып, адамзат қызметінің әртүрлі салаларынан тапсырмаларды шешудің тәжірибесіне ие болу; 10.1.2.2 өзіндік бағалаушы сөздерді жоспарлау, оны мақсатқа сәйкес түзету
1.3 Компьютерлік желілер	5.1.3.1 жалпы қолжетімді файлдарды тарту, өзгерту, орналастыру; 5.1.3.2 оқу диалогын бастау, ауыстыру, аяқтау	6.1.3.1 желісіз байланыстың басымдықтарын түсіндіру; 6.1.3.2 оқу мәтінімен жұмыс жасай алу (талдау, ақпарат алу)	7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу; 7.1.3.2 сөйлеу мәдениетін игеруге тырысуды көрсету	8.1.3.1 желінің өткізушілік қабілеттерін анықтау; 8.1.3.2 паравербалды құралдарды пайдалана отырып, түсіну, нақтылау сұрақтары	9.1.3.1 бұлттық технологияларды пайдалану және құжаттармен бірге жұмыс жасауды мұғалімнің басшылығымен жүзеге асыру; 9.1.3.2 белсенді тыңдау дағдысын игеру	10.1.3.1 бұлттық технологияларды өздігінен пайдалануды және құжаттармен жұмыс жасауды жүзеге асыру; 10.1.3.2 нәтиже түріндегі және қызмет міндеттері мен мақсаттарын қалыптастыра алу

## 2-кесте

Бөлімше	2-бөлім. Ақпараттық процестер					
	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	5.2.1.1	6.2.1.1 мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау; 6.2.1.2 компьютерге арналған барлық	7.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірлігін атау; 7.2.1.2 ақпараттың өлшем бірлігін өзгеге ауыстыруды жүзеге асыру;	8.2.1.1	9.2.1.1	10.2.1.1 ақпараттың нақтылығын бағалау тәсілдері (



8) музыкалық сүйемелдеуде сюжеттік-рөлдік тілдік және қозғалыс ойындары;

9) артикуляциялық праксисті дамытуға бағытталған жаттығулар.

25. Вербальды емес коммуникативті құралдарды және жоғары психикалық функцияларды дамыту үшін арнайы жаттығулар:

1) қол қимылдары, бет қимылы, би қимылдары, музыкалық дыбыстар мен олардың үйлесімі, суреттер мен диаграммалар түріндегі ақпаратты ұсыну;

2) психогимнастика элементтері: қуаныштың, мұңның, таңғалудың, мазасызданудың, үстемдіктің және мимикалық және пантомимикалық позалары – танып білу және көрсету;

3) изотерапия элементтері (түсінік берілген сурет, графикалық диктанттар);

4) тілдік емес дыбыстарды ажырату, кеңістіктегі дыбысты оқшаулау, дыбыстың қайнар көзін анықтау, аспап пен дыбысталудың арақатынасы;

5) қимыл-қозғалыста метрикалық тамыр соғуды және ырғақтық суретті беру.

26. Эмоцияларды тұрақтандыруға және жүйке-психикалық қысымды төмендетуге арналған жаттығулар:

1) органдық музыканы тыңдауды қоса, музыка терапиясы мен ертегі терапиясының белсенді және енжар формалары;

2) эмоционалды күйді реттеу үшін өзін-өзі иландыру формулаларын қолдану; әуеннің сүйемелдеуімен өзіндік толғаныстарды саналы ұғынуды жеңілдету;

3) өзі және өзінің серіктесі үшін музыкалық аспапты таңдаумен музыкалық диалог ("Жаңғырық");

4) аспапқа қол тигізудің әртүрлі сипаты бойынша әртүрлі күші бар дыбыстарды шығару;

5) ауыспалы бұлшық ет қысымы мен босаңсуға арналған жаттығулар.

27. Паравербальды (просодикалық) коммуникативті құралдарды дамытуға арналған жаттығулар: қарқын, ырғақ, екпін, үйлесімділік:

1) шапалақтау, таптау: екпінді буынға, сөзге, "күшті" музыкалық тонға аса қатты шапалақ, екпінсіз буынға – әлсіз шапалақ сәйкес келеді;

2) біртекті заттардың, мысалы әртүрлі көлемдегі моншақтардың көмегімен сызықтық ырғақтық сызбаларды, көлемді ырғақтық модельдерді құрастыру;

3) тілдік немесе екпіндік сүйемелдеумен және онсыз ырғақтық суретті шапалақтап көрсету;

4) қозғалыста және бір дауыстың күші мен биіктігін сигнал бойынша өзгерту;

5) арнайы символдарды қолданып мәтіндерді нотаға түсіру;

6) екпіндік және ырғақтық диктанттар;

7) сахналауды, диалогты және полилогты ойнау (музыкалық материалда – қиял бойынша);

8) сызықтың көмегімен әуендетітін дыбысты метрикалық түрде көрсету; оның ұзақтығы мен модуляциясы;

9) әуенді тану, әуенді орындау барысында жіберілген қателіктерді көрсету.

28. Мағыналық компонентті дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулар:

1) қойылған мақсатқа сәйкес, сазгердің шығармашылығы туралы ақпаратты тыңдалған мәтіннен анықтап табу;

2) музыкатану саласындағы термин-сөздердің сөздік өзгеруін дыбыстық-буындық және семантикалық талдау, түсіндіру, жаттықтыру;

3) тыңдалған мәтін (ән) негізінде сұрақтарды қою және жауаптарды құрастыру;

4) тыңдалған мәтіндік немесе музыкалық материалдың негізінде жеке әсерлері бойынша пікірлер мен әңгімелерді құрастыру: сөздік суреттеу/сипаттау;

5) музыкалық шығарманың сюжетіндегі оқиғалардың бірізділігін қалпына келтіру, әрекет ететін тұлғалардың әрекетін және оқиғаларды бағалау.

29. Қолданылатын оқытудың әдістері мен тәсілдері:

1) ұзақтығы он минуттан аспайтын музыканы үздіксіз тыңдау кезеңінде: музыкалық шығарманы тыңдағаннан кейін, оны талдауға көшеді, бұл білім алушылардың белсенді қатысуымен, оларды зейінін музыкалық мәнерлі құралдарға аударумен (қарқын, динамика, регистр, әуеннің сипаты, орындаушылар құрамы, шығарманың формасы) және оқытудың техникалық құралдары мен алуан түрлі оқу құралдарын қолданумен орындалады, бұл өз кезегіндегі білім алушылардың симфониялық оркестрдің, аспаптық және вокальды-хор музыкасының дыбысталуынан алған есту әсерлерін түрлендіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

2) қайта жаңғырту кезеңінде: сөйлеу тілінің күрделі кемістігі бар білім алушылар вокальды-хор біліктері мен дағдыларын меңгереді, өз бетімен шығармаларды, вокальды және хор импровизацияларын жаттау және орындау барысында музыкалық бейнелерді қайта жаңғырту үшін, мәнерліліктің орындаушылық құралдарын іздеуді жүзеге асырады, сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз ән салуда, бір дауыста және екі дауыста, нота жазбасына бағдарлап ән салуда өзін-өзі көрсету дағдыларын меңгереді.

30. Сөйлеу тілінің күрделі кемістігі бар білім алушылармен арнайы түрде ұжымдық ән салу техникасы дағдыландырылады: балеринаның қалпына тұрып, ішпен терең тыны салу, демді ұстап тұру, дыбысты айта отырып, толықтыныс шығару қуатын қолдану, "дыбыстың жоғары қарай алтын жіппен кететінін" елестету; дауысты дыбыстаудың биіктігі ән салушы үшін қолайлы болу қарастырылады, ұзақтығы – толық тыныс шығарғанға дейін, бір дауысты салу уақыты - 15 секунд.

31. Хормен ән айтудың сөйлеу тілінің күрделі кемістігі бар білім алушылар үшін үлкен коррекциялық маңызы болады: вокальды-хор дағдыларын дамытып, көпшілік білім алушыларда есту зейінінің жеткіліксіздігі тыныс алу мен дауыстың арасындағы тепе-теңдіктің жеткіліксіз болатыны ескеріледі, соған байланысты ән салуға үйрету дұрыс ән айту бағдарынан басталады: тік тұру (немесе отыру), ешбір қысымсыз, иықты артқа қарай жіберу, бұл фонациялық тыныс алуды дамыту және ән салу дауысын қалыптастырады.

32. Балалар даусын қалыптастыру және қорғау маңызды міндет болып саналады: сөйлеу тілінің күрделі кемістігі бар білім алушыларға әнді іріктеуде олардың психофизиологиялық және тілдік дамуындағы бұзылыстардың сипаты есепке алынады, соңғы шарты вокальды және тілдік материалды іріктеу анықтайды.

33. Ән айтуға үйретуді күрделендіру әндер мен жаттығуларды таңдаудағы бірізділікті сақтаумен бірте-бірте жүргізіледі; арнайы вокальды жаттығулар – әндетулер, еркін дауыс шығару мен дауыс беруді, тыныс алу мен дауыстың бұлшық еттің үйлестірілген жұмысын, дыбыстардың қалыптасқан (логопедиялық сабақтарда) артикуляциясын бекітуін қамтамасыз етіп, белгілі ән салу және коррекциялық міндеттерге сәйкес болады.

34. Ән салуға үйрету бойынша жұмыс бірнеше кезеңдерден тұрады: әңгімелескеннен кейін және әнді орындағаннан кейін мәтінге талдау жүргізіледі, содан кейін әннің ырғақтық суреті мәтінді бір мезгілде дыбыстаумен бірге шапалақтау арқылы беріледі; содан кейін – әнді әуендік жаттау жүргізіледі, ол әннің бастамасынан немесе қайырмасынан басталады; мұнда мұғалім қол қимылымен қиын музыкалық сөйлемдерді және жекеленген сөздерді орындауға көмек береді.

35. Сыныптағы әрбір білім алушының жетістіктері есепке алынады: пәндік нәтижелердің жетістіктерін бағалай отырып, мұғалім бесбаллдық жүйені қолданады; білім алушылардың сабақтарға қатынасы, оның тәртібі мен ұмтылысы есепке алынады.

36. Музыкалық әдебиеттер туралы білімдерін бағалауда есепке алынады:

- 1) музыкалық қолаңбектің эмоционалды мазмұнының ашылу деңгейі;
- 2) музыкалық қолаңбекті талдауда өз бетімен ой қорытуы;
- 3) білім алушының қолаңбекті салыстыра алуы және алған білімдерінің негізінде өз бетімен жалпылау алуы.

37. Білім алушылардың тілдік мүмкіндіктерінің шектелуін есепке алып, педагог музыкалық шығарманың мазмұнын талдау барысында эмоционалды, бағыттаушы немесе ұйымдастырушы көмек береді.

38. "Музыка терапияның элементтері" тарауындағы коррекциялық тапсырмалардың орындалуын бағалау үшін баллдық бағалау қолданылмайды, алайда сипаттаушы мотивациялық сипаты бар квалиметриялық бағалау қолданылады.

39. Бағалау критерийлері болып саналатындар: сөйлеу тілінің күрделі кемістігі бар білім алушылардың пәндік, метапәндік және тұлғалық нәтижелерінің білім беру

бағдарламасын меңгеру нәтижелерінің талаптарына сәйкестігі және тұлғалық және метапәндік оқу әрекеттерінің қалыптасу нәтижелерінің динамикасы; мұнда мақсатты болжаудың коррекциялық компонентінің нәтижелеріне жету дәрежесі анықталады.

40. Сабақтың үзінділері немесе сөйлеу тілінің күрделі кемістігі бар білім алушылардың қатысуымен біртұтас музыка сабақтары "Дыбыстық әсер етуге, логиканы , ойын терапиясын және дыбыстың сапасын, күшін және бағытын дамытуға арналған интербелсенді дыбыстық панельді", "Акустикалық қабырғалық тактильді панельді" қолдану арқылы жүргізілуіне сәйкес қолданылады.

41. "Музыкалық талант" ішкі бағдарламасының аясында практикалық тілдік жұмысты ұйымдастыру үшін интербелсенді панельді, үшшамалы аксессуарлар мен текшелерді қамтитын, "Мультимедиялық интербелсенді оқытушы бағдарламалық-әдістемелік кешеннің" электрондық ресурсы барынша кең қолданылады.

42. Тұтығуы және дизартриясы бар балалармен жұмыста, арнайы тыны салу және дауыс жаттығуларын жүргізуде сөйлеуді өзіндік бақылау тұрғысында дыбыстық сигналды визуализациялайтын "Логопедиялық тренажерді" қолдану тиімді болады.

43. Кеңейтілген фразалық сөйлеуді қажетті дәрежеде игермеген білім алушылар, сонымен бірге тұтығуы бар білім алушылар сөйлеуді шектеу кезеңінде "Тілдік коммуникацияны меңгеру және дамытуға арнаған тілдік тренажерді" ассистивті құрылғы ретінде қолданады.

44. Музыка кабинетінде дамытушы және компенсаторлық мультимедиялық құрылғылармен қатар, міндетті түрде қарастырылатын жабдықтар:

1) қабырғалық демонстрациялық, маркерлі, интербелсенді тақталар, жиынтықтары бар компьютер (монитор, жүйелі блок, сабвуфер, колонкалар, микрофон, тышқан, пернетақта, желілік фильтр);

2) музыкалық орталық; топтарда жұмыс істеуге арналған ноутбуктер; бейнекамера; фотоаппарат;

3) музыкалық шығармалар фонотекасы (CD-жинақ): көрнекті отандық және шетелдік сазгерлердің шығармашылығына арналған музыка бойынша аудиожазбалар мен фонохрестоматиялар;

4) опера қойылымдарынан үзінділердің жазбасы бар бейнефильмдер; балет қойылымдарынан үзінділердің жазбасы бар бейнефильмдер; танымал оркестр ұжымдарының жазбасы бар бейнефильмдер; заманауи мюзиклдердің үзінділерінің жазбасы бар бейнефильмдер;

5) әндердің ноталық және поэтикалық мәтіндері; әртүрлі аспаптарда ойнайтын музыканттардың бейнелері; әлемдік музыка мәдениетінің ірі орталықтарындағы суреттер мен картиналардың репродукциясы.

45. "Музыка" пәнінің кабинетін жабдықтауға музыкалық аспаптармен дәстүрлі дидактикалық құралдар жатады.

46. Аудиторияны әмбебап қолдану үшін, сонымен бірге музыкалық жабдықтар мен аудио-, бейнетехниканы еркін қосу үшін электр розеткаларды кабинеттің әртүрлі жерлерінде орналастыру қарастырылады.

### 3 - тарау. "Музыка" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

47. "Музыка" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 6 сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

48. Оқу пәнінің мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Музыка тыңдау, талдау және орындау";
- 2) 2-бөлім "Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру";
- 3) 3-бөлім "Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды презентациялау және бағалау";
- 4) 4-бөлім "Музыка терапия элементтері".

49. "Музыка тыңдау, талдау және орындау" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды :

- 1) музыка тыңдау және талдау;
- 2) музыкалық-шығармашылық іс-әрекет;
- 3) музыкалық сауаттылық негіздері.

50. "Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) шығармашылық ойларды дамыту және материалдарды жинақтау;
- 2) түсіну. Шығарма және импровизация.

51. "Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды презентациялау және бағалау" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

- 1) презентациялау және музыкалық-шығармашылық жұмыстарды бағалау.

52. "Музыка терапия элементтері" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

1) сөйлеу тілінің психологиялық базасын дамыту үшін арналған музыка терапия элементтері;

2) жүйкелік-психикалық қобалжу мен эмоцияны тұрақтандыру үшін арналған музыка терапия элементтері;

3) сөйлеу тілінің кемшіліктерін жою мен алдын алу үшін арналған музыка терапия элементтері.

53. 5-сыныпқа арналған "Музыка" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қазақ халқының музыкалық мұрасы. Қазақ халық әндерінің әуезділігі. Айтыс өнері. Күйдің сиқырлы құдыреті. Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну ;

2) қазақтың дәстүрлі ғұрыптық-тұрмыстық әндері мен заманауи музыка. Қазақтың ұлттық дәстүрі мен салттарының әндік қазыналары. Ғұрыптық-тұрмыстық әндер мен



заманауилық. Халық музыкасын интерпретациялау. Халық музыкасын өңдеу. Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну;

3) әлем халықтарының музыкалық дәстүрлері. Түркі және шығыс халықтарының музыкалық дәстүрлері. Еуропа халықтарының музыкалық дәстүрлері. Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну;

4) музыка тілі – достық тілі. Қазақстан халықтарының музыкасы. Бір шаңырақ астында. Менің Отаным! Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну.

54. 6-сыныпқа арналған "Музыка" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) классикалық музыканың жауһарлары. Органдық музыка. Симфониялық музыка. Опера өнері. Балет өнері. Қазақстанның кәсіби музыкасы. Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну;

2) заманауи музыкалық мәдениет. Эстрадалық музыка. Заманауи музыкалық жанрлар. Джаз музыкасы. Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну;

3) музыка және өнер түрлері. Музыка және поэзия. Музыка және бейнелеу өнері. Музыка және театр. Музыка және кино. Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну;

4) музыка және технология. Музыкалық компьютерлік бағдарламалар. Анимациядағы музыкалар. Дауыс қосу және музыкалық әрлендіру. Жобаны даярлау және құру. Жоба нәтижелерін ұсыну.

#### 4 - тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

55. Бағдарламадағы оқыту мақсаттары кодтық белгімен берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, кодировкада 6.2.1.4: болса, онда "6" – сынып, "2.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірі.

56. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1-кесте

1-бөлім. "Музыка тыңдау, талдау және орындау"		
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 - сынып	6 - сынып
	5.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығармаларды талдау, алгоритмдер мен жадынамаларды пайдаланып, музыкалық мәнерлілік түрлерін, стилін, жанрын және құралдарын анықтау; 5.1.1.2 әлемнің әртүрлі халықтарының музыкалық	6.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығармаларды талдау, олардың түрлерін, стилін, жанрларын анықтау, оның ішінде әртүрлі өнер түрлерімен өзара байланысын педагогтың бағыттаушы көмегімен немесе өз бетімен анықтау; 6.1.1.2 музыкалық аспаптардың дыбысталуын, оркестрдің түрлерін ажырату, оларды топтар бойынша жіктеу;

<p>1.1 Музыка тыңдау және талдау</p>	<p>аспаптарын топтары бойынша жіктеу, оларды әртүрлі контексте салыстыру; 5.1.1.3 құрамы бойынша казактың халық және орыстың халық оркестрінің аспаптарын ажырату; 5.1.1.4 музыкалық шығармалардағы жоғары дыбыстық және динамикалық өзгерістерді алуан түрлі құралдармен қабылдау, саналы ұғыну және беру; 5.1.1.5 классикалық музыканың жанрлары мен түрлерін; айтыс түрлерін, дәстүрлі ән, аспаптық стильдер мен жанрларды анықтау; 5.1.1.6 қолжетімді тілдік құралдарды қолданып, ауызша және жазбаша формада өзінің музыкалық әсерлерін жеткізе білу</p>	<p>6.1.1.3 құрамы бойынша халық аспаптар (қазақ және орыс) симфониялық оркестрінің аспаптарын ажырату; 6.1.1.4 музыкалық шығармалардағы жоғары дыбыстық және динамикалық, қарқынды-ырғақтық өзгерістерді алуан түрлі құралдармен қабылдау, саналы ұғыну және беру; музыканы орындауда жіберілген қателерді байқау; 6.1.1.5 өз республикасының, аймақтың әртүрлі этнос өкілдерінің халықтық музыкалық шығармашылығының жекеленген үлгілерін анықтау; 6.1.1.6 музыка туралы тақырыптарға диалогты бастау, қатарластармен және ата-аналармен концерттер, қойылымдар туралы әсерлерімен бөлісу</p>
<p>1.2 Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет</p>	<p>5.1.2.1 әртүрлі әндерді орындауда көркемдік бейнені беру; 5.1.2.2 әртүрлі әндерді орындауда музыканың сипатын жеткізе білу; 5.1.2.3 қарқынды және ырғақтық суретті сақтау арқылы шулы музыкалық және казактың халық аспаптарында ойнау; 5.1.2.4 музыкалық шығармалардың күрделі емес үзінділерін аспаптарда бірлесіп орындау; 5.1.2.5 музыкалық және әдеби шығармалар топтамасын жинақтау; 5.1.2.6 педагогтың ұйымдастырушы көмегімен канон формасындағы жеңіл әндерді, шағын әуендерді орындау; 5.1.2.7 музыкалық шығармада берілген диапазонда дауыстың акустикалық сипаттамасын ырықты өзгерту</p>	<p>6.1.2.1 көркемдік бейнені және әуеннің сипатын беру арқылы, канонның элементтерін қолданып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау; 6.1.2.2 көркемдік бейнені және әуеннің сипатын беру арқылы, екідауыстылық элементтерін қолданып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау; 6.1.2.3 үлгі бойынша, педагогпен бірлесіп музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы әндерді орындау; 6.1.2.4 музыкалық шығармалардың күрделі емес үзінділерін аспаптарда партиялар және (немесе) бойынша ансамбльде орындау және олардың сипатын жеткізе білу; 6.1.2.5 ән салуда, қарапайым музыкалық аспаптарда, пластикада, сахналауда импровизациялау; 6.1.2.6 педагогтың бағыттаушы көмегімен немесе өз бетімен канон формасындағы жеңіл әндерді, шағын әуендерді орындау ;</p>

		6.1.2.7 дикциялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау арқылы вокальды-хор шығармаларын орындау
1.3 Музыкалық сауаттылық негіздері	<p>5.1.3.1 қарапайым әуендерді тыңдауда нота жазбасында бағдарлануға арналған графикалық белгілер жүйесін қолдану;</p> <p>5.1.3.2 қазақтың дәстүрлі ғұрыптық-тұрмыстық әндерді олардың заманауи интерпретациясымен салыстыру;</p> <p>5.1.3.3 ең аз дегенде екі жанр мен стильдегі шығармалардың мазмұнын, екпіндік-бейнелі мағынасын түсіну;</p> <p>5.1.3.4 дәстүрлі авторлық мектептер мен эстрадалық бағыттағы композиторлардың шығармаларын салыстыру;</p> <p>5.1.3.5 қазақ халқының және әлемнің өзге халықтарының музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау;</p> <p>5.1.3.6 музыкамен байланысты жұмбақтарды шешу;</p> <p>5.1.3.7 музыкаға деген тұрақты саналы ұғынылған қызығушылықты көрсету білу;</p> <p>5.1.3.8 ауызша және жазбаша жұмыстарды орындауда музыкалық терминологияны қолдану</p>	<p>6.1.3.1 қарапайым әуендерді әуендетуде нота жазбасында бағдарлануға арналған графикалық белгілер жүйесін қолдану;</p> <p>6.1.3.2 стилі мен жанры бойынша әртүрлі ән салудың түрлері салыстыру;</p> <p>6.1.3.3 екі және одан көп музыкалық жанр мен стильдегі шығармалардың мазмұнын, екпіндік-бейнелі мағынасын түсіну;</p> <p>6.1.3.4 эстрадалық музыканың жанрлары мен бағыттарын анықтау;</p> <p>6.1.3.5 қазақ халқының және әлемнің басқа халықтарының көркемдік бейнесін құруда музыканың мәнерлі құралдары мен әртүрлі өнер түрлерін салыстыру;</p> <p>6.1.3.6 музыкамен байланысты жұмбақтарды ойдан құрастыру;</p> <p>6.1.3.7 классикалық музыканың жанрлары мен түрлерін анықтау;</p> <p>6.1.3.8 тыңдалған музыка туралы өзінің ой-пікірлері мен сезімдерін түсіндірумен ауызша және жазбаша жұмыстарды орындауда музыкалық терминологияны қолдану</p>

## 2 - кесте

2 - бөлім "Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды құру"		
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 - сынып	6 - сынып
2.1 Идеялар және материал жинау	<p>5.2.1.1 сыныптың, мектептің музыкалық өмірін белсендіру үшін идеяларды ұсыну;</p> <p>5.2.1.2 педагогтың ұйымдастырушы көмегімен музыкалық-шығармашылық жұмысты құру үшін материалды жинау және жоспарлау</p>	<p>6.2.1.1 вербальды емес қолжетімді құралдармен ауданның, қаланың музыкалық өмірін белсендіру үшін идеяларды ұсыну;</p> <p>6.2.1.2 педагогтың бағыттаушы көмегімен музыкалық-шығармашылық жұмысты құру үшін музыкалық материалды жоспарлау және интерпретациялау</p>

2.2 Музыка шығару және импровизация	<p>5.2.2.1 музыкалық мәнерліліктің қолжетімді құралдарын, дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, күрделі емес композицияларды шығару және импровизациялау;</p> <p>5.2.2.2 педагогтың ұйымдастырушы көмегін және компьютерлік бағдарламаларды қолданып, музыкалық композициялардың үзінділерін редакциялау (Алгоритмика, Word, Power point, "Musical talant" of Multimedia Educational Sistem (MES) "Multikid")</p>	<p>6.2.2.1 музыкалық мәнерліліктің қолжетімді құралдарын, дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, 3/4 өлшемдегі композицияларды шығару және импровизациялау (4-8 такт);</p> <p>6.2.2.2 педагогтың бағыттаушы көмегін және компьютерлік бағдарламаларды қолданып, музыкалық композициялардың үзінділерін редакциялау және интерпретациялау (Алгоритмика, Word (ворд), Power poin (пауэр пойнт) "Musical talant (мюзикл) талант" of MES (оф МЭС) "Multikid (мультикид)")</p>
-------------------------------------	---	--

### 3 - кесте

3-бөлім "Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды ұсыну және бағалау"		
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
3.1 Музыкалық-шығармашылық жұмыстарды ұсыну және бағалау	<p>5 - сынып</p> <p>5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен ұсыну, оны критерийлерге сәйкес бағалау және өз жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беру;</p> <p>5.3.1.2 әртүрлі музыкалық-шығармашылық тапсырмаларды шешуде қатарластармен өнімді ынтымақтасу (қарым-қатынас жасау, өзара әрекеттесу);</p> <p>5.3.1.3 авторлар, тыңдаушылар, өзіндік шығармалардың сыншылары рөлінде болу</p>	<p>6 - сынып</p> <p>6.3.1.1 шығармашылық баяндама бағдарламасын көпшілік қауымға ұсыну, оны критерийлерге сәйкес бағалау, жұмысты жақсарту бойынша әртүрлі ұсыныстарды енгізу және талдау;</p> <p>6.3.1.2 өз бетімен ойластырылған әртүрлі көркемдік бейнелерді ансамбльдік, ұжымдық (хор ж"не аспаптық) жүзеге асыруда қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу;</p> <p>6.3.1.3 музыкалық орындаушылық шығармашылықты немесе шығарманы бағалау критерийлерін анықтау</p>

### 4 - кесте

4 бөлім "Музыка терапия элементтері"		
Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	<p>5 - сынып</p> <p>5.4.1.1 әуендетуде тыныс алуды дұрыс бөліп, үлгі бойынша қатты және жай, жоғары және төменгі дауысты баяу және жылдам әуенді тану, содан кейін модельдеу;</p> <p>5.4.1.2 музыкалық сүйемелдеуде тыйым салынған мимикалық және пантомимикалық позаға арналған тапсырмаларды орындау;</p>	<p>6 - сынып</p> <p>6.4.1.1 аспапқа сипаты бойынша алуан түрлі қол тигізудің көмегімен әртүрлі күші бар дыбыстарды шығара білу;</p> <p>6.4.1.2 музыкалық шығарманың сюжетіндегі көңіл-күйлерді, түйсіну сезімдері мен әрекет (оқиға) арасындағы себепті-салдарлы байланысты анықтау;</p>

<p>4.1 Сөйлеудің психологиялық базасын дамытуға арналған музыка терапия элементтері</p>	<p>5.4.1.3 шулы немесе әуендік аспапта (қоңыраулар, барабан, цимбал) ойнау арқылы көңіл-күйді немесе серіктестің мінез-құлқын жеткізе білу; 5.4.1.4 оркестрде музыканы ырғақтық сызбаларда есептеу және орындау: баяу ( I I I I I ), бірқалыпты ( I I I I I I I I I ) және жылдам ( I I I I I I I I I I I I I I ); 5.4.1.5 полифониядағы алуан түрлі аспаптардың дыбысталуын ажырату, кеңістіктегі дыбысты оқшаулау, дыбыстың қайнар көзін анықтау, аспапты оның дыбысталуымен және орналасуымен салыстыру; 5.4.1.6 музыкалық шығарманың контексін түсінуді көрсете білу: тыңдай білу, құлақ тұру, шапалақтау, әуендету, әндету, ән салу, ысқыру, мимикалық позаларда тұру;</p>	<p>6.4.1.3 өзі және серіктестер үшін аспапты таңдап, ырғақтық сызбаларды қолданып, " Музыкалық жаңғырық" ойынын ұйымдастыру және жүргізу; 6.4.1.4 ырғақтық сызбаларды оқу, құрастыру және оларды қарқын мен ырғақ бойынша әуенмен салыстыру; 6.4.1.5 бір орында твист-жүруді орындау: әрбір қадамда бас пен денені бір жаққа қарай бұру, жамбас сүйекті саланы және аяқтарды – қарама-қарсы жаққа бұру, қозғалыс қарқынын әуеннің динамикасы мен қарқынына сәйкес құру; 6 . 4 . 1 . 6 музыкалық-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрлеріне тұрақты қызығушылықты көрсете білу: диалогта музыканттардың тегін, шығармалардың атауларын, стильдің атауларын еске түсіру;</p>
<p>4.2 Эмоцияларды тұрақтандыруға және жүйкелік-психикалық қысымды төмендетуге арналған музыкатерапия элементтері</p>	<p>5.4.2.1 релаксациялық тәсілдерді білу және қолдану: қысыммен контраст бойынша босаңсу, нұсқау бойынша босаңсу, өзін-өзі иландырумен босаңсу; 5.4.2.2 тыныс алу-тыныс шығару жиілігін ырықты төмендету көмегімен қозғалыс және эмоционалды қозуды әлсірету; 5.4.2.3 эмбрион және ат айдаушы позасын қабылдау, еркін тербелістерді, баяу қарқында айналу, әуеннің сүйемелдеуімен бірте-бірте босаңсу үшін сілкіністерді орындау; кинестетикалық материалды қолданып, бұлшық еттерді босаңсыту күйін сезіну; 5.4.2.4 5 минут ішінде үздіксіз органда орындалатын И.С.Бахтың және басқа композиторлардың шығармаларын тыңдау; тыңдау барысында тыныс алу ырғағын басқару; 5.4.2.5 музыкалық шығарманы орындау сәтінде бейнеленген беттің мимикасы бойынша – қызығу, таңғалу, ұялу, қорқу,</p>	<p>6.4.2.1 қиын жағдайларда эмоционалды қысымды және логофобияны түсіруге бағытталған өзін-өзі иландырудың кем дегенде 10 музыкалық формулаларын білу және қолдану; 6.4.2.2 тыныс алу-тыныс шығару жиілігін төмендету және тыныштық күйін иландыру формуласының көмегімен қозғалыс және эмоционалды қозуды әлсірету; 6.4.2.3 пәрмен бойынша бүкіл дененің бұлшық еттерін босаңсытуға және қысымдауға арналған этюдтерді орындау, әуеннің бейнесі, сипаты және көңіл-күйі бойынша пішінді "қыса" және "кеңейтіп жая" білу; 6.4.2.4 әуеннің қарқыны мен ырғағына сәйкес, музыка ырғағымен артикуляция органдары мен көзге арналған гимнастиканы, динмикалық саусақты жаттығуларды, мимикалық және артикуляциялық бұлшық еттерді сылап-сипау; 6.4.2.5 музыкалық шығарманы орындау сәтінде, тікелей</p>

	<p>ашулану сезімдерін анықтау (суретте, фотода, пиктограммада);</p> <p>5.4.2.6 музыкалық шығармадағы әзілді, оқиғаның күлкілі болатынын сезу, адекватты жауап қайтарудың вербальды емес құралдарын бақылау</p>	<p>қарым-қатынаста, нұсқау бойынша кезектестіріп қызығудың, таңғалудың, ұялудың, қорқудың, ашуланудың мимикалық позаларын көрсету;</p> <p>6.4.2.6 музыкалық шығармадағы әзілді, оқиғаның күлкілі болатынын түсіну, адекватты жауап қайтарудың вербальды емес құралдарын қолдану</p>
<p>4.3 Сөйлеудің дамуындағы бұзылыстарды жоюға және алдын алуға арналған музыкатерапия элементтері</p>	<p>5.4.3.1 ауа ағынының күшін реттеумен (тыныс шығарудың ұзақтығы 12 секундқа дейін) ауызбен тыныс шығарумен бағытталған төменгі диафрагмальды тілдік тыныс алуды меңгеру;</p> <p>5.4.3.2 музыкаға салынған сөйлемнің екпініне және үзіліске, мағынасына бағдарланып, басты логикалық тіректі сөзді жеткілікті дауыс күшімен ажырату, есту арқылы тану;</p> <p>5.4.3.3 жеке көрсетулер бойынша жетекші қолдың саусақтарының қозғалысымен сөйлеуді қамтамасыз ету тәсілдерін меңгеру; көрсеткіштер бойынша алуан түрлі техникалардың элементтерін білу және орындау (А.Н.Стрельникова, А.Г.Ипполитова);</p> <p>5.4.3.4 әртүрлі күрделіліктегі речитативті ырғақтардың артикуляциясына тірек жасамай қайта жаңғырту;</p> <p>5.4.3.5 жеке көрсеткіштер бойынша қойылған дыбыстардың айтылуын өзіндік бақылауды сақтау, әндерді орындауда барлық дыбыстарды айқын, дәл дыбыстау, айту (*тілдік аппараттың ауыр органикалық зақымдалуы бар білім алушыларға қатысты емес);</p> <p>5.4.3.6 әуенді баяулатуға және жеделдетуге сәйкес сөйлеуді ырықты баяулату және жеделдету тәсілдерін меңгеру</p>	<p>6.4.3.1 негізінен дауысты дыбыстарға ауыны жұмсап, ән салу және сөйлеу актісінде тыныс алуды дұрыс бөліп, ұтымды дауыс шығаруды меңгеру; тыныс салу және дауыс бұлшық етінің жұмысын үйлестіру білу;</p> <p>6.4.3.2 музыкаға салынған 5-7 сөзден тұратын сұраулы сөйлемдегі басты сөзді дауыспен және үзіліспен ажырату және есту арқылы анықтау;</p> <p>6.4.3.3 музыкалық-шығармашылық өнерде қолданылатын вербальды емес және паравербальды құралдардың әлеуметтік маңызын қолжетімді деңгейде түсіну және түсіндіру білу</p> <p>6.4.3.4 ұяң-қатаң, қатты-жұмсақ дауыссыз дыбыстарды кезектестіріп буындық тізбектерді құрастыру және оларды речитативтерде, әуендерде және вокализдерде орындау;</p> <p>6.4.3.5 белгілі мақсатқа жету үшін қарқынды, күшті, екпінді, ырғақты өз бетімен және үнемі қолдану (өтініш білдіру, көңіл-күйді көрсету, мағынаны нақтылау);</p> <p>6.4.3.6 өзінің артикуляциялық, мимикалық, саусақты және жалпы қозғалыстарында метрикалық пульсацияны және ырғақтық суретті дауыстың қатты атакасымен белгілеу</p>

57. Осы Бағдарлама сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді

жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

58. Сағаттарды бөлу, сонымен қатар тақырыптарды өту реті мұғалімнің еркіне берілген.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптарына арналған "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5- 6 сыныптары үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

1) 5 - сынып:

1-кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан	Қазақтың халық әнінің әуезділігі	5.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығармаларды талдау, алгоритмдер мен жадынамаларды пайдаланып, музыкалық мәнерлілік түрлерін, стилін, жанрын және құралдарын анықтау ; 5.1.1.5 айтыс түрлерін, дәстүрлі ән , аспаптық стильдер мен жанрларды анықтау; 5.1.2.1 әртүрлі әндерді орындауда көркемдік бейнені және музыканың сипатын жеткізе білу; 5.4.1.1 әуендетуде тыныс алуды дұрыс бөліп, үлгі бойынша қатты және жай, жоғары және төменгі дауыстығ баяу және жылдам әуенді тану, содан кейін модельдеу; 5.1.2.3 қарқынды және ырғақтық суретті сақтау арқылы шулы музыкалық және қазақтың халық аспаптарында ойнау
	Айтыс өнері	5.2.1.1 сыныптың, мектептің музыкалық өмірін белсендіру үшін идеяларды ұсыну; 5.2.2.1 музыкалық мәнерліліктің қолжетімді құралдарын, дауысты,

1. Қазақ халқының музыкалық мұрасы		музыкалық аспаптарды қолданып, күрделі емес композицияларды шығару және импровизациялау
	Күйдің сиқырлы құдыреті	5.1.1.2 әлемнің әртүрлі халықтарының музыкалық аспаптарын топтары бойынша жіктеу, оларды әртүрлі контексте салыстыру; 5.1.3.2 қазақтың дәстүрлі ғұрыптық-тұрмыстық әндерді олардың заманауи интерпретациясымен салыстыру; 5.4.2.5 музыкалық шығарманы орындау сәтінде және/немесе музыкалық шығарманы тыңдауда бейнеленген беттің мимикасы бойынша – қызығу, таңғалу, ұялу, қорқу, ашулану сезімдерін анықтау (суретте, фотода, пиктограммада); авторлар, тыңдаушылар, өзіндік шығарманың сыншылары рөлінде болу
	Жобаны даярлау және құру	5.1.3.1 қарапайым әуендерді тыңдауда нота жазбасында бағдарлануға арналған графикалық белгілер жүйесін қолдану; 5.2.1.2 педагогтың ұйымдастырушы көмегімен музыкалық-шығармашылық жұмысты құру үшін материалды жинау және жоспарлау; 5.2.2.2 педагогтың ұйымдастырушы көмегін және компьютерлік бағдарламаларды қолданып, музыкалық композициялардың үзінділерін редакциялау (Алгоритмика, Word, Power point, "Musical talant" of Multimedia Educational Sistem (MES) "Multikid")
	Жобаны даярлау және құру	5.1.3.1 қарапайым әуендерді тыңдауда нота жазбасында бағдарлануға арналған графикалық белгілер жүйесін қолдану; 5.2.1.2 педагогтың ұйымдастырушы көмегімен музыкалық-шығармашылық жұмысты құру үшін материалды жинау және жоспарлау;



		5.2.2.2 педагогтың ұйымдастырушы көмегін және компьютерлік бағдарламаларды қолданып, музыкалық композициялардың үзінділерін редакциялау (Алгоритмика, Word, Power point, "Musical talant" of Multimedia Educational Sistem (MES) "Multikid")
2 - тоқсан		
2. Қазақтың дәстүрлі ғұрыптық-тұрмыстық әндері мен заманауи музыка	Ғұрыптық-тұрмыстық әндер мен заманауилық	5.1.1.4 музыкалық шығармалардағы жоғары дыбыстық және динамикалық өзгерістерді алуан түрлі құралдармен қабылдау, саналы ұғыну және беру; 5.1.2.4 музыкалық шығармалардың күрделі емес үзінділерін аспаптарда бірлесіп орындау
	Халық музыкасын интерпретациялау	5.1.2.5 музыкалық және әдеби шығармалар топтамасын жинақтау; 5.1.3.5 қазақ халқының және әлемнің өзге халықтарының музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау
	Халық музыкасын өңдеу	5.1.1.6 қолжетімді тілдік құралдарды қолданып, ауызша және жазбаша формада өзінің музыкалық әсерлерін жеткізе білу; 5.1.2.6 педагогтың ұйымдастырушы көмегімен канон формасындағы жеңіл әндерді, шағын әуендерді орындау; 5.1.3.6 музыкамен байланысты жұмбақтарды шешу
	Жобаны даярлау және құру	5.1.2.7 музыкалық шығармада берілген диапазонда дауыстың акустикалық сипаттамасын ырықты өзгерту; 5.1.3.7 музыкаға деген тұрақты саналы ұғынылған қызығушылықты көрсету білу; 5.1.3.8 ауызша және жазбаша жұмыстарды орындауда музыкалық терминологияны қолдану
		5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен ұсыну, оны

	Жоба нәтижелерін ұсыну	критерийлерге сәйкес бағалау және өз жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беру; 5.3.1.3 авторлар, тыңдаушылар, өзіндік шығармалардың сыншылары рөлінде болу; 5.4.3.2 музыкаға салынған сөйлемнің екпініне және үзіліске, мағынасына бағдарланып, басты логикалық тіректі сөзді жеткілікті дауыс күшімен ажырату, есту арқылы тану
	Жоба нәтижелерін ұсыну	5.3.1.1 өз жұмысын шығармашылықпен ұсыну, оны критерийлерге сәйкес бағалау және өз жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беру; 5.3.1.3 авторлар, тыңдаушылар, өзіндік шығармалардың сыншылары рөлінде болу; 5.4.3.2 музыкаға салынған сөйлемнің екпініне және үзіліске, мағынасына бағдарланып, басты логикалық тіректі сөзді жеткілікті дауыс күшімен ажырату, есту арқылы тану
3 - тоқсан		
	Түркі және шығыс халықтарының музыкалық дәстүрлері	5.4.2.6 музыкалық шығармадағы әзілді, оқиғаның күлкілі болатынын сезу, адекватты жауап қайтарудың вербальды емес құралдарын бақылау; 5.4.1.2 музыкалық сүйемелдеуде тыйым салынған мимикалық және пантомимикалық позаға арналған тапсырмаларды орындау; 5.4.3.4 әртүрлі күрделіліктегі речетативті ырғақтардың артикуляциясына тірек жасамай қайта жаңғырту; 5.4.3.6 әуенді баяулатуға және жеделдетуге сәйкес сөйлеуді ырықты баяулату және жеделдету тәсілдерін меңгеру
		5.4.2.4 5 минут ішінде үздіксіз органда орындалатын И.С.Бахтың және басқа композиторлардың шығармаларын тыңдау; тыңдау барысында тыныс алу ырғағын басқару; 5.4.1.6 музыкалық шығарманың контексін түсінуді көрсете білу:



	Қазақстан халықтарының музыкасы	<p>5.1.3.4 дәстүрлі авторлық мектептер мен эстрадалық бағыттағы композиторлардың шығармаларын салыстыру;</p> <p>5.4.3.1 ауа ағынының күшін реттеумен (тыныс шығарудың ұзақтығы 12 секундқа дейін) ауызбен тыныс шығарумен бағытталған төменгі диафрагмальды тілдік тыныс алуды меңгеру;</p> <p>5.4.3.3 жеке көрсетулер бойынша жетекші қолдың саусақтарының қозғалысымен сөйлеуді қамтамасыз ету тәсілдерін меңгеру; көрсеткіштер бойынша алуан түрлі техникалардың элементтерін білу және орындау (А.Н.Стрельникова, А.Г.Ипполитова)</p>
5. Өлкетану	Бір шаңырақ астында	<p>5.1.3.5 қазақ халқының және әлемнің басқа халықтарының музыкалық дәстүрлерінің ерекшеліктерін анықтау;</p> <p>5.4.3.2 музыкаға салынған сөйлемнің екпініне және үзіліске, мағынасына бағдарланып, басты логикалық тіректі сөзді жеткілікті дауыс күшімен ажырату, есту арқылы тану;</p> <p>5.4.3.4 әртүрлі күрделіліктегі речетативті ырғақтардың артикуляциясына тірек жасамай қайта жаңғырту</p>

## 2) 6 - сынып:

### 2 - кесте

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Ұзақ мерзімді жоспар бөлімінің мазмұны	Оқыту мақсаттары
1 - тоқсан		
	Органдық музыка	<p>6.1.1.1 тыңдалған музыкалық шығармаларды талдау, олардың түрлерін, стилін, жанрларын анықтау, оның ішінде әртүрлі өнер түрлерімен өзара байланысын педагогтың бағыттаушы көмегімен немесе өз бетімен анықтау;</p> <p>6.1.3.7 классикалық музыканың жанрлары мен түрлерін анықтау;</p> <p>6.1.2.1 көркемдік бейнені және әуеннің сипатын беру арқылы, канонның элементтерін қолданып,</p>

	<p>әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау</p>
Симфониялық музыка	<p>6.2.1.1 вербальды емес қолжетімді құралдармен ауданның, қаланың музыкалық өмірін белсендіру үшін идеяларды ұсыну</p>
Опера өнері	<p>6.1.1.2 музыкалық аспаптардың дыбысталуын, оркестрдің түрлерін ажырату, оларды топтар бойынша жіктеу;</p> <p>6.1.3.2 стилі мен жанры бойынша әртүрлі ән салудың түрлерін салыстыру</p>
Балет өнері	<p>6.1.2.5 ән салуда, қарапайым музыкалық аспаптарда, пластикада, сахналауда импровизациялау;</p> <p>6.4.1.5 бір орында твист-жүруді орындау: әрбір қадамда бас пен денені бір жаққа қарай бұру, жамбас сүйекті саланы және аяқтарды – қарама-қарсы жаққа бұру, қозғалыс қарқынын әуеннің динамикасы мен қарқынына сәйкес құру;</p> <p>6.2.2.2 педагогтың бағыттаушы көмегін және компьютерлік бағдарламаларды қолданып, музыкалық композициялардың үзінділерін редакциялау және интерпретациялау (Алгоритмика, Word (ворд), Power point (пауер пойнт), "Musical talant" of Multimedia Educational Sistem (MES) "Multikid" ("мюзикал талант" оф Мультимедия едукейшнл систем "мультикид"))</p>
Қазақстанның кәсіби музыкасы	<p>6.1.1.3 құрамы бойынша халық аспаптар (қазақ және орыс) симфониялық оркестрінің аспаптарын ажырату;</p> <p>6.1.2.3 үлгі бойынша, педагогпен бірлесіп музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен әртүрлі сипаттағы әндерді орындау;</p> <p>6.1.3.3 екі және одан көп музыкалық жанр мен стильдегі шығармалардың мазмұнын, екпіндік-бейнелі мағынасын түсіну</p>
	<p>6.1.1.4 музыкалық шығармалардағы жоғары</p>

1. Классикалық музыканың жауһарлары

	<p>Жобаны даярлау және құру</p>	<p>дыбыстық және динамикалық, қарқынды-ырғақтық өзгерістерді алуан түрлі құралдармен қабылдау, саналы ұғыну және беру; музыканы орындауда жіберілген қателерді байқау;</p> <p>6.1.2.4 музыкалық шығармалардың күрделі емес үзінділерін аспаптарда партиялар және (немесе) бойынша ансамбльде орындау және олардың сипатын жеткізе білу;</p> <p>6.2.1.2 педагогтың бағыттаушы көмегімен музыкалық-шығармашылық жұмысты құру үшін музыкалық материалды жоспарлау және интерпретациялау;</p> <p>6.2.2.1 музыкалық мәнерліліктің қолжетімді құралдарын, дауысты, музыкалық аспаптарды қолданып, 3/4 өлшемдегі композицияларды шығару және импровизациялау (4-8 такт)</p>
	<p>Жоба нәтижелерін ұсыну</p>	<p>6.1.1.5 өз республикасының, аймақтың әртүрлі этнос өкілдерінің халықтық музыкалық шығармашылығының жекеленген үлгілерін анықтау;</p> <p>6.1.3.5 қазақ халқының және әлемнің басқа халықтарының көркемдік бейнесін құруда музыканың мәнерлі құралдары мен әртүрлі өнер түрлерін салыстыру</p>
<p>2 - тоқсан</p>		
	<p>Эстрадалық музыка</p>	<p>6.1.1.6 музыка туралы тақырыптарға диалогты бастау, қатарластармен және ата-аналармен концерттер, қойылымдар туралы әсерлерімен бөлісу;</p> <p>6.1.2.6 педагогтың бағыттаушы көмегімен немесе өз бетімен канон формасындағы жеңіл әндерді, шағын әуендерді орындау ;</p> <p>6.1.3.6 музыкамен байланысты жұмбақтарды ойдан құрастыру</p>
		<p>6.1.2.7 дикциялық және орфоэпиялық нормаларды сақтау арқылы вокальды-хор шығармаларын орындау;</p>

2. Заманауи музыкалық мәдениет	Заманауи музыкалық жанрлар	6.1.3.8 тыңдалған музыка туралы өзінің ой-пікірлері мен сезімдерін түсіндірумен ауызша және жазбаша жұмыстарды орындауда музыкалық терминологияны қолдану
	Джаз музыкасы	6.3.1.1 шығармашылық баяндама бағдарламасын көпшілік қауымға ұсыну, оны критерийлерге сәйкес бағалау, жұмысты жақсарту бойынша әртүрлі ұсыныстарды енгізу және талдау; 6.4.1.1 аспапқа сипаты бойынша алуан түрлі қол тигізудің көмегімен әртүрлі күші бар дыбыстарды шығара білу; 6.4.3.6 өзінің артикуляциялық, мимикалық, саусақты және жалпы қозғалыстарында метрикалық пульсацияны және ырғақтық суретті дауыстың қатты атакасымен белгілеу
	Жобаны даярлау және құру	6.3.1.2 өз бетімен ойластырылған әртүрлі көркемдік бейнелерді ансамбльдік, ұжымдық (хор және аспаптық) жүзеге асыруда қарым-қатынас жасау және өзара әрекеттесу; 6.4.3.5 белгілі мақсатқа жету үшін қарқынды, күшті, екпінді, ырғақты өз бетімен және үнемі қолдану (өтініш білдіру, көңіл-күйді көрсету, мағынаны нақтылау)
	Жоба нәтижелерін ұсыну	6.3.1.3 музыкалық орындаушылық шығармашылықты немесе шығарманы бағалау критерийлерін анықтау; 6.4.2.5 музыкалық шығарманы орындау сәтінде, тікелей қарым-қатынаста, нұсқау бойынша кезектестіріп қызығудың, таңғалудың, ұялудың, қорқудың, ашуланудың мимикалық позаларын көрсету
3 - тоқсан		
		6.4.2.1 қиын жағдайларда эмоционалды қысымды және логофобияны түсіруге бағытталған өзін-өзі иландырудың кем дегенде 10 музыкалық формулаларын білу және қолдану;

3. Музыка және өнер түрлері	Музыка және поэзия	6.4.1.2 музыкалық шығарманың сюжетіндегі көңіл-күйлерді, түйсіну сезімдері мен әрекет (оқиға) арасындағы себепті-салдарлы байланысты анықтау
	Музыка және бейнелеу өнері	6.4.3.3 музыкалық-шығармашылық өнерде қолданылатын вербальды емес және паравербальды құралдардың әлеуметтік маңызын қолжетімді деңгейде түсіну және түсіндіру білу; 6.4.2.2 тыныс алу-тыныс шығару жиілігін төмендету және тыныштық күйін иландыру формуласының көмегімен қозғалыс және эмоционалды қозуды әлсірету
	Музыка және театр	6.4.2.1 қиын жағдайларда эмоционалды қысымды және логофобияны түсіруге бағытталған өзін-өзі иландырудың кем дегенде 10 музыкалық формулаларын білу және қолдану; 6.4.2.3 пәрмен бойынша бүкіл дененің бұлшық еттерін босаңсытуға және қысымдауға арналған этюдтерді орындау, әуеннің бейнесі, сипаты және көңіл-күйі бойынша пішінді "қыса" және "кеңейтіп жая" білу
	Музыка және кино	6.4.2.4 әуеннің қарқыны мен ырғағына сәйкес, музыка ырғағымен артикуляция органдары мен көзге арналған гимнастиканы, динмикалық саусақты жаттығуларды, мимикалық және артикуляциялық бұлшық еттерді сылап-сипау
	Жобаны даярлау және құру	6.4.1.3 өзі және серіктестер үшін аспапты тандап, ырғақтық сызбаларды қолданып, "Музыкалық жаңғырық" ойынын ұйымдастыру және жүргізу
	Жоба нәтижелерін ұсыну	6.4.1.4 ырғақтық сызбаларды оқу, құрастыру және оларды қарқын мен ырғақ бойынша әуенмен салыстыру
	4 - тоқсан	
		6.4.1.6 музыкалық-шығармашылық



4. Біздің өміріміздегі музыка

Интеллектуалды музыка	<p>іс-әрекеттің алуан түрлеріне тұрақты қызығушылықты көрсете білу: диалогта музыканттардың тегін, шығармалардың атауларын, стильдің атауларын белгілеу</p> <p>6.4.2.6 музыкалық шығармадағы әзілді, оқиғаның күлкілі болатынын түсіну, адекватты жауап қайтарудың вербальды емес құралдарын қолдану</p>
Жанға және демалысқа арналған музыка	<p>6.1.3.4 эстрадалық музыканың жанрлары мен бағыттарын анықтау;</p> <p>6.4.3.1 негізінен дауысты дыбыстарға ауаны жұмсап, ән салу және сөйлеу актісінде тыныс алуды дұрыс бөліп, ұтымды дауыс шығаруды меңгеру; тыныс алу және дауыс бұлшық етінің жұмысын үйлестіру білу;</p> <p>6.4.2.5 музыкалық шығарманы орындау сәтінде, тікелей қарым-қатынаста, нұсқау бойынша кезектестіріп қызығудың, таңғалудың, ұялудың, қорқудың, ашуланудың мимикалық позаларын көрсету;</p> <p>6.4.1.3 ырғақтық сызбаларды қолдану арқылы алуан түрлі ойындарды ұйымдастыру және жүргізу</p>
Музыка және технология	<p>6.4.3.2 музыкаға салынған 5-7 сөзден тұратын сұраулы сөйлемдегі басты сөзді дауыспен және үзіліспен ажырату және есту арқылы анықтау</p>
Дыбыстау және музыкалық безендіру	<p>6.1.3.1 қарапайым әуендерді әуендетуде нота жазбасында бағдарлануға арналған графикалық белгілер жүйесін қолдану;</p> <p>6.4.3.3 музыкалық-шығармашылық өнерде қолданылатын вербальды емес және паравербальды құралдардың әлеуметтік маңызын қолжетімді деңгейде түсіну және түсіндіру білу</p>
	<p>6.1.2.2 көркемдік бейнені және әуеннің сипатын беру арқылы, екідауыстылық элементтерін қолданып, әртүрлі стильдегі және жанрдағы әндерді орындау;</p>

	Жобаны даярлау және құру	6.4.3.4 ұяң-қатаң, қатты-жұмсақ дауыссыз дыбыстарды кезектестіріп буындық тізбектерді құрастыру және оларды речитативтерде, әуендерде және вокализдерде орындау
	Жоба нәтижелерін ұсыну	6.4.3.5 белгілі мақсатқа жету үшін қарқынды, күшті, екпінді, ырғақты өз бетімен және үнемі қолдану (өтініш білдіру, көңіл-күйді көрсету, мағынаны нақтылау); 6.4.3.6 өзінің артикуляциялық, мимикалық, саусақты және жалпы қозғалыстарында метрикалық пульсацияны және ырғақтық суретті дауыстың қатты атакасымен белгілеу

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 510-қосымша

**Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-10 сыныптар үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 5-бабы 14) тармақшасына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің мақсаты ағзаның барлық жүйелерін дамыту, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың дене қасиеттерін және онымен байланысты қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

**3. Міндеттері:**

1) әлемдік және отандық спорттағы жетістіктерді мақтан тұту түрінде жалпы мәдениеттік және қазақстандық азаматтық сәйкестік негіздерін қалыптастыру;

2) қимыл-қозғалыс мәдениетін тәрбиелеу, жалпы дамытушы және сауықтырушы бағыттағы дене жаттығуларының қимыл тәжірибесін негізгі спорт түрлерінің техникалық әрекеттерімен және тәсілдерімен молайту, спорттық-спецификалық икемдер мен дағдыларды дамыту;

3) салауатты және қауіпсіз өмір салты ережелерін меңгерту, білім алушылардың өз денсаулығына ұқыпты қарауды тұрақты түрде қажетсінуі мен талаптануын қалыптастыру;

4) серіктесімен өзара әрекеттесуін, оған бағдарлануын, бірлесіп және жұмыла жұмыс істеуін дамыту, өзінің және серіктесінің іс-әрекетін дұрыс бағалап, ортақ нәтижеге қол жеткізу мүддесі үшін қажетті түзетулер енгізе алуды үйрету;

5) командалық спорт түрлерінде – ортақ мақсатты және оған жету жолдарын жоспарлау, бірлескен жұмыстағы қызмет пен рөлдерді бөлу, қайшылықтарды сындарлы шешу, өзара бақылауды жүзеге асыру біліктерін қалыптастыру;

6) өзінің тұлғалық және дене мүмкіндіктерін іске қоса білу негізінде ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу, мақсатқа жету ынтасын және қиындықтарды жеңіп шығуға дайындығын дамыту.

4. Бағдарлама түзету міндеттерін шешуге бағытталған:

1) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың барлық сенсорлық жүйелерін түзету (көз мөлшерін, кеңістікті және уақытты бағдалауын, сипап сезу және бұлшық ет, кинестетикалық түйсігін дамыту);

2) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың танымдық процестерінің жетіспеушіліктерін дене тәрбиесі шаралары арқылы жеңу, олардың психо-эмоционалдық күйін үйлестіру;

3) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың коммуникативті дағдылары мен коммуникативті қасиеттерін жетілдіру;

4) сөздік қорын байыту, сөйлеу тілінің грамматикалық жағын жетілдіру;

5) сөйлеу тілінің техникалық жағын және дұрыс тыныс алуын жетілдіру;

6) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушыларды өзін-өзі адекватты бағалау мен өзін-өзі реттеу тетіктерін дамыту арқылы мақсатты әлеуметтендіру;

7) дене шынықтыру-сауықтыру іс-әрекетіндегі біліктер мен дағдыларға үйретуде сау сақталған талдағыштарды дамыту және пайдалану.

## **2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Дене шынықтыру пәні төмендегілерге бағытталған:

1) сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары білім алушылардың қозғалыс сферасын дамыту;

2) олардың зиятының және сенсорлық мүмкіндіктерін жетілдіру;

3) ауызша сөйлеу тілін түзету;

4) әлеуметтік оңалту.

6. Бейімделген дене шынықтыруға оқыту құндылыққа бағытталған, іс әрекеттік, тұлғаға бағытталған, сараланған, коммуникативтік, түзету, полисенсорлық тәсілдерге негізделіп жүзеге асырылады:

1) құндылыққа бағытталған тәсіл, ол мақсатты түрде білім алушы тұлғасының әлеуметтік-маңызды құндылықтар жүйесін қалыптастырады, оларды іске асыру күнделікті өмір талаптарына бағынуды қамтиды;

2) тұлғаға бағытталған тәсіл, оның мақсаты әрбір нақты жағдайдағы сөйлеу тілі патологиясының түрі мен формасын ескере отырып оқу процесін дараландыру, білім алушының тұлғасын үйлесімді қалыптастыру және

жан-жақты дамыту, оның психикалық және дене дамуының жеке дара ерекшеліктерін, мінез-құлқының қажеттіліктері мен ынтасын, әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушының шығармашылық күш-жігерінің толық ашылуына жағдай жасау болып табылады;

3) сараланған тәсіл, ол оқу процесін арнайыландыруды және медициналық тексеру мәліметтерін, дәрігерлердің, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация нұсқауларын, Бағдарламаға енгізілген бақылау нормативтерін тапсыруға даярлығын алдын-ала тексеру нәтижелерін ескере отырып, білім алушылардың әртүрлі топтары үшін алуан түрлі жағдай жасауды меңзейді;

4) іс-әрекеттік тәсіл, оның мәні сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың білімді дайын күйінде алуында емес, өзінің табуында, өз оқу іс-әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынуында, оның нормаларын түсініп, қабылдауында, бұл оның білімінің, оқу біліктері мен дағдыларының және кең спектрлі дағдыларының белсенді әрі сәтті қалыптасуына септігін тигізеді;

5) коммуникативтік тәсіл, оның нәтижесі қарым-қатынас жағдаятына сай коммуникативті мінез-құлықты таңдай отырып және тілдік нормалар жүйесін дұрыс пайдалана отырып, өзара әрекеттесу процесінің барысында тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыра алу қабілеті болып табылады;

6) түзету тәсілі оқытудың арнайы технологияларымен және құралдарымен қамтамасыз етіледі, солардың мазмұнында, әдістерінде, әртүрлі ұйымдастырылу түрлерінде көрсетілген, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес оқу ақпаратын ерекше құрылымдау арқылы мұндай балалардың сөйлеу тілін және таным процестерін, моторикасын түзетуге бағытталған;

7) полисенсорлық тәсіл оқу процесі сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың ақпарат алуы үшін сақталған талдағыштарын кеңінен пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, жүзеге асырылуын қамтиды. Полисенсорлық тұғыр қабылдау процесінің молаюына, оның көру, есту, моторлық (кинестетикалық), тактильді, иіс сезу, дәм сезу және вестибулярлық сияқты сақталған талдағыштар негізінде өткізілуіне жағдай жасайды.

7. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың дене тәрбиесі арнайы білім беру ұйымының түзету-дамыту жұмысының аса маңызды құрамдас бөлігіне айналады.

8. Сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар білім алушылардың сөйлеу тілі мен психомоторлық дамуының бұзылыстарын түзету сабағын жүргізудің дәстүрлі әдістемесіне өзгерістер енгізу, төменде келтірілген ұстанымдарды пайдалана отырып, дене тәрбиесінің арнайы тәсілдері мен жалпыға мәлім әдістерін үйлесімді біріктіру арқылы жүзеге асырылады:

1) мұқият іріктелген тапсырмалар мен әрекет түрлерінің көмегімен ынталандыра және дамыта оқыту, соның ішінде пәннің оқу материалында сөйлеу дағдыларын дамыту, психикалық процестерді (сөйлеу, зейін, түйсік, ес, ойлау) түзету;

Оқылым	7.3.1.1 элементтерді ауыстыру, арқылы графемаларды түрлендіру тәсілдерін; әріптер мен буындардың орнын ауыстыру арқылы лексемаларды түрлендіруді меңгеру; 7.3.2.1 демеулік-шылаулық арқылы меңгеру шеңберінде атаулы сөз таптарының сөз өзгерту парадигмаларын тәжірибелік деңгейде меңгеру
Жазылым	7.4.1.1 барлық әріптерді көзі ашық және жабық кезінде жазу; 7.4.1.2 бірдей элементтердің әртүрлі саны бар графемаларды ажырату (п-т,л-м,і-и, и-ш); 7.4.4.1 жат жазу кезінде қазақ тілінің орфографиялық ережелерін сақтау; 7.4.5.2 тұрақты сөз тіркесі, мақал-мәтелі бар мәтіннің негізгі ойын сәйкестендіру
2-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	7.1.1.2 көрген немесе естіген ақпаратқа өз қатынасын бет қимылы арқылы (қуаныш, мұң, таңғалу) білдіру; 7.1.2.1 сөзде және сөз тіркестерінде логокалық екпінді табу және дауыспен білдіру

Тыңдалым және айтылым	<p>7.2.1.3 шығармада бейнелі сөздің орнын түсіну, бағалау;</p> <p>7.2.2.2 2-4 элементтерден құылған буын тіркестерін дауысты, дауыссыз дыбыстарын ауыстыра отырып өзгерту;</p> <p>7.2.4.2 сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру, қолдану олардың тыныс белгілерін білу;</p> <p>7.2.4.3 сөйлемге қатысты берілген білімді қайталап, жинақтау</p>
Оқылым	<p>7.3.1.2 оппозициялық дыбыстарды\әріптерді қамтитын мәтіндерді оқу кезінде саналы, мақсатты бағытталған өзара бақылау мен өзіндік бақылауды іске асыру;</p> <p>5.3.2.2 атаулы сөз таптарын жекеше, көпше түрде, септіктерде қиыстыру шеңберінде сөз өзгерту парадигмаларын тәжірибелік деңгейде меңгеру;</p> <p>7.3.4.1 басқа білім алушының ауызша жауабының мағынасын жылдам меңгеру</p>
Жазылым	<p>7.4.1.3 бірдей элементтері бар, бірақ кеңістікте әртүрлі орналасқан графемаларды ажырату;</p> <p>7.4.1.4 берілген оппозициялық дыбыстар мен буындармен сөз құрастыру;</p> <p>7.4.3.1 түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу, мазмұнын түсіну, жазу;</p> <p>7.4.4.2 кез келген сөйлеу тілінің тәжірибелік жағдайында дауыссыз дыбыстың күмәнді жағдайын анықтауға берілген орфографиялық тапсырманы орындау;</p> <p>7.4.5.3 алдағы мәтіннің негізгі ойын анықтау,- сұрақтарға жауап бере алу: "сен не айтқын келеді? сен бізді немен көндіргің келеді?"</p>
3-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	<p>7.1.2.2 сөзбен берілген нұсқау және үлгі бойынша ақырын, қатты шыққан дауыстың, жоғары немесе төмен тондағы дауыстың үлгісін жасау. сөйлеу кезінде дұрыс тыныс алу</p>
Тыңдалым және айтылым	<p>7.2.2.3 қойылған дыбыстың акустикалық артикуляциялық сипаттамасын білу, артикуляциялық мүшелерінің қажетті қалпын еске түсіріп, көрсете білу;</p> <p>7.2.3.1 зат есімнің жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлерін қолдану</p>
Оқылым	<p>7.3.2.3 оқуға байланысты әртүрлі тапсырмаларды орындау негізінде бағалау;</p> <p>7.3.4.2 орындаған тапсырмалар бойынша оқу әрекетінің табыстылық өлшемдері негізінде өз өзін бағалау</p>
	<p>7.4.1.5 қазақ тілінің барлық дыбыстарын өзбетінше жазуда ажырату;</p> <p>7.4.3.2 графикалық тіректер бойынша мәтін құрастыру;</p>

Жазылым	7.4.5.1 фраза аралық байланыс құралдарын қолдана отырып, 2-3 сөйлемді тізбектеп құрастырып, мәтінге тақырып қою; 7.4.5.4 шығарма мәтініне қатынасты анықтау үшін сұрақтар қою
4-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	7.1.3.1 кейіпкерлердің қылықтарының себептерін түсіндіру, дәлел келтіру; 7.1.3.2 дыбыстар, сөздер, заттарды топтастыру негізіне алынған белгіні анықтау
Тыңдалым және айтылым	7.2.2.4 дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырата білу; 7.2.3.3 омоним, синоним, антоним сөздерін орынды қолдану; 7.2.5.1 оқыған шығармалар бойынша пікір айтуға машықтандырып, дәлелдей, қорытынды жасай білуге үйрету; 7.2.5.2 диалогтық сөйлеу тілін дамыту
Оқылым	7.3.2.4 қағида бойынша жаңа ғылыми мәліметтерді саралау: нені білді, нені енді білді, нені білгісі келді; 7.3.4.1 мәтіннен негізгі ақпаратты анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру; 7.3.5.2 энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу
Жазылым	7.4.2.1 жазбаша сөйлеу тілінде ұяң, қатаң дыбыстары бар пароним сөздерді ажырату; 7.4.5.5 дайын жоспар бойынша мазмұндама жазу; 7.4.5.6 сөздік қолдана отырып орфографиялық қателерін түзету

#### 4) 8-сынып:

##### 4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	8.1.1.1 көрген немесе естіген ақпаратқа өз қатынасын бет қимылы арқылы (қуаныш, мұң, таңғалу) білдіру
Тыңдалым және айтылым	8.2.1.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу; 8.2.2.1 күрделігі әртүрлі ырғақ үлгілерін құру және оқу; 8.2.3.1 етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтарды пайдаланып, сөзозгерту; 8.2.4.1 ауызекі сөйлеу кезінде сапалық сын есімдердің белсенді қолдану
Оқылым	8.3.1.1 ысқырық және ызың, ұяң және қатаң, жуан және жіңішке дыбыстарды айту кезінде артикуляция мүшелері қалпының айырмашылығын атау;

	8.3.3.1 мәнерлеп шапшаң оқу: мәтіннің мазмұны мен мағынасына сәйкес интонация мен сөз қарқыны ( кідіріс, логикалық ойлау дауыс сарыны)
Жазылым	8.4.1.1 нұсқау бойынша кинезиологиялық жаттығуларды орындау: аралас әріптер бейнесін дене қалпымен және жесттермен ұқсастыру, барлық әріптерді жетекші және жетекші емес қолмен жазу
2-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	8.1.1.2 әртүрлі дене тұрысының мағынасын түсіну ("мен өзімді жақсы сезінемін", "менің көңіл күйім жоқ", "мен ойға баттым")
Тыңдалым және айтылым	8.2.1.2 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударып отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау; 8.2.2.2 берілген ырғаққа сәйкес мәтінді таңдау; 8.2.3.2 сан есімнің анықтамасын еске түсіру, мысал келтіру; 8.2.4.2 күрделі синтаксистік құрылымдарды белсенді құру және қолдану
Оқылым	8.3.2.1 ғылыми және көркем мәтіндерді іштей оқу, таныс емес сөздерді белгілеу; 8.3.3.2 мәтін ішінде өткір сөздерді, көркем анықтамалар мен салыстырма сөздерді табу
Жазылым	8.4.1.2 сызықтық және позициялық үлгінің қажеттігі кезінде бірқатарға орналастыра отырып, сөздің дыбыстық-буындық құрамын талдау
3-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	8.1.2.1 сөз тіркестерінің мазмұны, кідіріске, дауыс ырғағына қарай есту арқылы сұрақ білдіретін сөзді тану
Тыңдалым және айтылым	8.2.2.3 дауыссыз дыбыстары қатар келген ( жұмыртқа, сауысқан, домбыра) сөздерді айту кезінде қатар тұрған дауссыздарды бірсарынды айту ; 8.2.3.3 есептік, реттік сан есімдерді ауызекі сөйлеуінде орынды қолдану. есептік және реттік сан есімді ажырата білу; 8.2.4.3 үлгі және сызба бойынша сөйлем құрау
Оқылым	8.3.2.2 атаулы сөз таптарын жекеше, көпше түрде, септіктерде қиыстыру шеңберінде сөз өзгерту парадигмаларын тәжірибелік деңгейде меңгеру; 8.3.3.3 аудио және видео таспаға жазылған балаларға арналған шығармаларды тыңдау. неізгі ойын анықтау; 8.3.3.4 жай және күрделі сөйлемдердің грамматикалық ерекшеліктері ажырату
Жазылым	8.4.2.1 көмекші сөздерді басқа сөздерден ажырату; 8.4.4.1 реферат жазу, сұхбаттасу кезінде орфографиялық және пунктуациялық ережелерді сақтау

4-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	8.1.2.2 әдеби шығармаларда дауыс ырғағы мен эмоциялық құрамдас бөлігінің өз ара байланысын аңғару; 8.1.3.1 дыбыстар, сөздер, заттарды топтастыру негізіне алынған белгіні анықтау
Тыңдалым және айтылым	8.2.1.3 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы (ән мәтіні, хабарлама, жарнама, хабарландыру) көтерілген мәселені түсіну; 8.2.2.4буын үндестігі туралы білімдерін жетілдіру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерінде дұрыс пайдалану; 8.2.5.1 оқыған кітаптарынан білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып ойын жеткізу
Оқылым	8.3.4.1 көркем шығарманы толық қабылдау, оқығанына эмоционалды жауап қайтару; 8.3.4.2 мәтіндегі сөз мағынасының ерекшеліктерін ажырату; 8.3.5.2 энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу
Жазылым	8.4.3.1 атаулы сөз таптарын жекеше және көпше түрде, септікте сәйкестендіру; 8.4.5.1 фраза аралық байланыстың әртүрлі құралдарын қолдана отырып, шығарма тақырыбын ашу(эмоциональді бояу сөздер, төл сөздер, тұспалдау)

## 5) 9-сынып:

### 5-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	9.1.1.1 әрекеттің (оқиғаның, одан кейін сезімдердің, көңіл күйдің) себеп салдарын анықтау; 9.1.1.2 үлгі және сөз нұсқауы бойынша әртүрлі дене тұрысын көрсету ("мен өзімді жақсы сезінемін", " менің көңіл күйім жоқ", "мен ойға баттым")
Тыңдалым және айтылым	9.2.1.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 9.2.2.1 буын тіркестерін дауысты, дауыссыз дыбыстарын ауыстыра отырып өзгерту; 9.2.3.1 сын есімнің шырайлары; 9.2.3.2 ауызекі сөйлеуінде түбірлес сөздерді, қарсы мәндес, мағнасы құсас сөздерді қолдану
Оқылым	9.3.1.1 пароним сөздерде мағынаны ажырататын белгілерді көрсету: ысқырық немесе ызың дыбыс па ; ұяң немесе қатаң жұп дауыссыз ба; ұяң дауыссыз ба; 9.3.3.1 мәтіннің мазмұнын жоспар бойынша, толық, қысқа, теріп айту

Жазылым	9.4.1.1 кинетикалық дисграфияны алдын алу мақсатымен барлық графемаларды, олардың элементтерінің байласынтаарын дұрыс жазуын қадағалау; 9.4.2.1 орфографиялық режимнің ережелерін сақтау (сөйлемде барлық сөздер бөлек жазылады)
2-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	9.1.2.2 шығарманың тақырыбына, басты ойына сай дауыс ырғағын келтіре сөйлеу
Тыңдалым және айтылым	9.2.1.2 мәтінде көтерілген мәселені (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) талдай отырып, негізгі ойды анықтау; 9.2.2.2 буындық құрамы күрделі кезкелген сөздерді анық, тұтас айту (А.К.Маркова бойынша); 9.2.3.3 күрделі сөздердің түрлерін қолдану (біріккен сөздер, құрама сөз, қос сөздер) олардың емлесін қолдану
Оқылым	9.3.2.1 өз бетінше белгіленген грамматикалық белгілерге бағдарлана отырып, қатардағы артық сөзді табу; 9.3.3.2 әдеби сөздің нормаларын сақтай отырып саналы түрде дауыстап дұрыс оқу; 9.3.4.1 кейпкерлердің мінез-құлығының ерекшеліктерін мәтіннен мысал келтіріп, сипаттап беру
Жазылым	9.4.1.2 фонематикалық дисграфияны алдын алу мақсатымен барлық графемаларды, олардың элементтерінің байласынтаарын дұрыс жазуын қадағалау; 9.4.2.2 өз бетінше сөйлеуінде қосымша сөздерді дұрыс қолдану
3-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	9.1.2.1 сөйлемде сұрақ білдіретін сөзді кідіріс және дауыс арқылы білдіру; 9.1.2.3 паравербальді құралдарды (ырғақ, жылдамдық, логикалық екпін, кідіріс) қолдану арқылы сұрақ қою
Тыңдалым және айтылым	9.2.1.3 әлеуметтік-мәдени, ресми-іскери тақырыптарға байланысты диалог, монологтардағы (нұсқаулы, құттықтау, хабарландыру, өмірбаян, жаңалық) көтерілген мәселені талдау; 9.2.3.4 етістіктің шақтарын қолдану; 9.2.2.3 қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтап, сөйлеу
Оқылым	9.3.2.2 көпмағыналы сөздерді мәтінде анықтау, оларды мағынасы ұқсас сөзбен ауыстыру; 9.3.3.3 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау; 9.3.4.2 өзбетінше кейіпкерлерге салыстырма мінездеме беру

Жазылым	9.4.3.1 грамматикалық белгілерге бағдарлана отырып, меңгеру түріндегі сөз тіркестерінде таныс немесе таныс емес зат есім жалғауларының жазылуын анықтау; 9.4.4.1 барлық шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында өз өзін бақылау
4-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	9.1.2.4 жеке көрсеткіштері бойынша тыныс алу жаттығуларын орындау
Тыңдалым және айтылым	9.2.4.1 мектеп және қоғамдық өмір туралы, құрдастарымен, мұғаліммен қарым-қатынасы, сабақтың мазмұны(сыныпта, шеберханада, спортзалында) туралы сөйлемдерді құру және түрлендіру; 9.2.4.2 құрмалас сөйлемнің уақыттық –түрлік ережелерін предикативті бірлікте сәйкестендіруді сақтау; 9.2.5.1 диалогтық сөйлеуін дамыту. сұрақ қоюға жаттықтыру
Оқылым	9.3.2.3 жаңа сөздерді жасау кезінде көптеген сөзжасамдық құралдарды дұрыс қолдану; 8.3.3.4 кейіпкерлердің түрлі эмоциялық жағдайын көрсету; 9.3.5.2 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді алу
Жазылым	9.4.5.1 сөздің астарын түсіну, шығармада ұсынылған өз ұстанымын, өз ойын дәлелдеу

## 6) 10-сынып:

### 6-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаты
1-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	10.1.1.1 эмоциялық шиеленісу мен сөйлеуге қорқу сезімін жеңе білу
Тыңдалым және айтылым	10.2.1.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін, шынайылығын зерттеп, қорытынды жасау; 10.2.2.1 жалпы және ұсақ моторикасын үйлестуруге арналған жаттығуларды нұсқауға сүйеніп орындау; 10.2.3.1 сын есімнің түрлерін білу, шырайларын ажырату, іс жүзінде қолдану
Оқылым	10.3.1.1 шатастыратын дыбыстардың айтылуы мен оқылуын бақылау (жеке көрсеткіштері бойынша);
Жазылым	10.4.1.1 графикалық тәртіптің негізгі ережелерін сақтау
2-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	10.1.1.2 сөйлеу қарқыны реттеуін білу (жылдамдату немесе баяулату); 10.1.2.1 сөйлеу арқылы қатынасқа түсі мәдениетін білу, сақтау

Тыңдалым және айтылым	10.2.1.2 құрбыларын мұқият тыңдап, сұрақ қоя білу; 10.2.3.2 етістіктің түрлерін ажырата білу, мысалдар келтіру, іс жүзінде қолдану
Оқылым	10.3.2.1 тіл ерекшеліктерін меңгеру, қызығушылық таныту; 10.3.2.2 аналогия бойынша оқыған мәтінді мазмұндау; 10.3.3.1 қазақ классиктерінің әдеби шығармаларынан қысқа үзінділерді интонацияларын сақтап, мәнерлеп саналы түрде оқу
Жазылым	10.4.1.2 сөздердің дыбыстық – әріптік құрамын қатесіз жазу; 10.4.3.1 зат есімнің, сын есімнің, есімдіктің, сан есімнің және етістіктің жалғауларына берілген орфографиялық тапсырмаларды анықтама бойынша шешу
3-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	10.1.2.2 алдыға қойған белгілі бір мақсатқа жету үшін сөз қарқынын, ырғағын, дауыс ырғағын қолдану (өтініш білдіру, көңіл күйін байқату, мағынасын дәлелдеу
Тыңдалым және айтылым	10.2.2.2 сөйлеу мәнерлігін сақтау; 10.2.3.3 үстеудің түрлерін ажырата білу, ауызша сөйлеу тілінде қолдану; 10.2.4.1 әртүрлі сөйлем құрастыру, сөйлем мүшелеріне талдау, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу
Оқылым	10.3.2.3 өзінің және сыныптастарының оқуында орфоэпиялық нормаларды және дыбыстарды дұрыс айтуын бақылау; 10.3.3.2 өз бетімен әдеби шығармалардағы кейіпкерлердің сөздерін рөлге бөліп оқу; 10.3.4.1 тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтау;
Жазылым	10.4.2.1 кез келгенсөздің дыбыстық, буындық құрамын қатесіз еске түсіру; 10.4.2.2 сөзжасам, сөзөзгерту дағдыларын еркін қолдану
4-тоқсан	
Қатынастың вербальді және паравербальді құралдары	10.1.2.3 сөйлеу мақсатына қарай сөз тіркестер қатарының ырғағын еске түсіріп қайталау
Тыңдалым және айтылым	10.2.3.4 мәтінде түбірлес сөздерді табу, олардың қай сөз таптарына жататынын анықтау; 10.2.4.2 сөйлеу үлгісін құру; 10.2.4.3 ретсіз берілген сөздерден дұрыс сөйлем құрау; 10.2.5.1 мәтіндегі кейіпкерлер, олардың іс-әрекеті, себеп-салдар бойынша (неге осылай болды?) сұрақтарға жауап беру, ойын жеткізу



Оқылым	10.3.3.3 аудио және видео таспаға жазылған әртүрлі жанырдағы материалды тыңдау. түсіну. қысқаша негізгі ойын жеткізу; 10.3.4.2 мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; 10.3.5.2 ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді алу
Жазылым	10.4.4.1 шығарма, эсседе жазған өз ойын, пікірін дәлелдей білу; 10.4.5.1 әдеби тіл нормаларына сәйкес реттілікпен өзіндік бақылаумен қатар, өз ойын жазбаша білдіру

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 512- қосымша

## **Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Қазақ тілі" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың тілдік базасын кеңейту, сөйлеу тілінің дамуындағы кемістіктердің орнын толтыру; грамматикалық және орфографиялық материалдарды практикалық түрде меңгеру; сөйлеу тілін қарым-қатынас құралы ретінде, танымдық әрекетті түзету және мектептен кейін бейімделуін жеңілдету әдісі ретінде қалыптастыру.

3. Негізгі оқыту міндеттері:

- 1) грамматика бойынша толыққанды білім жүйесін беру;
- 2) білім алушылардың танымдық әрекетіндегі кемістіктерінің орнын толтыруға ықпал ету, жағымды эмоционалды-еріктік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- 3) білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту;
- 4) сөздік қорын байыту және қолданатын грамматикалық құралдар аясын кеңейту;
- 5) сөз байлығын дамыту, жетілдіру;
- 6) сұрақтарға жауап беріп, диалог жүргізу;
- 7) ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу тілін қолдануға үйрету;
- 8) білім алушылардың деңгейіне сәйкес мәтінді дұрыс және саналы оқуға үйрету;

9) тілдің дыбыстық құрамы, грамматика бойынша қарапайым мәліметтер емле ережелері негізінде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру;

10) өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және бірізді жеткізуге үйрету;

11) сабақтарға қызығушылығын арттыру, құрдастармен және ересектермен өзара әрекеттесуге үйрету.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдердің іске асырылуы жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген:

1) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың даму ерекшеліктері мен дайындық деңгейіне білім беру жүйесінің бейімділігі принципі;

2) жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың түзеу-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағытты тұлғаның бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды білдіреді; білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік ықпал ету ақыл-ой кемістігі бар білім алушының тұлғасын дамыту ерекшелігін ескере отырып білім берудің негізгі заңдылықтары мен құрылымын айқындайтын психологиялық ғылымның теориялық қағидаларына негізделеді. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушының тұлғасын дамыту олар жасай алатын әрекетті (заттық-практикалық және оқу) ұйымдастыру сипатымен анықталатындығын мойындауға құрылады;

5) оқытудың практикалық бағыттылығы оқылатын материал мен білім алушылардың практикалық әрекетімен арасындағы өзара тығыз байланысты анықтауды, практикалық-бағдарлық міндеттерді шешу үшін маңызды білім мен біліктерді қалыптастыруды білдіреді;

6) ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға саралап және даралап ықпал ету бағдарлама мазмұнын меңгеру мүмкіндіктерінің әркелкілігінен, әр түрлі типологиялық ерекшеліктері оқу материалын меңгеруде және алынатын білім, білік және дағдылардың сапасынан көрінетін ерекше білім беруге қажеттіліктерін есепке алуды қарастырады. Зерде бұзылыстары бар білім алушылар үшін білім беру процесі 4 типологиялық топты құрайтын педагогикалық жіктелу негізінде іске асырылады ( В.В.Воронкова бойынша): әрбір типологиялық топ үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес, қолжетімді күрделілік пен көлемін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдап алады; оқу жұмысының қарқыны, оқушылардың дербестігі, оқыту тәсілдері мен әдістері түрлендіріледі. Білім алушылардың топтарға

бөлінуі шартты және қозғалмалы. Жіктемелі тәсіл оқытудың жекеленуімен толықтырылады;

7) оқу және практикалық әрекетті арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың төмен танымдық белсенділігі мен ойлаудың талдау және жалпылау қызметінің әлсіздігіне байланысты болады. Мұғалім білім алушылардың танымдық-оқу әрекетін олардың жеке білім алу мүмкіндіктеріне сәйкес ұйымдастырып бағыттайды.

5. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

6. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктеріне баға беру ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Мұғалім Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда білім беру барысында бағалайды. Педагог бақылаушы бағалау әрекетін жүйелі түрде қолданады.

7. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың) және қорытынды бақылау түрінде болады.

8. Ағымдағы бақылау білім алушының әрекетін сабақта бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарын талдау, әрекеттің ұжымдық түрлері көмегімен іске асырылады. Әр сабақтық бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог қолданатын оқыту мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бұндай бақылау білім алушыларға қатысты ынталандырушы және тәрбиелеуші сипатқа ие.

9. Мерзімді бақылау бағдарлама тақырыбы мен бөлімін зерделеп болған соң жүргізіледі. Нақты тақырып шеңберіндегі оқу материалын зерделеу нәтижелері білім алушыларда типологиялық топтар әрқелкі болады.

1-типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) білім алушылары оқу материалы бойынша білімдерді қолдану деңгейінде меңгергенін көрсетеді.

2-типологиялық топ білім алушылары тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3-типологиялық топ білім алушылары тану деңгейінде материалды игере алады және өз білімдерін өзекті етуде мұғалім көмегін талап етеді.

4-типологиялық топ білім алушылары олардың жетістіктерін бағалауды іске асыру шеңберіндегі жеке бағдарлама бойынша білім алады.

10. Қорытынды бақылау жартыжылдық және жылдың соңында жүргізіледі. Педагог әрбір білім алушының даму динамикасы мен табыстылығын талдайды. Мониторинг нәтижелері білім алушылардың жетістіктерінің жиынтық картасында тіркеледі.

11. Бағалау рәсімінің көмегімен педагог алатын ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру процесінде туындайтын қиындықтарға уақытылы және дұрыс әрекеттесуге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмектің мазмұны мен тәсілдерін негіздеп анықтайды.

12. Байланыстырылған жазбаша тіл мен іскерлік хаттар бойынша тапсырмалар оқу пәнінің бағдарламалық материалын оқыту процесінде беріледі.

13. Оқыту пәннің мазмұнымен және құрылымымен анықталатын түзетушілік және практикалық бағытта болады. Бағдарламалық материалдың түзетушілік бағыты, ең алдымен, балалардың тілдік даму саласында көрінеді.

14. Әрбір ақыл-ой кемістігі бар білім алушының оқу материалын жеке қарқында және көлемде меңгеру мен дамыту құқығын іске асыра отырып, мұғалім әр тақырыпты, бөлімді оқыту үшін қажетті уақытты өздігінен анықтайды.

15. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін пән бойынша сабақ сәйкес көрнекі және дидактикалық материалмен қамтамасыз етіледі.

16. Сыныптағы жиһаз түрлі формада (жеке, жұптық және топтық) және түрде жұмыстарды жүргізу мақсатында жеңіл түрде қозғалмалы болуы керек. Білім алушылардың жұмыстарын көрмеге қою және көрнекі құралдар үшін кітап сөрелері мен стендтері ойластырылады.

### **3-тарау. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

17. "Қазақ тілі" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты;
- 2) 6-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 3) 7-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 4) 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 5) 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағатты;
- 6) 10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

18. "Қазақ тілі" оқу пәнінің мазмұны:

1) бағдарлама концентрлік жүйе бойынша құрастырылған, яғни өткен тақырыптар қайталанып, тереңдетіліп кеңейтіліп білім алушылардың білімі жүйеленіп отырады;

2) білім алушылардың өзіне тән қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай мұғалімдер оқу материалдарын білімалушының қабылдау деңгейіне байланысты жеңілдетіп беруге мұқтаж болады;

3) сыныптағы білім алушылардың мүмкіндіктері мен ерекше оқыту қажеттілігіне байланысты тақырыпты меңгеруге қажет сағат санын мұғалім өзі анықтап, жоспарлайды.

19. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Тыңдалым және айтылым";
- 2) 2-бөлім "Оқылым";
- 3) 3-бөлім "Жазылым";
- 4) 4-бөлім "Тілдік нормаларды қолдану".

20. "Тыңдалым және айтылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дыбыс және әріп;

- 2) буын;
- 3) сөз;
- 4) сөз құрамы;
- 5) сөз таптары;
- 6) сөйлем;
- 7) байланыстырып сөйлеу;
- 8) қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру.

21. "Оқылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) ақпаратты түсіну;
- 2) мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу;
- 3) мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату;
- 4) оқылым стратегияларын қолдану;
- 5) әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алу.

22. "Жазылым" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 2) әртүрлі жазба жұмыстарын ұсыну;
- 3) іскерлік хат жазу.

23. "Тілдік нормаларды қолдану" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орфографиялық нормаларды сақтау;
- 2) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 3) пунктуациялық нормаларды сақтау.

24. 5-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық білім мазмұны:

- 1) тыңдалым және айтылым:

дыбыс және әріп: дауыссыз және дауысты; жуан, жіңішке дауысты дыбыстар; қатаң, ұяң, үнді дауыссыздар; "и" дыбысы; и, й әріптерінің емлесі;

буын: буынның түрлері; ашық және бітеу буынның анықтамасы;

сөз: сөз туралы түсінік; сөздің лексикалық мағынасы; мәндел сөздер мағынасы; бір-біріне қарама-қайшы сөздер; көп мағыналы сөздер туралы түсінік;

сөз құрамы: түбір және қосымша, олардың айырмашылығы; қосымшаның жұрнақ, жалғау болып екіге бөлінуі, өзіндік белгілері; түбір сөзбен туынды сөздер;

сөз таптары: сөз таптары туралы жалпы түсінік, зат есім, оның мағынасы; жалқы есім және жалпы есім; зат есімнің жекеше, көпше түрлері, олардың анықтамасы. көптік жалғаулары; зат есімнің септелуі туралы жалпы түсінік; септік жалғауларының сұрақтарын қою арқылы зат есімді өзгерту;

етістік, анықтамасы, сұрақтары; дара (негізгі) және күрделі етістіктерді ажырату;

сөйлем: сөйлем мүшелері: тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері, олардың байланысы; жалаң және жайылма сөйлем, анықтамасы; жалаң мен жайылма сөйлемді ажырата білу;

байланыстырып сөйлеу: әр түрлі мәтін түрлерін аңғарту: әңгімелеу, сипаттау, талқылау; сұрақ бойынша сөйлем немесе әңгіме құрастыру; әртүрлі тақырып бойынша тірек сөздер пайдалана отырып әңгіме құру;

қазақ тілі этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру: мектепте, сыныпта, асханада өзін ұстау ережелерін білу, орындау; үлкендермен сөйлесу мәдениетін білу;

2) оқылым: мәтіндегі негізгі ақпаратты түсіну; белгілі тақырып бойынша жұппен жұмыс тәсілі арқылы бір-біріне сұрақ қойып, жауап беру; мұғалімнің көмегімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу (хабарлама, жарнама, хат); мәтінді түсініп, дұрыс оқу; іштей оқу; мұғалімнің көмегімен балалар энциклопедиясынан қажетті ақпаратты ала білу;

3) жазылым: оқулықтағы жазба жұмыстарын орындай білу; мұғалім ұсынған жоспар бойынша мазмұндама жазу; сурет бойынша әңгіме құрастыру, жазу; 40-45 сөзден тұратын диктант жаза білу; туыстарына, достарына хат жазу, конвертке мекен-жайын дұрыс жазу;

4) тілдік нормаларды қолдану: тақырып бойынша бас әріппен жазылатын атауларды орфографиялық нормаға сай жазу; екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану; сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ, леп белгісі) қолдану.

25. 6-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

дыбыс және әріп: дауыссыз және дауысты; жуан, жіңішке дауысты дыбыстар; қатаң, ұяң, үнді дауыссыздар; "э" дыбысы. э-е дыбыстарын салыстыру. Дыбысталу ерекшеліктері; "в" дыбысы, в-б дыбыстарын салыстыру; "в" дыбысына қатысты сөздердің емлесін меңгеру; ф-п дыбыстарын салыстыру, дыбысталу ерекшеліктері; х, һ дыбыстары, дыбысталу ерекшеліктері, "х, һ" дыбыстарын өзара және қ дыбысымен салыстыру; "ц" дыбысы. ц-с дыбыстарын салыстыру; "ч, щ" дыбыстары, олардың дыбысталу ерекшеліктері;

буын: дыбыс үндестігі туралы түсінік, дыбыстардың бір-біріне әсер етіп өзгеруі; буын үндестігі туралы түсінік, сөздің түбіріндегі дауысты дыбыс қосымшалардың жуан немесе жіңішке болуына ықпал ететінін түсіну;

сөз: дара, күрделі сөз туралы түсінік; біріккен сөз анықтамасы, жиі кездесетін түрлері; кісі аттарын білдіретін біріккен сөздер және олардың емлесі; жер-су және үй жануарларының атын білдіретін біріккен сөздер, олардың емлесі;

сөз құрамы: түбірлес сөздер туралы түсінік, анықтамасы; бір түбірден тараған сөздер; қосымшалардың емлесі; қосымша жалғанғанда түбір сөздің өзгермеуі, қосымшалардың сөздегі соңғы буынмен үндесіп жалғасуы;

сөз таптары: зат есім, негізгі зат есім, оның анықтамасы; туынды зат есім, оның анықтамасы; туынды зат есім жасайтын жұрнақтар; септік жалғаулардың емлесі, жалғауларды тәжірибе жүзінде (үлгі, сұрақ бойынша) меңгеру;

сын есім: сын есімнің мағынасы, сұрақтары; жай шырайдың анықтамасы; салыстырмалы шырайдың анықтамасы; негізгі және туынды сын есім;

сөйлем: тұрлаусыз мүшелер, анықтауыш, пысықтауыш, толықтауыш; сөйлемдегі сөздердің байланысы; сөйлемнің дара және күрделі мүшелері, сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдау;

байланыстырып сөйлеу: ретсіз берілген сөздерден мәтінді ретімен қайта құру; басталған әңгімені жалғастырып, аяқтау; сурет бойынша әңгімені жалғастырып, аяқтау;

қазақ тілінің этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру: мектепте, сыныпта, асханада өзін ұстау ережелерін білу, орындау

2) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну; мәтіннің мазмұны бойынша өзбетімен қарапайым және нақты сұрақ қою, сұраққа жауап беру; хабарландыру, хат, жеделхат, жарнама нұсқаулықтың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; дауыстап, түсініп оқу; іштей оқу; мұғалімнің көмегімен энциклопедиялар, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпаратты ала білу;

3) жазылым: "э, ф, ч, щ" дыбыстарына қатысты сөздердің жазылуын меңгеру; оқулықтағы жазба жұмыстарын орындай білу; 40-45 сөзден тұратын диктант жаза білу; іс-қағаздарды (хабарландыру, жұмысқа алу өтініші, жеделхат) жазу, түбіртек (суға, телефонға, газға) толтыруға жаттықтыру;

4) тілдік нормаларды қолдану: түбір сөздегі дауысты және дауыссыз сөздердің жазылуын тексере білу; екіпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану; сөйлем түрлерін айтылу мақсатына қарай ажырату және сәйкес тыныс белгілерін қолдану.

26. 7-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

дыбыс және әріп: дауысты және дауыссыз дыбыстар түрлерін ажырату, дыбыстық талдау жасау;

буын: буынның түрлерін ажырата білу (ашық, тұйық, бітеу); сөздерді буынға бөлу;

сөз: түбір сөз, туынды сөз. туынды сөз жасайтын жұрнақтар; түбір сөз бен туынды сөзді салыстыру, олардың айырмашылығын білу; туынды, түбірлес сөздерді еске түсіріп, оларды талдай білу;

сөз құрамы: сөз құрамына талдау жүргізу; қосымша түрлерін білу, ажырату, дұрыс қолдануға жаттықтыру; жұрнақ және оның түрлерін ажырату; жалғау және оның түрлерін ажырату;

сөз таптары: сан есім. сан есімнің анықтамасы; есептік және реттік сан есімдерді ажырату. сұрақ қою (неше? нешінші?); етістік, етістіктің анықтамасы; зат есімнің орнына қажет есімдікті қойып, айта білу;

сөйлем: жай сөйлем, жайылма сөйлем; сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері; бірыңғай мүшелерінің интонациясы, тыныс белгілері; бірыңғай мүшелермен сөйлем

құрау, талдау; жай сөйлем мен құрмалас сөйлем; оларды өзара салыстыру, ерекшеліктерін байқату, меңгерту; үлгі және сызба бойынша сөйлем құрату; қаратпа және қыстырма сөз, олардың тыныс белгілері;

байланыстырып сөйлеу: саяхат кезінде көргендері туралы әңгіме құрау; оқыған шығармалар бойынша пікір айтуға машықтандырып, дәлелдей, қорытынды жасай білу; диалогтық сөйлеу тілін дамыту;

қазақ тілінің этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру: мектепте, сыныпта, асханада, көлікте, аулада өзін ұстау ережелерін білу, орындау;

2) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау; мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; қолхат, өтініш, сауалнаманың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату;

3) жазылым: сын есімді қолданып заттарға сипаттама жаза білу; мазмұндама жазу барысында пікір айтуға машықтандырып, дәлелдей, қорытынды жасай білу; оқыған шығармалар, сурет бойынша шығарма жазу; саяхат кезінде көргендері, алған әсерлері, іс-әрекеттері жайында шығарма жазу; 50-55 сөзден тұратын диктант жаза білу; іс-қағаздарды: қабырға газетіне мақала жазу (мазмұндық таңдау, өндірістік практика, мектепте жүргізілген қоғамдық жұмыстар тақырыбында), қолхат, өтініш, сауалнама, өмірбаян толтыруға үйрету; қолхат, өтініш, сауалнама, өмірбаян толтыруға үйрету;

4) тілдік нормаларды қолдану: қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлесі ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу; екпіннің түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану; төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

27. 8-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

дыбыс және әріп: дауысты дыбыстардың түрлерін білу, сөзден оларды ажырату; дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырата білу; сөздерге дыбыстық талдау жасай білу;

буын: буынның түрлерін ажырата білу (ашық, тұйық, бітеу); сөздерді буынға бөлу; тасымалдау ережесін білу; тасымалданбайтын сөздерге мысал келтіру;

сөз: қысқарған сөздер туралы жалпы түсініктер; сөз құрамының бөліктерін білу; шартты белгілерін қолданып, сөз құрамын талдау; біріккен сөздердің анықтамасы, жасалу жолын білу, мысал келтіру; қос сөздердің анықтамасы, түрлерін ажырата білу; қысқарған сөз анықтамасын, емлесін білу, мысалдар келтіру;

сөз құрамы: түбірлес сөздер: әртүрлі сөз таптарына жататын түбірлес сөздер, оларды құрамы бойынша талдау; түбірдің соңғы дыбысы қатаң, ұяң немесе үнді болғанына қарай, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысының өзгеруі;

сөз таптары: сан есімнің анықтамасын еске түсіру, мысал келтіру; есептік және реттік сан есімді ажырата білу; сын есімнің шырайларын білу, ажырату; жай (әдемі), салыстырмалы шырай (әдемірек); күшейтпелі шырай, оның емлесі; сілтеу, сұрау, өздік



есімдіктер; болымды және болымсыз етістік; болымсыз етістіктің жасалуы; етістіктің шақтары (өткен, осы, келер), сұрақтарын білу, ажырату; етістіктің жекеше және көпше түрде жіктелу үлгісі;

сөйлем: құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу тәсілдерін байқату; салалас құрмалас сөйлемдер туралы түсінік; сабақтас құрмалас сөйлемдер туралы түсінік. олардың тыныс белгілері; төл сөз бен төлеу сөз, олардың тыныс белгілері;

байланыстырып сөйлеу: дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру; басталған әңгімені жалғастырып, аяқтау; тірек сөздер бойынша әңгіме құрау;

қазақ тілінің этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру: әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасау дағдысын меңгеру

2) оқылым: мәтіннен негізгі, қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру; мәтіннен негізгі ақпаратты анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру; өмірбаян, жеделхат, сенімхат, арыздың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; дауыстап, түсініп оқу; мәнерлеп оқу; жүгіртіп оқу; іштей оқу; энциклопедия, сөздік, балаларға арналған газет-журналдардан қажетті ақпараттарды алу;

3) жазылым: ережелерді сақтап жазу; сөздерді өзгерте отырып шағын мазмұндама жазу; сурет бойынша шығарманы толықтырып жазу; тірек сөздер бойынша әңгіме құрау, жазу; саяхат кезінде көргендері, алған әсері, іс-әрекеттері жайында шығарма жазу; 55-60 сөзден тұратын диктант жаза білу; іс-қағаздарды: хабарландыру, жұмысқа алу өтініші, жеделхат, өмірбаян, қолхат, сенімхат жазуға, түбіртек (суға, телефонға, газға) толтыруға жаттықтыру;

4) тілдік нормаларды қолдану: қазақ тілінің дыбыстар жүйесін, үндестік заңын, емлесі ерекшеліктерін ескере отырып, орфографиялық нормаға сай жазу; сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану; қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің түрлері мен қызметін (даралаушы) түсіну, дұрыс қолдану.

28. 9-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

дыбыс және әріп: дауысты және дауыссыз дыбыстар; қатаң, ұяң дауыссыздар; дыбыс үндестігі туралы ұғымды қалыптастыру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерінде дұрыс пайдалану; сөздегі дыбыс пен әріп санын, орнын, ретін анықтау ;

буын: буын үндестігі туралы ұғымды қалыптастыру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерінде дұрыс пайдалану;

сөз: қысқарған сөздер туралы жалпы түсінік. бұлардың емлесі; мәтіннен қысқарған сөздерді тапқызу;

сөз құрамы: сөз құрамын талдау; қосымшалардың емлесі;

сөз таптары: зат есімнің түрлері; өтілген жалғау турлерін мәтіннен табу, сөйлеу тәжірибелерінде дұрыс пайдалану; сын есімнің түрлері. олардың емлесі; есімдік: белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері; жинақтық, топтау, болжамдық, бөлшектік сан есімдер туралы түсінік беру; үстеу туралы түсінік; үстеудің мағыналық топтары: мезгіл, мекен сын (бейне), мақсат, күшейткіш, себеп-салдар үстеулері; шылау туралы түсінік, олардың мәні; мен (бен, пен) және да (де), та (те), ма (ме), ба (бе), па (пе), үшін, туралы, дейін (шейін) шылаулары; шылаулардың емлесі; одағай сөздер. олардың мағынасы мен емлесімен танысу; еліктеу сөздер туралы түсінік;

сөйлем: сөйлемнің тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелері; бірыңғай мүшелі сөйлемдер құрастыру; қаратпа сөйлем, олардың тыныс белгілері; құрмалас сөйлемнің тыныс белгілері; үлгі бойынша, өз бетінше сөйлем құрау; бірыңғай мүшелердің интонациясы, тыныс белгілері; сөйлем соңынан қойылатын тыныс белгілері;

байланыстырып сөйлеу: оқыған кітаптарынан білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып ойын жеткізу;

қазақ тілінің этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру: әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасау дағдысын меңгеру;

2) оқылым: мәтін бойынша берілген ақпаратты интерпретациялау; мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға бағытталған нақтылау сұрақтарын құрастыру; өзбетімен түрлі жанрдағы мәтіндерді ажырата білу, мазмұнын түсіну; жүгіртіп оқу; іріктеп оқу; рөлге бөліп оқу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді алу;

3) жазылым: шылаулар мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы. шылаулардың емлесі; мазмұндама жазу; оқыған кітаптарынан білген, көрген, байқаған мағлұматтарды пайдалана отырып творчестволық шығарма жазу; 60-65 сөзден тұратын диктант жаза білу; іс-қағаздарды: жұмысқа орналасуға байланысты қағаздар (өтініші, өмірбаян, қолхат) жаза білу;

4) тілдік нормаларды қолдану: жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазу; сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану; сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

29. 10-сыныпқа арналған "Қазақ тілі" пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым және айтылым:

дыбыс және әріп: дауысты және дауыссыз дыбыстар; қатаң, ұяң дауыссыздар. дыбыс, үндестігі туралы білімдерін жетілдіру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерінде дұрыс пайдалану;

буын: буын үндестігі туралы білімдерін жетілдіру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерінде дұрыс пайдалану;

сөз: сөз құрамының бөліктерін білу. шартты белгілерін қолданып, сөз құрамына талдау мен жинақтау жасау;

сөз құрамы: қысқарған сөздерді мәтіннен табу, мағынасын түсіну, іс-жүзінде пайдалану; антоним, омоним, синоним сөздерді белсенді сөздікте қолдану;

сөз таптары: зат есімнің сөйлемдегі қызметін білу, сөйлем мүшесіне талдау; сөзжасам дағдыларын бекіту, белсенді сөз қорында қолдану; сан есімнің емлесін, сөйлемдегі қызметін білу; сын есімнің түрлерін білу, шырайларын ажырату, іс жүзінде қолдану; етістіктің түрлерін ажырата білу, мысалдар келтіру, іс жүзінде қолдану; етістіктің шақтарын дұрыс қолдану, сұрақ қоя білу; есімдіктің түрлерін ажырата білу, мысалдар келтіру, талдай білу; үстеудің түрлерін ажырата білу, ауызша сөйлеу тілінде қолдану; шылауларды қатыстырып сөйлем құрау, ауызша және жазбаша түрде қолдану, емлесін білу; одағай сөзді қатыстырып сөйлемдер құрастыру, емлесін білу; еліктеу сөздерді қатыстырып сөйлемдер құру, емлесін білу, мәтіннен табу;

сөйлем: сөйлемнің түрлерін ажырату; әртүрлі сөйлем құрастыру, сөйлем мүшелеріне талдау, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу;

байланыстырып сөйлеу: мәтіндегі кейіпкерлер, олардың іс-әрекеті, себеп-салдар бойынша (неге осылай болды?) сұрақтарға жауап беру, ойын жеткізу;

қазақ тілінің этикасын сақтап, сөйлеу мәдениетін меңгеру: әртүрлі жағдайларда өздерін дұрыс ұстап, сыпайы қатынас жасау дағдысын меңгеру;

2) оқылым: сурет бойынша берілген ақпаратты интерпретациялау; мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру; қазақша ауызекі сөйлеу этикеттері мен көркем сөйлеудің құрылымдық және жанрлық ерекшеліктерін ажырату; комментарий жасау; іріктеп оқу ; талдап оқу; ғаламтор, энциклопедия, газет-журналдар, оқулықтардан алынған деректерді қолдану;

3) жазылым: пунктуациялық, орфографиялық нормаға сәйкес дұрыс жаза білу; мазмұндама жаза білу; шағын шығарма жаза білу; 70-80 сөзден тұратын диктант жаза білу; өмірбаян, қолхат, өтініш, арыз, құттықтау, түбіртек толтыру;

4) тілдік нормаларды қолдану: тақырып бойынша жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу; сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану; сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін дұрыс қолдану.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

30. Бағдарламаның мазмұны бөлім бойынша ұйымдастырылған. Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан сөйлеу әрекеттерінің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.5.1.1. кодында "5" – сынып; "5.1" – дағдылар; "1" – оқу мақсатының реттік нөмірі.

31. Күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары бойынша көрсетілген:

1) тыңдалым және айтылым:

1-кесте

Дағдылар	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
1.1 Дыбыс және әріп	<p>5.1.1.1 дауыссыз және дауысты дыбыстар</p> <p>5.1.1.2 жуан, жіңішке дауысты дыбыстар</p> <p>5.1.1.3 қатаң, ұяң, үнді дауыссыздар (б-п; т-д; р-л; н-ң). Олардың емлесі</p> <p>5.1.1.4 "и" дыбысы. и-дің дауысты дыбыс екені, бірде жуан, бірде жіңішке болатыны. и-ді дауыссыз дыбысымен салыстыру и, й әріптерінің емлесі</p>	<p>6.1.1.1 жуан, жіңішке дауысты дыбыстар</p> <p>6.1.1.2 қатаң, ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар</p> <p>6.1.1.3 "э" дыбысы; э - е дыбыстарын салыстыру. Дыбысталу ерекшеліктері</p> <p>6.1.1.4 "в" дыбысы. оның ұяң дауысты дыбыс екендігі. в-б дыбыстарын салыстыру "в" дыбысына қатысты сөздердің емлесін меңгерту</p> <p>6.1.1.5 ф - п дыбыстарын салыстыру, дыбысталу ерекшеліктері</p> <p>6.1.1.6 х , һ дыбыстары, дыбысталу ерекшеліктері</p> <p>6.1.1.7 "х , һ" дыбыстарын өзара және қ дыбысымен салыстыру. Әрқайсысының дыбысталу</p>	<p>7.1.1.1 дауысты және дауыссыз дыбыстар түрлерін ажырату</p> <p>7.1.1.2 дыбыстық талдау жасау</p> <p>7.1.1.3 дыбыстық-әріптік талдау жасау</p>	<p>8.1.1.1 дауысты дыбыстардың түрлерін білу, сөзден оларды ажырату</p> <p>8.1.1.2 дауыссыз дыбыстардың түрлерін ажырата білу</p> <p>8.1.1.3 сөздерге дыбыстық талдау жасай білу</p>	<p>9.1.1.1 дауысты және дауыссыз дыбыстар</p> <p>9.1.1.2 қатаң, ұяң дауыссыздар.</p> <p>9.1.1.3 дыбыс үндестігі туралы ұғымды қалыптастыру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерін де дұрыс пайдалану</p> <p>9.1.1.4 сөздегі дыбыспен әріп санын, орнын, ретін анықтау</p>	<p>10.1.1.1 дауысты және дауыссыз дыбыстар</p> <p>10.1.1.2 қатаң, ұяң дауыссыздар. дыбыс, үндестігі туралы білімдерін жетілдіру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерін</p>

		<p>ерекшелігін ажырату</p> <p>6.1.1.8 "ц" дыбысы. ц - с дыбыстарын салыстыру</p> <p>6.1.1.9 "ч, щ" дыбыстары, олардың дыбысталу ерекшеліктері білу</p>				де дұрыс пайдалану
1.2 Буын	<p>5.1.2.1 буынның түрлері туралы түсінік алу</p> <p>5.1.2.2 ашық буынның анықтамасын білу, мысал келтіру</p> <p>5.1.2.3 тұйық буынның анықтамасын білу, мысалдар келтіру</p> <p>5.1.2.4 бітеу буынның анықтамасын білу, мысалдар келтіру</p>	<p>6.1.2.1 дыбыс үндестігі туралы түсінік. дыбыстардың бір-біріне әсер етіп өзгеруін іс жүзінде байқату</p> <p>6.1.2.2 буын үндестігі туралы түсінік, сөздің түбіріндегі дауысты дыбыс қосымшалардың жуан немесе жіңішке болуына ықпал ететінін түсіну</p>	<p>7.1.2.1 буынның түрлерін ажырата білу (ашық, тұйық, бітеу)</p> <p>7.1.2.2 сөздерді буынға бөлу</p>	<p>8.1.2.1 буынның түрлерін ажырата білу (ашық, тұйық, бітеу)</p> <p>8.1.2.2 сөздерді буынға бөлу</p> <p>8.1.2.3 тасымалдау ережесін білу, тасымалданбайтын сөздерге мысал келтіру</p>	<p>9.1.2.1 буын үндестігі туралы ұғымды қалыптастыру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерін де дұрыс пайдалану</p>	<p>10.1.2.1 буын үндестігі туралы білімдерін жетілдіру, іс жүзінде байқатып, сөйлеу тәжірибелерін де дұрыс пайдалану</p>
	<p>5.1.3.1 сөз туралы түсінікті кеңейту.</p> <p>5.1.3.2 сөздің белгілі бір заттың, құбылысты, сын-сапаның, қимылдың атауы екенін таныту</p> <p>5.1.3.3</p>	<p>6.1.3.1 дара, күрделі сөз туралы түсінік</p> <p>6.1.3.2 біріккен сөз анықтамасы,</p>	<p>7.1.3.1 түбір сөз, қосымша, жалғау, жұрнақ</p> <p>7.1.3.2 туынды сөз.</p> <p>7.1.3.3 туынды сөз</p>	<p>8.1.3.1 қысқарған сөздер туралы жалпы түсініктер</p> <p>8.1.3.2 сөз құрамының бөліктерін білу</p> <p>8.1.3.3</p>		

1.3 Сөз	тілдік мысалдар арқылы сөздің лексикалық мағынасын білдіру 5.1.3.4 мән-дес сөздер мағынасы 5.1.3.5 бір-біріне қарама-қайшы сөздер 5.1.3.6 көп мағыналы сөздер туралы түсінік. Бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалатынын аңғарту	жиі кездесетін түрлері 6.1.3.3 кісі аттарын білдіретін біріккен сөздер және олардың емлесі 6.1.3.4 жер-су және үй жануарларының атын білдіретін біріккен сөздер, олардың емлесі	жасайтын журналдар 7.1.3.3 түбір сөз бен туынды сөзді салыстыру, олардың айырмашылығын білу 7.1.3.4 туынды, түбірлес сөздерді еске түсіріп, оларды талдай білу	шартты белгілерін қолданып, сөз құрамына талдау 8.1.3.4 біріккен сөздердің анықтамасы, жасалу жолын білу, мысал келтіру 8.1.3.5 қос сөздердің анықтамасы, түрлерін ажырата білу 8.1.3.6 қысқарған сөз анықтамасын, емлесін білу, мысалдар келтіру	9.1.3.1 қысқарған сөздер туралы жалпы түсінік. бұлардың емлесі 9.1.3.2 мәтіннен қысқарған сөздерді тапқызу	10.1.3.1 сөз құрамының бөліктерін білу. шартты белгілерін қолданып, сөз құрамына талдау мен жинақтау жасау
1.4 Сөз құрамы	5.1.4.1 түбір және қосымша. олардың бір-бірінен айырмашылығы 5.1.4.2 қосымшаның журнал, жалғау болып екіге бөлінуі. әрқайсысының өзіндік белгілері, қызметі 5.1.4.3 сөздерді сөз құрамына байланысты талдау, түбір сөз бен туынды сөздерді мысалдар арқылы салыстыру	6.1.4.1 түбірлес сөздер туралы түсінік, анықтамасы 6.1.4.2 бір түбірден тараған сөздерді таныту 6.1.4.3 қосымшалардың емлесі. Қосымша жалғанғанда түбір сөздің өзгермеуі, қосымшалардың сөздегі соңғы буынмен үндесіп жалғасуы	7.1.4.1 сөз құрамына талдау жүргізу 7.1.4.2 қосымша түрлерін білу, ажырату, дұрыс қолдануға жаттықтыру 7.1.4.3 журнал және оның түрлерін ажырату 7.1.3.4 жалғау және оның түрлерін ажырату	8.1.4.1 түбірлес сөздер: әртүрлі сөз таптарына жататын түбірлес сөздер, оларды құрамы бойынша талдау 8.1.4.2 түбірдің соңғы дыбысы қатаң, ұяң немесе үнді болғанына қарай, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысының өзгеруі	9.1.4.1 сөз құрамын талдау 9.1.4.2 қосымшалардың емлесі	10.1.4.1 қысқарған сөздерді мәтіннен табу, мағынасын түсіну, іс-жүзінде пайдалану 10.1.4.2 антоним, омоним, синоним сөздерді белсенді сөздікте қолдану
						10.1.5.1 зат есімнің сөйлемдегі қызметін білу, сөйлем

4) оқушылардың көрнекі-әрекеттік және көрнекі-бейнелі ойлауы мен ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, жалпылау және жіктеу) дамыту;

5) оқу сабақтарына қызығушылықтарын дамыту, құрдастарымен және ересектермен өзара әрекеттесу біліктілігін дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Құндылықты-бағдарлы, әрекеттік, тұлғалық-бағдарлы, коммуникативті тәсілдер оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, Бағдарламаның жаңа құрылымында көрініс тапты.

5. Оқыту процесінің негізгі талабы ретінде білім алушылардың пәндік білімдері, әлеуметтік және коммуникативті дағдылары, тұлғалық сапаларын меңгеруге ықпал ететін белсенді әрекетін ұйымдастыру болып табылады.

6. Тұлғалық-бағдарлы білім беруді жүзеге асыру, білім беру процесінің барлық қатысушыларының ынтымақтастығының алғышарттарын құрайтын, оқытудың интербелсенді әдістерін қолдануды көздейді.

7. Бағдарлама аймақтық сипаттағы (нысандар, кәсіпорындар, ақпарат көздері) материалдарды қолдануға бағдарланған оқу әрекетін ұйымдастыру арқылы білім алушылардың танымдық және әлеуметтік белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Оқу-тәрбие сипатындағы жобалау әрекеті педагогтың басшылығымен ата-аналармен серіктестікте жүзеге асырылады.

8. Математика пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер, зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруды жүзеге асыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптеріне негізделген.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың түзете-дамытушы бағыты оқу және оқыту әрекетінің арнайы әдістері мен тәсілдері арқылы қамтамасыз етіледі. Ойлау процестерінің енжарлығы, төмен танымдық белсенділік, ойлаудың жалпылау және абстракциялау қызметтерінің әлсіздігі, сөйлеу тілі дамуындағы ауытқулар ескеріледі. Оқушылармен жұмыс барысында олардың еліктеу қабілеттері және көрнекі-әрекеттік ойлауының сақтау мүмкіндіктеріне сүйенеді. Математиканы оқыту, білім алушылардың қабылдау, есте сақтау, сөйлеу және ойлау сияқты

психикалық қызметтерін дамыту үшін жағдайлар жасайды. Басталған жұмысты соңына дейін аяқтау, күш жетерлік қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестікті көрсету біліктілігін қалыптастыруға болады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Оқытудың әлеуметтік-бейімдеуші бағыттағы принципі тұлғаның әлеуметтік дезадаптациясын жоюды көздейді. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысу үшін қажетті мінез-құлық нормаларын меңгеру бойынша арнайы жұмыс қамтылады.

11. Білім алу құралдары ретіндегі ойлау, сөйлеу тілі және коммуникацияны дамыту принципі оқыту және әлеуметтендірудің табысты болуын қамтамасыз ету үшін білім алушылардың сөйлеу тілі, ойлау және қарым-қатынасты дамытудағы қиындықтарының орнын толтыруды қарастырады.

12. Әрекеттік тәсіл принципі білім алушыларды оқыту барысында заттық-практикалық әрекетті жоғары психикалық қызметтердің (қабылдау, сөйлеу, ойлау) сенсомоторлы негізі ретінде қолдануды қамтамасыз етеді, білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігінің орнын толтырады.

13. Дифференциалды және жеке-даралық тәсіл принципі оқу материалын меңгеруде көрінетін және меңгерілетін білім, білік және дағдылардың сапасына әсер ететін, вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен негізделген. Білім беру процесі 4 типологиялық топтарды (В.В. Воронкова бойынша) қамтитын педагогикалық жіктеу негізінде жүзеге асырылады. Білім алушылардың әрбір типологиялық топтары үшін педагог қолжетімді күрделілік пен көлемді есепке алып, білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу материалының мазмұнын іріктейді. Оқу жұмысының қарқындылығы, білім алушылардың өздік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрлендіріледі. Оқушылар топтарға шартты және қозғалмалы түрде бөлінеді. Дифференциалды тәсіл оқытуды дараландырумен толықтырылады.

14. Арнайы педагогикалық басқарудың қажеттілігі принципі. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқу-танымдық әрекеті қиындатылған кезде педагог оқу тапсырмасының табысты орындалуын қамтамасыз ету үшін білім алушылардың әрекетінің жетілмеген компоненті қызметін атқарады. Зияты зақымдалған білім алушыларға математиканы оқыту процесінде арнайы педагогикалық басқарудың психологиялық негізі ретінде П.Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекетін сатылы қалыптастыру теориясы алынады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Педагогикалық міндеттер математиканы оқыту процесін ұйымдастыруда арнайы әдістемелік принциптер негізінде шешіледі. Зияты зақымдалған білім алушыларға жаңа

материал аз көлемде беріледі, бұл абстрактілі математикалық ұғымдардың мәнін түсіну бойынша жеткіліксіз зияткерлік ресурстарымен, білім алушылардың зияткерлік қажудың жоғары болуымен шартталады.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. 5-10 сыныптарда абстрактілі математикалық ұғымдарды қалыптастыруда көрнекі материал және онымен заттық-практикалық әрекет қолданылады. Бұл үлестер мен бөлшектердің қажетті нақты бейнелерін құру, олармен әрекет ету және қайта құру, геометриялық пішіндердің ауданын өлшеу бірліктерін және геометриялық денелердің көлемін құру мен жылдамдық туралы ұғымдарды құруға ықпал етеді.

17. Педагог білім алушылардың сабақтағы практикалық және ақыл-ой жұмысын басқара отырып, оларды өздерінің практикалық немесе ақыл-ой әрекеттері туралы әңгімелеуге ынталандырады. Сөйлеу тілі мен әрекеттің үйлесімі әртүрлі жүзеге асырылады:

1) практикалық немесе ақыл-ой әрекеттері, ұғымдарды қалыптастырудың бірінші сатысында сөйлеу тапсырманы үнсіз орындаудан кейін жүзеге асырылады. Білім алушылар алдымен мұғалімнің бағыттаушы сұрақтарына жауап береді. Сұрақтардың саны біртіндеп азая береді;

2) оқытылатын оқу материалын өңдеудің екінші сатысында білім алушылар өзінің әрекеттерін түсіндіре білуге үйренеді;

3) дағдыны қалыптастырудың үшінші сатысында білім алушы алдымен тапсырманы қалай орындайтыны (есепті шығару, сызба орындау) туралы айтады, және содан соң жұмысты орындайды. Бұл тәсіл ойлаудың дамыған жоспарлаушы қызметіне және тілдік дамудың жақсы деңгейіне, қажетті математикалық терминологияны меңгеруге сүйенеді. Педагог білім алушыларға осындай оқу тапсырмаларын ұсына отырып, олардың жеке-дара мүмкіндіктерін есепке алады.

18. Білім алушылардың жаңа оқу материалын меңгеру процесін жеңілдету үшін "озып кету" педагогикалық стратегиясы қолданылады. Бұл білім алушыларды аса күрделі математикалық материалды қабылдау және меңгеруге бірте-бірте даярлау болып табылады. Дайындық жаттығулары нәтижесінде қалыптасатын дағдылар жаңа ұғымның құрамына енеді. "Озып кету" педагогикалық стратегиясы математика курсының бірқатар тақырыптарына қатысты бағдарламада қамтылған.

19. Оқытылған материалды үздіксіз қайталау және бекітудің қажеттілігі меңгерілген білім мен дағдылардың тез ұмытылуымен түсіндіріледі. Математиканың әрбір сабағында қайталау үшін уақыт бөлінеді. Педагог өз бетімен қайталау ретінде сабаққа қандай материалды енгізудің қажеттілігін анықтайды. Бұл таңдау сынып оқушыларының оқу материалын меңгеру ерекшеліктерімен анықталады. Жаңа тақырыптың негізі болып саналатын материалды қайталау міндетті болып саналады. Бірінші тоқсандағы оқу процесі қайталаудан басталады.

20. Жаңа оқу материалын индуктивті тәсіл арқылы ұсыну қажет, яғни нақты деректерді қарастырудан бастап, жалпыланған қасиетті немесе ұғымды түсіндіруге қарай құрған жөн.

21. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылар қалыптастырылатын ұғымдарды басқа, ұқсас, қарама-қарсы ұғымдардан айрықшалайтын маңызды белгілерін анықтауда қиналады және ұғымдарды ұқсастыруға бейім болады. Оқыту процесінде педагог салыстыру, теңестіру және қарама-қарсы қою тәсілдерін қолданып, жаңа материалды меңгерудегі олқылықтардың алдын алады.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Математика сабақтарының оқу пәндерімен пәнаралық байланысы болады. Математиканың кәсіптік еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарымен байланысы маңызды. Математика сабақтарында әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау сабақтарында қарастырылатын, кәсіптік-еңбек мазмұны мен жағдаятындағы оқу материалына қатысты "озып кету" жүзеге асырылады. Сабақтарда аталған пәндердің бағдарламалық мазмұнында қарастырылған кәсіптік және тұрмыстық мазмұндағы тапсырмалар және жағдаяттық тапсырмалар қолданылады.

23. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау процесіне қойылатын талаптар ізгіліктендіру идеяларына сәйкес қабылданған.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың математика пәні бойынша оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары, мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру және бағалауын ұйымдастырудағы бірыңғай тәсілдерді жүзеге асыруға бағытталған.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Бағалаушы құралдар ретінде біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар алынады. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалауда тестілеу қолданылмайды.

**Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

26. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелері білім беру процесі барысында бағаланады. Педагогтар жүйелі түрде бақылаушы бағалаушы әрекеттерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



27. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (сабақта), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

28. Ағымдық бақылау білім алушылардың сабақтағы әрекетін бақылау, практикалық және өзіндік жұмыстарын талдау және әрекеттің ұжымдық түрлерін талдау арқылы жүргізіледі. Сабақты бақылау педагогтың оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін қолданатын оқытудың мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бақылаудың ынталандырушы және тәрбиелік сипаты болады.

29. Мерзімді бақылау бағдарламалық тақырып пен тарауды оқытқаннан кейін жүргізіледі. Педагог белгілі тақырып аясында оқу материалын оқыту нәтижелерінің білім алушылардың әртүрлі типологиялық топтарында бірдей болмайтынын түсінеді. 1-типологиялық топтың (В.В. Воронкова бойынша) білім алушылары білімді қолдану деңгейінде оқу материалын меңгергенін көрсетеді. 2-типологиялық топтың білім алушылары тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3-типологиялық топтың білім алушылары тану деңгейінде материалды меңгереді, өз білімдерін өзектілеуде мұғалімнің көмегіне мұқтаж болады. 4-типологиялық топтың білім алушылары жеке бағдарлама бойынша оқытылады, оның аясында олардың жетістіктері бағаланады.

30. Қорытынды бақылау тоқсан және жылдың соңында жүргізіледі. Педагог оқу жылының бойында бақылаған, білім алушылардың дамуының және жетістіктерінің динамикасын талдайды, оның нәтижесі білім алушылардың жетістіктер картасында тіркеледі.

31. Бағалау процесінің көмегімен педагогтың алатын ақпараты, біліктер мен дағдыларды меңгеру процесінде туындайтын қиындықтарға дер кезінде және дұрыс жауап қайтаруға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке-дара көмек берудің тәсілдері мен мазмұнын негіздемелі түрде анықтайды.

32. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін математика сабақтары соған сәйкес көрнекі және дидактикалық материалмен қамтамасыз етіледі.

33. Сыныптағы жиһаз әртүрлі жұмыс формаларын (жеке, жұптық және топтық) және жұмыс түрлерін жүргізу үшін орнынан оңай қозғайтындай болады. Кітап сөрелері, оқушылардың жұмыстарының көрмесіне арналған стендтер және көрнекі құралдарға арналған орындарды қарастырылады.

34. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған математика курсының негізі, натурал сандар, бөлшектер мен негізгі шамалардың арифметикасын құрайды. Оқу курсының центрлік құрылымы оқытылған материалға қайта оралу, олқылықтардың орнын толтыру, білім алушылардың білімдерін қайталау, тереңдету және жүйелеуді қарастырады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### 3-тарау. "Математика" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

35. "Математика" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;
- 6) 10-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды;

36. Осы бағдарламада оқу материалын сыныптар және тоқсандар бойынша бөлу үлгі түрінде болып табылады. Мұғалім оқу материалын білім алушылардың меңгеру ерекшеліктерін ескере отырып бір сыныптан екінші сыныпқа (бір тоқсаннан екінші тоқсанға) ауыстыра алады.

37. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың даму және оқу материалдарын жеке түр мен көлемде меңгеру құқығын жүзеге асыра отыра мұғалім әр тақырып пен тараудың оқытылуына қажет сағаттар санын өздігінен анықтай алады. Оқу материалының келесі тақырыбына өту негіздемесі ретінде бірінші және екінші типологиялық топтардың бағдарламалық материалын меңгеруі алынады. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға әр сыныптың материалын толық көлемде меңгеру талабы қойылмайды.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

38. "Математика" оқу пәні бойынша мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Сандар және шамалар";
- 2) 2-бөлім "Көрнекі геометрия элементтері";
- 3) 3-бөлім "Математикалық модельдеу".

39. "Сандар мен шамалар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) натурал сандар. Бөлшектер;
- 2) сандармен операциялар;
- 3) шамалар және олардың өлшем бірліктері.

40. "Көрнекі геометрия элементтері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) геометриялық пішіндер және олардың жіктелуі;
- 2) геометриялық пішіндерді бейнелеу және құру.

41. "Математикалық модельдеу" бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) есептер;
- 2) математика тілі.

42. 5-сыныпқа арналған "Математика" оқу пәнінің базалық мазмұны:



1) 100-ге дейін толық сандарды қайталау;

2) 1-1000-ға дейінгі сандардың нөмірленуі: құрылуы, жазылуы, оқылуы, жүздіктерді салыстыру. Жүздіктердің сандық қатарда реттілігі. Реттік және есептік сандар (тура, кері, берілген саннан, тең дәрежедегі сандық топтармен). Разряд туралы ұғым. Разрядтар: бірліктер, ондықтар, жүздіктер. Сандардың ондық құрамы. Сандық қатардағы сандардың реттілігі. Сандық қатардың негізгі қасиеттері. Біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы сандар. Жұп және тақ сандар. Сандарды ондық және жүздікке дейін дөңгелету. I-ден XII-ге дейінгі сандарды римдік нөмірлеу. Калькулятор құрылғысы және онымен жұмыс істеу ережелері. Үштаңбалы сандарды калькуляторда көрсету;

3) қосу және азайту: 100-ге дейінгі сандарды қосу және алуды қайталау. 100-ге дейінгі сандарды түрлену барысында ауызша қосу және азайту. 1000-ға дейінгі сандарды разрядтан өту арқылы ауызша алу (алу жоғары түрлерден басталып, мысалдар бір жолға жазылады). Жақшасы бар мысалдарда әрекеттер тәртібі. Сандарды салыстыру. 1000-ға дейінгі сандарды түрге ауыспау барысында жазбаша түрде қосу және азайту (мысалдарды тізбектеп жазу). Қосу және азайтуды тексеру. Қосу мен азайту амалдарының белгісіз құрамдарын табу;

4) көбейту мен бөлу: көбейту мен бөлудің кесте түріндегі мысалдарын қайталау. Сандарды еселеп салыстыру. Көбейту мен бөлуде бір мен нөлдің қасиеттері. 100-ге дейінгі кестеден тыс көбейту мен бөлу. 10 мен 100-ге көбейту. 10 мен 100-ге қалдықсыз және қалдықпен бөлу. Жүздіктерді бір сандарға көбейту және бөлу. Толыққанды үштаңбалы сандарды біртаңбалы санға разрядтан өтпей ауызша есептеу тәсілдерімен бөлу және көбейту. Көбейту мен бөлуді тексеру. Арифметикалық әрекеттерді орындауда калькуляторды қолдану;

5) мәтіндік арифметикалық амалдар: меңгерген түрлерді қосу мен азайтуға қарапайым мәтіндік амалдар, сандарды әртүрлі салыстыруға мәтіндік амалдар. Сандарды еселеп салыстыру, санның бөлігін табуға қарапайым мәтіндік амалдар. Көлемдерді салыстыруға арналған қарапайым мәтіндік арифметикалық амалдар: құны, саны, бағасы; жолы, уақыты мен арақашықтығы. 2-3 әрекетті орындауды талап ететін құрамдас мәтіндік арифметикалық амалдар. Амалды қысқаша түрде жазып алу. Жауабы бар не құрамдас қарапайым амалды шешуді жазып алу. Сандарға керек атауларды жазып алу және есепті шешу амалын жазу;

6) көлемдер мен оларды өлшеу бірліктері: құнның өлшемдері. Құн бірлігі: теңге және тиын. Белгілеулер: теңге – тг., тиын – тн. 1 тг. = 100 тн. арақатынасы. Монеталар мен купюралар: 100 тг., 200 тг., 500 тг., 1000 тг. Оларды майдалау мен ауыстыру. Ұзындық өлшемі. Ұзындық бірліктерін қайталау: миллиметр, сантиметр, дециметр, метр. 1 см = 10 мм, 1 дм = 10 см, 1 м = 10 дм, 1 м = 100 см. арақатынасы. Километр ұзындығының бірлігі. Км. белгісі. 1 км = 1000 м, 1 м = 1000 мм. арақатынасы. Салмақ өлшемі. Салмақ өлшемі бірліктерін қайталау: килограмм, центнер және олардың

арақатынасы. Салмақ бірліктері: грамм, тонна. гр., т. белгілері.  $1 \text{ т} = 10 \text{ ц}$ ,  $1 \text{ т} = 1000 \text{ кг}$ ,  $1 \text{ кг} = 1000 \text{ г}$ . арақатынасы. Гірлер, таразы, олардың қызметі. Таразыны қолдана отыра заттардың салмағын анықтау бойынша практикалық жұмыстар. Уақыт өлшемі. Уақыт өлшемін қайталау – сағат, минут, секунд, тәулік, апта, ай, жыл. Уақыт өлшемдерінің бірліктік арақатынасы. Бір жылдағы күндер саны. Толы жыл. Заттың құны, ұзындығы мен салмағын өлшеуде алған сандарды санау. Заттың құны, ұзындығы мен салмағын өлшеуде алған сандарды ауызша және жазбаша түрде азайту мен қосу;

7) көрнекі геометрия элементтері. Қайталау: нүкте, сызықтар, бұрыштар. Бұрыштар, тіктөртбұрыштар және квадратты сызбалы үшбұрыштың көмегімен құру. Шеңбер мен дөңгелек. Орталық пен радиус. Берілген радиус бойынша циркульдің көмегімен шеңбер сызу. Бұрыштардың түрлері бойынша үшбұрыштарды жіктеу: тік бұрышты, сүйір бұрышты және доғал бұрышты; жақтарының ұзындығы бойынша: тең жақты, тең бүйірлі және әр жақты. Циркуль және сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша үшбұрыштарды құру. Берілген ұзындықтар бойынша сынық сызықты құру. Тікбұрыш, квадрат, іргелес жақтар мен диагональдар. Куб пен дінгек. Төбелер, қырлар мен шекаралар. Геометриялық фигураларды белгілеу үшін латын әліпбиінің кейбір әріптерін қолдану. Кеңістікте геометриялық фигуралардың өзара орналасуы: өздігінен болған, өзара қабысады және бір зат екіншісіне тиесілі;

8) қарапайым бөлшектер: біртұтас, сұйық және сусымалы заттың не санның екіншілік, үшіншілік, төртіншілік және бесіншілік бөліктерінің пайда болуын қайталау. Қарапайым бөлшектердің пайда болуы, бөлшектің бөлгіші мен бөлінгіші, олардың мағынасы. Бірдей бөлгіші мен бөлінгіші бар бөлшекті салыстыру. Ірі және майда бөлшектер. Дұрыс не бұрыс бөлшектер, аралас сандар, оларды салыстыру;

9) 5-сыныптың математика курсы қайталау.

43. 6-сыныпқа арналған "Математика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 1000-ға дейінгі сандарды қайталау;

2) 1-10000-ға дейінгі сандардың нөмірленуі. 1, 10, 100, 1000 сандық бірліктер ретінде. 10 000 жаңа түрлік бірлік ретінде. 10 000 көлемінде сандардың құрылуы, жазылуы, оқылуы, салыстырылуы. Жұп және тақ сандар. Сандық қатардың табиғи түрі мен негізгі қасиеттері. Тең сандық топтармен санау. Сандарды ондық және жүздікке дейін дөңгелету. I-ден XX-ға дейінгі сандарды римдік нөмірлеу;

3) қосу және азайту. 10 000-ға дейінгі сандарды ауызша (жеңіл мысалдар) және жазбаша қосу және азайту. Қосу және алудың бірліктері мен нәтижелерін атау. Қосу мен азайту амалдарын тексеру. Сандарды әртүрлі салыстыру. Калькулятордың көмегімен қосу және азайту;

4) көбейту мен бөлу. Көбейту мен бөлудің кесте және кесте емес түріндегі мысалдарын қайталау. Сандарды 10, 100, 1 000-ға көбейту мен бөлу. Қалдықпен бөлу. 10, 100, 1 000-ға тең болатын сандарды еселеп салыстыру. 10, 100, 1 000-ға бөліну сипаттары. 10 000 көлемінде бірдей сан не дөңгелек ондықтарға жазбаша түрде көбейту

мен бөлу. 2, 3, 5-ке бөліну сипаттары. Көбейту мен бөлуді тексеру. Калькулятордың көмегімен көбейту мен бөлу;

5) мәтіндік арифметикалық амалдар. Меңгерілген түрлердің мәтіндік амалдарын шешу. Сандардың бір не бірнеше бөлігін табуға мәтіндік амалдар. Тік сызықты қарама-қарсы әрекетке мәтіндік арифметикалық амалдар;

6) көлемдер. Заттың құны, ұзындығы мен салмағын 1-2 бірлікпен өлшеуде алған сандарды түрлендіру. Өлшемдер арасындағы тәуелділік: жылдамдық, жол, уақыт; бағасы, саны мен құны. Құны, ұзындығы мен салмағын өлшеуде алған сандарды ауызша және жазбаша түрде алу мен қосу. Заттың құны, ұзындығы мен салмағын 1-2 бірлікпен өлшеуде алған сандарды ауызша және жазбаша түрде азайту мен қосу;

7) көрнекі геометрия элементтері. Кесінділер, оларды қосу мен азайту. Көлем. Кеңістіктегі орын: горизонталды, вертикалды және көлбеу. Деңгей мен тіктеуіш. Түзулердің кеңістіктегі өзара орналасуы: қабысады (перпендикуляр), қабыспайды (параллель). Параллель түзулер арасындағы арақашықтық және оны өлшеу. Сызғыш және сызба үшбұрыштың көмегімен перпендикуляр және параллель сызықтарды құру. Шеңбер, дөңгелек, шеңбер орталығы, радиус, диаметр, хорда мен доға. Берілген радиус бойынша циркульдің көмегімен шеңбер сызу. Радиус пен диаметрді белгілеу:  $R$  пен  $D$ . Сынық сызық. Сынық сызықтың ұзындығын өлшеу. Үшбұрыш, квадрат, тікбұрышты тұйық сынық сызықтың мысалдары ретінде шекаралары. Үшбұрыш, квадрат пен тікбұрыштың периметрі. Периметрді белгілеу:  $P$ . Квадрат, үшбұрыш пен тікбұрыштың периметрін санау формуласы:  $P = 4a$ ;  $P = 2a + 2b$ ;  $P = a + b + c$ . Симметрия мен симметрия өсі. Симметриялы фигуралар. Симметрия өсіне симметриялы орналасқан фигуралар;

8) қарапайым бөлшектер. 5-сыныптың математика материалын қайталау. Қарапайым бөлшектердің негізгі қасиеттері. Бөлшектің түрленуі: бұдан ірі бөліктерде болуы, дұрыс емес бөлшекті аралас санмен алмастыру. Санның бір не бірнеше бөлігінің болуы;

9) ондық бөлшектер. Құрылуы, бөлгіш. Бөлгіші жоқ ондық бөлшекті жазу. Ондық бөлшектердің нөмірлі кестедегі орны. Ондық бөлшектерді бұдан ірі, кіші не бірдей бөліктерде көрсету. Ондық бөлшектердің негізгі қасиеттері. Ондық бөлшектерді салыстыру. Ондық бөлшектер түрінде ( $3\text{ м } 54\text{ см} = 3,54\text{ м}$ ) не толық сандар түрінде ( $3,54\text{ м} = 3\text{ м } 54\text{ см}$ ) ұзындығы, құны мен салмағы белгіленген сандарды жазу. Бірдей бөліктер түріндегі ондық бөлшектерді қосу мен азайту;

10) 6-сыныптың математика курсы қайталау.

44. 7-сыныпқа арналған "Математика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 10 000-ға дейінгі сандарды қайталау;

2) 1-ден 100 000-ға дейінгі сандардың нөмірленуі. 1, 10, 100, 1000, 10000 сандық бірліктер ретінде. 100 000 жаңа разрядтық бірлік ретінде. 100 000 көлемінде сандардың құрылуы, жазылуы, оқылуы, салыстырылуы. Жұп және тақ сандар. Сандық қатардың

табиғи түрі мен негізгі қасиеттері. Тең сандық топтармен санау. Сандарды ондық, жүздік және мыңдыққа дейін дөңгеленту. I-ден XX-ға дейінгі сандарды римдік нөмірлеу;

3) қосу және азайту. 100 000-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша қосу және азайту. Қосу мен азайту амалдарын тексеру. Сандарды әртүрлі салыстыру. Жақшалары бар мысалдардағы әрекеттер тәртібі. Теңестіру. Калькулятордың көмегімен қосу және алу;

4) көбейту мен бөлу. Көбейту мен бөлудің кесте және кесте емес түріндегі мысалдарын қайталау. Сандарды 2, 3, 5 және 10, 100, 1 000-ға бөлу сипаттары. 100 000 көлемінде ауызша және жазбаша түрде көбейту мен бөлу. Көбейту мен бөлуді тексеру. 10, 100, 1000-ға көбейту мен бөлу. Дөңгелек ондықтарға көбейту мен бөлу. Екі белгісі бар санға көбейту. Жақшасы бар және жақшасыз 1- және 2-сатылары бар әрекеттерді орындау тәртібі. Теңестіру. Калькулятордың көмегімен көбейту және бөлу;

5) мәтіндік арифметикалық амалдар. Меңгерген түрлерді қосу мен алу, көбейту мен бөлуге қарапайым мәтіндік амалдар. Мысалдарды салыстыру. Білім алушылардың мысалдарды құрастыруы. Көлемдерді салыстыруға арналған қарапайым мәтіндік арифметикалық амалдар: құны, саны, бағасы; жолы, уақыты мен арақашықтығы. Қарама-қарсы түзу бағыттағы қозғалыс, бір және қарама-қарсы бағыттағы қозғалысқа мәтіндік амалдар. Санның бір не бірнеше бөлігін не орташа арифметикалық белгісін табуға қарапайым мәтіндік амалдар. 2-4 әрекетті орындауды талап ететін құрамдас мәтіндік амалдар;

6) көлемдерді өлшеп, олармен әрекет жасағанда алған сандар. Заттың ұзындығы, құны, салмағы мен уақытын өлшегенде алатын сандарды жаңарту. Көлемдерді өлшегенде алған сандарды ауызша және жазбаша түрде қосу және алу. Көлемдерді бір мағыналы сан, ондықтарды өлшегенде алған сандарға ауызша және жазбаша түрде көбейту мен бөлу, екі мағыналы санға көбейту;

7) көрнекі геометрия элементтері. Сызықтар мен бұрыштарды қайталау. Бұрыштардың түрлері. Градус. Бұрыштарды градусқа өлшеу. Транспортирдің көмегімен бұрыштарды өлшеу және құру. Үшбұрыштар, олардың түрлері. Жанамалы бұрыштар, олардың сомасы. Үшбұрыш бұрыштарының сомасы. Берілген жақтардың ұзындығы және олардың арасындағы бұрыш және бір жағының ұзындығы және бұрыштардың градусты өлшемі бойынша үшбұрышты құрау. Шеңбер мен дөңгелек. Шеңбер орталығы, радиус, диаметр, хорда мен доға. Сектор мен сегмент. Нүкте, шеңбер, кескінді симметриялы белгілер және симметрия ортасы бойынша құру. Квадрат пен тікбұрыш. Квадрат пен тікбұрыштың периметрі. Ромб, параллелограмм. Ромб, параллелограммның периметрі;

8) қарапайым бөлшектер. 5 және 6-сыныптың математика материалын қайталау. Бөлшектің түрленуі: бұдан ірі бөліктерде болуы, дұрыс емес бөлшекті аралас санмен алмастыру. Қарапайым бөлшектердің негізгі қасиеттері. Бөлшекті бұдан ірі бөліктерде

көрсету (қысқарту). Бірдей бөлгіші бар қарапайым бөлшектерді қосу мен азайту. Бөлшекті бірден не толық саннан азайту. Аралас сандарды қосу мен азайту. Санның бір не бірнеше бөлігін табу;

9) ондық бөлшектер. 6-сыныптың материалын қайталау. Ондық бөлшектерді бір мағыналы санға көбейту және бөлу. Санның ондық бөлшегін табу;

10) 7-сыныптың математика курсы қайталау.

45. 8-сыныпқа арналған "Математика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 100 000-ға дейінгі сандарды қайталау; 1, 10, 100, 1000, 10000 сандық бірліктер ретінде;

2) 1-ден 1000 000-ға дейінгі сандардың нөмірленуі. 1 000 000-ға дейін жүздікпен санау. 1 000 000 жаңа түрлік бірлік ретінде. 1 000 000 көлемінде сандардың құрылуы, жазылуы, оқылуы, салыстырылуы. Жұп және тақ сандар. Сандық қатардың табиғи түрі мен негізгі қасиеттері. Сандарды ондық, жүздік, мыңдық және ондаған мыңдыққа дейін дөңгелету. I-ден XXXV-ке дейінгі сандарды римдік нөмірлеу;

3) қосу және азайту. 1 000 000-ға дейінгі сандарды ауызша және жазбаша қосу және азайту. Қосу мен азайту амалдарының белгісіз бірліктерін табу. Сандарды әртүрлі салыстыру. Жақшалары бар мысалдардағы әрекеттер тәртібі. Теңестіру. Калькулятордың көмегімен қосу және азайту;

4) көбейту мен бөлу: біртаңбалы сан, 10, 100, 1000-ға, дөңгелек ондықтар, дөңгелек жүздіктер, мыңдықтың бірліктеріне ауызша және жазбаша түрде көбейту мен бөлу. Екі белгісі бар санға көбейту. Көбейту мен бөлуді тексеру. Көбейту мен бөлудің белгісіз бірліктерін табу. Сандарды бірнеше ретте тексеру. Теңестіру. Жақшасы бар мысалдарда әрекеттер тәртібі. Калькулятордың көмегімен көбейту және бөлу;

5) мәтіндік арифметикалық амалдар. Меңгерген түрлерді қосу мен алу, көбейту мен бөлуге қарапайым мәтіндік амалдар. Әртүрлі қарапайым мәтіндік арифметикалық амалдарды салыстыру. Тіктөртбұрыш (квадрат) периметрі мен алаңын алуға арналған мәтіндік амалдар. Білім алушылардың мысалдарды құрастыруы. 2-4 әрекетті орындауды талап ететін құрамдас мәтіндік амалдар;

6) көлемдерді өлшеп, олармен әрекет жасағанда алған сандар. Заттың ұзындығы, құны мен салмағын өлшегенде алатын сандарды жаңарту. Көлемдерді өлшегенде алған сандарды ауызша және жазбаша түрде қосу және алу, көбейту мен бөлу. Уақыт өлшемі. Жыл, ай мен күнге дейінгі нақты күнтізбелік санды арифметикалық санмен алмастыру арқылы оқиғаның басталу және аяқталу уақытын табу. Конвертацияланатын валюта: доллар, евро. Доллар мен евроның Қазақстан валютасына қатысты курсы;

7) көрнекі геометрия элементтері. Өске және симметрия ортасына қатысты симметриялы кесінді, үшбұрыш, квадратты құру. Көпбұрыштар, олардың периметрі. Фигура алаңы. Алаң бірліктері: квадрат сантиметр, квадрат дециметр, квадрат метр, квадрат миллиметр. S, кв. см; см<sup>2</sup>, кв.дм, дм<sup>2</sup>, кв.м, м<sup>2</sup>, кв.км, км<sup>2</sup>, кв. мм, мм<sup>2</sup> белгілеулері. Квадрат пен тіктөртбұрыштың аландарын өлшеп, табу.  $S = a \times a$ ;  $S = a \times b$

формулаларын практикалық тұрғыдан шығару. Геометриялық денелер: цилиндр, конус, пирамида, шар. Куб, параллелепипед. Қыры, қабырғасы, төбесі бірліктері мен олардың қасиеттері. Жоғары және төменгі негізі, алдыңғы және артқы қырлары, оң және сол бүйірлі қырлары, қабырғалары. Куб пен параллелепипедті айналдыру, олардың модельдерін шығару. Куб пен параллелепипедтің бүйірлі және толық бетінің алаңын шығару;

8) қарапайым бөлшектер. 5-7 сыныптардың математика материалын қайталау. 3-4 арифметикалық амалдардан тұратын қарапайым бөлшектер бар амалдардың тәртібі;

9) ондық бөлшектер. 6-7 сыныптардың материалын қайталау. Ондық бөлшектерді бір мағыналы сан, 10, 100, 1000-ға және дөңгелек ондықтарға көбейту мен бөлу. 3-4 арифметикалық амалдардан тұратын ондық бөлшектер бар амалдардың тәртібі. Ондық бөлшек бойынша санды табу: 0,2, 0,5, 0,02, 0,25, 0,75, 0, 125. Ондық бөлшек түрінде жазылған әрі заттың ұзындығы, салмағы мен құнын өлшегенде алған сандарды қосу, азайту, көбейту мен бөлу;

10) 8-сыныптың математика курсы қайталау.

46. 9-сыныпқа арналған "Математика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 100 000-ға дейінгі сандарды қайталау;

2) 1-ден 1 000 000-ға дейінгі сандардың нөмірленуі. 1 000 000 көлемінде сандардың құрылуы, жазылуы, оқылуы, салыстырылуы. Жұп және тақ сандар. Сандық қатардың табиғи түрі мен негізгі қасиеттері. Тең сандық топтармен санау. Сандарды дөңгеленту. I-ден XXXV-ке дейінгі сандарды римдік нөмірлеу;

3) қосу және алу. Толық сандар мен ондық бөлшектерді қосу және азайту. Қосу мен азайту амалдарының белгісіз бірліктерін табу. Жақшалары бар мысалдардағы әрекеттер тәртібі. Сандарды әртүрлі салыстыру. Теңестіру. Калькулятордың көмегімен қосу және алу;

4) көбейту мен бөлу. Толық сандар және ондық бөлшектерді бір белгілі санға көбейту мен бөлу. Толық сандарды екі және үш белгісі бар санға көбейту (жеңіл мысалдар). Толық сандарды екі белгісі бар санға бөлу. Толық сандар мен ондық бөлшектерді 10, 100, 1 000-ға, дөңгелек ондықтар мен жүздіктерге көбейту мен бөлу. Калькулятордың көмегімен көбейту және бөлу;

5) мәтіндік арифметикалық амалдар. Қарапайым және құрамдас мәтіндік арифметикалық амалдар (2-4 әрекетті орындауды талап ететін). Тіктөртбұрыш пен квадраттың периметрі және алаңын алуға арналған мәтіндік амалдар. Сандардың пайызын табуды талап ететін қарапайым және құрамдас мәтіндік арифметикалық амалдар;

б) көлемдерді өлшеп, олармен әрекет жасағанда алған сандар.

5-8 сыныптар материалын қайталау. Заттың өлшемдерін өлшегенде алатын сандарды бір санды, дөңгелек ондық, екі санды санға көбейту мен бөлу.

Конвертацияланатын валюта: доллар, евро. Доллар мен евроның Қазақстан валютасына қатысты курсы;

7) көрнекі геометрия бірліктері. Сызықтар: түзу, қисық, сынық, бөлік, параллель және перпендикуляр түзулер. Бұрыштар, транспортирдің көмегімен бұрыштарды құрып, өлшеу. Көршілес бұрыштар, олардың сомасы, үшбұрыштың көршілес бұрыштары. Шеңбер мен дөңгелек. Ортасы, радиус, диаметр. Сектор, сегмент. Шеңбер ұзындығы. Шеңбер ұзындығын санау формуласы:  $C = 2\pi R$ . Көпбұрыштар. Көпбұрыштардың периметрі. Фигура алаңы. Алаңдар бірліктері: квадрат сантиметр, квадрат дециметр, квадрат метр, квадрат миллиметр. S, кв. см; см<sup>2</sup>, кв. дм, дм<sup>2</sup>, кв. м, м<sup>2</sup>, кв. км, км<sup>2</sup>, кв. мм, мм<sup>2</sup> белгілеулері. Квадрат пен тіктөртбұрыштың алаңдарын өлшеп, табу. Геометриялық денелер: цилиндр, конус, пирамида, шар. Куб, параллелепипед. Қыры, қабырғасы, төбесі бірліктері мен олардың қасиеттері. Жоғары және төменгі негізі, алдыңғы және артқы қырлары, оң және сол бүйірлі қырлары, қабырғалары. Куб пен параллелепипедті айналдыру, олардың модельдерін шығару. Куб пен параллелепипедтің бүйірлі және толық бетінің алаңын шығару. Геометриялық фигураның көлемі. V белгісі. Көлемді өлшеу бірліктері: куб. мм, мм<sup>3</sup>, куб. см, см<sup>3</sup>, куб. дм, дм<sup>3</sup>, куб. м, м<sup>3</sup>, куб. км, км<sup>3</sup>. 1 куб. дм = 1 000 куб. см., 1 куб. м = 1 000 куб. дм, 1 куб. м = 1 000 000 куб. см арақатынасы. Тікбұрышты параллелепипед (куб) көлемін өлшеп, шығару;

8) қарапайым бөлшектер. 5-8-сыныптардың математика материалын қайталау. Бөлшектерді бірдей бөлгішке алып келу. Түрлі бөлгіштері бар бөлшектерді салыстыру. Түрлі бөлгіштері бар бөлшектерді қосу және алу. Бөлшектер және аралас сандарды толық санға көбейту мен бөлу. Алдын ала қысқарту. Қарапайым бөлшектері бар құрамдас бөліктер мен әрекеттер нәтижелерін атау. Амалды кері әрекетпен тексеру. Белгісіз бөлікті табу. 3-4 арифметикалық амалдардан тұратын әрекеттердің тәртібі. Санның бір не бірнеше бөлігін табу;

9) ондық бөлшектер мен пайыздар. 6-8-сыныптардың материалын қайталау. Ондық бөлшектерді бір мағыналы сан, 10, 100, 1000-ға және дөңгелек ондықтарға көбейту мен бөлу. 3-4 арифметикалық амалдардан тұратын ондық бөлшектер бар амалдардың тәртібі. Қарапайым және ондық бөлшектермен біріккен жұмыс. Пайыз туралы түсінік. Жүздік бөліктің үш түрлі жазылуы (қарапайым бөлшек, ондық бөлшек және пайыз түрінде). 100 % - бүкіл сан мен бүкіл мөлшері. Санның пайыздарын (1%, 10%, 20%, 25%, 50%, 75%) табу және 100-ге бөлу және пайыздар санына көбейту;

10) 9-сыныптың математика курсы қайталау.

47. 10-сыныпқа арналған "Математика" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) 100 000-ға дейінгі сандарды қайталау. 1, 10, 100, 1000, 10 000 – сандық бірліктер ретінде;

2) 1-ден 1 000 000-ға дейінгі сандардың нөмірленуі. 1 000 000-ға дейін жүздіктермен санау. 1 000 000 көлемінде сандардың құрылуы, жазылуы, оқылуы, салыстырылуы.

Жұп және тақ сандар. Сандық қатардың табиғи түрі мен негізгі қасиеттері. Тең сандық топтармен санау. Сандарды дөңгеленту. I-ден XXXV-ке дейінгі сандарды римдік нөмірлеу;

3) қосу және алу. 100 000 көлемінде қосу мен алуды қайталау. 1 000 000 көлемінде ауызша және жазбаша қосу мен алу. Сандарды әртүрлі салыстыру. Жақшалары бар мысалдардағы әрекеттер тәртібі. Қосу мен алу амалдарын тексеру. Теңестіру. Калькуляторды қолдану;

4) көбейту мен бөлу. Кестелі және кестесіз көбейту мен бөлу. Бір белгілі сан, 10, 100, 1000-ға, дөңгелек ондықтар, дөңгелек жүздіктер, мыңдықтың бірліктеріне ауызша және жазбаша түрде көбейту мен бөлу. Жақшасы бар мысалдарда әрекеттер тәртібі. Екі белгісі бар санға көбейту мен бөлу. Көбейту мен бөлуді тексеру. Көбейту мен бөлудің белгісіз бірліктерін табу. Сандарды бірнеше ретте тексеру. Теңестіру. Калькулятордың көмегімен көбейту және бөлу;

5) мәтіндік арифметикалық амалдар. Қарапайым және құрамдас мәтіндік арифметикалық амалдар (2-4 әрекетті орындауды талап ететін). Тіктөртбұрыш пен квадраттың периметрі және алаңын алуға арналған мәтіндік амалдар. Сандардың бірнеше бөлігі, пайызы мен бөлігі бойынша санын табуды талап ететін қарапайым және құрамдас мәтіндік арифметикалық амалдар. Қарама-қарсы тура сызықты қозғалысқа мәтінді амалдар;

6) көлемдерді өлшеп, олармен әрекет жасағанда алған сандар. 5-9-сыныптар материалын қайталау. Заттың өлшемдерін өлшегенде алатын сандарды бір санды, дөңгелек ондық, екі санды санға көбейту мен бөлу. Көлемдерді өлшеу кезінде алған және ондық бөлшек ретінде жазылған сандарды қосу, алу, көбейту және бөлу. Конвертацияланатын валюта: АҚШ доллары, евро. Доллар мен евроның Қазақстан валютасына қатысты курсы;

7) көрнекі геометрия бірліктері. Сызықтар: түзу, қисық, сынық, бөлік, параллель және перпендикуляр түзулер. Бұрыштар, бұрыштардың градусын өлшеу. Транспортирдің көмегімен бұрыштарды құрып, өлшеу. Шеңбер мен дөңгелек. Ортасы, радиус, диаметр. Шеңбер алаңы. Шеңбер алаңын санау формуласы:  $S=PR^2$ . Көпбұрыштар. Көпбұрыштардың периметрі. Фигура алаңы. Алаңдар бірліктері: квадрат сантиметр, квадрат дециметр, квадрат метр, квадрат миллиметр. S, кв. см; см<sup>2</sup>, кв. дм, дм<sup>2</sup>, кв. м, м<sup>2</sup>, кв. км, км<sup>2</sup>, кв. мм, мм<sup>2</sup> белгілеулері. Квадрат пен тіктөртбұрыштың алаңдарын табу. Геометриялық фигуралар көлемі. V белгісі. Көлемді өлшеу бірліктері: куб. мм, мм<sup>3</sup>, куб. см, см<sup>3</sup>, куб. дм, дм<sup>3</sup>, куб. м, м<sup>3</sup>, куб. км, км<sup>3</sup>. Тікбұрышты параллелепипед (куб) көлемін өлшеп, шығару;

8) қарапайым бөлшектер. 5-9-сыныптардың материалын қайталау. Бөлшектер мен аралас сандарды толық санға көбейту мен бөлу. Алдын ала қысқарту. Қарапайым



бөлшектері бар құрамдас бөліктер мен әрекеттер нәтижелерін атау. Амалды кері әрекетпен тексеру. Белгісіз бөлікті табу. 3-4 арифметикалық амалдардан тұратын әрекеттердің тәртібі. Санды бөлігі бойынша табу;

9) ондық бөлшектер мен пайыздар. 6-9-сыныптардың материалын қайталау. 3-4 арифметикалық амалдардан тұратын әрекеттердің тәртібі. Қарапайым және ондық бөлшектермен біріккен жұмыс. Пайыз туралы түсінік. Жүздік бөліктің үш түрлі жазылуы (қарапайым бөлшек, ондық бөлшек және пайыз түрінде). 100 % - бүкіл сан мен бүкіл мөлшері. Санның пайыздарын (1%, 10%, 20%, 25%, 50%, 75%) табу және 100-ге бөлу және пайыздар санына көбейту. Санды пайыздары бойынша табу;

10) 10-сыныптың математика курсы қайталау.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

48. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолданудың қолайлылығы және мониторинг жүргізу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгіде бірінші белгі білім беру сатысын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.1.1.4 кодында "5" – білім беру сатысы, "1.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының реттік саны.

49. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Сандар және шамалар":

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
		6.1.1.1 10 000-ға дейінгі сандарды алу, атау және жазу	7.1.1.1 100 000-ға дейінгі сандарды алу, атау және жазу	8.1.1.1 1 000 000-ға дейінгі сандарды алу, атау және жазу	9.1.1.1 1 000 000-ға дейінгі сандарды алу, атау және жазу	10.1.1.1 1 000 000-ға дейінгі сандарды алу, атау және жазу
	6.1.1.2 1000-ға дейін сандарды тура және кері ретте санау: берілген саннан берілгенге	7.1.1.2 100 000-ға дейін сандарды тура және кері ретте санау: берілген саннан берілгенге	8.1.1.2 100 000-ға дейін сандарды тура және кері ретте санау: берілген саннан берілгенге	9.1.1.2 1 000 000-ға дейін сандарды тура және кері ретте санау: берілген саннан берілгенге дейін, тең сандар және топтар бойынша	9.1.1.3 санның 1000 000-ға дейінгі сандардың	10.1.1.2 10.1.1.3 санның 1000 000-ға дейінгі сандардың

<p>5.1.1.1 ықшамдалған жүздіктерді алу, атау және кері ретте ықшамдалған жүздіктерді атау; 1000-ға дейін толық сандарды алу, атау және жазу</p> <p>5.1.1.2 1000-ға дейін сандарды тура және кері ретте есептік және реттік тәртіпте санау</p> <p>5.1.1.3 санның 1000-ға дейінгі сандардың натурал қатарындағы орнын анықтау</p> <p>5.1.1.4 XII-ге дейінгі рим нөмірленуін оқу, жазу және қолдану</p> <p>5.1.1.5 1000-ға дейін натурал қатардағы сандардың қасиетін түсіну және пайдалану</p>	<p>дейін, тең сандар және топтар бойынша</p> <p>6.1.1.3 санның 10 000-ға дейінгі сандардың натурал қатарындағы орнын анықтау</p> <p>6.1.1.4 XX-ға дейінгі рим нөмірленуін оқу, жазу және қолдану</p> <p>6.1.1.5 10 000-ға дейін натурал қатардағы сандардың қасиетін түсіну және пайдалану</p> <p>6.1.1.6 10 000-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру</p> <p>6.1.1.7 жұп/тақ сандарды айыру; біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы, төрттаңбалы сандарды ажырату; сандарды ондықтар мен жүздіктерге дейін дөңгеленту</p> <p>6.1.1.8 сандарды топтар мен разрядтар кестесіне жазу; санның разрядты</p>	<p>дейін, тең сандар және топтар бойынша</p> <p>7.1.1.3 санның 100 000-ға дейінгі сандардың натурал қатарындағы орнын анықтау</p> <p>7.1.1.4 XX-ға дейін сандардың римдік нөмірленуін оқу, жазу және пайдалану</p> <p>7.1.1.5 100 000-ға дейін натурал қатардағы сандардың қасиетін түсіну және пайдалану</p> <p>7.1.1.6 100 000-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру</p> <p>7.1.1.7 жұп/тақ сандарды айыру; біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы, төрттаңбалы және бестаңбалы сандарды ажырату; сандарды ондықтар, жүздіктер мен мыңдықтарға дейін дөңгеленту</p> <p>7.1.1.8 сандарды</p>	<p>8. 1.1.3 санның 1 000 000-ға дейінгі сандардың натурал қатарындағы орнын анықтау</p> <p>8. 1.1.4 XXV-ке дейін сандардың римдік нөмірленуін оқу, жазу және пайдалану</p> <p>8.1.1.5 1 000 000-ға дейін натурал қатардағы сандардың қасиетін түсіну және пайдалану</p> <p>8.1.1.6 1 000 000-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру</p> <p>8.1.1.7 жұп/тақ сандарды айыру; біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы, төрттаңбалы, бестаңбалы және алтытаңбалы сандарды ажырату; сандарды ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар мен онмыңдықтарға дейін дөңгеленту</p> <p>8.1.1.8 сандарды топтар мен</p>	<p>сандардың натурал қатарындағы орнын анықтау</p> <p>9. 1.1.4 XXXV-ке дейін сандардың римдік нөмірленуін оқу, жазу және пайдалану</p> <p>9.1.1.5 1 000 000-ға дейін натурал қатардағы сандардың қасиетін түсіну және пайдалану</p> <p>9.1.1.6 1 000 000-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру</p> <p>9.1.1.7 жұп/тақ сандарды айыру; біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы, төрттаңбалы, бестаңбалы және алтытаңбалы сандарды ажырату; сандарды ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар мен онмыңдықтарға дейін дөңгеленту</p> <p>9.1.1.8 сандарды топтар мен разрядтар кестесіне жазу; санның</p>	<p>натурал қатарындағы орнын анықтау</p> <p>10. 1.1.4 XXXV-ке дейін сандардың римдік нөмірленуін оқу, жазу және пайдалану</p> <p>10.1.1.5 1 000 000-ға дейін натурал қатардағы сандардың қасиетін түсіну және пайдалану</p> <p>10.1.1.6 1 000 000-ға дейін сандарды оқу, жазу және салыстыру</p> <p>10.1.1.7 жұп/тақ сандарды айыру; біртаңбалы, екітаңбалы, үштаңбалы, төрттаңбалы, бестаңбалы және алтытаңбалы сандарды ажырату; сандарды ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар мен онмыңдықтарға дейін дөңгеленту</p> <p>10.1.1.8 сандарды топтар мен разрядтар кестесіне жазу; санның разрядты</p>
--	---	---	--	---	---

1.1 Натурал сандар.  
Бөлшек тер

5.1.1.6 1000-ға дейін дейінгі сандарды оқу және жазу	және топтық құрамын анықтау	топтар мен разрядтар кестесіне жазу; санның разрядты және топтық құрамын анықтау	разрядтар кестесіне жазу; санның разрядты және топтық құрамын анықтау	разрядты және топтық құрамын анықтау	разрядты және топтық құрамын анықтау	және топтық құрамын анықтау
5.1.1.7 жұп/тақ сандарды айыру; біртаңбалы, екітаңбалы және үштаңбалы сандарды айыру; сандардың ондықтар мен жүздіктерге дейін дөңгеленту	6.1.1.9 сандарды разрядты сомаға салу, разрядтық құрамын анықтау; 10 000-ға дейін дейінгі разрядты қосынды сандар сомасына сандарды құрау	7.1.1.9 100 000-ға дейін дейінгі разрядты қосынды сандар сомасына сандарды құрау	8.1.1.9 1000 000-ға дейін дейінгі разрядты қосынды сандар сомасына сандарды құрау	9.1.1.9 1000 000-ға дейін дейінгі разрядты қосынды сандар сомасына сандарды құрау	10.1.1.9 1000 000-ға дейін дейінгі разрядты қосынды сандар сомасына сандарды құрау	10.1.1.9 1000 000-ға дейін дейінгі разрядты қосынды сандар сомасына сандарды құрау
5.1.1.8 сандарды разрядты торға жазу; санның разрядты құрамын анықтау	6.1.1.10 тұтас заттың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы, жүзінші және мыңыншы үлестерін алу	7.1.1.10 тұтас заттың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы, жүзінші және мыңыншы үлестерін алу	8.1.1.10 тұтас заттың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы, жүзінші және мыңыншы үлестерін алу	9.1.1.10 тұтас заттың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы, жүзінші және мыңыншы үлестерін алу	10.1.1.10 тұтас заттың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы, жүзінші және мыңыншы үлестерін алу	10.1.1.10 тұтас заттың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы, жүзінші және мыңыншы үлестерін алу
5.1.1.9 сандарды разрядты сомаға салу, разрядтық құрамын анықтау; 1000-ға дейін дейінгі разрядты қосынды сандар сомасына сандарды құрау	6.1.1.11 қарапайым бөлшектердің құрылуын көрсету	7.1.1.11 қарапайым және ондық бөлшектердің құрылуын көрсету	8.1.1.11 қарапайым және ондық бөлшектердің құрылуын көрсету	9.1.1.11 қарапайым және ондық бөлшектердің құрылуын көрсету	10.1.1.11 қарапайым және ондық бөлшектердің құрылуын көрсету	10.1.1.11 қарапайым және ондық бөлшектердің құрылуын көрсету
5.1.1.10 сұйық және сусымалы заттарды қоса, тұтас заттың екінші, үшінші, төртінші, бесінші, оныншы үлестерін алу	6.1.1.12 қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды оқу, жазу; бөлшектердің алымы мен бөлімінің мағынасын түсіну	7.1.1.12 қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды оқу, жазу; бөлшектердің алымы мен бөлімінің мағынасын түсіну	8.1.1.12 қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды оқу, жазу; бөлшектердің алымы мен бөлімінің мағынасын түсіну	9.1.1.12 қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды оқу, жазу; бөлшектердің алымы мен бөлімінің мағынасын түсіну	10.1.1.12 қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды оқу, жазу; бөлшектердің алымы мен бөлімінің мағынасын түсіну	10.1.1.12 қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды оқу, жазу; бөлшектердің алымы мен бөлімінің мағынасын түсіну
	6.1.1.13 бөлімі бірдей бөлшектерді салыстыру, алымы бірдей бөлшектерді салыстыру, аралас сандарды салыстыру	7.1.1.13 бөлімі бірдей бөлшектерді салыстыру, алымы бірдей бөлшектерді салыстыру, аралас сандарды салыстыру	8.1.1.13 бөлімі бірдей бөлшектерді салыстыру, алымы бірдей бөлшектерді салыстыру, аралас сандарды салыстыру	9.1.1.13 бөлімі бірдей бөлшектерді салыстыру, алымы бірдей бөлшектерді салыстыру, аралас сандарды салыстыру	10.1.1.13 бөлімі бірдей бөлшектерді салыстыру, алымы бірдей бөлшектерді салыстыру, аралас сандарды салыстыру	10.1.1.13 бөлімі бірдей бөлшектерді салыстыру, алымы бірдей бөлшектерді салыстыру, аралас сандарды салыстыру
				9.1.1.14 дұрыс және дұрыс емес	10.1.1.14 дұрыс және дұрыс емес	10.1.1.14 дұрыс және дұрыс емес

5.1.1.11 қарапайым бөлшектердің құрылуын көрсету; ірі және майда бөлшектерді ажырату	6.1.1.14 дұрыс және дұрыс е м е с бөлшектерді ажырату	7.1.1.14 дұрыс және дұрыс е м е с бөлшектерді алу	дұрыс және дұрыс емес бөлшектерді атау	бөлшектерді атау	бөлшектерді атау
5.1.1.12 қарапайым бөлшектер мен аралас сандарды оқу, жазу; бөлшектердің алымы мен бөлімінің мағынасын түсіну	6.1.1.15 бөлшектерді ірірек бөліктерде білдіру, дұрыс емес бөлшекті тұтас не аралас санмен алмастыру	7.1.1.15 бөлшектерді ірірек бөліктерде білдіру, дұрыс емес бөлшекті тұтас не аралас санмен алмастыру	8.1.1.15 бөлшектерді ірірек бөліктерде білдіру, дұрыс емес бөлшекті тұтас не аралас санмен алмастыру;	9.1.1.15 бөлшектерді ірірек бөліктерде білдіру, дұрыс емес бөлшекті тұтас не аралас санмен алмастыру; аралас санды дұрыс емес бөлшекпен алмастыру;	10.1.1.15 бөлшектерді ірірек бөліктерде білдіру, дұрыс емес бөлшекті тұтас не аралас санмен алмастыру; аралас санды дұрыс емес бөлшекпен алмастыру;
5.1.1.13 бөлімі бірдей бөлшектерді салыстыру, алымы бірдей бөлшектерді салыстыру	6.1.1.16 қарапайым және ондық бөлшек түрінде бөлімі 10, 100, 1000 болатын бөлшектерді алып, жазу; ондық бөлшектерді оқып, салыстыру, ондық бөлшектер мен толық сандарды салыстыру	7.1.1.16 қарапайым және ондық бөлшек түрінде бөлімі 10, 100, 1000 болатын бөлшектерді алып, жазу; ондық бөлшектерді оқып, салыстыру;	8.1.1.16 қарапайым және ондық бөлшек түрінде бөлімі 10, 100, 1000 болатын бөлшектерді алып, жазу; ондық бөлшектерді оқып, салыстыру; ондық бөлшектер мен толық сандарды салыстыру	9.1.1.16 қарапайым және ондық бөлшек түрінде бөлімі 10, 100, 1000 болатын бөлшектерді алып, жазу; ондық бөлшектерді оқып, салыстыру; ондық бөлшектер мен толық сандарды салыстыру	10.1.1.16 қарапайым және ондық бөлшек түрінде бөлімі 10, 100, 1000 болатын бөлшектерді алып, жазу; ондық бөлшектерді оқып, салыстыру; ондық бөлшектер мен толық сандарды салыстыру
5.1.1.14 дұрыс және дұрыс е м е с бөлшектер, аралас сандарды ажырату	6.1.1.17 нөмірлік кестеге ондық бөлшектерді жазу	7.1.1.17 нөмірлік кестеге ондық бөлшектерді жазу	8.1.1.17 нөмірлік кестеге ондық бөлшектерді жазу	9.1.1.17 нөмірлік кестеге ондық бөлшектерді жазу	10.1.1.17 нөмірлік кестеге ондық бөлшектерді жазу
	6.1.1.18 бұдан ірі және майда, не бірдей бөліктерде бөлшектерді білдіру	7.1.1.18 бұдан ірі және майда, не бірдей бөліктерде бөлшектерді білдіру	8.1.1.18 бұдан ірі және майда, не бірдей бөліктерде бөлшектерді білдіру	9.1.1.18 бұдан ірі және майда, не бірдей бөліктерде бөлшектерді білдіру	10.1.1.18 бұдан ірі және майда, не бірдей бөліктерде бөлшектерді білдіру
	6.1.1.19 ондық бөлшек түрінде алынған заттың ұзындығы, салмағы мен құнын есептеу	7.1.1.19 ондық бөлшек түрінде алынған заттың ұзындығы, салмағы мен құнын есептеу	8.1.1.19 ондық бөлшек түрінде алынған заттың	9.1.1.19 ондық бөлшек түрінде алынған	10.1.1.19 ондық бөлшек түрінде алынған

1.1. Ақпаратты өлшеу және ұғыну	<p>8.1.1.1 қабылдау амалына қарай (көру, иіс пен дәм сезу, есту, тактильді) ақпараттың түрлерін атау және тани білу</p> <p>8.1.1.2 адам ақпаратты қалайша алатынын түсіндіру</p> <p>8.1.1.3 ақпарат алу тәсілдерін түсіндіру</p> <p>8.1.1.4 ақпаратты беру амалдарын (телеграф, телефон, теледидар, интернет арқылы) атау</p> <p>8.1.1.5 беру әдісіне қарай (саны, мәтіні, графика, дыбыс, бейне) ақпаратты ажырату</p> <p>8.1.1.6 ақпаратты сақтаудың негізгі әдістерін атау</p> <p>8.1.1.7 ақпарат көздері мен алу түрлерін ажырату</p> <p>8.1.1.8 компьютер ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін түсіну</p> <p>8.1.1.9 компьютерді өмірде қолдану мысалдарын беру</p>	<p>9.1.1.1 ақпаратты (графикалық, мәтіндік, дыбыстық, бейне) ажырату</p> <p>9.1.1.2 ақпарат алу тәсілдеріне мысалдар келтіру</p> <p>9.1.1.3 ақпаратты талдау әдістерін білу</p> <p>9.1.1.4 ақпаратты сақтау әдістерін білу</p> <p>9.1.1.5 қажетті ақпаратты іздей алу</p> <p>9.1.1.6 ақпараттың қасиеттерін (толық, толық емес, қажетті, қажет емес) білу</p> <p>9.1.1.7 компьютердің ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін білу</p>	<p>10.1.2.1 Microsoft Word (майкрасофт виндоус) мәтіндік бағдарламасын қолдану (тақырып атауы, құралдар панелі, жұмыс жиегі, айналдыру жиегі)</p> <p>10.1.2.2 мәтінді дұрыс теру ережесін білу (кіші әріптер, тыныс белгілері, сөздер арасындағы бос орын, абзац пен символдарды өшіру)</p>
	8.1.2.1 жалпы жұмыс үстелінің түрін білу	<p>9.1.2.1 Microsoft Word (майкрасофт ворд) бағдарламасын орындау үшін қосу</p> <p>9.1.2.2 жұмыс үстелінің элементтерін білу</p>	

<p>1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру</p>	<p>8.1.2.2 "Бастау" мәзірінің құрылымын білу 8.1.2.3 жұмыс үстелінің нысандарын белгілеу және алмастыру 8.1.2.4 "тышқан" манипуляторы көмегімен әрекеттерді орындау 8.1.2.5 Windows (виндоус) терезесі, "Менің компьютерім" папкасын білу, терезелерді ашу және жабу 8.1.2.6 пернетақтадағы сандар мен әріптер клавишаларының орналасуын білу 8.1.2.7 меңзерді басқару клавишлерін білу 8.1.2.8 "Калькулятор" бағдарламасын қосу кезектілігін білу 8.1.2.9 "Калькулятор" бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау</p>	<p>9.1.2.3 "Бастау" мәзірін қолдану, мәзір бойынша ауыстыру, мәзірді жабу 9.1.2.4 жұмыс үстеліндегі нысандарды белгілеу және алмастыру 9.1.2.5 терезені бұру, жылжытып қою, жабу 9.1.2.6 меңзерді басқару клавишін қолдану 9.1.2.7 пернетақтағы сандар мен әріптер клавиштерін қолдану 9.1.2.8 үлгі бойынша мәтінді басу 9.1.2.9 қаріп өлшемін таңдау 9.1.2.10 құжатты сақтау 9.1.2.11 "Бастау" мәзірінен "Калькулятор" бағдарламасын қосу 9.1.2.12 "Калькулятор" бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау 9.1.2.13 принтер басып шығарғышты қосу және өшіруді білу</p>	<p>10.1.2.3 "Enter" (интер), "Shift" (шифт), "CapsLock" (капс лок), "Delete" (делет), бос орын функционалдык клавиштерін қолдану 10.1.2.4 әртүрлі шрифтідегі мәтінді теру 10.1.2.5 құжаттарды сақтаудың әртүрлі әдістерін қолдану 10.1.2.6 мәтінді редакциялау және жиынтықтың негізгі ережелерін қолдану ("тышқан" манипуляторы және пернетақтаның көмегімен мәтін ішінде жылжу, жолақтарды айналдыру, сөз бен мәтінді белгілеу, мәтінді көшіру) 10.1.2.7 мәтінді құрастыра білу (қаріптің жазылуы және өлшемін белгілеу, абзацтарды теңестіру) 10.1.2.8 құжатты сақтаудың негізгі әдістерін білу 10.1.2.9 кестемен жұмыстың негізгі әдістерін білу 10.1.2.10 Paint графикалық редакторын қолдану 10.1.2.11 құжатты шығарудың реттілігін білу</p>
---	--	--	--

## 2) 2-бөлім "Компьютерлік жүйелер":

### 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары		
	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	<p>8.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) көрсету 8.2.1.2 компьютерді қуаттандыруға қосу және өшіру кезектілігін білу</p>	<p>9.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) анықтау 9.2.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының қызметін білу</p>	<p>10.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларының мақсатын мен қызметін білу 10.2.1.2 Windows (виндоус) операциялық жүйесін (жұмыс үстелі,</p>

<p>2.1 Компьютер құрылғысы</p>	<p>8.2.1.3 компьютердің қосымша құрылғыларының атауын білу (манипулятор "тышқан", принтер, дыбыс күшейткіші) 8.2.1.4 Windows (виндоус) терезесінің негізгі бірліктерін білу 8.2.1.5 Windows (виндоус) жұмыс үстелінің элементтерін және түрлерін білу 8.2.1.6 пернетақта клавиштерінің топтарын атай білу 8.2.1.7 "тышқан" манипуляторы батырмасының атауын білу 8.2.1.8 "Калькулятор" бағдарламасын жіберудің кезектілігін білу 8.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу 8.2.1.10 дыбыс күшейткіштердің атауын білу</p>	<p>9.2.1.3 пернетақта клавишаларының қызметін білу 9.2.1.4 Microsoft Word (майкрасофт ворд) бағдарламасын қосу тәртібін білу 9.2.1.5 окон Microsoft Word (майкрасофт виндоус) терезесінің элементтерін білу: тақырыпша, құралдар панелі, жұмыс алаңы 9.2.1.6 "Жетекші" бағдарламасының мақсатын білу 9.2.1.7 Windows (виндоус) -тағы файлдық құрылымдарды білу 9.2.1.8 компьютер жадының түрлері туралы түсінік болу: ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік) 9.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу</p>	<p>Windows (виндоус) терезесінің негізгі элементтері) білу 10.2.1.3 Windows (виндоус) баптауын және файлдық құрылымын білу 10.2.1.4 "Жетекші" бағдарламасының мақсатын білу 10.2.1.5 Windows (виндоус) ақпараттық жүйесін білу 10.2.1.6 Windows (виндоус) баптауын білу 10.2.1.7 "Кәрзеңке" таңбасының қызметін білу 10.2.1.8 "Менің компьютерім" таңбасының қызметін білу 10.2.1.9 компьютер жадының түрлерін атау ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік): диск, флеш-картаны сипаттау 10.2.1.10 принтермен жұмыс әрекетінің кезектілігін білу</p>
<p>2.2 Компьютер желісі</p>			<p>10.2.2.1 Ғаламдық Internet (интернет) желісі туралы түсінігі болу 10.2.2.2 Internet (интернет) арқылы қарапайым сұраныстарды (бір сипаты бойынша) қолдана отыра керекті ақпаратты іздеу 10.2.2.3 қарапайым деңгейде сымсыз байланыс артықшылықтарын түсіндіру 10.2.2.4 компьютер желілері туралы түсініктің болуы</p>

### 3) 3-бөлім "Денсаулық және қауіпсіздік":

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
---------	------------------



	8-сынып	9-сынып	10-сынып
3.1 Қауіпсіздік техникасы	8.3.1.1 компьютерлік сыныптағы тәртіп ережелерін білу 8.3.1.2 дербес компьютермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын білу 8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау	9.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 9.3.1.2 компьютермен жұмыс орнын ұйымдастыра алу (ыңғайлылық және тиімділік үшін) 9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау	10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 9.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау 10.3.1.4 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері мысалдарын білу
3.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздігі			10.3.2.1 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау туралы түсініктің болуы 10.3.2.2 вирусқа қарсы бағдарламалар туралы түсініктің болуы

28. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптардағы "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптардағы "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Ескерту. Қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптардағы "Информатика" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**1) 8-сынып:**

**1-кесте**

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.1 Ақпаратты түсіну және өлшеу	8.1.1.1 қабылдау амалына қарай (көру, иіс пен дәм сезу, есту, тактильді) ақпараттың түрлерін атау және тани білу 8.1.1.2 адам ақпаратты қалай алатынын қарапайым түрде түсіндіру 8.1.1.3 ақпарат алу тәсілдерін түсіндіру 8.1.1.4 ақпаратты беру амалдарын (телеграф, телефон, теледидар, интернет арқылы) атау 8.1.1.5 беру әдісіне қарай (саны, мәтіні, графика, дыбыс, бейне) ақпаратты ажырату
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	8.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) көрсету 8.2.1.2 компьютерді қуаттандыруға қосу және өшіре білу 8.2.1.3 компьютердің қосымша құрылғыларының атауын білу (манипулятор "тышқан", принтер, дыбыс күшейткіш)
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	8.3.1.1 компьютерлік сыныптағы тәртіп ережелерін білу 8.3.1.2 дербес компьютермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы талаптарын білу
2-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.1. Ақпаратты түсіну және өлшеу	8.1.1.6 ақпаратты сақтаудың негізгі әдістерін атау 8.1.1.7 ақпарат көздері мен алу түрлерін ажырату 8.1.1.8 компьютер ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін түсіну 8.1.1.9 компьютерді күнделікті өмірде қолдану мысалдарын беру

	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	8.1.2.1 жалпы жұмыс үстелінің түрін білу 8.1.2.2 "Бастау" мәзірінің құрылымын білу 8.1.2.3 жұмыс үстелінің нысандарын белгілеу және алмастыру 8.1.2.4 "тышқан" манипуляторы көмегімен әрекеттерді орындау
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	8.2.1.4 Windows (виндоус) терезесінің негізгі бірліктерін білу 8.2.1.5 Windows (виндоус) жұмыс үстелінің элементтерін және түрлерін білу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
3-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	8.1.2.5 Windows (виндоус) терезесі , "Менің компьютерім" папкасын білу, терезелерді ашу және жабу 8.1.2.6 пернетақтадағы сандар және әріптер клавишаларының орналасуын білу 8.1.2.7 меңзерді басқару клавишаларын білу
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	8.2.1.6 пернетақта клавишаларының топтарын атай білу 8.2.1.7 "тышқан" манипуляторы батырмасының атауын білу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
4-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	8.1.2.8 "Калькулятор" бағдарламасын қосу кезектілігін білу 8.1.2.9 "Калькулятор" бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	8.2.1.8 "Калькулятор" бағдарламасын жіберудің кезектілігін білу 8.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу

		8.2.1.10 дыбыс күшейткіштердің қызметін білу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	8.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 8.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау

## 2) 9-сынып:

### 2-кесте

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.1 Ақпаратты түсіну және өлшеу	9.1.1.1 ақпаратты (графикалық, мәтіндік, дыбыстық, бейне) ажырату 9.1.1.2 ақпарат алу тәсілдеріне мысалдар келтіру 9.1.1.3 ақпаратты талдау әдістерін білу
	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	9.1.2.1 MicrosoftWord (майкрасофт виндоус) бағдарламасын орындау үшін қосу, жұмыс істеу, бағдарламаны жабу 9.1.2.2 жұмыс үстелінің элементтерін білу 9.1.2.3 "Бастау" мәзірін қолдану, мәзір бойынша ауыстыру, мәзірді жабу
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	9.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларын (монитор, пернетақта, жүйелік блок) анықтау 9.2.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының қызметін білу 9.2.1.3 пернетақта клавишаларының қызметін білу 9.2.1.4 Microsoft Word (майкрасофт виндоус) бағдарламасын қосу тәртібін білу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	9.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 9.3.1.2 компьютермен жұмыс орнын ұйымдастыра алу (ыңғайлылық және тиімділік)
2-тоқсан		
		9.1.1.4 ақпаратты сақтау әдістерін білу 9.1.1.5 қажетті ақпаратты іздей алу

1. Ақпараттық үдерістер	1.1 Ақпаратты түсіну және өлшеу	9.1.1.6 ақпараттың қасиеттерін (толық, толық емес, қажетті, қажет емес) білу 9.1.1.7 ақпаратты талдау әдістерін білу, компьютерден ақпараттың әртүрлі нұсқаларын (мәтіндік, графикалық, дыбыстық, бейне) алу, бері, талдау және сақтау құралы екендігін білу
	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	9.1.2.4 жұмыс үстеліндегі нысандарды белгілеу және алмастыру 9.1.2.5 терезені бұру, жылжытып қою, жабу 9.1.2.6 меңзерді басқару клавишасын қолдану
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	9.2.1.5 окон Microsoft Word (майкрасофт виндоус) терезесінің элементтерін білу: тақырыпша, құралдар панелі, жұмыс алаңы
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
3-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	9.1.2.7 пернетақтадағы сандар мен әріптер клавиштерін қолдану 9.1.2.8 үлгі бойынша мәтінді басу 9.1.2.9 қаріп өлшемін таңдау 9.1.2.10 құжатты сақтау
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	9.2.1.6 "Жетекші" бағдарламасының мақсатын білу 9.2.1.7 Windows (виндоус) -тағы файлдық құрылымдарды білу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
4-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	9.1.2.11 "Бастау" мәзірінен "Калькулятор" бағдарламасын қосу 9.1.2.12 "Калькулятор" бағдарламасының көмегімен негізгі арифметикалық есептерді орындау 9.1.2.13 принтерді қосу және өшіруді білу

2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	9.2.1.8 компьютер жадының түрлері туралы түсінік болу: ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік) 9.2.1.9 принтерді қосу және өшіру кезектілігін білу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	9.3.1.3 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 9.3.1.4 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау

3) 10-сынып:  
3-кесте

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	10.1.2.1 MicrosoftWord (майкрасофт виндоус) мәтіндік бағдарламасын қолдану (тақырып атауы, құралдар панелі, жұмыс жиегі, айналдыру жиегі) 10.1.2.2 мәтінді дұрыс теру ережесін білу (кіші әріптер, тыныс белгілері, сөздер арасындағы бос орын, абзац пен символдарды өшіру) 10.1.2.3 "Enter" (интер), "Shift" (шифт), "CapsLock" (капс лок), "Delete" (делет), бос орын функционалдық клавиштерін қолдану
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	10.2.1.1 компьютердің негізгі құрылғыларының мақсатын мен қызметін білу 10.2.1.2 Windows (виндоус) операциялық жүйесін (жұмыс үстелі, Windows (виндоус) терезесінің негізгі элементтері) білу 10.2.1.3 Windows (виндоус) баптауын және файлдық құрылымын білу
	2.2 Компьютер желілері	10.2.2.1 Ғаламдық Internet (интернет) желісі туралы түсінігі болу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау

		10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
2-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	10.1.2.4 мәтінді әртүрлі шрифтімен теру 10.1.2.5 құжаттарды сақтаудың негізгі әдістерін қолдану 10.1.2.6 мәтінді редакциялау және жиынтықтың негізгі ережелерін қолдану ("тышқан" манипуляторы және пернетақтаның көмегімен мәтін ішінде жылжу, жолақтарды айналдыру, сөз бен мәтінді белгілеу, мәтінді көшіру)
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	10.2.1.4 "Жетекші" бағдарламасының мақсатын білу 10.2.1.5 Windows (виндоус) ақпараттық жүйесін білу 10.2.1.6 Windows (виндоус) баптауын білу
	2.2 Компьютер желілері	10.2.2.2 Internet (интернет) арқылы қарапайым сұраныстарды (бір сипаты бойынша) қолдана отыра керекті ақпаратты іздеу
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
3-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	10.1.2.7 мәтінді құрастыра білу (қаріптің жазылуы және өлшемін белгілеу, абзацтарды теңестіру) 10.1.2.8 құжатты сақтаудың негізгі әдістерін білу 10.1.2.9 кестемен жұмыстың негізгі әдістерін білу
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	10.2.1.7 "Кәрзеңке" таңбасының қызметін білу 10.2.1.8 "Менің компьютерім" таңбасының қызметін білу
	2.2 Компьютер желілері	10.2.2.2 Internet (интернет) арқылы қарапайым сұраныстарды (бір сипаты бойынша) қолдана отыра керекті ақпаратты іздеу

3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
	3.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздігі	10.3.1.4 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері мысалдарын білу
4-тоқсан		
1. Ақпараттық үдерістер	1.2 Ақпараттық нысандарды құру және түрлендіру	10.1.2.10 Paint (пейнт) графикалық редакторын қолдану 10.1.2.11 құжатты шығарудың реттілігін білу 10.1.2.10 Paint (пейнт) графикалық редакторын қолдану 10.1.2.11 құжатты принтерде шығарудың реттілігін білу
2. Компьютер жүйелері	2.1 Компьютер құрылғысы	10.2.1.9 компьютер жадының түрлерін атау ішкі (оперативті) және сыртқы (ұзақ мерзімдік): диск, флеш-картаны сипаттау 10.2.1.10 принтермен жұмыс әрекетінің кезектілігін білу
	2.2 Компьютер желілері	10.2.2.3 қарапайым деңгейде сымсыз байланыс артықшылықтарын түсіндіру 10.2.2.4 компьютер желілері туралы түсініктің болуы
3. Денсаулық және қауіпсіздік	3.1 Қауіпсіздік техникасы	10.3.1.1 дербес компьютермен жұмыс істеу барысында қауіпсіздік техникасы талаптарын орындау 10.3.1.2 көздің шаршауының алдын алу мақсатында жаттығулар орындау 10.3.1.3 статикалық шаршауды алу бойынша жаттығулар орындау
	3.2 Ақпараттық және онлайн қауіпсіздігі	10.3.1.4 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері мысалдарын білу

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 520-қосымша

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5 - сыныбы үшін "Айналадағы әлем" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**



**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5 - сыныбы үшін "Айналадағы әлем" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Айналадағы әлем" пәнін оқу мақсаты – білім алушыларға табиғат туралы қарапайым түсінікті меңгерту, олардың табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсініктерін жинақтау және жүйелеу, алған білімді күнделікті өмірде қолдана білулерін дамыту.

3. "Айналадағы әлем" пәні бойынша келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

- 1) жалпы және сөйлеу тілі дамуындағы кемшіліктерді түзету;
- 2) танымдық әрекеттерді дамыту;
- 3) қоршаған әлем туралы түсініктерді кеңейту және байыту;
- 4) негізгі оқу пәндерін оқу барысында қажетті қарапайым түсініктер мен ұғымдарды қалыптастыру;
- 5) көру, салыстыру, жинақтау, нақтылау, қарапайым тұжырымдама жасау, қарапайым себеп-салдарлық байланысты табу қабілетін дамыту;
- 6) білім алушылардың сөздік қорын байыту;
- 7) әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру;
- 8) өз халқының, әртүрлі халықтардың мәдениеті мен салт-дәстүріне, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға деген сыйласымдылық сезімін қалыптастыру;
- 9) өмірлік іс-әрекеттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жаратылыстану ғылыми білімді күнделікті өмірде қолдану, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық және қоршаған ортаны қорғау дағдыларын дамыту;
- 10) қоршаған ортаға, қоғамның табиғи және мәдени құндылықтарына жағымды қатынасты қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Бағдарлама келесі ойлау және қатынас дағдылары мен икемділіктердің негізін қалыптастыруға бағытталған:

- 1) өлі және тірі табиғат құбылыстарын бақылау және зерделеу;

2) бақылау және тәжірибе жұмысы барысында алынған мәліметтерді ауызша сипаттау;

3) себеп-салдардық байланысты табу;

4) өсімдіктер, жануарлар (жәндіктер, құстар) және адам өміріндегі өзгерістерді бақылау процесінде алынған білімді жинақтау;

5) бақылау және зерделеу нәтижелерін әңгіме түрінде ұсыну.

5. "Айналадағы әлем" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Білім алушыларды оқытудағы түзете дамыту принципі білім алушының даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымдары мен жүйесін тірек ете отырып құруды білдіреді.

7. Берілген курстың маңызды түзету мақсаты – қоршаған болмыстың заттары мен құбылыстарымен танысу негізінде ауызша сөйлеу тілін, танымдық әрекетін дамыту. Коммуникативті құрал ретінде сөйлеу тілін дамыту - ересектермен, құрдастармен сөйлесе алуды қалыптастыру болып табылады. Сөйлеу тілінің лексикалық, синтаксистік жақтары, ауызша байланыстырып сөйлеу тілін дамытылады.

8. Түзете дамыту бағыттылығы оқу әрекетін арнайы әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етеді:

1) оқыту процесін баяулату;

2) оқылатын материалды көп рет қайталау және оны әр түрлі жағдайларда жаңғырту үшін жағдай тудыру;

3) білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін есепке ала отырып сараланған тапсырмаларды әзірлеу;

4) өзінің пікірін айтуға және дәлелдеуді дамытуға арналған уәждік жағдайларды тудыру;

5) білім алушылармен қолжетімді зерттеу жұмыстарды өткізуге негізделген белсенді оқыту түрін ұйымдастыру.

9. Педагогикалық міндеттер сабақтағы білім алушылардың әрекет түрлері дұрыс таңдалған жағдайда табысты шешіледі. Оқылатын құбылыстар мен заттарды тікелей бақылау (экскурсияда), білім алушының заттық-тәжірибелік, ақыл-ой және сөйлеу тілдік әрекеттері, сондай-ақ ойын әрекеттері (дидактикалық, жағдаяттық-рөлдік, үстел үстілік ойындар, ереже бойынша ойындар) жетекші әрекеттер болады.

10. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы оқушылардың вариативтік

типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекешелеу тәсілі саралау тәсілінің нақтыламасы болып табылады.

11. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік принципі. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушы дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір баланың танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін ескере отырып, педагог білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процессті басқара алады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Білім алушылардың бақылау және тәжірибе әрекеттері процесінде жинаған білім, түсініктері сөйлеу тілінде (айтылымда, әңгімеде, сипаттамада) жалпыланады. Байланыстырылған сөйлеу тілін қалыптастыруға және мәдениетті қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеуге үлкен көңіл бөлінеді.

13. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "кұрастыруға" көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді.

14. Сабақтарда АКТ-ны қолдануда ұсынылатын мақсаттар:

1) оқу процесін даралау;

2) тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу;

3) білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт тәртібінде талдау үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

15. "Айналадағы әлем" пәнін сапалы және тиімді оқыту процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылады:

1) сынып бөлмесіндегі жиһаз жұмысты әр түрлі түрде (жеке, жұп немесе топ ішінде) және әр түрлі түрін ұйымдастыру үшін қозғалмалы болады;

2) білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стенділерді, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырылады;

3) зертханалық және тәжірибе жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жаратылыстану және география кабинеттерінің жабдықтары;

4) Microsoft Office (майкрософт офис) пакеті орнатылған және интернетке қосылған компьютерлер; әр түрлі тақырыптардағы аудио және бейне материалдар жиынтығы;

5) тақырыптарға сәйкес анықтамалар, энциклопедиялар, плакаттар, үлгілер.

16. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асады. Оқыту бағдарламасын меңгерудің нәтижелері

сыныпта тікелей мұғалімнің қатысуымен оқыту процесі барысында бағаланады. Педагог бақылап бағалау әрекетін жүйелі түрде жүзеге асырады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымдық (әр сабақта), мерзімдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүргізіледі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Ағымдық бақылау білім алушыларды сабақ үстінде бақылау, өзіндік және тәжірибелік жұмыстарды талдау, қызметтің ұжымдық түрлерінің көмегімен орындалады. Әр сабақтағы бақылау оқыту үдерісінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтардың қолданған оқыту әдістерінің мазмұнын түзету мақсатында жүргізіледі. Мұндай бақылау білім алушылардың қарым-қатынасында тәрбиелік және ынталандырушы сипатқа ие.

19. Мерзімдік бақылау бөлімнің бағдарламалық тақырыбы және тарауды меңгерген соң жүргізіледі. Белгілі тақырып шеңберіндегі оқу материалдарын меңгерудің нәтижесі білім алушылардың әр типологиялық тобында әртүрлі болады (В.В. Воронкова бойынша). 1-типологиялық топтағы білім алушылар білімін қолдану деңгейінде оқыту материалын меңгеруді көрсетеді.

2-типологиялық топтағы білім алушылар тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3-типологиялық топтағы білім алушылар тану деңгейінде материалды меңгереді және өз білімін өзекті етуде мұғалімнің көмегін қажет етеді. 4-типологиялық топтың білім алушылары олардың жетістігін бағалау жүргізілетін жеке бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылады.

20. Қорытынды бақылау тоқсан мен жылдың соңында жүргізіледі. Педагог сыныптағы әр білім алушының жетістіктері еркін картаға тіркелген, оқу жылында бақыланған жетістігін және даму динамикасын талдайды.

21. Бағалау шаралары көмегімен алынған мәлімет білік пен дағдыны меңгеру барысында туындаған қиындықтарға уақытылы жауап беруге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек беру тәсілдері және мазмұнын анықтайды.

22. Бағдарлама "Жаратылыстану", "География", "Тарих" пәндерін ары қарай оқуға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады.

### **3-тарау. "Айналадағы әлем" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

23. "Айналадағы әлем" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

24. Бағдарламаның мазмұны оқыту бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарынан құралған бөлімшелерден тұрады.

25. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері";
- 2) 2-бөлім "Табиғат";
- 3) 3-бөлім "Менің Отаным – Қазақстан"; "Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру".

26. "Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) күзгі жемістер – денсаулық көзі. Күзгі өзгерістер туралы мәліметтерді қорытындылау;

- 2) қысқы табиғаттағы өзгерістердің адамдар еңбегіне тигізетін әсері;
- 3) көктемнің әр түрлі кезеңдеріндегі табиғаттағы өзгерістер;
- 4) табиғаттағы жаздық байқалымдар туралы мәліметтерді қорытындылау.

27. "Табиғат" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тірі табиғаттағы процесстер;
- 2) өлі табиғаттағы процесстер.

28. "Менің Отаным – Қазақстан" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Қазақстанның өнеркәсібі;
- 2) Қазақстандағы ауыл шаруашылық.

29. "Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сөздік қорды кеңейту;
- 2) байланыстырылған сөйлеу тілін дамыту.

30. 5-сыныпқа арналған "Айналадағы әлем" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Күннің табиғаттағы өзгерістерге (ауа, су температурасы, жылулық көлемі) тигізетін әсері туралы алған білімін жалпылау. Жыл мезгілінің ауысуына байланысты табиғаттағы өзгерістер. Жыл айларының атауларын бекіту. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі өсімдіктер. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі бақ, бақша, егістік, орман, дала, тау. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі жабайы және үй жануарлары. Жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі қаладағы және ауылдағы адамдардың еңбегі;

2) менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан Республикасының өнеркәсібі. Республикадағы өнеркәсіптік ірі қалалар. Қазақстандағы пайдалы қазбалар – көмір, мұнай, газ, сондай-ақ осы жергілікті жердегі пайдалы қазбалар. Олардың адам өміріндегі маңызы. Қазақстандағы аса бір ірі кен орындары. Қазақстанның ауылшаруашылығы: мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы. Бидай өсіру аймақтары. Нанның адам өміріндегі рөлі. Нанға ұқыптылықпен қарау. Суретшілер мен жазушылар шығармаларындағы Қазақстанның табиғаты;

3) табиғат. Су – барлық тіршіліктің өмір сүру шарты. Судың табиғаттағы рөлі. Суды өнімдерді өндіруде пайдалану. Судың ластану себептері. Су қоймаларының жанындағы тәртіп ережелері. Суды үнемдеу. Ауа – тыныс алу негізі. Ауаның өсімдіктер, жануарлар, адамдар өміріндегі рөлі. Ауаның ластану көздері – фабрикалар, зауыттар, көліктер. Лас және таза ауаның адамның денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің жағдайына тигізетін әсері. Топырақ. Топырақтың өсімдіктер, жануарлар, адам үшін маңызы. Адамның топырақтың құнарлылығын сақтаудағы рөлі. Табиғатқа ұқыпты қарау, адамның оның алдындағы жауапкершілігі. Тірі табиғат. Өсімдіктер. Ағаштардың, бұталардың, шөптесін өсімдіктердің ортақ және айырмашылық белгілері. Өсімдіктің өмір сүру шарты – топырақ, су, ауа, жарық. Өсімдіктің сыртқы түрінен жеке талаптардың жетіспеушілігін анықтау. Мәдени өсімдіктер (бақ, бақша, егістік өсімдіктері). Сыртқы түрі, өсу шарты, өсу орны, адам күтіміне тәуелділігі. Жабайы өсетін өсімдіктер – сыртқы түрі, өсу орны мен ерекшеліктері. Өсімдіктердің тұқыммен және шыбықпен көбеюі. Топырақты тұқым себуге дайындау. Өсімдік дамуының шарты және кезеңдері (тұқым, өскін, жапырақтары бар сабақ, гүл, жеміс), өсімдіктерді күтудің негізгі және қосымша ережелері. Тірі табиғат. Жануарлар. Жануарлар әлемі өкілдерінің сан алуан түрлері – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер. Жануарлардың өсімдіктен айырмашылықтары. Жануарлардың өсімдіктерді пайдалануы. Жануарлардың, құстардың қозғалу, жауларынан қорғану үшін бейімделуі. Үй және жабайы жануарлар – сыртқы түрі, мекендеу орны бойынша ұқсастықтары және айырмашылықтары. Шөпқоректі жануарлар – қоян, тиін, сиыр, ешкі. Олардың қоректену тәсілдері. Ересек жануарлар мен олардың төлдерінің атаулары. Жыртқыш жануарлар – қасқыр, түлкі. Қылықтары, қоректену ерекшеліктері, төлдері. Қорек талғамайтын жануарлар – аю, кірпі, шошқа. Жыртқыш жануарлармен шөп қоректі жануарлардың қоректену тәсілі бойынша айырмашылықтары. Пайдалы және зиянды жануарлар (адам, жануарлар үшін зияны және пайдасы);

4) байланыстырып сөйлеуді дамыту: сөздік қорын кеңейту; бақылау және заттық-тәжірибелік іс-әрекеттің нәтижесінде сөйлем құрастыру; диалогпен сөйлеуді дамыту; сурет, сюжеттік суреттер бойынша қысқаша әңгімелерді құрастыру; білім алушылардың сөйлеу тілі грамматикалық құрылысын, сөйлеу мәнерлігін жетілдіру.

31. Бағдарламадағы оқу материалын тоқсандар бойынша бөлу үлгілік болып табылады, білім алушылардың оқу материалын меңгеруін есепке ала отырып мұғалімнің тоқсандар арасында ауыстыруға құқығы бар. Мұғалім тақырыптарды оқу бірізділігін жергілікті табиғи жағдайларға байланысты анықтайды. Әр сыныптағы оқу өткен материалдарды қайталаудан басталады. төртінші тоқсанның негізгі уақыты жыл бойы өткенді қайталауға және жеке білім алушылардың біліміндегі кемістіктерін түзетуге арналады.

#### **4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі**

32. Бағдарламада оқу мақсатын оңтайлы қолдану үшін кодтама берілген. Кодта бірінші сан сыныпты білдіреді, екінші және үшінші сан – тарау мен бөлім, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін білдіреді. Мысалы, 5.2.2.1 кодындағы "5" – сынып, "2.2" – бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік саны.

33. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері":

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
<p>1.1 Күзгі жемістер – денсаулық көзі. Күзгі өзгерістер туралы мәліметтерді қорыту</p>	<p>5-сынып</p> <p>5.1.1.1 күннің табиғаттағы (ауаның, судың температурасы, жылылық көлемі) өзгерістерге, жыл мезгілінің ауысуына әсері туралы алған білімді қорытындылау</p> <p>5.1.1.2 адамның тамақтануындағы көкөністер мен жемістердің маңызын ұғыну; негізгі дәрумендер, олардың адам денсаулығын нығайтудағы рөлі туралы түсініктердің болуы; тиімді тамақтану ережелерін білу</p> <p>5.1.1.3 өсімдіктердің, жануарлардың (жәндіктер, құстар), адамның күздегі өміріндегі өзгерістер туралы бақылау барысында алған білімді қорытындылау</p> <p>5.1.1.4 табиғаттағы күзгі өзгерістер себебін түсіндіре білу</p> <p>5.1.1.5 күздің әр түрлі кезеңдерінде ауа мен су температурасын өлшеу, өлшеу нәтижелерін табиғатты бақылау күнделігінде тіркеу</p> <p>5.1.1.6 "Тиімді тамақтану ерекшеліктері" журналын ауызша дайындау</p> <p>5.1.1.7 "пайдалы – пайдалы емес" ойынына қатысу</p> <p>5.1.1.8 салауатты мәзірді құрастыру – жаңа піскен көкөністер мен жемістерден дайындалған тағамдар</p> <p>5.1.1.9 жаңа піскен көкөністер, жемістер мен аскөктен жеңіл тағам дайындай білу</p> <p>5.1.1.10 күзгі көкөністерді дайындауға – кырыққабатты және қиярды тұздауға көмектесу</p> <p>5.1.1.11 аспаздық тағамдарды дайындау үшін тамақ өнімдерін өлшеу</p> <p>5.1.1.12 ауа райына қарай киіне білу</p> <p>5.1.1.13 бақшадағы, бақтағы, мектеп жанындағы үлескедегі күзгі жұмыстарға қатысу</p>
	<p>5.1.2.1 қыстағы табиғаттағы өзгерістер, олардың адам еңбегіне әсері туралы түсініктерді қорытындылау және жүйелеу</p> <p>5.1.2.2 өлі табиғат пен тірі табиғат нысандары мен құбылыстарының арасындағы байланысты табу, қыста жабайы жануарларға көмек көрсетудің қажеттілігін түсіну</p>

<p>1.2 Қысқы табиғаттағы өзгерістердің адамдар еңбегіне тигізетін әсері</p>	<p>5.1.2.3 қыс мезгіліндегі қаладағы және ауылдағы (егістікте қар тоқтату, көктемгі егіске техника мен тұқым дайындау) адамдардың еңбектері туралы түсініктерінің болуы</p> <p>5.1.2.4 бақтағы қысқы жұмыстарға, мектеп ауласын қардан тазарту, мектеп үлескесіндегі ағаштар мен бұталардың астын қармен көму жұмыстарына қатысу</p> <p>5.1.2.5 қыс туралы (қыстың әр түрлі кезеңдеріндегі табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың қыстағы өмірі, адамдардың қыс кезіндегі еңбегі) туралы әңгіме құрастыру</p> <p>5.1.2.6 тал түстегі күннің биіктігін, күн жарығының ұзақтығын белгілеу, ауа райын бақылау, оны кешегі ауа райымен салыстыру</p> <p>5.1.2.7 табиғаттағы тәуелділіктің себеп-салдарын анықтау</p> <p>5.1.2.8 ағаштар мен бұталардың тамырын қармен жауып, өсімдіктерді үсіп кетуден қорғай білу</p> <p>5.1.2.9 шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде орындау, суық тиюдің алдын алу шараларын орындау;</p> <p>5.1.2.10 қыстап қалатын құстарды тамақтандыруға арналған қарапайым жемсалғыш жасай білу</p>
<p>1.3 Көктемнің әр түрлі кезеңдеріндегі табиғаттағы өзгерістер</p>	<p>5.1.3.1 көктемгі табиғаттағы өзгерістер туралы білімді қорытындылау және жүйелеу</p> <p>5.1.3.2 табиғаттың әр түрлі нысандарының арасындағы байланысты анықтау білуді қалыптастыру</p> <p>5.1.3.3 көктемгі табиғаттың әдемілігін көре білу, табиғаттағы өз тәртібіне баға беру</p> <p>5.1.3.4 өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігін көрсету</p> <p>5.1.3.5 бақыланатын өзгерістердің себептерін түсіндіре білу, табиғатты қорғау жұмысына қатысу тілегін білдіру</p> <p>5.1.3.6 бақтағы ағаштарды әктеуге қатысу</p> <p>5.1.3.7 ағаштарды, бұталарды, бақша өсімдіктерін отырғызуға, гүлзарға гүл тұқымын себуге қатысу</p> <p>5.1.3.8 өсіп тұрған өсімдіктерді күту</p> <p>5.1.3.9 "Бұл қашан болады?", "Артығын алып таста" (суреттердегі белгілер бойынша жыл мезгілін анықтау) ойындарына қатысу</p> <p>5.1.3.10 мұз сүңгісі бойынша оңтүстік, солтүстікті анықтай білу</p> <p>5.1.3.11 қыстан кейін мектеп ауласын тазарту, жайлардағы көктемгі тазарту</p>
	<p>5.1.4.1 табиғаттағы мезгілдік өзгерістер туралы білімді қорытындылау және жүйелеу</p>



1.4 Табиғаттағы жаздық байқалымдар туралы мәліметтерді қорытындылау

5.1.4.2 өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігін көрсету  
 5.1.4.3 табиғатты қорғау нормаларына сәйкес келетін дұрыс дағдыларды, бақытсыздық жағдайдың (мысалы, суға түскенде, орманда алау жаққанда) алдын алу мақсатындағы тәртіп дағдыларын байқату  
 5.1.4.4 жаздың ыстық күндерінде дұрыс киіне білу  
 5.1.4.5 жаздағы шынықтыру шараларын білу және орындау  
 5.1.4.6 "Судағы тәртіп ережелері", "Жазғы ормандағы тәртіп ережелері" тақырыбына ұжымдық плакаттардың суретін салуға қатысу  
 5.1.4.7 бақ, бақша өсімдіктерін күту  
 5.1.4.8 ерте пісетін жеміс, көкөніс өнімдерін жинауға қатысу  
 5.1.4.9 үй жануарларын күте білу  
 5.1.4.10 суда шомылғанда өзін дұрыс ұстай білу, орманда демалғанда өзін дұрыс ұстай білу  
 5.1.4.11 бақ, бақша, гүлзардағы өсімдіктерді, бөлме өсімдіктерін күте білу

## 2) 2-бөлім "Табиғат":

### 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	<p>5-сынып</p> <p>5.2.1.1 өсімдік әлемі туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу                      5.2.1.2 ағаш, бұта, шөп тектес өсімдіктердің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын ерекшелік білу                      5.2.1.3 өсімдіктер өмірі (топырақ, ауа, су, жарық) туралы білімді бекіту                      5.2.1.4 кейбір жағдайлардың жетіспеушілігін өсімдіктің сыртқы түріне қарап байқай білу                      5.2.1.5 "Мәдени өсімдіктер" (бақ, бақша, егін дақылдары) түсінігі туралы ұғынымы бар                      5.2.1.6 мәдени өсімдіктердің айырмашылық белгілерін – сыртқы түрін, өсу жағдайын, өсу орнын, адамның күтіміне тәуелділігін (көкөніс, жеміс) білу                      5.2.1.7 "Жабайы өсетін өсімдіктер": ағаштар – қарағай, шырша, қайың, шетен, мойыл; бұталар – итмұрын, аршашөптер – жоңышқа, бақбақ, ермен туралы ұғынымы бар                      5.2.1.8 жабайы өсімдіктердің айырмашылық белгілерін – сыртқы түрін, өсу орнын және өсу ерекшеліктерін білу                      5.2.1.9 өсімдіктікі тәсілмен: тұқыммен және шыбықты телу арқылы көбейту туралы түсінігі болу                      5.2.1.10 өсімдік бөліктерін көрсете және атай білу</p>

## 2.1 Тірі табиғаттағы процесстер

- 5.2.1.11 өсімдіктің даму талабы мен кезендерін ( тұқым, өскін, жапырағы бар сабақ, гүл, жеміс) білу
- 5.2.1.12 өсімдікті күтудің негізгі және қосымша ережелерімен танысу
- 5.2.1.13 бөлме өсімдіктерін күте білу
- 5.2.1.14 бақ пен бақшаның (мектеп жанындағы үлескедегі, үй жанындағы бақ пен бақшадағы) мәдени өсімдіктерін күте білу
- 5.2.1.15 орманға, егістікке, шалғынға экскурсияға бару
- 5.2.1.16 өсімдіктің өсуін бақылау
- 5.2.1.17 табиғи материалдарды жинау
- 5.2.1.18 дәптерде жабайы өсімдіктердің сыртқы түрін, өсу орны мен ерекшеліктерін сипаттауға талпыну
- 5.2.1.19 дала гүлдерінен гүлшоқ жасай білу
- 5.2.1.20 қызанақ, қияр, болғар бұрышының тұқымынан көшет өсіре білу;
- 5.2.1.21 өсімдіктің өсуін бақылау, оларды күту
- 5.2.1.22 тұқым себу үшін топырақты дайындай білу
- 5.2.1.23 тұқымды топыраққа себу және сәбіз бен қызылшаны өсіру әрекеттерін орындау
- 5.2.1.24 алма, алмұрт ағаштарды телу тәсілімен көбейтуді бақылау
- 5.2.1.25 өсімдіктің сыртқы түріне қарай олардың жақсы өсуіне ылғалдың, жарықтың, ауаның, топырақтың жетіспейтіндігін анықтау
- 5.2.1.26 өсімдіктерді отырғызуды жүзеге асыру
- 5.2.1.27 туған өлкенің өсімдік әлемін көре, сақтай және көбейте білу
- 5.2.1.28 мәдени өсімдікті (раушангүл – итмұрын, шие – шетен) жабайы өсімдіктен айырмашылық белгілері бойынша ажырата білу
- 5.2.1.29 қандай өсімдіктердің тұқым арқылы, қандай өсімдіктердің шыбықты телу арқылы көбейетінін анықтау
- 5.2.1.30 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарай білу
- 5.2.1.31 бөлме өсімдіктерін суғара білу
- 5.2.1.32 бақ пен бақшадағы мәдени өсімдіктерді күту ережелерін (түптеу, малалау, суғару) орындау
- 5.2.1.33 гүл сыйлау ережелерін білу
- 5.2.1.34 жануарлар әлемінің сан алуан түрлілігі – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер туралы түсінігі болу
- 5.2.1.35 жануарлардың өсімдікті қорек ретінде пайдаланатыны туралы білу
- 5.2.1.36 жануарлар мен құстардың қозғалу, жауынан қорғану үшін бейімделетіні туралы түсінігі бар
- 5.2.1.37 үй жануарлары мен жабайы жануарларды сыртқы түрі, мекендеу жері бойынша ажырата білу
- 5.2.1.38 шөпқоректі жануарлар (қоян, тиін, сиыр, ешкі), олардың қоректену тәсілдері, ересек

	<p>жануарлар мен олардың төлдерінің атаулары туралы түсінігінің болуы</p> <p>5.2.1.39 жыртқыш жануарлар (қасқыр, түлкі) және олардың сыртқы түрі, қоректену ерекшеліктері, олардың қылықтары, төлдері туралы түсінігінің болуы</p> <p>5.2.1.40 қорек талғамайтын жануарлар (аю, кірпі, шошқа) және олардың қоректену тәсіліне қарай жыртқыш жануарлар мен шөпқоректі жануарлардан айырмашылықтары туралы түсінігінің болуы</p> <p>5.2.1.41 пайдалы және зиянды жануарларды (адам, жануарлар үшін зиянды және пайдалы) ажырата білу</p> <p>5.2.1.42 үй жануарларын өздігінен күтуге талпыну</p> <p>5.2.1.43 қыста құстарды өздігінен тамақтандыра білу</p> <p>5.2.1.44 аквариумдағы балықтарды өздігінен күте білу</p>
<p>2.2 Өлі табиғаттағы процесстер</p>	<p>5.2.2.1 өлі табиғат туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу</p> <p>5.2.2.2 барлық тіршілік көзінің өмір сүруінің басты талабы ретіндегі су туралы, табиғаттағы судың рөлі туралы түсінікті бекіту</p> <p>5.2.2.3 суды өнімдерді өндіруде пайдалану туралы түсініктің болуы</p> <p>5.2.2.4 судың ластану себептерін және оның адам, жауарлар мен өсімдіктер өміріндегі салдарын білу</p> <p>5.2.2.5 ауаның тыныс алу негізі екені туралы, ауаның адам, жауарлар мен өсімдіктер өміріндегі рөлі туралы түсінікті бекіту</p> <p>5.2.2.6 лас және таза ауаның адам денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің жағдайына тигізетін әсері туралы білу</p> <p>5.2.2.7 топырақ және топырақтың адам, жауарлар мен өсімдіктер үшін маңызы туралы түсінікті нақтылау және кеңейту</p> <p>5.2.2.8 топырақтың құнарлылығын сақтаудағы адамның рөлі туралы білу</p> <p>5.2.2.9 адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі туралы түсінігінің болуы</p> <p>5.2.2.10 өнеркәсіптерге, ауыл шаруашылық және мал фермаларына экскурсияға бару</p> <p>5.2.2.11 мектеп жанындағы үлескеде мезгілдік жұмыстарға, бөлме өсімдіктерін күтуге қатысу</p> <p>5.2.2.12 ауа температурасын өлшей білу</p> <p>5.2.2.13 жел бағытын анықтай білу</p> <p>5.2.2.14 ауа райын бақылау және табиғат күнделігін жүргізу</p> <p>5.2.2.15 "Табиғатты қорғау" тақырыбына плакаттар мен постер жасауға қатысу</p> <p>5.2.2.16 табиғат күнделігі бойынша әр түрлі күндердің ауа райын салыстыру</p>

5.2.2.17 тәжірибе жүргізу: бір өсімдікті терезе алдына, екіншісін қараңғы бөлмеге қой. Бір өсімдікті суғар, екіншісіне су құйма. Бір өсімдікті жылы бөлмеге, ал екінші өсімдікті суық бөлмеге қой . Қорытынды жасай білу: өсімдіктің өсуі үшін жылы ауа, жарық, су қажет

5.2.2.18 табиғатта тәртіп мәдениетін сақтау

5.2.2.19 судың жағасында және суда қауіпсіздік ережелерін сақтау

5.2.2.20 өз денсаулығын салқын тиюден қорғау

5.2.2.21 бақтағы және бақшадағы мезгілдік жұмыстарды орындау

5.2.2.22 бөлме өсімдіктерін күту

5.2.2.23 табиғат алдындағы өз жауапкершілігін сезіну

### 3) 3-бөлім "Менің Отаным – Қазақстан":

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	5-сынып
3.1 Қазақстан өнеркәсібі	<p>5.3.1.1 Қазақстан Республикасының өнеркәсібі туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.2 Республиканың ірі өнеркәсіптік – Атырау, Қарағанды, Екібастұз, Қостанай қалаларын білу</p> <p>5.3.1.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ), сондай-ақ жергілікті жердегі пайдалы қазбалар, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.4 Қазақстанның физикалық картасымен және пайдалы қазбалар картасымен жұмыс істеуге үйрену</p> <p>5.3.1.5 картадан Қазақстанның ірі қалаларын және мұнай, газ, көмір кен орындарын табу бойынша тәжірибелік тапсырмаларды орындау</p> <p>5.3.1.6 бензиннің қайдан алынатыны және оның қайда пайдаланылатыны туралы білу</p> <p>5.3.1.7 үйге газдың қалай келетіні туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.8 тұрмыста газды, электрді, көмірді үнемдеп шығындауға тырысу</p> <p>5.3.1.9 әр түрлі кен орындарындағы пайдалы қазбалардың санын салыстыру бойынша математикалық есептеу әрекетін орындау</p> <p>5.3.1.10 әр түрлі кен орындары бойынша салыстырылатын мәліметтер графигін және диаграммасын жасауға үйрену</p>
	<p>5.3.2.1 Қазақстанның ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы) туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.2.2 бидай өсірілетін аймақтарды білу, картадан көрсету</p> <p>5.3.2.3 мал шаруашылығының негізгі аймақтарын білу, картадан көрсету</p>

3.2. Қазақстанның ауыл шаруашылығы	<p>5.3.2.4 нанның неден жасалатынын және нанның адам өміріндегі рөлін білу</p> <p>5.3.2.5 нанға ұқыптылықпен қарай білу</p> <p>5.3.2.6 жергілікті жерде қандай ауыл шаруашылық дақылдардың өсірілетінін білу</p> <p>5.3.2.7 әр түрлі ауыл шаруашылық дақылдарының соңғы 2-3 жылдағы өнімін жинау диаграммасын құруға, салыстыруға үйрену</p> <p>5.3.2.8 суретшілер мен жазушылардың шығармаларындағы Қазақстанның табиғаты</p> <p>5.3.2.9 Қазақстан суретшілерінің көрмесіне бару</p> <p>5.3.2.10 Қазақстан жазушылары мен ақындарының шығармаларын оқу</p> <p>5.2.3.11 өз елінің қадірлі азаматы болу дегенді түсіндіре білу</p>
------------------------------------	---

#### 4) 4-бөлім "Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру":

##### 4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары
	5-сынып
4.1 Сөздік қорды кеңейту	<p>5.4.1.1 сөздік қорға бұрын пайдаланылмаған зат есімдерді, сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді ендіруге тырысу</p> <p>5.4.1.2 келесі сөз тіркестерін құра білу: көктемгі тамшы, бұлақтың сылдыры, көшкен бұлттар, табиғаттың жандануы, табиғатты қорғау, өлі табиғаттағы өзгерістер, пайдалы ас, табиғи дәрумендер, мәдени өсімдіктер, жабайы өсімдіктер, өсу орны, сыртқы түрі, өсу талабы, күту ережелері, өсімдік әлемі</p> <p>5.4.1.3 бір түбірлі сөздерді: көктем, көктемгі; бұлт, бұлтты; өсімдік, өседі, өскен түрлендіре білу</p>
4.2 Байланыстырылған сөйлеу тілін дамыту	<p>5.4.2.1 сөз тіркестері мен сөйлемдерді өздігінен құрастыра білу</p> <p>5.4.2.2 табиғат туралы, жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.3 жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өсімдіктер әлемі туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.4 көкөністер мен жемістерден дайындалатын жеңіл тағамды дайындау процесін дәйектілікпен айта білу</p> <p>5.4.2.5 табиғаттың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістердің себеп-салдарлық байланысы туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.6 "Қаз келсе, жаз келер. Қарға келсе, қатқак келер", "Қыстағы суық, жаздағы ыстық", "Жаздың бір күні, қыстың мың күні", "Күркіреген бұлттың жаңбыры аз" мақалдарды түсіндіруге талпыну</p>

5.4.2.7 "Егер ... болса, сен не істейсің?" сөздік логикалық тапсырмаларды шешуге талпыну  
 5.4.2.8 жүргізген бақылаулар, орындалған тапсырмалар, аяқталған еңбек процесінің негізінде ұсынылған тақырыпқа байланысты әңгімеге белсенді қатысу  
 5.4.2.9 Қазақстан туралы, оның табиғаты, қаладағы және ауылдағы адамдардың өмірі, суретшілер мен жазушылардың Қазақстан туралы шығармалары туралы әңгіме құрастыруға талпыну

34. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-сыныбы үшін "Айналадағы әлем" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5 - сыныбы үшін "Айналадағы әлем" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Ескерту. Қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5 – сыныбы үшін "Айналадағы әлем" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1) 5-сынып  
 1-кесте

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		5.1.1.1 күннің табиғаттағы ( ауаның, судың температурасы, жылылық көлемі) өзгерістерге, жыл мезгілінің ауысуына әсері туралы алған білімді қорытындылау 5.1.1.2 адамның тамақтануындағы көкөністер мен жемістердің

<p>1. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері</p>	<p>1.1 Күзгі жемістер – денсаулық көзі. Күзгі өзгерістер туралы мәліметтерді қорыту</p>	<p>маңызын ұғыну; негізгі дәрумендер, олардың адам денсаулығын нығайтудағы рөлі туралы түсініктердің болуы; тиімді тамақтану ережелерін білу</p> <p>5.1.1.3 өсімдіктердің, жануарлардың (жәндіктер, құстар) , адамның күздегі өміріндегі өзгерістер туралы бақылау барысында алған білімді қорытындылау</p> <p>5.1.1.4 табиғаттағы күзгі өзгерістер себебін түсіндіре білу</p> <p>5.1.1.5 күздің әр түрлі кезеңдерінде ауа мен су температурасын өлшеу, өлшеу нәтижелерін табиғатты бақылау күнделігінде тіркеу</p> <p>5.1.1.6 "Тиімді тамақтану ерекшеліктері" журналын ауызша дайындау</p> <p>5.1.1.7 "пайдалы – пайдалы емес" ойынына қатысу</p> <p>5.1.1.8 салауатты мәзірді құрастыру – жаңа піскен көкөністер мен жемістерден дайындалған тағамдар</p> <p>5.1.1.9 жаңа піскен көкөністер, жемістер мен аскөктен жеңіл тағам дайындай білу</p> <p>5.1.1.10 күзгі көкөністерді дайындауға – қырыққабатты және қиярды тұздауға көмектесу</p> <p>5.1.1.11 аспаздық тағамдарды дайындау үшін тамақ өнімдерін өлшеу</p> <p>5.1.1.12 ауа райына қарай киіне білу</p> <p>5.1.1.13 бақшадағы, бақтағы, мектеп жанындағы үлескедегі күзгі жұмыстарға қатысу</p>
		<p>5.2.1.1 өсімдік әлемі туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу</p> <p>5.2.1.2 ағаш, бұта, шөп тектес өсімдіктердің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын ерекшелей білу</p> <p>5.2.1.3 өсімдіктер өмірі (топырақ, ауа, су, жарық) туралы білімді бекіту</p>

<p>2. Табиғат</p>	<p>2.1 Тірі табиғаттағы процесстер</p>	<p>5.2.1.4 кейбір жағдайлардың жетіспеушілігін өсімдіктің сыртқы түріне қарап байқай білу  5.2.1.5 "Мәдени өсімдіктер" (бақ, бақша, егін дақылдары) түсінігі туралы ұғынымы бар  5.2.1.6 мәдени өсімдіктердің айырмашылық белгілерін – сыртқы түрін, өсу жағдайын, өсу орнын, адамның күтіміне тәуелділігін (көкөніс, жеміс) білу  5.2.1.7 бақ пен бақшаның (мектеп жанындағы үлескедегі, үй жанындағы бақ пен бақшадағы) мәдени өсімдіктерін күте білу  5.2.1.8 орманға, егістікке, шалғынға экскурсияға бару  5.2.1.9 өсімдіктің өсуін бақылау  5.2.1.10 табиғи материалдарды жинау  5.2.1.11 дала гүлдерінен гүлшоқ жасай білу  5.2.1.12 жануарлар әлемінің сан алуан түрлілігі – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер туралы түсінігі болу  5.2.1.13 жануарлардың өсімдікті қорек ретінде пайдаланатыны туралы білу</p>
	<p>2.2 Өлі табиғаттағы процесстер</p>	<p>5.2.2.1 өлі табиғат туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу  5.2.2.2 барлық тіршілік көзінің өмір сүруінің басты талабы ретіндегі су туралы, табиғаттағы судың рөлі туралы түсінікті бекіту  5.2.2.3 суды өнімдерді өндіруде пайдалану туралы түсініктің болуы  5.2.2.4 судың ластану себептерін және оның адам, жауарлар мен өсімдіктер өміріндегі салдарын білу  5.2.2.5 табиғат күнделігі бойынша әр түрлі күндердің ауа райын салыстыру  5.2.2.6 судың жағасында және суда қауіпсіздік ережелерін сақтау  5.2.2.7 бақтағы және бақшадағы мезгілдік жұмыстарды орындау  5.2.2.8 бөлме өсімдіктерін күту</p>



3. Менің Отаным – Қазақстан	3.1 Қазақстан өнеркәсібі	<p>5.3.1.1 Қазақстан Республикасының өнеркәсібі туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.2 Республиканың ірі өнеркәсіптік – Атырау, Қарағанды, Екібастұз, Қостанай қалаларын білу</p> <p>5.3.1.3 картадан Қазақстанның ірі қалаларын табу бойынша тәжірибелік тапсырмаларды орындау</p>
	3.2. Қазақстанның ауыл шаруашылығы	<p>5.3.2.1 Қазақстанның ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы) туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.2.2 бидай өсірілетін аймақтарды білу, картадан көрсету</p> <p>5.3.2.3 мал шаруашылығының негізгі аймақтарын білу, картадан көрсету</p> <p>5.3.2.4 нанның неден жасалатынын және нанның адам өміріндегі рөлін білу</p> <p>5.3.2.5 нанға ұқыптылықпен қарай білу</p>
4. Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру	4.1 Сөздік қорды кеңейту	<p>5.4.1.1 сөздік қорға бұрын пайдаланылмаған зат есімдерді, сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді ендіруге тырысу</p> <p>5.4.1.2 келесі сөз тіркестерін құра білу: көктемгі тамшы, бұлақтың сылдыры, көшкен бұлттар, табиғаттың жандануы, табиғатты қорғау, өлі табиғаттағы өзгерістер, пайдалы ас, табиғи дәрумендер, мәдени өсімдіктер, жабайы өсімдіктер, өсу орны, сыртқы түрі, өсу талабы, күту ережелері, өсімдік әлемі</p> <p>5.4.1.3 бір түбірлі сөздерді: көктем, көктемгі; бұлт, бұлтты; өсімдік, өседі, өскен түрлендіре білу</p>
		<p>5.4.2.1 сөз тіркестері мен сөйлемдерді өздігінен құрастыра білу</p> <p>5.4.2.2 табиғат туралы, жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p>

	<p>4.2 Байланыстырылған сөйлеу тілін дамыту</p>	<p>5.4.2.3 жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өсімдіктер әлемі туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.4 көкөністер мен жемістерден дайындалатын жеңіл тағамды дайындау процесін дәйектілікпен айта білу</p> <p>5.4.2.5 табиғаттың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістердің себеп-салдарлық байланысы туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.6 "Күркіреген бұлттың жаңбыры аз" мақалдарды түсіндіруге талпыну</p>
<p>2-тоқсан</p>		
<p>1. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері</p>	<p>1.2 Қысқы табиғаттағы өзгерістердің адамдар еңбегіне тигізетін әсері</p>	<p>5.1.2.1 қыстағы табиғаттағы өзгерістер, олардың адам еңбегіне әсері туралы түсініктерді қорытындылау және жүйелеу</p> <p>5.1.2.2 өлі табиғат пен тірі табиғат нысандары мен құбылыстарының арасындағы байланысты табу, қыста жабайы жануарларға көмек көрсетудің қажеттілігін түсіну</p> <p>5.1.2.3 қыс мезгіліндегі қаладағы және ауылдағы (егістікте қар тоқтату, көктемгі егіске техника мен тұқым дайындау) адамдардың еңбектері туралы түсініктерінің болуы</p> <p>5.1.2.4 бақтағы қысқы жұмыстарға , мектеп ауласын қардан тазарту, мектеп үлескесіндегі ағаштар мен бұталардың астын қармен көму жұмыстарына қатысу</p> <p>5.1.2.5 қыс туралы (қыстың әр түрлі кезеңдеріндегі табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың қыстағы өмірі, адамдардың қыс кезіндегі еңбегі) туралы әңгіме құрастыру</p> <p>5.1.2.6 тал түстегі күннің биіктігін, күн жарығының ұзақтығын белгілеу, ауа райын бақылау, оны кешегі ауа райымен салыстыру</p> <p>5.1.2.7 табиғаттағы тәуелділіктің себеп-салдарын анықтау</p> <p>5.1.2.8 ағаштар мен бұталардың тамырын қармен жауып,</p>

		<p>өсімдіктерді үсіп кетуден қорғай білу</p> <p>5.1.2.9 шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде орындау, суық тиюдің алдын алу шараларын орындау;</p> <p>5.1.2.10 қыстап қалатын құстарды тамақтандыруға арналған қарапайым жемсалғыш жасай білу</p>
	<p>2.1 Тірі табиғаттағы процесстер</p>	<p>5.2.1.1 "Жабайы өсетін өсімдіктер": ағаштар – қарағай, шырша, қайың, шетен, мойыл; бұталар – итмұрын, арша шөптер – жоңышқа, бақбақ, ермен туралы ұғынымы бар</p> <p>5.2.1.2 жабайы өсімдіктердің айырмашылық белгілерін – сыртқы түрін, өсу орнын және өсу ерекшеліктерін білу</p> <p>5.2.1.3 өсімдікті екі тәсілмен: тұқыммен және шыбықты телу арқылы көбейту туралы түсінігі болу</p> <p>5.2.1.4 өсімдік бөліктерін көрсете және атай білу</p> <p>5.2.1.5 өсімдіктің даму талабы мен кезеңдерін (тұқым, өскін, жапырағы бар сабақ, гүл, жеміс) білу</p> <p>5.2.1.6 өсімдікті күтудің негізгі және қосымша ережелерімен танысу</p> <p>5.2.1.7 бөлме өсімдіктерін күте білу</p> <p>5.2.1.8 дәптерде жабайы өсімдіктердің сыртқы түрін, өсу орны мен ерекшеліктерін сипаттауға талпыну</p> <p>5.2.1.9 туған өлкенің өсімдік әлемін көре, сақтай және көбейте білу</p> <p>5.2.1.10 мәдени өсімдікті (раушангүл – итмұрын, шие – шетен) жабайы өсімдіктен айырмашылық белгілері бойынша ажырата білу</p> <p>5.2.1.11 қандай өсімдіктердің тұқым арқылы, қандай өсімдіктердің шыбықты телу арқылы көбейетінін анықтау</p> <p>5.2.1.12 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарай білу</p> <p>5.2.1.13 бөлме өсімдіктерін суғара білу</p>

## 2. Табиғат

5.2.1.14 жануарлар әлемінің сан алуан түрлілігі – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер туралы түсінігі болу

5.2.1.15 үй жануарлары мен жабайы жануарларды сыртқы түрі, мекендеу жері бойынша ажырата білу

5.2.1.16 шөпқоректі жануарлар (қоян, тиін, сиыр, ешкі), олардың қоректену тәсілдері, ересек жануарлар мен олардың төлдерінің атаулары туралы түсінігінің болуы

5.2.1.17 жыртқыш жануарлар (қасқыр, түлкі) және олардың сыртқы түрі, қоректену ерекшеліктері, олардың қылықтары, төлдері туралы түсінігінің болуы

5.2.1.18 аквариумдағы балықтарды өздігінен күте білу

5.2.2.1 өлі табиғат туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу

5.2.2.2 барлық тіршілік көзінің өмір сүруінің басты талабы ретіндегі су туралы, табиғаттағы судың рөлі туралы түсінікті бекіту

5.2.2.3 судың ластану себептерін және оның адам, жауарлар мен өсімдіктер өміріндегі салдарын білу

5.2.2.4 адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі туралы түсінігінің болуы

5.2.2.5 өнеркәсіптерге, ауыл шаруашылық және мал фермаларына экскурсияға бару

5.2.2.6 мектеп жанындағы үлескеде мезгілдік жұмыстарға, бөлме өсімдіктерін күтуге қатысу

5.2.2.7 ауа температурасын өлшей білу

5.2.2.8 жел бағытын анықтай білу

5.2.2.9 ауа райын бақылау және табиғат күнделігін жүргізу

5.2.2.10 "Табиғатты қорғау" тақырыбына плакаттар мен постер жасауға қатысу

5.2.2.11 табиғат күнделігі бойынша әр түрлі күндердің ауа райын салыстыру

### 2.2 Өлі табиғаттағы процесстер

		<p>5.2.2.12 тәжірибе жүргізу: бір өсімдікті терезе алдына, екіншісін қараңғы бөлмеге қой. Бір өсімдікті суғар, екіншісіне су құйма. Бір өсімдікті жылы бөлмеге, ал екінші өсімдікті суық бөлмеге қой. Қорытынды жасай білу: өсімдіктің өсуі үшін жылы ауа, жарық, су қажет</p> <p>5.2.2.13 табиғатта тәртіп мәдениетін сақтау</p> <p>5.2.2.14 өз денсаулығын салқын тиюден қорғау</p> <p>5.2.2.15 бөлме өсімдіктерін күту</p> <p>5.2.2.16 табиғат алдындағы өз жауапкершілігін сезіну</p>
3. Менің Отаным – Қазақстан	3.1 Қазақстан өнеркәсібі	<p>5.3.1.1 Қазақстан Республикасының өнеркәсібі туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.2 Қазақстандағы пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ), сондай-ақ жергілікті жердегі пайдалы қазбалар, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.3 Қазақстанның физикалық картасымен және пайдалы қазбалар картасымен жұмыс істеуге үйрену</p> <p>5.3.1.4 картадан Қазақстанның ірі қалаларын және мұнай, газ, көмір кен орындарын табу бойынша тәжірибелік тапсырмаларды орындау</p>
	3.2. Қазақстанның ауыл шаруашылығы	<p>5.3.2.1 Қазақстанның ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы) туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.2.2 жергілікті жерде қандай ауыл шаруашылық дақылдардың өсірілетінін білу</p> <p>5.3.2.3 әр түрлі ауыл шаруашылық дақылдарының соңғы 2-3 жылдағы өнімін жинау диаграммасын құруға, салыстыруға үйрену</p> <p>5.3.2.4 суретшілер мен жазушылардың шығармаларындағы Қазақстанның табиғаты</p> <p>5.3.2.5 Қазақстан суретшілерінің көрмесіне бару</p>

		5.3.2.6 Қазақстан жазушылары мен ақындарының шығармаларын оқу
4. Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру	4.1 Сөздік қорды кеңейту	5.4.1.1 сөздік қорға бұрын пайдаланылмаған зат есімдерді, сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді ендіруге тырысу 5.4.1.2 келесі сөз тіркестерін құра білу: көктемгі тамшы, бұлақтың сылдыры, көшкен бұлттар, табиғаттың жандануы, табиғатты қорғау, өлі табиғаттағы өзгерістер, пайдалы ас, табиғи дәрумендер, мәдени өсімдіктер, жабайы өсімдіктер, өсу орны, сыртқы түрі, өсу талабы, күту ережелері, өсімдік әлемі 5.4.1.3 бір түбірлі сөздерді: көктем , көктемгі; бұлт, бұлтты; өсімдік, өседі, өскен түрлендіре білу
	4.2 Байланыстырылған сөйлеу тілін дамыту	5.4.2.1 сөз тіркестері мен сөйлемдерді өздігінен құрастыра білу 5.4.2.2 табиғат туралы, жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы әңгіме құрастыруға талпыну 5.4.2.3 жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өсімдіктер әлемі туралы әңгіме құрастыруға талпыну 5.4.2.4 табиғаттың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістердің себеп-салдарлық байланысы туралы әңгіме құрастыруға талпыну 5.4.2.5 жүргізген бақылаулар, орындалған тапсырмалар, аяқталған еңбек процесінің негізінде ұсынылған тақырыпқа байланысты әңгімеге белсенді қатысу
3-тоқсан		
		5.1.2.1 қыстағы табиғаттағы өзгерістер, олардың адам еңбегіне әсері туралы түсініктерді қорытындылау және жүйелеу 5.1.2.2 өлі табиғат пен тірі табиғат нысандары мен құбылыстарының арасындағы байланысты табу,

<p>1. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері</p>	<p>1.2 Қысқы табиғаттағы өзгерістердің адамдар еңбегіне тигізетін әсері</p>	<p>қыста жабайы жануарларға көмек көрсетудің қажеттілігін түсіну  5.1.2.3 қыс мезгіліндегі қаладағы және ауылдағы (егістікте қар тоқтату, көктемгі егіске техника мен тұқым дайындау) адамдардың еңбектері туралы түсініктерінің болуы  5.1.2.4 қыс мезгіліндегі қаладағы және ауылдағы (егістікте қар тоқтату, көктемгі егіске техника мен тұқым дайындау) адамдардың еңбектері туралы түсініктерінің болуы  5.1.2.5 қыс туралы (қыстың әр түрлі кезеңдеріндегі табиғаттағы өзгерістер, өсімдіктер мен жануарлардың қыстағы өмірі, адамдардың қыс кезіндегі еңбегі) туралы әңгіме құрастыру  5.1.2.7 табиғаттағы тәуелділіктің себеп-салдарын анықтау  5.1.2.8 ағаштар мен бұталардың тамырын қармен жауып, өсімдіктерді үсіп кетуден қорғай білу  5.1.2.9 шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде орындау, суық тиюдің алдын алу шараларын орындау;</p>
	<p>1.3 Көктемнің әр түрлі кезеңдеріндегі табиғаттағы өзгерістер</p>	<p>5.1.3.1 көктемгі табиғаттағы өзгерістер туралы білімді қорытындылау және жүйелеу  5.1.3.2 табиғаттың әр түрлі нысандарының арасындағы байланысты анықтау білуді қалыптастыру  5.1.3.3 көктемгі табиғаттың әдемілігін көре білу, табиғаттағы өз тәртібіне баға беру  5.1.3.4 өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігін көрсету  5.1.3.5 бақыланатын өзгерістердің себептерін түсіндіре білу, табиғатты қорғау жұмысына қатысу тілегін білдіру  5.1.3.6 бақтағы ағаштарды әктеуге қатысу  5.1.3.7 ағаштарды, бұталарды, бақша өсімдіктерін отырғызуға,</p>

	<p>гүлзарға гүл тұқымын себуге қатысу</p> <p>5.1.3.8 өсіп тұрған өсімдіктерді күту</p> <p>5.1.3.9 "Бұл қашан болады?", "Артығын алып таста" (суреттердегі белгілер бойынша жыл мезгілін анықтау) ойындарына қатысу</p> <p>5.1.3.10 мұз сұңгісі бойынша оңтүстік, солтүстікті анықтай білу</p> <p>5.1.3.11 қыстан кейін мектеп ауласын тазарту, жайлардағы көктемгі тазарту</p>
	<p>5.2.1.1 өсімдік әлемі туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу</p> <p>5.2.1.2 ағаш, бұта, шөп тектес өсімдіктердің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын ерекшелей білу</p> <p>5.2.1.3 өсімдіктер өмірі (топырақ, ауа, су, жарық) туралы білімді бекіту</p> <p>5.2.1.4 кейбір жағдайлардың жетіспеушілігін өсімдіктің сыртқы түріне қарап байқай білу</p> <p>5.2.1.5 өсімдікті екі тәсілмен: тұқыммен және шыбықты телу арқылы көбейту туралы түсінігі болу</p> <p>5.2.1.6 өсімдік бөліктерін көрсете және атай білу</p> <p>5.2.1.7 өсімдіктің даму талабы мен кезеңдерін (тұқым, өскін, жапырағы бар сабақ, гүл, жеміс) білу</p> <p>5.2.1.8 дәптерде жабайы өсімдіктердің сыртқы түрін, өсу орны мен ерекшеліктерін сипаттауға талпыну</p> <p>5.2.1.9 қызанақ, қияр, болғар бұрышының тұқымынан көшет өсіре білу;</p> <p>5.2.1.10 өсімдіктің өсуін бақылау, оларды күту</p> <p>5.2.1.11 тұқым себу үшін топырақты дайындай білу</p> <p>5.2.1.12 тұқымды топыраққа себу және сәбіз бен қызылшаны өсіру әрекеттерін орындау</p> <p>5.2.1.13 алма, алмұрт ағаштарды телу тәсілімен көбейтуді бақылау</p>



2. Табиғат

2.1 Тірі табиғаттағы процесстер

5.2.1.14 өсімдіктің сыртқы түріне қарай олардың жақсы өсуіне ылғалдың, жарықтың, ауаның, топырақтың жетіспейтіндігін анықтау

5.2.1.15 өсімдіктерді отырғызуды жүзеге асыру

5.2.1.16 туған өлкенің өсімдік әлемін көре, сақтай және көбейте білу

5.2.1.17 мәдени өсімдікті (раушангүл – итмұрын, шие – шетен) жабайы өсімдіктен айырмашылық белгілері бойынша ажырата білу

5.2.1.18 қандай өсімдіктердің тұқым арқылы, қандай өсімдіктердің шыбықты телу арқылы көбейетінін анықтау

5.2.1.19 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарай білу

5.2.1.20 бөлме өсімдіктерін суғара білу

5.2.1.21 бақ пен бақшадағы мәдени өсімдіктерді күту ережелерін (түптеу, малалау, суғару) орындау

5.2.1.22 гүл сыйлау ережелерін білу

5.2.1.23 жануарлар әлемінің сан алуан түрлілігі – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер туралы түсінігі болу

5.2.1.24 жануарлар әлемінің сан алуан түрлілігі – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер туралы түсінігі болу

5.2.1.25 пайдалы және зиянды жануарларды (адам, жануарлар үшін зиянды және пайдалы) ажырата білу

5.2.1.26 үй жануарларын өздігінен күтуге талпыну 5.2.1.27 қыста құстарды өздігінен тамақтандыра білу

5.2.2.1 өлі табиғат туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу

5.2.2. топырақ және топырақтың адам, жауарлар мен өсімдіктер үшін маңызы туралы түсінікті нақтылау және кеңейту

	<p>2.2 Өлі табиғаттағы процесстер</p>	<p>5.2.2.3 топырақтың құнарлылығын сақтаудағы адамның рөлі туралы білу</p> <p>5.2.2.4 адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі туралы түсінігінің болуы</p> <p>5.2.2.5 өнеркәсіптерге, ауыл шаруашылық және мал фермаларына экскурсияға бару</p> <p>5.2.2.6 мектеп жанындағы үлескеде мезгілдік жұмыстарға, бөлме өсімдіктерін күтуге қатысу</p> <p>5.2.2.7 уметь измерять температуру воздуха; ауа температурасын өлшей білу</p> <p>5.2.2.8 жел бағытын анықтай білу</p> <p>5.2.2.9 ауа райын бақылау және табиғат күнделігін жүргізу</p> <p>5.2.2.10 "Табиғатты қорғау" тақырыбына плакаттар мен постер жасауға қатысу</p> <p>5.2.2.11 табиғат күнделігі бойынша әр түрлі күндердің ауа райын салыстыру</p> <p>5.2.2.12 табиғатта тәртіп мәдениетін сақтау</p> <p>5.2.2.13 табиғатта тәртіп мәдениетін сақтау</p> <p>5.2.2.14 бақтағы және бақшадағы мезгілдік жұмыстарды орындау</p> <p>5.2.2.15 бөлме өсімдіктерін күту</p> <p>5.2.2.16 табиғат алдындағы өз жауапкершілігін сезіну</p>
	<p>3.1 Қазақстан өнеркәсібі</p>	<p>5.3.1.1 Қазақстан Республикасының өнеркәсібі туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.2 бензиннің қайдан алынатыны және оның қайда пайдаланылатыны туралы білу</p> <p>5.3.1.3 үйге газдың қалай келетіні туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.4 тұрмыста газды, электрді, көмірді үнемдеп шығындауға тырысу</p> <p>5.3.1.5 әр түрлі кен орындарындағы пайдалы қазбалардың санын салыстыру бойынша математикалық есептеу әрекетін орындау</p> <p>5.3.1.6 әр түрлі кен орындары бойынша салыстырылатын мәліметтер графигін және диаграммасын жасауға үйрену</p>

<p>3. Менің Отаным – Қазақстан</p>	<p>3.2. Қазақстанның ауыл шаруашылығы</p>	<p>5.3.2.1 Қазақстанның ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы) туралы түсінігі болу  5.3.2.2 мал шаруашылығының негізгі аймақтарын білу, картадан көрсету  5.3.2.3 жергілікті жерде қандай ауыл шаруашылық дақылдардың өсірілетінін білу  5.3.2.4 суретшілер мен жазушылардың шығармаларындағы Қазақстанның табиғаты  5.3.2.5 Қазақстан суретшілерінің көрмесіне бару  5.3.2.6 Қазақстан жазушылары мен ақындарының шығармаларын оқу</p>
<p>4. Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру</p>	<p>4.1 Сөздік қорды кеңейту</p>	<p>5.4.1.1 сөздік қорға бұрын пайдаланылмаған зат есімдерді, сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді ендіруге тырысу  5.4.1.2 келесі сөз тіркестерін құра білу: көктемгі тамшы, бұлақтың сылдыры, көшкен бұлттар, табиғаттың жандануы, табиғатты қорғау, өлі табиғаттағы өзгерістер, пайдалы ас, табиғи дәрумендер, мәдени өсімдіктер, жабайы өсімдіктер, өсу орны, сыртқы түрі, өсу талабы, күту ережелері, өсімдік әлемі  5.4.1.3 бір түбірлі сөздерді: көктем, көктемгі; бұлт, бұлтты; өсімдік, өседі, өскен түрлендіре білу</p>
		<p>5.4.2.1 сөз тіркестері мен сөйлемдерді өздігінен құрастыра білу  5.4.2.2 табиғат туралы, жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы әңгіме құрастыруға талпыну  5.4.2.3 жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өсімдіктер әлемі туралы әңгіме құрастыруға талпыну  5.4.2.4 табиғаттың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістердің себеп-салдарлық</p>

	<p>4.2 Байланыстырылған сөйлеу тілін дамыту</p>	<p>байланысы туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.5 "Егер ... болса, сен не істейсің?" сөздік логикалық тапсырмаларды шешуге талпыну</p> <p>5.4.2.6 жүргізген бақылаулар, орындалған тапсырмалар, аяқталған еңбек процесінің негізінде ұсынылған тақырыпқа байланысты әңгімеге белсенді қатысу</p> <p>5.4.2.7 Қазақстан туралы, оның табиғаты, қаладағы және ауылдағы адамдардың өмірі, суретшілер мен жазушылардың Қазақстан туралы шығармалары туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p>
4-тоқсан		
		<p>5.1.4.1 табиғаттағы мезгілдік өзгерістер туралы білімді қорытындылау және жүйелеу</p> <p>5.1.4.2 өсімдіктер мен жануарлардың өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігін көрсету</p> <p>5.1.4.3 табиғатты қорғау нормаларына сәйкес келетін дұрыс дағдыларды, бақытсыздық жағдайдың (мысалы, суға түскенде, орманда алау жаққанда) алдын алу мақсатындағы тәртіп дағдыларын байқату</p> <p>5.1.4.4 жаздың ыстық күндерінде дұрыс киіне білу</p> <p>5.1.4.5 жаздағы шынықтыру шараларын білу және орындау</p> <p>5.1.4.6 "Судағы тәртіп ережелері", "Жазғы ормандағы тәртіп ережелері" тақырыбына ұжымдық плакаттардың суретін салуға қатысу</p> <p>5.1.4.7 бақ, бақша өсімдіктерін күту</p> <p>5.1.4.8 ерте пісетін жеміс, көкөніс өнімдерін жинауға қатысу</p> <p>5.1.4.9 үй жануарларын күте білу</p> <p>5.1.4.10 суда шомылғанда өзін дұрыс ұстай білу, орманда демалғанда өзін дұрыс ұстай білу</p>

1. Табиғаттағы мезгілдік өзгерістер. Жыл мезгілдері

4. Табиғаттағы жаздық байқалымдар туралы мәліметтерді қорытындылау

		өсімдіктерді, бөлме өсімдіктерін күте білу
	1.Тірі табиғаттағы процесстер	<p>5.2.1.1 өсімдік әлемі туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу</p> <p>5.2.1.2 ағаш, бұта, шөп тектес өсімдіктердің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын ерекшелей білу</p> <p>5.2.1.3 өсімдіктер өмірі (топырақ, ауа, су, жарық) туралы білімді бекіту</p> <p>5.2.1.4 кейбір жағдайлардың жетіспеушілігін өсімдіктің сыртқы түріне қарап байқай білу</p> <p>5.2.1.5 "Мәдени өсімдіктер" (бақ, бақша, егін дақылдары) түсінігі туралы ұғынымы бар</p> <p>5.2.1.6 мәдени өсімдіктердің айырмашылық белгілерін – сыртқы түрін, өсу жағдайын, өсу орнын, адамның күтіміне тәуелділігін (көкөніс, жеміс) білу</p> <p>5.2.1.7 "Жабайы өсетін өсімдіктер": ағаштар – қарағай, шырша, қайың, шетен, мойыл; бұталар – итмұрын, арша шөптер – жоңышқа, бақбақ, ермен туралы ұғынымы бар</p> <p>5.2.1.8 жабайы өсімдіктердің айырмашылық белгілерін – сыртқы түрін, өсу орнын және өсу ерекшеліктерін білу</p> <p>5.2.1.9 қызанақ, қияр, болғар бұрышының тұқымынан көшет өсіре білу;</p> <p>5.2.1.10 өсімдіктің өсуін бақылау, оларды күту</p> <p>5.2.1.11 тұқым себу үшін топырақты дайындай білу</p> <p>5.2.1.12 тұқымды топыраққа себу және сәбіз бен қызылшаны өсіру әрекеттерін орындау</p> <p>5.2.1.13 алма, алмұрт ағаштарды телу тәсілімен көбейтуді бақылау</p> <p>5.2.1.14 өсімдіктің сыртқы түріне қарай олардың жақсы өсуіне ылғалдың, жарықтың, ауаның, топырақтың жетіспейтіндігін анықтау</p> <p>5.2.1.15 өсімдіктерді отырғызуды жүзеге асыру 5.2.1.16 туған</p>

2. Табиғат

өлкенің өсімдік әлемін көре, сақтай және көбейте білу

5.2.1.17 өсімдіктерге ұқыптылықпен қарай білу

5.2.1.18 бөлме өсімдіктерін суғара білу

5.2.1.19 бақ пен бақшадағы мәдени өсімдіктерді күту ережелерін (түптеу, малалау, суғару) орындау

5.2.1.20 жануарлар әлемінің сан алуан түрлілігі – аңдар, құстар, балықтар, жәндіктер туралы түсінігі болу

5.2.1.21 үй жануарлары мен жабайы жануарларды сыртқы түрі, мекендеу жері бойынша ажырата білу

5.2.1.22 шөпқоректі жануарлар (қоян, тиін, сиыр, ешкі), олардың қоректену тәсілдері, ересек жануарлар мен олардың төлдерінің атаулары туралы түсінігінің болуы

5.2.1.23 жыртқыш жануарлар (қасқыр, түлкі) және олардың сыртқы түрі, қоректену ерекшеліктері, олардың қылықтары, төлдері туралы түсінігінің болуы

5.2.1.24 қорек талғамайтын жануарлар (аю, кірпі, шошқа) және олардың қоректену тәсіліне қарай жыртқыш жануарлар мен шөпқоректі жануарлардан айырмашылықтары туралы түсінігінің болуы

5.2.1.25 пайдалы және зиянды жануарларды (адам, жануарлар үшін зиянды және пайдалы) ажырата білу

5.2.1.26 үй жануарларын өздігінен күтуге талпыну

5.2.2.1 өлі табиғат туралы білімді қорытындылау, нақтылау және жүйелеу

5.2.2.2 барлық тіршілік көзінің өмір сүруінің басты талабы ретіндегі су туралы, табиғаттағы судың рөлі туралы түсінікті бекіту

5.2.2.3 суды өнімдерді өндіруде пайдалану туралы түсініктің болуы

	<p>2.2 Өлі табиғаттағы процесстер</p>	<p>5.2.2.4 судың ластану себептерін және оның адам, жауарлар мен өсімдіктер өміріндегі салдарын білу</p> <p>5.2.2.5 ауаның тыныс алу негізі екені туралы, ауаның адам, жауарлар мен өсімдіктер өміріндегі рөлі туралы түсінікті бекіту</p> <p>5.2.2.6 лас және таза ауаның адам денсаулығына, жануарлар мен өсімдіктердің жағдайына тигізетін әсері туралы білу</p> <p>5.2.2.7 топырақ және топырақтың адам, жауарлар мен өсімдіктер үшін маңызы туралы түсінікті нақтылау және кеңейту</p> <p>5.2.2.8 топырақтың құнарлылығын сақтаудағы адамның рөлі туралы білу</p> <p>5.2.2.9 адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі туралы түсінігінің болуы</p> <p>5.2.2.10 мектеп жанындағы үлескеде мезгілдік жұмыстарға, бөлме өсімдіктерін күтуге қатысу</p> <p>5.2.2.11 ауа температурасын өлшей білу</p> <p>5.2.2.12 жел бағытын анықтай білу</p> <p>5.2.2.13 ауа райын бақылау және табиғат күнделігін жүргізу</p> <p>5.2.2.14 "Табиғатты қорғау" тақырыбына плакаттар мен постер жасауға қатысу</p> <p>5.2.2.15 табиғат күнделігі бойынша әр түрлі күндердің ауа райын салыстыру</p> <p>5.2.2.16 табиғатта тәртіп мәдениетін сақтау</p> <p>5.2.2.17 судың жағасында және суда қауіпсіздік ережелерін сақтау</p> <p>5.2.2.18 өз денсаулығын салқын тиюден қорғау</p> <p>5.2.2.19 бақтағы және бақшадағы мезгілдік жұмыстарды орындау</p> <p>5.2.2.20 бөлме өсімдіктерін күту</p> <p>5.2.2.21 табиғат алдындағы өз жауапкершілігін сезіну</p>
		<p>5.3.1.1 Қазақстан Республикасының өнеркәсібі туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.2 Республиканың ірі өнеркәсіптік – Атырау, Қарағанды</p>



<p>3. Менің Отаным – Қазақстан</p>	<p>3.1 Қазақстан өнеркәсібі</p>	<p>, Екібастұз, Қостанай қалаларын білу</p> <p>5.3.1.3 Қазақстандағы пайдалы қазбалар (көмір, мұнай, газ), сондай-ақ жергілікті жердегі пайдалы қазбалар, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.4 Қазақстанның физикалық картасымен және пайдалы қазбалар картасымен жұмыс істеуге үйрену</p> <p>5.3.1.5 картадан Қазақстанның ірі қалаларын және мұнай, газ, көмір кен орындарын табу бойынша тәжірибелік тапсырмаларды орындау</p> <p>5.3.1.6 бензиннің қайдан алынатыны және оның қайда пайдаланылатыны туралы білу</p> <p>5.3.1.7 үйге газдың қалай келетіні туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.1.8 тұрмыста газды, электрді, көмірді үнемдеп шығындауға тырысу</p> <p>5.3.1.9 әр түрлі кен орындарындағы пайдалы қазбалардың санын салыстыру бойынша математикалық есептеу әрекетін орындау</p> <p>5.3.1.10 әр түрлі кен орындары бойынша салыстырылатын мәліметтер графигін және диаграммасын жасауға үйрену</p>
	<p>3.2. Қазақстанның ауыл шаруашылығы</p>	<p>5.3.2.1 Қазақстанның ауыл шаруашылығы (мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы) туралы түсінігі болу</p> <p>5.3.2.2 бидай өсірілетін аймақтарды білу, картадан көрсету</p> <p>5.3.2.3 мал шаруашылығының негізгі аймақтарын білу, картадан көрсету</p> <p>5.3.2.4 нанның неден жасалатынын және нанның адам өміріндегі рөлін білу</p> <p>5.3.2.5 нанға ұқыптылықпен қарай білу</p> <p>5.3.2.6 жергілікті жерде қандай ауыл шаруашылық дақылдардың өсірілетінін білу</p>

		<p>5.3.2.7 әр түрлі ауыл шаруашылық дақылдарының соңғы 2-3 жылдағы өнімін жинау диаграммасын құруға, салыстыруға үйрену</p> <p>5.3.2.8 суретшілер мен жазушылардың шығармаларындағы Қазақстанның табиғаты</p> <p>5.3.2.9 Қазақстан суретшілерінің көрмесіне бару</p> <p>5.3.2.10 Қазақстан жазушылары мен ақындарының шығармаларын оқу</p> <p>5.2.3.11 өз елінің қадірлі азаматы болу дегенді түсіндіре білу</p>
<p>4. Сөйлеу тілдік дағдыларды қалыптастыру</p>	<p>4.1 Сөздік қорды кеңейту</p>	<p>5.4.1.1 сөздік қорға бұрын пайдаланылмаған зат есімдерді, сын есімдерді, етістіктерді, үстеулерді ендіруге тырысу</p> <p>5.4.1.2 келесі сөз тіркестерін құра білу: көктемгі тамшы, бұлақтың сылдыры, көшкен бұлттар, табиғаттың жандануы, табиғатты қорғау, өлі табиғаттағы өзгерістер, пайдалы ас, табиғи дәрумендер, мәдени өсімдіктер, жабайы өсімдіктер, өсу орны, сыртқы түрі, өсу талабы, күту ережелері, өсімдік әлемі</p> <p>5.4.1.3 бір түбірлі сөздерді: көктем , көктемгі; бұлт, бұлтты; өсімдік, өседі, өскен түрлендіре білу</p>
		<p>5.4.2.1 сөз тіркестері мен сөйлемдерді өздігінен құрастыра білу</p> <p>5.4.2.2 табиғат туралы, жылдың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістер туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.3 жаңа сөздер мен сөз тіркестерін пайдалана отырып, өсімдіктер әлемі туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p> <p>5.4.2.4 көкөністер мен жемістерден дайындалатын жеңіл тағамды дайындау процесін дәйектілікпен айта білу</p> <p>5.4.2.5 табиғаттың әр түрлі мезгілдеріндегі адам, өсімдіктер, жануарлар өміріндегі өзгерістердің себеп-салдарлық</p>

	<p>4.2 Байланыстырылған сөйлеу тілін дамыту</p>	<p>байланысы туралы әңгіме құрастыруға талпыну  5.4.2.6 "Қаз келсе, жаз келер. Қарға келсе, қатқак келер", "Қыстағы суық, жаздағы ыстық", "Жаздың бір күні, қыстың мың күні", "Күркіреген бұлттың жаңбыры аз" мақалдарды түсіндіруге талпыну  5.4.2.7 "Егер ... болса, сен не істейсің?" сөздік логикалық тапсырмаларды шешуге талпыну  5.4.2.8 жүргізген бақылаулар, орындалған тапсырмалар, аяқталған еңбек процесінің негізінде ұсынылған тақырыпқа байланысты әңгімеге белсенді қатысу  5.4.2.9 Қазақстан туралы, оның табиғаты, қаладағы және ауылдағы адамдардың өмірі, суретшілер мен жазушылардың Қазақстан туралы шығармалары туралы әңгіме құрастыруға талпыну</p>
--	---	--

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 521-қосымша

## **Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 6-9 сыныптар үшін " Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 6-9 сыныптар үшін " Жаратылыстану" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Жаратылыстану" оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларда айналадағы әлем, өлі табиғат, өсімдіктер, жануарлар, адам ағзасының құрылысы мен қызметтері туралы қолжетімді білімдерін қалыптастыру.

3. Оқу пәнінің міндеттері:

1) өлі және тірі табиғаттың негізгі элементтері туралы, сондай-ақ адам ағзасы мен оның денсаулығы туралы білімдерін қалыптастыру;

2) табиғи құбылыстар (жаңбыр, қар, жел, тұман, күз, қыс, көктем, жаз) туралы түсініктерін қалыптастыру;

3) кейбір өсімдіктерді өсіру және оларды күту дағдылары, үй жануарларына күтім жасау тәсілдерін қалыптастыру;

4) салауатты өмір салтын ұстану, өз денсаулығын сақтау және нығайту дағдыларын қалыптастыру;

5) табиғатқа деген қарым-қатынасын қалыптастыру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Бағдарлама "Айналадағы әлем" пәні шеңберіндегі білім алушылардың бұрынғы дайындығын ескере отырып құрылған. Курсты меңгеру барысында "География" (Қазақстан географиясы, құрлықтар мен мұхиттар географиясы), "Тарих" (Біздің өлкенің тарихы), сондай-ақ ана тілінің, оқу және математиканың курстарымен пәнаралық байланыс орнатылады.

5. "Жаратылыстану" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы оқу әрекетінің арнайы әдістері және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Ойлау процестерінің енжарлығы, танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлау қызметінің жалпылау және абстракциялаудың әлсіздігі, сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуі ескеріледі. Білім алушылармен жұмыс барысында еліктеу қабілеттері және сақталған көрнекі-әрекеттік ойлау мүмкіндіктеріне сүйенеді. Тірі және өлі табиғат туралы қалыптасқан түсініктері білім алушылардың мынадай психикалық қызметтерін: қабылдау, есте сақтау, сөйлеу және ойлауды дамыту үшін жағдай жасайды. Бастаған жұмысты аяғына дейін жеткізу, күш жетерлік қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестік көрсете білуі сияқты тұлғалық қасиеттері қалыптастырылады;

2) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды болжайды. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп нормалары мен өмірлік дағдыларды білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

3) оқытудағы әрекеттік тәсіл оқыту процесінде педагогтың басшылығымен оқу материалын ұғынуға жағдай жасайтын заттық-тәжірибелік әрекет қолдануды қарастырады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық қызметтердің

сенсомоторлық негізін дамытады (қабылдау, сөйлеу, ойлау), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігін қалпына келтіреді, сонымен қоса білім, біліктер мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу пәнінің мазмұнын меңгеру білім алушылардың бақылау жүргізуі, зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды орындауы, тәжірибелер жүргізуі және экскурсияларға қатысуын қарастырады;

4) саралау және жекелеу тәсілі білім алушылардың оқу материалын меңгеру кезінде көрініс табатын вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуымен шартталған және алған білімі, біліктері мен дағдыларының сапасына әсер етеді. Білім беру процесі 4 типологиялық топты (В.В. Воронкова бойынша) қосатын педагогикалық топтастыру негізінде іске асырылады. Білім алушылардың әрбір типологиялық тобына педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайды. Оқу жұмысының жылдамдығы, білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

5) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі танымдық белсенділігінің төмендігі, ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігімен шартталған.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) білім беру, дамыту және түзету міндеттерін шешуге қажетті оқыту шарттарын "салып бітіруге" көмектесе отырып, педагог тәсілдерінің арсеналын кеңейтеді.

7. Сабақтарда АКТ-ны келесі мақсаттарда қолданылады:

1) үздіксіз бақылаудан күрделі және жасырын таным объектілерін үлгілеу;

2) шынайы режимдегі және мерзімі ұзартылған уақыттағы зерделенетін табиғи құбылыстарды білім алушылардың талдауы үшін қосымша визуалды динамикалық сүйеніштерді құру.

8. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың "Жаратылыстану" пәні бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада берілген мақсаттылыққа бағыттанып, білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру және бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді жүзеге асыруға бағытталған.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Бағалау тәсілдері оқыту мақсаттарына сәйкес дағдылардың көмегімен қалыптастырылған тапсырмалар мен жаттығулар болып табылады. Зияты зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелерін бағалау кезінде тестілеу қолданылмайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда мұғалім білім беру процесі барысында бағалайды. Педагог жүйелі түрде бақылаушы бағалау әрекеттерін атқарады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Ағымдағы бақылау білім алушының әрекетін сабақта бақылау, тәжірибелік және өздік жұмыстарын талдау, әрекеттің ұжымдық түрлері көмегімен жүзеге асырылады. Әр сабақты бақылау оқыту процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог қолданатын оқыту мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бақылау ынталандырушы және білім алушыларға қатысты тәрбиелеуші сипатқа ие.

13. Мерзімді бақылау бағдарлама тақырыбы мен бөлімін зерделеп болған соң жүргізіледі. Нақты тақырып шеңберіндегі оқу материалын зерделеу нәтижелері білім алушыларда типологиялық топтар әркелкі болады.

1-типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) білім алушылары білімдерді қолдану деңгейінде оқу материалын меңгергенін көрсетеді. 2-типологиялық топ білім алушылары тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді.

3-типологиялық топ білім алушылары білу деңгейінде материалды игереді және өз білімдерін көкейкесті етуде мұғалім көмегін талап етеді. 4-типологиялық топ білім алушылары олардың жетістіктерін бағалауды іске асыру шеңберіндегі жеке бағдарлама бойынша білім алады.

14. Қорытынды бақылау тоқсан не жылдың соңында жүреді. Оқу жылы ағымында бақыланып, білім алушылардың жетістіктерінің жиынтық картасында тіркелетін сыныптың әрбір білім алушысының даму динамикасы мен табыстылығын педагог талдайды.

15. Бағалау процесінің көмегімен педагог арқылы алынатын ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру барысында туындайтын қиындықтарға уақтылы және дұрыс әрекеттесуге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмектің мазмұны мен тәсілдерін анықтайды.

16. Тиімді түрде қарым-қатынас болу мақсатында сынып жиһаздары түрлі формада (жеке, жұптық және топтық) және түрде жұмыстарды жүргізу мақсатында қозғалмалы болады.

17. "Жаратылыстану" пәні бойынша оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мақсатында сабақ сәйкес келетін көрнекі және дидактикалық материалмен қастамасыз етіледі.

18. Сынып бөлмесіндегі жиһаз түрлі формада (жеке, жұптық және топтық) және әртүрлі жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында қозғалмалы болады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стендтер, кітап сөрелерін орналастыратын орындарды қарастырады.

### **3-тарау. "Жаратылыстану" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

19. "Жаратылыстану" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 6-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 7-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 8-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 9-сыныпта – 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

20. "Жаратылыстану" пәні бойынша бағдарламаға оқу материалдарын құрылымға бөлу негізіне білім алушыларға беріп отырған ақпаратты біртіндеп және ретпен күрделендіруге мүмкіндік беретін сызбалы әдіс салынған. "Жаратылыстану" оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Өлі табиғат" (6-сынып);
- 2) 2-бөлім "Өсімдіктер" (7-сынып);
- 3) 3-бөлім "Жануарлар" (8-сынып);
- 4) 4-бөлім "Адам" (9-сынып).

21. "Өлі табиғат" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) табиғат. Тірі және өлі табиғат;
- 2) су;
- 3) ауа;
- 4) пайдалы қазбалар;
- 5) топырақ.

22. "Өсімдіктер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) өсімдіктердің көп түрлілігі және оларды қорғау;
- 2) өсімдік – біртұтас ағза (гүлдейтін өсімдіктермен жалпы таныстыру);

3) өсімдік әлемінің көп түрлілігі: бактериялар, саңырауқұлақтар, мүктер, папоротниктер;

- 4) Қазақстанның ағаш өсімдіктері;
- 5) Қазақстанның екпе өсімдіктері;
- 6) Қазақстанның ауылшаруашылық өсімдіктері;
- 7) Қазақстанның шөптесін өсімдіктері;
- 8) сәндік гүл өсімдіктері.

23. "Жануарлар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) жануарлар әлемінің көп түрлілігі;
- 2) омыртқасыз жануарлар;
- 3) омыртқалы жануарлар: балықтар; қосмекенділер, бауырымен жорғалаушылар; құстар; сүтқоректілер; ауылшаруашылығы шөппен қоректенетін сүтқоректілер.

24. "Адам" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) адам – тірі табиғаттың бөлігі;
- 2) адам ағзасының жалпы ерекшеліктері;
- 3) тірек пен қозғалыс;
- 4) ас қорыту;
- 5) қан және қан айналымы;
- 6) тыныс алу;
- 7) зат бөлу;
- 8) тері;
- 9) жүйке жүйесі;
- 10) сезім органдары;
- 11) көбею мен даму;
- 12) денсаулықты сақтау.

25. 6-сыныпқа арналған "Жаратылыстану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) табиғат: тірі және өлі табиғат. Өлі табиғат объектілері мен құбылыстары, олардың өзгеруі. Қатты денелер, сұйықтықтар мен газдар. Қатты денелердің сұйықтықтарға, сұйықтықтардың газдарға ауысуы. Біз тұратын планета – Жер. Жердің формасы мен көлемі. Күн мен түннің ауысуы, жыл мезгілдерінің ауысуы. Экскурсиялар: өлі табиғат объектілерімен таныстыру;

2) су. Су – өмірдің қажетті шарты. Табиғаттағы су: шық, тұман, бұлт, жауын-шашын, бұлақтар, су қоймалары (өзен, көл, тоған, теңіз). Судың қасиеттері: формасының тұрақсыздығы, ағысы, жылытқан кезде судың кеңеюі мен салқындатқан кездегі сығылуы. Судың кейбір қатты заттарды еріту қасиеті. Судың қасиеттерін есептеу және қолдану. Еритін және ерімейтін заттар. Мөлдір және лай су. Лай суды тазалау. Еритінділер, оларды қолдану. Табиғаттағы еритінділер: минералды және теңіз суы. Ауызсуы. Судың үш күйі. Су температурасы және оны өлшеу. Температура өлшем бірлігі – градус. Суды тұрмыста, өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, көлік, демалыс пен шынығу үшін қолдану және суды пайдалану мысалдарын келтіру. Тұрмыста суға ұқыпты қарау. Экскурсиялар: жергілікті су қайнаркөздерімен таныстыру. Тәжірибелер: жылытқан кезде судың кеңеюі мен салқындатқан кездегі сығылуы. Суда тұз бен канттың еруі. Лай суды фильтрлеу әдісімен тазарту. Тұздарды ауызсу, минералды және теңіз суынан бұлау. Практикалық жұмыс: судың (суық, ыстық, жылы) температурасын өлшеу;

3) ауа. Ауа – өмірдің қажетті шарты. Ауаның қасиеттері: мөлдірлік, түссіздік пен тығыздығы. Ауаның тығыздығын қолдану. Ауаның жылу өткізгіштігі. Ауаның



жылытқан кезде судың кеңеюі мен салқындатқан кездегі сығылуы. Жылы ауа суық ауадан жеңілірек, жылы ауа жоғары көтеріледі, суық ауа төмен түседі. Ауа қозғалысы. Ауа құрамы: оттегі, көмірқышқыл газы мен азот. Оттегі, оттегінің жануын үдету қасиеті. Өсімдіктер, жануарлар мен адам үшін оттегі мен ауаның маңыздылығы. Оттегін медицинада қолдану. Көмірқышқыл газы мен оның жануды қолдамау қасиеті. Көмірқышқыл газын өртті сөндіруде қолдану. Таза және лас ауа. Ауадағы қосындылар (су буы, түтін, шаң). Ауаны ластанудан қорғау қажеттілігі. Адамның ауада ұшуы. Ғарышты игеруі. Тәжірибелер: күбірттік заттарда (қант, кепкен нан, көмір, топырақ) ауаны байқау. Ауа көлемді алады. Тығыз ауа. Ауаның жылуды нашар өткізгіш қасиеті. Ауаны кеңейту мен сығу. Оттегі мен көмірқышқыл газын алу. Практикалық жұмыс: майшамның жалынының өзгеруін бақылау;

4) пайдалы қазбалар. Пайдалы қазбалардың әртүрлілігі (қатты, газ тәріздес). Қазақстанның пайдалы қазбаларының байлығы. Құрылыс материалдары ретінде қолданылатын пайдалы қазбалар: гранит, әктастар, балшық, құм. Жанатын пайдалы қазбалар: шымтезек, тас көмір, мұнай, табиғи газ. Минералды тыңайтқыштарды алуда пайдаланылатын пайдалы қазбалар: калий тұзы мен фосфаттар. Металлдарды алу үшін қолданылатын пайдалы қазбалар: темір және мыс кендері. Экскурсиялар: өлкетану мұражайларына. Тәжірибелер: ыстық пайдалы қазбалардың кейбір қасиеттерін анықтау, калий тұзы мен фосфориттердің ерігіштігін анықтау. Практикалық жұмыстар: қара және түсті металдарды тану. Тас көмірдің жануын бақылау;

5) топырақ. Топырақтың құрылуы мен құрамы. Топырақтың минералды және органикалық бөліктері. Құмды және сазды топырақтар. Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлылық. Жергілікті топырақ түрлері. Топырақты өңдеу. Топырақтың жалаңаштануы жерлеріне экскурсиялар. Тәжірибелер: ауаны су мен топырақтан шығару. Құм мен сазды шығару. Практикалық жұмыстар: құм мен сазды топырақты ажырату. Мектеп жанындағы жер телімінде топырақты өңдеу.

26. 7-сыныпқа арналған "Жаратылыстану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) өсімдіктер әлемінің көптүрлілігі және оларды қорғау. Гүлді өсімдіктердің бөліктері туралы жалпы түсінік. Экскурсиялар: ботаникалық бақ немесе саябаққа;

2) өсімдік – тірі ағза (гүлді өсімдіктермен жалпы танысу). Гүлі, тұқымы, тамыры, сабағы, жапырағы, өсімдік – біртұтас ағза. Өсімдіктердің вегетативті көбею туралы түсінік. Тәжірибелер: тұқымның өнуі үшін қандай жағдайлар қажет екенін түсіну; жарықта жапырақтарда крахмалдың пайда болуы; судың жапырақтардың көмегімен булануы; өсімдіктердің тыныс алуы; минералды заттар мен судың дінгек бойымен ауысуы. Лабораторлық жұмыстар: гүлді өсімдіктердің ағзалары; гүлдің құрылысы; үрме бұршақтың құрылысы; бидайдың құрылысы. Практикалық жұмыстар: тұқымның өнуін анықтау, жапырақтың түскен нұсқаларын жинау;

3) өсімдіктер әлемінің көптүрлілігі: бактериялар, саңырауқұлақтар, мүктер мен қырықжапырақтар. Өсу жерлері;

4) Қазақстанның ағаш өсімдіктері. Қазақстанның орманды даласының жапырақты өсімдіктері, Қазақстан тауларының қылқанды өсімдіктері, Қазақстан тауларының бұталы өсімдіктері, Қазақстан тауларының жемісті өсімдіктері, Қазақстанның шөлді аймағының ағаш өсімдіктері;

5) Қазақстанның екпе өсімдіктері. Лалагүлділер, ауылдық, бұршақ тұқымдастар, алаботалар тұқымдастар, асқабақтар, шаршыгүлділер;

6) Қазақстанның ауылшаруашылық өсімдіктері. Дәнді дақылдар, бақша дақылдары, техникалық дақылдар. Өсіру, отырғызу, күтім жасау, жинау мен қолдану ерекшеліктері ;

7) Қазақстанның шөптесін өсімдіктері. Бау-бақша өсімдіктері, Қазақстанның шөптесін өсімдіктері, дәрілік өсімдіктер, улы шөптер;

8) сәндік гүл өсімдіктері. Күрделігүлділер, бөлме өсімдіктері. Практикалық жұмыстар: бөлме өсімдіктерін қайта отырғызу бойынша жұмыс. Бақша мен жер телімінде қопсыту және отау. Лабораторлық жұмыс: картоп түйнегінің құрылысы.

27. 8-сыныпқа арналған "Жаратылыстану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) жануарлар әлемінің көптүрлілігі. Жануарлардың табиғатта және адам өміріндегі маңызы. Сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан жануарларды қорғау;

2) омыртқасыз жануарлар. Омыртқасыз жануарлардың жалпы белгілері. Жауын құрты. Жәндіктер. Зиянды жәндіктер. Адамға пайдалы жәндіктер. Өрмекшілер. Экскурсиялар: жәндіктердің құрылысы мен тіршілігінің ерекшеліктерін бақылау үшін табиғатқа шығу. Бақылаудың қысқаша сипаттамасын қалдыру;

3) омыртқалы жануарлар: балықтар (алабұға, шортан, тұқы, бекіре, ақсерке, жайын мен сазан); қосмекенділер (бақа), бауырымен жорғалаушылар (сужылан, улы сұр жылан, боз жылан, алабажақ кесіртке, ширақ кесіртке); құстар (дала, жыртқыш, суда жүзетін және үй); сүтқоректілер, кеміргіштер, қоян тәріздестер, жыртқыш, терісі бағалы жыртқыш аңдар, кит тәрізді теңіз жануарлары, өсімдік қоректі жануарлар, өсімдік қоректі жабайы және үй жануарлары; өсімдік қоректі ауылшаруашылық сүтқоректілері (сиыр, қой, ат, түйе). Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы. Картамен жұмыс: сүтқоректілердің оқыған түрлерін Қазақстанның биогеографиялық картасында көрсету. Қазақстанның биогеографиялық картасын физикалық және табиғат аймақтарының картасымен салыстыру. Экскурсиялар: жануарлар бағы, қорық, мал шаруашылығы фермасы мен тәлімбаққа бару.

28. 9-сыныпқа арналған "Жаратылыстану" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) адам – тірі табиғаттың бөлігі. Адам мен жануарлардың ұқсастықтары және айырмашылықтары;

2) адам ағзасының жалпы ерекшеліктері. Жасуша, тіндер және олардың түрлері. Ағзалар мен мүшелер жүйесі (тірек-қимыл, ас қорыту, қанайналымы, шығару, тыныс

алу, жүйке, көру және көбею). Лабораторлық жұмыстар: микроскоптың құрылымы, жасушаның құрылысы;

		8.3.1.2 жануарлардың табиғаттағы рөлі және адам үшін практикалық маңызын атау
		8.3.1.3 жануарлардың әр түрлілігі мен санына адам әрекетінің әсерін түсіну
		8.3.1.4 қорықтық аймақтар, Қазақстанның қызыл кітабына енген жануарларды атау
		8.3.2.1 омыртқасыз жануарлардың жалпы белгілері: омыртқасының

3.2 Омыртқасыз жануарлар

Омыртқасыз жануарлардың жалпы белгілері	болмауы және сүйекті қаңқасын санап шығу
Жауын құрты.	8.3.2.2 жауын құртының сыртқы құрылысының ерекшеліктері, өмір бейнесі және мекендеу ортасымен байланысын айту; оның тіршілік әрекетінің негізгі процестері туралы түсініктерінің болуы; табиғаттағы жауын құртының рөлін түсіну
Жұмыр құрттар – паразиттер	8.3.2.3 жұмыр құрттар – паразиттерді (жылан құрт, бөсір) білу және атау; адамға және жануарларға паразит-құрттармен келетін зияндарды айту; ішек құрт ауруларын алдын алу және олармен күрес бойынша шараларды атау
Жәндіктер. Экскурсиялар: жәндіктердің құрылысы мен тіршілігінің ерекшеліктерін бақылау үшін табиғатқа шығу. Бақылаудың қысқаша сипаттамасын қалдыру	8.3.2.4 жәндіктердің құрылысы мен тіршілігінің ерекшеліктерін атап шығу және түсіндіру; жәндіктердің дене бөліктерін, жабынын, аяқ-қолдарын атау; жәндіктердің көптүрлілігі туралы түсініктерінің болуы; жәндіктердің табиғаттағы рөлін түсіну
Зиянды жәндіктер	8.3.2.5 зиянды жәндіктер: ақ көбелек (және оның жұлдызқұрты), зауза қоңыз, маса, бөлше шыбынын білу және атау; сыртқы құрылысы, тіршілігі, қоректенуі және көбеюін сипаттау 8.3.2.6 зиянды жәндіктерден келетін залалдар (өсімдіктерді зақымдау және ауру тудыратын бактериялардың түсуі) неден тұратынын білу; зиянды жәндіктермен күрес шараларын атап шығу
Адамға пайдалы жәндіктер	8.3.2.7 пайдалы жәндіктер: ара мен жібеккөбелекті білу және атау; сыртқы құрылысы, тіршілігі, қоректенуі мен көбеюін сипаттау 8.3.2.8 араның отбасы мен оның тіршілігін сипаттау; жібек көбелекті ұстау тәсілдерін сипаттау; халық шаруашылығында үйдегі жәндіктердің маңызын түсіну; оларды күту туралы түсінігінің болуы

	<p>Өрмекшілер</p>	<p>8.3.2.9 өрмекшілердің сыртқы құрлысы, тіршілігі және мекендеу ортасын сипаттау; өрмекші тәріздестердің жәндіктерден айырмашылығын атау</p>
	<p>Кенелер</p>	<p>8.3.2.10 өрмекшілердің табиғаттағы рөлін айту; Қазақстанның шөл далаларында мекендейтін улы өрмекшілер: бұзау бас бүйіні, қарақұртты, шаянды білу және атау; улы өрмекші шаққан кездегі алғашқы көмек көрсету тәсілдерін атау</p> <p>8.3.2.11 кенелердің әр түрлілігі туралы түсінігінің болуы. Кенелер – адамның және жануарлардың қауіпті ауруларын таратушы. Қотырлық кенелер. Қансорғыш кенелердің тістеуінен сақтану шаралары. Қотырдың жұғуы</p>
<p>3.3 Омыртқалы жануарлар: балықтар</p>	<p>Балықтар (алабұға, шортан, тұқы, бекіре, ақсерке, жайын мен сазан). Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы.</p>	<p>8.3.3.1 су омыртқалылары ретінде балықтардың ерекшеліктерін атау; мекендеу ортасына балықтардың бейімделу белгілерін атап шығу</p> <p>8.3.3.2 Қазақстанның су көздерінде мекендейтін балықтардың көптүрлілігі туралы түсінігінің болуы; балықтардың ішкі ағзаларын атау; балықтардың көбею жолдары мен дамуы туралы айту</p> <p>8.3.3.3 өзен балықтары: алабұға, шортан мен тұқыны білу және атау; теңіз балықтары: бекіре, ақсерке мен сазанды білу және атау; балықтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызын түсіну</p> <p>8.3.3.4 балық байлықтарын қорғау мен арттыруға (балықтарды өсіруге) бағытталған шараларды атап шығу</p>
<p>2-тоқсан</p>		
		<p>8.3.3.5 қосмекенділердің көптүрлілігі туралы түсінігінің болуы; қосмекенді бақаның өкілін білу және атау; бақаның мекендеу орнын атау, бақаның тіршілігі, сыртқы құрлысы, оның қозғалу амалы, ішкі ағзалары мен көбеюін</p>

3.3. Қосмекенділер	Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы	сипаттау; қосмекенділер тіршілігінің мезгілдік құбылыстары туралы айту 8.3.3.6 құрылысы, тіршілігі мен көбеюі бойынша қосмекенділердің балықтармен ұқсастығы және айырмашылығын атау; қосмекенділердің табиғаттағы маңызы, қосмекенділерді қорғау тәсілдерін түсіну
3.3. Омыртқалы жануарлар: бауырымен жорғалаушылар	Бауырымен жорғалаушылар (сужылан, улы сұр жылан, боз жылан, алабажақ кесіртке, ширақ кесіртке). Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені  Азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы.	8.3.3.7 Қазақстандағы бауырымен жорғалаушыларды білу және атау (ширақ кесіртке, батбат, алабажақ кесіртке, сужылан, улы сұр жылан, боз жылан) 8.3.3.8 бауырымен жорғалаушылардың құрылысы, қоректенуі, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесінің ерекшеліктері, көбеюі туралы айту 8.3.3.9 жыландардың әр түрлілігі туралы түсінігінің болуы; бауырымен жорғалаушылардың табиғаттағы маңызын түсіну; оларды қорғау бойынша негізгі шараларды атап шығу; бауырымен жорғалаушылар және қосмекенділердің ұқсастығы мен айырмашылығын атау 8.3.3.10 улы және улы емес жыландарды (су жылан және улы сұр жылан негізінде) атау және ажырату
3.3. Омыртқалы жануарлар: құстар	Құстар (дала, жыртқыш, суда жүзетін және үй). Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені  Тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы.  Дала құстары	8.3.3.11 Қазақстанда мекендейтін құстардың жасақтары түрлерінің көптүрлілігі туралы түсінігінің болуы; құстарға жалпы сипаттама беру 8.3.3.12 құстардың мекендеу ортасы, сыртқы құрылысы, қоректену ерекшеліктері, ішкі құрылысының ерекшеліктері, көбеюі және дамуын сипаттау; құстардың тұқымдарының құрылысы туралы айту; балапандарға ұя салу және азықтандыру туралы айту; құстардың маңызы және оларды қорғау қажеттілігін түсіну 8.3.3.13 дала құстары: дуадақ, тырна мен бозторғайды білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау

	Жыртқыш құстары	8.3.3.14 жыртқыш құстар: дала қыраны, лашын мен үкіні білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау
	Суда жүзетін құстар	8.3.3.15 суда жүзетін құстар: үйрек, бірқазан мен қоқиқазды білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау
3-тоқсан		
3.3. Омыртқалы жануарлар: құстар	Адамға жақын мекендейтін құстар	8.3.3.16 адамға жақын мекендейтін құстар: көк кептер, торғай мен сары шымшықты білу және атау; олардың тіршілігін сипаттау
	Үй құстары	8.3.3.17 үй құстары: тауық, қаз бен үйректі білу және атау; үй құстарын құс фабрикаларында өсіру, азықтандыру мен асырау жолдарын атау
3.3. Омыртқалы жануарлар: сүтқоректілер	Сүтқоректілер. Жалпы сипаттамасы. Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы.	8.3.3.18 сүтқоректілердің әр түрлілігі туралы түсінігінің болуы; Қазақстан территориясында мекендейтін жануарларды атап шығу
		8.3.3.19 сүтқоректілердің жалпы белгілері: түк басуы, төлдерінің туылуы және оларды сүтпен азықтандыруды атау
		8.3.3.20 сүтқоректілердің қаңқасы және ішкі құрылысы: ас қорыту ағзасы, тыныс алуы, қан айналымы мен бөлуін сипаттау
	Кеміргіштер. Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы.	8.3.3.21 кеміргіштер: сарышұнақ, қосаяқ, құмтышқанды білу және атау, кеміргіштердің жалпы белгілерін атап шығу; осы жануарлардың әрқайсысының сыртқы көрінісі және ерекше өзгешеліктері, тіршілігі, қоректенуі мен көбеюін сипаттау; кеміргіштердің табиғаттағы және адамның шаруашылық қызметіндегі маңызын түсіну
	Қоян тәріздестер. Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан	8.3.3.22 қоян тәріздестер: орқоян, құм қоян, үй қоянын білу және атау; осы жануарлардың әрқайсысының сыртқы көрінісі және ерекше өзгешеліктері, қоян тәріздестердің тіршілігі,

	<p>айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы.</p>	<p>қоректенуі мен көбеюін сипаттау; үй қояндарын өсіру жағдайларын атау</p>
	<p>Жыртқыш аңдар. Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы</p>	<p>8.3.3.23 жыртқыш аңдар: қасқыр, аю, сілеусін, қар барысын білу және атау; жыртқыш аңдардың жалпы белгілерін атап шығу; осы жануарлардың әрқайсысының сыртқы көрінісі және ерекше өзгешеліктері, тіршілігі, азық табуы және көбеюін сипаттау; Қазақстан территориясындағы жыртқыш аңдардың кенеюі туралы түсінігінің болуы; осы жануарлардың маңызы мен оларды қорғау туралы айту</p> <p>8.3.3.24 терісі бағалы жыртқыш аңдар: сусар, түлкі, бұлғын, қаракүзенді білу және атау; терісі бағалы аңдардың тіршілігі, таралуы және маңызын, терісі бағалы аңдарды өсіруді сипаттау</p>
	<p>Ескекаяқты теңіз жануарлары. Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы.</p>	<p>8.3.3.25 ескекаяқты теңіз жануарлары: итбалық, морж, теңіз мысығын білу және атау; ескекаяқтылардың жалпы белгілерін атап шығу; осы жануарлардың ерекше өзгешеліктері, таралуы және маңызын атап шығу; теңіз аңдарын қорғау жолдарын атау</p>
4-тоқсан		
<p>3.3. Омыртқалы жануарлар: сүтқоректілер</p>	<p>Кит тәрізді теңіз жануарлары. Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы</p>	<p>8.3.3.26 кит тәрізділер: кит пен дельфинді білу және атау; кит тәрізділердің жалпы белгілерін атап шығу; кит пен дельфиннің сыртқы құрылысын сипаттау; төлдерінің қоректенуі мен қозғалуы, тыныс алуы, азықтануы, осы жануарлардың маңызы және оларды қорғау туралы айту</p>
	<p>Өсімдік қоректі жабайы жануарлар. Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы</p>	<p>8.3.3.27 өсімдік қоректі жануарлар : бөкен-ақбөкен, қаракүйрек, құлан, Пржевальский жылқысын білу және атау; өсімдік қоректі жануарлардың сыртқы құрылысы, қоректенуі, мекендеу ортасына бейімділігін атау</p> <p>8.3.3.28 күйіс қайыратын және күйіс қайырмайтын жануарларды, ашатұяқтыларды және ашатұяқты еместерді ажырату және атау;</p>



		төлдерінің көбеюі, азықтануы туралы түсінігінің болуы
3.3 Ауылшаруашылық сүтқоректілерді	Өсімдік қоректі ауылшаруашылық сүтқоректілері (сиыр). Сыртқы құрылысы, қозғалу әдісі, тұру мекені, азығы, тыныс алуы, қан айналымы, жүйке жүйесі, көбеюі. Табиғат пен адам өміріндегі маңызы	8.3.3.29 ауылшаруашылық сүтқоректілерді ажырату және атау; сиырдың сыртқы құрылысы, оның ас қорыту жүйесі, сүт өнімдерін сипаттау; заманауи мал фермалары, онда сиырларды асырау жағдайлары мен бұзауларды өсіру туралы түсінігінің болуы; Қазақстанның халық шаруашылығында сиырдың маңызын түсіну
	Өсімдік қоректі ауылшаруашылық сүтқоректілері (қой)	8.3.3.30 қойлардың сыртқы көрінісі мен қоректенуі, қойларды асырау және қозыларды өсіру ерекшеліктерін сипаттау; Қазақстанның халық шаруашылығында қойлардың маңызын түсіну
	Өсімдік қоректі ауылшаруашылық сүтқоректілері (жылқы)	8.3.3.31 жылқының сыртқы құрылысы: денесі, басы, аяқтары, тері жабындысы мен қоректену ерекшеліктерін сипаттау; жылқыларды асырау, күту мен азықтандыру туралы түсінігінің болуы; Қазақстанның халық шаруашылығында жылқының маңызын түсіну
	Өсімдік қоректі ауылшаруашылық сүтқоректілері (түйе)	8.3.3.32 түйенің сыртқы құрылысы, оның өмірдің құрғақ жағдайларына бейімділігін сипаттау; түйенің қоректену мен көбею ерекшеліктері туралы айту, Қазақстанның халық шаруашылығында түйенің маңызын түсіну
	Үйде асырайтын жануарлар	8.3.3.33 үйде асырайтын: ит пен мысықты білу және атау; сыртқы көрінісі, асырау және оларды күту ерекшеліктерін сипаттау; үй жануарларын асырауға қойылатын санитариялық-гигиеналық талаптарды атау; үйде асыраланушылардың аурулары мен оларға алғашқы көмек көрсету тәсілдерін атау

4) 9-сынып:

4-кесте

Бөлімше	Тақырыптар/мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		

4.1 Адам – тірі табиғаттың бөлігі	Адам мен жануарлардың ұқсастықтары және айырмашылықтары	<p>9.4.1.1 адам – тірі табиғаттың бөлігі екенін түсіну; адам мен жануарлардың ұқсастықтары және айырмашылықтарын атау</p> <p>9.4.1.2 адам денсаулығы – оның негізгі байлығы екенін түсіну; өз денсаулығына жауапты қарым-қатынасын көрсету; сырқаттанушының тәртіп ережесін атау; Қазақстандағы медициналық мекемелер және медициналық көмек түрлерін атау</p> <p>9.4.1.3 адамның пайдалы әдеттері: шынығу, дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдануын атау және құрметтеу; зиянды әдеттер: артық тамақтану, гиподинамия, араққұмарлық, шылым тарту, нашақорлық пен таксикоманияны атау және талқылау</p>
4.2 Адам ағзасының жалпы ерекшеліктері	<p>Жасуша. Лабораторлық жұмыстар : микроскоптың құрылымы, жасушаның құрылысы</p> <p>Тіндер және олардың түрлері</p> <p>Ағзалар мен мүшелер жүйесі ( тірек-қимыл, ас қорыту, қанайналымы, шығару, тыныс алу, жүйке, көру және көбею)</p>	<p>9.4.2.1 жасушаның негізгі құраушы бөліктерін атау; жасушаның химиялық құрамын сипаттау</p> <p>9.4.2.2 жабынды, бұлшықетті, жүйке, дәнекер тіндерді білу және атау</p> <p>9.4.2.3 мүшелер жүйесін және адам денесінің қуыстарын атау; адам ағзасы біртұтас екенін түсіну</p> <p>9.4.2.4 адам ағзасы мен қоршаған ортаның байланысын түсіну; адам денсаулығының қоршаған орта жағдайына байланысты екенін түсіндіру, табиғатта адамдардың өз тәртібіне жауапкершілігін түсіну</p>
	<p>Тірек-қимыл мен қозғалыс аппараты туралы жалпы мәліметтер. Тірек-қимыл жүйесінің маңызы</p> <p>Сүйектердің құрылысы мен құрамы. Сүйектің сынуында алғашқы көмек көрсету</p>	<p>9.4.3.1 тірек-қозғалыс аппараты, оның құрылысы мен маңызы туралы жалпы мәліметтердің болуы; сүйектерді біріктіру тәсілдерін түсіну, буынның құрылысы туралы айту</p> <p>9.4.3.2 сүйектердің құрылысы мен құрамы туралы түсінігінің болуы; сүйек түрлері, олардың қызметтерін атау; сүйектердің өсуі туралы айту</p> <p>9.4.3.3 бас қаңқасы туралы түсінігінің болуы; бас сүйегінің бөліктері мен олардың маңызын</p>

4.3 Тірек-қимыл және қозғалыс	<p>Адам денесінің қаңқасы. Зақымдану, сіңірі созылу, буындарының шығуы және сүйектерінің сынуында алғашқы көмек. Бұлшықеттердің негізгі топтары, бұлшықет жұмысы. Омыртқаның қисаюы және майтабанның алдын алу жолдары. Практикалық жаттығулар: зақымдану, сіңірі созылу, буындарының шығуы және сүйектерінің сынуында алғашқы көмек көрсету</p>	<p>білу және атау; бас сүйектері қалай бірігетінін айту</p> <p>9.4.3.3 дене қаңқасы туралы түсінігінің болуы; омыртқа бөліктері мен олардың маңызын білу және атау; омыртқа құрылысын сипаттау; көкірек қуысының құрылысын сипаттау және оның маңызы туралы айту</p> <p>9.4.3.4 адам денсаулығы үшін дұрыс мүсіннің маңызын түсіну; мүсіннің бұзылуы туралы айту; омыртқаның қисаюының алдын алу жолдары және мүсін бұзылысын түзету жолдарын атау</p> <p>9.4.3.5 аяқ-қол сүйектерін атау; тірек-қозғалыс аппаратының зақымдануын атау; алғашқы көмек көрсету тәсілдерін айту және көрсету</p>
	Бұлшықеттердің негізгі топтары, бұлшықет жұмысы.	9.4.3.6 бұлшықеттер, олардың құрылысы мен маңызы туралы жалпы мәліметтердің болуы; адам денесіндегі бұлшықеттердің негізгі топтарын атау; бұлшықет жұмысы туралы айту, қаңқа мен бұлшықеттің дамуы және нығаюы үшін қимыл белсенділігінің маңызын түсіну
2-тоқсан		
4.4 Ас қорыту	Қоректік заттар. Ақуыздар, майлар, көмірсулар, минералды тұздардың ағзаға пайдасы. Тамақтану гигиенасы мен асқазан-ішек, азықтан улану және ішек құрт ауруларының алдын алу	9.4.4.1 тамақтану – ағзаның өмір әрекетіне қажетті жағдай екенін түсіну; негізгі қоректік заттарға ( ақуыздар, майлар, көмірсулар) сипаттама беру, оларды құрайтын азықтарды атау; өсімдіктер мен жануарлар тегінің қоректену өнімдерін атау және сипаттау
	Дәрумендер. Адам денсаулығын сақтаудағы олардың рөлі	9.4.4.2 дәрумендерді атау, адам денсаулығын сақтаудағы олардың рөлін айту; тамақ өнімдеріндегі дәрумендерді сақтау тәсілдерін атау
	Ас қорытудың маңызы, ас қорыту ағзалары	9.4.4.3 ас қорытудың маңызы туралы айту; ас қорыту жүйесінің құрылысын сипаттау; ас қорыту ағзаларының жұмысы туралы айту
		9.4.4.4 ас қорыту процесінде тістердің рөлі туралы айту; тіс пен ауыз қуысы гигиенасы тәсілдерін атау және көрсету

	<p>Ауыз қуысы, асқазан және ішектегі ас қорыту. Қоректік заттарды қанға сіңіру.</p>	<p>9.4.4.5 ауыз қуысы, асқазан, ішектегі ас қорыту туралы түсінігінің болуы; қоректік заттардың қанға сіңу процесін сипаттау; адамның тамақтану гигиенасы мен нормалары туралы айту; асқазан-ішек және ішек құрт ауруларын ескерту, азықтан улануды ескерту жолдарын атау</p>
	<p>Шылым шегу мен ішімдіктің ас қорыту ағзаларына зиянды әсері</p>	<p>9.4.4.6 шылым тарту мен ішімдіктің ас қорыту ағзаларына зиянды әсерін түсіну</p>
4.5 Қан және қан айналым	<p>Қан және қан айналымының маңызы. Қан құрамы, қан плазмасы. Қан айналымы ағзалары : жүрек және көк тамырлар. Лабораторлық жұмыстар: қан тамшысын микроскоп астында көру.</p>	<p>9.4.5.1 қан және қан айналымының маңызын түсіну; қан құрамын атау; қан айналымы органдары: жүрек және көк тамырларды атау</p>
	<p>Жүректің жұмысы, қанның көк тамырлар бойынша қозғалуы.</p>	<p>9.4.5.2 жүрек, қан тамырлары, қан айналым шеңберінің құрылысы мен жұмысы туралы айту</p>
3-тоқсан		
4.5 Қан және қан айналым	<p>Жүректің жұмысы, қанның көк тамырлар бойынша қозғалуы. Тамырдың соғуын қолмен байқау және санау</p>	<p>9.4.5.3 көк тамырлар бойынша қанның қозғалуын сипаттау; қан қысымы, оны өлшеу тәсілі туралы түсінігінің болуы; жүрек қағысының жиілігін (пульсті) анықтай білуі</p>
	<p>Қан тамырларының зақымдалуы. Қан кетуі кезінде алғашқы көмек көрсету.</p>	<p>9.4.5.4 қан тамырларының зақымдалуын атап шығу; әртүрлі қан кетуі кезінде алғашқы көмек көрсету тәсілдерін атау және көрсету</p>
	<p>Жүрек-тамыр ауруларының алдын алу. Никотин мен ішімдіктің адам жүрегі және қан тамырларына теріс әсері</p>	<p>9.4.5.5 адам өмірі мен денсаулығын сақтау жолы ретінде қан құю туралы айту; қан топтары, донорлық туралы түсінігінің болуы</p>
	<p>Жүрек-тамыр ауруларының алдын алу. Никотин мен ішімдіктің адам жүрегі және қан тамырларына теріс әсері</p>	<p>9.4.5.6 жүрек-тамыр аурулары, оларды ескерту тәсілдерін атау және сипаттау; ішімдік, никотин мен есірткінің адам жүрегіне және қан тамырларына теріс әсерін түсіну</p>
	<p>Тыныс алудың маңызы. Дыбыстау аппараты. Өкпе мен тіндерде газ алмасу.</p>	<p>9.4.6.1 тыныс алудың маңызын түсіну; тыныс алу жүйесінің құрылысы мен қызметін сипаттау; тыныс алу ағзаларын атау; дыбыстау аппаратын сипаттау</p>

4.6 Тыныс алу	Тыныс алу ағзалары, олардың құрылысы мен қызметі.	9.4.6.2 өкпе құрылысын сипаттау; өкпе мен тіндерде газ алмасу қалай жүретінін айту
		9.4.6.3 тыныс алу қозғалысы, олардың қалыптылығы, тыныс алу және шығару кезіндегі кеуде жасушасы көлемінің өзгеруін бақылау
	Ауа жолымен таралатын аурулар. Тыныс алу ағзаларының гигиенасы. Никотиннің тыныс алу ағзаларына теріс әсері. Ауа ортасын қорғау	9.4.6.4 ауа-тамшылық жолмен таралатын ауруларды атау; салқын тигеннен болатын ауруларды ескерту тәсілдерін атау; тыныс алу ағзасына никотиннің теріс әсерін атау; ауа ортасын қорғау тәсілдерін атап шығу
4.7 Бөліну	Зәр шығару жүйесі ағзалары, олардың маңызы	9.4.7.1 тағамдардың ағзадан зат алмасуын жоюдың маңызын айту; зәр шығару жүйесі ағзаларын атау
	Бүйректердің сыртқы көрінісі, олардың ағзада орналасуы. Бүйрек ауруларының алдын алу	9.4.7.2 бүйректердің сыртқы көрінісі, олардың ағзада орналасуын сипаттау; бүйрек ауруларын ескерту тәсілдерін атау
4.8 Тері	Адам терісі мен оның маңызы. Жылуды реттеуде терінің рөлі	9.4.8.1 тері құрылысының ерекшеліктері мен оның маңызы туралы айту; жылу реттелуде терінің рөлін түсіну
	Тері гигиенасы мен киімге деген гигиеналық талаптар. Жылу, күн өту, күю, үсу белгілерінің алдын алу және алғашқы көмек	9.4.8.2 жылу, күн өту, күю, үсу белгілерін атау; оларды ескеру жолдарын атау және олар болған жағдайда алғашқы көмек тәсілдерін көрсету
		9.4.8.3 тері, шаш, тырнақтар гигиенасы жолдарын атау; терінің күту бойынша косметикалық заттарды атау; сабын, жөке мен сусабынды қолдану ережелерін сипаттау
	Практикалық жаттығулар: жылу, күн өту, күю, үсу кезінде алғашқы көмек көрсету	9.4.8.4 таза шаштың әдемілігі мен саулығын көре және бағалай білу; тырнақтарға күтім қажеттілігін түсіну, тері зақымдалған кезде алғашқы көмек көрсете білу
Ағзаны шынықтыру	9.4.8.5 ағзаны шынықтыру тәсілдерін атап шығу; күн, су және ауамен шынығу ережелерін атау	
4.9 Жүйке жүйесі	Жүйке жүйесінің (бас миы және жұлын) құрылысы және маңызы.	9.4.9.1 жүйке жүйесінің құрылысын сипаттау және маңызын түсіндіру; рефлекс және рефлекторлық доға туралы түсінігінің болуы

		9.4.9.2 жұлын құрылысы мен маңызын сипаттау
4-тоқсан		
4.9 Жүйке жүйесі	Ой еңбегінің гигиенасы. Адамның жүйке жүйесіне ішімдік пен никотиннің зиянды әсері. Ұйқы және оның маңызы	9.4.9.3 адам денсаулығы үшін еңбек гигиенасының маңызы туралы айту; адам денсаулығын қолдау үшін күн тәртібі мен ұйқының маңызы туралы айту; адамның жүйке жүйесіне ішімдік және никотиннің зиянды әсерін түсіну
4.10 Сезім органдары	Сезім мүшелерінің маңызы	9.4.10.1 адам өмірі, оның еңбек әрекетінде сезім мүшелердің маңызын түсіндіру; сезім мүшелері ауруларын алдын алу тәсілдерін атау
	Көру мүшесінің құрылысы, қызметтері мен гигиенасы	9.4.10.2 көру мүшесінің құрылысы мен қызметтері туралы айту; алыстан көру мен жақыннан көруге сипаттама беру; көру қабілетін сақтаудың қарапайым тәсілдерін атау; көз зақымдалған кездегі алғашқы көмек көрсету жолдарын атау
	Есту мүшесінің құрылысы.	9.4.10.3 есту мүшесінің құрылысы, қызметтері, гигиенасы туралы айту
	Иіс сезу және дәм сезу мүшелері	9.4.10.4 иіс сезу және дәм сезу мүшелерінің құрылысы, қызметтері, гигиенасы туралы айту
	Түйсіну мүшесі	9.4.10.5 түйсіну мүшесінің құрылысы, қызметтері, гигиенасы туралы айту; теріге тиген кезде пайда болған сезімдер (жұмсақ-қатты, тегіс-бұжыр, жылы-мұздай) ажырату және атау
4.11 Көбею мен даму	Ер және әйел адамдардың ағзаларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері. Ұрықтану және жүктілік туралы түсініктер. Ерте жастан жыныстық қатынасқа түсудің зияны туралы түсінік. Отбасын жоспарлау, тууды реттеу. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтану тәсілдері. Қабыну және венерологиялық аурулар, АИТВ туралы қысқаша мәліметтер, олардың алдын алу тәсілдері	9.4.11.1 ер және әйел адамдардың ағзаларының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері 9.4.11.2 ұрықтану және жүктілік туралы түсініктер 9.4.11.3 жоспарланбаған жүктіліктен сақтану тәсілдері 9.4.11.4 ерте жастан жыныстық қатынасқа түсудің зияны туралы түсінік 9.4.11.5 Қабыну және венерологиялық аурулар, АИТВ

		туралы қысқаша мәліметтер, олардың алдын алу тәсілдері
4.12 Денсаулық сақтау	Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесі туралы заңнама. Қазақстанда денсаулық сақтау мекемелерінің жүйесі.	9.4.11.1 Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау жүйесі туралы түсінігінің болуы; еңбекті қорғау және демалысты ұйымдастыру бойынша біздің елде іске асырылатын шараларды атау
	Медициналық көмек. Кәрілік, ауру және еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік қамсыздандыру	9.4.11.2 медициналық көмек түрлерін атап шығу; кәрілік, дерт және еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша әлеуметтік қамсыздандыру туралы түсінігінің болуы
	Адам денсаулығына қоршаған ортаның әсері	9.4.11.3 ағза жүйелеріне және адам денсаулығына қоршаған ортаның толықтай әсерін сипаттау; өркениет аурулары: ұшық, онкология, АИТВ инфекциясы туралы түсінігінің болуы; алдын алу шараларын атап шығу

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 522-қосымша

## **Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 6-9 сыныптар үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 6-9 сыныптар үшін "География" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "География" оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларға қолжетімді географиялық түсініктерді және оларды күнделікті әрекетте пайдалану біліктерін қалыптастыру.

3. Негізгі міндеттер:

- 1) білім алушыларға айналадағы әлемнің табиғи объектілері мен территориялық әркелкілігі туралы қарапайым мағлұматтарды қалыптастыру;
- 2) жеке табиғи құбылыстар арасындағы; адам мен табиғат арасындағы байланысты түсіндіру;
- 3) табиғатқа диалектикалық, ғылыми көзқарастарын қалыптастыру;
- 4) табиғатты және табиғи құбылыстарды жүйелі бақылау көмегімен білім алушылардың жеке тәжірибесін байыту;
- 5) білім алушылардың табиғатты қорғау сезімдерін тәрбиелеу;
- 6) білім алушылардың көрнекі-бейнелік және сөз-логикалық ойлауын дамытуға, сөздік қорын кеңейтуге, байланыстырып сөйлеуін дамытуға себептесу.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Бағдарлама "Айналадағы әлем" пәні шеңберіндегі білім алушылардың бұрынғы дайындығын ескере отырып құрылған. География курсы зерделеу процесінде "Жаратылыстану" (топырақ, пайдалы қазбалар, су ресурстары), "Тарих" (біздің өлкеміздің тарихы) курстарымен, сондай-ақ ана тілімен, әдебиетпен, математикамен пәнаралық байланыс орнатылады.

5. География бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы оқу әрекетінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Ойлау процестерінің енжарлығы, танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлау қызметінің жалпылау және абстракциялау әлсіздігі, сөйлеу тілі дамуының кешеуілдеуі ескеріледі. Тірі және өлі табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру білім алушыларда қабылдау, есте сақтау, сөйлеу, ойлау психикалық қызметтердің дамуына жағдай жасайды. бастаған жұмысты аяқтау, шамасы жететін қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестік сияқты жеке қасиеттер қалыптастырылады;

2) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды болжайды. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп нормаларын, өмірлік дағдыларды білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

3) оқытудағы әрекеттік тәсіл оқыту процесінде педагогтың басшылығымен оқу материалын ұғынуға жағдай жасайтын заттық-тәжірибелік әрекет қолдануды қарастырады. Заттық-тәжірибелік әрекет жоғары психикалық қызметтердің сенсомоторлық негізін дамытады (қабылдау, сөйлеу, ойлау), білім алушылардың өмірлік тәжірибесінің жеткіліксіздігін қалпына келтіреді, сонымен қоса білім, біліктер мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Оқу пәнінің мазмұнын меңгеру білім алушылардың бақылау жүргізуі, зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды орындауы, тәжірибелер жүргізуі және экскурсияларға қатысуын қарастырады;



4) саралау және жекелеу тәсілі білім алушылардың оқу материалын меңгеру кезінде көрініс табатын вариативті типологиялық ерекшеліктерінің болуымен шартталған және алған білімі, біліктері мен дағдыларының сапасына әсер етеді. Білім беру процесі 4 типологиялық топты (В.В. Воронкова бойынша) қосатын педагогикалық топтастыру негізінде іске асырылады. Білім алушылардың әрбір типологиялық тобына педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайды. Оқу жұмысының жылдамдығы, білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

5) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі танымдық белсенділігінің төмендігі, ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігімен шартталған.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі - АКТ) білім беру, дамыту және түзету міндеттерін шешуге қажетті оқыту шарттарын "салып бітіруге" көмектесе отырып, педагог тәсілдерінің арсеналын кеңейтеді.

7. Сабақтарда АКТ-ны қолдану келесі мақсаттарды қамтиды:

1) үздіксіз бақылаудан күрделі және жасырын таным объектілерін үлгілеу;

2) шынайы режимдегі және мерзімі ұзартылған уақыттағы зерделенетін табиғи құбылыстарды білім алушылардың талдауы үшін қосымша визуалды динамикалық сүйеніштерді құру.

8. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың география бойынша оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Бағалау тәсілдері оқыту мақсаттарына сәйкес дағдылардың көмегімен қалыптастырылған тапсырмалар мен жаттығулар болып табылады. Зияты зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелерін бағалау кезінде тестілеу қолданылмайды.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау тәсілдерімен іске асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда мұғалім білім беру процесі барысында бақылаушы бағалау іс-әрекетін жүйелі түрде іске асырады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

11. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтық), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Ағымдағы бақылау білім алушының әрекетін сабақта бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарын талдау, әрекеттің ұжымдық түрлері көмегімен іске асырылады. Әр сабақтық бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог қолданатын оқыту мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында және оқушыларға қатысты ынталандыру, тәрбиелеу сипатында жүргізіледі.

13. Мерзімді бақылау бағдарлама тақырыбын, бөлімін зерделеп болған соң жүргізіледі. Нақты тақырып шеңберіндегі оқу материалын зерделеу нәтижелері білім алушылардың әр түрлі типологиялық топтарында әркелкі болатынын педагог түсінеді және оған дайын.

14. Қорытынды бақылау жылдың соңғы жарты жылдығында жүреді. Оқу жылы ағымында бақыланып, білім алушылардың жетістіктерінің жиынтық картасында тіркелетін сыныптың әрбір білім алушысының даму динамикасы мен табыстылығын педагог талдайды.

15. Бағалау рәсімі көмегімен педагог арқылы алынатын ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру процесінде туындайтын қиындықтарға уақтылы және адекватты әрекеттесуге мүмкіндік береді және педагогтың білім алушыларға жеке көмегінің мазмұны мен тәсілдерін анықтайды.

16. Оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін, түрлі формадағы жұмыстарды өткізу үшін (жеке, сыңарымен, топпен) сыныптағы жиһаз қозғалмалы болады. Кітап сөрелері мен оқушылар бұйымдарының көрмесіне арналған стендтер, көрнекі құралдар үшін орын қарастырылады.

### **3-тарау. "География" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

17. "География" пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 2) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 3) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;
- 4) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

18. Бағдарлама концентрикалық (шиыршықтық) қағидаға сәйкес құрылған. Қазақстан географиясы әр концентрдің мазмұнды негізін құрайды.

6-сыныпта білім алушылар Қазақстанның географиялық жағдайымен, оның шекараларымен, Қазақстанның физикалық картасымен, жер бетінің формаларымен танысады. 7-сыныпта Қазақстанның табиғаты, 8-сыныпта – табиғи жағдайлар,

ресурстар, халық зерделенеді. 9-сыныпта Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы, өз облысының географиясы зерделенеді. Бағдарлама бөлімдері бөлімшелерден тұрады.

19. "География" оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Физикалық географияның бастапқы курсы" (6-сынып);
- 2) 2-бөлім "Қазақстанның және тәуелсіз мемлекет достастығына кіретін елдердің физикалық географиясы" (7-сынып);
- 3) 3-бөлім "Материктер мен мұхиттар географиясы" (8-сынып);
- 4) 4-бөлім "Қазақстанның экономикалық географиясы негіздері" (9-сынып).

20. "Физикалық географияның бастапқы курсы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) география негізін зерттейді;
- 2) аймаққа бағдарлану;
- 3) план және карта;
- 4) жер бетінің формалары;
- 5) жер бетіндегі су;
- 6) жер шары;
- 7) Қазақстанның физикалық картасы.

21. "Қазақстанның және тәуелсіз мемлекеттер достастығына (бұдан әрі - ТМД) кіретін елдердің физикалық географиясы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) физикалық картадағы ТМД шекаралары;
- 2) арктикалық шөл аймағы. Картадағы орналасуы;
- 3) тундра аймағы;
- 4) орман аймағы;
- 5) дала аймағы;
- 6) шөл және шөлейтті аймақ;
- 7) субтропиктер аймағы;
- 8) таулы аймақтар;
- 9) Қазақстан табиғаты.

22. "Материктер мен мұхиттар географиясы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мұхиттар;
- 2) материктер;
- 3) еуропа мемлекеті;
- 4) Азия мемлекеттері;
- 5) Қазақстан және жақын шетел елдер.

23. "Қазақстанның экономикалық географиясы негіздері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) Қазақстан жері туралы бастапқы географиялық мәліметтер;

- 2) табиғат және Қазақстанның табиғи ресурстары;
- 3) Қазақстан халқы;
- 4) Қазақстан шаруашылығына жалпы шолу;
- 5) Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы;
- 6) өз облысының географиясы.

24. 6-сыныпқа арналған "География" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) география нені зерттейді. География – Жер табиғаты, тұрғындары мен олардың шаруашылығы туралы ғылым;

2) аймаққа бағдарлану. Көкжиек. Көкжиек сызығы мен бағыттары. Компас және оны қолдану ережелері. Бағдарлау. Негізгі бағыттарды күнге, компасқа, жергілікті белгілер мен табиғат нысаналарына қарап анықтау. Көкжиек бағыттарын анықтауға жаттығу;

3) план және карта. Суреті мен жоспары. Масштаб. Арақашықтықты өлшеу және оны масштаб бойынша планға сызу. Планды адамның практикалық іс-әрекетінде қолдануы. Мектеп жер телімінің планы. Жергілікті пландағы шартты белгілер. План және географиялық карта. Картадағы негізгі бағыттар. Карта масштабы. Физикалық картаның шартты түстері. Физикалық картаның шартты белгілері (шекара, қала, өзендер, теңіздер, каналдар, таулар);

4) жер бетінің формалары. Жергілікті аймақтың рельефі. Оның негізгі формалары. Қазақстанды физикалық картада көрсету. Жазық дала-құрлықтың ең өнімді бөлігі. Физикалық картада жазық даланың орналасуы. Таулар. Тауларды биіктігіне қарай ажырату;

5) жер бетіндегі су. Мұхиттар – алып су кеңістігі. Теңіздер – мұхиттың шетіндегі, құрлыққа жанасатын үлкен тұзды сулар. Мұхиттар мен теңіздердің картада орналасуы. Аралдар. Өзендер. Тау өзендері мен жазық дала өзендері. Көлдер. Көлдерді қорғау. Суқоймалары. Оларды пайдалану. Бұлақ және оның пайда болуы. Құдық. Суқұбыры. Оларды адаммен пайдалануы. Жақын жердегі сулар. Суды ластанудан қорғау. Қазақстанның теңіздерін, өзендерін, көлдерін физикалық картадан көрсету ( нақты атаусыз);

6) жер шары. Жердің формасы. Глобус- Жер шарының моделі. Жер осі, экваторы, полюстары. Жердегі сумен құрлықтың өзара бөлінуі. Глобустағы және картадағы мұхиттар. Глобустағы және картадағы құрлықтар: Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, австралия, Антарктида. Климат туралы түсінік. Климаттың негізгі түрлері. Жарықтану белдігі: ыстық, жеткілікті және суық. Олардың глобустағы және жартышар картасында бейнеленуі;

7) Қазақстанның физикалық картасы. Қазақстанның бас қаласы Астана. Қазақстанның глобустағы, картағы орналасуы. Қазақстан жер бетінің жалпы сипаты ( дала, таулар, өзен-көлдер). Ірі кең орындары. Шығыс-Еуропалық жазық дала.

Батыс-Сібір жазық даласы. Тұран жазық даласы. Орал таулары, Алтай таулары, Жоңғар Алатауы. Тянь-Шань таулары. Қазақстанның өзендері мен көлдері. Балқаш көлі. Ертіс. Урал, Сырдарь, Іле өзендері. Табиғат нысаналарын қорғау.

25. 7-сыныпқа арналған "География" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) физикалық картадағы ТМД шекаралары. ТМД-нің жердегі және судағы шекаралары. ТМД рельефінің ерекшелігі. ТМД ірі өзендері мен көлдері. Табиғи аймақтар;

2) арктикалық шөл аймағы. Картадағы орналасуы. Теңіздер мен аралдар. Климат. Оның табиғат жағдайына әсері. Арктиканың өсімдіктер мен жануарлар әлемі. Арктикалық аймақтың тұрғындары, олардың негізгі кәсібі. Солтүстік теңіз жолы;

3) тундра аймағы. Картадағы орналасуы. Аралдар мен түбектер. Климат. Тундра суайдындары. Өсімдіктер әлемі. Тундраның жануарлары. Тұрғындары мен негізгі кәсіптері. Тундра қалалары. Табиғатты қорғау;

4) орман аймағы. Картадағы орналасуы Орман аймағының беті мен пайдалы қазбалары. Климат. Орман аймағының табиғат ерекшелігі. Өзендер, көлдер, каналдар. Өсімдіктер мен арша орманы. Аралас және жапырақты орман. Орман аймағының жануарлары. Орман аймағының тұрғындары, олардың негізгі кәсібі. Орман кәсібі. Аңшылық. Балық аулау. Орман аймағының қалалары. Орманды қорғау. Ормандағы тәртіп ережесі;

5) дала аймағы. Картадағы орналасуы. Жер беті мен пайдалы қазбалар. Климат. Өзендер. Сумен қамту проблемасы. Даланың табиғат ерекшелігі. Даланың өсімдік әлемі. Даланың жануарлар әлемі. Тұрғындары мен негізгі кәсіптері. Дала аймағының қалалары. Дала аймағының табиғатын қорғау;

6) шөл және шөлейтті аймақ. Картадағы орналасуы. Жер беті. Пайдалы қазбалар. Климат. Өзендер. Сумен қамтамасыз ету мәселесі. Шөл даланың табиғат ерекшелігі. Өсімдік әлемі. Жануарлар әлемі Шөл даладағы қалалар. Шөл аймағының табиғатын қорғау;

7) субтропиктер аймағы. Картадағы орналасуы. Жер беті. Климат. Субтропиканың табиғат ерекшелігі. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі. Субтропик аймағының тұрғындары, олардың негізгі кәсібі. Субтропика аймағының курортты қалалары. Табиғатты қорғау;

8) таулы аймақтар. Картадағы орналасуы. Тегіс беті. Пайдалы қазбалар. Климат. Таудағы биіктік белдеулігі. Таудың өсімдіктер мен жануарлар әлемі. Тұрғындары, олардың негізгі кәсібі. Қалалары. Табиғатты қорғау. Қорықтар;

9) Қазақстан табиғаты. Тәуелсіз Қазақстанның құрылуы. Саяси және физикалық картадағы орналасуы. Рельефтің негізгі формалары. Пайдалы қазбалар. Рельефтің табиғатқа, шаруашылыққа және адам өміріне ықпалы. Ішкі сулардың ерекшеліктері. Өзендерді Қазақстан территориясына бөлу. Өзендер мен көлдерді шаруашылықта пайдалану. Суларды қорғау. Өсімдіктердің алуан түрлілігі. Табиғаттағы және адам

өміріндегі өсімдіктердің мәні. Қазақстанның табиғи аймақтары: орманды-далалық, дала, шөлді және таулы аймақ.

26. 8-сыныпқа арналған "География" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) мұхиттар. Атлантикалық мұхит. Солтүстік мұзды мұхит. Тынық мұхиты, Үнді мұхиты. Шаруашылық мәні. Кеме қатынасы.

2) материктер. Африка: географиялық орналасуы және жағалау көрінісі. Аралдар мен түбектер. Рельефтің, климаттың және табиғи жағдайының ерекшеліктері. Тропикалық орманның өсімдіктері мен жануарлары. Саванна мен африка шөл аймағының өсімдіктері мен жануарлары. Табиғатты қорғау. Африка тұрғындары. Африка мемлекеттері, олардың астаналары. Австралия: географиялық орналасуы мен жағалау көрінісі. Аралдар. Рельефтің, климаттың ерекшелігі. Н.Н. Миклухо-Маклайдың Австралияға саяхаты. Австралияның табиғат ерекшелігі. Австралия тұрғындары. Антарктида: географиялық орналасуы. Антарктиданы орыс теңізшілерімен ашылуы. Табиғат ерекшелігі. Солтүстік Америка: географиялық орналасуы. Жағалау көрінісі. Аралдар мен түбектер. Рельеф. Климат. Өзендер мен көлдер. Солтүстік Американың табиғат ерекшеліктері. Тұрғындары. Солтүстік Америка мемлекеттері (мұғалімнің таңдауы бойынша). Оңтүстік Америка: географиялық орналасуы, жағалау көрінісі. Рельеф, климат, өзендер. Табиғат ерекшеліктері, тұрғындары, мемлекеттері (мұғалімнің таңдауы бойынша). Евразия: географиялық орналасуы. Европа мен Азия арасындағы шартты шекара. Евразия жағалау көрінісі. Ірі аралдар мен түбектер. Рельеф. Климат Табиғат жағдайының алуан түрлілігі. Евразия табиғатының алуан түрлілігі. Евразия өзендері мен көлдері. Өсімдіктер мен жануарлар әлемі. Табиғатты қорғау бойынша Халықаралық серіктестігі. Евразия тұрғындары;

3) Еуропа мемлекеті. Ұлыбритания. Франция. Германия. Испания. Италия. Сербия. Хорватия. Финляндия. Швеция. Норвегия. Болгария. Картадағы орналасуы;

4) Азия мемлекеттері. Түркия. Иран. Ирак. Ауғанстан. Монғол. Қытай. Үндістан. Корея. Жапония. Картадағы орналасуы;

5) Қазақстан және жақын шетел елдері. Қазақстан – географиялық орналасуы. Табиғат жағдайы мен ресурстары. Халқы. Ірі қалалар. Ресей: географиялық орналасуы, табиғат жағдайы мен ресурстары, халқы, ірі қалалары. Орта Азия мемлекеттері: Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан, Қырғызстан. Географиялық орналасуы, табиғат жағдайы мен ресурстары, халқы, ірі қалалары. Кавказ республикалары: Грузия. Әзірбайжан. Армения. Молдова, Украина. Беларусь. Беларусь. Эстония, Латвия, Литва. Географиялық орналасуы. табиғат жағдайы мен ресурстары, халқы, ірі қалалары.

27. 9-сыныпқа арналған "География" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) Қазақстан табиғаты мен табиғи ресурстары. Табиғи ресурстарының алуан түрлілігі. Тегіс беті мен пайдалы қазбалар. Климат, оның жерді өңдеуге ықпалы. Су көздері. Қазақстанның өсімдіктері және жануарлар әлемі. Жер ресурстары;

2) Қазақстан тұрғындары;

3) Қазақстан шаруашылығына жалпы шолу шаруашылықтың жетекші салалары: өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, көлік. Өнеркәсіп орындарының түрлері. Ауылшаруашылығы. Ауылшаруашылығының негізгі салалары, түрлері. Көлік, көлік түрлері;

4) Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы. Экономикалық аудан туралы түсінік. Орталық Қазақстан. Батыс Қазақстан. Солтүстік Қазақстан. Оңтүстік Қазақстан Шығыс Қазақстан. Географиялық орналасуы. Табиғи аймақтары, қойнау байлығы. Қалалары;

5) өз облысының географиясы. Картадағы орналасуы, шекарасы. Тегіс беті мен пайдалы қазбалар. Табиғат жағдайының ерекшелігі. Өсімдіктер және жануарлар әлемі. Тұрғындары. Шаруашылық сипаты. Көлігі.

28. Оқыту мақсаттарының жүйесі. Бағдарламада күтілетін нәтижелер түрінде әр бөлімше үшін берілген оқыту мақсаттары қамтылған.

29. Мұғалім әр бөлімшенің мақсаттарын жүзеге асыру кезектілігіне өзгерістер енгізу, сондай-ақ білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, оқушылар хабарлайтын географиялық мәліметтердің тереңдігі мен көлемін реттеу құқығына ие.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

30. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдану қолайлығы және мониторинг жүргізу үшін кодтар берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші – бөлімді, үшінші – бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4 кодында: "7" - сынып, "2" - бөлім, "2.1" - бөлімше, "4" - оқу мақсатының реттік нөмірі.

31. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Физикалық географияның бастапқы курсы":

1-кесте

6-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
1.1 География негізін зерттейді	6.1.1.1 география Жер табиғатын, халықты және оның шаруашылық әрекетін зерттейтінін білу
	6.1.1.2 Күннің биіктігінің және ауа-райының өзгерістеріне бақылау жүргізу; ауа-райы компоненттерін: жауын-шашынды, желді, бұлтты білу және атау, жыл мезгілдерінің белгілерін атап шығу
	6.1.1.3 өзінің жері мен халықтың еңбегі туралы қарапайым географиялық мәліметтердің болуы
1.2 Аймаққа бағдарлану	6.1.2.1 көкжиекке анықтама беру, көкжиек жақтарын атау
	6.1.2.2 Күн, жергілікті белгілер мен табиғи объектілер бойынша көкжиек жақтарын анықтау
	6.1.2.3 түсбағдар құрылғысымен бағыт алу, тілінің белгіленуін түсіну

	6.1.2.4 түсбағдарды қолдану арқылы жеріне бағдарлану
1.3 План және карта	6.1.3.1 суретті және заттың планын ажырату
	6.1.3.2 масштабы туралы түсінігінің болуы; ара қашықтықты өлшеу және мұғалім басшылығымен масштаб бойынша оларды планда бейнелеу
	6.1.3.3 мұғалім басшылығымен сынып планын, мектеп учаскесін құру
	6.1.3.4 іскерлік ойындарда, жағдаяттық тапсырмаларды шешу кезінде планды қолдану
	6.1.3.5 жер планының шартты белгілерін түсіну; шартты белгілер бойынша қарапайым белгілерді оқу
	6.1.3.6 планды және географиялық картаны ажырату
	6.1.3.7 план және карта бойынша жер бағыттарын анықтау; мұғалім басшылығымен пландағы және контурлық картадағы бағыттарды белгілеу
	6.1.3.8 шартты түстер мен физикалық картадағы белгілерді түсіну (шекаралар, қалалар, теңіздер, өзендер, арықтар, жазықтар, таулар)
	6.1.3.9 географиялық картаның тағайындалуын түсіну; Қазақстанның физикалық картасы туралы түсінігінің болуы
1.4 Жер бетінің формалары	6.1.4.1 жергілікті жердің бедері, оның негізгі формалары туралы түсінігінің болуы
	6.1.4.2 экскурсия іздері бойынша өзінің жергілікті жерінің ерекшеліктеріне өз бақылауларын айту
	6.1.4.3 тегіс және адырлы жазықтарды ажырату; теңіз деңгейінің биіктігі бойынша жазықтарды ажырату (ойпат, қырат, үстірт)
	6.1.4.4 физикалық картада жазықтардың орналасуын көрсету
	6.1.4.5 жыралардың пайда болу себептерін, жыралармен күресу жолдарын атау
	6.1.4.6 таулар биіктігі бойынша ажыратылатынын түсіну
	6.1.4.7 физикалық картада таулардың орналасуын көрсету
	6.1.4.8 дымқыл құмнан, балшықтан, ермексаздан жазықтың, төбешіктің, таудың, жыраның үлгісін жасау
	6.1.4.9 Қазақстанның физикалық картасында жер бетінің формаларын көрсету
	6.1.4.10 жер сілкінісінің және жанартаудың атқылауының себептері мен көріністерін атау
	6.1.5.1 өмір сүру үшін Жер бетіндегі судың маңызын айту
	6.1.5.2 табиғаттағы су айналымын сипаттау



1.5 Жер бетіндегі су	<p>6.1.5.3 бұлақтың пайда болуы, құдықтың, су құбырының тағайындалуы мен қолданылуы туралы, адамның суды үнемдеп пайдалануы туралы айту</p> <p>6.1.5.4 өзен бөліктерін атау, қасиеттері бойынша таудағы және жазықтағы өзендерді ажырату; адамның өзендерді пайдалануы туралы айту</p> <p>6.1.5.5 көлдерді, су қоймаларын, тоғандарды атау және ажырату; балықтарды, құстарды өсіру туралы айту</p> <p>6.1.5.6 батпақтар, оларды құрғату жолдары туралы түсінігінің болуы</p> <p>6.1.5.7 мұхиттар мен теңіздерді ажырату; табиғи құбылыстар: құйын, дауыл, цунами туралы түсінігінің болуы</p> <p>6.1.5.8 аралдар мен түбектердің белгілерін ажырату</p> <p>6.1.5.9 біздің жергілікті жердің су қоймалары туралы айту; суды ластанудан қорғау жолдарын атау</p>
1.6 Жер шары	<p>6.1.6.1 Жер, Күн, Ай туралы жалпы түсініктерінің болуы</p> <p>6.1.6.2 планета ретінде Жер туралы түсінігінің болуы; Жердің шар тәріздес екеніне дәлелінің болуы</p> <p>6.1.6.3 жер шарының үлгісін ермексаз немесе саздан жасау, онда экватор мен полюстарды белгілеу</p> <p>6.1.6.4 Жердің алғашқы ғарышкерінің және Қазақстанның алғашқы ғарышкерлерінің есімдерін атау (Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев)</p> <p>6.1.6.5 глобус – жер шарының үлгісі екенін түсіну; глобуста экваторды, полюстарды көрсете білуі; глобуста құрлық пен суды бейнелеу ерекшеліктерін түсіну</p> <p>6.1.6.6 жартышардағы физикалық карта туралы түсінігінің болуы; физикалық картада Жер суы мен құрлықты бөліп көрсету</p> <p>6.1.6.7 глобуста және жартышар картасында мұхиттарды көрсету</p> <p>6.1.6.8 глобуста және жартышар картасында материктерді көрсету (Еуразия, Африка, Солтүстік Америка, Оңтүстік Америка, Австралия, Антарктида)</p> <p>6.1.6.9 контурлы картада материктер мен мұхиттарды белгілеу</p> <p>6.1.6.10 алғашқы жер шарын айналу саяхатын атау</p> <p>6.1.6.11 Жерде өмір сүру үшін Күннің маңызын түсіндіру; жер бетін Күнмен жарықтандыру және қыздыру (тік, көлбеу және жылжымалы күн сәулелерін) ерекшелігін түсіну</p>

	6.1.6.12 ауа райынан климатты ажырату; климаттың негізгі типтерін сипаттау
	6.1.6.13 жарықтылық белдеулерді атау: ыстық, қоңыржай, салқын
	6.1.6.14 жарықтылық белдеу бейнесін глобуста және жартышар картасында тану
	6.1.6.15 тропикалық, қоңыржай және полярлық белдеулердің табиғатын сипаттау
1.7 Қазақстанның физикалық картасы	6.1.7.1 өмір сүретін елін, өз Отанының астанасын атау
	6.1.7.2 Қазақстанның орналасуын глобуста, жартышар картасында, физикалық картада көрсету
	6.1.7.3 Қазақстанның физикалық картасында теңіз және құрлық шекараларын көрсету
	6.1.7.4 контурлық картада Қазақстанның шекарасын белгілеу
	6.1.7.5 Қазақстанның физикалық картасында Каспий теңізін, Арал теңізін көрсету және атау
	6.1.7.6 Қазақстандағы ірі кен орындарын көрсету және атау
	6.1.7.7 Қазақстанның жер бетіне жалпы сипаттама беру (жазықтар, қыраттар, таулар)
	6.1.7.8 Қазақстанның физикалық картасында Шығыс-Еуропа жазығын, Батыс-Сібір жазығын, Тұран жазығын көрсету және атау
	6.1.7.7 Қазақстанның физикалық картасында қазактың ұсақ шоқылығын көрсету және атау ( Сары-Арқа)
	6.1.7.8 Қазақстанның физикалық картасында Орал тауларын, Алтай тауларын, Жоңғар Алатауын, Солтүстік Тянь-Шаньді көрсету және атау
	6.1.7.9 Қазақстанның физикалық картасында Қазақстанның өзендері мен көлдерін көрсету және атау (Балхаш көлі, Алакөл көлі, Ертіс өзені, Орал өзені, Сырдария өзені, Іле өзені)
6.1.7.10 Қазақстанның контурлы картасына зерделенген объектілердің атауларын түсіру	
6.1.7.11 Қазақстанның табиғи объектілерін қорғау қажеттілігін түсіндіру; табиғатты қорғауда мемлекет пен қоғамның ролін түсіндіру	

2) 2-бөлім "Қазақстанның және ТМД-ға кіретін елдердің физикалық географиясы":  
2-кесте

7-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
	7.2.1.1 тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің құрылу күнін атау физикалық және саяси картада Қазақстанның географиялық жағдайын көрсету

2.1 Физикалық картадағы ТМД шекаралары	<p>7.2.1.2 ТМД-ның құрылу күнін атау; физикалық картада ТМД-ның географиялық жағдайын, ТМД-ның құрлық және теңіз шекараларын көрсету; ТМД бедерінің ерекшеліктерін сипаттау</p> <p>7.2.1.3 физикалық картада ТМД-ның ірі туаларын, жазықтарын, ірі өзендері мен көлдерін көрсету</p> <p>7.2.1.4 ТМД-ның табиғи жағдайларының әркелкілігі туралы жалпы түсінігінің болуы; ТМД елдерінің территориясындағы табиғи аймақтарды атау, олардың картада орналасуын көрсету</p>
	Евразияның жағалау көрінісі: Тынық және Үнді мұхиттары	8.3.2.32 Евразияның географиялық жағдайын және жағалау көрінісін: Солтүстік Мұзды және Атлант мұхиттарының теңіздерін физикалық картада көрсету, атау, контурлы картада белгілеу 8.3.2.33 Евразияның жағалау көрінісін: Тынық және Үнді мұхиттарының теңіздерін

### 3.2 Материктер

	физикалық картада көрсету, атау, контурлы картада белгілеу
Рельефі, климаты, табиғатының әртүрлігі	8.3.2.34 Еуразияның табиғи жағдайларын, бедерін, климатын және пайдалы қазбаларын сипаттау
Евразия теңіздері көлдері, өзендері	8.3.2.35 теңіздерді (Солтүстік, Оңтүстік-Қытай, Шығыс-Қытай, Сары, Каспий, Арал), шығанақтарды (Фин, Бенгал, Парсы), аралдарды (Ұлыбритания, Исландия, Жапон Сицилиясы, Индонезия, Шри Ланка); түбектерді (Скандинавия, Апеннин, Балқан, Үндістан, Үндіқытай, Аравия, Кіші Азия), тауларды (Альпі, Пиреней, Апеннин, Гималай, Скандинавия), өзендерді (Висла, Дунай, Эльба, Хуанхэ, Янцзы, Инд-Ганг, Сырдария, Әмудария), көлдерді (Байкал, Балхаш) физикалық картада көрсету, атау, контурлы картада белгілеу
Еуразияның өсімдік және жануарлар әлемі	8.3.2.36 Еуразияның өсімдік және жануарлар әлемін сипаттау
Еуропа мемлекеттері.	8.3.2.37 Еуразия халқына сипаттама беру; Еуразия ұлттарын атау, олардың мәдениеті мен тұрмысын сипаттау
	8.3.3.1 Еуропа мемлекеттерін: Ұлыбритания, Франция, Германия, Испания, Италия, Сербия, Хорватия, Албания, Греция, Польша, Чехия, Словакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Норвегия, Швеция, Финляндия саяси картада көрсету; еуропалық мемлекеттердің астаналарын атау
	8.3.3.2 зерделенген мемлекет арқылы шекаралас елдерді көрсету
	8.3.3.3 зерделенген мемлекет туралы қысқаша әңгіме құрастыру
Азия мемлекеттері	8.3.4.1 Азия мемлекеттерін: Түркия, Иран, Ирак, Ауғанстан, Моңғолия, Қытай, Үндістан, Оңтүстік және Солтүстік Корея, Вьетнам, Лаос, Жапония саяси картада көрсету, азияттық мемлекеттердің астаналарын атау

		8.3.4.2 зерделенген мемлекет арқылы шекаралас елдерді көрсету
		8.3.4.3 зерделенген мемлекет туралы қысқаша әңгіме құрастыру
3.5 Қазақстан және жақын шетелдер	Қазақстанның географиялық жағдайы	8.3.5.1 Қазақстан Республикасын саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Қазақстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
	Рельефі. Климаты Өзендері мен көлдері	8.3.5.1 Қазақстанның географиялық орналасуын, табиғи жағдайы мен ресурстарын сипаттау;
	Жануарлар мен өсімдіктер әлемі	8.3.5.1 Қазақстанның өсімдіктер және жануарлар әлемінің түрлі екенін сипаттау;
	Ресейдің географиялық жағдайы, табиғаты	8.3.5.2 Ресейді саяси картада көрсету; называть столицу елордасын және ірі қалаларды атау; Ресейдің географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
4-тоқсан		
	Азия мемлекеттері. Халқы, тіршілігі.	8.3.5.3 Өзбекстанды саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Өзбекстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
		8.3.5.4 Түркменстанды саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Түркменстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
		8.3.5.5 Таджікстанды саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Тәжікстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
		8.3.5.6 Қырғызстанды саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Қырғызстанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен

3.5 Қазақстан және жақын шетелдер		ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
		8.3.5.7 Грузияны саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Грузияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
	Кавказ елі. Халқы. Қалалары	8.3.5.8 Әзірбайжанды саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Әзірбайжанның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру 8.3.5.9 Арменияны саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Арменияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
	Географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстары	8.3.5.10 Молдованы саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Молдованың географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
		8.3.5.11 Украинаны саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Украинаның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру
Балтика елдері. Географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстары	8.3.5.12 Беларусі саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Беларусінің географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру	
	8.3.5.13 Эстонияны саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Эстонияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру 8.3.5.14 Латвияны саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Латвияның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру	



8.3.5.15 Литваны саяси картада көрсету; елордасын және ірі қалаларды атау; Литваның географиялық жағдайын, табиғат жағдайы мен ресурстарын сипаттау; халқына сипаттама беру

4) 9-сынып:  
4-кесте

Бөлімше	Тақырып, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
4.1 Қазақстан жері туралы алғашқы географиялық мәліметтер	Қазақстан Республикасының географиялық жағдайы	9.4.1.1 әлемдік картада Қазақстан Республикасының географиялық жағдайын көрсету; Қазақстанның мемлекеттік шекараларын саяси картада көрсету; шекаралас мемлекеттерді атау; Қазақстан территориясының көлемін атау
	Рельефі, табиғи аймақтары	9.4.1.2 Қазақстанның ірі тауларын, өзендерін, көлдерін физикалық картада көрсету; ірі ойпаттар мен қыраттарды, тауларды контурлы картада белгілеу; пайдалы қазбалар өндіру орындарын контурлы картаға түсіру; маңызды өзендер мен көлдерді контурлы картаға таңбалау; Қазақстанның солтүстіктен оңтүстікке қарай табиғи аймақтарын физикалық картада көрсету
	Қазақстан туралы алғашқы мәліметтер	9.4.1.3 палеолит дәуіріндегі ежелгі қоныстарды атау, мыс және қола металлургиясының дамуын сипаттау; Қазақстанның табиғаты, халықтары мен олардың шаруашылық әрекеттері туралы алғашқы мәліметтерді берген көне ғалымдарды (Геродот, Страбон, Птоломей) атау
	Қазақстан табиғатының әркелкілігі. Пайдалы қазбалар	9.4.2.1 Қазақстан табиғатының әркелкілігін, бедерінің ерекшеліктерін сипаттау; пайдалы қазбаларды, олардың Қазақстан территориясындағы негізгі орнын атау
	Климаы. Оның тіршілік етуге ықпалы	9.4.2.2 климатты, оның қалыптасуының негізгі факторларын сипаттау
		9.4.2.4 Қазақстанның жер ресурстарын сипаттау (топырақ, топырақтың негізгі түрлерін); Қазақстандағы егін

4.2 Табиғат және Қазақстанның табиғи ресурстары		шаруашылығының дамуын; топырақтарды қорғау жолдарын айту
	Қазақстанның су көздері	9.4.2.3 Қазақстанның су көздерін, олардың халық шаруашылығында пайдаланылуын атау; суды күтіп ұстау маңызын түсіндіру
	Қазақстан өсімдігі мен жануарлар әлемі	9.4.2.5 Қазақстан өсімдігі мен жануарлар әлемін сипаттау; өсімдіктер мен жануарларды қорғау туралы айту (қорықтарды, кіші қорықтарды); Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар мен өсімдіктерді атау
4.3 Қазақстан халқы	Қазақстан халқының саны. Ерекшеліктері. Еңбек ресурстары	9.4.3.1 Қазақстан халқының санын атау; республика территориясы бойынша халықтың орналасуын сипаттау
		9.4.3.2 Қазақстан территориясында тұратын халықтарды атау
		9.4.3.3 Қазақстанның еңбек ресурстарын, олардың саны мен құрамын атау; еңбекке қабілетті халықтың республиканың әр түрлі шаруашылық салаларында жұмыспен қамтылуын сипаттау
4.4 Қазақстан шаруашылығына жалпы шолу	Қазақстанның жетекші шаруашылық салалары	9.4.4.1 жетекші шаруашылық салаларын атау: өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, көлік
	Өнеркәсібі	9.4.4.2 Қазақстан шаруашылығындағы өнеркәсіп рөлін түсіндіру; өнеркәсіптің салалық құрамын, өнеркәсіп мекемелерінің түрлерін атау
	Шаруашылығы	9.4.4.3 Қазақстанда ауыл шаруашылығының дамуы туралы айту; ауыл шаруашылығының негізгі салаларын атап шығу, ауыл шаруашылық мекемелерінің түрлерін атау
	Көліктер	9.4.4.4 Қазақстанның көлік түрлерін атап шығу; оның шаруашылықтағы рөлін түсіндіру; көлік кәсіпорындарын атау
2-тоқсан		
	Қазақстан экономикасы	9.4.5.1 Қазақстан территориясындағы бес экономикалық аудандарды атау және картада көрсету (Орталық, Батыс, Солтүстік, Оңтүстік,

4.5 Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы		Шығыс); Қазақстанның экономикалық аудандарын контурлы картаға түсіру
	Қазақтанның Орталық экономикалық ауданы	9.4.5.2 Қазақтанның Орталық экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; табиғи жағдайларына сипаттама беру; табиғи ресурстарының географиялық әркелкілігін, судың айрықша жеткіліксіздігін сипаттау
	Қазақтанның Орталық экономикалық ауданының қалалары	9.4.5.3 картада қалаларды: Қарағандыны, Теміртауды, Жезқазғанды, Балхашты атау және көрсету; контурлы картада ауданның ірі қалаларының атауларын бетіне жазу
	Қазақтанның Орталық экономикалық ауданның дамуы	9.4.5.4 Қазақтанның Орталық экономикалық ауданының көмір, металлургия және машина жасау өнеркәсіптерінің дамуы туралы айту
	Қазақтанның Батыс экономикалық ауданы	9.4.5.5 Қазақтанның Батыс экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; Батыс Қазақстанның табиғи аймақтарына сипаттама беру (дала және шөл)
	Мұнай және газ орындары	9.4.5.6 Қазақтанның Батыс жер қойнауларының: мұнай және газ орындарының байлығы туралы айту
	Балық аулау шаруашылығы	9.4.5.6 Қазақтанның Батыс экономикалық ауданының табиғатын қорғау маңызын түсіндіру экономикалық ауданының табиғатын қорғау маңызын түсіндіру; балық аулау кәсібі туралы айту
	Батыс Қазақстан қалалары	9.4.5.7 қалаларды картадан көрсету және атау: Ақтөбе, Атырау, Орал атау және картада көрсету; ауданның ірі қалаларының атауларын контурлы картада бетіне жазу; Қазақтанның Батыс экономикалық ауданында өндірілетін пайдалы қазбаларды контурлы картаға түсіру
3-тоқсан		9.4.5.8 Қазақтанның Солтүстік экономикалық ауданының

4.5 Қазақстанның экономикалық аудандарының географиясы

Қазақстанның Солтүстік экономикалық ауданы. Табиғи аймағының сипаты.	географиялық жағдайын картада көрсету; Солтүстік Қазақстанның табиғи аймақтарына сипаттама беру (орманды дала, дала, шөлейттер)
темір кендері және тас көмір өндіру байлығы.	9.4.5.9 жер қойнауларының: темір кендері және тас көмір өндіру байлығы туралы айту
Қазақстанның Солтүстік экономикалық ауданы	9.4.5.10 қалаларды: Қазақстан елордасы – Астананы, Қостанайды, Петропавлды, Павлодарды, Көкшетауды атау және картада көрсету; астананы және ауданның ірі қалаларын контурлы картада бетіне жазу; Қазақстанның Солтүстік экономикалық ауданында өндірілетін пайдалы қазбаларды контурлы картаға түсіру
Астық өсіру және мал шаруашылығы	9.4.5.11 ауданның ауыл шаруашылығы: астық өсіру және мал шаруашылығы туралы айту
Қазақстанның Оңтүстік экономикалық ауданы.	9.4.5.12 Қазақстанның Оңтүстік экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; Оңтүстік Қазақстанның табиғи аймақтарына сипаттама беру (шөлдер мен таулар)
Химиялық шикізат өндірісі	9.4.5.13 химиялық шикізат өндірісі
Қалалары	9.4.5.14 қалаларды: Алматыны, Таразды, Шымкентті, Талдықорғанды, Түркістанды атау және картада көрсету; ауданның ірі қалаларын контурлы картада бетіне жазу
Суармалы егіншілігі, бағбаншылық, жүзім шаруашылығы	9.4.5.15 суармалы егіншілігі, бағбаншылық, жүзім шаруашылығы туралы айту
Қазақстанның Шығыс экономикалық ауданы	9.4.5.16 Қазақстанның Шығыс экономикалық ауданының географиялық жағдайын картада көрсету; Шығыс Қазақстанның таулы және жазықты жерлерінің табиғи жағдайларының әркелкілігін сипаттау
Жер қойнауларының полиметаллдармен байлығы	9.4.5.17 жер қойнауларының полиметаллдармен байлығы туралы айту
	9.4.5.18 қалаларды: Өскеменді, Семейді, Риддерді атау және

	Қалалары	картада көрсету; ауданның ірі қалаларын контурлы картада бетіне жазу
	Өнеркәсіп өндірісінің дамуы	9.4.5.19 өнеркәсіп өндірісінің дамуын сипаттау
	Ауыл шаруашылығының және көліктің дамуы	9.4.5.20 ауыл шаруашылығының және көліктің дамуын сипаттау
4-тоқсан		
4.6 Өз облысының географиясы	Өз елді мекенін, облысын және аудан орталығын атау, картада орналасуы	9.4.6.1 өз елді мекенін, облысын және аудан орталығын атау, картада орналасуын көрсету; бедеріне, пайдалы қазбалардың болуына сипаттама беру
		9.4.6.2 өз елді мекенінің атауын контурлы картада белгілеу
		9.4.6.9 өз облысы мен аудан орталығы, елді мекені (қала, ауыл) туралы айту
	Өз мекенінің климат ерекшелігі	9.4.6.3 ауа райы мәліметінің күнтізбесі негізінде өз облысының климаты туралы айту
		9.4.6.4 өз жерінің, облысының өзендері мен көлдерін ату, олардың шаруашылықтағы қолданысы туралы айту
		9.4.6.6 ауыл шаруашылығын: егіншілік шаруашылығын және мал шаруашылығын дамыту үшін табиғи жағдайлардың ерекшеліктерін сипаттау
	Өз жерінің, облысының өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктері	9.4.6.5 өз жерінің, облысының өсімдік және жануарлар әлемінің ерекшеліктерін сипаттау; табиғи байлықтарды қорғау қажеттілігін түсіндіру
	Халқы, құрамы	9.4.6.7 өз жерінің, облысының халқына сипаттама беру
	Өнеркәсібі, шаруашылығы. Көліктері	9.4.6.8 өнеркәсіпті және оның жетекші салаларын дамыту ерекшеліктерін, көлік тасымалын дамыту ерекшеліктерін сипаттау

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 523-қосымша

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Оқу пәнінің мақсаты – тарихи процестің маңызды жақтарын ашатын Қазақстан тарихының жеке оқиғаларын жеткізу.

3. Міндеттері:

1) білім алушыларда отандық тарихтың елеулі оқиғалары мен тұлғалары туралы түсінік қалыптастыру;

2) білім алушыларда әртүрлі тарихи дәуірлердегі адамдардың өмірі, тұрмысы мен еңбегі туралы түсініктерді қалыптастыру;

3) білім алушыларда тарихи оқиғалар мен құбылыстар арасындағы қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды түсінуді қалыптастыру;

4) оқулық мәтіні, тарихи құжаттар, карталар және безендірулермен өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

5) коммуникативті дағдылар, өз ойын ауызша және жазбаша түрде жеткізу икемділіктері, топта жұмыс істеу, әртүрлі дереккөздерден ақпаратты қолдануды қалыптастыру;

6) өз Отаны мен халқына деген сүйіспеншілік; өткен тарихқа құрмет, бүгінгі күні болып жатқан оқиғаларға ортақтастық сезімдерін тәрбиелеу.

4. "Қазақстан тарихы" оқу пәнін оқыту барысында түзете-дамыту міндеттері шешіледі: білім алушылардың танымдық әрекеті, сөйлеу тілі, эмоционалды-ерік саласы және жеке қасиеттерін дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Бағдарлама жергілікті сипаттағы материалдарды (объектілер, кәсіпорындар, ақпарат көздерін) пайдалануға бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру жолымен білім алушының танымдық және әлеуметтік тұрғыдағы белсенділігін дамытады. Оқу-тәрбие сипатындағы жобалық әрекет педагогтың басшылығымен ата-аналармен серіктестік жағдайда жүзеге асырылады.

6. "Қазақстан тарихы" пәні зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың тұлғасын дамыту мен тәрбиелеу процесінде, білім алушылардың азаматтық позициясын қалыптастыруда, оларды патриотизм және өз Отаны, оның тарихын құрметтеу рухында тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Оқу пәнінің мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениеті, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлі, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесімен таныстырады. "Қазақстан тарихы" оқу пәні ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеуді білдіретін "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

8. Танымдық әрекетінің бұзылысына байланысты зияты зақымдалған білім алушыларға тарихи білімді игеру қиындығы деректер мен хронологиялық мәліметтердің көлемділігі, тарихи процестер мен оқиғалардың жаһандығымен байланысты, сондықтан олардың заңдылықтарын түсіну қиын.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. "Қазақстан тарихы" пәнінің мазмұнында білім алушылардың осы санатына қысқартылған көлемдегі оқу ақпараты беріледі, айтылатын терминдер саны азайтылып, курс құрылымы өзгертілген. Бағдарлама шиыршық қағидасына сәйкес құрылған, ол білім алушыларға өткен деректерді қажетті түрде қайталауға, берілетін тарихи ақпаратты кеңейту мен қиындатуға мүмкіндік береді.

10. Қазіргі кезеңдегі оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі ретінде білім алушының белсенді қызметін ұйымдастыру болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімдер, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сондай-ақ тұлғалық қасиеттерді игеруге ықпал етеді.

11. "Қазақстан тарихы" бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың даму және дайындық деңгейі мен ерекшеліктеріне білім беру жүйесінің бейімделу қағидасы;

2) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы олардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқу әрекетін арнайы әдістер және тәсілдермен қамтамасыз етеді;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды болжайды. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп нормалары мен өмірлік дағдыларды білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл зияты зақымдалған білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамуы ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психология ғылымының теориялық ережелеріне негізделеді. Онымен қоса жеңіл түрде зияты зақымдалған тұлғаны дамыту оларға қолжетімді қызметті ұйымдастыру сипатымен (заттық-тәжірибелік және оқу) анықталады;

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушылардың тәжірибелік әрекеті арасында тығыз байланыс орнату, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен икемдерді қалыптастыру қарастырылады;

6) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға саралау және жекелеу тәсілі олардың бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндіктерінің біртекті еместігі, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін және алынған білім, дағды мен біліктер сапасына ықпал ететін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескеруді болжайды. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған білім беру процесі 4 типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асады. Әрбір типологиялық топқа педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес күрделілігі мен көлемінің қолжетімділігін ескере отырып, оқу материалының мазмұнын таңдайды. Оқу жұмысының жылдамдығы, білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

7) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі төменгі танымдық белсенділігі және ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігімен шартталған. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың дербес оқу-танымдық әрекеті, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтар үшін қиындыққа ұшырағанда педагог оқу тапсырмасын табысты орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушы әрекетінің жетілмеген компоненті қызметін алады. Арнайы педагог зияты зақымдалған білім алушының жалпы даму заңдылықтарын біле отырып сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктері, оқытудың арнайы әдістемесін ұйымдастырады және білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін бағыттайды.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



13. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктеріне баға беру ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Мұғалім Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда білім беру барысында бағалайды. Педагог бақылаушы бағалау әрекетін жүйелі түрде қолданады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде болады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Ағымдағы бақылау білім алушының әрекетін сабақта бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарын талдау, әрекеттің ұжымдық түрлері көмегімен іске асырылады. Әр сабақтық бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог қолданатын оқыту мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бақылау ынталандырушы және білім алушыларға қатысты тәрбиелеуші сипатқа ие.

16. Қорытынды бақылау жартыжылдық және жылдың соңында жүргізіледі. Педагог әрбір білім алушының даму динамикасы мен табыстылығын талдайды. Мониторинг нәтижелері білім алушылардың жетістіктерінің жиынтық картасында тіркеледі.

17. Бағалау рәсімінің көмегімен педагог алатын ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру процесінде туындайтын қиындықтарға уақтылы және дұрыс әрекеттесуге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмектің мазмұны мен тәсілдерін негіздемемен анықтайды.

18. Сипаттамалы бағалау даму мен оқытылғанның бар деңгейін ғана емес, онымен қоса білім алушымен жасалатын жұмыстың одан кейінгі қадамдарын анықтайды. Сипаттамалы баға білім алушылардың бойында дұрыс түрде өзін бағалаудың қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай кезде білім алушыларды бір-бірімен салыстыруға болмайды. Білім алушының жетістіктерін өзінің бұған дейінгі табыстарымен салыстыруға болады. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға қатысты оқу жетістігі пайызы мен білім сапасын анықтау дұрыс емес."

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. Бағдарлама ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі - АКТ) қолданудың келесі дағдыларын қамтиды:

1) шынайы өмірлік жағдаяттардағы еліктемелер, сондай-ақ оларды ары қарай түсіну үшін аталмыш жағдаяттарды зерделеу үшін компьютерлік үлгілерді қолдану;

2) тәжірибелік тапсырмаларды шешу мақсатында мәтіндер, кестелер, кескіндемелер, аудио- және бейнематериалдарды өңдеу үшін бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалану;

3) тәжірибелік тапсырмаларды шешу барысында ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын пайдаланудың шығармашылық тәсілдері;

4) белгілі бір тақырып бойынша топпен бірігіп жұмыс жасауға мүмкіндік беретін электрондық құралдар арқылы материал жинау және тәжірибе алмасу;

5) АКТ технологияларды дербес қолдану дағдылары;

6) белгілі бір аудитория және мақсаттар үшін әртүрлі ақпарат көздерінен материалдарды іріктеуді қосатын коммуникациялық дағдыларды дамыту.

20. "Қазақстан тарихы" пәнін оқыту барысында келесі пәндермен пәнаралық байланыстар орнатылады:

1) ана тілі – тарихи мазмұндағы сөз, сөйлем, қорытынды мен түйін құрылымда ана тілі ережелерін қолдану;

2) математика – уақыт туралы түсінік, уақытты өлшеу бірліктері мен олардың арақатынасы туралы білімді пайдалану;

3) география – картамен жұмыс;

4) оқу және тіл дамыту – тарихи оқиғалар туралы ғылыми-көпшілік мақалаларды оқу және өз сөзімен айту.

21. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін тарих кабинеті санитарлық-гигиеналық нормаларды ескере отырып сәйкесінше мектеп құралдарымен қамтамасыз етіледі.

22. Сыныптағы жиһаз түрлі формада (жеке, жұптық және топтық) және түрде жұмыстарды жүргізу мақсатында жеңіл түрде қозғалмалы болады. Білім алушылардың жұмыстарын көрмеге қою және көрнекі құралдар үшін кітап сөрелері мен стендтерді ойластыру қарастырылады.

### **3-тарау. "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

23. "Қазақстан тарихы" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 34 сағатты;

2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты;

3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

24. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

1) 1-бөлім "Әлеуметтік қатынастардың дамуы";

2) 2-бөлім "Мәдениеттің дамуы";

3) 3-бөлім "Мемлекеттің дамуы";

4) 4-бөлім "Қазақстанның экономикалық дамуы".

25. "Әлеуметтік қатынастардың дамуы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) этникалық қатынастар;

2) әлеуметтік қатынастар.

26. "Мәдениеттің дамуы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) дүниетаным мен дін;

2) өнер мен әдебиет;

3) білім және ғылым.

27. "Мемлекеттің дамуы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) мемлекеттің ішкі саясаты;

2) мемлекеттің сыртқы саясаты.

28. "Экономикалық даму" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

1) шаруашылық;

2) өндірістік қатынастар және сауда.

29. 7-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тарих туралы бастапқы түсініктер: тарих ұғымы, тарих нені зерттейді. Тарихи дереккөздер. Тарихи дереккөздердің түрлері (ауызша, жазбаша және археологиялық). Тарихи уақыт туралы түсініктер: ғасыр (жүзжылдық), мыңжылдық, тарихи дәуір, біздің заманымызға дейін, біздің заман, "уақыт таспасы". Өткен уақыт, қазіргі кез, болашақ ұғымдары. Ғасыр бөліктері: ғасырдың басы, ортасы, соңы. Тарихи оқиғалар. Тарихи карта. Мемлекет шекаралары. Қазақстан тарихы – дүниежүзілік тарих бөлігі, Қазақстан тарихын кезеңдерге бөлу (ежелгі, ортағасырлық, жаңа және қазіргі заманғы тарих);

2) Қазақстандағы ежелгі адамдардың өмірі: Тас дәуіріндегі Қазақстан: алғашқы адамның пайда болуы. Адамның пайда болуына ғылыми көзқарас, Қазақстан территориясындағы алғашқы адамдар. Палеолит – ежелгі тас ғасыры. Әлеуметтік ұйымдасудың алғашқы формалары. Ежелгі адамдардың кәсібі (аң аулау мен терімшілік). Қазақстан территориясындағы тас дәуірінің тұрақтары. Егіншілік пен мал шаруашылығының пайда болуы. Ежелгі еңбек құралдары. Адамдар табыны, табиғат, климат, мұз басу. Мезолит – орта тас ғасыры, жылыну, мұздықтардың шегінуі, шағын тез қимылдайтын жануарларға аңшылық жасау үшін садақ пен оқты, бумерангты ойлап табу, дербес аңшылық, жаңа еңбек құралдарының пайда болуы. Неолит – жаңа тас ғасыры, микролиттік мәдениет, егіншілік пен мал шаруашылығының қалыптасуы. Қола дәуіріндегі Қазақстан: Қазақстан территориясындағы мыс пен қалайы металдарының кен орындары. Андронов мәдениеті. Қола дәуірі кезіндегі шаруашылық пен қоғамдық құрылыс;

3) ежелгі көшпенділердің өмірі: темір дәуірінің ерекшеліктері. Қазақстанның ежелгі металлургиясы. Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы. Алғашқы көшпенділердің өмір сүру жүйесі. Көшпенділердің жылжымалы баспанасы. Алғашқы көшпенділердің дүниетанымы;

4) ежелгі Қазақстан тұрғындары: (сақ, үйсін, қаңлы, ғұн, сарматтар): түрлі тайпалар туралы тарихи деректер, қоғамдық құрылысы, шаруашылығы мен тұрмысы, олардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, билеушілері мен басқару жүйесі. Шаньюй Модэ – ғұндар мемлекетінің негізін қалаушы. халықтардың ұлы қоныс аударуы (ғұндардың батысқа қоныс аударуы), Аттила және оның жорықтары. Түрлі тайпалардың мәдениеті.

Ежелгі тайпалардың археологиялық ескерткіштері. Есік олжасы – "Алтын адам". Шілікті алқабының патша қорғандары. Берел қорымы. Бесшатыр қорғандары. Тасмола мәдениеті;

5) Қазақстан территориясындағы ежелгі түркілер: Ұлы Түрік қағанатының құрылуы . "Түрік" ұғымы. Бумын қаған – Түрік Қағанатының негізін салушы. Қазақстан территориясындағы ерте ортағасырлық мемлекеттер: Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Карлук қағанаты, Оғыз мемлекеті, Қимақ қағанаты. Атлах шайқасының тарихи маңызы. Түркілердің әскери өнері. Шаруашылығы. Сауда және қала мәдениетінің дамуы. Ұлы Жібек жолы: тарихи маңызы. Қазақстанның ортағасырлық қалалары (Түркістан, Сығанақ, Сайрам, Тараз). Көшпелі және отырықшы-егіншілік шаруашылығы. Сауда-саттық. Қала мәдениеті. Исламның тарала бастауы. Түркі әлемінің көрнекі ғұламалары;

6) моңғол жаулаушылық соғыстары: қазақ даласындағы моңғолдар. Отырар – батыр-қала (Отырар қорғанысы, Отырардың күйреуі). Қазақ халқы мен Қазақ хандығының қалыптасу тарихы. "Қазақ" этнонимінің пайда болуы мен мағынасы. Алтын Орданың ыдырауы, Ақ Орданың құрылуы, Әбілқайыр хандығы, Жәнібек пен Керей сұлтандарының бөлінуі және өз руларымен Моғолстан территориясына қоныс аударуы. Қазақ хандығының құрылуы мен жүздердің қалыптасуы. Қасым хан билігі тұсындағы Қазақ хандығының нығаюы. Қазақ хандығының құрылымы;

7) өлкетану. Туған өлке тарихы мен аңыздары. Өлке тарихының ескерткіштері. Өлкенің тарихы тұлғалары. Өлкетану мұражайы мен тарихы экспонаттар.

30. 8-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) тарихқа саяхат: сақтар – құдыретті ерлер. Өмір салты, шаруашылығы мен тұрмысы. Көшпелі мал шаруашылығы. Сақтардың тәуелсіздік үшін күресі. "Алтын адам". Ежелгі ғұндар. Мөде – ғұн мемлекетінің негізін салушы. Ғұндардың өмірі мен тұрмысы. Ғұн жорықтары. Аттила. Халықтардың ұлы қоныс аударуы. Ежелгі түркілер. Территориялар. Түрік қағанаты. Ежелгі түрік жазулары. Білге-қаған, Күлтегін, Тоныкөк . Ұлы Жібек жолы. Әл-Фараби. Қазақстанның ортағасырлық қалалары. Қазақ халқы мен Қазақ хандығының қалыптасуы. Қазақ хандары, билері мен батырларының тарихы. Хан – халық билеушісі, аты аңызға айналған қазақ хандары (Алаша хан, Уыз (Оғыз) хан), қазақ хандары – Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Хақназар, Тәуке. Қазақ қоғамындағы билердің рөлі, билер (дана, шешен, сот), қазақ қоғамындағы батырлардың рөлі, XVIII ғасырдың ұлы батырлары. Қазақ-жоңғар соғыстары. Қазақстанның Ресейге қосылуы. Кіші жүз ханы Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдауы, А.Тевкелев елшілігі. Абылай хан. Абылай ханның өмірі мен саяси қызметі. Қазақ ағартушылары: Шоқан Уәлиханов – ұлы қазақ ғалымы, Абай Құнанбайұлы – ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, Ыбырай Алтынсарин – ағартушы-ғалым;

2) әсемдік әлемінде: қазақ халқының материалдық мәдениеті. Қазақтардың тұрғын үйлері (киіз үй, киіз үйдің жиһаздары), қазақ халқының ұлттық киімдері, қазақтардың

қолөнер бұйымдары. Сәулет өнері ескерткіштері. Қазақстан территориясындағы ежелгі құрылыстар. Орта ғасырлардағы сәулет өнері ескерткіштері мен мазарлар (Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Бабаджа-қатын, Айша бибі, Алаша хан, Сырлытам, Қожа Ахмет Яссауи кесенелері). Қазақ халқының рухани мәдениеті. Қазақ халқының ұлттық мейрамдары. Наурыз мейрамы. Халық ауыз әдебиеті және қазақ халқының шешендік өнері. Қазақ халқының жыр-дастандары, аңыздары, шежірелері, шешендік өнер (Жиренше шешен, Аяз би, Алдар Көсе). Қазақ халқының музыка өнері, күй өнері (Құрманғазы, Тәттімбет, Ықылас, Қорқыт). Діннің пайда болуы, ежелгі адамдардың діни түсініктері және қазақ халқының діни наным-сенімдері;

3) XX ғасырдағы Қазақстан: Қазақстан Ресей құрамында. Патша билігінің Қазақстандағы аграрлық және қоныс аудару саясаты. 1917 жылы патшаны тақтан тайдыру. 1917 жылдың қазанында большевиктердің билікті алуы. Қазақстанда Кеңес билігінің орнауы, азамат соғысы, ҚазақКСР-нің құрылуы. Қазақ ұлттық зиялылары: Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов. Қазақстан 1941–1945 жылдар аралығындағы Ұлы Отан соғысында. Германияның КСРО-ға қарсы фашистік әскери жоспары. Ұлы Отан соғысының басталуы. Ұлы Жеңіске қазақстандықтардың қосқан үлесі. Қазақстан – майдан арсеналы. Қазақстандықтардың соғыс жылдарындағы еңбектегі ерлігі. Тыңды игеру. Тың және тыңайған жерлерді игерудің себептері, тың және тыңайған жерлерді игеру, тың игеру қорытындылары. Қазақстанда ғылым мен мәдениеттің дамуы. Қ.И. Сәтпаев – қазақтың тұңғыш академигі, Қазақ Ғылым академиясының алғашқы президенті. "Мәдени мұра" бағдарламасы. Ғарышты игеру. Қазақстан – ғарыш айлағы (Байқоңыр, қазақстың ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаев);

4) тәуелсіз Қазақстан: Қазақстан – егеменді мемлекет. КСРО-ның құлауы. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау. Н.Ә. Назарбаев – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президенті. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері (мемлекеттік рәміздер туралы түсінік, қазақ халқының мемлекеттік рәміздері тарихынан, Қазақстан Республикасының рәміздері, Қазақстан Республикасының азаматтарының конституциялық міндеттері – мемлекеттік рәміздерді құрметтеу). Астана – Қазақстанның жаңа астанасы. Қазақстан астаналары (Орынбор, Қызылорда, Алматы, 1997 жылы Астана қаласының еліміздің елордасы болып жариялануы);

5) өлкетану. Туған өлке тарихы мен аңыздары. Өлке тарихының ескерткіштері. Өлкенің тарихы тұлғалары. Өлкетану мұражайы мен тарихы экспонаттар.

31. 9-сыныпқа арналған "Қазақстан тарихы" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) Қазақстан тарихының кезеңделуі: ежелгі Қазақстан (2 млн. жылдан бұрын –V ғ.), орта ғасырлық Қазақстан (V–XVIII ғ.ғ.), жаңа дәуір тарихы (XVIII–XIX ғ.ғ.);

2) Қазақстан Ұлы Отан соғысы соғыс жылдары кезінде: республика өмірінің соғыс жағдайына ауысуы (1941-1945 жж.). Қазақстандықтардың фашистік басқыншыларға қарсы соғыс жылдарындағы ірі шайқастарға қатысуы және олардың ерліктері (1941-

1945 жж.). Қазақстан – соғыс арсеналы (1941-1945 жж.). Майданға және оккупациядан босатылған аудандарға жалпыхалықтық көмек. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы (1941-1945 жж.) Қазақстанның мәдениеті;

3) соғыстан кейінгі Қазақстан (1946-1980 жж.): Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмір. Өнеркәсіптің дамуы. Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру. "Байқоңыр" ғарыш айлағы. Экономиканың шикізаттық бағыты. Урбанизация. Ауыл шаруашылығы. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайы мен өмірлік деңгейі. Советтік Қазақстанның мәдениеті;

4) "Қайта құру" кезеңіндегі Қазақстан: Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы, себептері және салдарлары. Қайта құрудың қарама-қайшылығы. Республикадағы қоғамдық-саяси қозғалыс. Жаңаөзен мен Қарағандыдағы оқиғалар. 80-90 жылдардың басындағы Қазақстанның әлеуметтік ахуалы мен мәдениеті;

5) тәуелсіз Қазақстан (1991 жылдан осы уақытқа дейін): Қазақстан 90 жылдардың басындағы саяси оқиғалар легінде. Жалпыхалықтық президент сайлауы. Н.Ә. Назарбаев – Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті. Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін жариялау. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері – ту, елтаңба, әнұранды бекіту. Астана – жаңа Елорда. Қазақстан тәуелсіздігінің негізгі межелері. Экономика, білім беру, ғылым, мәдениет салаларындағы өзгерістер, жетістіктер мен қиындықтар. Егеменді Қазақстан Президентінің жолдаулары. Елдің бүгінгі дамуы. Біздің Отан әлем картасында. Қазақстанның сыртқы байланыстары, оның халықаралық процестердегі рөлі. Қазіргі Қазақстанның мәдениеті. Мемлекеттің білім және ғылым саласындағы саясаты. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы ассамблеясы;

6) өлкетану: туған өлкенің халық кәсібі; өлкенің туристік маршруттары; туған өлке тарихының куәлары.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

32. Бағдарламада оқу мақсаттарының кодтары берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші – бөлімді, үшінші – бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін білдіреді. Мысалы, 7.2.1.4 кодында: "7" – сынып,

"2" – бөлім, "2.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі;

33. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Әлеуметтік қатынастардың дамуы":

1-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып

<p>1.1 Этникалық қатынастар</p>	<p>7.1.1.1 тарихи дереккөздердің негізгі түрлерін ажырата білу 7.1.1.2 тарихи дәуірлер туралы түсініктің болуы 7.1.1.3 ежелгі тайпалар туралы айту 7.1.1.4 көрнекілікке сүйене отырып ежелгі адамдардың тұрмыс заттарын сипаттау 7.1.1.5 алғашқы адамдардың антропологиясын суреттеу 7.1.1.6 тарихи картада ғұндардың қоныс аудару бағытын көрсету 7.1.1.7 "уақыт таспасы" туралы түсініктің болуы 7.1.1.8 түркі тайпаларын атау және картада олардың орналасуын көрсету 7.1.1.9 мұғалімнің ежелгі Қазақстан тұрғындары туралы сұрақтары бойынша әңгіме құрастыру 7.1.1.10 орта ғасырлардағы Қазақстан тұрғындары туралы айту</p>	<p>8.1.1.1 тарихи дереккөздердің негізгі түрлерін білу 8.1.1.2 тарихи дәуірлердің атауларын білу 8.1.1.3 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның негізгі тайпаларын атау 8.1.1.4 картада әртүрлі тайпалардың орналасуын көрсету 8.1.1.5 Қазақстанның ортағасырлық қалаларының атауларын білу 8.1.1.6 негізгі тарихи термин-ұғымдар туралы түсініктің болуы 8.1.1.7 қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдерін анықтау 8.1.1.8 "қазақ" этнонимінің мағынасын түсіндіру 8.1.1.9 тарихи оқиғалардың реттілігі мен ұзақтығын даталар бойынша анықтау, "уақыт таспасын" пайдалану</p>	<p>9.1.1.1 тарихи дереккөздердің негізгі түрлерін білу 9.1.1.2 тарихи дәуірлерді ажырата білу 9.1.1.3 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның негізгі тайпаларын ажырата білу 9.1.1.4 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістер және миграциялық процестер туралы түсініктің болуы 9.1.1.5 демографиялық өзгерістердің себебі мен салдарын анықтау 9.1.1.6 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарларын білу 9.1.1.7 зерттелетін нысандар мен оқиғаларды тарихи картада табу және көрсету 9.1.1.8 негізгі тарихи түсініктер туралы түсініктің болуы</p>
<p>1.2 Әлеуметтік қатынастар</p>	<p>7.1.2.1 ежелгі заманда әлеуметтік топтардың қалыптасуы туралы сұрақтарға жауап бере отыра айту 7.1.2.2 алғашқы адамдардың өмірі мен тұрмысы туралы сұрақтарға жауап бере отыра шығармашылық формада (әңгіме, сурет, қойылым, макет) айту 7.1.2.3 өмір салтының кәсіптер, сауда-саттық пен мәдениетке әсері туралы жоспар бойынша айту</p>	<p>8.1.2.1 қазақ хандары, билері мен батырларының өмірінің ерекшеліктерін сипаттау 8.1.2.2 Қазақ хандығының өкілдерін атау 8.1.2.3 Қазақ хандығындағы әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірі мен тұрмыс ерекшеліктерін сипаттау 8.1.2.4 қазақ қоғамында билердің рөлі туралы білу</p>	<p>9.1.2.1 дәстүрлі қазақ қоғамындағы өзгерістерді өткен тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау 9.1.2.2 әртүрлі әлеуметтік топтарды ажырата білу 9.1.2.3 көрнекіліктерге негізделе отыра тарихи тұлғаларды сипаттау 9.1.2.4 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын сипаттау 9.1.2.5 әскери қолбасшылар мен майдан ерлерінің суреттерін сипаттау описывать портреты 9.1.2.6 майдан мен еңбек ерлері туралы әдеби</p>

7.1.2.4 орта ғасырлардағы әлеуметтік топтардың өмірінің ерекшеліктері туралы білу 7.1.2.5 ортағасырлық адамдардың өмірі мен тұрмысы туралы сұрақтарға жауап бере отыра шығармашылық формада (әңгіме, сурет, қойылым, макет) айту	8.1.2.5 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңызын білу 8.1.2.6 әртүрлі әлеуметтік топтардың қалыптасуы туралы түсініктің болуы	шығармалардан мысалдар келтіру 9.1.2.7 соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік жағдайды сипаттау 9.1.2.8 кенестік кезеңдегі әлеуметтік топтарды сипаттау 9.1.2.6 қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік топтарды сипаттау
---	--	---

## 2) 2-бөлім "Мәдениеттің дамуы":

### 2-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
2.1 Дүниетаным мен дін	7.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдері туралы айту 7.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын мұғалімнің сұрақтары бойынша сипаттау 7.2.1.3 Қазақстан территориясындағы көне діни ғимараттарды атау	8.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін білу 8.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалы туралы түсініктің болуы 8.2.1.3 Қазақстан территориясындағы көне діни ғимараттарды білу 8.2.1.4 Қазақстан территориясындағы көне діни ғимараттарды картадан көрсету	9.2.1.1 Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының құндылықтарын сипаттау 9.2.1.2 Қазақстан халықтарының негізгі мейрамдарын білу 9.2.1.3 ресми діни ұйымдардың қызметі туралы түсініктің болуы; 9.2.1.4 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалы туралы түсініктің болуы 9.2.1.5 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының маңыздылығы туралы түсініктің болуы
	7.2.2.1 ежелгінің заттары, оқиғалары және тарихи кейіпкерлерін көрнекілікке сүйене отырып сипаттау 7.2.2.2 археологиялық ескерткіштер туралы жоспар бойынша айту 7.2.2.3 археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов мәдениетінің белгілерін	8.2.2.1 мұғалімнің сұрақтары бойынша ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктері туралы айту 8.2.2.2 "Алтын адам" жәдігерін өнер туындысы ретінде жоспар бойынша сипаттау	9.2.2.1 тарихи материалды құрастырылған жоспар бойынша айту 9.2.2.2 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындылары



<p>2.2 Өнер мен әдебиет</p>	<p>анықтау 7.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау 7.2.2.5 "Алтын адам" жәдігерін өнер туындысы ретінде сипаттау 7.2.2.6 көшпенділердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну 7.2.2.7 көшпенділердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі туралы шағын әңгіме құрастыру 7.2.2.8 күй, аңыз, шежіре және эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығы туралы түсініктің болуы 7.2.2.9 археологиялық ескерткіштер туралы түсініктің болуы</p>	<p>8.2.2.3 көшпенділердің әскери өнерінің жетістіктері туралы түсініктің болуы 8.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни және Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығы туралы түсініктің болуы 8.2.2.5 көшпенділердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау 8.2.2.6 күй, аңыз, шежіре және эпостық жырлардың тарихи дереккөз бөлігі ретіндегі маңыздылығы туралы айту</p>	<p>туралы құнды тарихи дереккөз ретінде түсініктің болуы 9.2.2.3 А.Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін түсініп, білу 9.2.2.4 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктеріне қарай білу 9.2.2.5 қазақтардың ұлттық киім үлгілерінің ерекшеліктерін білу 9.2.2.6 қазақ шеберлерінің қолданбалы өнер ерекшеліктерін білу 9.2.2.7 қазақтардың халық ауыз әдебиеті ерекшеліктерін білу</p>
<p>2.3 Білім және ғылым</p>	<p>7.2.3.1 танымал мәдениеттің тарихи қайраткерлерінің аттарын білу 7.2.3.2 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу</p>	<p>8.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызы туралы түсініктің болуы 8.2.3.2 әл-Фараби және ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы түсініктің болуы 8.2.3.3 М.Х. Дулатидің "Тарихи-Рашиди" еңбегінің тарихи маңызы туралы түсініктің болуы 8.2.3.4 Жәңгір ханның ағарту ісіне қосқан үлесін туралы түсініктің болуы</p>	<p>9.2.3.1 қазақ ағартушылары мен ғалымдарының өмірі мен қызметі туралы айту 9.2.3.2 Ы.Алтынсариннің өмірі мен Қазақстанның ағарту саласын дамытудағы қызметі туралы айту 9.2.3.3 А.Құнанбаевтың қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы ретіндегі өмірі мен қызметі туралы айту 9.2.3.4 ұлы қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы айту 9.2.3.5 А.Байтұрсыновтың қазақ лингвистикасының негізін салушы және қоғам қайраткері ретінде қызметі туралы айту 9.2.3.6 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызы туралы түсініктің болуы</p>

9.2.3.7 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орны туралы түсініктің болуы  
 9.2.3.8 Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж.Көпейұлы, Қ.Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызы туралы түсініктің болуы  
 9.2.3.9 ғарыштың алғашқы ерлері мен негізгі тарихи қайраткерлерді білу

### 3) 3-бөлім "Мемлекеттің дамуы":

#### 3-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	<p>7.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету</p> <p>7.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылу алғышарттары туралы түсініктің болуы</p> <p>7.3.1.3 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуы туралы айту</p> <p>7.3.1.4 мұғалімнің көмегімен картамен жұмыс жасау</p>	<p>8.3.1.1 ежелгі дүние мен ортағасырлардағы тарихи оқиғалар арасында байланыстар орнату</p> <p>8.3.1.2 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын білу</p> <p>8.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ортағасырлық мемлекеттердің атауларын білу және оларды тарихи картадан көрсету</p> <p>8.3.1.4 X-XIII ғасырлардағы мемлекеттердің атауларын білу және оларды тарихи картадан көрсету</p> <p>8.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігі туралы айту</p> <p>8.3.1.6 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу және оларды тарихи картадан көрсету</p> <p>8.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі себептерін білу</p>	<p>9.3.1.1 халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдыруда Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының рөлін білу</p> <p>9.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдары туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.4 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістер туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдары туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының есімдерін білу</p> <p>9.3.1.7 Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларының даталарын білу</p>

		<p>8.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктері туралы түсініктің болуы</p> <p>8.3.1.9 Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын білу</p> <p>8.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлі туралы түсініктің болуы</p> <p>8.3.1.11 танымал сұлтан, би, хан және батырлардың аттарын білу</p>	<p>9.3.1.8 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығы туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.9 Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын білу</p> <p>9.3.1.10 Қазақстан территориясын әлем картасында көрсету</p> <p>9.3.1.11 Қазақстанның тұңғыш президенті – Н.Ә.Назарбаевты тану</p> <p>9.3.1.12 тарихи тақырыптағы әңгімеге қатысу</p>
<p>3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты</p>	<p>7.3.2.1 сақ, сармат тайпаларының халықаралық сахнадағы орны туралы түсініктің болуы</p> <p>7.3.2.2 Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасы туралы түсініктің болуы</p>	<p>8.3.2.1 түркі тілдес тайпалардың миграциясы туралы түсініктің болуы</p> <p>8.3.2.2 Атлақ шайқасының тарихи маңызы туралы мұғалімнің сұрақтары бойынша айту</p> <p>8.3.2.3 Ұлы Түркі қағанатының сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы түсініктің болуы</p> <p>8.3.2.4 Атлақ шайқасының тарихи маңызы туралы айту</p> <p>8.3.2.5 Еуразия тарихында қыпшақтардың орнын анықтау</p> <p>8.3.2.6 Қазақ хандарының сыртқы саясаты туралы түсініктің болуы</p> <p>8.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігі туралы айту</p> <p>8.3.2.8 екінші дүниежүзілік соғысындағы қазақстандық батырлардың аттарын білу</p>	<p>9.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлі туралы айту</p> <p>9.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау</p> <p>9.3.2.3 Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясаты туралы айту</p> <p>9.3.2.4 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуы туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.2.5 Қазақстанмен көршілес елдерді атау</p>

4) 4-бөлім "Экономикалық даму":

4-кесте

Бөлімше	Оқыту мақсаттары		
	7-сынып	8-сынып	9-сынып
4.1 Шаруашылық	<p>7.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау</p> <p>7.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы туралы айту</p> <p>7.4.1.3 отырықшылардың тұрмысы туралы айту</p>	<p>8.4.1.1 көшпелілер мен отырықшылар арасындағы шаруашылық құрылысты ажырату</p> <p>8.4.1.2 көшпенділердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін білу</p> <p>8.4.1.3 отырықшылардың дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін білу</p> <p>8.4.1.4 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау</p> <p>8.4.1.5 күштеп ұжымдастыру туралы түсініктің болуы</p> <p>8.4.1.6 Кеңес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығының дамуы мен өзгерістер туралы түсініктің болуы</p>	<p>9.4.1.1 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсері туралы білу</p> <p>9.4.1.2 жекешелендіру процесі туралы түсініктің болуы</p> <p>9.4.1.3 аграрлық сектордағы модернизациялаудың негізгі бағыттары туралы түсініктің болуы</p>
4.2 Өндірістік қатынастар және сауда	<p>7.4.2.1 ежелгі еңбек құралдары мен қару-жарақ түрлерін сипаттау</p> <p>7.4.2.2 металлургияның дамуының шаруашылық салаларына тигізген ықпалын білу</p> <p>7.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру</p>	<p>8.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау</p> <p>8.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау</p> <p>8.4.2.3 Қазақстандағы индустриаландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін білу</p> <p>8.4.2.4 соғыс кезіндегі Қазақстан экономикасы туралы айту</p> <p>8.4.2.5 өнеркәсіптің дамуы туралы айту</p> <p>8.4.2.6 картада Ұлы Жібек жолының қалаларын көрсету</p>	<p>9.4.2.1 капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына ықпалын анықтау</p> <p>9.4.2.2 сауда қатынастарына жәрмеңкелердің дамуына байланысты өзгерістерді анықтау</p> <p>9.4.2.3 сыртқы сауданың экономикаға әсері туралы түсініктің болуы</p> <p>9.4.2.4 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуі туралы түсініктің болуы</p>

34. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына

сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

35. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Ескерту. Қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-9 сыныптар үшін "Қазақстан тарихы" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1) 7-сынып:

1-кесте

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	7.1.1.1 тарихи дереккөздердің негізгі түрлерін ажырата білу 7.1.1.2 тарихи дәуірлер туралы түсініктің болуы 7.1.1.3 ежелгі тайпалар туралы айту
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	7.1.2.1 ежелгі заманда әлеуметтік топтардың қалыптасуы туралы сұрақтарға жауап бере отыра айту
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	7.2.1.1 алғашқы адамдардың наным-сенімдері туралы айту
	2.2 Өнер мен әдебиет	7.2.2.1 ежелгінің заттары, оқиғалары және тарихи кейіпкерлерін көрнекілікке сүйене отырып сипаттау 7.2.2.3 археологиялық деректерге сүйене отырып, Андронов мәдениетінің белгілерін анықтау

		7.2.2.8 археологиялық ескерткіштер туралы түсініктің болуы
2-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1. Этникалық қатынастар	7.1.1.4 көрнекілікке сүйене отырып ежелгі адамдардың тұрмыс заттарын сипаттау 7.1.1.5 алғашқы адамдардың антропологиясын суреттеу 7.1.1.6 тарихи картада ғұндардың қоныс аудару бағытын көрсету
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	7.1.2.2 алғашқы адамдардың өмірі мен тұрмысы туралы сұрақтарға жауап бере отыра шығармашылық формада (әңгіме, сурет, қойылым, макет) айту
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	7.2.1.2 ежелгі тайпалардың дүниетанымын мұғалімнің сұрақтары бойынша сипаттау
	2.2 Өнер мен әдебиет	7.2.2.2 археологиялық ескерткіштер туралы жоспар бойынша айту 7.2.2.7 көшпенділердің әлемдік өркениетке қосқан үлесі туралы шағын әңгіме құрастыру
	2.3 Білім және ғылым	7.2.3.2 қазақстандық ғалымдардың археологиялық жаңалықтарын білу
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	7.4.1.1 ежелгі адамдардың алғашқы кәсібін сипаттау
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	7.4.2.1 ежелгі еңбек құралдары мен қару-жарак түрлерін сипаттау
3-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1. Этникалық қатынастар	7.1.1.7 "уақыт таспасы" туралы түсініктің болуы 7.1.1.8 түркі тайпаларын атау және картада олардың орналасуын көрсету
	1.2. Әлеуметтік қатынастар	7.1.2.3 өмір салтының кәсіптер, сауда-саттық пен мәдениетке әсері туралы жоспар бойынша айту 7.1.2.4 ортағасырлардағы әлеуметтік топтардың өмірінің ерекшеліктері туралы білу
	2.1 Дүниетаным мен дін	7.2.1.3 Қазақстан территориясындағы көне діни ғимараттарды атау

2. Мәдениеттің дамуы	2.2 Өнер мен әдебиет	7.2.2.4 ежелгі тайпалардың қолданбалы өнер ерекшеліктерін сипаттау 7.2.2.5 "Алтын адам" жәдігерін өнер туындысы ретінде сипаттау
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	7.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету 7.3.1.2 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылу алғышарттары туралы түсініктің болуы
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	7.3.2.1 сақ, сармат тайпаларының халықаралық сахнадағы орны туралы түсініктің болуы
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	7.4.1.2 көшпелі мал шаруашылығы туралы айту
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	7.4.2.2 металлургияның дамуының шаруашылық салаларына тигізген ықпалын білу
4-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1. Этникалық қатынастар	7.1.1.9 мұғалімнің ежелгі Қазақстан тұрғындары туралы сұрақтары бойынша әңгіме құрастыру 7.1.1.10 орта ғасырлардағы Қазақстан тұрғындары туралы айту
	1.2. Әлеуметтік қатынастар	7.1.2.5 ортағасырлық адамдардың өмірі мен тұрмысы туралы сұрақтарға жауап бере отыра шығармашылық формада (әңгіме, сурет, қойылым, макет) айту
2. Мәдениеттің дамуы	2.2 Өнер мен әдебиет	7.2.2.7 күй, аңыз, шежіре және эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығы туралы түсініктің болуы 7.2.2.6 көшпенділердің әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсіну
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	7.3.1.3 ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің қалыптасуы туралы айту 7.3.1.4 мұғалімнің көмегімен картамен жұмыс жасау
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	7.3.2.2 Қазақстан территориясындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің көрші елдермен қарым-қатынасы туралы түсініктің болуы
	4.1. Шаруашылық	7.4.1.3 отырықшылардың тұрмысы туралы айту

4. Экономикалық даму	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	7.4.2.3 Ұлы Жібек жолының пайда болуын түсіндіру
----------------------	---------------------------------------	--

2) 8-сынып:

2-кесте

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	8.1.1.1 тарихи дереккөздердің негізгі түрлерін білу 8.1.1.2 тарихи дәуірлердің атауларын білу
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	8.1.2.1 қазақ хандары, билері мен батырларының өмірінің ерекшеліктерін сипаттау 8.1.2.2 Қазақ хандығының өкілдерін атау
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	8.2.1.1 түркілердің дүниетанымдық ерекшеліктерін білу
	2.2 Өнер мен әдебиет	8.2.2.1 мұғалімнің сұрақтары бойынша ортағасырлық сәулет өнері ескерткіштерінің ерекшеліктері туралы айту 8.2.2.2 "Алтын адам" жәдігерін өнер туындысы ретінде жоспар бойынша сипаттау
	2.3 Білім мен ғылым	8.2.3.1 көне түркі жазуының тарихи маңызы туралы түсініктің болуы
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	8.3.1.1 ежелгі дүние мен ортағасырлардағы тарихи оқиғалар арасында байланыстар орнату 8.3.1.2 оқиғалардың өзара байланысын табу арқылы Түрік қағанаты құрылуының тарихи маңызын білу
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	8.3.2.1 түркі тілдес тайпалардың миграциясы туралы түсініктің болуы 8.3.2.2 Атлах шайқасының тарихи маңызы туралы мұғалімнің сұрақтары бойынша айту
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	8.4.1.1 көшпенділер мен отырықшылар арасындағы шаруашылық құрылысты ажырату
		8.4.2.1 Ұлы Жібек жолының қала мәдениетінің дамуына әсерін анықтау



	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	8.4.2.2 Ұлы Жібек жолының халықаралық қатынастардың дамуындағы орнын анықтау
2-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	8.1.1.3 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның негізгі тайпаларын атау 8.1.1.4 картада әртүрлі тайпалардың орналасуын көрсету 8.1.1.5 Қазақстанның ортағасырлық қалаларының атауларын білу
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	8.1.2.3 Қазақ хандығындағы әртүрлі әлеуметтік топтардың өмірі мен тұрмыс ерекшеліктерін сипаттау
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	8.2.1.2 ислам дінінің қоғамдық өмірге ықпалы туралы түсініктің болуы
	2.2 Өнер мен әдебиет	8.2.2.3 көшпенділердің әскери өнерінің жетістіктері туралы түсініктің болуы 8.2.2.4 түркі кезеңіндегі қоғамды бейнелеуде Махмұд Қашғари, Жүсіп Баласағұни және Ахмет Яссауи еңбектерінің тарихи құндылығы туралы түсініктің болуы
	2.3 Білім мен ғылым	8.2.3.2 әл-Фараби және ғалымдардың ортағасырлық ғылымның дамуына қосқан үлесі туралы түсініктің болуы
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	8.3.1.3 Қазақстан территориясындағы ортағасырлық мемлекеттердің атауларын білу және оларды тарихи картадан көрсету 8.3.1.4 X-XIII ғасырлардағы мемлекеттердің атауларын білу және оларды тарихи картадан көрсету 8.3.1.5 Отырарды қорғаудағы қала халқының ерлігі туралы айту
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	8.3.2.3 Ұлы Түркі қағанатының сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы түсініктің болуы 8.3.2.4 Атлах шайқасының тарихи маңызы туралы айту

4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	8.4.1.2 көшпенділердің дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін білу 8.4.1.3 отырықшылардың дәстүрлі шаруашылығының ерекшеліктерін білу
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	8.4.2.6 картада Ұлы Жібек жолының қалаларын көрсету
3-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	8.1.1.7 қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдерін анықтау
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	8.1.2.4 қазақ қоғамында билердің рөлі туралы білу 8.1.2.5 қазақ зиялыларының қалыптасуының маңызын білу
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	8.2.1.3 Қазақстан территориясындағы көне діни ғимараттарды білу
	2.2 Өнер мен әдебиет	8.2.2.5 көшпенділердің қолданбалы өнер жетістіктерін сипаттау
	2.3 Білім мен ғылым	8.2.3.3 М.Х. Дулатидің "Тарихи-Рашиди" еңбегінің тарихи маңызы туралы түсініктің болуы
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	8.3.1.6 XIII-XV ғасырлардағы мемлекеттерді білу және оларды тарихи картадан көрсету 8.3.1.7 ортағасырлық мемлекеттердің ыдырауының негізгі себептерін білу 8.3.1.10 қазақ хандарының мемлекетті нығайтудағы рөлі туралы түсініктің болуы
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	8.3.2.5 Еуразия тарихында қыпшақтардың орнын анықтау 8.3.2.6 Қазақ хандарының сыртқы саясаты туралы түсініктің болуы
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	8.4.1.4 жоңғар шапқыншылығының қазақ халқының шаруашылығына тигізген зардаптарын анықтау 8.4.1.5 күштеп ұжымдастыру туралы түсініктің болуы
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	8.4.2.3 Қазақстандағы индустрияландырудың жетістіктері мен кемшіліктерін білу 8.4.2.4 соғыс кезіндегі Қазақстан экономикасы туралы айту

4-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	8.1.1.8 "қазақ" этнонимінің мағынасын түсіндіру 8.1.1.9 тарихи оқиғалардың реттілігі мен ұзақтығын даталар бойынша анықтау, "уақыт таспасын" пайдалану
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	8.1.2.6 әртүрлі әлеуметтік топтардың қалыптасуы туралы түсініктің болуы
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	8.2.1.4 Қазақстан территориясындағы көне діни ғимараттарды картадан көрсету
	2.2 Өнер мен әдебиет	8.2.2.6 күй, аңыз, шежіре және эпостық жырлардың тарихи дереккөз бөлігі ретіндегі маңыздылығы туралы айту
	2.3 Білім мен ғылым	8.2.3.4 Жәңгір ханның ағарту ісіне қосқан үлесін туралы түсініктің болуы
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	8.3.1.8 Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің басқару жүйесінің ерекшеліктері туралы түсініктің болуы 8.3.1.9 Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызын білу
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	8.3.2.7 Орбұлақ шайқасындағы қазақ жасағының әскери өнердегі шеберлігі мен ерлігі туралы айту 8.3.2.8 екінші дүниежүзілік соғысындағы қазақстандық батырлардың аттарын білу
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	8.4.1.6 Кенес үкіметі кезіндегі ауыл шаруашылығының дамуы мен өзгерістер туралы түсініктің болуы
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	8.4.2.5 өнеркәсіптің дамуы туралы айту

### 3) 9-сынып:

#### 3-кесте

Бөлім	Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	9.1.1.1 тарихи дереккөздердің негізгі түрлерін білу 9.1.1.2 тарихи дәуірлерді ажырата білу
		9.1.2.1 дәстүрлі казак қоғамындағы өзгерістерді өткен

	1.2 Әлеуметтік қатынастар	тарихи кезеңдермен салыстыру арқылы анықтау 9.1.2.2 әртүрлі әлеуметтік топтарды ажырата білу
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	9.2.1.1 Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының құндылықтарын сипаттау
	2.2 Өнер мен әдебиет	9.2.2.1 тарихи материалды құрастырылған жоспар бойынша айту 9.2.2.2 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындылары туралы құнды тарихи дереккөз ретінде түсініктің болуы
	2.3 Білім мен ғылым	9.2.3.1 қазақ ағартушылары мен ғалымдарының өмірі мен қызметі туралы айту 9.2.3.2 Ы.Алтынсариннің өмірі мен Қазақстанның ағарту саласын дамытудағы қызметі туралы айту
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	9.3.1.1 халықты жоңғар басқыншылығына қарсы жұмылдыруда Қарақұм және Ордабасы құрылтайларының рөлін білу 9.3.1.2 Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы туралы түсініктің болуы 9.3.1.10 Қазақстан территориясын әлем картасында көрсету
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	9.3.2.1 Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте танылған хандар мен батырлардың рөлі туралы айту
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	9.4.1.1 қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы туралы айту
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	9.4.2.1 капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына ықпалын анықтау
2-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	9.1.1.3 ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның негізгі тайпаларын ажырата білу 9.1.1.4 жоңғар шапқыншылығы кезіндегі демографиялық өзгерістер және миграциялық процестер туралы түсініктің болуы
		9.1.2.3 көрнекіліктерге негізделе отыра тарихи тұлғаларды сипаттау

	1.2 Әлеуметтік қатынастар	9.1.2.4 соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік жағдайын сипаттау
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	9.2.1.2 Қазақстан халықтарының негізгі мейрамдарын білу
	2.2 Өнер мен әдебиет	9.2.2.4 ұлттық музыкалық аспаптардың қолдану ерекшеліктеріне қарай білу 9.2.2.5 қазақтардың ұлттық киім үлгілерінің ерекшеліктерін білу
	2.3 Білім мен ғылым	9.2.3.3 А.Құнанбаевтың қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы ретіндегі өмірі мен қызметі туралы айту 9.2.3.4 ұлы қазақ ғалымы Ш.Уәлихановтың өмірі мен қызметі туралы айту
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	9.3.1.3 Ресей империясының отарлық саясатының себеп-салдары туралы түсініктің болуы 9.3.1.4 патша үкіметі реформалары нәтижесіндегі әкімшілік-аумақтық өзгерістер туралы түсініктің болуы
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	9.3.2.2 Қазақ хандығының сыртқы саясатының нәтижелерін анықтау
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	9.4.1.2 отарлау саясатының қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына тигізген әсері туралы білу
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	9.4.2.2 сауда қатынастарына дамуына байланысты жәрмеңкелердің өзгерістерді анықтау
3-тоқсан		
1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	9.1.1.5 демографиялық өзгерістердің себебі мен салдарын анықтау 9.1.1.6 Ресей империясының қоныстандыру саясатының себептері мен салдарларын білу
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	9.1.2.5 әскери қолбасшылар мен майдан ерлерінің суреттерін сипаттау описывать портреты 9.1.2.6 майдан мен еңбек ерлері туралы әдеби шығармалардан мысалдар келтіру 9.1.2.7 соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік жағдайды сипаттау

2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	9.2.1.3 ресми діни ұйымдардың қызметі туралы түсініктің болуы; 9.2.1.4 Қазақстан халқы Ассамблеясының дінаралық, этносаралық келісім мен ішкі тұрақтылықты нығайтудағы ықпалы туралы түсініктің болуы
	2.2 Өнер мен әдебиет	9.2.2.3 А. Құнанбаевтың ақын, ойшыл, қоғам қайраткері ретіндегі рөлін түсініп, білу 9.2.2.6 қазақ шеберлерінің қолданбалы өнер ерекшеліктерін білу
	2.3 Білім мен ғылым	9.2.3.5 А. Байтұрсыновтың қазақ лингвистикасының негізін салушы және қоғам қайраткері ретінде қызметі туралы айту 9.2.3.6 соғыс жылдарындағы өнер мен әдебиеттің халық рухын көтерудегі маңызы туралы түсініктің болуы 9.2.3.7 Мұхтар Әуезов шығармаларының әлем әдебиетіндегі орны туралы түсініктің болуы
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	9.3.1.5 халықтың отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің себеп-салдары туралы түсініктің болуы 9.3.1.6 ұлт-азаттық көтеріліс басшыларының есімдерін білу 9.3.1.7 Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларының даталарын білу 9.3.1.11 Қазақстанның тұңғыш президенті – Н.Ә.Назарбаевты тану
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	9.3.2.3 Абылай ханның дипломатиялық шеберлігі мен саясаты туралы айту 9.3.2.4 Қазақстан Республикасының халықаралық сахнадағы танылуы туралы түсініктің болуы
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	9.4.1.3 жекешелендіру процесі туралы түсініктің болуы
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	9.4.2.3 сыртқы сауданың экономикаға әсері туралы түсініктің болуы
4-тоқсан		

1. Әлеуметтік қатынастардың дамуы	1.1 Этникалық қатынастар	9.1.1.7 зерттелетін нысандар мен оқиғаларды тарихи картада табу және көрсету 9.1.1.8 негізгі тарихи түсініктер туралы түсініктің болуы
	1.2 Әлеуметтік қатынастар	9.1.2.8 кеңестік кезеңдегі әлеуметтік топтарды сипаттау 9.1.2.6 қазіргі Қазақстандағы әлеуметтік топтарды сипаттау
2. Мәдениеттің дамуы	2.1 Дүниетаным мен дін	9.2.1.5 "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының маңыздылығы туралы түсініктің болуы
	2.2 Өнер мен әдебиет	9.2.2.7 қазақтардың халық ауыз әдебиеті ерекшеліктерін білу
	2.3 Білім мен ғылым	9.2.3.8 Ш. Құдайбердіұлы, М.Ж. Көпейұлы, Қ. Халид еңбектерінің тарихи дерек ретіндегі маңызы туралы түсініктің болуы 9.2.3.9 ғарыштың алғашқы ерлері мен негізгі тарихи қайраткерлерді білу
3. Мемлекеттің дамуы	3.1 Мемлекеттің ішкі саясаты	9.3.1.8 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының тарихи маңыздылығы туралы түсініктің болуы 9.3.1.9 Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануының тарихи маңызын білу 9.3.1.12 тарихи тақырыптағы әңгімеге қатысу
	3.2 Мемлекеттің сыртқы саясаты	9.3.2.5 Қазақстанмен көршілес елдерді атау
4. Экономикалық даму	4.1 Шаруашылық	9.4.1.4 аграрлық сектордағы модернизациялаудың негізгі бағыттары туралы түсініктің болуы
	4.2. Өндірістік қатынастар және сауда	9.4.2.4 Қазақстанның әлемдік экономикаға кірігуі туралы түсініктің болуы

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 524-қосымша

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптар үшін "Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 8-10 сыныптар үшін "Қоғам және құқық" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Қоғам және құқық" оқу пәнінің мақсаты – зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың әлеуметтік бейімделуі үшін олардың құқықтық сауаттылығын көтеру, мемлекет заңдары мен қоғам нормаларын құрметтеу жолымен жағдайлар құру, өзінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Пәннің міндеттері:

1) қазақстандық құқық салаларының негізгі түсініктері жайлы білімдерді қалыптастыру;

2) қарапайым құқықтық және әлеуметтік құндылықтар жүйесі туралы білімдерін қалыптастыру: адам құқықтары, демократия, азаматтық қоғам, заңдылық пен құқықтық тәртіп;

3) оқу және практикалық әрекетте құқықтық ақпаратты қолдану біліктерін қалыптастыру;

4) сәйкес тәртіп нысандары заңы және қалыпты өмірлік жағдайлардағы әрекеттерді таңдау кезінде құқықтық білімдер мен дағдыларды қолдану біліктерін қалыптастыру;

5) қоғамда қабылданған жалпы адамгершілік рухани-этикалық және құқықтық нормаларды меңгеру негізінде әлеуметтік тәртіпті қалыптастыру;

6) қоғамда қабылданған жалпы адамгершілік рухани-этикалық және құқықтық нормаларды меңгеру негізінде әлеуметтік тәртібін түзету.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Берілген пән бойынша оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогика принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады:

1) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың дамуы және дайындық деңгейі мен ерекшеліктеріне білім беру жүйесінің бейімделу принципі;



2) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы олардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқу әрекетінің арнайы әдістері және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағыттылығы тұлғаның әлеуметтік бейімсіздігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Әлеуметтік өмірге қатысуға қажетті тәртіп нормалары, өмірлік дағдыларды зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың меңгеруі бойынша арнайы жұмыс қарастырылады;

4) білім берудегі әрекеттік тәсіл зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды тұлғалық тұрғыдан дамуы ерекшелігіне байланысты білім беру құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашатын психология ғылымының теориялық ережелеріне негізделеді. Зияты жеңіл түрде зақымдалған тұлғаны дамыту қолжетімді әрекетті (пәндік-тәжірибелік және оқу) ұйымдастыру сипатымен анықталатындығын мойындауға құрылады;

5) оқытудың тәжірибелік бағыты зерттелетін материал мен білім алушылардың тәжірибелік әрекеті арасында тығыз байланыс орнату, тәжірибелік-бағыттық тапсырмаларды шешуге арналған бастапқы мәнге ие білім мен біліктерді қалыптастыруды ұсынады;

6) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға саралау және жекелеу тәсілі олардың бағдарлама мазмұнын игеру мүмкіндіктерінің біртекті еместігі, оқу материалдарын игеру кезінде көрінетін және алынған білім, дағды мен біліктер сапасына ықпал ететін вариативті типологиялық ерекшеліктердің болуымен олардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескеруді болжайды. Білім беру процесі педагог білім алушылардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу материалының мазмұнын таңдайтын 4 типологиялық топ (В.В. Воронкова бойынша) негізінде жүзеге асады. Оқу жұмысының қарқыны, зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушының дербестік дәрежесі, оқыту әдістері мен тәсілдері түрленеді. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы. Саралау тәсілі оқытуды жекешелендірумен толықтырылады;

7) оқу-танымдық және практикалық әрекетке арнайы педагогикалық басшылық ету қажеттілігі төменгі танымдық белсенділігі және ойлау қызметінің талдау және жалпылау әлсіздігіне байланысты. Педагог зияты зақымдалған білім алушының жалпы даму заңдылықтарын, сыныптың әрбір білім алушысының танымдық мүмкіндіктері мен оқытудың арнайы әдістемесін біле отырып білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін ұйымдастырады және бағыттайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқу материалын меңгеру нәтижелерін бағалау нормалары бағдарламада көрсетілген мақсатты тұжырымға негізделген және білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастыру кезінде бірыңғай тәсілдерді іске асыруға бағытталған.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау ішкі бағалау тәсілдерімен жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін сабақтарда мұғалім білім беру процесі барысында бағалайды. Педагог жүйелі түрде бақылаушы бағалау әрекетін атқарады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту нәтижелілігін бағалау ағымдағы (әр сабақтың), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде болады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Ағымдағы бақылау білім алушының әрекетін сабақта бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарын талдау, әрекеттің ұжымдық түрлері көмегімен жүзеге асады. Әр сабақтық бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог қолданатын оқыту мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бақылау ынталандырушы және білім алушыларға қатысты тәрбиелеуші сипатқа ие.

9. Мерзімді бақылау бағдарлама тақырыбы мен бөлімін зерделеп болған соң жүргізіледі. Оның нәтижелері білім алушылардың оқу жетістіктерінің карталарында курс тақырыптары бойынша көрсетіледі.

10. Қорытынды бақылау жарты жылдық пен жылдың соңында болады. Оқу жылы ағымында бақыланып, білім алушылардың жетістіктерінің жиынтық картасында тіркелетін сыныптың әрбір білім алушысының даму динамикасы мен табыстылығы педагогпен талданады.

11. Бағалаудың көмегімен педагог арқылы алынатын ақпарат дағдылар мен біліктерді меңгеру барысында туындайтын қиындықтарға уақытылы және дұрыс әрекеттесуге мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмектің мазмұны мен тәсілдерін негізді түрде анықтайды.

12. "Қоғам және құқық" пәнін оқу кезінде курстың практикалық бағыттылығын күшейту маңызды. Оқу материалының көп бөлігін рөлдік ойындар арқылы саналы түрде меңгеру және бекіту, практикалық тапсырмаларды (стандартты бланктерді толтыру, арыздар, өтініштер, қолхаттар, өтінішхаттар, хаттар жазу) орындау, мәселесі бар тапсырмаларды шешу, өмірдегі тақырыптық жағдаяттар, әр түрлі мемлекеттік мекемелер мен халыққа қызмет көрсету орталықтарына барудағы қалыпты жағдаяттары талқылау үшін беріледі. Берілетін жағдаяттар бастапқыда сыныпта, одан кейін әлеуметтік орта объектілерінде орындалатын кезеңдік әрекеттер бағдарламасын береді.

13. Құқық қорғау органдары, түрлі әлеуметтік қызметтер және әкімшілік органдарының өкілдерімен кездесу сабақтары жоспарланады. Бұндай жағдай білім алушылардың бойында білім, білік, құнды бағдарлар мен қоғамдық нормаларға негізделген қажетті әлеуметтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпалдасады.

14. Әртүрлі әлеуметтік міндеттерді жүзеге асыруға қатысты білім алушылардың бойында прогностикалық дайындықты қалыптастыруға бағытталған жаттығуларды оқыту барысында қосу. Зияты зақымдалған білім алушыларға мүмкіндіктеріне қарай өзінің қалауы, істері мен әрекеттерінің салдарын болжауға оқыту қажет болып табылады. Түрлі практикалық жағдаяттарды сыныпта модельдеу барысында болжау ("егер мен тиянақты, нақты және анық сөйлесем, онда ...", "егер мен лас болсам, не айтуды білмесем, онда ...", "егер мен ақша алсам, оны тез жұмсасам, онда ...") бойынша жаттығуларды қосылады. Осындай тәсілдер зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға өз қалауының салдарын түсініп, өзінің әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінуге ықпалдасады.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Педагогикалық тәсілдерді жүзеге асыру оқытудың әр түрлі стратегияларын қолдануды қарастырады:

- 1) мұғалім мен білім алушы арасындағы сенім ахуалын құру;
- 2) әр білім алушының пікірін тыңдау;
- 3) білім алушылардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес мұқият жинақталған тапсырмалар мен әрекет түрлерінің көмегімен ынталандырушы және дамытушы оқыту;
- 4) білім алушыларға түсінікті мысалдар негізінде мәселелерді шешу стратегияларын үлгілеу;
- 5) білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сараланған тапсырмаларды құрастыру;
- 6) білім алушылардың жеке, топтық қызметтері және барлық сынып жұмысын ұйымдастыруды қосады.

16. "Қоғам және құқық" пәнін меңгеру барысында білім алушыларда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту үшін жағдайлар жасалады. "Қоғам және құқық" пәнін оқыту кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

- 1) құқықтық ақпаратты іздеу, оны таңдау және қолданумен байланысты дербес жұмыс дағдыларын дамыту;
- 2) білім алушылардың білімдерін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды қолдану;
- 3) белсенді оқытуды ұйымдастыруды техникалық тұрғыдан қолдау үшін интерактивті тақталарды қолдану;
- 4) электрондық оқулықтарды қолдану;

5) компьютерлік презентациялардың әртүрлі түрлерін қолдана отырып, таңдалған тақырып бойынша шығармашылық жобаларды құруды көздейді.

17. "Қоғам және құқық" пәні бойынша оқыту процесінің мазмұны оқыту мақсаттарының жүйесіне бағынышты және зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың алған білімдері, біліктері мен дағдыларын өздігінен еңбек ету және әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдануға дайындықты қалыптастыруға бағытталған.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. "Қоғам және құқық" пәнін оқу білім алушылардың қоғамда әлеуметтенуі және қоршаған ортамен өзара әрекеттестікке қажет қарапайым құқықтық білімдер мен дағдыларды меңгеруді қамтамасыз етеді.

19. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған "Қоғам және құқық" курсының мазмұнында құрылымы жеңілдетілген, көлемі анағұрлым қысқартылған және білімдер жүйесінің жалпылау деңгейі қарапайым бағдарлама берілген. Сонымен қатар, осы салаға тән білімдердің құрылымдық біртұтастығы сақталады.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

20. "Қоғам және құқық" пәнін меңгеру барысында "Математика", "География", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәндерімен пәнаралық байланыстар орнатылады.

### **3-тарау. "Қоғам және құқық" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

21. "Қоғам және құқық" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 8-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 3) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

22. "Қоғам және құқық" пәні бойынша бағдарламаның оқу материалының құрылымының негізіне білім алушыларға берілетін ақпаратты біртіндеп күрделендіре түсетін сызбалы әдіс енген.

23. "Қоғам және құқық" оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Құқық және мемлекет";
- 2) 2-бөлім "Конституциялық құқық";
- 3) 3-бөлім "Отбасы құқығы";
- 4) 4-бөлім "Еңбек құқығы";
- 5) 5-бөлім "Қылмыстық құқық";
- 6) 6-бөлім "Әкімшілік құқық";
- 7) 7-бөлім "Азаматтық құқық".

24. "Құқық және мемлекет" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) адам және қоғам;
- 2) құқықтық мемлекет және қоғам.

25. "Конституциялық құқық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары;
- 2) мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі.

26. "Отбасы құқығы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) отбасы құқығы түсінігі;
- 2) отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- 3) отбасының қоғамдағы маңызы.

27. "Еңбек құқығы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) еңбек құқығы түсінігі;
- 2) еңбек жағдайлары мен қорғау;
- 3) еңбек шарты.

28. "Қылмыстық құқық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қылмыстық құқық түсінігі;
- 2) қылмыс түсінігі;
- 3) қылмыстық жауапкершілік.

29. "Әкімшілік құқық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) әкімшілік құқық түсінігі;
- 2) әкімшілік жауапкершілік;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу.

30. "Азаматтық құқық" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) азаматтық құқық түсінігі;
- 2) меншік құқығы;
- 3) азаматтық құқықтағы міндеттемелер және жауапкершілік;
- 4) тұтынушылардың құқығын қорғау.

31. 8-сыныпқа арналған "Қоғам және құқық" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) құқық және мемлекет – Адам және қоғам: қоғам ортақ өмір мен әрекеттердің белгілі бір түрлерімен біріктірілген адамдар қауымдастығы ретінде; неліктен қоғам арнайы ережелерге мұқтаж; ережелердің қоғам өміріндегі рөлі; қоғам өмірінің салалары; қоғамдық қатынастар; әлеуметтік нормалар – адамдардың қоғамда тәртіп ережелері; негізгі әлеуметтік нормалар: мораль, құқық, тыйымдар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар; мораль, адамгершілік; жалпыадамзаттық құндылықтар; жақсылық пен жамандық, ақиқат пен жалған түсініктері; өмір – ең үлкен құндылық; моралды талаптар мен адамдардың мінез-құлығы; сыпайылық ережелері; қоғамдағы адам;

2) құқықтық мемлекет және қоғам: "мемлекет" деген не; азамат ұғымы; Біздің Отан – Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері; мемлекет пен құқықтың өзара байланысы; басқа қоғамдық бірлестіктерден мемлекетті айыратын белгілер; құқық және заң; құқықтың қайнаркөздері; заңнамалық билік; Қазақстан Республикасында заңдар қалай қабылданады; құқық жүйесі; құқық салалары: мемлекеттік құқық, конституциялық құқық, азаматтық құқық, еңбек құқығы, отбасы

құқығы, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық; халықаралық құқық; Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Бала құқықтары туралы Конвенция; адамның бостандығы мен жауапкершілігінің шарасы ретінде "құқық" ұғымы; қоғам мен мемлекет өмірінде құқықтың рөлі;

3) конституциялық құқық: Қазақстан Республикасының Конституциясы – негізгі заңы; Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау тарихы; Қазақстан Республикасының Конституциясының құрылымы; Қазақстан Республикасының заңнамалық билік органдары: Парламент, Сенат, Мәжіліс; олардың құрамы, сайлануы, өкілеттілігі; сот билігі; Қазақстан Республикасының сот билігінің құрылымы мен өкілеттілігі; Прокуратура және құқық қорғау органдары; жергілікті атқарушы органдар; Қазақстан Республикасының Президенті, оның мемлекет билігі жүйесіндегі рөлі мен орны; тұлғаның ажырамас құқықтары: өмір сүру, жеке басқа қол сұқпаушылық пен ар-намыс құқығы; адамның әлеуметтік құқықтары; тұрғын үй құқықтары; медициналық қызметке құқығы; демалуға құқығы; саяси құқықтар мен бостандықтар; діни нанымдар және олардың заманауи әлемдегі орны; ар-намыс бостандығы; білім алу құқығы; мәдени құндылықтарға қолжетімділік құқығы; Қазақстан Республикасының азаматтығы; азаматтардың негізгі міндеттемелері.

32. 9-сыныпқа арналған "Қоғам және құқық" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) отбасы құқығы: отбасы құқығының негіздері; адам өмірі және қоғамда отбасының рөлі; отбасы құрамы, отбасындағы рөлдік қарым-қатынастар; отбасында әке мен ананың рөлі; отбасы мүшелерінің жауапкершілігі; үй шаруашылығы; ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері; ата-аналардың құқықтары мен міндеттері; Бала құқықтары мен міндеттері туралы Конвенция;

2) еңбек құқығы: еңбек құқығы негіздері; еңбек және еңбек қатынастары; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; еңбекке құқығы; Жеке еңбек шарты; қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары және міндеттері; жұмыс уақыты және демалыс уақыты; еңбекақыны төлеу; кепілдіктер мен өтемақылар; еңбекті қорғау; еңбек тәртібі; қызметкерлердің тәртіптік және материалдық жауапкершілігі; еңбек даулары – шешу жолдары; еңбек даулары бойынша комиссия; еңбек шартын тоқтату және бұзу негіздемесі; кәмелеттік жасқа жетпегендердің еңбек ерекшеліктері;

3) қылмыстық құқық: қылмыстық құқық түсінігі; тағайындалу, қайнаркөздер мен қағидалар; қылмыс ұғымы; қылмыс санаттары мен түрлері; қылмысқа араласқаны және қатысқаны үшін жауапкершілік; қылмыстық жауапкершілікке тарту кезеңдері; қылмыстық жаза, оның түрлері; мәжбүрлеу шаралары; қылмыстық жауапкершілік пен жазадан босату; кәмелетке толмағандардың жауапкершілігі; жазаны ауырлататын және жеңілдететін жағдайлар; елдегі құқық қорғау органдары.

33. 10-сыныпқа арналған "Қоғам және құқық" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) әкімшілік құқық: әкімшілік құқық ұғымы және қайнаркөздері; әкімшілік құқықтық қатынастарының субъектілері; әкімшілік реттеу әдістері; әкімшілік құқық

бұзушылық белгілері мен түрлері; әкімшілік жаза; атқарушы билік; жергілікті өкілдік органдары: жүйе, құрылымы, міндеттері, сайлау тәртібі; мемлекеттік қызмет;

2) азаматтық құқық: азаматтық құқық ұғымы; азаматтық құқық жүйесі, жалпы және ерекше бөлімдері; меншік және мүліктік қатынастар; меншік иесі болу деген не; мүліктік қатынастарды заңмен реттеу; азаматтардың меншік құқықтарын қорғау; кәмелетке толмағандардың мүліктік құқықтары мен жауапкершілігі; зияткерлік меншік құқығы; мұрагерлік құқығы.

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

34. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдану қолайлығы үшін кодтар берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші – бөлімді, үшінші сан – бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін білдіреді. Мысалы, 8.2.1.4 кодында: "8" – сынып, "2" – бөлім, "2.1" – бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі.

35. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Құқық және мемлекет":

1-кесте

8-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары
1.1 Адам және қоғам	<p>8.1.1.1 "қоғам" ұғымы туралы қарапайым деңгейде айту</p> <p>8.1.1.2 ережелер не үшін керек екендігі туралы қарапайым деңгейде түсіндіру</p> <p>8.1.1.3 адамдардың қоғамда тәртіп ережелері туралы айту</p> <p>8.1.1.4 адам өмірінде құқықтың рөлі туралы түсініктің болуы</p> <p>8.1.1.5 қоғамның әлеуметтік нормалары (тыйымдар, салт-дәстүрлер, мораль, этикет) туралы педагогтың көмегімен айтып, белгілеу</p> <p>8.1.1.6 қоғамда қалыптасқан сыпайылық пен мінез-құлық ережелерін (көлікте қарттарға орын беру, яғни мораль қарттар мен ауруларға күтім жасауды белгілейді) мысалдар арқылы түсіндіру</p> <p>8.1.1.7 өзінің әрекеттері үшін жеке жауапкершілік туралы білу</p> <p>8.1.1.8 жақсылық пен жамандық, ақиқат пен жалған түсініктері ажырата білу</p> <p>8.1.1.9 жалпыадамзаттық құндылықтардың мағынасын түсіну</p> <p>8.1.1.10 этикет пен сыпайылықтың негізгі ережелерін қолдану</p> <p>8.1.1.11 қоғамда қалыптасқан негізгі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды білу</p>
	8.1.2.1 мемлекеттік рәміздердің атауларын білу және оларды ажырату

## 1.2 Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам

8.1.2.2 "қоғам" ұғымы туралы өз түсініктерін қарапайым сөздермен түсіндіру

8.1.2.3 "мемлекет" ұғымы және мемлекетті анықтайтын белгілер туралы түсініктерінің болуы

8.1.2.4 мемлекеттің сыртқы қызметтерін (ел қорғанысы, сыртқы саяси қызметтер, халықаралық ынтымақтастық) білу

8.1.2.5 мемлекеттің ішкі қызметтерін (адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, тәртіп құқығын қамтамасыз ету) білу

8.1.2.6 құқықтық мемлекеттің негізгі белгілерін (заң алдында барлығының теңдігі, мемлекет пен тұлғаның жауапкершілігі) білу

8.1.2.7 құқықтың қалыптасу негізі (құқықтың қайнаркөздері) туралы білу

8.1.2.8 құқық салаларын атап шығу

8.1.2.9 құқық қорғау органдарын педагогтың көмегімен атау және олардың қызметтерін сипаттау

8.1.2.10 Бала құқықтары туралы Конвенцияның мазмұны туралы жалпы түсінігінің болуы

8.1.2.11 өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, балалардың өмірін жақсартуға бағытталған негізгі мемлекеттік минималды әлеуметтік стандарттарды сақтау (тегін медициналық көмек көрсету; дене және психикалық күштеуден қорғау; қажетті өмір деңгейі; ата-аналардан қажетті көмекті алу) туралы түсініктің болуы

8.1.2.12 азаматтар алдындағы мемлекеттің жауапкершілігі туралы өз түсінігін қарапайым сөздермен түсіндіру

8.1.2.13 адам мен азаматтың негізгі құқықтары және бостандықтары (белгілі бір әрекеттерді жасау мүмкіндігі, өз қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін нақты құқықтарды қолдану) туралы түсініктің болуы

8.1.2.14 "адам құқықтары" мен "азамат құқықтары" түсінігінің қарапайым деңгейін ажырату және түсіндіру

8.1.2.15 адамның жеке құқықтарын атау: өмір сүруге құқығы, жеке бостандығына құқығы, тұрғын үйге қол сұқпаушылық, орын ауыстыру және тұрғылықты жерін таңдау құқығы

8.1.2.16 азамат құқығы туралы (мемлекет істерін басқаруға қатысу құқығы, сайлау және мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлану құқығы; референдумға қатысу құқығы; мемлекеттік қызметке тең қолжетімділік құқығы) айту

8.1.2.17 Қазақстан Республикасы азаматтығын алу үшін қандай органдарға жүгіну керек екендігін білуі

8.1.2.18 табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын ескерту мен жоюға қандай ұйымдар жауап беретінін айту



8.1.2.19 халыққа жедел медициналық және психологиялық көмекті қандай ұйымдар көрсететінін атау  
 8.1.2.20 төтенше жағдайда қандай ұйымдар көмек көрсететінін атау  
 8.1.2.21 өрт сөндіру қызметін қандай ұйымдар қамтамасыз ететіні туралы түсінігінің болуы

## 2) 2-бөлім "Конституциялық құқық":

### 2-кесте

8-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
<p>2.1 Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары</p>	<p>8.2.1.1 бостандық ұғымы туралы қарапайым деңгейде айту        8.2.1.2 азамат ретінде өз құқықтарын атап өту        8.2.1.3 медициналық қызметке өз құқықтарын білу        8.2.1.4 білім алуға өз құқықтарын білу        8.2.1.5 әлеуметтік қамтамасыз етуге өз құқықтарын білу        8.2.1.6 Қазақстанда бар негізгі діни конфессияларды атау        8.2.1.7 әлеуметтік құқықтарына қысым жасалған кезде жүгінуге болатын ұйымдардың атауларын білу        8.2.1.8 мемлекеттік органдарға жүгіну рәсімін білу</p>
<p>2.2 Мемлекеттік органдардың конституциялық жүйесі        1)</p>	<p>2)8.2.2.1 Қазақстан Республикасы Конституциясы туралы түсінігінің болуы        3)8.2.2.2 Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданған күнін білу        4)8.2.2.3 конституциялық құқық қайнаркөздерін (Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары) білу        5)8.2.2.4 адамның негізгі конституциялық құқықтарын атау: өмір сүру, бостандық пен жеке басқа қол сұқпаушылық құқығы        6)8.2.2.5 әрбір азамат адам, әр адам азамат екенін білу        7)8.2.2.6 Қазақстан Республикасы азаматтарының конституциялық міндеттерін атау        8)8.2.2.7 адамдардың құқықтары, бостандықтары, абыройы және адамгершілігін құрметтеу міндетін білу        9)8.2.2.8 Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеу міндетін білу        10)8.2.2.9 заңда белгіленген салықтар, алымдар және төлемдерді төлеу міндетін білу        11)8.2.2.10 өз Отанын қорғау міндеті мен борышын білу        12)8.2.2.11 тарихи және мәдени ескерткіштерді сақтау мен қамқорлық таныту міндетін білу        13)8.2.2.12 табиғатты сақтау және табиғи байлықтарды күтіп ұстау міндетін білу</p>

- 14)8.2.2.13 Қазақстан Республикасында сайлау қалай өтетіні туралы түсініктің болуы
- 15)8.2.2.14 Қазақстан Республикасының заңнамалық , орындаушы және сот билігі туралы түсінігінің болуы
- 16)8.2.2.15 Қазақстан Республикасының әрбір билігінің құрылымы мен өкілеттігін қарапайым деңгейде сипаттау
- 17)8.2.2.16 жергілікті билік органдары туралы мәліметтерді білу
- 18)8.2.2.17 мемлекеттік билік жүйесінде Қазақстан Республикасы Президентінің рөлі (Президенттің жарлықтары мен өкімдерінің заңды күші болуы; мемлекеттік бағдарламаларды бекіту; халықаралық келіссөздерді жүргізу және шарттарға қол қою; төтенше және әскери жағдайды енгізу) туралы айту

### 3) 3-бөлім "Отбасы құқығы": 3-кесте

9-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
3.1 Отбасы құқығы ұғымы	<p>9.3.1.1 отбасы құқығы ұғымы туралы қарапайым деңгейде айту</p> <p>9.3.1.2 "отбасы" не екенін түсіндіре алу</p> <p>9.3.1.3 неке мен отбасы, ана, әке және балалық шақ мемлекет қорғауында екендігін білу</p> <p>9.3.1.4 неке ер мен әйелдің тең құқылы одағы екенін білу</p> <p>9.3.1.5 ер мен әйелдің қай жаста некеге тұратынын білу</p> <p>9.3.1.6 азаматтық хал актілерін тіркеу мемлекеттік органдарында жасалған неке ресми танылатынын білу</p> <p>9.3.1.7 ерлі-зайыптылардың жеке және мүліктік құқықтары мен міндеттерін білу</p> <p>9.3.1.8 адамдардың бірі басқа некеде тіркеліп тұрған жағдайда адамдар арасындағы неке рұқсат етілмейтінін білу</p> <p>9.3.1.9 жоғары көтерілетін және төмен түсетін сызық бойынша тікелей туысқандар (ата-аналармен және балалармен, атамен, әжемен және немерелермен), толық және толық емес туысқандықтағы әкесі мен анасы ортақ аға-інілер және әпке-сіңлілер арасында неке жасау рұқсат етілмейтінін білу</p> <p>9.3.1.10 ерлі-зайыптылардың неке уақытында жинаған мүліктері жалпы ортақ меншік болып табылатынын білу</p> <p>9.3.1.11 неке шарты туралы түсінігінің болуы</p> <p>9.3.1.12 әрбір ерлі-зайыптының жеке қолдану заттары меншігі болып табылатынын білу</p>

	<p>9.3.1.13 алименттік қатынастар туралы түсінігінің болуы</p> <p>9.3.1.14 отбасында үй шаруашылығын жүргізуге өзінің қатысуы туралы айту</p> <p>9.3.1.15 бағу мен қамқоршылық туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.16 мұрагерлік құқық туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.17 отбасы бюджетін жүргізу туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.1.18 отбасы құқықтары мен міндеттеріне қатысты практикалық міндеттерді шешу үшін жүгінетін ұйымдардың атауын білу</p>
3.2 Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	<p>9.3.2.1 отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы қарапайым деңгейде айту</p> <p>9.3.2.2 ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері туралы білу</p> <p>9.3.2.3 отбасының әр мүшесінің міндеттері туралы айту</p> <p>9.3.2.4 ата-аналардың міндеттерін білу: өз балаларының денсаулығының қамын ойлау, өз балаларын тәрбиелеу құқығына ие және міндетті</p> <p>9.3.2.5 балалардың міндеттерін білу</p> <p>9.3.2.6 балалардың отбасында өмір сүру және тәрбиеленуіне құқығы, өзінің ата-аналарын білу құқығы, олардың қамқорлығына ие болу құқығы, өзінің ата-аналары, аталары, әжелері, аға-інілері, әпке-сіңлілері және туысқандарымен қарым-қатынас құру құқығын білу</p> <p>9.3.2.7 Бала құқықтары туралы Конвенция туралы түсінігінің болуы</p> <p>9.3.2.8 отбасы қатынастарының қарапайым әдеп ережелерін білу</p>
3.3 Отбасының қоғамдағы маңызы	<p>9.3.3.1 адам және қоғам өміріндегі отбасының рөлі туралы түсініктің болуы</p> <p>9.3.3.2 тату отбасы ұғымы туралы түсініктің болуы</p>

#### 4) 4-бөлім "Еңбек құқығы":

##### 4-кесте

9-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
	<p>9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымы туралы қарапайым деңгейде айту</p> <p>9.4.1.2 жеке еңбек шартын толтыру</p> <p>9.4.1.3 жеке және ұжымдық еңбек шарттарын ажырату</p> <p>9.4.1.4 еңбек шартының негізгі тармақтарын (жұмыс уақыты, демалыс уақыты, демалыс ұзақтығы, еңбекақы мөлшері) таба білу</p> <p>9.4.1.5 еңбек тәртібі туралы негізгі түсініктің болуы</p> <p>9.4.1.6 ішкі тәртіп ережелерін білу</p>

4.1 Еңбек құқығы ұғымы	<p>9.4.1.7 кәметке толмағандардың еңбегінің негізгі ережелерін білу</p> <p>9.4.1.8 еңбек кітапшасын кім толтыратынын білу</p> <p>9.4.1.9 педагогтың көмегімен іскерлік қағаздар және стандартты бланктерді толтыру</p> <p>9.4.1.10 еңбек дауларын шешу үшін жүгінетін ұйымдардың атауларын білу</p> <p>9.4.1.11 қызметкерлердің кәсіпорын, мекеме не ұйымға келтіретін зиянға материалдық жауапкершілігі туралы білу</p> <p>9.4.1.12 қызметкердің кінәсі болған жағдайда ғана келтірілген зиянға материалдық жауапкершілікті арту туралы білу</p> <p>9.4.1.13 қызметкер мен кәсіпорын арасында мүлікті сақтауға қызметкердің жауапкершілікті өзіне алу туралы жазбаша шарт жасалатыны туралы білу</p>
4.2 Еңбек шарттары және қорғау	<p>9.4.2.1 әртүрлі кәсіпорындардағы еңбек жағдайлары туралы білу</p> <p>9.4.2.2 еңбек гигиенасының негізгі ережелерін білу</p> <p>9.4.2.3 "кәсіби ауру" ұғымы туралы түсініктің болуы</p>
4.3 Еңбек шарты	<p>9.4.3.1 еңбек шартының негізгі тармақтарын білу</p> <p>9.4.3.2 еңбек шарты қандай жақтар арасында жасалатынын білу, жұмыс беруші және қызметкер</p> <p>9.4.3.3 еңбек шартын оқу және қол қою</p> <p>9.4.3.4 еңбек шартының түрлерін ажырата білу: белгісіз мерзімге, 5 жылдан аспайтын белгілі мерзімге, уақытша қызметкермен, мезгілдік қызметкермен</p> <p>9.4.3.5 жұмысқа қабылдау туралы өтініш жаза алу</p> <p>9.4.3.6 жұмыстан шығу туралы өтініш жаза алу</p> <p>9.4.3.7 демалыс беру туралы өтініш жаза алу</p> <p>9.4.3.8 түсініктеме қағаз жазу</p>

## 5) 5-бөлім "Қылмыстық құқық":

### 5-кесте

9-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
5.1 Қылмыстық құқық ұғымы	<p>9.5.1.1 қылмыстық құқық ұғымы туралы қарапайым деңгейде айту</p> <p>9.5.1.2 қылмыстық құқықта қолданылатын терминдер туралы түсініктің болуы: айып, рақымшылық, бопсалаушылық, серіктесу, тұтқынға алу</p> <p>9.5.1.3 полиция қызметтері туралы түсініктің болуы: құқық бұзушылықтардың алдын алу; қоғамдық тәртіпті қорғау; қылмыспен күрес; қылмыстық жазалау және әкімшілік жазаларды орындау</p>
	<p>9.5.2.1 "қылмыс" ұғымы туралы түсініктің болуы</p> <p>9.5.2.2 "арандатушы", "дәлдеуші", "қатысушы", "орындаушы" және "астыртын айдап салушы" ұғымдары туралы түсініктің болуы</p>

5.2 Қылмыс ұғымы	<p>9.5.2.3 қылмыстық жазаны өтейтін құқық бұзушылықтар туралы мәліметтердің болуы</p> <p>9.5.2.4 жазалау мен оның мақсаттары туралы түсініктің болуы</p> <p>9.5.2.5 "мәжбүрлеу шаралары" ұғымы туралы түсініктің болуы</p> <p>9.5.2.6 негізгі жазалар: айыппұл, нақты қызметпен айналысу құқығынан айрылу, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзету жұмыстары, тұтқынға алу, бостандықтан айыру туралы түсініктің болуы</p> <p>9.5.2.7 өмірдегі практикалық мәселелерді шешу үшін жүгінетін құқықтық ұйымдардың атауын білу</p>
5.3 Қылмыстық жауапкершілік	<p>9.5.3.1 қылмысқа араласу мен қатысуға жауапкершілік туралы түсініктің болуы</p> <p>9.5.3.2 қылмыстық жауапкершіліктен босатуға негіз болатын факторлар туралы мәліметтердің (қажетті қорғанысты арттыру, жәбірленушімен табысу, өкіну ) болуы</p>

## б) 6-бөлім "Әкімшілік құқық":

### 6-кесте

10-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
6.1 Әкімшілік құқық ұғымы	<p>10.6.1.1 әкімшілік жауапкершілік ұғымы туралы түсініктің болуы</p> <p>10.6.1.2 әкімшілік құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын жүзеге асыруға қатысу</p>
6.2 Әкімшілік жауапкершілік	<p>10.6.2.1 кішігірім бұзақылықтың не екенін ( қоғамдық орындардағы балағат сөздер, азаматтарға тіл тигізу, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың сабырлығын бұзатын әрекеттер) білу</p> <p>10.6.2.2 кішігірім бұзақылыққа айыппұл тағылатынын білу</p> <p>10.6.2.3 қоғамдық орындарда жүріп-тұру ережелерінің талаптарын орындау</p> <p>10.6.2.4 жер және су ресурстарын тиімді қолданудың негізгі ережелері мен нормалары туралы түсініктің болуы</p> <p>10.6.2.5 атмосфералық ауаның ластануынан сақтау ережелері туралы түсініктің болуы</p> <p>10.6.2.6 жануарлар және өсімдіктер әлемін қорғау туралы түсініктің болуы</p> <p>10.6.2.7 Қызыл кітаптың маңызы туралы түсініктің болуы</p> <p>10.6.2.8 Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктерді атау</p> <p>10.6.2.9 жол жүру қозғалысының негізгі ережелерін білу</p> <p>10.6.2.10 негізгі кеден ережелері туралы түсініктің болуы</p> <p>10.6.2.11 әкімшілік құқық бұзушылықтар кезінде жүгінетін ұйымдардың аталуын білу</p>

6.3 Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу	<p>10.6.3.1 "Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жалпы ережелері туралы түсініктің болуы</p> <p>10.6.3.2 құқық бұзушылықтардың алдын алу кешеніне кіретін ұғымдар туралы түсініктің болуы: әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік оңалту, құқықтық тәрбие</p>
---	---

## 7) 7-бөлім "Азаматтық құқық":

### 7-кесте

10-сынып	
Бөлімше	Оқыту мақсаттары:
3. Музыка сабақтарында білім беру, түзету, дамыту және тәрибелеу міндеттері орындалады. Білім беру міндеттері:

1) білім алушылардың өмір туралы түсініктерін жарқын және қолжетімді музыкалық шығармалардың әсерінің көмегімен кеңейту;

2) білім алушылардың музыкалық тәжірибесін байыту;

3) музыкаға деген қызығушылығын дамыту;

4) білім алушылардың мағынасы бойынша жақын, тақырыбы мен жанры жағынан сан алуан шығармалардан алатын музыкалық әсерін жинақтау;

5) музыкалық-эстетикалық сөздігін қалыптастыру;

6) музыкалық мәнерлеу құралдарында бағдарлауға үйрету.

4. Түзету міндеттері:

1) білім алушылардың танымдық әрекеттерін түзету (ойлауын белсендіру, мақсатты бағытталған әрекетін және зейіннің тұрақтылығын қалыптастыру);

2) дыбысты айтудағы бұзылыстарды түзету;

3) тәртіптің жағымсыз түрлерін жеңу;

4) мимикалық қасиеттерді дамыту;

5) музыканы тыңдағанда және өлеңді орындағандағы өзінің сезімі мен эмоциясын білдіре білуін қалыптастыру.

5. Дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың әншілік аппаратын техникалық жетілдіру;

2) білім алушылардың әншілік тыныс алуын қарапайым элементтерден бастап, біртіндеп дамыту;

3) білім алушылардың дауыстарының жалпы дыбысталуын тегістеу;

- 4) ырғақ сезімін, жоғары дыбысты естуді, музыкалық жадты дамыту;
  - 5) музыкалық орындау дағдыларын қалыптастыру;
  - 6) білім алушылардың шығармашылық мүмкіндіктерін белсендіру.
6. Тәрбиелеу міндеттері:
- 1) жинақылық пен тәртіпке тәрбиелеу;
  - 2) музыкалық талғам элементтерін қалыптастыру;
  - 3) айналасындағылармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру;
  - 4) Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығы сезімін тәрбиелеу.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

7. "Музыка" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің жүзеге асырылуы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Білім алушыларды оқытудағы түзете дамыту принципі баланың даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымдары мен жүйесін тірек ете отырып құруды білдіреді. Білім алушылармен жұмыста олардың еліктеу қабілеті, көрнекілік-әрекеттік ойлау қабілетінің сақталуы тірек етіледі. Жетілмеген атқарымдардың дамуын ынталандыру бойынша әрекеттер ұйымдастырылады.

9. Білім алуда ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме принципі психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Заттық-тәжірибелік әрекет зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыны дамытудың, оқу және музыкалық әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Саралау және жекелеу тәсілдеме қағидасы. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға қатысты сараланған тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Білім алушыларды топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекешелеу тәсілі саралау тәсілінің нақтыламасы болып табылады.

11. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі - АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "кұрастыруға" көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді. АКТ оқу процесінде білім алушылардың жұмысқа қабілеттілігін есепке ала отырып шамалап қолданылады.

12. Сабақтарда АКТ келесі мақсаттарда қолданылады:

1) көрнекілік пішіндегі қандай да бір заттық мазмұнның біреуінен екіншісіне еркін өтіп, сөйлеу тілінің көмегімен бір тәсілден екіншісіне көше отырып, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу;

2) білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт түзімінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру;

3) топтық оқыту жағдайында өнімдік жеке әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету;

4) жекешеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

13. "Музыка" пәнін оқытуды сапалы және тиімді ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларды ескере отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жарақтандырылады.

14. Мұғалім "Музыка" сабақтарына дайындалу және өткізу барысында бірқатар педагогикалық талаптарды орындайды. Оларға:

1) музыкалық материалды оның тәрбиелік мәнін, эстетикалық құндылығын, білім алушылардың даму деңгейіне сәйкестігін есепке ала отырып тандай білу;

2) музыкалық шығарманы орындаудың жоғары деңгейі (оның ішінде жазбада орындалатын);

3) музыкалық шығармалардың мазмұнын түсіндіргенде, жанрлармен таныстырғанда және мәнерлеу құралдарын көрсеткен кезде білім алушылармен арада болатын сөздік қарым-қатынасты алдын ала ойластыру;

4) музыканы тыңдағанда бейнелік көрнекілікті кеңінен қолдану (шығарманың мазмұнына сәйкес келетін суреттер топтамасы, бейнесюжеттер);

5) музыкалық шығарманың ырғақтық суретін, қарқынын, динамикасын жақсы меңгеруге көмектесетін білім алушылардың қимыл-қозғалыстық белсенділігін ұйымдастыру жатады.

15. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды музыкалық мәдениетке тәрбиелеу жұмысы олардың ұлттық мәдениетке деген жағымды қатынасын қалыптастырумен бірге жүргізу үшін мұғалімі сабақ мазмұнына келесілерді қосады:

1) өз республикасының өмірін бейнелейтін Қазақстан композиторларының шығармашылық мұрасын зерделеу;

2) жеке және музыкалық аспаппен орындалатын халық әндері мен күйлерін зерделеу;

3) қазақ халық аспаптарының (домбыра, қобыз, сыбызғы) дыбысталуының тембрлік ерекшеліктерін зерделеу.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Білім алушыларды музыкалық тәрбиелеудің негізіне олардың музыкалық қабілеттерін дамытудың ең бір белсенді тәсілі хормен ән айту болып табылатындықтан, өлең репертуарын таңдау, сондай-ақ білім алушыларды вокалдық, хормен ән айтуға үйретудің әдістемелік тәсілдері мен құралдарын пайдалану өте маңызды болады.

17. Сабақ білім алушылардың жағдайына сәйкес таңдалған және оларды музыкамен шұғылдануға, ән айтуға психологиялық дайындауға көмектесетін музыкалық кіріспеден басталады. Мұғалім өлеңді таңдайды және онымен білім алушылардың зерделік даму деңгейіне, олардың музыкалық және ән айту дайындығына сәйкес дәйектілікпен жұмыс жүргізеді. Өлеңді толықтай айтуға қиналатын білім алушылармен жұмыста, мұғалім оларға өлеңнің жеке бөліктерін айтқызумен шектеледі

18. Оқу материалы шектелген көлемде беріледі және біртіндеп күрделендіріледі. Сыныптағы жұмыс үшін үндесуі жағынан ыңғайлы таңдалған өлеңдер жиі жағдайда оларды до1-ре2 жоғары болмайтын әуеннің жоғарғы дыбыстарын айтуға мүмкіндік беретін үндестікке аудару қажеттілігі туындайды.

19. Оқу жылы бойына білім алушыларға бағдарламада көрсетілген 8-10 өлеңді үйрену және келесі дағдыларды: тыныс алу, дыбысты айту, дикция, құрылыс, ансамбльді меңгеру қарастырылады.

20. Бағдарламада музыкалық аспаптың сүйемелдеуімен, сондай-ақ онсыз да ән айту қарастырылады. Сүйемелдеусіз ән айту (акапелла) интонацияның тазалығына деген зейінді жоғарылатады, әсіресе музыканы ұғыну қабілетін дамытуға көмектеседі.

21. Әншілік дағдыларды дамытудың мақсаты білім алушылардың әншілік аппараттарын техникалық жетілдіру ғана емес, сондай-ақ ең алдымен олардың алған дағдылары мен икемділіктерін өлеңді көркемдеп орындау және білім алушылардың барынша терең эстетикалық әсер алуы үшін қолдану болып табылады.

22. Бағдарламада білім алушылардың әншілік тыныс алуын қарапайым элементтерден бастап, біртіндеп дамыту қарастырылған.

23. Дыбыстаудағы кемшіліктер, сондай-ақ сөздік қорының кедейлігі зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға тән ерекшелік болып табылады, ал бұл оларға мәтіннің мағынасын түсінуге және меңгеруге бөгет жасайды. Бағдарламада анық және нақты дыбыстау, сондай-ақ сөзбен жүйелі жұмыс (түсініксіз сөздерді және жеке айтылымдарды түсіндіру) жүргізу қарастырылған.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Білім алушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейтуге көмектесетін және олардың музыкалық талғамын тәрбиелейтін музыканы тыңдау әрбір сабақтың ажырамас бір бөлігі болып табылады.

25. Музыканы тыңдағанда мұғалімнің түсіндірмесі маңызды. білім алушыларда қызығушылықты, эмоциялық жауапты, музыканы тағы да тыңдағысы, оны түсінгісі, есте сақтағысы келетін сезімдерді тудырады. Бейнемен сүйемелденетін музыканы

тыңдау арқылы тамаша орындаушыларды, вокалшыларды, аспапшыларды, әр түрлі оркестрлерді тыңдауға және көруге болады. Бұлардың барлығы білім алушыларды жаңа әсермен, түсініктермен, біліммен байытады.

26. Музыканы тыңдау сабағы белгілі бір тәртіпте жабдықталған жақсы музыкалық құрал (фортепиано, баян, аккордеон), музыкалық орталық, музыкалық шығармалар жазылған аудиокассеталар, дискілер жиынтығы, иллюстрациялық материалдар болған кезде ғана толыққанды жүзеге асырылады.

27. Сабақтарда көрнекілік материалдар, сан алуан түрлі оқу құралдары және техникалық құралдар қолданылғанда ән айтудың және музыка сабақтарының танымдық мағынасы өте үлкен болады.

28. "Музыка" пәні бойынша бағалау білім алушылардың зияткерлік және музыкалық жеке даму деңгейін есепке алады.

### **3-тарау. "Музыка" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

29. "Музыка" пәні бойынша оқу жүктемесін бөлу:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

30. Бағдарламаның мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Ән айту";
- 2) 2-бөлім "Музыка тыңдау";
- 3) 3-бөлім "Музыкалық сауаттылық элементтері".

31. "Ән айту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) орындау;
- 2) динамикалық реңк.

32. "Музыка тыңдау" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) музыкалық шығармаларды тыңдау;
- 2) музыкалық аспаптар;
- 3) композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы.

33. "Музыкалық сауаттылық элементтері" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) музыкалық аспаптарда ойнау;
- 2) музыкалық сауаттылық.

34. 5-сыныпқа арналған "Музыка" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) ән айту. Әншілік дағдылар мен біліктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту. Дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен арықарай жұмыс жүргізу. Оңай, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының сүйемелдеуінсіз айта білуді дамыту. Кантиленамен (созып айту) жұмыс жүргізу. Дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағытына қарай ажырату бойынша жұмысты жалғастыру. Әуен бағытын (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары) қолмен көрсете білуді дамыту. Есту арқылы күшті бөлігін анықтай білуді дамыту.

Өлеңді жылдам қарқында және әуені күрделі өлең мәтінін анық айта білуді дамыту. Есту арқылы "до мажор" дыбыс қатарын сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жоғары және төмен орындау. Динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсінікті қалыптастыру;

2) музыка тыңдау. Марштарды (әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы) және билерді (вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді) ажырата білуін дамыту. Музыкадағы ертегі желісі. Тән ерекшеліктері. Идеялық және көркемдік мазмұны. Бейнелер құруға көмектесетін музыкалық құралдар. Музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырата білуді дамыту. Қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті қалыптастыру. Қазақ және орыс халық музыкалық аспаптар оркестерінің дыбысталуын жіктеу. Халық музыкалық аспаптармен: қылқобыз, сыбызғы, асатаяқ, шаңқобыз, сырнай танысу;

3) музыкалық сауаттылық элементтері. Таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту. Әуеннің графикалық жазбасымен танысу. Графикалық жазба бойынша ән айтқанда әуен қозғалысын қадағалай білуді дамыту.

35. 6-сыныпқа арналған "Музыка" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) ән айту. до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау. Өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту. Әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ вокалдық-хорлық материалдарды әндету кезінде жетілдіру. Өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту. Хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) орындай білуін дамыту. Интонациялау тазалығы бойынша жұмысты: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айтуды жалғастыру. Шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру. Үйренген өлеңдерін сүйемелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту. Жеңіл шапшаң дыбыспен және контиленамен жұмыс;

2) музыка таңдау. Қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктері. Жанрды, өлеңге тән ерекшеліктерді анықтау. Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д. Нұрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу. Орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну. Әр түрлі музыкаға деген қызығушылықты, ол туралы айтқысы келуін бекіту. Оқу және тұру жағдайларына байланысты туындаған эмоциялық ширығуларды басу. Қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту. Қазақ халық аспаптары: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау. Орыс халық музыкалық аспаптары: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайка;

3) музыкалық сауаттылық. Нота жазбасы туралы қарапайым түсініктер: ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс. 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінікті қалыптастыру.

36. Осы бағдарламадағы оқу материалын сынып (тоқсан) бойынша шамамен бөлінген, мұғалім білім алушылардың меңгеру ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын бір сыныптан келесі сыныпқа (бір тоқсаннан келесі тоқсанға) ауыстыруға құқылы. Зияты зақымдалған білім алушының жеке темпте, көлемде дамуға және оқу материалын меңгеруге құқысын жүзеге асыра отырып, мұғалім әр тақырыпты меңгеруге қажетті сағат санын өздігінен анықтайды. Әр сыныптағы оқу алдында өтілген материалды қайталаудан басталады.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 4-тарау. Оқытудың мақсаттар жүйесі

37. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сыныпты, екінші сан бөлімді, үшінші сан оқу мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 5.2.4 кодындағы "5" – сынып, "2" – бөлім, "4" – оқу мақсатының реттік саны.

38. Оқытудың мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

1) 1-бөлім "Ән айту":

1-кесте

		Оқыту мақсаттары:	
Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып	
1.1 Ән айту	<p>5.1.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту</p> <p>5.1.1.2 дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен жұмыс жүргізу</p> <p>5.1.1.3 жеңіл, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының сүйемелдеуінісіз айта білуді дамыту</p> <p>5.1.1.4 дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағытына қарай ажырату</p> <p>5.1.1.5 әуен бағытын (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары) қолмен көрсету</p> <p>5.1.1.6 есту арқылы күшті бөлігін анықтау</p>	<p>6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау</p> <p>6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру</p> <p>6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау</p> <p>6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру</p> <p>6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүйемелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту</p>	



	<p>5.1.1.7 өлеңді жылдам қарқында және әуені күрделі өлең мәтінін анық айтуға тырысу</p> <p>5.1.1.8 есту арқылы "до мажор" дыбыс қатарын сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жоғары және төмен орындау</p> <p>5.1.1.9 жеке орындауға арналған заманауи балалар өлеңдерін білу</p>	<p>6.1.1.6 жеңіл және жылжымалы дыбыспен, кантинелламен жұмыс істей білу</p> <p>6.1.1.7 өлеңді өздігінен бастап айта білу</p> <p>6.1.1.8 өлеңді барлық диапазонда бірқалыпты, еркін дыбыспен саналы түрде және әсерлі орындау</p> <p>6.1.1.9 есту арқылы айналасындағылардың ән салуын бақылау</p> <p>6.1.1.10 5-сыныпта үйренген өлеңдерін орындау</p>
1.2 Динамикалық реңктер	<p>5.1.2.1 динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсініктің болуы</p> <p>5.1.2.2 әуенді дауысты ( бірсарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) алып жүру ерекшеліктерін түсіну</p> <p>5.1.2.3 заманауи балалар өлеңдерінің музыкалық тілінің, оның идеялық және көркемдік мазмұнының ерекшеліктерін түсіну</p> <p>5.1.2.4 кантинелламен айту дағдысын жетілдіруге талпыну</p>	<p>6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану</p> <p>6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту</p> <p>6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту</p> <p>6.1.2.4 өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту</p> <p>интонация тазалығы бойынша шапшаң дыбыспен және континелламен жұмыс жүргізу</p>

## 2) 2-бөлім "Музыка тыңдау":

### 2-кесте

Оқыту мақсаттары:		
Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып
2.1 музыкалық шығармаларды тыңдау	<p>5.2.1.1 халық музыкасына қызығушылық таныту</p> <p>5.2.1.2 Қазақстан Республикасының әнұранын қолын жүрегіне қойып тыңдау</p> <p>5.2.1.3 өзінің еліне деген мақтаныш сезімін сезіну</p> <p>5.2.1.4 әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы марш түрлерін ажырату</p> <p>5.2.1.5 әуені бойынша вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді ажырату</p> <p>5.2.1.6 музыкадағы ертегі желісіне тән ерекшеліктерді анықтау</p>	<p>6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу</p> <p>6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді, жанрларды анықтау</p> <p>6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну</p> <p>6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау</p>



	<p>5.2.1.7 бейнелерді құруға көмектесетін музыкалық құралдарды ажырату</p> <p>5.2.1.8 музыкалық шығарманың идеялық және көркемдік мазмұнын түсіндіруге талпыну</p>	<p>6.2.1.6 "Әуенді тап" музыкалық викторинаға қатысу</p> <p>6.2.1.7 музыканың адамдардың өміріндегі, еңбегіндегі және демалысындағы рөлін түсіну</p>
2.2 Музыкалық аспаптар	<p>5.2.2.1 музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырату</p> <p>5.2.2.2 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінік</p> <p>5.2.2.3 қазақ және орыс халық музыкалық аспаптар оркестерінің дыбысталуын жіктеу</p> <p>5.2.2.4 халық музыкалық аспаптармен: қылқобыз, сыбызғы, асатаяқ, шаңқобыз, сырнай танысу</p> <p>5.2.2.5 "Әуенді тап" музыкалық викторинаға қатысу</p>	<p>6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту</p> <p>6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу</p> <p>6.2.2.3 орыс халық музыкалық аспаптарымен: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайка білу</p> <p>6.2.2.4 сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау</p>
2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	<p>5.2.3.1 Композиторлар мен олардың шығармаларын білу: П.И.Чайковский, "Аққу көлі" балеті</p> <p>5.2.3.2 Н.Римский-Корсаков "Салтан патша туралы ертегі" операсы</p> <p>5.2.3.3 Ғ.Жұбанова "Ақ құс туралы аңыз"</p>	<p>6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нүрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу</p>

### 3) 3-бөлім "Музыкалық сауаттылық элементтері":

#### 3-кесте

Оқыту мақсаттары		
Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып
3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	<p>5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту</p> <p>5.3.1.2 музыкалық аспаптарды дыбысталуына қарай тану</p> <p>5.3.1.3 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – соль көлеміндегі гамманы орындау</p> <p>5.3.1.4 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйрену</p> <p>5.3.1.5 пианино, аккордеон, үрмелі сырнайда оңай жаттығуларды орындау</p> <p>5.3.1.6 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда</p>	<p>6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді (жоғары-төмен) ажырату</p> <p>6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – си1 көлеміндегі гамманы орындау</p> <p>6.3.1.3 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйренуді жалғастыру</p> <p>6.3.1.4 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда жеңіл 2-3 өлеңді немесе әуенді орындау</p>

	жеңіл 1-2 өлеңді немесе әуенді орындау	6.3.1.5 берілген ырғаққа сәйкес музыкалық аспаптардан дыбыс шығару
3.2 Музыкалықсауаттылық	5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу; 5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену	6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу; 6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу

39. Осы Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспары негізінде осы Бағдарламаның қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспарда барлық сынып бойынша әр бөлімде қамтылатын оқу мақсаттарының көлемі белгіленген.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

40. Бөлімдер мен тақырыптар бойынша сағат сандарын бөлу мұғалімнің еркіне қалдырылады.

Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша

**Ескерту. Қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Музыка" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1) 5-сынып:

1-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	1.1. Орындау	5.1.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту 5.1.1.2 дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен жұмыс жүргізу 5.1.1.3 жеңіл, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының

1.Ән айту		сүйемелдеуінсіз айта білуді дамыту
2. Музыка тыңдау	1.2 Динамикалық реңктер	5.1.2.1 динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсініктің болуы 5.1.2.2 әуенді дауысты ( бірсарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) алып жүру ерекшеліктерін түсіну
	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	5.2.1.1 халық музыкасына қызығушылық таныту 5.2.1.2 Қазақстан Республикасының әнұранын қолын жүрегіне қойып тыңдау 5.2.1.3 өзінің еліне деген мақтанш сезімін сезіну 5.2.1.4 әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы марш түрлерін ажырату 5.2.1.5 әуені бойынша вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді ажырату
	2.2 Музыкалық аспаптар	5.2.2.1 музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырату
	2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	5.2.3.1 Композиторлар мен олардың шығармаларын білу: П.И.Чайковский, "Аққу көлі" балеті 5.2.3.2Н.Римский-Корсаков "Салтан патша туралы ертегі" операсы
3. Музыкалық сауаттылық элементтері	3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту
	3.2 Музыкалық сауаттылық	5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу; 5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену
2-тоқсан		
	1.1 Ән айту	5.1.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту 5.1.1.2 дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен жұмыс жүргізу 5.1.1.3 жеңіл, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының

1. Ән айту		<p>сүйемелдеуінсіз айта білуді дамыту</p> <p>5.1.1.4 дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағытына қарай ажырату</p> <p>5.1.1.5 әуен бағытын (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары) қолмен көрсету</p>
	1.2 Динамикалық реңк	<p>5.1.2.1 динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсініктің болуы</p> <p>5.1.2.2 әуенді дауысты ( бірсарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) алып жүру ерекшеліктерін түсіну</p> <p>5.1.2.3 заманауи балалар өлеңдерінің музыкалық тілінің, оның идеялық және көркемдік мазмұнының ерекшеліктерін түсіну</p>
2. Музыка тыңдау	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	<p>5.2.1.1 халық музыкасына қызығушылық таныту</p> <p>5.2.1.2 Қазақстан Республикасының әнұранын қолын жүрегіне қойып тыңдау</p> <p>5.2.1.3 өзінің еліне деген мақтаныш сезімін сезіну</p> <p>5.2.1.4 әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы марш түрлерін ажырату</p> <p>5.2.1.5 әуені бойынша вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді ажырату</p> <p>5.2.1.6 музыкадағы ертегі желісіне тән ерекшеліктерді анықтау</p>
	2.2. Музыкалық аспаптар	<p>5.2.2.1 музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырату</p> <p>5.2.2.2 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінік</p>
	2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	<p>5.2.3.1 Композиторлар мен олардың шығармаларын білу: П.И.Чайковский, "Аққу көлі" балеті</p>
	3.1	<p>5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту</p> <p>5.3.1.2 музыкалық аспаптарды дыбысталуына қарай тану</p>

3.Музыкалық сауаттылық элементтері	Музыкалық аспаптарда ойнау	5.3.1.3 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – соль көлеміндегі гамманы орындау 5.3.1.4 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйрену
	3.2 Музыкалық сауаттылық	5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу; 5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену
3-тоқсан		
1.Әнайту	1.1 Ән айту	5.1.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту 5.1.1.2 дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен жұмыс жүргізу 5.1.1.3 жеңіл, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының сүйемелдеуінсіз айта білуді дамыту 5.1.1.4 дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағытына қарай ажырату 5.1.1.5 әуен бағытын (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары) қолмен көрсету 5.1.1.6 есту арқылы күшті бөлігін анықтау
	1.2 Динамикалық реңк	5.1.2.1 динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсініктің болуы 5.1.2.2 әуенді дауысты ( бірсарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) алып жүру ерекшеліктерін түсіну 5.1.2.3 заманауи балалар өлеңдерінің музыкалық тілінің, оның идеялық және көркемдік мазмұнының ерекшеліктерін түсіну 5.1.2.4 кантинелламен айту дағдысын жетілдіруге талпыну
		5.2.1.1 халық музыкасына қызығушылық таныту 5.2.1.2 Қазақстан Республикасының әнұранын қолын жүрегіне қойып тыңдау

2. Музыка тыңдау	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	5.2.1.3 өзінің еліне деген мақтанш сезімін сезіну 5.2.1.4 әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы марш түрлерін ажырату 5.2.1.5 әуені бойынша вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді ажырату 5.2.1.6 музыкадағы ертегі желісіне тән ерекшеліктерді анықтау
	2.2. Музыкалық аспаптар	5.2.2.1 музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырату 5.2.2.2 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінік
	2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	5.2.3.1 Композиторлар мен олардың шығармаларын білу: П.И.Чайковский, "Аққу көлі" балеті
3. Музыкалық сауаттылық элементтері	3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту 5.3.1.2 музыкалық аспаптарды дыбысталуына қарай тану 5.3.1.3 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – соль көлеміндегі гамманы орындау
	3.2 Музыкалық сауаттылық	5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу; 5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену
4-тоқсан		
	1.1 Ән айту	5.1.1.1 әншілік дағдылар мен икемділіктерді өткен сыныптағы материалдарда, сондай-ақ жаңа материалдарда бекіту 5.1.1.2 дауыс интонациясының тазалығымен, унисон тұрақтылығымен жұмыс жүргізу 5.1.1.3 жеңіл, жақсы таныс әндерді музыка аспаптарының сүйемелдеуімен айта білуді дамыту 5.1.1.4 дыбыстарды әуен қозғалысының биіктігі мен бағытына қарай ажырату 5.1.1.5 әуен бағытын (жоғарыдан төмен, төменнен жоғары) қолмен көрсету

1. Ән айту		<p>5.1.1.6 есту арқылы күшті бөлігін анықтау</p> <p>5.1.1.7 өлеңді жылдам қарқында және әуені күрделі өлең мәтінін анық айтуға тырысу</p>
	1.2 Динамикалық реңк	<p>5.1.2.1 динамикалық реңктердің мәнерлі мәні (форте - қатты, пиано - ақырын) туралы қарапайым түсініктің болуы</p> <p>5.1.2.2 әуенді дауысты ( бірсарынды, үздік-создық, секірмелі түрде) алып жүру ерекшеліктерін түсіну</p> <p>5.1.2.3 заманауи балалар өлеңдерінің музыкалық тілінің, оның идеялық және көркемдік мазмұнының ерекшеліктерін түсіну</p> <p>5.1.2.4 кантинелламен айту дағдысын жетілдіруге талпыну</p>
2. Музыка тыңдау	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	<p>5.2.1.1 халық музыкасына қызығушылық таныту</p> <p>5.2.1.2 Қазақстан Республикасының әнұранын қолын жүрегіне қойып тыңдау</p> <p>5.2.1.3 өзінің еліне деген мақтаныш сезімін сезіну</p> <p>5.2.1.4 әскери, спорттық, мерекелік, ойнақы, қаралы марш түрлерін ажырату</p> <p>5.2.1.5 әуені бойынша вальс, полька, танго, қол ұстасып жүріп билейтін билерді ажырату</p> <p>5.2.1.6 музыкадағы ертегі желісіне тән ерекшеліктерді анықтау</p> <p>5.2.1.7 бейнелерді құруға көмектесетін музыкалық құралдарды ажырату</p> <p>5.2.1.8 музыкалық шығарманың идеялық және көркемдік мазмұнын түсіндіруге талпыну</p>
	2.2. Музыкалық аспаптар	<p>5.2.2.1 музыкалық шығармадағы дыбысталуы жағынан әр түрлі бөліктерді ажырату</p> <p>5.2.2.2 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінік</p> <p>5.2.2.3 қазақ және орыс халық музыкалық аспаптар оркестерінің дыбысталуын жіктеу</p>
	2.3	5.2.3.1 Композиторлар мен олардың шығармаларын білу:

	Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	П.И.Чайковский, "Аққу көлі" балеті 5.2.3.2 Н.Римский-Корсаков "Салтан патша туралы ертегі" операсы
3.Музыкалық сауаттылық элементтері	3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	5.3.1.1 таныс музыкалық аспаптарда ойнау дағдыларын бекіту 5.3.1.2 музыкалық аспаптарды дыбысталуына қарай тану 5.3.1.3 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – соль көлеміндегі гамманы орындау 5.3.1.4 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйрену 5.3.1.5 пианино, аккордеон, үрмелі сырнайда оңай жаттығуларды орындау 5.3.1.6 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда жеңіл 1-2 өлеңді немесе әуенді орындау
	3.2 Музыкалық сауаттылық	5.3.2.1 әуеннің графикалық жазбасымен танысу; 5.3.2.2 графикалық жазба бойынша өлең айтқанда әуен қозғалысын қадағалауға үйрену

## 2) 6-сынып

### 2-кесте

Бөлім	Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
	1.1 Ән айту	6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау 6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру 6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау 6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру



1.Ән айту		<p>6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүймелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту</p> <p>6.1.1.6 жеңіл және жылжымалы дыбыспен, кантинелламен жұмыс істей білу</p>
	1.2 Динамикалық реңк	<p>6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану</p> <p>6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту</p> <p>6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту</p> <p>6.1.2.4 өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту, интонация тазалығы бойынша шапшаң дыбыспен және контиленамен жұмыс жүргізу</p>
	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	<p>6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу</p> <p>6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді, жанрларды анықтау</p> <p>6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну</p> <p>6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау</p> <p>6.2.1.6 "Әуенді тап" музыкалық викторинаға қатысу</p> <p>6.2.1.7 музыканың адамдардың өміріндегі, еңбегіндегі және демалысындағы рөлін түсіну.</p>
2. Музыка тыңдау	2.2.	<p>6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту</p> <p>6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу</p>

	Музыкалық аспаптар	6.2.2.3 орыс халық музыкалық аспаптарымен: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырак , ағаш қасықтар, бас-балалайка білу 6.2.2.4 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау
	2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нүрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу
3. Музыкалық сауаттылық элементтері	3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді ( жоғары-төмен) ажырату 6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – си 1 көлеміндегі гамманы орындау 6.3.1.3 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйренуді жалғастыру 6.3.1.4 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда жеңіл 2-3 өлеңді немесе әуенді орындау 6.3.1.5 берілген ырғаққа сәйкес музыкалық аспаптардан дыбыс шығару
	3.2 Музыкалық сауаттылық	6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу; 6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу
2-тоқсан		
	1.1 Ән айту	6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау 6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру 6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау 6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің

1Ән айту	1.2 Динамикалық реңк	<p>сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру</p> <p>6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүйемелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту</p> <p>6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану</p> <p>6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту</p> <p>6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту</p> <p>6.1.2.4 өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту, интонация тазалығы бойынша шапшаң дыбыспен және контиленамен жұмыс жүргізу</p>
2. Музыка тыңдау	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	<p>6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу</p> <p>6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді, жанрларды анықтау</p> <p>6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну</p> <p>6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау</p> <p>6.2.1.6 "Әуенді тап" музыкалық викторинаға қатысу</p>
	2.2. Музыкалық аспаптар	<p>6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту</p> <p>6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу</p> <p>6.2.2.3 орыс халық музыкалық аспаптарымен: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырақ, ағаш қасықтар, бас-балалайка білу</p>

	2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нұрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу
3.Музыкалық сауаттылық элементтері	3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді ( жоғары-төмен) ажырату 6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – си 1 көлеміндегі гамманы орындау
	3.2 Музыкалық сауаттылық	6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу; 6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу
3-тоқсан		
1.Ән айту	1.1 Ән айту	6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау 6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру 6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау 6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру 6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүйемелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту 6.1.1.6 жеңіл және жылжымалы дыбыспен, кантинелламен жұмыс істей білу 6.1.1.7 өлеңді өздігінен бастап айта білу 6.1.1.8 өлеңді барлық диапазонда бірқалыпты, еркін дыбыспен саналы түрде және әсерлі орындау 6.1.1.9 есту арқылы айналасындағылардың ән салуын бақылау

		6.1.10 5-сыныпта үйренген өлеңдерін орындау
	1.2 Динамикалық реңк	6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану 6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту 6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту
2. Музыка тыңдау	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу 6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді, жанрларды анықтау 6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну 6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау 6.2.1.6 "Әуенді тап" музыкалық викторинаға қатысу 6.2.1.7 музыканың адамдардың өміріндегі, еңбегіндегі және демалысындағы рөлін түсіну
	2.2. Музыкалық аспаптар	6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту 6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу
	2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нүрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу ,
3. Музыкалық сауаттылық элементтері	3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді ( жоғары-төмен) ажырату 6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – си 1 көлеміндегі гамманы орындау

	3.2 Музыкалық сауаттылық	6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу; 6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу
4-тоқсан		
1.Ән айту	1.1 Ән айту	6.1.1.1 до1-ре2 диапазонындағы өлең репертуарын орындау 6.1.1.2 әншілік тыныс алу дағдыларын 5-сыныптағы материалдармен салыстырғанда күрделі, сондай-ақ әндету кезіндегі вокалдық және хор материалдарын әндету кезінде жетілдіру 6.1.1.3 хорда өлеңді көркем орындау талаптарын (ырғақтық сурет, интонациялық құрылыс, ансамбльдік реттілігін, динамикалық реңктер) сақтау 6.1.1.4 шапшаң қарқында айтылатын өлең мәтінінің сөздерін анық және түсінікті айтуын жетілдіру 6.1.1.5 үйренген өлеңдерін сүйемелдеусіз орындаудағы вокалдық-хорлық дағдыларды дамыту 6.1.1.6 жеңіл және жылжымалы дыбыспен, кантинелламен жұмыс істей білу 6.1.1.7 өлеңді өздігінен бастап айта білу 6.1.1.8 өлеңді барлық диапазонда бірқалыпты, еркін дыбыспен саналы түрде және әсерлі орындау
	1.2 Динамикалық реңк	6.1.2.1 алған дағдыларын музыкалық шығармаларды көркем орындау кезінде қолдану 6.1.2.2 өлеңнің мазмұны мен түріне қарай дыбыстарды сан алуан түрлі етіп түрлендіре ән салу дағдыларын дамыту 6.1.2.3 жұмыс жүргізу: қиын жеке тіркестерді және әуендік айналымдарды топпен немесе жеке әндетіп айту 6.1.2.4 өзінде концерттік орындау дағдысын, өзінің күшіне деген сенімділігін, көпшілдігін, ашықтығын дамыту интонация тазалығы бойынша

		шапшаң дыбыспен және контиленамен жұмыс жүргізу
2. Музыка тыңдау	2.1 Музыкалық шығармаларды тыңдау	6.2.1.1 қазақ ұлттық фольклорының ерекшеліктерін табу 6.2.1.2 қазақ өлеңдеріне тән ерекшеліктерді, жанрларды анықтау 6.2.1.3 орыс халық өлеңдерінің көп жанрлылығын музыканың халық өмірі және тұрмысымен сан алуан түрлі байланысының бейнесі ретінде түсіну 6.2.1.5 5-сынып бағдарламасынан алынған музыкалық шығармаларды тыңдау 6.2.1.6 "Әуенді тап" музыкалық викторинаға қатысу
	2.2. Музыкалық аспаптар	6.2.2.1 қазақ халық музыкалық аспаптар оркестерінің құрамы және дыбысталуы туралы түсінікті бекіту 6.2.2.2 халық музыкалық аспаптармен: дауылпаз, желбуаз, сақпан, қоңырау білу 6.2.2.3 орыс халық музыкалық аспаптарымен: домра, мандолина, баян, сыбызғы, гармонь, сылдырак, ағаш қасықтар, бас-балалайка білу
	2.3 Композиторлар мен орындаушылардың шығармашылығы	6.2.3.1 Дәулеткерей, Тәттімбет, Құрманғазы, Д.Нұрпейсованың шығармашылық мұрасын зерделеу
	3.1 Музыкалық аспаптарда ойнау	6.3.1.1 қарама-қарсы регистрлердегі жоғары және төменгі дыбыстарды, бір регистрден басқа регистрге өтуді (жоғары-төмен) ажырату 6.3.1.2 пианинода екі қолымен бір мезгілде до1 – си 1 көлеміндегі гамманы орындау 6.3.1.3 сандық жүйе бойынша пернелі музыкалық аспаптарда ойнауға үйренуді жалғастыру 6.3.1.4 сандық жүйені пайдалана отырып, музыкалық аспаптарда жеңіл 2-3 өлеңді немесе әуенді орындау
		6.3.2.1 нота жазбасы туралы қарапайым түсініктері (ноталық стан, нота, дыбыс, үзіліс) болу;

3.Музыкалық сауаттылық элементтері	3.2 Музыкалық сауаттылық	6.3.2.2 2/4, 3/4, 4/4 өлшемдері туралы қарапайым түсінік болу 6.3.2.3 контрастты регистрлерде тменгі және жоғары дыбыстарды ажырату және бір регистрден басқасына ауыстыру ( жоғары-төмен); 6.3.2.4 композитор қолданатын музыкалық мәнерліліктің құралдары туралы түсінігі болу: лад (мажор, минор); динамикалық реңктер (қатты, бәсең қалыпты жоғары, күшейту, бәсеңдету); регистр (жоғары, орташа, төмен); 6.3.2.5 музыкалық мамандықтар, кәсіптер туралы қарапайым түсініктерінің болуы: композитор, дирижер, музыкант, пианист, скрипкашы, домбырашы, қобызшы, солит, әртіс, әнші, күйші
------------------------------------	-----------------------------	--

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 528 -қосымша

### **Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5 - 10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

#### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5 - 10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты білім алушыларда әртүрлі тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларда белсенді және тәуелсіз болуға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

3. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) білім алушыларды өз тұрмысын, күнделікті үй тіршілігін ұйымдастыруға дайындау;

2) гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тұрғын үй мен киімге күтім жасау дағдыларын қалыптастыру;



3) әлеуметтік мекемелердің (сауда, тұрмыс қызметі, байланыс, мәдениет, медициналық көмек) және қоғамдық көліктің қызметтерін пайдалану дағдыларын қалыптастыру;

3) әлеуметтік ережелерге сай мінез-құлықты қолдау, жағымды жеке қасиеттерді қалыптастыру: еңбекқорлықты, жанашырлықты, үлкендерге құрмет көрсетуді, патриоттық сезімдерді.

4. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) психофизикалық даму кемшіліктерінің орнын толтыруға ықпал ету;

2) ауызша диалогтық және монологтық сөйлеуді дамыту, сөздік қорын байыту және жүйелеу, іскерлік қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

3) бос уақытын ұйымдастыра білу қабілетін қалыптастыру.

4) оқу-танымдық іс-әрекетін дамыту, шаруашылық-еңбек дағдыларын қалыптастыру;

5) өз жұмысын жоспарлау және басталған істі аяғына дейін жеткізу, өз іс-әрекетіне ағымдағы бақылауды, қорытынды бақылауды жүзеге асыру, өз жұмысының нәтижелерін үлгімен салыстыру, өзін-өзі бағалау қабілеттерін дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдер**

5. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері арнайы педагогика қағидаттарына негізделген: оқытудың компенсаторлық-дамытушылық, әлеуметтік бейімделу бағыттылығы, іс-әрекетке негізделу тәсілдемесі, оқытудың тәжірибелік бағыттылығы, саралау және дараландыру тәсілдемелері, мұғалімнің білім беру процесіндегі көшбасшылық рөлі.

6. Оқытудың компенсаторлық-дамытушылық бағыттылығы қағидасы оқу және оқыту қызметінің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі, онда мыналар ескеріледі: ойлау процестерінің инерттілігі, танымдық белсенділіктің төмендігі, ойлаудың жалпылау және абстракциялау функциясының әлсіздігі, сөйлеу қабілетінің дамуының артта қалуы.

7. Білім алушылармен жұмыста олардың еліктеу қабілеттеріне, көрнекі-тиімді ойлаудың сақталған мүмкіндіктеріне сүйенеді.

8. Бағдарламаны іске асыру білім алушыларда қабылдауды, есте сақтауды, сөйлеуді, ақыл-ой операцияларын дамытуға жағдай жасайды; басталған жұмысты соңына дейін жеткізу, мүмкін болатын қиындықтарды жеңу, ұқыптылық пен дербестік таныту қабілетін қалыптастыру.

9. Оқытудың әлеуметтік бейімделу бағыттылығы жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуін еңсеруді немесе азайтуды қамтиды. Білім алушылардың әлеуметтік өмірге қатысуы үшін қажетті тәртіп нормаларын, өмірлік дағдыларды игеруі бойынша арнайы жұмыс көзделеді.

10. Білім беруде іс-әрекетке негізделу тәсілдемесі зияты зақымдалған білім алушының жеке басының даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім берудің негізгі заңдылықтары мен құрылымын ашатын психологиялық ғылымның теориялық ережелеріне негізделген. Оқушылардың жеке басының дамуы олардың қолжетімді қызметін (пәндік-практикалық, шаруашылық, еңбек, оқу) ұйымдастыру сипатымен анықталады.

11. Оқытудың тәжірибелік бағыттылығы нақты өмірлік жағдайлар мен сабақта оқылтын оқу материалы арасында тығыз байланыс орнатуды қамтиды.

12. Оқытудың тәжірибелік бағыттылығы оқытудың практикалық, көрнекі, интерактивті әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі: практикалық жұмыстар, проблемалық жағдайларды шешу, өмірлік жағдайларды драматизациялау (іскерлік ойын), экскурсиялар, сабақтар-кездесулер.

13. Зияты зақымдалған білім алушылармен жұмыс жасауда саралау және дараландыру тәсілдемесін қолдану балалардың оқу материалын игеру кезінде пайда болатын және алынған білімнің, дағдылардың сапасына әсер ететін типологиялық ерекшеліктерді ескеруді қамтиды.

14. Саралау тәсіл төрт типологиялық топты ескере отырып құрылады (В.В. Воронкова бойынша). Білім алушылардың әрбір типологиялық тобы үшін педагог олардың мүмкіндіктеріне сәйкес оқу материалының мазмұнын, оқыту әдістері мен тәсілдерін, қызмет қарқынын таңдайды. Сараланған тәсіл оқытуды дараландырумен толықтырылады.

15. Оқу-танымдық және практикалық іс-әрекетке арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілігі оқушылардың, әсіресе 3 және 4 типологиялық топтардың танымдық белсенділігінің төмендігімен және жалпылама ойлау функцияларының әлсіздігімен байланысты. Мұғалім осы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастырады және бағыттайды, оларға қадамдық көмек көрсетеді.

16. Бағдарламаны іске асыру барысында білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту үшін мынадай жағдайлар жасалады:

1) нақты өмірлік жағдайларды имитациялау үшін компьютерлік модельдерді пайдалану, сондай-ақ оларды одан әрі түсіну үшін осы жағдайларды зерделеу;

2) практикалық мәселелерді шешу үшін мәтіндерді, кестелерді, кескіндерді өңдеу, аудио және бейнематериалдарды өңдеу үшін бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану;

3) белгілі бір тақырып бойынша бірлескен топтық жұмыс жүргізуге мүмкіндік беретін электронды құралдар арқылы материал жинау және тәжірибе алмасу;

4) тіршілікті қамтамасыз ету міндеттерін шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өз бетінше пайдалану.

17. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау ағымдағы (сабақ), мерзімді (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

18. Ағымдағы бақылау сабақта білім алушылардың қызметін бақылау, практикалық және өзіндік жұмыстарды, ұжымдық қызмет түрлерін талдау арқылы жүргізіледі. Әр сабақты (ағымдағы) бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагог пайдаланатын оқытудың мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Мұндай бақылау білім алушыларға қатысты ынталандырушы және тәрбиелік сипатта болады.

19. Мерзімді бақылау бағдарламалық тақырыпты, бөлімді зерттегеннен кейін жүзеге асырылады. Белгілі бір тақырып шеңберінде оқу материалын зерделеудің күтілетін нәтижелері әртүрлі типологиялық топтардың білім алушыларында бірдей болмайды.

20. Қорытынды бақылау тоқсанның, жылдың соңында жүргізіледі. Педагог білім алушылардың оқу жетістіктерін жеке карталарына еңгізеді, осы жерде оқушылардың меңгерген дағдыларды жүзеге асырудағы дербестік дәрежесі көрсетіледі.

21. Сабақ өткізу үшін сынып 2 топқа бөлінеді. Сабақтың теориялық бөлігі оқу кабинетінде өткізіледі. Практикалық дағдылар осы Бағдарламада көзделген дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті нақты заттарды, тамақ өнімдерін, жабдықтар мен тұрмыстық техниканы пайдалана отырып, арнайы үй-жайда қалыптастырылады.

### **3-тарау. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

#### **1-параграф. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің мазмұны**

22. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 6) 10-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты.

23. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Денсаулық";
- 2) "Киім, аяқ киім";
- 3) "Тамақтану";

- 4) "Тұрғын үй";
- 5) "Көлік, көше";
- 6) "Отбасы";
- 7) "Мерекелер мен рәсімдер";
- 8) "Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары".

24. "Денсаулық" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) дене гигиенасы;
- 2) дәрігерге дейінгі алғашқы көмек.

25. "Киім, аяқ киім" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) киім, аяқ киім, бас киім түрлері;
- 2) киімге, аяқ киімге күтім жасау.

26. "Тамақтану" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) азық-түлік өнімдері;
- 2) ас үй және асхана ыдыстары, техника;
- 3) тамақ дайындау және тамақтану.

27. "Тұрғын үй" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тұрғын үй-жайлардың түрлері;
- 2) тұрғын үйді жинау.

28. "Көлік, көше" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көлік құралдарының түрлері;
- 2) көліктегі және жолдағы тәртіп ережелері ;
- 3) қала бойынша жүріп-тұру бағыттары.

29. "Отбасы" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) отбасы құрамы;
- 2) отбасылық қатынастар;
- 3) Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары.

30. "Мерекелер мен рәсімдер" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) мерекеге дайындалу және өткізу, сыйлықтар, кәдесыйлар ресімдеу;
- 2) құттықтаулар.

31. "Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сауда кәсіпорындары;
- 2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі - ТКШ) кәсіпорындары;
- 3) қаржы кәсіпорындары;
- 4) тұрмыстық қызмет кәсіпорындары;
- 5) байланыс құралдары кәсіпорны;
- 6) мәдениет мекемелері, демалыс орындары.

32. 5-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Гигиена құралдарының мақсаты (сабын, шүберек, сүлгі). Жеке гигиена құралдарын пайдалану ережелері (сабын, жуғыш, сүлгі). Ұқыптылық дағдылары. Гигиеналық процедуралар алгоритмі. Соғып алғанда, мұрыннан қан кету кезінде алғашқы медициналық көмек. Жеңіл кесіп алған кезде, болмашы жарада, терісі сыдырылғанда алғашқы медициналық көмек. Жәндіктер шағып алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Киім, бас киімдер түрлері, олардың маусымдық мақсаты. Киім мен аяқ киімді жыл мезгілдеріне қарай ауыстыру; киімді мақсаты бойынша ажырату және саралау; сыртқы киім: пальто, күртке; қыздардың киімдері (көйлек, жемпір, юбка, жейде) және ұлдардың киімдері. Киім мен аяқ киімге ұқыпты қарау. Киімге ұқыпты қарау ережелері; киімге күтім жасау: құрғақ щеткамен тазалау, сақтау (сөрелерде, киім ілгіште). Киімді ұсақ жөндеу (түймелерді "тығыздап", "бос" тігу);

3) тамақтану. Азық-түлік және олардың адам денсаулығы үшін маңызы: өсімдіктен және жануарлардан алынатын тағамдар, азық-түлік, нан, ет, көкөністер, жемістер. Азық-түлік топтары (көкөністер, жемістер, жидектер, сүт, ұн, ет, балық өнімдері, жарма, кондитерлік өнімдер). Ас үй және асхана ыдыстары мен жабдықтары. Ас үй жабдықтары. Ас үй ыдыстарының, жылыту аспаптарының атауы және оларды пайдалану ережелері, тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Ыдыс-аяқ пен ас үй техникасын пайдалану ережелері. Мектеп асханасында үстелді орнату. Шай қайнату алгоритмі. Жұмыртқа тағамдарын дайындау (пісірілген жұмыртқа, омлет). Кесу құралдарымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері: жатақхана, пәтерлер, жеке үйлер. Тұрғын және қосалқы үй-жайлар. Тұрғын және қосалқы үй-жайлардың мақсаты мен нысаналы толтырылуы. Киіз үй құрылысының ерекшеліктері. Тұрғын үйді тазарту: күнделікті, мерзімді және жалпы. Еден жуу алгоритмі. Кілемдерді шаңсорғышпен тазалау алгоритмі;

5) Көлік және көше. Көлік құралдарының түрлері. Қоғамдық және жеке көліктің мақсаты. Қоғамдық көліктегі жолаушылардың тәртіп ережелері: жолаушыны көліктен отырғызу және түсіру ережелері. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. Жол қозғалысы мен жаяу жүргіншілердің мінез-құлқының негізгі ережелері. Үйден мектепке және кері қайту жолын зерттеу;

6) отбасы. Отбасы құрамы: әкесі, анасы, әжесі, атасы, ағалары, әпкелері. Әкесінің және анасының тегі, есімі және әкесінің есімі. Жақын туыстарының есімдерінің атауы (бауырлар, әпкелер, әжелер, аталар), олардың туыстық дәрежесі. Үлкен және кіші отбасы мүшелеріне сұрақпен, өтінішпен жүгіну түрлері. Отбасы мүшелерінің күнделікті өмірдегі міндеттері. Отбасылық дәстүрлер. Баланың жеке басын куәландыратын құжаттар (туу туралы куәлік);

7) мерекелер мен рәсімдер. Мемлекеттік мерекелер: Жаңа жыл, Халықаралық әйелдер күні. Діни мерекелер: Наурыз мейрамы, Масленица, Құрбан шалу, Ораза айт. Үлкендермен және құрдастарымен әдепті және сыпайы қарым-қатынас. Діни мерекелерді тойлау дәстүрлері. Дәстүрлі мерекелік тағамдарға арналған рецептілер. Құттықтау хатының мәтіні. Қазақтың ұлттық әдет-ғұрыптары: "Шілдеhana", "Қырқынан шығару", "Тұсау кесер", "Қырқынан шығару".

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Дүкендердің түрлері: шағын маркет, супермаркет, гипермаркет, сауда орталығы; арнайы дүкендер: киім, аяқ киім, кеңсе тауарлары, маталар; дүкендерден тауарларды сатып алу тәртібі. Дүкендердегі негізгі тағамдардың ассортименті мен құнын анықтау. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтеріне ақы төлеу. Банк – бұл дербес қаржы кәсіпорны. Жөндеу шеберханаларының түрлері. Жөндеу шеберханаларының қызметтерін пайдалану ережелері. Жөндеу шеберханаларының мақсаты. Кәсіпорындар байланыс құралдары. Поштаның мақсаты. Пошта бөлімшелеріндегі қызмет түрлері. Театрдың, кинотеатрдың, мұражайдың мақсаты. Қоғамдық орындарда тәртіп ережелері.

33. 6-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Шаш күтімі құралдары (тарак, щетка, сабын, сусабын). Шаш күтімі ережелері, шаш күтімі процедураларын орындау кезіндегі әрекеттердің реттілігі. Қолдар мен аяқтарға күтім жасау ережелері. Қолды жуу және тырнақ алу, тырнақ алудың жиілігі; тырнақты жууға арналған щетканы, тырнақ егеуішті пайдалану. Дәрі қобдишасы (сақтау орны). Дәрі қобдишасындағы заттарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шаралары;

2) киім, аяқ киім. Жыл мезгілдері бойынша киім, аяқ киім, бас киім түрлері, жыл мезгілдері бойынша киім, бас киім таңдау. Киімді жыл мезгілдері арасында шкафта сақтауға дайындау. Зығыр, жүн, жібек киімдерге, тоқылған киімдерге күтім жасау. Киімді қолмен жуу ережелері. Киімді сақтау үшін кептіру, үтіктеу және орналастыру ережелері. Кішкентай заттарды үтіктеу алгоритмі (орамалдар, үшкіл орамалдар, алжапқыштар, жастық қаптары, басқалары); үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері;

3) тамақтану. Азық-түлік. Азық-түлікті сақтау мерзімі. Өнімдерді сақтау орындарына, тоңазытқышқа орналастыру. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) тағамдарды, тамақтарды ажырату. Тамақ қалдықтарын, бүлінген өнімдерді тастау ережелері. Плитаны пайдалану ережелері (газ, электр). Плитамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы. Тоңазытқышқа күтім жасау. Көп өңдеуді талап етпейтін тағамды дайындау (макарон пісіру, сүтке және суға ботқа пісіру, картоп пісіру). "Винегрет" салатын дайындау ережелері. Мәзірді ескере отырып, кешкі асқа үстел жасау. Дастархан үстіндегі тәртіп мәдениеті мен сөйлеу әдебін сақтау ережелері;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері. Жеке және көп пәтерлі үйлер. Қаладағы, ауылдағы адамдардың тұрғын үйі. Жеке үйдің ауласындағы қосалқы ғимараттардың маңызы. Жиһазға күтім жасау (жылтыратылмаған, жылтыратылған, жұмсақ). Тұрғын үйді күнделікті және апта сайын тазалау. Пәтерде, үйде үй жануарларына күтім жасау;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Қалалық көлік түрлері (автобус, троллейбус, трамвай, метро). Арнайы машиналарды сыртқы түрі бойынша ажырату; жол белгілеріндегі белгілер. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. Қоғамдық көлікті пайдалану ережелері. Көліктен отырғызу және түсіру тәртібі. Қоғамдық көлікте жүру ережелері. Көліктегі тәртіп ережелері. Көліктен түскен кезде жолдан өту ережесі, көлікті айналып өту ережесі (трамвай, троллейбус, автобус). Жолдағы төтенше жағдайлардың себептері, төтенше жағдайдағы тәртіп сақтап ережелері;

6) отбасы. Отбасы құрамы. Өзінің, әкесінің, жақын туыстарының тегі мен есімдерінің және туыстық дәрежелерінің атаулары. Отбасылық қатынастар. Ата-аналарға үй шаруасында қолдан келгенше көмек көрсету; отбасы мүшелерінің еңбегін құрметтеу; қазақ халқының дәстүрлері бойынша үлкендерге құрмет көрсету ережелері мен түрлері. Баланың жеке басын куәландыратын құжаттар (туу туралы куәлік). ҚР азаматының жеке басын куәландыратын негізгі құжаттардың атауы (жеке куәлік, ЖСН);

7) мерекелер мен рәсімдер. Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік мерекелері (олардың күндері). ҚР мемлекеттік мерекелеріне орай бөлмелерді безендіру ережесі. Мерекелік дастархан жаю. Өз қолыңызбен ашық хаттар мен кәдесыйлар жасау. Құттықтау хатының мәтіні; үлкендерді, құрдастарды, өзінен кіші достарын ауызша құттықтау мәдениеті;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Дүкендердің түрлері: шағын маркет, супермаркет, гипермаркет. Арнайы дүкендер: киім, аяқ киім, кеңсе тауарлары, маталар. Дүкенде кезекте тұру ережелері. Дүкендердегі тауарлардың жарамдылық мерзімін анықтау. Дүкенде қажетті өнімді белгілері, таңбалары бойынша табу, сатушының көмегімен өнімдерді сатып алу. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ) қызметтеріне ақы төлеу. ТКШ кәсіпорындарының орналасқан жері. Қаржылық терминалдардың функционалдық мақсаты бойынша айырмашылығы. Фотоательенің мақсаты. Фотоателье қызметтері. Байланыс қызметтеріне ақы төлеу. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері.

34. 7-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Шаш күтімі өнімдері (сабын, сусабын). Шаш күтімі, шашты жуу ережелері. Жеке интимдік гигиена ережелері, кремдер, лосьондар, дезодоранттарды қолдану. Ванна, душ қабылдау жиілігін білу. Іш киімді жуу ережелері

, кірді қолмен жуу. Дәріхананың мақсаты. Ең жақын дәріхананың орналасқан жері; дәріхананың көрсеткіштер бойынша болуы, дәрілік заттарды сатып алу тәртібі. Дәріханада дәрі-дәрмек сатып алу кезінде сұрақ қою, өтініш білдіру ережелері;

2) киім, аяқ киім. Киім түрлері, оның мақсаты (үй және көше үшін). Адам денсаулығын сақтау үшін киімнің, аяқ киімнің, бас киімнің маңызы. Бас киімнің атаулары. Маусымға сәйкес бас киімді таңдау. Киімге күтім жасау ережелерін көрсететін шартты белгілер. Киімде көрсетілген шартты белгілерге қарап, киімге күтім жасау тәсілдерін анықтау. Киімді қолмен жууды, кептіруді, үтіктеуді орындау; үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі ереже;

3) тамақтану. Азық-түлік. Көкөніс, ет, балық өнімдерін алғашқы термиялық өңдеу әдістері. Көкөністерді қоймада, жертөледе сақтау ережелері. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) тағамдардың белгілері. Таңдалған мәзірді ескере отырып, түскі асқа дастархан жаю. Ас құралдарын пайдалану ережелері. Азық-түлікті тоңазытқышта сөрелерге қою. Түскі ас дайындау (тіскебасарлар, көкөністер мен балық және ет өнімдерінің бірінші және екінші тағамдары). Салқындатылған тағамдарды қыздыру ережелері. Дастархан басындағы өзін-өзі ұстау мәдениеті мен сөйлеу этикетінің ережелері;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері. Киіз үй құрылғысының ерекшеліктері (дөңгелек, бүктеуге оңай, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы). Жатын бөлменің мақсаты, жатын бөлмеге арналған жиһаз; пәтердегі, үйдегі бөлмелердің атауы мен мақсаты. Жиһаз, оның мақсаты (үстел, орындық, диван, шкаф, төсек). Тұрғын пәтердің бөлмелері, олардың мақсаты. Жатын бөлмені тазалау тәртібі. Перделер мен терезелерге күтім жасау. Жылу батареяларына күтім жасау (шаң сүрту, жуу). Шамдарға күтім жасау (шаң сүрту, жуу);

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Теміржол, автомобиль, әуе, су көлігі туралы жалпы түсініктер: жалпы түрі, жүру тәсілдері, жүру ережелері. Автовокзалдың мақсаты; негізгі қала маңындағы маршруттар, автовокзалдағы қосымша қызметтер. Автовокзал ғимаратында бағдарлау ережелері. Қалааралық автокөліктің мақсаты. Қалааралық автобустардың негізгі бағыттары. Сақтау камерасының мақсаты және пайдалану ережелері, қала маңындағы және қалааралық автобустарға отырғызу ережелері. Автобустардың жүру кестесінің, анықтамалық қызметтің мақсаты. Автовокзал кассасынан билеттерді сатып алу тәртібі. Жолаушыларға қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың еңбегі. Жүкті және қол жүгін жинау ерекшеліктері. Қала бойынша жүру бағыттары. Жолда жүру ережесі: көшеден "өткел" көрсеткіші бар жерлерден, жасыл бағдаршам жанған кезде өту; мектепке баратын жол (бағыт, көлік түрлері). Көлікте және жолда жүру ережелері;

6) отбасы. Отбасы құрамы. Тегі, есімі, әкесінің есімі, жақын туыстары, немере аға-інілері, олардың туыстық дәрежесі және туған күндері. Отбасылық қатынастар. Үй шаруасындағы тұрақты міндеттерді орындау, отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету,



тұрмыстық іс-әрекеттермен байланысты қарапайым тапсырмаларды орындау. Отбасын құру, отбасылық қарым-қатынас мәдениеті. Отбасылық бюджет (кіріс және шығыс). Отбасы табысының көзі, отбасы шығындарының негізгі баптары. Отбасылық бюджетті жоспарлау. Азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттар (туу туралы куәлік, жеке куәлік). ЖСН-ның мақсаты;

7) мерекелер мен рәсімдер: әртүрлі халықтардың діни мерекелері: "Құрбан айт", "Ораза айт", "Рождество", "Пасха", "Масленица". Діни мерекелерді тойлау дәстүрлері. Әртүрлі халықтардың дәстүрлі мерекелік тағамдары. Құттықтау хат мәтіні. Үлкендерді, құрдастарын, өзінен кішілерді ауызша құттықтау мәдениеті. Қазақ халқының мақал-мәтелдері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Ассортименті бойынша сауда кәсіпорындарының мақсаты (әмбебап және мамандандырылған). Өнеркәсіптік тауарлар дүкендері. Тауарлар сатып алу тәртібі. Өнеркәсіптік тауарлар дүкендерінің ассортименті. Жекелеген тауарлардың құны. Дүкеннен тауарлар сатып алу ережелері. Сатып алу құны. Дүкендегі тәртіп ережелері. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық кешеніне кіретін кәсіпорындар (электрмен, сумен, газбен, жылумен жабдықтау, канализация, лифт шаруашылығы). Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығының қызметтеріне ақы төлеу. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығы кәсіпорындарының тұрғылықты жері бойынша орналасқан жері. Коммуналдық қызметтерге (телефон, электр энергиясы) ақы төлеу. Қолма-қол төлемдер және ақшасыз есеп айырысу. Банкомат. Терминал. Киім тігетін ателье қызметтері, киімдерді жөндеу бойынша шеберхана. Шаштараз қызметтері. Пошта қызметтері (сәлемдемелер, бандерольдер). Спорт мекемелеріндегі тәртіп ережелері.

35. 8-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Денсаулықты сақтау және нығайту үшін дене шынықтыру мен спорттың маңызы, табиғи күштердің (күн, ауа және су) денсаулыққа пайдасы туралы түсінік; Дене шынықтыру сабақтары мен шынығудың реттілігі мен жүйелік қағидалары. Жеке гигиеналық заттарды пайдалану ережелері. Бет терісіне күтім жасау (бет терісін лосьонмен сүрту ережелері, крем жағу). Медициналық мекемелер (емхана, аурухана, жедел жәрдем қызметі). Дәрігерді үйге шақыру (телефонмен сөйлесу мәдениеті, дәрігерге өзінің қал-жайы туралы айта білу). Науқасқа үйден күтім жасау дағдылары. Күйік, үсік, күн өту, улану, бас ауруы кезінде алғашқы көмек көрсету ережелері);

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Киім базарынан және дүкеннен аяқ киім таңдау ерекшеліктері. Сатушымен қарым-қатынас жасау мәдениеті. Жай өлшеумен және есептеумен аяқ киімнің өлшемін анықтау. Дұрыс аяқ киім таңдау және сатып алу. Киімге, аяқ киімге күтім жасау. Киімді ұқыпты кию. Үзілген түйменің орнын анықтау, түймелерді қадау. Киім-кешекті жөндеуге дайындау. Киім-кешек

тігісінің сөгілген және жыртылған жерлерін жөндеу. Жіптерді түсі, қалыңдығы, сапасы бойынша матаға сәйкес таңдау. Матаны жыртылған немесе сөгілген тігісінен біріктіріп, қолмен қайып тігу. Жыртылған жиектерді жиі көктеумен біріктіру. Жамау салу. Сөгілген жерді нұсқаулық картаға сүйене отырып тігу және оларды орындау жұмыстарының реттілігі. Киім заттаңбаларындағы шартты белгілер. Затбелгімен танысып, ондағы мәліметтерді пайдалану арқылы жүннен және синтетикалық маталардан тігілген заттарды үй жағдайында жуу ережелері. Жейделерді, көйлектерді, шалбарларды үтіктеу ережелері мен дағдылары; үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жүннен және синтетикалық маталардан тігілген заттарды жуу, кептіру және үтіктеу ерекшеліктері мен дағдылары;

3) тамақтану. Тамақ дайындау гигиенасы. Қамырдың түрлері және қолдану мақсаты (үгілмелі, қатпарлы, бисквитті, құймақ қамыры). Қамырдан жасалатын бұйымдарды сақтау шарттары мен мерзімдері. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) өнімдерді анықтау. Қамырды дайындау үшін қолданылатын техника мен жабдық. Азық-түлік ұзақ сақтауға дайындау. Азық-түлік дайындауға арналған техникалық құралдар (консервілеуге арналған кілт, металл, капрон қақпақтар). Консервілеуге арналған ыдыстарды зарарсыздандыру. Көкөністерді, жеміс-жидектерді консервілеу. Қамырдан жасалатын бұйымдарды тұмшапеште және плитада дайындау (бауырсақ, құймақ, печенье, бәліш, кептірілген нан, торт пісіру). Аспаздық кітап. Рецептiлер қолдану. Дастарқан басындағы тәртіп пен сөйлеу әдебінің мәдениеті;

4) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері. Тұрғын және қосалқы үй-жайлар, үй-жайлардың үйдегі, пәтердегі функционалдық мақсаты. Жиһаз заттарын пәтерге, үйге орналастыру. Қонақ бөлменің (залдың) мақсаты; қонақ бөлмеге (залға) жиһаз орналастыру тәртібі. Киім-кешек заттары мен тұрмыстық заттарды сақтау ерекшеліктері. Тұрғын үйді тазалау. Пәтерді күнделікті, апталық, маусымдық тазалау. Асүйді, жуынатын бөлмені, дәретхананы тазалау. Жөндеуге дайындау. Косметикалық жөндеу. Құрылыс материалдарын сатып алу;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Вокзалдың және оның негізгі қызметтерінің мақсаты (анықтама, кесте, билет кассалары). Теміржол вокзалы ғимаратында бағдарлау ережелері. Поездардың жүру кестесінің бағыты. Вокзалдың анықтамалық және басқа да қызметтерін пайдалану. Жолаушылар вагондары түрлерінің атаулары (жалпы, плацкарт, жұмсақ) және билеттің тиісті құны. Теміржол жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың қызметі. Поездардың жүру кестесінің мәні; анықтама қызметі. Теміржол билеттерін сатып алу тәртібі (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру). Жүкті сақтау камерасына тапсыру және алу тәртібі. Жүкті және қол жүгін жинау ерекшеліктері. Теміржолдағы жол-көлік оқиғаларының түрлері. Жолаушылардың төтенше жағдайдағы тәртібі. Төтенше жағдайдан зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету. Көлікте, жолда жүру тәртібі. Қала көшелерінде жүру бағыттары. Жол жүру ережелері, көшеден дұрыс өту үлгілері. Жол ақысын төлеу.

Мектепке баратын жол (бағыт, көлік түрлері), мектепке дейін әртүрлі көлік түрлерімен барудың ең тиімді бағыты. Жолда бір көліктен екінші көлікке ауысып міну. Жаяу жүргінші жолы;

6) отбасы. Отбасы құрамы. Жақын туыстарының есімдері (аға-інілері, әпке-қарындастары, ата-әжелері); жақын туыстарын достары мен таныстарынан айыра білу. Отбасылық дәстүрлер. Отбасылық бюджет. Отбасының табыс көзі. Отбасылық қатынастар. Әрбір отбасы мүшесінің құқықтары мен міндеттері, кіші және егде жастағы отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету. Қазақстан Республикасы азаматының негізгі құжаттары (туу туралы куәлік, төлқұжат, білімі туралы құжат);

7) мерекелер мен рәсімдер. Әдет-ғұрыптық салттар (үйлену тойдың, бесікке салу, тұсаукесер салт-жоралары). Әртүрлі халықтар дәстүрлеріндегі мерекелер мен мейрамдарға дайындалу және оларды өткізу дағдылары мен қабілеті. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, өлеңдері мен әндері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Сауда үйі. Сауда үйіндегі тауарлар ассортименті. Сауда үйінің жұмыс режимі. Тауарларды сатып алу. Дүкендегі тәртіп ережелері. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық қызметінің ақысын төлеу. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылықтың орналасқан жері. Коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу. Ақшасыз есеп айырысу. Банкомат. Шаштараз, химиялық тазалау, кір жуу, жалға беру қызметтері. Газеттерге, журналдарға жазылу. Ақша аударымдары. Театр. Қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері. Театрға бару кезіндегі этикет ережелері.

36. 9-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Денсаулықтың адам өмірі мен қызметі үшін маңызы. Денені, шашты күту, қажетті гигиеналық процедураларды дербес орындау; жасөспірімнің жеке гигиенасы. Гигиеналық процедуралар (бас жуу, киім-кешекті ауыстыру, тырнақ алу). Жеке гигиеналық құралдарды таңдау. Аяқ киімге арналған ұлтарактар, гигиеналық төсеніштер, душқа арналған гельді қолдану. Алкогольдің, темекі шегудің, есірткі қолданудың зияны. Жұқпалы аурулар, оның алдын алу шаралары. Медициналық мекемелерге көмекке жүгіну ережелері. Науқасқа үйден күтім жасау. Жаншылу, мұрыннан қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Өз киімінің өлшемін білу; сатып алған кезде киімде болуы мүмкін ақаулар. Киімнің мөлшерін анықтау үшін өлшемдер алу. Киімге қажетті заттарды таңдау және өлшеу, оларды сатып алу. Киімге, аяқ киімге күтім жасау. Жүннен және синтетикалық маталардан тігілген киімге күтім жасау ерекшеліктері. Ұсақ дақтарды кетіру (нұсқаулықты қолдану). Киім мен аяқ киімді маусымдық сақтауға дайындау. Сүлгіге ілгішті тігу тәртібі. Кір жуғыш машинаны орнату және оны пайдалану ережелері. Кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Мақта-матадан тігілген киімдерді кір жуғыш машинамен жуу,

киімді кептіру. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын тазалау. Төсек-орын жаймасын үтіктеу тәртібі; үтіктелген киімді ұқыптап бүктеу, үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Қисық сырмаларды тігуді дұрыс және ұқыпты орындау;

3) тамақтану. Азық-түлік тағамдары. Әртүрлі топтағы тағамдардың айырмашылығы. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) өнімдердің айырмашылығы. Жарамсыз және бүлінген өнімдерді тастау. Шикілей, піскен түрде қолданылатын көкөністер. Таңғы, түскі, кешкі асқа дастарқан жаюдың реттілігі мен ережелері. Тамақтан кейін дастарқанды жинау. Тағамдарды рецептіге сүйене отырып дайындау реті (мұғалімнің нұсқаулары мен көрсетуі бойынша). Тамақ дайындау кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік ережелері. Ұлттық тағамдарды (палау, бауырсақ, қайнақша (вареник), тұшпара) дайындау. Аспаздық кітап, тағамды рецепт бойынша дайындау. Дастарқан басындағы әдеп ережелері;

4) тұрғын үй. Уақытша тұратын тұрғын үй-жайлар түрлері. Бөлменің мақсатын ескере отырып, пәтерге жиһазды орналастыру ережелері. Тұрғын үйді тазалау. Пәтерді (үйді) күнделікті, апта сайын, маусымдық тазалау. Ас үйді, жуынатын бөлмені, дәретхананы тазалау. Жөндеуге дайындық. Пәтерді косметикалық жөндеу;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Әуежайдың, аэровокзалдың мақсаты, оның негізгі қызметтері. Әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың қызметі. Әуежай мен аэровокзал ғимаратында бағдарлау ережелері. Анықтама қызметтерін, әуежай мен аэровокзалдың басқа да қызметтерін пайдалану. Сақтау камерасын пайдалану тәртібі. Ұшақтардың ұшу кестесінің мақсаты; анықтамалық қызмет. Ұшақтардың ұшу кестесінен хабардар болу. Әуе билеттерін сатып алу тәртібі (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру). Жүкті және қол жүгін ресімдеу тәртібі. Қала көшелерінде жүру бағыттары: базарға дейінгі, мектепке дейінгі, мектептен үйге дейінгі; дүкенге дейінгі, туысқанының үйіне дейінгі, бассейнге дейінгі (өз бетінше, ересектердің көмегімен) бағыттар. Такси қызметтері;

6) отбасы. Отбасы құрамы: өз отбасы мүшелерінің туыстық қатынастары (анасының, әкесінің аты-жөні). Отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін анықтау. Үй шаруашылығын жүргізу. Отбасылық қатынастар. Отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету. Отбасылық бюджет. Отбасындағы кішкентай бөбектерге күтім жасау түрлері (жуындыру, киіндіру, тамақтандыру). Күнделікті өмірдегі міндеттерді бөлу. Отбасындағы бос уақытты ұйымдастыру. Отбасылық дәстүрлер. Төлқұжат (төлқұжаттағы деректер, сериясы, нөмірі, ЖСН, кім және қашан берілген). Үй шаруашылығын жасауға белсенді қатысу, өз отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету;

7) мерекелер мен рәсімдер: әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі мерекелер мен мейрамдарға дайындалу және оларды өткізу дағдылары мен ептілігі, әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі үйлену тойы. Мерейтойлар, мерейлі күндер,

зейнеткерлікке шығарып салу. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері. Қазақ халқының үйлену тойына дайындалу және оны өткізу ерекшеліктері. Құттықтаулар. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, өлеңдері мен әндері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Әмбебап, мамандандырылған дүкендерден, базарлардан, дүңгіршектерден сауда жасау. Қаптамадан өнімнің жарамдылық мерзімін анықтау. Дүкендегі тәртіп ережелері. Үй басқармасы (пәтер иелерінің кооперативтері, мүлік иелерінің бірлестігі, қарапайым серіктестер). Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық қызметіне ақы төлеу. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылығының орналасқан жері. Салықтар. Салық түрлері. Ақшасыз есеп айырысу. Банкомат, терминал. Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары (фотоателье, шаштараз, шеберхана, кір жуу, химиялық тазалау). Жедел жәрдем қызметінің телефондары. Телефонмен сөйлесу мәдениеті. Такси шақыру. Асханаға, кафеге, мейрамханаға бару. Қоғамдық тамақтану мекемелеріндегі тәртіп мәдениеті. Мәдениет мекемелеріне бару кезіндегі тәртіп ережелері (театр, мұражай, көрме, саябақ)

37. 10-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) денсаулық. Дене гигиенасы. Денсаулықтың адам өмірі мен қызметі үшін маңызы. Денеге, шашқа өздігінен күтім жасау, қажетті гигиеналық процедураларды орындау; жасөспірімнің жеке гигиенасы. Гигиеналық процедуралар (бас жуу, киім ауыстыру, тырнақ алу). Жеке гигиеналық құралдарды таңдау. Алкогольдің, темекі шегудің, есірткі қолданудың зияны. Жаман әдеттермен күресу. Жұқпалы аурулар, олардың алдын алу шаралары. Медициналық мекемелерге көмекке жүгіну ережелері. Науқасқа үйден күтім жасау (киіндіру, жуындыру, науқасты тамақтандыру, қызуын өлшеу, қыша қағаздарын қою). Жаншылу, мұрыннан қан кету кезінде алғашқы көмек көрсету. Үйге дәрігер шақыру. Медбикенің, фельдшердің қызметтік міндеттері. Тері сыдырылғанда, жәндіктер шаққан кезде алғашқы көмек көрсету;

2) киім, аяқ киім. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері. Өз киімінің өлшемін білу; сатып алған кезде киімде болуы мүмкін ақаулар. Киімнің өлшемін анықтау үшін өлшемдер алу. Киімге қажетті заттарды таңдау және өлшеу, оларды сатып алу. Киімге, аяқ киімге күтім жасау. Жүннен және синтетикалық маталардан тігілген киімге күтім жасау ерекшеліктері. Ұсақ дақтарды кетіру (нұсқаулықты қолдану). Киім мен аяқ киімді маусымдық сақтауға дайындау. Сүлгіге ілгішті тігу тәртібі. Кір жуғыш машинаны орнату және оны пайдалану ережелері. Кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жүн, жібек, жасанды маталардан тігілген киімді кір жуғыш машинада жуу, киімді кептіру. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс орнын тазалау. Жүн, жібек, жасанды маталардан тігілген киімді үтіктеу тәртібі; үтіктелген киімді ұқыптап бүктеу, үтікпен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Әртүрлі материалдардан жасалған аяқ киімді күту. Тігіншінің функционалдық міндеттері;

3) тамақтану. Азық-түлік тағамдары. Әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарының айырмашылығы. Жарамды және жарамсыз (бүлінген) өнімдердің айырмашылығы. Бүлінген өнімдерді тастау. Шикі, піскен түрде қолданылатын көкөністер. Таңғы, түскі, кешкі асқа дастарқан жаюдың реттілігі мен ережелері. Тамақтанғаннан кейін үстелді жинау. Асүйлік, асханалық, шай ыдыстарын, асхана құралдарын, асүй аспаптары мен құралдарын, негізгі тұрмыстық асүй техникасын пайдалану ережелері. Тоңазытқышты еріту және жуу. Тағамдарды рецептке сүйене отырып дайындау реті (нұсқаулықпен және мұғалімнің көрсетуі бойынша). Тағам дайындау кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелер. Ұлттық тағамдар (палау, бешбармақ, қайнақша (вареник), тұшпара) дайындау. Аспаздық кітап. Дастарқан басындағы әдеп ережесі. Мерекелік мәзір. Асхана қызметкерінің функционалдық міндеттері;

4) тұрғын үй. Уақытша тұратын тұрғын үй-жайлардың түрлері. Жиһазды пәтерге бөлменің мақсатына сай орналастыру ережелері. Тұрғын үйді тазалау: кілемдерді, алашаларды, еден жабындарын тазалау. Пәтерді (үйді) күнделікті, апта сайын, маусымдық тазалау. Ас үйді, жуынатын бөлмені, дәретхананы тазалау. Жөндеуге дайындық. Пәтерді косметикалық жөндеу. Құрылыс материалдары. Айналарды, терезелерді таза ұстау. Жуғыш заттарды таңдау және сатып алу;

5) көлік. Көлік құралдарының түрлері. Әуежайдың, аэровокзалдың мақсаты, олардың негізгі қызметтері, әуежай мен аэровокзал ғимаратында бағдарлау ережелері. Ұшақтардың ұшу кестесінен хабардар болу. Анықтама қызметтерін, әуежай мен аэровокзалдың басқа да қызметтерін пайдалану. Әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың қызметі. Әуе билеттерін сатып алу тәртібі (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру). Жүкті және қол жүгін өткізу тәртібі. Сақтау камерасын пайдалану тәртібі. Көлікте және жолда жүру тәртібі. Жолда жүру ережелері. Көліктен түсіп, оны айналып өту ережелері. Төтенше жағдай кезіндегі тәртіп нормалары. Қала, қала маңы, қалааралық бойынша қозғалыс бағыттары. Такси қызметтері. Автобус, такси жүргізушісінің функционалдық міндеттері;

6) отбасы. Отбасы құрамы: отбасы мүшелерінің туыстық қатынастары (анасының, әкесінің аты-жөні, тегі). Отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін анықтау (ұлы немесе қызы, немересі немесе немере туыстары, ағасы, әпкесі). Үй шаруашылығын жасау. Отбасылық қатынастар. Отбасы мүшелеріне қамқорлық көрсету. Отбасы бюджеті: шығындардың негізгі баптары (тамақтану, тұрғын үйді күтіп-ұстау, киім мен аяқ киім, мәдени қажеттіліктер, туыстарына көмектесу). Бюджетті және отбасы құрамын ескере отырып, бір күнге, аптаға арналған шығыстарды жоспарлау. Тұрғын үйдің коммуналдық қызметтері үшін төлем жасау, оны төлеу тәртібі және мерзімі; электр және газ тарифтері, түбіртектерді толтыру. Үй шаруашылығында шығындарды үнемдеу ережелері. Отбасындағы кішкентай бөбектерге күтім жасау түрлері (жуындыру, киіндіру, тамақтандыру). Отбасы мүшелері арасында шаруашылық-тұрмыстық

міндеттерді бөлу. Отбасының бос уақытын ұйымдастыру. Отбасылық дәстүрлер. Отбасындағы қарым-қатынастың моральдық-этикалық нормалары. Әртүрлі отбасылық жағдайларды талдау. Мерекелермен құттықтау. Қонақ шақыру және оларды қарсы алу. Төлқұжат (төлқұжаттағы деректер, сериясы, нөмірі, ЖСН, кім және қашан берілген). Жұмысқа орналасу кезіндегі құжаттар;

7) мерекелер мен рәсімдер: әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі мерекелер мен мейрамдарға дайындалу және оны өткізу дағдылары мен ептілігі, әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі үйлену тойы. Мерейтойлар, мерейлі күндер, зейнеткерлікке шығарып салу. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлері. Қазақ халқының үйлену тойларына дайындалу және оны өткізу ерекшеліктері. Құттықтаулар. Сыйлықтар таңдау. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, өлеңдері мен әндері;

8) кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары. Әмбебап, мамандандырылған дүкендерден, базарлардан, дүңгіршектерден сауда жасау. Қаптамадан тауардың жарамдылық мерзімін анықтау. Дүкендегі тәртіп ережелері. Үй басқармасы (қарапайым серіктестік (ҚС), мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ)). Жөндеу жұмыстарын орындауға қызмет көрсететін компанияға өтінім. Салықтар. Салық түрлері. Салық салу мақсаттары. Ақшасыз есеп айырысу. Банкомат, терминал. Қызмет көрсету саласының кәсіпорындары (фотоателье, шаштараз, кір жуу, химиялық тазалау, жалға беру, киім тігу ательесі). Жедел (шұғыл) жәрдем көмек көрсету мекемелерінің телефондары. Такси. Асхана, кафе. Мейрамхана. Мейрамханада, кафеде дастарқан басында әңгімелесу. Мәдениет мекемелеріне келу кезіндегі тәртіп ережелері. Жұмыспен қамту мекемелері мен бөлімдері. Жұмысқа тіркеу. Жұмысқа орналасу үшін қажетті құжаттар, оларды құрастыру (өтініш, сауалнама, өмірбаян, өтінім, қолхат, баяндамалық жазба).

## 2-параграф. Оқу мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтаумен берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – Бағдарламаның бөлімі мен шағын бөлімін, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 6.2.1.4 кодтаудағы: "6" - сынып, "2.1" – шағын бөлім, "4" – оқу мақсатының нөмірі.

39. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай бөлімдер мен сыныптар бойынша берілген:

1) "Денсаулық" бөлімі:

Шағын бөлім	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	5. 1. 1. 1 гигиеналық құралдарды қолдану ережелерін орындау:	6. 1. 1. 1 шашқа күтім жасау (жуу, ш а ш кептіргішпен кептіру,	7. 1. 1. 1 шаш күтетін құралдарды қолдану сусабын, ш а ш қ а	8. 1. 1. 1 денсаулықты сақтау және нығайту ( салауатты өмір салты, жаттығу,	9. 1. 1. 1 дененің	10. 1. 1. 1 шаштың

	сабын, жөке, сүлгі, сусабын, қайшы	карапайым шаш үлгісін жасау)	арналған кондиционер)	денені шынықтыру, дұрыс тамақтану)	тазалығын қадағалау	тазалығын қадағалау
	5. 1. 1. 2 гигиеналық құралдардың мақсатын атау : сабын, жуғыш зат, сүлгі, сусабын, қайшы	6. 1. 1. 2 шаш күтетін құралдарды таңдау және сатып алу (сусабын, шашқа арналған кондиционер)	7. 1. 1. 2 жеке интимдік гигиеналық ережелерді сақтау	8. 1. 1. 2 табиғи күштердің (күн, ауа және су) денсаулыққа пайдасын атау	9. 1. 1. 2 қажетті гигиеналық процедураларды орындау (бас жуу,)	10. 1. 1. 2 қажетті гигиеналық процедураларды орындау (киім ауыстыру және жуу, тырнақ алу)
1.1. Дене гигиенасы	5. 1. 1. 3 дененің, шаштың тазалығын қадағалау	6. 1. 1. 3 аяқ-қолды күту ережелерін орындау	7. 1. 1. 3 ішкі киімді жуу	8. 1. 1. 3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды (сусабын, шашқа арналған кондиционер) қолдану, оларды дұрыс сақтау	9. 1. 1. 3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды (сусабын, шашқа арналған кондиционер, сабын, сүлгі) таңдау және қолдану, оларды дұрыс сақтау	10. 1. 1. 3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды (сусабын, шашқа арналған кондиционер, бет маскасы, қол кремі) таңдау және қолдану, оларды дұрыс сақтау
	5. 1. 1. 4 қажетті гигиеналық процедураларды орындау	6. 1. 1. 4 тырнақ алу ережелерін орындау	7. 1. 1. 4 ванна, душ қабылдау жиілігін атау	8. 1. 1. 4 бет терісіне күтім жасау ережелерін айту	9. 1. 1. 4 алкогольдің, темекі шегудің, есірткі қолданудың зиянын түсіндіру	10. 1. 1. 4 жаман әдеттермен күресу қажеттілігі туралы айту
					9. 1. 1. 5 жұқпалы ауруларды атау, олардың алдын алу шаралары туралы айту	10. 1. 1. 5 жыныстық жолмен берілетін және жұқпалы аурулардың қауіптілігін, олардың алдын алу шаралары туралы түсіндіру
	5. 1. 2. 1 жаншылу,			8. 1. 2. 1 медициналық мекемелерді (емхана,	9. 1. 2. 1 медициналық	



1.2. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	мұрыннан қан кету кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	6. 1. 2. 1 үй дәрі қобдишасын қолдану мақсатын айту	7. 1. 2. 1 дәріхананың мақсатын, ең жақын дәріхананың орналасқан жерін атау	аурухана, " жедел жәрдем " қызметі) атау, олардың қызметтерін пайдалану ережелері туралы білу	" мекемелерге медициналық көмек үшін жүгіну ережелерін атау	10. 1. 2. 1 медбикенің, фельдшердің қызметтік міндеттерін атау
	5. 1. 2. 2 тері сыдырылғанда, кішкене кесілгенде алғашқы көмек көрсету	6. 1. 2. 2 үй дәрі қобдишасын сақтау орындары туралы айту	7. 1. 2. 2 дәріханада дәрілік заттарды сатып алу тәртібін атау	8. 1. 2. 2 дәрігерге үйге қоңырау шалу, дәрігерге өзінің қал-жағдайы туралы айту, үйде науқасқа күтім жасау	9. 1. 2. 2 үйде күтім жасау ережелерін атау	10. 1. 2. 3 жаншылу, мұрыннан қан кету кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету
	5. 1. 2. 3 жәндіктер ( масалар, аралар) шаққан кезде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	6. 1. 2. 3 үй дәрі қобдишасын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шараларын атап шығу	7. 1. 2. 3 теріні кесіп алуда, сыдырып алуда, шағын тырналып калуда алғашқы көмек көрсету	8. 1. 2. 3 күй, үсік, күн өту, улану, бас ауруы кезінде алғашқы көмек көрсету	9. 1. 2. 3 жаншылған, мұрыннан қан кеткен кезде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	10. 1. 2. 3 тері сыдырылғанда, жәндіктер шаққан кезде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету

## 2) "Киім. Аяқ киім" бөлімі:

Шағын бөлім	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
2.1. Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	5. 2. 1. 1 киім, бас киім және аяқ киім түрлерін атау	6. 2. 1. 1 ұлдар мен қыздарға арналған әртүрлі маусымдарға арналған киімдерді атау ( күнделікті, мерекелік)	7. 2. 1. 1 аяқ киімнің түрлерін, қолдану мақсатын атау (ұлдарға-қыздарға, үйде кию-көшеде кию)	8. 2. 1. 1 дүкеннен киім мен аяқ киім іздеу, киім, аяқ киім сатып алу	9. 2. 1. 1 дүкеннен өз өлшеміндегі киім мен аяқ киімді табу	10. 2. 1. 1 дүкендегі киім өлшейтін бөлмені пайдалану, киім, аяқ киім сатып алу
	5. 2. 1. 2 киім мен аяқ киімді мақсатына қарай ажырату және саралау	6. 2. 1. 2 маусым бойынша киім таңдау	7. 2. 1. 2 аяқ киімнің, бас киімнің өлшемін атау	8. 2. 1. 2 аяқ киім мен киімнің өлшемін атау	9. 2. 1. 2 аяқ киім мен киімнің өлшемін атау	10. 2. 1. 2 киімнің мөлшерін анықтау үшін өзінің және жолдасының өлшемін алу
			7. 2. 1. 3 бас киімдердің түрлерін атау (ұлдар мен			

	5. 2. 1. 3 киімге және аяқ киімге ұқыпты қарау	6. 2. 1. 3 маусымдар арасындағы киімді сақтауға дайындау	кыздарға арналған) 7. 2. 1. 4 бас киімді маусымға, жағдайға сәйкес таңдау	8. 2. 1. 3 киімді таңдау үшін дүкендегі киім өлшейтін бөлмені пайдалану	9. 2. 1. 3 киімнің мөлшерін анықтау үшін өзінің және жолдасының өлшемін алу	кеңес алу немесе одан сыпайы түрде бас тарту 10. 2. 1. 4 тігіншінің, функционалды қ міндеттерін атау	
2.2. Киімге, аяқ киімге күтім жасау	5. 2. 2. 1 киім мен аяқ киімге күтім жасау	6. 2. 2. 1 зығырдан, жүннен, жібектен, жасанды матадан, трикотаждан тігілген киімге күтім жасау	7. 2. 2. 1 киімге күтім жасау ерекшеліктерін көрсететін шартты белгілерден ( символдардан ) хабардар болу	8. 2. 2. 1 киімге, күнделікті күтім жасау	9. 2. 2. 1 аяқ киімге күнделікті күтім жасау	10. 2. 2. 1 киімге, аяқ киімге күнделікті күтім жасау	
		6. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу	7. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу	8. 2. 2. 2 сөгілген тігісті нұсқаулық картаға сүйене отырып тігу	9. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу	10. 2. 2. 2 киімді қолмен жуу, кептіру үшін оны ілу	
		6. 2. 2. 3 шағын заттарды үтіктеу ( орамалдар, алжапқыштар, үшкіл орамалдар, жастық тыстары), оларды бүктеп, сақтауға қою	7. 2. 2. 3 шағын заттарды үтіктеу ( орамалдар, алжапқыштар, үшкіл орамалдар, жастық тыстары), оларды бүктеп, сақтауға қою	8. 2. 2. 3 заттаңбамен танысып, ондағы мәліметтерді пайдалану арқылы жүннен және синтетикалық маталардан тігілген заттарды жуу	9. 2. 2. 3 киімдегі жапсырмасын да шартты белгілерін түсіну	10. 2. 2. 3 кірді кір жуғыш машинамен жуу	
		5. 2. 2. 2 киімге ұсақ жөндеу жұмыстарын жүргізу ( түймелерді " қатты", "бос" тігу)		7. 2. 2. 4 үтікпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	8. 2. 2. 4 жейделерді, көйлектерді, шалбарларды тиісті реттілікпен үтіктеу	9. 2. 2. 4 төсек-орын жабдықтарын үтіктеу және ұқыпты жинау	10. 2. 2. 4 үй жағдайында киімдегі дақтарды нұсқаулыққа сүйене отырып, кетіру
			6. 2. 2. 4 үтікпен жұмыс істеу кезінде			9. 2. 2. 5 кір жуғыш	10. 2. 2. 5 киімді кептіру , үтіктеу, жұмыстан

		қауіпсіздік ережелерін сақтау	7. 2. 2. 5 бас киімдерді күту және сақтау ережелерін атап шығу	8. 2. 2. 5 үтікпен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	машинаны қолдана білу 9. 2. 2. 6 үтікпен, жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	кейін жұмыс орнын тазалау 10. 2. 2. 6 кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау
--	--	-------------------------------	--	--	--	--

### 3) "Тамақтану" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары						
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып	
3.1. Азық-түлік тағамдары	5. 3. 1. 1 азық-түліктің оқып үйренген топтарын ажырату (көкөністер, жеміс-жидектер, сүт, ұн, ет, балық өнімдері, жарма, кондитерлік өнімдер)	6. 3. 1. 1 өнімдерді сақтау мерзімдерінен хабардар болу	7. 3. 1. 1 көкөніс, ет, балық өнімдерін алғашқы термиялық өңдеу әдістерін атап шығу	8. 3. 1. 1. қамыр түрлерінің мақсатын түсіндіру (үгілмелі, қатпарлы, бисквитті, құймақ қамыры)	9. 3. 1. 1 әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарын ажырату	10. 3. 1. 1 әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарын ажырату	
		6. 3. 1. 2 азық-түлікті сақтау орындарына, тоңазытқышқа орналастыру	7. 3. 1. 2 көкөністерді қоймада, жертөледе сақтау ережелерін атап шығу	8. 3. 1. 2 қамырдан жасалған бұйымдарды сақтау шарттары мен мерзімдерін атау	9. 3. 1. 2 қолдануға жарамды тағамдарды ажырату	10. 3. 1. 2 қолдануға жарамды және бүлінген (жарамсыз) тағамдарды ажырату	
		6. 3. 1. 3 дайындалған тағамдарды сақтау ережелерін атау	7. 3. 1. 3 жарамды және жарамсыз (бүлінген) тағамдарды, азық-түлікті анықтау	8. 3. 1. 3 азық-түлікті артығымен дайындау туралы айту, дайындау әдістерін атау	8. 3. 1. 4 тамақ қалдықтарын және бүлінген өнімдерді, тағамдарды уақытында тастау	9. 3. 1. 3 тамақ қалдықтарын кәдеге жарату ережелерін орындау 9. 3. 1. 4 азық-түлікті сақтау мерзімдерін анықтау	10. 3. 1. 3 азық-түлікті тиісті сақтау орындарына орналастыру 10. 3. 1. 4 асхана жұмысшысының міндеттерін атау 10. 3. 1. 5 тамақ қалдықтарын кәдеге жарату ережелерін атап шығу

3.2. Асүй және асхана ыдыстары, техника	5. 3. 2. 1 асүй жабдықтарын ан, асүй ыдыстарынан, құрал-жабдықтарынан хабардар болу	6. 3. 2. 1 плитаны (газ, электр), қысқа толқынды пешті қолдану, олармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау	7. 3. 2. 1 таңдалған мәзірді ескере отырып, түскі ас дастарқанын жасау	8. 3. 2. 1 қамыр дайындау үшін тұрмыстық техниканы қолдану	9. 3. 2. 1 асүй ыдыстарды мақсатына сай қолдану	10. 3. 2. 1 асхана құралдарын, асүй құрал-жабдықтарын, негізгі тұрмыстық асүй құралдарын дұрыс қолдану
	5. 3. 2. 2 әртүрлі материалдардан жасалған ыдыс-аяқ пен асхана құралдарын күту (жуу, тазалау) және сақтау ережелерін пайдалану	6. 3. 2. 2 азық-түлікті тоңазытқыш сөрелеріне орналастыру ережелерін сақтау	7. 3. 2. 2 асхана құралдарын пайдалану ережелерін орындау	8. 3. 2. 2 азық-түлікті дайындауға арналған техникалық құрылғыларды қолдану (консервілеу кілті, темір, капрон қақпақтар)	9. 3. 2. 2 таңғы асқа дастарқан жаю	10. 3. 2. 2 түскі, кешкі асқа және мерекеге дастарқан жаю
	5. 3. 2. 3 мектеп асханасында дастарқан жаю	6. 3. 2. 3 тоңазытқышты қолдану және оны таза ұстау ережелерін сақтау	7. 3. 2. 3 азық-түлікті тоңазытқыш сөрелеріне қою	8. 3. 2. 3 консервілеуге арналған ыдыстарды зарарсыздандыру әдістерін атау	9. 3. 2. 3 тамақтанғаннан кейін үстелді жинау, ыдыс жуу	10. 3. 2. 3 тоңазытқышты еріту және жуу ережелерін орындау
	5. 3. 3. 1 шай демдеу ережелерін орындау	6. 3. 3. 1 тағамды кемінде термиялық өңдеумен дайындау (макарон пісіру, ботқаны сүтке және суға	7. 3. 3. 1 түскі ас дайындау (көкөністерден, балық және ет өнімдерінен, жартылай фабрикаттардан бірінші	8. 3. 3. 1 қамырдан жасалған бұйымдарды плитада және тұмшашпеште рецепт бойынша дайындау (	9. 3. 3. 1 ұлттық тағамдарды (палау, бауырсақ) дайындау	10. 3. 3. 1 ұлттық тағамдарды дайындау (палау, ет,

		пісіру, картоп пісіру, одан п ю р е дайындау)	және екінші тағамдар)	құймақ, печенье, торт пісіру)		қайнақша (вареник), тұшпара)
	5. 3. 3. 2 жұмыртқа тағамдарын дайындау (жұмыртқа пісіру, омлет пісіру)	6. 3. 3. 2 "винегрет" салатын дайындау	7. 3. 3. 2 тіскебасарлар дайындау	8. 3. 3. 2 көкөністерді, жеміс-жидектерді сақтау	9. 3. 3. 2 аспаздық кітаптан тағамдар рецепттерін іздеу	10. 3. 3. 2 аспаздық кітаптан үйрену, тағамды рецепт бойынша дайындау
3.3. Тамақ дайындау және тамақтану	5. 3. 3. 3 бутербродтардың түрлерін атап шығу және оларды қалай дайындау керектігін білу	6. 3. 3. 3 кесу құралдарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау	7. 3. 3. 3. суып қалған тағамдарды жылыту	8. 3. 3. 3 аспаздық кітаптан тағамдар рецепттерін іздеу	9. 3. 3. 3 тағамды дайындау кезінде рецепттерге сүйену	10. 3. 3. 3 мерекелік үстел мәзірін жасау
	5. 3. 3. 4 кесу құралдарымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау					
	5. 3. 3. 5 таңғы асқа дастарқан жаю	6. 3. 3. 4 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін және сөйлеу әдебін сақтау	7. 3. 3. 4 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін және сөйлеу әдебін сақтау	8. 3. 3. 4 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін және сөйлеу әдебін сақтау	9. 3. 3. 4 мәдениеттілік тәртібі ережелерін сақтау	10. 3. 3. 4 дастарқан басында сөйлеу әдебін сақтау
	5. 3. 3. 6 дастарқан басында мәдениеттілік тәртібі ережелерін және сөйлеу әдебін сақтау					

#### 4) "Тұрғын үй" бөлімі:

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	5. 4. 1. 1 тұрғын үй-жайлар түрлерін атау: жатақхана,	6. 4. 1. 1 жеке және көп	7. 4. 1. 1 киіз үй құрылысының ерекшеліктері туралы айту (дөңгелек, бүктеуге оңай	8. 4. 1. 1 киіз үйде киім мен тұрмыстық заттарды сақтау	9. 4. 1. 1 тұрғын үй түрлерінен хабардар болу; тұрғын және қосалқы	10. 4. 1. 1 тұрғын және қосалқы үй-жайлардың функционал

	пәтерлер, жеке үйлер	пәтерлі үйлерді ажырату	, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы)	ерекшеліктері туралы айту	үй-жайларды ажырату	ық мақсатын атау
4.1. Тұрғын үй-жайлар түрлері	5. 4. 1. 2 тұрғын үйді және көп пәтерлі үйлерді ажырату	6. 4. 1. 2 қаладағы, ауылдағы адамдардың тұрғын үйін ажырату	7. 4. 1. 2 жатын бөлменің мақсаты, жатын бөлмеге арналған жиһаз туралы айту	8. 4. 1. 2 тұрғын үй түрлерінен хабардар болу, тұрғын және қосалқы үй-жайларды ажырату, олардың функционалды және заттық мақсатын анықтау	9. 4. 1. 2 уақытша мақсаттағы үй-жайлардан хабардар болу	10. 4. 1. 2 жиһазды пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру
	5. 4. 1. 3 тұрғын және қосалқы үй жайлардың функционалды және заттық мақсатын анықтау	6. 4. 1. 3 ауылдағы үйлердің ауласындағы қосалқы құрылыстардың мәнін түсіндіру	7. 4. 1. 4 әр бөлмені және оның мақсатын жоспар бойынша сипаттау	8. 4. 1. 3 жиһаз бен интерьер заттарын пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру	9. 4. 1. 3 жиһаз бен интерьер заттарын пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру	10. 4. 1. 3 жиһазды пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру
	5. 4. 1. 4 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін атап шығу					
	5. 4. 2. 1 кілемді шансорғышпен тазалау ережелерін сақтау	6. 4. 2. 1 жиһазға күтім жасау (жылтыратылмаған, жылтыратылған, жұмсақ)	7. 4. 2. 1 жатын бөлмені күнделікті тазалауды орындау; терезелерді жуу	8. 4. 2. 1 пәтерді (үйді) күнделікті, апталық, маусымдық тазалауды орындау	9. 4. 2. 1 пәтерді (үйді) күнделікті, тазалауды орындау	10. 4. 2. 1 пәтерді (үйді) апталық, маусымдық тазалауды орындау
	5. 4. 2. 2 еденді еден жуғышпен жуу	6. 4. 2. 2 қонақ бөлмені күнделікті және аптасын тазалау (еденді, шаңды сүрту, терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту)	7. 4. 2. 2 терезелердегі перделерге күтім жасау	8. 4. 2. 2 жөндеуге дайындық қызметінің мәні, пәтерді, үйді косметикалық жөндеуді орындау тәсілдерін басшылыққа алу	9. 4. 2. 2 үйді жөндеуге дайындаудың мазмұнын білу	10. 4. 2. 2 үйді (пәтерді) косметикалық жөндеудің тәсілдерін білу

4.2. Тұрғын үйді тазалау	5. 4. 2. 3 жиһаз бетіндегі шанды сұрту	6. 4. 2. 3 пәтерде, үйде үй жануарларын а күтім жасау	7. 4. 2. 3 жылу батареяларын а күтім жасау (шанды сұрту, жуу)	8. 4. 2. 3 косметикалық жөндеу үшін құрылыс материалдарын сатып алу орындарынан хабардар болу	9. 4. 2. 3 косметикалық жөндеу үшін құрылыс материалдарын сатып алу орындарынан хабардар болу	10. 4. 2. 3 күрделі жөндеу үшін құрылыс материалдарын сатып алу орындарынан хабардар болу
			7. 4. 2. 4 шамдарға күтім жасау (сұрту, жуу)	8. 4. 2. 4 асүйді, жуынатын бөлмені, санитарлық торапты тазалауды жүзеге асыру (кафель плитканы, шұңғылшаны, газ/электр плиталарын жуу)	9. 4. 2. 4 асүйді тазалау (кафель плитканы, шұңғылшаны, газ/электр плиталарын жуу)	10. 4. 2. 4 жуынатын бөлмені, санитарлық торапты тазалау (кафель плитканы, шұңғылшаны, унитазды жуу); айналарды, терезені тазалау ережелерін орындау
			7. 4. 2. 5 үйді маусымдық тазалауды орындау	8. 4. 2. 5 айналарға күтім жасау	9. 4. 2. 5 бөлме гүлдеріне күтім жасау	10. 4. 2. 5 жуғыш заттарды таңдау және сатып алу
				8. 4. 2. 6 бөлме гүлдеріне күтім жасау		10. 4. 2. 6 бөлме гүлдеріне күтім жасау

### 5) "Көлік":

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	5. 5. 1. 1 қоғамдық және жеке көліктің мақсатын атап шығу	6. 5. 1. 1 арнайы машиналардың мақсатын атау	7. 5. 1. 1 автовокзалдың мақсатын түсіндіру	8. 5. 1. 1 теміржол вокзалының мақсаты және оның негізгі қызметтері туралы айту	9. 5. 1. 1 әуежайдың мақсаты мен оның негізгі қызметтерінің түсіндіру	10. 5. 1. 1 автовокзалдың, әуежайдың, теміржол вокзалының мақсатын атау
	5. 5. 1. 2 қоғамдық көлікпен жүргенде жолаушылардың міндеттерін орындау	6. 5. 1. 2 полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттерін атау	7. 5. 1. 2 негізгі қала маңындағы бағыттарды атап шығу	8. 5. 1. 2 теміржол жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың кәсіптерін атап шығу	9. 5. 1. 2 әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың еңбегі туралы айту	10. 5. 1. 2 әуе көлігі жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың кәсіптерін атап шығу

5.1. Көлік құралдарының түрлері

7. Мерекелер мен рәсімдер	7.1. Мерекеге дайындалу және оны өткізу, сыйлықтарды, кәдесыйларды безендіру	9.7.1.1 әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі үйлену тойлары туралы айту; 9.7.1.2 мерейтойлар, мерейлі күндер туралы айту; 9.7.1.3 түрлі оқиғаларды мерекелеуде қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін атау ("Бесік той", "Тұсау кесу тойы", "Сүндет той", "Тілашар" және т.б.); 9.7.1.4 қазақ халқының үйлену тойларына дайындалу және оны өткізу ерекшеліктерін атау
	7.2. Құттықтаулар	9.7.2.1 салтанатты іс-шаралар үшін құттықтау сөздерін дайындау; 9.7.2.2 мақал-мәтелдер, өлеңдер айту, қазақ халқының мерекелік әндерін орындау
4-тоқсан		
	3.1. Азық-түлік өнімдері	9.3.1.1 әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарын ажырату; 9.3.1.2 қолдануға жарамды өнімдерді ажырату;

3. Тамақтану		9.3.1.3 тамақ қалдықтарын кәдеге жарату ережелерін орындау
	3.2. Асүй және асхана ыдыстары, техника	9.3.2.1 асүй ыдыстарды мақсатына сай қолдану; 9.3.2.2 таңғы асқа дастарқан жаю; 9.3.2.3 тамақтанғаннан кейін дастарқанды жинау, ыдыс жуу
	3.3. Тамақ дайындау және тамақтану	9.3.3.1 ұлттық тағамдарды (палау, бауырсақ) дайындау; 9.3.3.2 аспаздық кітаптан тағамның рецепттерін іздеу; 9.3.3.3 тағам дайындау кезінде рецепттерден үйрену; 9.3.3.4 мәдениеттілік тәртібі ережелерін сақтау
1. Денсаулық	1.1. Дене гигиенасы	9.1.1.1 дененің, шаштың тазалығын өздігінен бақылау; 9.1.1.2 қажетті гигиеналық процедураларды орындау (бас жуу); 9.1.1.3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды таңдау және пайдалану, оларды дұрыс сақтау; 9.1.1.4 алкогольдің, темекі шегудің, есірткі қолданудың зиянын түсіндіру; 9.1.1.5 жұқпалы ауруларды атау, олардың алдын алу шаралары туралы айту
	1.2. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	9.1.2.1 медициналық мекемелерге медициналық көмекке жүгіну ережелерін атау, дәрігерді үйге шақыру; 9.1.2.2 үйде күтім жасау тәртібін атау; 9.1.2.3 жаншылғанда, мұрыннан қан кеткенде, тері сыдырылғанда, жәндіктер шаққанда, күйу, үсу, күн өту, тамақтан улану кезінде дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету

### 10-сынып:

Бөлімдер	Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан		
		10.2.1.1 дүкендегі киім өлшейтін бөлмені пайдалану, киім, аяқ киім сатып алу 10.2.1.2 киімнің мөлшерін анықтау үшін өзінің және жолдасының өлшемін алу;

2. Киім және аяқ киім	2.1. Киім, аяқ киім және бас киім түрлері	10.2.1.3 киім сатып алған кезде сатушы-консультанттан кеңес алу немесе одан сыпайы түрде бас тарту; 10.2.1.4 тігіншінің функционалдық міндеттерін атау
	2.2. Киімге, аяқ киімге күтім жасау	10.2.2.1 киімге, аяқ киімге күнделікті күтім жасау; 10.2.2.2 кірді қолмен жуу, жуылған кірді кептіру үшін ілу; 10.2.2.3 кірді кір жуғыш машинамен жуу; 10.2.2.4 киімдегі дақтарды нұсқаулыққа сүйене отырып, үй жағдайында кетіру; 10.2.2.5 кір жуғыш машинаны, жұмыстан кейін жұмыс орнын тазалау, киімді кептіру, үтіктеу; 10.2.2.6 кір жуғыш машинамен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелері
4. Тұрғын үй	4.1. Тұрғын үй-жайлардың түрлері	10.4.1.1 тұрғын және қосалқы үй-жайлардың функционалдық мақсатын атау 10.4.1.2 жиһазды пәтерге, үй-жайларға тиімді орналастыру 10.4.1.3 пәтерге, үй-жайларға жиһаз бен интерьер заттарын тиімді орналастыру
	3.2. Тұрғын үйді тазалау	10.4.2.1 пәтерді (үйді) апталық, маусымдық тазалауды орындау; 10.4.2.2 үйді (пәтерді) косметикалық жөндеудің тәсілдерін білу; 10.4.2.3 күрделі жөндеуге арналған құрылыс материалдарын сатып алатын жерлерден хабардар болу; 10.4.2.4 жуынатын бөлмені, санитарлық торапты тазалау (кафель плитканы, шұңғылшаны, унитазды жуу); айналарды, терезені тазалау ережелерін орындау; 10.4.2.5 жуғыш заттарды таңдау және сатып алу; 10.4.2.6 бөлме гүлдеріне күтім жасау
2-тоқсан		
		10.6.1.1 өзінің және отбасы мүшелерінің: әкесінің, анасының,

6. Отбасы	6.1. Отбасы құрамы	<p>әпкелерінің, ағаларының тегін, есімін, әкесінің есімдерін атау;</p> <p>10.6.1.2 отбасындағы өзінің әлеуметтік рөлін анықтау (немересі, ағасы, әпкесі);</p>
	6.2. Отбасылық қатынастар	<p>10.6.2.1 үй шаруашылығын жүргізуге белсенді қатысу;</p> <p>10.6.2.2 отбасының бір айға тамақтану және коммуналды қызметтерін төлеу шығындарды жоспарлау;</p> <p>10.6.2.3 отбасындағы кішкентай бөбектерге күтім жасаудың негізгі түрлерін орындау (жуындыру, киіндіру, тамақтандыру);</p> <p>10.6.2.4 өзінің үй міндеттерін орындау;</p> <p>10.6.2.5 отбасының бос уақытын ұйымдастыру тәсілдерінен, отбасылық дәстүрлерден хабардар болу;</p> <p>10.6.2.6 мерекелермен құттықтау;</p> <p>10.6.2.7 қонақтар шақыру және оларды қарсы алу;</p>
	6.3. Қазақстан Республикасы азаматының құжаттары	<p>10.6.3.1 өз жеке күәлігінен негізгі деректерді (серия, нөмір, ЖСН, кім берді және қашан берілді) атау және оларды көшіріп жаза білу;</p> <p>10.6.3.2 жұмысқа кірген кезде ұсынылатын құжаттарды атау;</p> <p>10.6.3.3 жұмысқа қабылдау туралы, өз еркімен жұмыстан босату туралы өтініш жазу;</p> <p>10.6.3.4 өмірбаян жазу, сауалнаманы жеке мәліметтермен толтыру</p>
3-тоқсан		
	8.1. Сауда кәсіпорындары	<p>10.8.1.1 әмбебап, мамандандырылған дүкендерден, базарлардан, дүңгіршектерден сатып алу;</p> <p>10.8.1.2 тауарлардың қаптамасындағы жазулардан тауардың өндіру мерзімін анықтау ;</p> <p>10.8.1.3 қаптамадан тауарлардың қызмет мерзімін, тауарды өндірушіні анықтау;</p> <p>10.8.1.4 тауарды сатып алғансоң қайтарымға алған артық ақшаны есептеу;</p>



8. Кәсіпорындар, мекемелер және байланыс құралдары		10. 8.1.5 дүкенде тәртіп ережелерін сақтау
	8.2. Тұрғын үй коммуналдық-шаруашылық кәсіпорындары	10.8.2.1 әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелер көрсететін қызметтерден хабардар болу; 10.8.2.2 үй басқармасы ұсынатын қызмет түрлерінен хабардар болу, жұмыстарды орындауға өтінім беру;
	8.3. Қаржы кәсіпорындары	10.8.3.1 салық түрлерін атау; 10.8.3.2 салық салу мақсаттарын түсіндіру; 10.8.3.3 банкоматты, терминалды пайдалану; 10.8.3.4 коммуналдық қызметтерге, ұялы байланысқа ақы төлеу (есептегіштердің көрсеткіштерін алу, төлем бланкілерін толтыру)
	8.4. Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары	10.8.4.1 тұратын ауданындағы жақын орналасқан халыққа қызмет көрсету саласындағы кәсіпорындар мен мекемелерден хабардар болу; 10.8.4.2 шаштараз, кір жуу, химиялық тазалау, пошта, жөндеу шеберханалары, жалға беру қызметі, фотоателье, киім тігу ательесі қызметтерін пайдалану;
	8.5. Байланыс құралдары кәсіпорындары	10.8.5.1 шұғыл көмек көрсету қызметіне: өрт сөндіру бөліміне, полицияға, жедел жәрдемге телефонмен хабарласу; 10.8.5.2 такси шақыру;
	8.6. Мәдениет мекемелері, демалыс орындары	10.8.6.1 қоғамдық орындарға, мәдениет мекемелеріне, демалыс орындарына барған кезде тәртіп ережелерін сақтау; 10.8.6.2 дастарқан басында асхана құралдарын, майлықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын қолдану; 10.8.6.3 асхана, кафе қызметкерлерімен қарым-қатынас жасау дағдыларын қолдану
		10.5.1.1 автовокзалдың, әуежайдың, теміржол вокзалының мақсатын атау; 10.5.1.2 әуе көлігінің жолаушыларына қызмет көрсетумен айналысатын адамдардың еңбегі туралы түсіндіру;

5. Көлік, көше	5.1. Көлік құралдарының түрлері	<p>10.5.1.3 кестеге қарап, белгілі рейс ұшағының ұшып шығу және келу уақытын анықтау;</p> <p>10.5.1.4 жер үсті және әуе көліктерінің анықтама қызметін пайдалана алу;</p> <p>10.5.1.5 әуе билеттерін сатып алу тәртібін түсіндіру (кассадан сатып алу, телефон арқылы тапсырыс беру);</p> <p>10.5.1.6 қол жүгін рәсімдеу тәртібін атау;</p> <p>10.5.1.7 жүк сақтау камерасын пайдалану тәртібін түсіндіру;</p> <p>10.5.1.8 өз үйінен автовокзалға, теміржол вокзалына, әуежайға дейінгі бағытты құрастыру;</p> <p>10.5.1.9 автобус жүргізушісінің, такси жүргізушісінің функционалдық міндеттерін түсіндіру</p>
	5.2. Көлікте және жолда жүру тәртібінің ережелері	<p>10.5.2.1 автовокзал мен темір жол вокзал ғимаратында арнайы көрсеткіштер мен ақпараттық табло туралы хабардар болу;</p> <p>10.5.2.2 кестені пайдалана отырып , пойыздар мен автобустардың жөнелту және келу уақытын анықтау;</p> <p>10.5.2.3 әуежай мен аэровокзалдың анықтамалық қызметтерін пайдалану.</p> <p>10.5.2.4 қоғамдық көліктен түскен кезде оны дұрыс айналып өту</p>
	5.3. Қала көшелерінде жүру бағыттары	<p>10.5.3.1 қалааралық қоғамдық көлікпен жүрудің ережелерін орындау;</p> <p>10.5.3.2 такси қызметін пайдалана білу</p>
7. Мерекелер мен рәсімдер	7.1. Мерекеге дайындалу және оны өткізу, сыйлықтарды, кәдесыйларды безендіру	<p>10.7.1.1 әртүрлі халықтардың дәстүрлеріндегі үйлену тойы;</p> <p>10.7.1.2 зейнеткерлікке шығарып салу;</p> <p>10.7.1.3 қазақ халқының түрлі оқиғаларды мерекелеудегі ұлттық дәстүрлері ("Сүндет той", "Тілашар" және т.б.);</p> <p>10.7.1.4 мерейтойларға, қазақтың ұлттық салт жораларына дайындалу және өткізу ерекшеліктері;</p>

	7.2. Құттықтаулар	10.7.2.1 құттықтау түрлерін және тиісті оқиғаға байланысты сыйлық таңдау ережелерін атау; 10.7.2.2 мақал-мәтелдер, өлеңдер айту, қазақ халқының мерекелік әндерін орындау
4-тоқсан		
3. Тамақтану	3.1. Азық-түлік өнімдері	10.3.1.1 әртүрлі топтағы азық-түлік тағамдарын ажырату; 10.3.1.2 қолдануға жарамды және бүлінген (жарамсыз) тағамдарды ажырату; 10.3.1.3 азық-түлікті тиісті сақтау орындарына орналастыру;
	3.2. Асүй және асхана ыдыстары, техника	10.3.2.1 асхана құралдарын, асүй құралдары мен аспаптарын, негізгі асүй техникасын дұрыс пайдалану ; 10.3.2.2 түскі, кешкі асқа және мерекеге дастарқан жаю; 10.3.2.3 тоңазытқышты еріту және жуу ережелерін орындау
	3.3. Тамақ дайындау және тамақтану	10.3.3.1 ұлттық тағамдарды дайындау (палау, ет, қайнақша (вареник), тұшпара) 10.3.3.2 аспаздық туралы кітаптарды қарау, рецепт бойынша тамақ дайындау; 10.3.3.3 мерекелік үстел мәзірін жасау;
1. Денсаулық	1.1. Дене гигиенасы	10.1.1.1 шаштың тазалығын қадағалау; 10.1.1.2 қажетті гигиеналық процедураларды орындау; 10.1.1.3 жеке гигиеналық заттар мен құралдарды таңдау және пайдалану, оларды дұрыс сақтау; 10.1.1.4 жаман әдеттермен күресу қажеттілігі туралы айту; 10.1.1.5 жыныстық жолмен берілетін және жұқпалы аурулар туралы, олардың алдын алу шаралары туралы түсіндіру;
	1.2. Дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету	10.1.2.1 медбикенің, фельдшердің қызметтік міндеттерін атау; 10.1.2.2 үйде науқасқа күтім жасау ; 10.1.2.3 жараланғанда, мұрыннан қан кеткен кезде, тері сыдырылғанда, жәндіктер шаққанда, күй, үсік, күн өткенде,

	тамақтан улану, бас ауруы кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету
--	---

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 529-қосымша

## **Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-6 сыныптар үшін "Жалпы еңбекке даярлау" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. "Жалпы еңбекке даярлау" пәні зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың мүдделері мен психофизикалық мүмкіндіктерін есепке ала отырып, оларды болашақ кәсіпті саналы түрде, өздігінен таңдауға дайындау мақсатында оқу жоспарына ендірілген.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің міндеттері:

1) жалпы еңбектік біліктер мен дағдыларды: үлгіні талдай білу, тапсырмада бағдарлау, алдағы әрекетті жоспарлау, еңбектің ағымды және соңғы нәтижелерін бақылауды қалыптастыру;

2) білім алушыларды тәртіп талаптарын сақтауға, сөйлеу тілін еңбек процесінде өзара әрекеттену үшін пайдалануға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, бұйымның барынша сапалы болуына қол жеткізуге үйрету;

3) еңбек әрекетінің уәждік деңгейін арттыру және еңбекке қажетті жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;

4) білім алушыларды еңбектің әр түрлі түрлеріне жататын жұмыстармен таныстыру

;

5) еңбек тәсілдеріне үйрету процесіндегі еңбектік қимыл дағдыларын қалыптастыру, үйретілетін технологиялық амалдарды орындауды меңгерту;

6) білім алушыларда ауызша және жазбаша нұсқауларды, көрнекіліктің әр түрлі түрлерін пайдаланумен бағдарлау икемділігін дамыту.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

4. Оқыту білім беру ұйымының мүмкіндіктеріне қарай бірнеше бағытта жүргізіледі. Әрбір еңбек түрі бойынша 5-6 сыныптарда орындауға жоспарланған жұмыс көлемі үлкен емес. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың қызығушылықтары, икемділіктері мен қабілеттері зерттеледі, әр білім алушымен келесі кезеңде кәсіптік оқыту еңбектің қандай түрінде жүргізілетіні анықталады.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мектеп әкімшілігі жергілікті жағдайға, бітірушілерді жұмысқа орналастыру мүмкіндігіне, білім беру ұйымының материалдық базасына сәйкес келетін еңбек түрлерін таңдайды, негізгі бағдарламалар мазмұнын нақтылайды немесе олардың үлгісінде қажетті еңбек түрлері бойынша жаңаларын әзірлейді.

6. "Жалпы еңбекке даярлау" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелерінің жүзеге асырылуы зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогикалық принциптерге негізделген.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Білім алушыларды оқытудағы түзете дамыту принципі баланың даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес ағзаның сақталған атқарымдары мен жүйесін тірек ете отырып құруды білдіреді. Түзете дамыту бағыттылық принципі оқу және оқыту әрекетін арнайы әдіс-тәсілдермен қамтамасыз етеді.

8. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі әрекеттік тәсілдеме принципі психологияның "жетекші әрекет" түсінігіне негізделеді. Заттық-тәжірибелік әрекет зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыны дамытудың, оқу және еңбек әрекетінің құрылымдық компоненттерін қалыптастырудың ерекше өтемдік құралы болып табылады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Саралау және жекелеу тәсілдеме принципі. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыға қатысты саралау және жекешелеу тәсілдеме бұзылыстары бір санаттағы білім алушылардың вариативтік

типологиялық ерекшеліктерінің барлығына шартты болады. Топтарға бөлу шартты және қозғалмалы түрде болады. Жекешелеу тәсілі саралау тәсілінің нақтыламасы болып табылады.

10. Арнайы педагогикалық басшылықтың қажеттілік принципі. Педагог білім алушылардың дамуының жалпы заңдылығын, сыныптағы әрбір білім алушының танымдық мүмкіндігін, арнайы педагогикалық көмек тәсілдерін біле отырып, білім алушылардың оқу-танымдық әрекетін ұйымдастырып қана қоймай, сонымен бірге, бұл процесті басқара алады.

11. Өткен материалдарды үнемі қайталау және бекіту қажеттілігі зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқыған білімі мен дағдыларын жылдам ұмытып қалатындықтарымен түсіндіріледі. Әр сабақта қайталау үшін уақыт бөлінеді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

12. Ақпараттық-коммуникациялық технология (бұдан әрі – АКТ) дамыту және түзету міндеттерін шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "құрастыруға" көмектесе отырып, арнайы білім беру педагогы үшін қажетті құралдардың арсеналын кеңейтеді. АКТ оқу процесінде білім алушылардың жұмысқа қабілеттілігін есепке ала отырып шамалап қолданылады.

13. Сабақтарда АКТ келесі мақсаттарда қолданылады:

1) көрнекілік пішіндегі және сөйлеу тілінің көмегімен қандай да бір заттық мазмұннан еркін өтіп, тікелей бақылаудан жасырын және кез келген қажетті күрделі белгілік пішіндегі танымдық нысандарды үлгілеу, бір тәсілден басқасына көшу;

2) зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушының өзінің әрекетін шынайы және кешеуілдетілген уақыт түзімінде талдауы үшін көзбен көруге болатын қосымша динамикалық тірек құру; топтық оқыту жағдайындағы жекеленген өнімдік әрекеттену мүмкіндігімен қамтамасыз ету; жекеленген сапалы оқыту мүмкіндігін кеңейту.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

14. Жалпы еңбекке даярлау сабақтарын ұйымдастыру және өткізу процесінде қажетті педагогикалық талаптар сақталады:

1) мұғалім Бағдарлама негізінде тапсырмаларды орындаудың күрделілік деңгейін, кезеңдерін ерекшелей отырып, өзі жүргізетін еңбек түрі бойынша үлгілік күнтізбелік жоспар әзірлейді; құрал-жабдықтарды, технологиялық құжаттарды, оларды орындауға арналған керек-жарақтарды таңдайды; еңбек тапсырмаларын немесе олардың кезеңдерін орындау бойынша критериялды бағалауды әзірлейді;

2) білім алушыларды оқыту ұйымдастырылатын кәсіптің кәсіби әрекеттің мазмұнына және мамандарға қоятын талаптарымен таныстырады. Мұғалім білім алушыларды осы кәсіп аясындағы заттармен, құралдармен, мақсаттармен, ережелермен, еңбек құралдарымен таныстырады;

3) диагностикалық сынақтама жүзеге асырылады. Сынақтаманы, оның мазмұнын және диагностикалық құндылығын таңдау негізделуге және психологтармен келісілуге міндетті. Диагностикалық сынақтаманы жүргізуге арналған нұсқау мұқият әзірленеді;

4) білім алушылардың кәсіптік икемін және олардың нақты осы әрекеттегі тәжірибесін анықтау. Бұл білім алушылардың қызығушылықтары, олардың білім деңгейі және мүмкіндігі, белгілі бір кәсіптік әрекет аясындағы тәжірибесі туралы түсінікті алуға; білім алушылардың күрделілік деңгейі әр түрлі тапсырмаларды орындауға дайындығын анықтауға мүмкіндік береді;

5) білім алушыларды әрбір еңбек түрі және оларды орындауды ұйымдастыру бойынша оқу жұмысының мазмұнымен таныстыру.

15. Жалпы еңбекке даярлау сабақтарының барысында білім берушілерге кәсіптік әрекеттердің нақты түрлері туралы негізгі мәліметтер беріледі; кәсіптік әрекеттердің әр түрлі түрлерінің негізгі элементтері үлгіленеді; олардың қандай да бір еңбек түрі бойынша тапсырмаларды орындауға деген дайындық деңгейі анықталады; оқу тапсырмаларын сапалы орындау үшін қажетті талаптармен қамтамасыз етіледі.

16. Сабақтарды аптасына 6 сағаттан оқу жылына жоспарлаған кезде негізгі бейін және қосымша еңбек түрі немесе еңбек түрлерін тоқсандар немесе апталар бойынша бөлу таңдалады.

17. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәні бір мезгілде бірнеше еңбек түрін қамтуды білдіреді.

18. Еңбекке оқыту бейіні білім алушының психофизикалық ерекшелігін, дәрігердің ұсынысын және мектептің мүмкіндігін есепке ала отырып, жеке анықталады.

19. Білім алушының кәсіби қызығушылығы, кәсіби шамасы немесе денсаулық мүмкіндігі болмаса еңбекке оқыту бейіні өзгереді.

20. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқуының табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

21. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың қол еңбегі бойынша оқу материалдарын меңгеру нәтижелерін бағалау нормасы мақсатты тұжырымдауға негізделген және білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру мен бағалауды ұйымдастырудағы бірінғай тәсілдемені жүзеге асыруға бағытталған.

**Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

22. Оқытудың деңгейлік мақсатты анықталған дағдыларды қалыптастырған тапсырмалар мен жаттығулар бағалау құралдары болып табылады.

23. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Бағдарламаны жүзеге асыру нәтижелері білім беру процесі барысында мұғаліммен сабақтарда тікелей бағаланады.

**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың нәтижелілігін бағалау ағымды (сабақтағы), мерзімдік (тақырыптық) және қорытынды бақылау түрінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

25. Ағымды бақылау сабақ барысында білім алушыларды бақылау, тәжірибелік және дербес жұмыстарды, әрекеттердің ұжымдық түрін талдау арқылы жүреді. Сабақ барысындағы бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін педагогтың пайдаланатын оқытудың мазмұны мен тәсілдерін түзету мақсатында жүргізіледі. Бұндай бақылау білім алушыларға қатысты ынталандыру және тәрбиелеу сипатында болады.

26. Мерзімдік бақылау жұмысы бағдарламалық тақырыпты, бөлімді өткеннен кейін жүргізіледі. Қорытынды бақылау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагогпен оқу жылы бойы бақылаған сыныптың әр білім алушысының даму және табыстылық динамикасы талқыланады.

27. Бағалау шараларының көмегімен алынған ақпарат педагогқа дағдылар мен икемділіктерді меңгеру процесінде туындаған қиындықтарды дер кезінде байқауға және сайма-сай бағалауға мүмкіндік береді. Педагог білім алушыларға жеке көмек көрсетудің мазмұны мен тәсілдерін дәйекті анықтайды.

28. Сапалы оқытуды және білім алушыларлы жалпы еңбекке тиімді дайындау үшін еңбек сабағының кабинеттері санитарлық-гигиеналық нормаларды есепке ала отырып, қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жарақтандырылады.

### **3-тарау. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

29. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 6 сағат, оқу жылында 204 сағатты құрайды.

30. "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Материалтану. Құралдар және жабдықтар";
- 2) 2-бөлім "Еңбек заттарын жасау технологиясы";
- 3) 3-бөлім "Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы";
- 4) 4-бөлім "Еңбек заттарын талдау және бағалау".

31. "Материалтану. Құралдар және жабдықтар" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды

:



- 1) еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер;
- 2) материалдарды, құралдар мен жабдықтарды талдау.

32. "Еңбек заттарын жасау технологиясы" бөліміне кіретін бөлімшелер:

- 1) ағаш ұстасы;
- 2) түптеу картонаждық іс;
- 3) тігін ісі;
- 4) слесарлық іс;
- 5) сылақ-майлау ісі;
- 6) аяқ киім ісі.

33. "Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) гүл өсіру және сәндік бағбаншылық;
- 2) аула тазартушы;
- 3) қызмет көрсетуші кіші қызметкер.

34. "Еңбек заттарын талдау және бағалау" бөліміне кіретін бөлімшелер:

- 1) еңбек заттарын талдау;
- 2) еңбек заттарын бағалау.

35. 5-сыныпқа арналған "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) берілген әрекет аясындағы сипат, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсінік; еңбек заттарының ерекшеліктері; еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамалары; кәсіби сынаманы орындау технологиясы; техникалық терминология; құралдар және оларды қолдану ережелері; шеберханада, мектеп жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде тәртіп ережелері және санитарлық-гигиеналық талаптары:

ағаш кесіндісін шектегіші бар стуслода белгі бойынша кесу технологиясы: қолданысы, негізгі техникалық сипаттамасы, стусломен және қол арамен жұмыс ережелері, ағаш ұстасы құралдарын жұмысқа дайындау, ағашты кесу;

қалта мен хатқалтаны жасау технологиясы: өлшеуіш сызғыштың және оның қимаулігісінің көмегімен хатқалтаның жаймасын белгілеу, жайманы кесіп алу, бүйір және төменгі бөлігін жинастыру және желімдеу, пошта бұйымдарын қысу, есептеу және дайын бұйымдарды бандерольдау;

сәндік тігістерді орындау технологиясы: тамбурлық, ілмекті; қаңылтыр қораптарды жасау (сызба бойынша белгілеу, шеттерін бүгу, өткір жиектерін қайыру);

ағаш бұйымдарды майлы бояу, сулы құраммен сыланған жазықтықты бояу технологиясы.

36. 6-сыныпқа арналған "Жалпы еңбекке даярлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) орындалатын жұмыстың сипатына байланысты жалпы теориялық мәліметтер; еңбек заттарының ерекшеліктері; тапсырмада үлгі, сурет және технологиялық карта

бойынша бағдарлау; еңбек заттарын жасаған кезде материалдардың қасиеттері; терминдер мен технологиялық операциялардың атаулары:

зерттелген операцияларды орындау және орындалатын әрекеттің алгоритмының технологиясы;

бұйым бөліктерін дөңгелек кесінділерден жасау технологиясы;

қаптама мен құжаттарға арналған қорап жасау технологиясы;

бір бөлікті бұйымдарды (қалталы жастық тысы, спорттық аяқ киімге арналған дорба ) орындау технологиясы;

жабындық болаттан қоқысқа арналған қалақша жасау технологиясы;

әр түрлі шаруашылық жайлардың қабырғаларын жөндеген кезде сылау және бояу әрекеттерінің технологиясы.

37. Осы бағдарламадағы оқу материалын сынып (тоқсан) бойынша шамамен бөлінген, мұғалім білім алушылардың меңгеру ерекшелігін ескере отырып, оқу материалын бір сыныптан келесі сыныпқа (бір тоқсаннан келесі тоқсанға) ауыстыруға құқылы. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушының жеке қарқында, көлемде дамуға және оқу материалын меңгеруге құқысын жүзеге асыра отырып, мұғалім әр тақырыпты меңгеруге қажетті сағат санын өздігінен анықтайды. Әр сыныптағы оқу алдында өтілген материалды қайталаудан басталады.

**Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

#### 4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

38. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолдануға, мониторинг өткізуге тиімді болу үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгідегі бірінші сан білім беру кезеңін, екінші сан бөлімді, үшінші сан оқу мақсатының реттік нөмерін көрсетеді. Мысалы, 5.2.2.1 кодындағы "5" – сынып, "2.2" – бөлімше, "1" – оқу мақсатының реттік саны.

39. Оқыту мақсатының жүйесі:

1) 1-бөлім "Материалтану. Құралдар және жабдықтар":

1-кесте

Оқыту мақсаттары		
Бөлімше	5-сынып	6-сынып
	5.1.1.1 өзін Қазақстан азаматы ретінде сезіну; 5.1.1.2 берілген әрекет аясындағы сипаты, мазмұны; жеке тұлғалық және кәсіби қасиеттерге қойылатын талаптар туралы жалпы түсініктің болуы;	6.1.1.1 өзінің Отаны үшін мақтаныш сезімін білдіру; 6.1.1.2 орындалатын жұмыстың сипатына байланысты жалпы теориялық мәліметтері болу; 6.1.1.3 өзінің жеке ерекшеліктерін кәсіби талаптармен салыстыру; 6.1.1.4 еңбек заттарының ең бір маңызды ерекшеліктерін түсінуін және білімін көрсету;

1.1 Еңбек заттары туралы жалпы мәліметтер	<p>5.1.1.3 мұғалімнің көмегімен еңбек заттарының ерекшеліктерін зерделеу және анықтау;</p> <p>5.1.1.4 еңбек материалдарының қасиеттері мен сипаттамаларын зерделеу;</p> <p>5.1.1.5 кәсіби сынаманы орындау технологиясын меңгеру;</p> <p>5.1.1.6 техникалық терминологияны түсіну және өзінің сөйлеу тілінде пайдалану;</p> <p>5.1.1.7 үйретілген операцияларды орындау технологиясын; орындалатын әрекеттердің алгоритмін ұстану</p>	<p>6.1.1.5 өзінің жұмыс орнын өздігінен ұйымдастыру;</p> <p>6.1.1.6 тапсырмада үлгі, сурет және технологиялық карта бойынша бағдарлау;</p> <p>6.1.1.7 жоспар бойынша жұмыс істеу, әрекеттердің орындалу тәртібін сақтау, нұсқауды дұрыс және дәл орындау;</p> <p>6.1.1.8 еңбек заттарын жасаған кезде материалдардың қасиеттерін есепке алу;</p> <p>6.1.1.9 терминдер мен технологиялық операциялардың атауларын түсіну және сөйлеу тілінде пайдалану</p>
1.2 Материалдарды, құралдарды және жабдықтарды талдау	<p>5.1.2.1 материалдарды, құралдарды және жабдықтарды және оларды тәжірибелік сынама үлгісінде пайдалану ережелерін зерделеу;</p> <p>5.1.2.2 құралдардың атауларын және қолданысын түсіну, мұғалімнің көмегімен жұмыс үшін қажетті материалдар мен құралдарды таңдай білу;</p> <p>5.1.2.3 шеберханада, мектеп жанындағы үлескедегі жұмыс кезінде тәртіп ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды ұстану;</p> <p>5.1.2.4 жұмыс орнын ұйымдастыру;</p> <p>5.1.2.5 құралдармен және жабдықтармен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін ұстану;</p> <p>5.1.2.6 белгілеу тәсілдерін (қимаульгі, сызғыш, циркуль, бұрыш көмегімен) қолдану</p>	<p>6.1.2.2 еңбек құралдарын пайдалану және құралды орындалатын операцияға сәйкес тиімді таңдай білу;</p> <p>6.1.2.3 шеберханада жұмыс кезінде тәртіп ережелерін және санитарлық-гигиеналық талаптарды; құралдармен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін ұстану;</p> <p>6.1.2.4 белгілеу тәсілдерін (қимаульгі, сызғыш, циркуль, бұрыш және арнайы кәсіби құралдардың көмегімен) қолдану;</p> <p>6.1.2.5 үйретілген операцияларды орындау технологиясын; орындалатын әрекеттердің алгоритмін ұстану;</p> <p>6.1.2.6 жасалатын бұйымның қолданысын түсіну;</p> <p>6.2.1.7 жазбаша және ауызекі нұсқауларды оқу және түсіну, жұмыс барысында сұрақтар мен жауаптарды тұжырымды етіп айта білу</p>

## 2) 2-бөлім "Еңбек заттарын жасау технологиясы":

### 2-кесте

Оқыту мақсаттары:		
Бөлімшелер	5-сынып	6-сынып
	<p>5.2.1.1 аралау түрлерін ажырату</p> <p>5.2.1.2 ағаш кесіндісін шектегіші бар стуслода белгі бойынша кесу технологиясын меңгеру; қолданысы, негізгі техникалық</p>	<p>6.2.1.1 ағаштың құрылысын және ағаш түрлерінің қасиеттерін білу; бұйым бөліктерін дөңгелек кесінділерден жасау технологиясын меңгеру</p>

<p>2.1 Ағаш ұстасы</p>	<p>сипаттамасы, стусломен және қол арамен жұмыс ережелері, ағаш ұстасы құралдарын жұмысқа дайындау, ағашты кесу, тегіс бетін құмқағазбен өңдеу</p> <p>5.2.1.3 білдекте тесік тесуді меңгеру</p> <p>3.2.1.4 қатар сызықтарды белгілеуге үйрену</p> <p>5.2.1.5 жақ тәрізді арамен аралау техникасын меңгеру</p> <p>5.2.1.6 сүргімен бақылау сызғышпен және бұрышпен жону техникасын меңгеру</p> <p>5.2.1.7 қарындашпен белгі салу және сызғышпен және бұрышпен бақылауды жүзеге асыру</p> <p>5.2.1.8 бөліктерді бұрама шегенің көмегімен біріктіру</p> <p>5.2.1.9 тесігі бар кесек ағаштан салғыш жасау</p> <p>5.2.1.10 шегенің және бұрама шегенің көмегімен жинауды жүзеге асыру</p> <p>5.2.1.11 ағашты "Күйдіру" техникасымен көркемдеп әшекейлеу техникасын меңгеру</p>	<p>6.2.1.2 сүргімен жону, рейсмуспен белгілеу дағдыларын бекіту</p> <p>6.2.1.3 ағашта геометриялық ойма сурет салу техникасын меңгеру</p> <p>6.2.1.4 кесіндінің жарты ағашына бұрыштап кіріге біріктіруді орындау</p> <p>6.2.1.5 қисық сызықты аралауды орындау, қисық сызықты кесіндінің шеттерін өңдеу</p> <p>6.2.1.6 бұрғылауды орындау</p> <p>6.2.1.7 тесіп өткен және бітеу тесіктерді ұңғылауды орындау</p> <p>6.2.1.8 ағаштардың негізгі түрлерінің қасиеттерін ажырату</p> <p>6.2.1.9 аралау дағдыларын бекіту</p> <p>6.2.1.10 кесінділерді айкастырып, бұрыштап, таңба сияқты біріктіруді орындау</p> <p>6.2.1.11 тесіп өткен тесіктерді ұңғылауды орындау</p> <p>6.2.1.12 қисық сызықты аралауды орындау</p> <p>6.2.1.13 қисық сызықты кесіндінің шеттерін өңдеу</p> <p>6.2.1.14 асүйлік керек-жарақтарды жасау бойынша жұмыстарды орындау</p>
<p>2.2 Түптеу картонаждық іс</p>	<p>5.2.2.1 дайындық тапсырмаларын: еркін тақырыпқа сурет салу, суреттерді бояу, өсімдік тектес оюдың суретін салу, геометриялық пішіндерді белгілеу, пышакпен және қайшымен пішіп алуды орындау</p> <p>5.2.2.2 құттықтау ашық хатын сурет–сызбы бойынша жасау технологиясын меңгеру</p> <p>5.2.2.3 қалта мен хатқалтаны жасау технологиясын меңгеру: өлшеуіш сызғыштың және оның қимаүлгісінің көмегімен хатқалтаның жаймасын белгілеу, жайманы кесіп алу, бүйір және төменгі бөлігін жинастыру және желімдеу, пошта бұйымдарын қысу, есептеу және дайын бұйымдарды бандерольдау;</p> <p>5.2.2.4 қарапайым сызбылар мен эскиздерді оқу және орындау</p> <p>5.2.2.5 қағаздарды іріктеп, бүгу және сыммен тігу</p>	<p>6.2.2.1 қалтасы, бауы бар папкаларды жасау</p> <p>6.2.2.2 блоктарды біріктіру тәсілдерін ажырату</p> <p>6.2.2.3 бұйым жасағанда қағаздың қасиеттерін падалану</p> <p>6.2.2.4 бүктеу тәсілдерін ажырату;</p> <p>6.2.2.5 әр түрлі жұмыс құралдарын пайдалану</p> <p>6.2.2.6 бұйымның негізгі пішінін ерекшелеуге тырысу, бір негізгі пішіннен екінші негізгі пішінге көшу (бүктеу арқылы шаршыдан үшбұрыш жасау)</p> <p>6.2.2.7 симметрия туралы қарапайым түсінік болу</p> <p>6.2.2.8 кестелер мен көрнекілік құралдарды жапсыруды орындау</p> <p>6.2.2.9 мұқабасы қатты жиектелген қойын дәптер жасау</p>

	<p>5.2.2.6 түптеу жұмыстарын орындау</p> <p>5.2.2.7 беті таза заттарды жасау</p> <p>5.2.2.8 баулы папкаларды жасау</p>	<p>6.2.2.10 қаптама мен құжаттарға арналған қорап жасау</p>
2.3 Тігін ісі	<p>5.2.3.1 қол жұмысына арналған құралдар мен құрылғыларды пайдалану</p> <p>5.2.3.2 өсімдік текті талшықты маталардың (сиса, сәтен) қасиеттерімен танысу</p> <p>5.2.3.3 қол тігістерін орындау</p> <p>5.2.3.4 сәндік тігістерді (тамбурлық, ілмекті) орындау</p> <p>5.2.3.5 бұйымдарды (тұқым салуға арналған дорба) қол тігістерін қолдана отырып жасау</p> <p>5.2.3.6 сәндік қол тігістерімен (тамбурлық, сабақты) кестелеу техникасын меңгеру</p> <p>5.2.3.7 шытыра моншақпен және пайетқамен кестелеу (белгі бойынша) техникасын меңгеру</p> <p>5.2.3.8 табиғи көлемдегі (майлық) сызба құру техникасын меңгеру</p> <p>5.2.3.9 киімдерді қол тігісін пайдалана отырып жөндеу</p> <p>5.2.3.10 үтікпен жұмыстағы қауіпсіздік техникасының ережелерін орындау</p>	<p>6.2.3.1 жануар текті талшықтан жасалған маталардың (жібек, жүн) қасиеттерімен танысу</p> <p>6.2.3.2 жұмысты қол тігістерін пайдалана отырып орындауды жалғастыру</p> <p>6.2.3.3 бұйымдарды қол тігістерін және кесте немесе жапсырмақұрақ түріндегі әшекейді пайдалана отырып жасау</p> <p>6.2.3.4 сәндік тігістермен нобай бойынша кестелеу</p> <p>6.2.3.5 сызба бойынша аяқас тігіспен кестелеу</p> <p>6.2.3.6 киімді жөндеуді торлап жамау және жапсырмақұрақпен жамау техникасымен орындау</p> <p>6.2.3.7 қол жетекті және аяқ жетекті тігін машинкасының құрылысымен танысу</p> <p>6.2.3.8 тігін машинкасын жұмысқа дайындау (жоғарғы және төменгі жіптерін салу)</p> <p>6.2.3.9 тігін машинкасымен жұмыс тәсілдерін меңгеру</p> <p>6.2.3.10 машина тігістерін орындау</p> <p>6.2.3.11 машина тігістерін меңгеру (қайып тігу, ашық қиықты бүгілген тігіс және жабық қиықты бүгілген тігіс)</p> <p>6.2.3.12 бір бөлікті бұйымдарды (қалталы жастық тысы, спорттық аяқ киімге арналған дорба) орындау</p>
	<p>5.2.4.1 сымның (алюминий, жез, болат) қасиеттерімен танысу</p> <p>5.2.4.2 сыммен жұмысқа арналған құралдармен және аспаптармен (темір сызғыш, үшкір тістеуік, тістеуік, сымды майыстыруға арналған жақтау) танысу және жұмыс тәсілдерін меңгеру</p> <p>5.2.4.3 слесарлық құралдармен жұмыс ережелерін білу және орындау</p>	<p>6.2.4.1 слесарлық шеберханадағы жұмыс ережелерін білу және орындау</p> <p>6.2.4.2 5-сынып бағдарламасы бойынша сыммен және қаңылтырмен жұмыстарды орындау</p> <p>6.2.4.3 слесарлық құралдармен және аспаптармен жұмыстағы қауіпсіздік техникасы ережелерін білу және орындау</p>

2.4 Слесарлық іс

<p>5.2.4.4 дайындаманың ұзындығын сызғышпен белгілеу</p> <p>5.2.4.5 сыммен тәжірибе жұмыстарын (үзіп алу, майыстыру, бұрау, жалпайту) орындау</p> <p>5.2.4.6 ақ және қара қаңылтырдың қасиеттерімен (кесіледі, майысады) танысу</p> <p>5.2.4.7 қаңылтырмен жұмысқа арналған құралдармен және аспаптармен (сызғыш, темір кесетін қол қайшы, ағаш балға, жатық егеу, слесарлық қысқыш) танысу және жұмыс тәсілдерін меңгеру</p> <p>5.2.4.8 жұқа темірді белгілеген және кескен кездегі қауіпсіздік ережелерін білу және орындау</p> <p>5.2.4.9 қаңылтыр қораптарды жасау бойынша жұмыстарды (сызба бойынша белгілеу, шеттерін бүгу, өткір жиектерін қайыру) орындау</p> <p>5.2.5.9 бұйымды жатық егеумен және құмқағазбен тегістеп өңдеу</p> <p>5.2.5.10 дөңес және ойыс пішінді жазық бөліктерді қимаулы бойынша белгілеп кесіп алу</p> <p>5.2.5.11 бөліктерде тесік тесу</p> <p>5.2.5.12 бөліктерді қалпағы жасырын тойтарма шегемен біріктіру</p> <p>5.2.5.13 жұқа қабатты темірмен жұмыс</p>	<p>6.2.4.4 сызба бойынша бөліктерді жазықтық белгілеу және өңдеуді орындау</p> <p>6.2.4.5 бөліктерді қалпағы жартылай дөңгелек тойтарма шегемен біріктіру</p> <p>6.2.4.6 тақтада шабуды орындау</p> <p>6.2.4.7 қисық сызықты жиекті кесіп алуды орындау</p> <p>6.2.4.8 жазық қаңылтырды кесуді орындау</p> <p>6.2.4.9 бұйымды технологиялық карта бойынша орындау</p> <p>6.2.4.10 бөліктерді қалпақтары жасырын тойтарма шегемен біріктіру</p> <p>6.2.4.11 тәжірибе жұмыстарын орындау: қайырылған жері бойынша жырашық орындау, аспаптың өзегінде сақиналап майыстыру, жуандығы 1,5 – 2,0 мм болат қапсырманы қысқышта және жақтауда майыстыру, қалыңдығы 5 мм дейінгі болат тілкем мен тілімдерді майыстыру</p> <p>6.2.4.12 майыстырудың бақылау мөлшері мен дұрыстығын үлгі және бұрыштама бойынша тексеруді жүзеге асыру</p> <p>6.2.4.13 жабындық болаттан қоқысқа арналған қалақша жасау</p> <p>6.2.4.14 2 мм болаттан ағаш бұйымдарын бекітуге арналған бұрыштамалар жасау</p> <p>6.2.4.15 дайын бұйымды үлгімен салыстыру арқылы бағалау</p>
<p>5.2.5.1 сылақшы мамандығы туралы негізгі мәліметтерді білу</p> <p>5.2.5.2 сылақ жұмыстарын орындауға арналған материалдар туралы түсініктер болу</p> <p>5.2.5.3 майлы бояудың қасиеті және құрамы (қою және пайдалануға дайын) туралы түсініктер болу</p> <p>5.2.5.4 майлы бояуды жұмысқа дайындау техникасын меңгеру</p> <p>5.2.5.5 сулы бояу құрамы (қасиеті, құрамы) туралы мәліметтер болу</p> <p>5.2.5.6 сулы бояу құрамын қолдану техникасын меңгеру</p> <p>5.2.5.7 колер туралы қысқаша мәліметтер болу</p>	<p>6.2.5.1 5-сынып бағдарламасы бойынша бояу жұмыстарын орындау</p> <p>6.2.5.2 бояу жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін білу және орындау</p> <p>6.2.5.3 жақсартылған сылақ сипаттамасымен танысу</p> <p>6.2.5.4 қарапайым сылақты жақсартылған сылақтан ажырату</p> <p>6.2.5.5 сылақ жұмысына арналған құралдарды (темір күрекше, қалақша, әндеме, жартылай әндеме) атау және пайдалану</p> <p>6.2.5.6 сылақ жұмысына арналған ерітінді қоспаны дайындау</p>

<p>2.5 Сылақ-майлау ісі</p>	<p>5.2.5.8 бұрын боялған беттерді тазартуды жүзеге асыру</p> <p>5.2.5.9 бояу түрлерін анықтауға (сыныптағы, мектеп жайларындағы, үйдегі) жаттығу</p> <p>5.2.5.10 жаққыш (қолмен жаққыш, айналма жаққыш, қолдану және олардың күтімі) туралы мәліметтер болу</p> <p>5.2.5.11 бояу кезінде жұмыс орнын ұйымдастыру</p> <p>5.2.5.12 жазықтықтың бояуға дайындығын анықтау</p> <p>5.2.5.13 сылақтың негізгі кемшіліктері туралы түсініктер болу</p> <p>5.2.5.14 жай сылаудың негізгі амалдарын меңгеру</p> <p>5.2.5.15 ағаш бұйымдарды майлы бояумен жай ғана бояуды орындау ;</p> <p>5.2.5.16 сулы құраммен сыланған жазықтықты бояу</p> <p>5.2.5.17 темір заттарды құрамында су жоқ бояумен бояуға дайындау техникасын меңгеру</p>	<p>6.2.5.7 иісі бойынша эмаль бояуын майлы бояудан ажырату</p> <p>6.2.5.8 орындалған жай сылақтың үлгісі бойынша жұмыста бағдарлау</p> <p>6.2.5.9 жай сылақты орындау мерзімін анықтау</p> <p>6.2.5.10 жамылғыны орындау мерзімін анықтау</p> <p>6.2.5.11 жамылғыны әндемемен (темір немесе ағаштан жасалған) жағу</p> <p>6.2.5.12 оқу қалқандарына бүрку, бояу және жамылғы жағу әрекеттерін орындау</p> <p>6.2.5.13 үлгіге бағдарлай отырып сылау және бояу әрекеттерін орындау</p> <p>6.2.5.14 үлгімен салыстыра отырып, орындалған жұмыс сапасын бағалау</p> <p>6.2.5.15 әр түрлі шаруашылық жайлардың қабырғаларын жөндеген кезде сылау және бояу әрекеттерін орындау</p>
	<p>5.2.6.1 аяқ киім тігуші кәсібі туралы негізгі мәліметтер болу</p> <p>5.2.6.2 аяқ киімнің беткі жағы былғары туралы қарапайым түсініктер болу</p> <p>5.2.6.3 аяқ киім тігуге арналған былғарының негізгі қасиеттерімен танысу</p> <p>5.2.6.4 бұйым бөліктерін бекітуге арналған материалдармен (капрон жіп, балауыз) және олардың қасиеттерімен танысу</p> <p>5.2.6.5 былғарыдан бұйым жасауға арналған құрылғылармен және құралдармен (верстак, түзу буз, ілмек біз, тебен ине) жұмыс техникасын меңгеру</p> <p>5.2.6.6 бізбен жұмыстағы қауіпсіздік техника ережелерін білу және орындау</p>	<p>6.2.6.1 5-сынып бағдарламасы бойынша терімен жұмысты орындау</p> <p>6.2.6.2 былғары бөліктерін бекіту материалдарымен (капрон және кендір жіптер, балауыз және қарамай) таныстықты жалғастыру</p> <p>6.2.6.3 тігіс түрлері (қол тігісі, торлау тігісі) туралы қарапайым мәліметтер болу</p> <p>6.2.6.4 қатты және бос тігіс туралы түсініктер болу</p> <p>6.2.6.5 тесетін құралдармен (біз, жіп салғыш, қол тігін инесі) жұмыстағы қауіпсіздік ережелерін орындау</p> <p>6.2.6.6 былғары түрлерімен (табиғи және жасанды былғары) танысу</p> <p>6.2.6.7 аяқ киім тігу өнеркәсібінде қолданылатын желім түрлерімен (синтетикалық желім, ерітілген желім, казеин желімі, аяқ киімді үй жайында жөндеу жұмысына арналған желім) танысу</p>

2.6 Аяқ киім ісі	<p>5.2.6.7 былғарымен жұмыс кезіндегі сызғышпен және бұрыштамамен жұмыс техникасын меңгеру</p> <p>5.2.6.8 үлгі бойынша тапсырмаларда бағдарлау</p> <p>5.2.6.9 тапсырмаларда заттық технологиялық карта көмегімен бағдарлау</p> <p>5.2.6.10 дайындамаға суретті өлшеу құралдарының (сызғыш, үшбұрыш) көмегімен түсіру</p> <p>5.2.6.11 бізбен тесік тесу</p> <p>5.2.6.12 бұйымды жіппен біріктіру</p> <p>5.2.6.13 сағатқа бау жасау</p> <p>5.2.6.14 таракқа қаптама жасау</p> <p>5.2.6.15 көзілдірікке қаптама жасау</p> <p>5.2.6.16 жасалған бұйымдарды мұғалімнің көмегімен талдау</p> <p>5.2.6.17 үлгі бойынша бұйымның жасалуын бақылауды көз мөлшерімен және өлшеу құралдарының көмегімен орындау</p>	<p>6.2.6.8 аяқ киім бөліктері және олардың қолданысы туралы түсініктер болу</p> <p>6.2.6.9 аяқ киімді жасау үшін қолданылатын материалдар ( былғары, резенке, қатырмақағаз) туралы түсініктер болу</p> <p>6.2.6.10 аяқ киімнің мезгілдік және қолданысы бойынша түрін анықтау</p> <p>6.2.6.11 аяқ киім бөліктерін жасау</p> <p>6.2.6.12 жұмысты мұғалімнің түсіндірмесі мен тәжірибе жүзінде көрсеткенінен кейін жоспарлау;</p> <p>6.2.6.13 аяқ киімді ұсақ жөндеу жұмысына дайындау</p> <p>6.2.6.14 аяқ киімнің желімдеу арқылы біріктіру тәсілімен орындалатын ұсақ жөндеу жұмысын меңгеру</p> <p>6.2.6.15 тапсырмада үлгі және техникалық суреттер бойынша бағдарлау</p> <p>6.2.6.16 аяқ киімді жөндеу жұмысына дайындау бойынша жалпы жұмыс жоспары туралы айту</p> <p>6.2.6.17 жұмыс үшін қажетті құралдарды таңдау</p> <p>6.2.6.18 дайын бұйымды үлгімен немесе жұбымен салыстыру арқылы бағалау</p>
------------------	--	--

### 3) 3-бөлім "Қызмет көрсету еңбек дағдыларын меңгеру технологиясы":

#### 3-кесте

Оқыту мақсаттары		
Бөлімше	5-сынып	6-сынып
	<p>5.3.1.1 гүлдік өсімдіктер, олардың сан алуандығы, сәндік қасиеті туралы түсінік болу</p> <p>5.3.1.2 топырақ және гүлдерді өсіруге арналған экологиялық талаптар туралы түсінік болу</p> <p>5.3.1.3 мәдени және жабайы өсетін гүлдік өсімдіктерді ажырату</p> <p>5.3.1.4 жергілікті жерде ең бір кеңінен тараған гүлдік өсімдікті атау</p>	<p>6.3.1.1 5-сыныпта өткен материалдарды қайталау</p> <p>6.3.1.2 гүлбақшадағы жұмысқа арналған құралдарды күту</p> <p>6.3.1.3 гүлбақшадағы гүлдеп болған бір жылдық өсімдіктерді алып тастау</p> <p>6.3.1.4 жерасты бөлігін қазып алып, келесі жылдың көктеміне дейін сақталатын өсімдіктерді ажырату</p> <p>6.3.1.5 гүлбақшадағы күзгі жұмыстарды жүзеге асыру</p>



3.1 Гүл өсіру және сәндік бағбаншылық

<p>5.3.1.5 гүлбақшада және бөлмеде өсірілетін гүлдік өсімдіктермен танысу</p> <p>5.3.1.6 гүлдік өсімдіктердің тұқымын жинау</p> <p>5.3.1.7 бір жылдық тұқымдары ірі гүлдік өсімдіктер түрін (қырмызыгүл, настурция, барқытгүл) атау</p> <p>5.3.1.8 гүлдік өсімдіктердің жемісінің және тұқымының піскен белгілерін байқау</p> <p>5.3.1.9 кейбір өсімдіктердің жемістері мен тұқымдарының пісуін жеделдету тәсілдері (тамырларын зақымдамай аудару) туралы түсінік болу</p> <p>5.3.1.10 тұқым жинау тәсілдерін, жинағаннан кейін тұқымды кептіру және сақтау тәсілдерін меңгеру</p> <p>5.3.1.11 тұқымы бар кеуіп қалған жемісті жинау немесе сабақтың бір бөлігімен кесіп алу</p> <p>5.3.1.12 жемістерді қатырмақағаздан жасалған қораптарға салу және кептіру үшін сөреге орналастыру</p> <p>5.3.1.13 жемістері піспеген кейбір өсімдіктерді тамырынан кесіп алып, тұқымы піскенше желдетілетін жайға іліп қою</p> <p>5.3.1.14 гүлбақшадағы жерді қазу</p> <p>5.3.1.15 гүлбақшаны тұқым себуге, көшет отырғызуға дайындау</p> <p>5.3.1.16 гүлбақшаны мезгілдік тазарту, жолды түскен жапырақтардан тазарту</p> <p>5.3.1.17 гүлбақшадағы жұмысқа арналған құралдарды күту</p> <p>5.3.1.18 бөлме өсімдіктерін күту: суғару, құнарландыру</p> <p>5.3.1.19 бөлме өсімдіктеріне арналған топырақтық қоспа дайындау</p>	<p>6.3.1.6 гүлбақшаның территориясын өсімдік қалдықтарынан тазарту</p> <p>6.3.1.7 болу керекті түсініктер: атыз, қазу тереңдігі</p> <p>6.3.1.8 күректің құрылысын, топырақты қазу тәсілдерін, жұмыс қалпын, қауіпсіздік техникасын білу</p> <p>6.3.1.9 бірінші атызды қазу техникасын, жерді берілген тереңдік бойынша қазуды меңгеру</p> <p>6.3.1.10 бөлме өсімдіктеріне арналған топырақтық қоспамен танысу, оның сапасына, құрылымдық бөліктеріне, сақтауға қойылатын талаптар</p> <p>6.3.1.11 бақшалық немесе шымды жерді дайындау үшін жер таңдау</p> <p>6.3.1.12 дайындалатын топырақты қазу және босату</p> <p>6.3.1.13 топырақты сақтау орнына тасу</p> <p>6.3.1.14 қара шіріндіні дайындау, мұғалімнің көрсетуі бойынша қара шірікті топырақпен араластыру</p> <p>6.3.1.15 бөлме өсімдіктерінің қоректену қажеттіліктері (жарық, жылу, топырақ пен ауаның белгілі бір ылғалдылығы) туралы жалпы түсініктер болу</p> <p>6.3.1.16 бөлме өсімдіктерін суғару ережелері мен тәсілдерін білу</p> <p>6.3.1.17 өсімдікке құйылатын судың температурасын қадағалау</p> <p>6.3.1.18 сауыттағы топырақтың ылғалдылығын анықтау (ұстап көру)</p> <p>6.3.1.19 біржылдық және көпжылдық гүлдік өсімдіктер туралы түсініктер болу</p> <p>6.3.1.20 қыстап қалатын көпжылдық гүлдік өсімдіктер туралы түсініктер болу</p> <p>6.3.1.21 қыстап қалатын көпжылдық гүлдік өсімдіктердің күтімін жүзеге асыру (мұғалімнің басшылығымен).</p>
<p>5.3.2.1 әр түрлі кәсіптің қажеттілігін сезіну</p> <p>5.3.2.2 қарапайым қызмет көрсету кәсібін білу</p>	<p>6.3.2.1 5-сыныпта өткен материалды қайталау</p> <p>6.3.2.2 аула тазартушының қысқы арнайы киімінің ерекшеліктерін білу</p>

<p>3.2 Аула тазартушы</p>	<p>5.3.2.3 тазалау жұмысына арналған арнайы киімді ажырату: түрі, қолданысы, құрылысы, ұқыптылықпен ұстау</p> <p>5.3.2.4 шаруашылық құралдарымен (сыпыртқы, күрек, тырма, қалақ, зембіл), олардың құрылысымен, қолданысымен танысу</p> <p>5.3.2.5 сыпыртқыны, күректі, тырманы, қалақты, зембілді қолдана білу</p> <p>5.3.2.6 қатты жабыны бар жолдарды сыпыру;</p> <p>5.3.2.7 қоқысты үю, қоқысты тасымалдау</p> <p>5.3.2.8 көгалды жинастыру: бұтақтарды және бөгде заттарды жинастыру; тырмамен тырмалау, көгалды тазарту</p> <p>5.3.2.9 спорт алаңдарын және мектеп айналасындағы үлескелерді жинастыру</p> <p>5.3.2.10 жинастыру құралдарын тазарту және сақтау орындарына орналастыру</p>	<p>6.3.2.3 қыс мезгілінде тазартуға арналған құралдарды (көшпелі қозғалтқыш, қырғыш, сүймен, қар тазартуға арналған күрек) білу және пайдалана білу</p> <p>6.3.2.4 шаруашылық құралдарымен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін білу және орындау</p> <p>6.3.2.5 жолдың жабындысын бұзбайтын тазарту тәсілдерін меңгеру</p> <p>6.3.2.6 қатты мұздың ауа температурасына тәуелділігін түсіну</p> <p>6.3.2.7 жолдарды қардан тазарту</p> <p>6.3.2.8 мұзды ою және жинау</p> <p>6.3.2.9 қарды және мұзды арнайы бөлінген жерге үю</p> <p>6.3.2.10 жинастыру құралдарын тазарту және сақтау орындарына орналастыру</p> <p>6.3.2.11 территорияның жиналған үлгісі бойынша бағдарлау</p> <p>6.3.2.12 орындалған жұмыстың сапасын және орындау дәйектілігін ұжымдық талдау</p>
	<p>5.3.3.1 әр түрлі кәсіптің қажеттілігін сезіну;</p> <p>5.3.3.2 қызмет көрсетуші еңбегінің қарапайым кәсібін білу;</p> <p>5.3.3.3 жинастыру жұмыстарына арналған арнайы киімдерді (халат, алжапқыш, үшкіл орамал) пайдалану, оларды ұқыпты ұстау, күту және сақтау;</p> <p>5.3.3.4 қағазбен және қатырмақағазбен жұмыс: "Тұрғын бөлме", "Мектеп" макеттері мен жапсырмақұрақты, ашық қорапты жасау;</p> <p>5.3.3.5 қол тігістерін пайдалана отырып, жиһазды сүртуге арналған майлық орамалды тігу;</p> <p>5.3.3.6 орамалдың қиылған шеттерін қол тігісімен өңдеу</p> <p>5.3.3.7 киімді жөндеу, сыртқы киімдердің түймелерін, ілгегін қадау</p> <p>5.3.3.8 электр үтікті меңгеру, қолданысы, күтімі және пайдалану ;</p>	<p>6.3.3.1 5-сыныпта өткен материалды қайталау;</p> <p>6.3.3.2 орамалдарды тігу үшін пайдаланылатын маталарды атау;</p> <p>6.3.3.3 қол жетекті және аяқ жетекті тігін машиналардың құрылысымен танысу;</p> <p>6.3.3.4 тігін машинасын жұмысқа дайындау (жорғарғы және төменгі жіптерін салу);</p> <p>6.3.3.5 тігін машинасымен жұмыс тәсілдерін меңгеру;</p> <p>6.3.3.6 машшина тігістерін орындау;</p> <p>6.3.3.7 машина тігістерін меңгеру (қайып тігу, ашық қиықты бүгілген тігіс және жабық қиықты бүгілген тігіс);</p> <p>6.3.3.8 қол орамалын, үшкіл орамалды тігуді орындау;</p> <p>6.3.3.9 матаны екі қабаттап ұстағыш тігу, шеттерін үлгі бойынша торлау тігісімен өңдеу</p>

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

6. "Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша оқыту процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер арнайы педагогиканың қағидаларына негізделіп, зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Еңбекке оқытудың барлық кезеңдерінде зияты зақымдалған білім алушыларға білім берудің үздіксіздігі мен өзара байланысын қамтитын сабақтастық қағидасы: кіші мектеп жасынан орта мектеп жасына дейін.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Еңбектің жекеленген түрлері мен оның құрамына енетін оқу пәндерінің ішкі өзара байланысы мен өзара тәуелділігінің болуын қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнының тұтастығы қағидасы.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Оқу-еңбек іс-әрекеті барысында зияты зақымдалған білім алушылардың дамуындағы кемшіліктерді барынша түзетуді қамтитын коррекциялық бағыттылық қағидасы.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Оқу-еңбек іс-әрекетінің мазмұнын және тұлғалық жетістіктердің нәтижелерін анықтайтын білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру қағидасы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Әртүрлі әлеуметтік ортада мінез-құлықтың адекватты тәсілдерін, білім алушылардың адамгершілік ұғымдарын және түсініктерін (жағымды/жағымсыз; жақсы/жаман) қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік оқыту қағидасы.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Оқытылатын материал мен білім алушылардың практикалық іс-әрекетінің арасындағы тығыз байланыстарды орнатуды қамтитын практикалық бағыттылық қағидасы; ең алдымен практикалық мәні бар міндеттерді шешуге бағытталған білім мен қабілеттерін қалыптастыруды болжайды.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың өздеріне қолжетімді еңбек іс-әрекетінің барлық түрлерін, танымдық және оқу іс-әрекетінің әдістері мен тәсілдерін, коммуникативті іс-әрекет пен нормативті мінез-құлықтың әдістері мен тәсілдерін меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін іс-әрекетті қалыптастыруға бағыттылық қағидасы.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Оқу жағдаятында, меңгерген білімдер, біліктіліктер, дағдылар мен қатынастарды әртүрлі өмірлік жағдайларда қолдана алу қағидасы - бұл өз кезегінде білім алушылардың өзбетімен бағдарлауға және шынайы өмірдегі белсенді еңбек іс-әрекетіне даярлығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

15. Зияты зақымдалған білім алушылардың алуан түрлі топтарының психикалық дамуының ерекшеліктерін ескеру қағидасы.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

16. Бағдарлама әзірлеу негізіне дифференциалды және әрекеттік тәсілдер алынды.

1) дифференциалды тәсіл білім берудің мазмұнын меңгеру мүмкіндіктерінің әртектілігінде көрінетін білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін есепке алуды қамтиды. Оқу бағдарламаларын құрастыруда дифференциалды тәсілді қолдану, білім алушыларға дамудың жеке-дара әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігін беріп, мазмұнның алуан түрлілігін қамтамасыз етеді;

2) әрекеттік тәсіл білім алушылардың тұлғасының даму спецификасын есепке алып, білім берудің құрылымын және негізгі заңдылықтарды ашатын психология ғылымының теориялық қағидаларына негізделеді. Білім берудегі әрекеттік тәсіл зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың тұлғасының дамуы, олардың өздеріне қолжетімді іс-әрекетін ұйымдастырудың сипатымен анықталуын тануға құрылады (заттық-практикалық және оқу іс-әрекеті). Білім берудегі әрекеттік тәсілді жүзеге асырудың негізгі құралы ретінде, білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ететін танымдық және заттық-практикалық іс-әрекетті ұйымдастыру процесі ретінде оқыту алынады.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

17. Білім алушыларды тігін ісіне оқытудың өзгешелігі жалпы еңбек біліктерін дамытуға арналған ерекше жағдайларды құрумен анықталады: тапсырмаларға бағдарлану, жұмысты барысын жоспарлау, оның орындалуын бақылау.

18. Білім алушыларды тапсырмаларда бағдарлау қабілетін дамыту келесі жолдар арқылы жүзеге асырылады:

1) ұқсас жұмыстарды талдау тәжірибесін меңгеру есебінен білім алушыларда бағдарлау іс-әрекетін орындау кезінде көмек берудің қысқаруы;

2) тапсырмада бағдарлауға оқытуда көрнекі құралдардың алуан түрлерін қолдану;

3) жұмыс барысын алдын-ала жоспарлау (орындалатын жұмыс кезеңдерінің реттілігін, орындауға қажетті жұмыс тәсілдері мен құралдарын белгілеу, орындалған жұмыс жайлы есеп беру);

4) жұмысты бақылау (іс-әрекеттер мен нәтижелердің дұрысытығын анықтау, орныдалған жұмыстың сапасын бағалау).

19. Оқытудағы түзету-дамытушы тәсіл дамуындағы кемшіліктердің табиғатының спецификасына сәйкес білім алушылардың ағза жүйесі мен сақталған функцияларын қолдануға сүйеніп, білім беру процесін құруды қамтиды.

20. Түзеу-дамытушы бағыттылық оқытушы іс-әрекеттің арнайы әдістерімен және тәсілдерімен қамтамасыз етіледі:

1) оқыту процесінің баяулығы;

2) оқытылатын материалды бірнеше рет қайталау үшін жағдай жасау және оны әртүрлі жағдаяттарда қайта жаңғырту;

3) білім алушылардың жеке-дара психикалық және дене мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, дифференциалды тапсырмаларды құрастыру;

4) пәнаралық сипаттағы сұрақтар мен тапсырмаларды құрастыру;

5) білім алушыны команданың жетістіктеріне ықпал етуде алуан түрлі рөлдерді орындайтын топтағы жұмыс үшін жағдай жасау;

6) сенімділік пен ынтымақтастық атмосферасын құру;

7) өзіндік пікірін айту және дәлелдеу қабілетін дамыту үшін уәждемелі жағдайларды құру;

8) білім алушылардың қолжетімді практикалық жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру.

21. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (бұдан әрі – АКТ) арнайы білім беру педагогының құралдар қорын кеңейтеді, дамытушы және түзеушілік міндеттерді шешу үшін қажетті оқыту жағдайларын "құрып бітіруге" көмек береді.

22. Сабақта АКТ-ды қолдану төмендегі мақсаттарды қарастырады:

1) сөйлеудің көмегімен бір пәндік мазмұннан екіншісіне еркін өтіп, қажетті белгілер формасында тікелей бақылаудан жасырын және күрделі таным объектілерін модельдеу, бір әдістен келесі әдіске өту;

2) шынайы және мерзімі ұзартылған уақыт режимінде білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін талдауға арналған қосымша визуалды динамикалық тіректерді құру; топтық оқыту жағдайында өнімді жеке-дара іс-әрекет үшін мүмкіндіктермен қамтамасыз ету; оқытудың сапалық дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту.

23. АКТ-ды қолдану оқыту процесін дараландыруға мүмкіндік береді; сабақтағы жұмыстың мазмұнына қызығушылықты арттыруға; білім алушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіруге; шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді.

24. Оқу процесіндегі АКТ білім алушылардың жұмысқа қабілеттілігін ескеріп, мөлшерленіп қолданылуы керек.

25. "Кәсіби еңбекке баулу" пәнінің аясында оқыту нәтижелерін бағалау, мақсатты тұжырымдауға негізделген критериалды бағалауды қолданумен жүзеге асырылады.

26. Бағалаушы құралдар ретінде тапсырмалар мен жаттығулар алынады, олардың көмегімен жалпы еңбек біліктері мен дағдылары қалыптасады.

27. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау, тек ішкі бағалау құралдары арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаны меңгеру нәтижелерін мұғалім сабақтарда білім беру процесінің барысында тікелей бағалайды. Зияты зақымдалған білім алушылармен біртұтас педагогикалық процесс құрылатын, арнайы педагогиканың қағидаларына– "диагностика және коррекциялық-дамытушы жұмыстың бірлігіне" сүйеніп, педагогтар жүйелі түрде оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылардың жетістіктері мен даму мониторингін және бағалаушы бақылаушы әрекеттерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

28. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың нәтижелерін бағалау, ағымдық бағалау, бақылау және қорытынды бағалау түрінде жүзеге асырылады.

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

29. Ағымдық бағалау білім алушылардың сабақтағы іс-әрекетін бақылау, практикалық және өзбетіндік жұмыстарды талдау, іс-әрекеттің ұжымдық түрлерін талдаудың көмегімен жүргізіледі. Сабақтық бақылау оқу процесінің сапасын қамтамасыз ету үшін қолданатын оқытудың мазмұны мен әдістерін түзету мақсатында жүргізіледі. Ағымдық бағалау білім алушыларға қатысты ынталандырушы және тәрбиелеуші сипаты болады және баллдық бағалауды қарастырмайды.

30. Бақылау бағалау бағдарламалық тақырыпты, бөлімді оқытудан кейін жүргізіледі. В.В.Воронкова бойынша білім алушылар төрт типологиялық топқа бөлінеді және соның нәтижесінде бағаланады. 1 типологиялық топтың білім алушылары білімді қолдану деңгейінде оқу материалын меңгергенін көрсете алады. 2 типологиялық топтың білім алушылары – тақырыптың негізгі мазмұнын түсінгенін көрсетеді. 3 типологиялық топтың білім алушылары материалды танып-білу деңгейінде меңгереді және өз білімдерін өзектілеуде мұғалімнің көмегін қажет етеді. 4 типологиялық топтың білім алушылары жеке бағдарлама бойынша білім алады, оның аясында олардың жетістіктерін бағалау жүзеге асырылады.

31. Қорытынды бағалау тоқсанның, оқу жылының соңында жүргізіледі. Педагог міндетті түрде оқу жылының бойындағы сыныптың әрбір білім алушысының даму динамикасын және жетістігін талдайды.

32. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту бағдарламасын меңгеру нәтижелері, қорытынды түрінде білім берудің аяқталу сәтінде бағаланады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**



33. Білім алушылардың Бағдарламаны меңгеруі олардың нәтижелерінің екі түріне жетуін қамтиды: тұлғалық және пәндік.

34. Тұлғалық нәтижелерге жататындар:

1) өзін Қазақстанның азаматы ретінде түсіну; өз Отаны үшін мақтаныш сезімінің қалыптасуы;

2) басқалардың пікіріне, әр түрлі халықтардың тарихына және мәдениетіне құрметпен қарау;

3) өзіндік мүмкіндіктер, маңызды қажетті өмірді қамтамасыз ету туралы адекватты ұғымдардың қалыптасуы;

4) динамикалық өзгермелі және дамушы әлемде бейімдеудің бастапқы дағдыларын меңгеруі;

5) коммуникация дағдыларын және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің қабылданған нормаларын меңгеруі;

6) әлеуметтік қоршаған ортаны, ондағы өз орнын ұғыну қабілеті, жасқа сәйкес құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді қабылдау қабілеті;

7) әртүрлі әлеуметтік жағдайларда ересектермен және қатарластарымен ынтымақтастық дағдыларының қалыптасуы;

8) білім алушылардың әлеуметтік рөлдерді қабылдауы және меңгеруі, оқу іс-әрекетінің әлеуметтік маңызды мотивтерінің көрінісі;

9) этикалық сезімдерді дамыту, ізгі ниеттілікті, эмоционалды-адамгершілік ілтипат пен өзара көмек көрсету, адамдардың сезімдеріне жанашырлық таныту;

10) өз еркімен өмір сүруге дайындығын көрсету. эстетикалық қажеттіліктерді, құндылықтар мен сезімдерді тәрбиелеу;

35. Заттық нәтижелер білім алушылардың "Кәсіби еңбекке баулу" пәніне тән білімдер мен қабілеттерді меңгерулерін қарастырады.

36. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың көпшілігі үшін минималды деңгей міндетті болып саналады. Еңбек бойынша жекеленген білім алушылардың осы деңгейдегі жетістігінің болмауы, олардың Бағдарламаның осы нұсқасы бойынша білім алуына кедергі болып табылмайды. Егер білім алушы пәндік нәтижелерді меңгерудің минималды деңгейіне жетпегенде, онда психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес берудің ұсынысы және ата-аналардың келісімімен (заңды өкілдері) білім алушы жеке бағдарлама бойынша оқытуға көшіріледі.

**Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

37. Деңгейлік мақсатты болжамдарға сәйкес әр тақырыптың бақылау-диагностикалық тапсырмалары дайындалады. Олардың орындалу нәтижелері оқушылардың жетістіктік карталарында белгіленеді және білім алушыға жекелік қараудың негізі болады.

38. Сапалы білім беру мен тиімді кәсіби-еңбекке баулуды ұйымдастыру үшін еңбек сабағы кабинеттері санитарлық-гигиеналық нормалар ескеріле отырып, тиісті жабдықтармен қамтылады.

### **3-тарау. "Кәсіби еңбекке баулу" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

39. "Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 1) 7-сыныпта – аптасына 8 сағат, оқу жылына 272 сағатты;
- 2) 8-сыныпта – аптасына 8 сағат, оқу жылына 272 сағатты;
- 3) 9-сыныпта – аптасына 9 сағат, оқу жылына 306 сағатты;
- 4) 10-сыныпта – аптасына 20 сағат, оқу жылына 680 сағатты құрайды.

40. Бағдарламадағы оқу материалы білім алушылардың өзбетінділігін бірте-бірте арттыруды қамтитын белгілі жүйе бойынша орналастырылған. Сабақтың міндеттеріне қарай мұғалім жаңа танымдық мәліметтерді хабарлауға немесе оларды қайталауға, жаттығуларға, өзбетіндік практикалық жұмысқа әртүрлі уақыт мөлшерін жібереді.

41. Мұғалім Бағдарлама негізінде тапсырмаларды орындаудың күрделілік деңгейін, кезеңдері көрсетілген тақырыптық күнтізбелік жоспарды құрастыруы керек; инструменттерді, технологиялық құжаттаманы, оларды орындауға арналған жабдықтарды іріктеуі керек; еңбек тапсырмаларын немесе олардың кезеңдерін орындауды бағалау критерийлерін құрастыруы керек. Жұмыстың объектілерін алмастыруға жол беріледі, алайда тақырыптарды алмастыруда мұғалім еңбек түрінің күрделілік деңгейін және жекеленген объектілерді орындауды есепке алуы керек.

42. Бағдарлама тақырыптарының зерделенуі практикалық жұмыстардың орындалуымен аяқталады, олардың тәрбиелік мәні жоғары және де ынтаны көтеріп, оқу удерісін оңтайландырады.

43. Бағдарламаның мазмұны оқытудың бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әрбір бөлімшедегі белгіленген оқыту мақсаттары, мұғалімге жұмысты жүйелі жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

44. Бағдарламаның мазмұны профиліне сәйкес еңбектің бірнеше түрін қамтиды.

45. Мұғалім мектептің материалдық-техникалық базасына, тұрғылықты жердің дәстүріне байланысты және білім алушылардың даярлық деңгейіне сүйеніп, еңбектің түрлерін толықтырады, алмастырады.

46. Еңбекке баулу пәні бойынша ең кемінде екі сабақ жүргізіледі: бірінші сабақ-материалды теориялық тұрғыдан меңгеру, екінші сабақ – практикалық жұмыс.

47. Әр тоқсаның басында кіріспе сабақ (екі сағат) жүргізіледі. Бұл сабақтарда мұғалім білім алушыларды тоқсан немесе жылдық жұмыс жоспары мен оқытудың міндеттері, санитарлық-гигиеналық талаптар қайталанып, өмір қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау жұмыстары жүргізіледі.



48. Практикалық қайталау сабағы тек практикалық жұмысты (жаңа теориялық материалды қамтымайды) орындауды болжайды. Өйткені, өтілген сабақты практикалық жұмыста бекітуге бағытталады және әр тоқсанның аяғында оқу жоспар көлемінің 30-35% құрайды.

49. Практикалық жұмыс мұғалімнің жазба түрінде жазылған нұсқаулық құжаттарды (техникалық карта, нұсқаулық карта, нұсқаулық-техникалық карта, карта-термин, пәндік карта) қолданумен ұйымдастырылады.

50. Әр тоқсанның аяғында бір оқу сабақ ішінде өзіндік жұмысын орындауды қарастырады. Жыл қортындысы бойынша бақылау жұмысы жүргізіледі. Бақылау практикалық жұмысты орындау үшін оқу тобының мүмкіндігі мен ерекшеліктеріне байланысты мұғалім еңбек объектісін таңдап алады.

51. Оқыту екі кезеңнен тұратын қорытынды емтиханмен аяқталады: теориялық және практикалық емтихан. Қорытынды емтихан білім беру құжатына баға қойылады және кәсіби еңбекке оқытудың кәсіби көрсетіледі.

52. Бағдарламаның құрылымын келесі міндетті мазмұнды бөлімдер құрайды:

1) 1-бөлім "Материалтану. Құралдар мен жабдықтар". Еңбек іс-әрекетінде қолданылатын негізгі материалдар тізімі, олардың негізгі қасиеттері. Материалдардың өндірілуі (өсімдік, жануар, жасанды). Материалдарды өндіру процесі. Материалдар түрлері және олардың қасиеті. Әр түрлі құрылғылар, шағын механикаландыру құралдары, жұмыс құралдары мен құрылғылары. Құралдарды жұмысқа дайындау. Құралдар мен материалдарды пайдалану ережелері, шектеулер мен тиымдар. Өндірісте және мектеп шеберханасында жұмыстың қауіпсіздік техникасы. Кәсіби мінез-құлық этикасы және еңбек заңнамасы;

2) 2-бөлім "Еңбек затын дайындау технологиясы": профильді еңбек пәндері, негізгі кәсіби операциялар мен іс-әрекеттер, технологиялық караталыр. Практикалық жұмыстың тақырыптары мен нысандары. Өздігімен және мұғалімнің басшылығымен стандартты бұйымды дайындау және жекелеген еңбек операцияларын орындау. Нақты қарапайым білімді және (немесе) шектеулі арнайы білім шеңберінің қолданылуы. Еңбек заттарын дайындау, жұмыс жоспарын құрастыру, технологиялық картамен жұмыс істеу. Технологиялық картаны өздігімен оқу және сол бойынша бұйымды дайындауға тырысу. Кәсіби операциялар мен іс-әрекеттерді жетілдіру. Нұсқау бойынша іс-әрекет түрін таңдай білу. Түзету әрекеттерінің шарттарын ескереу, оларды орындау. Өзіндік орындау элементтерімен стандартты тапсырмаларды орындау;

3) 3-бөлім "Еңбек заттарын талдау және бағалау". Тапсырмада бағдарлау, еңбек тапсырмасының дұрыс орындалуын бақылау. Орындалған жұмысты талдау, өзін-өзі бақылау. Техникалық терминдерді қолдану. Өзін-өзі бағалау. Өзара бағалау.

53. Бағдарламада оқу материалының сыныптар бойынша бөлінуі үлгі ретінде беріледі, білім алушылардың меңгеру ерекшеліктеріне қарай мұғалім оқу материалының оқытылуын бір сыныптан екіншіге (бір тоқсаннан екіншіге) ауыстыруға

құқылы. Жеңіл ақыл-ой кемтарлығы бар әр білім алушының дамуы мен оқу материалын жекеше қарқында және көлемде қабылдау құқығын жүзеге асыра отырып, мұғалім өз сыныбының білім алушылары үшін әр тақырыпты пен бөлімді үйретуге қажетті сағат санын өз бетінше белгілейді. Әрбір сыныптағы оқытуды бұрын өткен материалды қайталаудан бастау керек.

54. Бағдарламада оқу мақсаттары кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгіде бірінші белгі – сыныбын, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу мақсатының реттік номерін көрсетеді. Мысалы, 7.2.2.1 кодында "7" - сыныбы, "2.2" - бөлім және бөлімшесі, "1" - оқу мақсатының реттік саны.

55. Білім беру ұйымында оқу-еңбек процесін қажетті өндірістік материалымен қамтамасыз ету мүмкіншіліктеріне қарай, мұғалім тақырыптарды оқыту реттілігін белгілейді. Құрамына оқыту мақсатының жүйесі және ұзақмерзімдік жоспар кіретін бағдарламалық материал 16 қосымшадан тұрады:

- 1) 1-қосымша "Тігін ісі";
- 2) 2-қосымша "Ағаш ұстасы";
- 3) 3-қосымша "Сылау-сырлау ісі";
- 4) 4-қосымша "Слесарлық іс";
- 5) 5-қосымша "Аяқ киім ісі";
- 6) 6-қосымша "Картонаж-мұқаба ісі";
- 7) 7-қосымша "Гүл өсіру және көгалдандыру";
- 8) 8-қосымша "Кіші медицина қызметкері";
- 9) 9-қосымша "Ас үй жұмысшысы";
- 10) 10-қосымша "Аула сыпырушы";
- 11) 11-қосымша "Көкөніс өсірушілік және жеміс өсірушілік";
- 12) 12-қосымша "Мал шаруашылығы және құс шаруашылығы";
- 13) 13-қосымша "Омарташылық";
- 14) 14-қосымша "Тоқу. Кестелеу";
- 15) 15-қосымша "Кіші қызмет көрсетуші";
- 16) 16-қосымша "Көркем еңбек".

"Кәсіби еңбекке баулу" пәні бойынша 7  
-10 сыныптағы зияты жеңіл түрде  
зақымдалған білім алушыларға  
арналған жаңартылған мазмұндағы  
үлгілік оқу бағдарламасына  
1-қосымша

**Ескерту. 1-қосымшасының жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 7-10 сыныптар үшін "Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі" оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

56. "Кәсіби еңбекке баулу. Тігін ісі" профилі бойынша бағдарлама келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Материалтану. Құралдар мен жабдықтар";
- 2) 2-бөлім "Еңбек заттарын дайындау технологиясы";
- 3) 3-бөлім "Еңбек заттарын талдау және бағалау".

57. 1-бөлім "Материалтану. Құралдар мен жабдықтар" келесі бөлімшелерді қамтиды

:

- 1) еңбек пәні туралы жалпы мәлімет;
- 2) материалтану;
- 3) машинатану;
- 4) тігін өндірісі;
- 5) тігін шеберханасы мен тігін өндірісінде қауіпсіз жұмыс істеу ережесі;
- 6) этика және еңбек заңнамасы.

58. 2-бөлім "Еңбек заттарын дайындау технологиясы" келесі бөлімшелерді қамтиды

:

- 1) құрастыру;
- 2) матамен жұмыс істеу;
- 3) тігін бұйымдарының бөлшектері мен түйіндерін өңдеу;
- 4) практикалық жұмыстар;
- 5) ұлттық қолөнер;
- 6) жөндеу жұмыстарының түрлері;
- 7) практикалық қайталау.

59. 3-бөлім "Еңбек заттарын талдау және бағалау" келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) еңбек заттарын талдау және бағалау;
- 2) өзіндік жұмыс;
- 3) қорытынды бақылау жұмысы.

60. Оқыту мақсаттарының жүйесі:

- 1) "Материалтану. Құралдар мен жабдықтар" бөлімі:

1-кесте

Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.1.1.1 өзін Қазақстанның азаматы ретінде сезіну;	8.1.1.1	9.1.1.1 өзге халықтың тарихы мен	10.1.1.1 өздігімен кәсібін анықтауға ниет білдіру;

<p>1.1 Еңбек пәні туралы жалпы мәлімет</p>	<p>7.1.1.2 мұғалімнің көмегімен "Тігін ісі" пәнінің ерекшеліктерін анықтау және білу; 7.1.1.3 "Тігінші" мамандығының ерекшеліктерімен танысу</p>	<p>өз Отанына деген мақтаныш сезімін көрсету; 8.1.1.2 "Тігін ісі" пәнінің маңызды ерекшеліктерін түсіну және білімін көрсете білу</p>	<p>мәдениетіне, әр түрлі ой-пірлерге құрмет көрсету; 9.1.1.2 "Тігін ісі" пәнінің ерекшеліктерін сипаттау және өздігімен оқуға ұмтылу</p>	<p>10.1.1.2 заманауи өмір шартының қажеттілігі ретінде еңбек қызметіне дағдылану; 10.1.1.3 оқу шеберхана-сындағы құрал-жабдықтарға мұқият қарау</p>
<p>1.2 Материалтану (тоқыма талшықтары</p>	<p>7.1.2.1 өсімдіктен өндірілетін: мақта-мата және зығыр талшықтары туралы түсініктің болуы; 7.1.2.2 мақта-мата және зығыр талшықтарын көру және сипап-сезу арқылы ажырату; 7.1.2.3 мақта-мата және зығыр талшықтарына су мен жылудың әсер етуі туралы түсінігінің болуы 7.1.2.4 мақта-мата және зығыр талшықтарының қасиеті туралы түсінігінің болуы; 7.1.2.5 өсімдік талшықтарын иіру процесі және одан мата алу туралы түсініктің болуы; 7.1.2.6 матаның оң және теріс жағын, жиегін, енін, ұзындығын анықтау 7.1.2.7</p>	<p>8.1.2.1 жануарлардан өндірілетін: жүн, жібек талшықтары туралы түсініктің болуы; 8.1.2.2 жануарлардан өндірілетін (жүн, жібек): талшықтардың қасиетін зертханалық-практикалық зерттеу жолымен анықтау (сыртқы көрінісі бойынша, сипау арқылы, жану сипаты бойынша); 8.1.2.3 жүн талшықтарының ұзындығын, беріктігін, бүгілмелігін, жіңішкелігін анықтау; 8.1.2.4 жануарлардан өндірілетін: жүн, жібек талшықтан жасалатын маталар туралы түсініктің болуы; 8.1.2.5 жүннен иірілген жіптен және жібек жіптен мата жасау процесі туралы түсінігінің болуы 8.1.2.6</p>	<p>9.1.2.1 химиялық өндірісте: жасанды және синтетикалық талшықтар туралы түсініктің болуы; 9.1.2.2 жасанды талшықтардың қасиеттері туралы түсініктің болуы (жасанды жібек және ацетатты) 9.1.2.3 жасанды талшықтардың қасиеттерін практикалық-зертханалық жолмен анықтау; 9.1.2.4 табиғи және жасанды жібектен талшықтар мен иірілген жіп алуды; салыстыру 9.1.2.5 матаны химиялық және синтетикалық жолмен алынған жасанды талшықтардан өндіру процесі туралы түсінігінің болуы; 9.1.2.6 қолданатын материалдардың қасиеттері туралы түсінігінің болуы (</p>	<p>10.1.2.1 "Тоқыма талшықтары-ның классификациясы" кестесін оқу жолымен тоқыма талшықтары туралы білімдерін жүйелеу; 10.1.2.2 жасанды және синтетикалық, табиғи талшықтарды пайдалана отырып жасалған маталардың жаңа түрлері туралы түсініктің болуы; 10.1.2.3 синтетикалық талшықтар мен жіптен иірілген жіп алу процесі туралы түсініктің болуы; 10.1.2.4 матаға жатпайтын материалдарды өндіру процесі туралы түсініктің болуы; 10.1.2.5 су сіндірмейтін қабаты бар, металл және металданған жіптерден жасалған, жылтырақталған маталарды ажырату; 10.1.2.6 синтетикалық матаны сыртқы көрінісі бойынша, сипау арқылы, жіптерінің жануы бойынша анықтау;</p>

<p>, мата және олардың қасиеттері)</p>	<p>матаның жіптерінің тоқылу түрлерін білу; 7.1.2.8. жаймалық ілгеккөрімді саржалық ілгеккөріммен және сәтен ілгеккөріммен салыстыру; 7.1.2.9 мақта-мата және зығыр талшықтарының қасиетін салыстыру және анықтау; 7.1.2.10 бұйымды дайындауға арналған матаны таңдау; 7.1.2.11 мақта-мата, зығыр маталарын ажырату ; 7.1.2.12 мақта-мата және зығыр маталарының қасиетін зертханалық-практикалық жолмен анықтау (сыртқы көрінісі бойынша, сипау арқылы, жану сипаты бойынша); 7.1.2.13 бұйымды өңдеу кезінде қисық қималардың қасиеттерін ескеру</p>	<p>жүн және жібек маталарды салыстыру және тану; 8.1.2.7 матаның түрлерін анықтау (біртегіс боялған, баспалы, гүлді, ала-құла мата, меланж) 8.1.2.8 матаның фабрикалық әрлеу түрін анықтау; 8.1.2.9 таза жүн және жартылай жүн маталардың қасиеттерін анықтау ; 8.1.2.10 жүн маталарды үтіктеудің ережелері туралы түсінігінің болуы; 8.1.2.11 жібек матаның қасиетін зертханалық-практикалық жолмен анықтау; 8.1.2.12 бұйымды тігуде қолданылуына және фасонына байланысты матаны таңдау; 8.1.2.13 жібектен жасалған бұйымдар мен жібек матаны үтіктеудің ережелері туралы түсінігінің болуы</p>	<p>капрон, лавсан, нитрон); 9.1.2.7 төсек-орын тігуде қолданылатын маталардың атауын білу; 9.1.2.8 моделіне байланысты белдемше тігуге арналған матаны анықтау; 9.1.2.9. синтетикалық және аралас талшықтардан жасалған маталардың қасиеттерін білу; 9.1.2.10 табиғи және жасанды жібекті салыстыру (сыртқы көрінісі бойынша, сипау арқылы, жану сипаты бойынша); 9.1.2.11 жібек матаны жүн және мақта-матамен салыстыру 9.1.2.12 матаның жақсы және теріс қасиеттерін анықтау ; 9.1.2.13 пішу, тігу және ылғалды-жылу арқылы өңдеу кезінде, маталардың қасиеттерін ескеру</p>	<p>10.1.2.7 тоқу өндірісіндегі бояу және басу ақаулықтары туралы түсініктің болуы; 10.1.2.8 камзол дайындау үшін қолданылатын әрлеу түрлерін, матаны анықтау; 10.1.2.9 жаңа маталардың технологиялық қасиеттері және оларды заманауи киімдерді дайындауда қолдану туралы түсінігінің болуы; 10.1.2.10 синтетикалық маталарды ылғалды-жылу арқылы өңдеудің ерекшеліктерін ескеру; 10.1.2.11 синтетикалықталшықтар мен жіптерден жасалған маталардың ассортименті туралы түсініктің болуы; 10.1.2.12 синтетикалық матадан жасалған бұйымдарды күтудің ережелері туралы түсінігінің болуы</p>
<p>7.1.3.1 тігін машиналарының маркасы мен жылдамдығы және атқаратын жұмыс түрлері туралы жалпы түсініктің болуы; 7.1.3.2</p>	<p>8.1.3.1 электр жетегі бар тұрмыстық тігін машиналарының техникалық сипаттамаларын білу (кұрылғы, марка, жылдамдық, атқаратын жұмыс түрі); 8.1.3.2</p>	<p>9.1.3.1 ПМЗ 22-А класс өндірістік тігін машинасының техникалық сипаттамасымен танысу (мақсаты, жылдамдығы, орындалатын операциялардың түрлері);</p>	<p>10.1.3.1 автоматтандырылған және жартылай автоматтандырылған тігін машиналары туралы түсінік алу (ілгек жасайтын, түйме қадайтын); 10.1.3.2</p>	

<p>1.3 Машинатану (тігін машиналарының түрлері, негізгі тетіктері, тігін жабдықтарында жұмыс жасау тәсілдері)</p>	<p>тұрмыстық тігін аяқ машинасымен жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру; 7.1.3.3 жетектің түрлері 7.1.3.4 тігін машинасының құрылғысы мен оның тетіктерін талдай білу (ине тетіктері, жіп кергіш); 7.1.3.5 жоғарғы және төменгі жіптерді толтыру 7.1.3.6 машинамен сынақ тігістерін шеңбер тәрізді, ирек, түзу сызықтар орындау; 7.1.3.7 машинаның жұмыс орнына бұйымды дұрыс орналастыру; 7.1.3.8 машиналық инелердің түрлері және құрылғы туралы түсініктің болуы 7.1.3.8 машинаға арналған ине мен жіптерді іріктеуді жүзеге асыру; 7.1.3 ине ұстайтын жерге инені бекіту; 7.1.3.10 реттегіш тігістер және оның маңызы туралы түсініктің болуы; 7.1.3.11 тігін машинасының кері тігіс жасауы туралы түсініктің болуы; 7.1.3.12 машинаның жұмыс және еркін жүрісін орнату; 7.1.3.13 Жетек түрлерін анықтау</p>	<p>электр жетегі бар тігін машиналарында жұмыс тәсілдерін меңгеру; 8.1.3.3 тігін машиналарының реттеу тетіктерін ажырату; 8.1.3.4 қоржындық жиынтықты бөлшектеу және құрастыруды жүзеге асыру 8.1.3.5 тігу жылдамдығының өзгеруіндегі электрожетектің орны туралы түсініктің болуы; 8.1.3.6 аяқ тігін машинасын электрлі тігін машинасымен салыстыру 8.1.3.7 жоғарғы және төменгі жіптердің керілуін реттеу; 8.1.3.8 электр жетегі бар машинада тігіс жасау; 8.1.3.9 басқыштардың көмегімен бас біліктің айналу жылдамдығын реттеу; 8.1.3.10 төменгі жіпті шөрнекке орау; 8.1.3.11 әрлеу тігістерін жасау; 8.1.3.12 ирек тәрізді жәнесәндік тігістер жасау</p>	<p>9.1.3.2 ПМЗ -2, 51-А класс шетін торлап тігетін тігін машинасының техникалық сипаттамаларын білу; 9.1.3.3 өндірістік машинаның негізгі тетіктері туралы түсініктің болуы (электр жетегі, ине, жіп кергіш, шөрнек тетіктері); 9.1.3.4. өндірістік тігін машинасында тігістерді реттеу 9.1.3.5 өндірістік тігін машинасында жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру (басқышыты басу, іске қосу және тоқтату, шөрнекке тармақты орау, жоғарғы және төменгі жіптерді толтыру); 9.1.3.6 бұйыдарды дайындауда 51-А класс арнайы машинада қиықтарды торлауды орындау (мата торлауға арналған машина); 9.1.3.7 тігін машинасын тазалау және майлауды жүзеге асыру; 9.1.3.8 әмбебап тігін машиналары туралы түсініктерінің болуы (97-ші класс, 1022-ші класс, "Gemsi-737" моделдері)</p>	<p>қазіргі заманғы өндірістік тігін машиналарын білу (тігін фабрикасы, цехы немесе орта-арнаулы оқу орнына экскурсия); 10.1.3.3 шағын механизация құралдары туралы түсініктің болуы (тігін машиналары үшін аспаптар); 10.1.3.4 тігін машинасына сызғыш, табан орнату және оларды колдана отырып тігіс жасау; 10.1.3.5 өндірістік тігін машинасында жұмыс жасау барысында орын алатын ақаулықтар және оны түзету туралы түсініктің болуы; 10.1.3.6 бөндірістік тігін машинасында жылдам тігу дағдыларын дамыту 10.1.3.7 операциялық еңбек бөлінісі әдісімен бұйымдарды тігу дағдысының болуы; 10.1.3.8 әмбебап және арнайы тігін машиналарында жоғарғы және төменгі жіптерді толтыру және реттеуді орындау; 10.1.3.9 әмбебап тігін машинасында жұмыс жасау дағдысының болуы</p>
---	--	--	---	--

<p>1.4 Тігін өндірісі (кәсіптер, тігін бұйымдарын көптеп өндіру, тігін фабрикасының негізгі цехтары жайлы жалпы түсінік)</p>	<p>7.1.4.1 тігінші, киім пішуші мамандықтары туралы түсініктің болуы; 7.1.4.2 фабрикада төсек-орын бұйымдарын тігуде қолданылатын тігістер туралы алғашқы түсініктерінің болуы; 7.1.4.3 тігін өндірісінде, цехтарда, тігін фабрикасында киім-кешектерді тігу туралы жалпы түсінігінің болуы</p>	<p>8.1.4.1 жіп иіру және тоқыма өндірісі, кәсібі туралы жалпы түсінігінің болуы; 8.1.4.2 операциялық еңбек бөлінісі әдісімен бұйымдарды тігу туралы түсінігінің болуы; 8.1.4.3 фабрикалық тігіс үлгісінің киім тігісін қолдану; 8.1.4.4 тігін цехы және тігін фабрикасында тігіншінің жұмыс о р н ы н ұйымдастыру туралы жалпы түсініктің болуы; 8.1.4.5 тігін кәсіпорнының құрылымы туралы түсінігінің болуы</p>	<p>9.1.4.1 тігін өндірісінің мамандықтары туралы түсініктің болуы (пішуші, зат бөлшектерін белгілеуші, үтіктеуші); 9.1.4.3 төсек-орын жабдықтарын тігуде бригадалық әдісті меңгеру; 9.1.4.3 дайын өнімге және тігудің сапасына қойылатын талаптар туралы түсініктің болуы; 9.1.4.4 эксперименттік, дайындық, пішу, тігін цехы және олардың жабдыкталуы туралы түсініктерінің болуы</p>	<p>10.1.4.1 модельер-құрастырушы кәсібі және оның тігін өндірісі жағдайындағы қызметі туралы түсініктерінің болуы; 10.1.4.2 жаппай өндіріске бұйымдардың моделін әзірлеу және құрастыру туралы жалпы түсініктің болуы; 10.1.4.3 өндіріс жағдайында бұйымдар тігуде әзірлеу нормасы мен жоспарлы тапсырма туралы түсініктің болуы; 10.1.4.4 өңдеу цехының жабдықтары (үтік, қысыммен өңдеу машинасы, бу-ауа манекены) және оның қолданылуы туралы түсінігінің болуы</p>
<p>1.5 Тігін шеберханасы мен тігін өндірісінде қауіпсіз жұмыс істеу ережесі</p>	<p>7.1.5.1 өлшеуіш және қол құралдары-мен, тігін машинасымен, үтікпен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері туралы білу; 7.1.5.2 практикалық жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау; 7.1.5.3 өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау; 7.1.5.4 тігін өндірісінде қауіпсіз жұмыс істеу</p>	<p>8.1.5.1 қол құралымен жұмыс жасау барысында қауіпсіз жұмыс істеу ережесін сақтау; 8.1.5.2 электрлі тігін машинасымен, электрлі бу үтікпен жұмыс істеу кезінде жұмыс ережесін сақтау; 8.1.5.3 оқу шеберханасында өзінің жұмыс орнын ұйымдастыру 8.1.5.4 фабриканың тігін цехында тігіншінің қауіпсіз жұмыс істеу ережелері</p>	<p>9.1.5.1 ПМЗ-2 51-А класс және ПМЗ 22-А класс өндірістік тігін машиналарында қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін сақтау; 9.1.5.2 үтіктейтін жұмыс орнында ылғалды-жылу арқылы өңдеуде қауіпсіздік тәсілдерін сақтау; 9.1.5.3 тігін фабрикасының жұмыс орындарында</p>	<p>10.1.5.1. арнайы тігін машиналарында қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдерін сақтау; 10.1.5.2 қолмен және машинамен жұмыс істеу кезінде, сонымен қатар ылғалды-жылу арқылы өңдеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау; 10.1.5.3 электр қауіпсіздігі бойынша талаптарды сақтау; 10.1.5.4.</p>

	ерекшеліктерін білу (тігін фабрикасына, ательеге, тігін шеберханасына экскурсия)	туралы түсініктің болуы; 8.1.5.5 тігін машинасын жұмысқа дайындау	қауіпсіз жұмыс істеу ережелерімен танысу	жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі бойынша ережелерді сақтау
1.6 Этика және еңбек заңнамасы	7.1.6.1 тігін шеберханасын-да жүріс-тұрыс ережесі туралы түсініктерінің болуы, формалық киімдер мен эстетикалық киімдерін, жұмыс орындарын ұйымдастыра білу; 7.1.6.2 ҚР еңбек заңнамасы туралы жалпы түсініктің болуы; 7.1.6.3 жұмыс уақыты және демалыс уақыты туралы түсініктің болуы 7.1.6.4 иметь представления о видах отпусков и их оформлении	8.1.6.1 ұжымдағы өзара қарым-қатынас және еңбек мәдениеті туралы түсініктің болуы; 8.1.6.2. еңбек тәртібі, тігіншінің жалақысы, еңбек тапсырысын орындауға, материалдық жауапкершілігі туралы түсініктің болуы; 8.1.6.3 еңбек кітапшасы, медициналық тексеру және медициналық кітапша туралы түсініктің болуы 8.1.6.4 иметь представления о листке временной нетрудоспособности	9.1.6.1 түйіндеме және жұмысқа қабылдау туралы өтінішті рәсімдеу, жұмысқа қабылдану кезінде сыртқы келбет пен жүріс-тұрыстың маңыздылығын түсіну; 9.1.6.2 еңбекті қорғау, еңбек келісім шартындағы қызметкерлер мен жұмысшылардың негізгі міндеттері мен құқықтары туралы түсініктің болуы; 9.1.6.3 кепілдіктер мен өтемақы төлемдері туралы мәлімет алу	10.1.6.1 оқу-еңбек ұжымында кәсіби этиканы сақтау; 10.1.6.2 кәсіби борыш және жауапкершілік туралы түсініктің болуы; 10.1.6.3 тариф сеткасы бойынша жалақы түрлері мен тігін өндірісіндегі квалификациялық дәрежесі туралы түсініктің болуы; 10.1.6.4 ұжымда, топта ересектермен және құрдастарымен жұмыс істей білу

## 2) "Еңбек заттарын дайындау технологиясы" бөлімі:

### 2-кесте

Бөлімше	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
	7.2.1.1 сызуды орындау үшін қолданылатын сызықтар: "түзу" және "қисық" сызықтар, "тік бұрыш", (тұтас-негізгі және үзік – қосалқы), тік және көлденең сызықтардың	8.2.1.1 тігін бұйымдарында "бұрыш" ұғымын (тік, сүйір, доғал) түсіну және оны қолдану; 8.2.1.2 өлшемдерді алу және жаз; 8.3.1.2 көкірекшесі мен аспа бауы бар алжапқыштың сызбасын салу; 8.2.1.3 белдікті спорттық киімнің (шолақ шалбар, бермуд) сызбасын	9.2.1.1 пижаманың шалбарының және иығына тігіс түсірмей жейдесінің сызбасын құрастыру; 9.2.1.2 белдемше тігу үшін өлшемін алу, бүкпелер санын есептеу; 9.2.1.3. сызбаның масштабын нұсқау бойынша орындау; 9.2.1.4	10.2.1.1 көйлектің негізгі сызбасын дайындау; 10.2.1.2. жең және жағаны тіреуіне орналасу



<p>2.1 Құрастыру (сызба құрастыру, үлгілерді дайындау, пішу)</p>	<p>қызметі туралы түсініктерді меңгеру; 7.2.1.2 сызбаларды жасау; 7.2.1.3 берілген өлшем бойынша шаршы сызу; 7.2.1.4 масштаб туралы түсініктің болуы; 7.2.1.5 масштабты сызғышты қолдана білу; 7.2.1.6 сызбада бұйымның бөлшектерін және пішінді қиындыларды атау; 7.2.1.7 лекал бойынша жұмыс істеу (шаблон бойынша); 7.2.1.8 пішу үшін құралдар мен материалдар іріктеу; 7.2.1.9 сантиметрлік лентаны қолдану; 7.2.1.10 матаға үлестік және көлденең жіптерді, оң және теріс бетін ескере отырып үлгіні орналастыру; 7.2.1.11 қағаздан үлгіні қию; 7.2.1.12 бұйымның бөлшектерін тігіске жіберетін жіктерін ескере отырып үлгі бойынша пішу; 7.2.1.13 дайын пішінмен пішуді орындау 7.2.1.14 үлгіге белгілер қою; 7.2.1.15 адам сұлбасының негізгі сызықтары</p>	<p>мұғалімнің басшылығымен 1:4 масштабта, сонымен қатар табиғи көлемде салу; 8.2.1.4 масштабта түнгі жейденің сызбасын орындау; 8.2.1.5 бұйымның бір және жұп бөлшектерін анықтау (белдемшенің); 8.2.1.6 пішу кезінде матаны үнемдеп пайдалану; 8.2.1.7. өздігімен үлгіні матаға қойып, пішуді орындау; 8.2.1.8 матаның суретін және жіптерін, тігіске жіберетін жиектерін ескере отырып, матаға үлгіні салу және бекіту; 8.2.1.9 лекал бойынша қалтаның бөлшектерін пішу; 8.2.1.10 көмкерме үлгілеу (бұйымның пішімі бойынша және лекал бойынша); 8.2.1.11 көрпестың бөлшектерін және пішін кесінділерін атау; 8.2.1.12 түнгі іш көйлекті масштаб бойынша және қажетті өлшемде пішу; 8.2.1.13 көрпестың ойықтарының пішіндері туралы түсініктің болуы; 8.2.1.14 төсек орын жабдықтарының</p>	<p>кең етек белдемшенің сызбасын құрастыруды орындау ("жартылай күн", "күн"); 9.2.1.5 жейденің негізгі сызбасын құрастыру үшін өлшемін алу; 9.2.1.6 жейденің негізгі сызбасында қарапайым модельдеуді орындау (көкіректегі бүкпені ауыстыру); 9.2.1.7 пижаманың үлгісін қиюда іш көйлектің үлгісін иық тігісін түсірмей қолдану; 9.2.1.8 үлгіні өзгерту және модельдеу (қысқарту); 9.2.1.9 екі тігісті тік (кең етек) белдемшенің үлгісін дайындау; 9.2.1.10 матаға үлгіні салу, тігісті ескеріп пішуді жүзеге асыру (тік және кең етек белдемшелер, жағасы, жеңі жоқ жейде); 9.2.1.11 өзінің өлшеміне сәйкес піше білу; 9.2.1.12 сурет бойынша бұйымның фасонын сипаттау; 9.2.1.13 жеңіл киімді модельдеу және</p>	<p>сызбасын құрастыру; 10.2.1.3. сызба мен үлгіні талдау және салыстыру (бөлшектердің атауы, бақылау белгілері, сызба мен пішуге сипаттама); 10.2.1.4. сызбадағы кішірейтілген масштабтағы сандардың белгілерін білу; 10.2.1.5 сызбалық бейнелерде және нұсқаушы-технологиялық карталарда бағдарлай білу; 10.2.1.6 көйлек негізі бойынша жоғарыға дейін ілгегі бар жейдені пішу; 10.2.1.7 көйлектің негізінде халаттың пішімін дайындаудың ерекшеліктері туралы түсініктің болуы; 10.2.1.8 матаның суретін және жіптерін, тігіске жіберетін жиектерін ескере отырып, матаға үлгіні салу және бұйымның бөлшектерін пішу; 10.2.1.9 тік жеңнің үлгісін пайдаланып "фонар" және "қанат" жеңдердің үлгілерін дайындау; 10.2.1.10 көйлек, жейде және белдемшенің үлгі негіздерін пайдаланып қиылған көйлектің үлгісін жасау;</p>
--	--	---	---	--

	<p>туралы түсініктің болуы;</p> <p>7.2.1.16 киімнің өлшемін анықтау</p> <p>7.2.1.17 адам денесінің өлшемін алу;</p> <p>7.2.1.18 бұйымды әзірлеуге кететін матаның шамалы мөлшерін есептеу</p>	<p>стандартты өлшемдері туралы түсініктің болуы;</p> <p>8.2.1.15 төсек-орын тыстарының стандартты өлшемдері туралы түсініктің болуы;</p> <p>8.2.1.16 жастық тысына жұмсалатын матаны есептеп шығару;</p> <p>8.2.1.17 жастық тысын өзбетінше пішу</p>	<p>мойын ойықтары туралы түсініктің болуы;</p> <p>9.2.1.14 белдемше пішімінің және контурлы қиындылардың детальдарын атау;</p> <p>9.2.1.15 бұрмеге жұмсалатын матаның ұзындығын есептеу және бұрмені пішу</p> <p>9.2.1.16 иніштерді үлгісін жасау және пішу</p>	<p>10.2.1.11 сән журналдарындағы үлгілерден шынайы көлемдегі үлгіге бейімделу және ауыстыру</p>
2.2 Матамен жұмыс істеу	<p>7.2.2.1 белдікті алжапқыш, жастық тыс, іш көйлек тігу үшін қолданылатын маталар туралы түсініктің болуы;</p> <p>7.2.2.2 матаның суреттерінің түрлерін анықтау;</p> <p>7.2.2.3 жасайтын бұйым туралы түсініктің болуы;</p> <p>7.2.2.4 пішуге матаны дайындау;</p> <p>7.2.2.5 операциялық пәндік картаға сүйене отырып үлестік, көлденең және көлбеу әдіп пішу және қайып тігу;</p> <p>7.2.2.6. еңбек заттарын дайындау: майлық, орамал, бас орамал, сақтау үшін дорба, жастық тыс,</p>	<p>8.2.2.1 кеудешесі, қалтасы, бұрмелері мен бүкпелері бар алжапқыш тігу жұмысын орындау;</p> <p>8.2.2.2 белдікті спорттық киімдерді (шолақ шалбар, бермуд) дайындаудың кезектілігі туралы түсініктің болуы;</p> <p>8.2.2.3 операциялық еңбек бөлінісі әдісімен тіке қиылған (жастық тыс) бір бөлшекті бұйымдар тігу;</p> <p>8.2.2.4 көрпе тыс, оның маңызы, стандартты өлшемі, тігуде қолданылатын матасы мен тігісі туралы түсініктің болуы;</p>	<p>9.2.2.1 өңдеуге өз бетінше пішу;</p> <p>9.2.2.2 белдемшенің фасонын және белдемшені тігетін матаны таңдау;</p> <p>9.2.2.3 қатпарлардың түрлері (бір жақты, карама-қарсы, бантик тәрізді), қызметі, құрылымы, тереңдігі мен ені туралы түсініктерінің болуы;</p> <p>9.2.2.4 белдемшеге кететін матаны есептей білу;</p> <p>9.2.2.5 кең етек белдемшені пішуде жіптің бағытын ескеру;</p> <p>9.2.2.6 бұйымды тігу бойынша жұмыс жоспарын құрастыру;</p> <p>9.2.2.7</p>	<p>10.2.2.1 жейде, халат, көйлек тігу үшін фасонына байланысты мата таңдау;</p> <p>10.2.2.2 пішудің алдында матаны әрлеуді өздігімен орындау;</p> <p>10.2.2.3 жеңіл киімдерді әрлеу туралы түсінігінің болуы (желбіреуіш желпетек, жіңішке бұрмелер, мережка);</p> <p>10.2.2.4 еңбек заттарын дайындау тұтас пішілген көйлек, ілгегі бар жейде, халат, бел сызығынан қиылған көйлек;</p> <p>10.2.25 өндірістегі технология бойынша төсек-орын тігу;</p> <p>10.2.2.6 қиылған ұсақ бөлшектерді өңдеуде шеттіктеу тігісін жасау;</p> <p>10.2.2.7 бөлшектерді</p>

	<p>белдікті алжапқыш, шаруашылық сөмкесі; 7.2.2.7 машина тігістерінің үйлесімін (жабық қиықтарды шетінен қайырып тігу, қайып тігілген тігіс, екі рет түсірілген тігіс, жапсырма тігіс) және қолданылатын жерін түсіну, оларды орындау; 7.2.2.8. бұрышты диагнол бойынша қайыру, қолмен қиғаш тігіспен көктеу</p>	<p>8.2.2.5 бұйымның сыртқы бейнесін сипаттау және салыстыру; 8.2.2.6 тігін тігісінің үйлесімін, оның пайдалану аясын түсіну; 8.2.2.7 үлгіде тігу тігісін жасау; 8.2.2.8 түнгі іш көйлектің мойнын өңдеуде жөрмелеу тігісін қолдану</p>	<p>балалар пижамасын тігуде киім тігістерін қолдану; 9.2.2.8 бұйымды дайындауда торлап тігу, қайып тігіп үтіктеу, қайырып тігуді орындау; 9.2.2.9 ашық қиықты бүрмені түрлі тәсілдермен өңдеу ("ирек" тігіс, жабық қиықты қайтарып тігу шеттіктеу тігісі); 9.2.2.10 тігін бұйымдарын әшекейлеу үшін кестені қолдану</p>	<p>бастырып тігу және жапсырма тігіс арқылы біріктіру; 10.2.2.8 иініштің бұрыштарын бастырып тігіп өңдеу; 10.2.2.9 тігін бұйымдарын өңдеуде қол операцияларынан бас тартып, машинамен өңдеу; 10.2.2.10 бұйымды тігу барысында киім тігістерін орындау; 10.2.2.11 бұйым тігу және өңдеу барысында заманауи желімдік және өңдеу материалдарын қолдану</p>
<p>2.3 Тігін бұйымдарының</p>	<p>7.2.3.1 жоғарыда көрсетілген тігін бұйымдарының бөлшектері мен түйіндерін өңдеу технологиясын және тігістерін толықтыруды түсіну; 7.2.3.2 көлденең және үлестік қималарды көктеу, сәндік тігу және бөлшектерді айналдырып ауыстырып әдіштеу көктеу; 7.2.3.3 тігісті басында және соңында бекітуді орындау; 7.2.3.4</p>	<p>8.2.3.1 бүрменің өңдеу түрі ретіндегі түсініктің болуы; 8.2.3.2 бүрме жасау үшін тігін машинасымен үлгіде екі паралель тігіс жүргізу (немесе қолмен) 8.2.3.3 жұмсақ қатпарлардың өңдеу түрі ретіндегі түсініктің болуы; 8.2.3.4 жұмсақ қатпарларды пішу барысында матаның, шілтерлердің өлшемін есептеп шығару; 8.2.3.5 үлгіде жұмсақ үтіктелген қатпарлар жасау; 8.2.3.6 қалта түрлері, олардың міндеті және фасондары туралы түсінік;</p>	<p>9.2.3.1 жұп бөлшектердің орта қиықтарын ретімен өңдеу; 9.2.3.2 жоғарғы және төменгі қиық бөлшектерді қайырып тігіп өңдеу; 9.2.3.3 белдемшенің бүйірлік тігісіне қапсырма таспа салу; 9.2.3.4 тік белдемшенің жоғарғы қимасын белдікпен үйлестіріп өңдеу; 9.2.3.5 тік белдемшенің етегін түрлі әдістер арқылы өңдеу; 9.2.3.6. тігін бұйымын әрлеу түрі ретінде желбіршек</p>	<p>10.2.3.1 желбіреуіш желпетек, жінішке бүрмелерді өңдеу, мерезжа жасау; 10.2.3.2 жеңнің төменгі жағын түрлі тәсілдер арқылы өңдеу; 10.2.3.3 мойын ойығына жағаны біріктіруді және өңдеуді жүзеге асыру; 10.2.3.4 ілгектерді өңдеу және белгі жасау; 10.2.3.5 түйменің орнын белгілеу және оны қадау; 10.2.3.6. өңірдің түрлері мен қызметі және оны өңдеу тура түсінігінің болуы; 10.2.3.7 көйлектің түймелі, қабаттама жең ұшының түрлері және оны</p>

<p>бөлшектері мен түйіндерін өңдеу</p>	<p>тігістерді бастыруды орындау; 7.2.3.5 сөмкенің бауының бөлшектерін қос тігіспен өңдеу; 7.2.3.6 сөмкенің бауының бөлшектерін көктеп тігу және белгі қою; 7.2.3.7 сөмкенің түбін және бүйірлер жақтарын, бұрыштарын қайып тігу; 7.2.3.8 дайын бұйымның соңғы ылғалды-жылумен өңдеу жұмысын орындау</p>	<p>8.2.3.7 негізгі және өйдеу матасында тігіс ішіне көмкерме әдіп жүргізу туралы түсінік; 8.2.3.8 ұйықтағанда киетін көйлектің мойын жағына тік, дөңестеп немесе домалақтап көмкерме әдіп жүргізу; 8.2.3.9 шеткі қиықтарды тігістеу; 8.2.3.10 төменгі қиықтарға жабық тігіс жүргізу; 8.2.3.11 көрпелерің тысының жақтауын көмкеру (ойығын). 8.2.3.12 киім бұйымдарына фабрикалық тігістерді жүргізе білу</p>	<p>туралы түсініктерің болуы; 9.2.3.7 желбіршектерге кететін матаның ұзындығын есептеп ескеру; 9.2.3.8 үлгі бойынша ілгекті торлауды өңдеу, түйменің диаметрін анықтау; 9.2.3.9 суретті матаға түсіру, қолмен кестелеп тігу тәсілдерін меңгеру; 9.2.3.10 белдемшенің төмен жағын машинамен бүріп тігу; 9.2.3.11 қымтаулы тігістер жасау; 9.2.3.12 қосып тігілетін иніштерді тік және доғал қиықтармен өңдеу</p>	<p>жеңге біріктіру туралы түсініктің болуы; 10.2.3.8 бүйірлік және иықтық қиықтарды, тігістерді өңдеуді орындау; 10.2.3.9 белдемше мен көкірекшені қайып тігу арқылы біріктіру; 10.2.3.10 белдікті өңдеу; 10.2.3.11 бұйымның рельефтік тігістерін өңдеу; 10.2.3.12 бұйымды өңдеу немесе жөндеу барысында термоапликацияларды қолдану; 10.2.3.13 өңдеу жиектемелерін тігу; 10.2.3.14 бұйымды тігу және өңдеу фурнитура қолдану</p>
	<p>7.2.4.1 дайын бұйымға бөлшектерін біріктіру реттілігі туралы түсініктің болуы; 7.2.4.2 бүйірлік қиықтарды қосуды орындау 7.2.4.3 бұйымның жоғарғы қиығын қайырып тігіп өңдеу; 7.2.4.4 бұйымды аппликация немесе сырып тігу арқылы әрлеу;</p>	<p>8.2.4.1 жұмысты үлгі бойынша бағдарлау, технологиялық карта негізінде тігін операцияларының реттілігін талқылау; 8.2.4.2 бүрмелер мен жұмсақ қатпарлар жасау; 8.2.4.3 қатпарларға белгі салу, кертілмелер және көшірме сырмалар бойынша көктеу; 8.2.4.4 қалтаның жоғарғы қиысын иіп тігу арқылы өңдеу; 8.2.4.5 бұйым қалтасының орнын белгілеу; 8.2.4.6</p>	<p>9.2.4.1. мойынды қиғаш әдіптеп әрлеп, жабық кескінді жең қимасын қайырып тігу; 9.2.4.2 белдемшені өлшем жасауға дайындау, өлшемін алу; 9.2.4.3 белдемшенің бүйірлік кескіндерін тігу, бүрмелері мен қырларын өңдеу; 9.2.4.4 үлгіде бүрмелер жасау; 9.2.4.5 белдемшенің жоғарғы қиығын</p>	<p>10.2.4.1 жоғарыға дейін ілгегі бар жейде тігу бойынша практикалық жұмыстар орындау; 10.2.4.2 еңбек операцияларының кезектілігін жоспарлай білу; 10.2.4.3 бөлшектерді көктеп тигуді, сырып тигуді, үтіктеуді жүзеге асыру; 10.2.4.4 көйлекті (жеңде, халат) өлшеп көру, өлшегеннен кейін кемшіліктерін жою; 10.2.4.5 операциялық еңбек</p>

2.4 Практикалық жұмыстар

2. Еңбек заттарын дайындау технологиясы	2.3 Матамен жұмыс	10.2.3.1 "ришель" қолданылатын, қол тігісі үлгісінде кестелеу ("бау" , сабақтас, түйін); 10.2.3.2 үлгі бойынша кестелеу: қиылған қарапайым, дөңес, ойып жасалған; 10.2.3.3 қол тігістерінің техникасын және оның нұсқаларын меңгеру: тігіс жолы, сабақтас, ілмекті, крест тәрізді, жылан, шырша тәрізді; 10.2.3.4 есепті және бос тігістер; 10.2.3.5 көркемдік безендіру, бұйымды өңдеу (бұйымды рамкаға салу); 10.2.3.6 кестелеуде түстер мен композициялық шешімдерді өз бетінше анықтау
	2.9 Тоқу	10.2.9.1 біз және ілгекпен әр түрлі бұйымдарды өз бетінше тоқу; 10.2.9.2 бұйымды соңғы өңдеуді жүзеге асыру: жуу, кептіру, үтіктеу. 10.2.9.3 кестелеу техникасын қолданып сәндік-қолданбалы өнер заттарын дайындау: картина, панно
		10.2.10.1 ескі былғарыны өңдеуге дайындау; 10.2.10.2 былғарыны тегістеу және бояу техникасын меңгеру;

	2.10 Былғарымен жұмыс	<p>10.2.10.3 өз бетінше жұмысқа арналған құралдар мен құрылғыларды іріктеу;</p> <p>10.2.10.4 түрлі бөлшектерді сұлбалау, үлгілеу, пішімін дайындау (гүлдер мен жапырақтар);</p> <p>10.2.10.5 былғарының бөлшектерін белгілеуді ұтымды жүзеге асыру;</p> <p>10.2.10.6 былғарыдан бөлшектерді үлгілеу</p>
3.Еңбек заттарын талдау және бағалау	3.1 Еңбек заттарын талдау және бағалау	<p>10.3.3.1 техникалық терминологияны қолданып, өз жұмысын және басқалардың жұмысын құру үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді талқылау және бағалау;</p> <p>10.3.3.2 қолданылған идеяларды салыстыруға негізделіп, өз жұмысын және басқалардың жұмысын бейімдеу, жетілдіру бойынша сыни ұсыныстар жасау</p>
4-тоқсан		
1. Материалтану. Құралдар мен жабдықтар	1.1 Еңбек пәні туралы жалпы мәлімет	<p>10.1.1.1 әртүрлі мәдениеттегі, нәсілдегі, діни сенімдегі адамдарға толеранттылық көрсету;</p> <p>10.1.1.2 еңбек заттарын дайындаудың жолдары мен материалдарын талдау, салыстыру</p>
	1.2 Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды талдау	<p>10.1.2.1 өз бетінше жұмысқа керекті материалдар мен құралдарды іріктеу;</p> <p>10.1.2.2 еңбек заттарын дайындауға арналған және ең қолайлысын, материалдардың әр түрін салыстыру;</p> <p>10.1.2.3 өз бетінше технологиялық карта, сызбалық үлгі, бұйымды жасау жоспарымен жұмыс жасай білу</p>
		<p>10.2.3.1 "ришелье" қолданылатын, қол тігісі үлгісінде кестелеу ("бау", сабақтас, түйін);</p> <p>10.2.3.2 үлгі бойынша кестелеу: қиылған қарапайым, дөңес, ойып жасалған;</p> <p>10.2.3.3 қол тігістерінің техникасын және оның</p>

2.Еңбек заттарын дайындау технологиясы	2.3 Матамен жұмыс	нұсқаларын меңгеру: тігіс жолы, сабақтас, ілмекті, крест тәрізді, жылан, шырша тәрізді; 10.2.3.4 есепті және бос тігістер; 10.2.3.5 көркемдік безендіру, бұйымды өңдеу (бұйымды рамкаға салу); 10.2.3.6 кестелеуде түстер мен композициялық шешімдерді өз бетінше анықтау
	2.9 Тоқу	10.2.9.1 біз және ілгекпен әр түрлі бұйымдарды өз бетінше тоқу; 10.2.9.2 бұйымды соңғы өңдеуді жүзеге асыру: жуу, кептіру, үтіктеу; 10.2.9.3 кестелеу техникасын қолданып сәндік-қолданбалы өнер заттарын дайындау: картина, панно
	2.10 Былғарымен жұмыс	10.2.10.1 ескі былғарыны өңдеуге дайындау; 10.2.10.2 былғарыны тегістеу және бояу техникасын меңгеру; 10.2.10.3 өз бетінше жұмысқа арналған құралдар мен құрылғыларды іріктеу; 10.2.10.4 түрлі бөлшектерді сұлбалау, үлгілеу, пішімін дайындау (гүлдер мен жапырақтар); 10.2.10.5 былғарының бөлшектерін белгілеуді ұтымды жүзеге асыру; 10.2.10.6 былғарыдан бөлшектерді үлгілеу; 10.2.10.7 балауыз, электр плитасы, керосин шамында бөлшектерді өңдеу; 10.2.10.8 "жмурка" техникасы бойынша бөлшектерді өңдеу; 10.2.10.9 лакталған былғарыны өңдеу; 10.2.10.10 сәндік-қолданбалы өнер бұйымдарын былғарыдан жасау
3.Еңбек заттарын талдау және бағалау	3.1 Еңбек заттарын талдау және бағалау	10.3.3.1 техникалық терминологияны қолданып, өз жұмысын және басқалардың жұмысын құру үшін қолданылатын әдістер мен тәсілдерді талқылау және бағалау; 10.3.3.2 қолданылған идеяларды салыстыруға негізделіп, өз

Ескерту: білім беру ұйымында оқу-еңбек үдерісін қажетті өндірістік материалымен қамтамасыз ету мүмкіншіліктеріне қарай, мұғалім тақырыптарды оқыту реттілігін белгілейді.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 531-қосымша

## **Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптар үшін " Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптар үшін " Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Бағдарламаның мақсаты білім алушылардың дене дамуын, соматикалық жағдай мен моториктердегі ауытқушылықтарды түзеу, денсаулықты нығайту және бала организмінің шынықтыру, дұрыс дамуға ықпал ету, қозғалыс икемдері мен дағдыларына үйрету.

3. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің міндеттері:

1) тұлғаның үйлесімді дамуына ықпал ету, білім алушылардың денсаулығын нығайту , дұрыс сымбат дағдыларын қалыптастыру, майтабандылықтың алдын-алу, сыртқы ортаның жағымсыз жағдайларына төтеп беру, салауатты өмір салтының құндылықтарына тәрбиелеу;

2) қозғалыс әрекеттерінің негізгі бзалық түрлеріне үйрету;

3) координациялық қабілеттерді әрі дамыту;

4) жеке бас тазалығы, күн тәртібі, дене жаттығуларының адам денсаулығына әсері, организм жүйесі туралы білім негізінде қозғалыс қабілеттерін дамыту және еңбекқабілеті;

- 5) спорттың негізгі түрлері туралы тереңдетілген түсініктер;
- 6) бос уақытта ұнатқан спорт түрімен айналысу және дербес дене жаттығуларын жасау;
- 7) өзіндік дене мүмкіндіктерінің баламалық бағалауларын қалыптастыру;
- 8) психикалық процестерді дамытуға ықпал ету;
- 9) білім алушының дене тәрбиесі сабағында мұғалім қолданған тілдік материалды игеру;
- 10) мінез-құлқтың әлеуметтік қалыптасқан формаларын қалыптастыру, дене мәдениеті пәні сабақтарында және оқудан тыс уақытта (айқай, агрессия, өзіндікагрессия, стереотиптер);

11) тұлғаны қалыптастыру.

4. Бейімделген дене шынықтырудың түзету-дамытушы міндеттері:

1) жүруде, жүгіруде, жүзуде, лақтыруда, секіруде, шаңғымен сырғанауда, заттармен жасалатын жаттығуларда негізгі қозғалыстарды жетілдіру;

2) дене дайындығын дамыту;

3) координациялық қабілеттерді дамыту;

4) соматикалық бұзылыстардың алдын-алу және түзеу;

5) психикалық, сенсорлы-перцептивті қабілеттерді түзеу және дамыту, бұзылыстарының алдын алу;

6) бұзылған қызметтердің орнын толтыру;

7) эмоционалды-тұлғалық даму кемістіктерін түзету.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушыларды дене тұрғысынан тәрбиелеу ақыл-ой, адами, эстетикалық және еңбекке тәрбиелеудің барлық формалары бойынша мәселелерді кешенді түрде шешеді (сабақтар, қозғалыстық ойындар, дербес қозғалу белсенділігі).

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Бағдарлама зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың танымдық қызметі және жүйке-психикалық, соматикалық, дене дамуы жағдайының ерекшеліктерін есепке ала құрастырылған.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Бағдарлама материалы білім алушылардың қарапайым қозғалыстарының әртүрлі бұзылыстарына ықпал етуге, сондай-ақ әсіресе адамның еңбек қабілетіне қажетті анағұрлым күрделі қозғалыстарды ұйымдастыру қабілетіне, ықпал етуге мүмкіндік береді.

8. Қозғалыстарды игеру мүмкіндігі білім алушының өз денесін сезіне алуына, өз денесінің әрбір бөліктерінің қызметі мен мүмкіндіктерін түсінуіне байланысты. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылар өз денесінің құрылымын, қозғалыстардың негізгі бағыттарын, кеңістіктік бағытталуын сезінуді үлкен қиыншылықпен меңгереді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. "Бейімделген дене шынықтыру" пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері оны жүзеге асыру зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың білім алуда айрықша қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогиканың принциптерге негізделген.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Білім алушыларды түзету-дамыту бағытында оқыту принциптері даму кемшілігі табиғатының ерекшелігіне сәйкес организмнің жүйесі және сақталған қызметтерді пайдалану тірегімен қатар оқу процесін құруды қарастырылады.

11. Оқытудың түзету-дамыту бағытының принципі оқу және оқыту қызметтің арнайы әдістері мен тәсілдерімен қамтамасыз етіледі. Мұнда сенсорлы ақпараттарды қабылдау және өңдеу жылдамдығының баяу болуы, ақыл операциялары мен әрекеттерінің жеткіліксіздігі, танымдық қызығушылықтардың әлсіз болуы, қоршаған орта туралы түсініктер мен білімнің шектеулілігі, сөйлеу дамуының қалықтығы, мінез-құлықты ерікті түрде реттеудің қалыптаспағандығы, қозғалыс координациясы мен моториктердің жеткіліксіз болуы есепке алынады.

12. Білім алушылармен жұмыс жасауда оларды білімді игере алуы, көрнекілік-әрекеттік ойлаудың сақталуына сүйенеді. Жеткіліксіз қызметтерді дамыту бойынша әрекеттер ұйымдастырылады. Білім алушыларды психолого-педагогикалық қолдау, бұл процеске отбасыны қатыстыруды ұйымдастырудың командалық тәсілдері қолданылады.

13. Дене жаттығулары сабақтарындағы дидактикалық материалдардың баяу және қолжетімді болуы дене қасиеттері мен қабілеттерін дамыту үшін балалардың ойын әрекеттері, қозғалыс икемдерін игеру алғышарттарын жасайды.

14. Оқытудың әлеуметтік-бейімдік бағытының принциптері тұлғаның әлеуметтік бейімделмеуінің алдын-алуды қарастарды. Білім алушылардың қарапайым гигиеналық, коммуникативтік, тұрмыстық дағдылардан бастап күрделі әлеуметтік дағдылар, көзқарас пен сенімдерден аяқталатын өмірлік дағдылар, мінез-құлықтың әлеуметтік өмірлік нормаларын игеруі үшін қажетті арнайы жұмыстар қарастырылады.

15. Білім алуда ерекше қажеттіліктерге ие балаларды оқыту мен тәрбиелеудің әрекеттік тәсілдерінің принципі психологияда қалыптасқан "жетекші қызмет" түсінігіне сүйенеді.

16. Дифференциалды және жекелей тәсілдер принципі. Ұжымдық оқу процесі жағдайындағы дифференциалды тәсіл білім алушылардың бір категориядағы бұзылыстар бойынша вариативті типологиялық ерекшеліктеріне негізделген. Педагог сыныпта сипаттамалары бойынша біртекті топтардың болуына байланысты түзеу-білім беру процестерін ұйымдастырады. Білім алушыларды топтарға бөлу тез және шартты түрде болады. Жекелей тәсіл дифференциалды тәсілдің нақтылануы болып табылады.

17. Педагог білім алушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырады және бұл процесті басқарады. Зияты зақымдалған білім алушылардың оқу-танымдық қызметі қиындық тудыранда педагог оқу тапсырмаларын сәтті орындауды қамтамасыз ету үшін білім алушының жетілмеген оқу қызметін өзіне алады.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

18. Зияты жеңіл түрде зақымдалған білім алушылардың дене тәрбиесімен айналысу әрекетінің ерекшелігі – шамадан тыс қозғалыс белсенділігі, белсенді эмоционалды күш, сабақ пен қоршаған ортаға қатысты негативті қатынаста болуы.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

19. "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінің шеңберіндегі оқыту нәтижесін бағалау мақсатты тұжырымдауға негізделген критериалды бағалауды қолданумен жүзеге асады.

20. Мақсатты тұжырымдауға сәйкес бағдарламаның әрбір бөлімі үшін бақылау-диагностикалық тапсырмалар жасалады. Бақылау-диагностикалық тапсырмаларды орындау нәтижелері білім алушы жетістігінің карталарына тіркеліп, оқытудағы жекелей тәсілдерді жүзеге асырудың негізі болып табылады.

21. Қорытынды бақылау жылдың, тоқсанның аяғында жүргізіледі. Педагогпен оқу жылы ағымындағы білім алушының қозғалыс дағдыларының даму қарқыны талданады.

22. Ағымдық және қорытынды аттестациялардың формасын мұғалім білім алушының жекелей ерекшеліктері, оқу материалы және онымен қолданылатын білім беру технологиясының мазмұны анықтайды.

23. Бейімделген дене шынықтыру сабақтарын өткізу спорттық залы "швед тосқауылымен" жарактандырылады. Спорттық залдың жабдықталуы дамуында түрлі бұзылыстары бар білім алушыларына арналған арнайы бейімделген құралдардың болуын, талап етеді, соның ішінде тренажерлар, арнайы велосипедтер (ортопедиялық құралдарымен), жалаушалар; арқаннан жасалған жылан- жол (ұзындығы 2,0 м, диаметр 6 см); әр түрлі төсенішті жолдар; алмалы-салмалы ойыншықтар (алынып-салынатын бөліктерімен); ұзындығы мен түстері әртүрлі ленталар (25 x 3 см, 12 x 3 см, 8 x 25 см, 2 x 25 см); массаж шығыршықтары, валиктер, доптар (диаметр 5, 6, 7, 8, 9, 10, 55, 65, 75 см); дұрыс тыныс алуды қалыптастыруға арналған құралдар мен материалдар; полифункционалды ойынжабдықтары, жұмсақ ірі модульдер.



**Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

24. Оқытудың техникалық құралдары (арнайы компьютерлік құралдары қоса) білім алушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оқу іс-әрекетінің мотивациясын арттыруға, баланың мүмкіндіктері айтарлықтай шектелген жағдайдың өзінде сапалы нәтижелерге жетуге жағдай жасайды.

### **3-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

25. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 6) 10-сыныпта - аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

26. Оқу пәнінің мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) 1-бөлім "Қозғалыс қызметі";
- 2) 2-бөлім "Қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту";
- 3) 3-бөлім "Денсаулық және салауатты өмір салты".

27. "Қозғалыстық қызметтер" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) негізгі дағдыларды дамыту, негізгі циклдық қызметтерді сенімді түрде игеру;
- 2) денеге түсетін әртүрлі күштердің түрлерін реттеу; қозғалыс қабілеттерін жақсарту үшін қиындықтар мен тәуекелдерді түсіне білу;
- 3) уақыт, салмақ, кеңістікті көрсете отырып, кезектілікті сақтау және жаттығуларды дұрыс және тиімді орындау.

28. "Қозғалыс дағдылары арқылы ойлауды дамыту" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) уақыт-кеңістіктік бағытты дамыту;
- 2) ұжымдаса білу сезімін дамыту және дене қызметтерін орындау барысындағы топтық және жекелей тапсырмаларды орындау барысында шынайы жарыса білу.

29. "Денсаулық және салауатты өмір салты" бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) денсаулық туралы түсінік және білім. Организмдегі дене өзгерістерін бақылай алуға үйрену;
- 2) әртүрлі қызметтік бағыттағы өзіндік дене жаттығулары сабақтарын ұйымдастыру әдістері;
- 3) жеке бас тазалығы ережелері, жарақаттанудың алын-алу және дене жаттығулары сабақтары барысында алғашқы көмек көрсете алу;
- 4) мектеп ішінде және мектептен тыс дене қызметтеріндегі мүмкіндіктерді анықтау және ұсыну.

30. 5-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) сапқа тұру, саптың құрылымын өзгертіп қайта тұру. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және қауіпсіздік техникасы (бұдан әрі - ҚТ). Білім алушының қозғалыс тәртібі. Қатарға тұру, бір-бірден бағанаға тұру, желкеге теңелу. Мұғалімнің көрсетуі және айтылған нұсқау бойынша сапқа тұру. сызық бойынша сап түзеу. Мұғалімнің айтқан нұсқауы бойынша бір қатардан қолдарын ұстап шеңберге тұру. Сап пәрмендерін орындау: "Сап түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", "Тоқта!", "Алға бас!", "Алға жүгір!", бағдар бойынша, көрсету, мұғалімнің нұсқауы бойынша орында тұрып бұрылыстарды орындау;

2) жеңіл атлетика. Жеңіл атлетика сабақтарындағы қауіпсіздік техникасы. Дене жаттығуларының гигиенасы, бейімделген дене шынықтыру бойынша жаттығуларды орындау; ұйқы мен тамақтану; оқу күнінің тәртібіндегі іс-шаралар; Ортопедиялық тәртіпті сақтау қажеттілігі туралы мәліметер. Бір кедергіні өту арқылы жүріс (орындық, нығыздалған доп, гимнастикалық таяқ және әртүрлі заттар). Жүру, еркін жүгіру, аяқ ұшымен жүгіру. Бірізді жолмен, бағдарлар бойынша қолды әр түрлі қалыпта ұстап жүру. Қашықтық пен орындау қарқынын сақтай отырып (мұғалімнің шапалақтау дауысымен) бір сызықпен жүру, бағанада бір-бірден жүру, қолдарын ұстап жұппен жүру, ирелеңдеген жолмен жүру. Орында тұрып және белгілер бойынша алға жылжып бір аяқтап, екі аяқтап секіру, 90 және 180 градусқа бұрыла отырып екі аяқтап секіру. Теннистік допы орыннан нысанаға, қозғалмалы нысанаға және алысқа лақтыру. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Орнынан ұзындыққа секіру;

3) гимнастика. Гимнастика сабақтарындағы ҚТ ережелері. Гимнастикалық сапқа тұру және сапты қайта түзу. Бір қатардан екі қатарға тұру: бір-бірден бағанадан екіден, үштен, төрттен тұру. Қатарда тұрып бірінші, екінші, үшіншіге саналу. Қатарды бір-бірден жылдамдыққа қайта құру. Жалпы дамытатын (түзету) жаттығулары. Әртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар (мұрынмен тыныс алып, ауызбен шығару). Жүру және жүгіру кезіндегі дұрыс тыныс алуды жаттықтыру. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен және әртүрлі құралдармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын дамытуға бағытталған жаттығулар: қолдың әр түрлі қалпында тұзу, оң, сол қырымен сызық бойымен, гимнастикалық орындықта жүру. Өрмелеу, асып түсу: гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу және төмен түсу. Мұғалімнің көмегімен және қолға сүйене отырып кедергінің астынан және үстінен өту. Қолдарға сүйене отырып гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту, 50 см биіктікке тартылған баудың астынан өту, гимнастикалық обручтан өту. Дене сымбатын қалыптастыруға және түзетуге арналған жаттығулар. Жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар. Көру қабілетін сақтауға арналған жаттығулар;

4) ұлттық ойындар. ұлттық ойындар (таңдау бойынша) сабағындағы ҚТ ережелері. Ұсақ моторикаға арналған жаттығулар. Ұлттық ойындарда тәсілдерді орындау техникасы. Координациялық қабілеттерін дамытуға арналған ұлттық қозғалыстық ойындар. Жылдамдық, күш қабілеттерін және күш төзімділігін дамытуға арналған жаттығулар мен қозғалмалы ойындар. Негізгі дене қабілеттерін дамытуға және ауытқуларын түзетуге арналған жаттығулар кешені;

5) шаңғы/кросс/коньки дайындығы. Шаңғы/кросс/коньки дайындығы сабақтарында ҚТ ережелері. Шаңғы дайындығы. Сабақта шаңғының құрал-жабдықтарын дайындау. Сабақ өтетін орынға бару және қайту ережелері. Шаңғы тебуда үсіп қалу мен жарақаттанудың алдын алу ережелері. Коньки дайындығы. Мұз айдынында сырғанау мен жүгіру ережелері. Коньки тебудің техникалы тәсілдері. Қозғалыстар координациясы, конькиді теуіп көру. Кросстық қашықтықта қозғалу техникасын меңгеру; кедергілерден өту техникасын меңгеру; төзімділікті дамыту; дене қасиеттерін дамыту үшін жүгіру жаттығулары, дене жүктемелерінің жеке тәртібі. Топтық сабақтар барысында серіктестермен өзара әрекеттесу. Төзімділік пен жылдамдықты дамыту және түзетуге арналған жаттығулар кешені;

6) қозғалмалы және спорттық ойындар. Қозғалмалы ойындар. "Шеңбер бойымен допты қуу", "жүргізетінге допты берме", "Капитанға доп", "Бекіністі қорғау". Спорттық ойындар. Спорттық ойындарда үйренген қозғалу техникаларының элементтерін қиыстыру. Жеңілдетілген ережелер бойынша ойын. Ойыншылар саны шектеулі (2:2, 2:3, 3:3) ойындар мен ойын тапсырмалары. Меңгерген тәсілдерді жетілдіру. Оқытатын ойын.

31. 6-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) сапқа тұру, саптың құрылымын өзгертіп қайта тұру. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Білім алушының қозғалыс тәртібі. Қатарға тұру, бір-бірден бағанаға тұру, желкеге теңелу. Мұғалімнің көрсетуі және айтылан нұсқау бойынша сапқа тұру. сызық бойынша сап түзеу. мұғалімнің айтқан нұсқауы бойынша бір қатардан қолдарын ұстап шеңберге тұру. Сап пәрмендерін орындау: "Сап түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", "Тоқта!", "Алға бас!", "Алға жүгір!", бағдар бойынша, көрсету, мұғалімнің нұсқауы бойынша орында тұрып бұрылыстарды орындау;

2) жеңіл атлетика. Бірізді жолмен, бағдарлар бойынша қолды әр түрлі қалыпта ұстап жүру. Қашықтық пен орындау қарқынын сақтай отырып (мұғалімнің шапалақтау дауысымен) бір сызықпен жүру, бағанада бір-бірден жүру, қолдарын ұстап жұппен жүру, ирелендеген жолмен жүру. Орында тұрып және белгілер бойынша ала жылжып бір аяқтап, екі аяқтап секіру, 90 және 180 градусқа бұрыла отырып екі аяқтап секіру. Теннистік допы орыннан нысанаға, қозғалмалы нысанаға және алысқа лақтыру. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Орнынан ұзындыққа секіру;

3) гимнастика. Гимнастика сабақтарындағы ҚТ ережелері. Гимнастикалық сапқа тұру және сапты қайта түзу. Бір қатардан екі қатарға тұру: бір-бірден бағанадан екіден, үштен, төрттен тұру. Қатарда тұрып бірінші, екінші, үшіншіге саналу. Қатарды бір-бірден жылдамдыққа қайта құру. Жалпы дамытатын (түзету) жаттығулары. Әртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар (мұрынмен тыныс алып, ауызбен шығару). Жүру және жүгіру кезіндегі дұрыс тыныс алуды жаттықтыру. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен және әртүрлі құралдармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын дамытуға бағытталған жаттығулар: қолдың әр түрлі қалпында тұру, оң, сол қырымен сызық бойымен, гимнастикалық орындықта жүру. Өрмелеу, асып түсу: гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу және төмен түсу. Мұғалімнің көмегімен және қолға сүйене отырып кедергінің астынан және үстінен өту. Қолдарға сүйене отырып гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту, 50 см биіктікке тартылған баудың астынан өту, гимнастикалық обручтан өту. Дене сымбатын қалыптастыруға және түзетуге арналған жаттығулар. Жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

4) ұлттық және зияткерлік ойындар. Қазақстанның қозғалмалы ұлттық ойындарымен таныстыру. Ұлттық қозғалмалы ойындар негізінде буындардың қозғалысын, дене қабілеттерін дамыту. Ұлттық және зияткерлік ойындар (таңдау бойынша) сабағындағы ҚТ ережелері. Ұсақ моторикаға арналған жаттығулар. Ұлттық ойындарда тәсілдерді орындау техникасы, жарыстар ережесі. Координациялық қабілеттерін дамытуға арналған ұлттық қозғалыстық ойындар. Жылдамдық, күш қабілеттерін және күш төзімділігін дамытуға арналған жаттығулар мен қозғалмалы ойындар. Негізгі дене қабілеттерін дамытуға және ауытқуларын түзетуге арналған жаттығулар кешені;

5) шаңғы/кросс/коньки дайындығы. Шаңғы дайындығы. Шаңғы дайындығы сабақтарында ҚТ ережелері. Қозғалу әдістері. Кезектелген екіқадамдық жүріс, бір уақыттық екіқадамдық жүріс, бір уақыттағы қадамсыз жүріс; "жартылай шыршамен" қиғашынан көтерілу; "соқамен" тежелу; аттап өту арқылы бұрылу. Білім алушылардың мүмкіндіктеріне байланысты игерілген қашықтыққа қозғалу әдістері. Коньки дайындығы. Мұз айдынында сырғанау мен жүгіру ережелері. Коньки тебудің техникалық тәсілдері. Қозғалыстағы тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар (бір және екі конькиде, қолдың әр түрлі қалпында). Топтық жаттығулар: сапта, үштікте, жұппен, топта сырғанау. Білім алушылардың мүмкіндіктеріне байланысты игерілген қашықтыққа қозғалу әдістері. Кросстық дайындық. Дене қасиеттерін дамытуға арналған жүгіру техникасын орындау; Төзімділік пен жылдамдықты дамыту және түзетуге арналған жаттығулар кешені;

6) қозғалмалы және спорттық ойындар. Зейін, есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар. Әр түрлі бұлшықет топтарына әсер ететін әр түрлі қозғалыс түрлері бар

орташа және төмен қарқынды ойындар. Қолдың ұсақ бұлшықеттерінің моторикасын, күштің дәлдігі мен бөлінуін дамытуға арналған ойындар, секіру, жүгіру, лақтыру бар ойындар. Кеңістікте бағдарлауды дамытуға, жылдамдықты, реакция мен қозғалысты дамытуға арналған ойындар. Отырған, тұрған, қозғалыстағы қалыптан заттарды беру эстафетасы. Допты екі қолмен беру. Қозғалмалы ойындар. "Тиым салынған қозғалыс", "Қасқыр мен қойлар", "Допты қуу", "Нысананы дәлде", "Қайталап көр", "Қапты түсіріп алма", "Бағдарлар бойынша көкөністерді отырғызу және жинау", "Бас бармаққа қонаққа бару", "Фигураны таны", "Дауысы бойынша таны", "Допты қуып жет". Мини-футбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Допты иелену техникасы, допты қақпаға соғу техникасы. "Қозғалмалы нысана". Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Мини-футбол ойыны. Пионербол: ережелермен таныстыру, алаңда орындарды белгілеу. Секіре отырып екі қолмен жоғарыдан шабуылдаушы соққы, допты бастан жоғары ұстау, допты астынан екі қолмен беру, қырынан беру, допты сарапқа салу. Оқу ойыны. Үстел теннисі: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Теннис добын иелену техникасы. Теннис шаригін жұпта, төрттікте соғу техникасын үйрету. Жұпта, төрттікте жеңілдетілген ережелермен ойнау. Флорбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Қозғалыс техникасы, флорболда орналасу. Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Флорбол ойыны.

32. 7-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) сапқа тұру, саптың құрылымын өзгертіп қайта тұру. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Білім алушының қозғалыс тәртібі. Қатарға тұру, бір-бірден бағанаға тұру, желкеге теңелу. Мұғалімнің көрсетуі және айтылған нұсқау бойынша сапқа тұру. сызық бойынша сап түзеу. мұғалімнің айтқан нұсқауы бойынша бір қатардан қолдарын ұстап шеңберге тұру. Сап пәрмендерін орындау: "Сап түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", "Тоқта!", "Алға бас!", "Алға жүгір!", бағдар бойынша, көрсету, мұғалімнің нұсқауы бойынша орында тұрып бұрылыстарды орындау;

2) жеңіл атлетика. Бірізді жолмен, бағдарлар бойынша қолды әр түрлі қалыпта ұстап жүру. Қашықтық пен орындау қарқынын сақтай отырып (мұғалімнің шапалақтау дауысымен) бір сызықпен жүру, бағанада бір-бірден жүру, қолдарын ұстап жұппен жүру, ирелендеген жолмен жүру. Орында тұрып және белгілер бойынша ала жылжып бір аяқтап, екі аяқтап секіру, 90 және 180 градусқа бұрыла отырып екі аяқтап секіру. Теннистік допы орыннан нысанаға, қозғалмалы нысанаға және алысқа лақтыру. Қысқа қашықтыққа жүгіру. Орнынан ұзындыққа секіру;

3) гимнастика. Гимнастика сабақтарындағы ҚТ ережелері. Әртүрлі бастапқы қалыпта орындалатын тынысты түзетуге арналған жаттығулар (мұрынмен тыныс алып, ауызбен шығару). Жүру және жүгіру кезіндегі дұрыс тыныс алуды жаттықтыру. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен және әртүрлі құралдармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын дамытуға бағытталған жаттығулар: қолдың әр түрлі қалпында тұзу, оң , сол қырымен сызық бойымен, гимнастикалық орындықта жүру. Өрмелеу, асып түсу: гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу және төмен түсу. Мұғалімнің көмегімен және қолға сүйене отырып кедергінің астынан және үстінен өту. Қолдарға сүйене отырып гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту, 50 см биіктікке тартылған баудың астынан өту, гимнастикалық обручтан өту. Дене сымбатын қалыптастыруға және түзетуге арналған жаттығулар. Жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

4) ұлттық және зияткерлік ойындар. Ұлттық және зияткерлік ойындар (таңдау бойынша) сабағындағы ҚТ ережелері. "Тоғызқұмалақ", "Асық ату" ұлттық ойындар. Ұсақ моторикаға арналған жаттығулар. Аутотренинг формулалары арқылы босансу, аз қозалыстық ойындардың ойындар барысында өз денесін басқару, дұрыс емес қалыптарды түзету әдістері. Жарыстар ережесі. Координациялық қабілеттерін дамытуға арналған ұлттық қозғалыстық ойындар. Негізгі дене қабілеттерін дамытуға және ауытқуларын түзетуге арналған жаттығулар кешені;

5) шаңғы/кросс/коньки дайындығы. Шаңғы/кросс/коньки дайындығы сабақтарында ҚТ ережелері. Шаңғы дайындығы. Сабақта шаңғының құрал-жабдықтарын дайындау. Коньки дайындығы. Мұз айдынында сырғанау мен жүгіру ережелері. Коньки тебудің техникалық тәсілдері. Коньки тебудің техникалық тәсілдері. Қозғалыстағы тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар (бір және екі конькиде, қолдың әр түрлі қалпында). Топтық жаттығулар: сапта, үштікте, жұппен, топта сырғанау. Кросстық дайындық. Кросстық қашықтықта қозғалу техникасын меңгеру; кедергілерден өту техникасын меңгеру; төзімділікті дамыту; дене қасиеттерін дамыту үшін жүгіру жаттығулары, дене жүктемелерінің жеке тәртібі. Төзімділік пен жылдамдықты дамыту және түзетуге арналған жаттығулар кешені;

6) қозғалмалы және спорттық ойындар. Спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Сабақтар процесінде психоэмоционалды жағдайын өз өзін бақылау және өз өзін реттеу. Зейін, есте сақтауды дамытуға арналған жаттығулар. Әр түрлі бұлшықет топтарына әсер ететін әр түрлі қозғалыс түрлері бар орташа және төмен қарқынды ойындар. Қолдың ұсақ бұлшықеттерінің моторикасын, күштің дәлдігі мен бөлінуін, кеңістікте бағдарлауды дамытуға арналған ойындар. Волейболдық допты астынан екі қолмен қабырғаға соғу. Баскетболист тұрысында, оң және сол қырымен допсыз арнайы қозғалыстар; қадамдап тоқтау, белгі бойынша тоқтау. Допты оң қолмен, сол қолмен, бір орында кезектеп және қозғалыста алып жүру. Зейін, есте сақтау,

реакция жылдамдығын дамытуға бағытталған ойындар. "Аттар", "Бағдарлар бойынша көкөністерді отырғызу және жинау", "Қырлардан секіру", "Қалпақпен жүреміз". Мини-футбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Допты иелену техникасы, допты қақпаға соғу техникасы. "Қозғалмалы нысана". Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Мини-футбол ойыны. Волейбол: ойыншылардың міндеттері мен ережелер; ойынның техникасы. Жарақаттанудың алдын алу. Орында және алға жылжығаннан соң торға ілінген допты екі қолмен жоғарыдан беру. "Ауадағы доп" ойыны. Волейбол оқу ойыны. Баскетбол: ойынның негізгі ережелері. Айып соққысы. Бағыт пен жылдамдықты өзгерте отырып, кенеттен тоқтап жүгіру; секіріп, қадамдап, допты алып жүргеннен кейін секіріп тоқтау; бір орында алға, артқа бұрылу; допты алу және тартып алу; допты қозғалыста екі қолмен қағып алу; допты қозғалыста екі қолмен кеудеден беру, бір қолмен иықтан беру; допты жұпта және үштікте беру; доптың секіру биіктігін және жүгіру қарқынын өзгерте отырып допты алып жүру; қозғалыста және тоқтап допты қағып алғаннан кейін алып жүру. Тәсілдерді үйлестіру. Бағытты өзгерте отырып допты алып жүру. Оқу ойыны. Бадминтон: спорт түрімен таныстыру. Киім мен құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар. Бадминтон барысындағы ҚТ. Негізгі тұрыстар мен орын ауыстыру. Бадминтон ракеткасын ұстау. Ойын техникасының негіздері. Доп беру. Доп беру түрлері. Ракетканың ашық және жабық жағымен доп беру. Соққы (соққылардың жіктелуі) және доп беру. Жоғарыдан алысқа соққы беру. Жалғыз және жұптық ойын ережелері. Бадминтон ойыны. Үстел теннисі: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Теннис добын иелену техникасы. Теннис шаригін жұпта, төрттікте соғу техникасын үйрету. Жұпта, төрттікте жеңілдетілген ережелермен ойнау. Флорбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Қозғалыс техникасы, флорболда орналасу. Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Флорбол ойыны.

33. 8-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) сапқа тұру, саптың құрылымын өзгертіп қайта тұру. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Қатарға тұру, бір-бірден бағанаға тұру. Бір қатардан бағанаға, шеңберге тұру. Сап пәрмендерін орындау: "Сап түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", "Тоқта!", "Алға бас!", "Алға жүгір!", "Қолды созған қалыпта бөліну!";

2) жеңіл атлетика. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Спорттық ойындардың элементтері бар қозғалмалы ойындардың ережелерін сақтау. Қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Жүріс, еркін жүгіру, аяқ ұшымен жүгіру. Қолдың әр түрлі қалпымен жүру. Мұғалімнің тапсырмасы бойынша жүру.

Жоғары старттан жүгіру техникасы. Сап пәрмендерін орындау: "Сөре!", "Дайындал!", "Алға!". Орында тұрып және белгілер бойынша ала жылжып бір аяқтап, екі аяқтап секіруді жетілдіру. Орнынан ұзындыққа секіру. Техниканы жетілдіру;

3) фитнесің элементтері бар сауықтыру және түзету гимнастикасы. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Спорттық ойындардың элементтері бар қозғалмалы ойындардың ережелерін сақтау. Қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Дұрыс дене сымбатын қалыптастыруға бағытталған жаттығулар кешені (заттармен және заттарсыз). Дене бітімінің кемістіктерін түзету және алдын алуға бағытталған жаттығулар (тұрып, отырып, жатып арқа бұлшықеттерінің, іштің пресс бұлшықеттерінің күшін дамытуға арналған жаттығулар). тұрғанда және үстелде отырғанда бастың, иықтың, дененің дұрыс қалпын сақтау. Гимнастикалық қабырғада дене сымбатын қалыптастыруға арналған жаттығулар (аяқ-қолдардың әртүрлі жаттығулары, отырып тұру, гимнастикалық қабырғада арқамен және желкемен сүйеніп жылжу) орындау. Жалпақ табандылықтың алдын алу: табанның сыртқы жанымен қозғалу, табанның бұлшықеттерін нығайтуға және дамытуға арналған жаттығулар. Жалпы және ұсақ моториканы дамытуға арналған заттармен жаттығулар (затты бір қолдан екінші қолға салу, затпен және затсыз қолды, білекті айналдыру, гимнастикалық обручпен, гимнастикалық таяқпен, үлкен және кіші доптармен жұмыс). Өрмелеу, асып түсу: гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу және төмен түсу. Мұғалімнің көмегімен және қолға сүйене отырып кедергінің астынан және үстінен өту. Қолдарға сүйене отырып гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту, 50-60 см биіктікке тартылған баудың астынан өту, гимнастикалық обручтан өту. Дене сымбатын қалыптастыруға және түзетуге арналған жаттығулар. Жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар. Көру қабілетін сақтауға арналған жаттығулар;

4) ұлттық және зияткерлік ойындар. Қозғалыс қабілеттерін түзету мен жақсартуға арналған дене жаттығуларын қолданудағы техника, тактика және композициялық идеялар, "Асық ату", "Бес тас" ұлттық қозғалмалы ойындар. Алдында үйренген ойындар сайысының техникалары мен ережелерін меңгеруді жетілдіру. Киіз үйді жасау үшін қозғалыс әрекеттерін қолдану. дене дайындығының жеке сабақтар жоспарын жасау (үлгі бойынша), сабақтың негізгі бөлімдерін белгілеу, олардың бағыты мен мазмұнын анықтау. Дене дайындығының жеке көрсеткіштерін өзі бақылауы (дене қасиеттерін өзіндік тестілеу);

5) шаңғы/кросс/коньки дайындығы. Шаңғы тебу: кезектескен екі қадамдық жүріс; бір уақыттағы бір қадамды жүріс; бір әдістен екінші әдіске көшу арқылы жүрістерді кезектестіріп қозғалу (қадамсыз қозғалу, қадам арқылы, екі қадам арқылы қозғалу, тікелей көшу, таяқпен серпілу ақылы қолдану); шаңғыда үлкен емес кедергілерді аттап өту. Жоғарыға көтерілу, түсу, бұрылыстар, тежелу: аттап бұрылу; сатылап көтерілу; шырша тәріздес көтерілу; жартылай шаршы тәріздес көтерілу; негізгі және төменгі тұрыста тегіс жермен және қыр мен сайлардан, трамплиндерден өтіп төменге түсу;



соқамен тежеу; тіреуішпен тежеу; қырымен сырғанап тежелу; тіреуішпен бұрылу. Конькимен жүру, 3 км-ге дейін қашықтықты жүріп өту. Кросстық дайындық. Кросстық қашықтықта қозғалу техникасын меңгеру; кедергілерден өту техникасын меңгеру; төзімділікті дамыту; дене қасиеттерін дамыту үшін жүгіру жаттығулары, дене жүктемелерінің жеке тәртібі;

б) түзету қозғалмалы және спорттық ойындар. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Спорттық ойындардың элементтері бар қозғалмалы ойындардың ережелерін сақтау. Қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. күштің дәлдігі мен бөлінуін, кеңістікте бағдарлауды дамытуға арналған әр түрлі қозғалыс түрлері бар және түрлі қарқынды ойындар. Әр түрлі бұлшықет топтарына әсер ететін ойындар. Баскетбол ойынының қарапайым қозғалыстары: допты қозғалыста екі қолмен қағып алу; допты қозғалыста екі қолмен кеудеден беру, бір қолмен иықтан лақтырып сақинаға лақтыру. Волейболдық допты астынан екі қолмен қабырғаға соғу. Зейін, есте сақтау, ойлау, өзін-өзі бақылауды дамытуға бағытталған ойындар. "Біз көңілді балалар", "Батпақта жүрген ләйлек" ойындары. Мини-футбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Допты иелену техникасы, допты қақпаға соғу техникасы. "Қозғалмалы нысана". Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Мини-футбол ойыны. Волейбол: ойыншылардың міндеттері мен ережелер; ойынның техникасы. Ойын ережесін бұзған үшін жазалау. Орын ауытырғаннан кейін жұпта астынан және жоғарыдан допты алу және беру. Секіріп жоғарыдан тура беру. Тор арқылы тура шабуылдаушы соққы (таныстыру). Блок (таныстыру). Бір орында және қадамдап секіру, тордың жанында секіру (сабақта серияда 5-10 секіруден 3-5 серия). Көп рет секіру. Нығыздалған доппен жаттығулар. Баскетбол: допты дұрыс алып жүру, сақинаға салу. Бағыт пен жылдамдықты өзгерте отырып, кенеттен тоқтап жүгіру; секіріп, қадамдап, допты алып жүргеннен кейін секіріп тоқтау; бір орында алға, артқа бұрылу; допты алу және тартып алу; допты қозғалыста екі қолмен қағып алу; допты қозғалыста екі қолмен кеудеден беру, бір қолмен иықтан беру; допты жұпта және үштікте беру; доптың секіру биіктігін және жүгіру қарқынын өзгерте отырып допты алып жүру; қозғалыста және тоқтап допты қағып алғаннан кейін алып жүру. Тәсілдерді үйлестіру. Бағытты өзгерте отырып допты алып жүру. Оқу ойыны. Бадминтон: спорт түрімен таныстыру. Киім мен құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар. Бадминтон барысындағы ҚТ. Негізгі тұрыстар мен орын ауыстыру. Бадминтон ракеткасын ұстау. Ойын техникасының негіздері. Доп беру. Доп беру түрлері. Ракетканың ашық және жабық жағымен доп беру. Соққы (соққылардың жіктелуі) және доп беру. Жоғарыдан алысқа соққы беру. Жалғыз және жұптық ойын ережелері. Бадминтон ойыны. Үстел теннисі: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Теннис добын иелену техникасы. Теннис шаригін жұпта, төрттікте соғу техникасын үйрету. Жұпта, төрттікте жеңілдетілген

ережелермен ойнау. Флорбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Қозғалыс техникасы, флорболда орналасу. Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Флорбол ойыны.

34. 9-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) сапқа тұру, саптың құрылымын өзгертіп қайта тұру. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Күн тәртібінде қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Үй жағдайында дене жаттығуларын өздігінен жасау. Қатарға тұру, бір-бірден бағанаға тұру, желкеге теңелу. Бір қатардан қолдарынан ұстап шеңберге тұру. Сап пәрмендерін орындау: "Сап түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", "Тоқта!", "Алға бас!", "Алға жүгір!", "Қолды созған қалыпта бөліну!", бағдар бойынша, көрсету, мұғалімнің нұсқауы бойынша орында тұрып бұрылыстарды орындау;

2) жеңіл атлетика. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Жүру, еркін жүгіру, аяқ ұшымен жүгіру. Бірізді жолмен, бағдарлар бойынша қолды әр түрлі қалыпта ұстап жүру. Қашықтық пен орындау қарқынын сақтай отырып (мұғалімнің шапалақтау дауысымен) бір сызықпен жүру, бағанада бір-бірден жүру, қолдарын ұстап жұппен жүру, ирелендеген жолмен жүру. Орында тұрып және белгілер бойынша алға жылжып бір аяқтап, екі аяқтап секіру, 90 және 180 градусқа бұрыла отырып екі аяқтап секіру. Теннистік допы орыннан нысанаға, қозғалмалы нысанаға және алысқа лақтыру. Қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Жүріс, еркін жүгіру, аяқ ұшымен жүгіру. Қолдың әр түрлі қалпымен жүру. Мұғалімнің тапсырмасы бойынша жүру. Жоғары старттан жүгіру техникасы. Сап пәрмендерін орындау: "Сөре!", "Дайындал!", "Алға!". Орында тұрып және белгілер бойынша ала жылжып бір аяқтап, екі аяқтап секіруді жетілдіру. Орнынан ұзындыққа секіру. Допты нысанаға және алысқа лақтыру техникасын жетілдіру;

3) фитнесің элементтері бар сауықтыру және түзету гимнастикасы. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Күн тәртібіндегі қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Үй жағдайында дене жаттығуларын өздігінен жасау. Тынысты түзетуге арналған жаттығулар (мұрынмен тыныс алып, ауызбен шығару, тыныс алғанда кеуде қуысын кеңейту, тыныс шығарғанда кеудені кішірейту). Жүру және жүгіру кезіндегі дұрыс тыныс алуды жаттықтыру. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен және әртүрлі құралдармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын дамытуға бағытталған жаттығулар: қолдың әр түрлі қалпында тұзу, оң, сол қырымен сызық бойымен, гимнастикалық орындықта жүру. Еденде бір аяқпен гимнастикалық қабырғаны ұстай отырып және оны ұстамай тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар, гимнастикалық орындықта көмек арқылы бір аяқта тепе-теңдікті сақтау. Өрмелеу, асып түсу: гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу және төмен түсу.

Қолға сүйене отырып кедергінің астынан және үстінен өту. Қолдарға сүйене отырып гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту, 50-60 см биіктікке тартылған баудың астынан өту, гимнастикалық обручтан өту. Дене сымбатын қалыптастыруға және түзетуге арналған жаттығулар (тұрып, отырып, жатып арқа бұлшықеттерінің, іштің пресс бұлшықеттерінің күшін дамытуға арналған жаттығулар). Жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

4) ұлттық және зияткерлік ойындар. Қозғалыс қабілеттерін түзету мен жақсартуға арналған дене жаттығуларын қолданудағы техника, тактика және композициялық идеялар. Тұлғаны дене және рухани жетілдірудегі ұлттық ойындардың рөлі. Күштілік пен төзімділікке өзін өзі тестілеу. "Білек сынасу", "Көтермек", "Қындық-сандық", "Асық", "Күміс алу" және алдында өткен ұлттық ойындар. Дене дайындығының жеке көрсеткіштерін өзі бақылауы (дене қасиеттерін өзіндік тестілеу);

5) шаңғы/кросс/коньки дайындығы. Шаңғы дайындығы. Үйренген техникаларды бекітуге бағытталған арнайы жаттығулар. Шаңғы жарысы техникасының элементтері, қашықтықта күшін бөлу (мүмкіндігінше), топ бастау, озып өту, мәреге жету. Кросстық дайындық. Үйренген техникаларды бекітуге бағытталған арнайы жаттығулар. Кросстық жарыс техникасының элементтері, қашықтықта күшін бөлу (мүмкіндігінше), топ бастау, озып өту, мәреге жету;

6) түзету қозғалмалы және спорттық ойындар. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Күн тәртібіндегі қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Үй жағдайында дене жаттығуларын өздігінен жасау. Әр түрлі бұлшықет топтарына әсер ететін әр түрлі қозғалыс түрлері бар және түрлі қарқынды (жүгіріп өту, лақтыру, секіру, мұалім белгісімен тоқтауы бар ойындар), үстел теннисінің элементтері бар (шарикті ракеткамен ұрып жаттықтыру) ойындар. Баскетболист тұрысында, оң және сол қырымен допсыз арнайы қозғалыстар эстафетасы. Допты оң қолмен, сол қолмен, бір орында кезектеп және қозғалыста алып жүретін эстафеталар. Баскетбол ойынының қарапайым қозғалыстары: допты қозғалыста екі қолмен қағып алу; допты қозғалыста екі қолмен кеудеден беру, бір қолмен иықтан лақтырып сақинаға лақтыру. Волейболдық допты астынан екі қолмен қабырғаға соғу. "Біз көңілді балалар", "Батпақта жүрген ләйлек", "Шеңберден шығару", "Қуыспақ" ойындары. Заттарды отырып, тұрып, қозғалыста беру эстафеталары. Мини-футбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Допты иелену техникасы, допты қақпаға соғу техникасы. "Қозғалмалы нысана". Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Мини-футбол ойыны. Волейбол: білім алушының еңбек етуге дайындығына волейболдың әсері. Тордың төменгі жағынан допты қабылдау; бір орында және қозғалыста допты тор арқылы астынан екі қолмен соғу; жоғарғы тікелей беру. Блок жасау. Тор арқылы тура шабуылдаушы соққы. Бір орында және қадамдап секіру, тордың жанында секіру (сабақта серияда 5-10 секіруден 3-5 серия). Баскетбол: ойын

тактикасы уралы түсінік; практикалық әділқазылық. Допсыз және допты аланнан кейін қозғалыстағы бұрылыстар. жұпта, үштікте ойыншылардың қозғалу кезінде допты екі және бір қолмен қағып алу және ары қарай беру Бағытты өзгерте отырып допты алып жүру. Әр түрлі орыннан допты себетке салу. Оқу ойыны. Бадминтон: спорт түрімен таныстыру. Киім мен құрал-жабдықтарға қойылатын талаптар. Бадминтон барысындағы ҚТ. Негізгі тұрыстар мен орын ауыстыру. Бадминтон ракеткасын ұстау. Ойын техникасының негіздері. Доп беру. Доп беру түрлері. Ракетканың ашық және жабық жағымен доп беру. Соққы (соққылардың жіктелуі) және доп беру. Жоғарыдан алысқа соққы беру. Жалғыз және жұптық ойын ережелері. Бадминтон ойыны. Үстел теннисі: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Теннис добын иелену техникасы. Теннис шаригін жұпта, төрттікте соғу техникасын үйрету. Флорбол: спорттық ойындар сабақтарындағы ҚТ бойынша нұсқаулық. Қозғалыс техникасы, флорболда орналасу. Қозғалыс бағыты мен жылдамдығын өзгерте отырып допты алып жүру. Допты жұпта, үштікте беру, соғу. Допты алғаннан кейін қақпаға соғу. Допты қақпаға соғу. Флорбол ойыны.

35. 10-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) сапқа тұру, саптың құрылымын өзгертіп қайта тұру. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Күн тәртібінде қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Үй жағдайында дене жаттығуларын өздігінен жасау. Қатарға тұру, бір-бірден бағанаға тұру, желкеге теңелу. Бір қатардан қолдарынан ұстап шеңберге тұру. Сап пәрмендерін орындау: "Сап түзел!", "Тік тұр!", "Еркін тұр!", "Тоқта!", "Алға бас!", "Алға жүгір!", "Қолды созған қалыпта бөліну!", бағдар бойынша, көрсету, мұғалімнің нұсқауы бойынша орында тұрып бұрылыстарды орындау;

2) жеңіл атлетика. Дене жаттығуларының әлсіз бұлшықеттерінің функционалдық жағдайына әсері, компенсациялық қозғалыстардың пайда болуы, жылдамдық пен ептілікті дамыту. Жүгіру жаттығулары: ұзын, орташа және қысқа қашықтыққа жүгіру (қозғалыстық мүмкіндіктеріне байланысты); жоғарғы старт; төменгі старт; жоғарғы старттан жылдамдау; спринтерлік жүгіру; белгілі қашықтыққа бірқалыпты жүгіру (қашықтық ұзындығы мұғалім немесе білім алушы реттейді); эстафеталық жүгіру; кедергілерді өту арқылы жүгіру. Секіру жаттығулары: жүгіріп келіп ұзындыққа секіру, жүгіріп келіп "аяғын бүгу" әдісімен ұзындыққа секіру; жүгіріп келіп "аттау" әдісімен биіктікке секіру; жүгіріп "еңкею" әдісімен ұзындыққа секіру. Кіші допты лақтыру жаттығулары: орыннан кіші допты тік қозғалмайтын нысанаға лақтыру; кіші допты қозғалыстағы (сырғанатылған) нысанаға лақтыру; кіші допты қозғалыстағы (ұшырылған) нысанаға лақтыру; кіші допты қозғалыстағы нысанаға лақтыру; кіші допты жүгіріп (үш кадаммен) алысқа лақтыру. Гранаталарды арқадан, иық арқылы, орыннан, кадамдап, тізеден әдістерімен алысқа және 10 метрлік дәліз бойынша лақтыру. Ядро, тас, нығыздалған допты (5 кг дейін) орыннан бір қолмен, екі қолмен лақтыру;

3) фитнесің элементтері бар сауықтыру және түзету гимнастикасы. Гимнастика сабақтарындағы ҚТ. Білім алушылардың денсаулығы мен дамытуға арналған дене жаттығуларының әсері туралы негізгі мәліметтер. Күн тәртібі мен дұрыс тамақтану тәртібі. Фитнесің түрлерімен таныстыру (жеке таңдау). Ағзаның жағдайына жағымды әсер ететін жаттығулар кешені. Циклдік жаттығулар, секіру, би жаттығулары. Бейімделген дене шынықтыру сабағындағы тәртіп ережелері және ҚТ. Күн тәртібіндегі қозғалыс белсенділігін арттыру түрлері. Үй жағдайында дене жаттығуларын өздігінен жасау. Тынысты түзетуге арналған жаттығулар (мұрынмен тыныс алып, ауызбен шығару, тыныс алғанда кеуде қуысын кеңейту, тыныс шығарғанда кеудені кішірейту). Жүру және жүгіру кезіндегі дұрыс тыныс алуды жаттықтыру. Кіші және үлкен доптармен, гимнастикалық таяқшалармен және әртүрлі құралдармен орындалатын жалпы және ұсақ моториканы дамытатын жаттығулар. Қимыл координациясын дамытуға бағытталған жаттығулар: қолдың әр түрлі қалпында тұзу, оң, сол қырымен сызық бойымен, гимнастикалық орындықта жүру. Еденде бір аяқпен гимнастикалық қабырғаны ұстай отырып және оны ұстамай тепе-теңдікті дамытуға арналған жаттығулар, гимнастикалық орындықта көмек арқылы бір аяқта тепе-теңдікті сақтау. Өрмелеу, асып түсу: гимнастикалық қабырғамен жоғары өрмелеу және төмен түсу. Қолға сүйене отырып кедергінің астынан және үстінен өту. Қолдарға сүйене отырып гимнастикалық орындықтан өрмелеп өту, 50-60 см биіктікке тартылған баудың астынан өту, гимнастикалық обручтан өту. Дене сымбатын қалыптастыруға және түзетуге арналған жаттығулар (тұрып, отырып, жатып арқа бұлшықеттерінің, іштің пресс бұлшықеттерінің күшін дамытуға арналған жаттығулар). Жалпақ табандылықтың алдын алуға бағытталған жаттығулар;

4) Қазақстанның ұлттық ойындары. Қозғалыс қабілеттерін түзету мен жақсартуға арналған дене жаттығуларын қолданудағы техника, тактика және композициялық идеялар, "Асық ату", "Бес тас" ұлттық қозғалмалы ойындар. Алдында үйренген ойындар сайысының техникалары мен ережелерін меңгеруді жетілдіру. Киіз үйді жасау үшін қозғалыс әрекеттерін қолдану. дене дайындығының жеке сабақтар жоспарын жасау (үлгі бойынша), сабақтың негізгі бөлімдерін белгілеу, олардың бағыты мен мазмұнын анықтау. Дене дайындығының жеке көрсеткіштерін өзі бақылауы (дене қасиеттерін өзіндік тестілеу);

19. Білім алушыларға сабақ барысында сынып бөлмесінде еркін қозғалуға, оқу тапсырмаларын үстел басында, кілемде, тұрып, сыныптастарымен бірлесіп орындауға немесе сыныптастарының жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік беріледі.

20. Сөйлеуді дамыту сабақтары білім алушының көру және есту қабілетін қалыптастырудан басталады. Білім алушыларға педагогтің сөзін тыңдауға, сөйлеушінің бетіне тіке қарауға, әңгімелесушінің бетіне қарап отыруға үйретуді жалғастырады.

21. Білім алушылардың сөйлеуін белсендіру жұмысы заттармен практикалық іс-әрекет жасау, көрнекі жағдаятты орнату барысында жүзеге асырылады. Сөйлеуді дамыту және қоршаған әлем туралы білім біртұтастықты құрайды. Білім алушының сөйлеуі оны қоршаған заттар және олармен жасалатын әрекеттер аясында дамиды.

22. Сабақтарда педагог сөйлеу тілін түсінуді, грамматикалық формалары мен категорияларын практикалық меңгеруді дамытуға бағытталған жұмыс жүргізеді. Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын меңгеру сөздік қорын байытумен қатар

жүреді. Бағдарламадағы әріптермен танысу реті ұсынымдық сипатта берілген, ол сөйлеу онтогенезіндегі дыбыстардың пайда болу ретіне негізделген.

23. Оқытуда М. Монтессоридің педагогикалық жүйесін арнайы дайындалған заттық-дамытушы ортада басқа арнайы педагогикалық әдістермен және технологиялармен, соның ішінде PECS карталарын, пиктограммаларды, "глобалды оқу" әдісін үлестіріп отырып, қолдану ұсынылады.

22. Білім алушыларды сөйлеуде есімдіктерді, үстеулер мен көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету керек. Мұғалімнің міндеті – сабақтарда білім алушының педагогпен және басқалармен қарым-қатынас жасау қажеттілігі артып, қызығуы дамитындай жағдай жасау.

23. Білім алушыларда графомоторлық дағдылар деңгейі жазуды тікелей оқыту үшін жеткіліксіз болып табылады. Білім алушылар, өздерінің қозғалыс үйлесімділігінің әлсіздігі мен қозғалыстардың жалпы дамымауымен ерекшеленетіндігінен, қалам және қарындашты дұрыс ұстай алмайды, жолдың шетінен аспау үшін қол қозғалыстарын шектей алмайды, түзу сызықтар сыза алмайды. Жұмыс жасау үшін А4 парақтарын таңдаған дұрыс, содан кейін оқушылардың мүмкіндіктеріне бағыттай отырып, ені 10 см, 5 см, 3 см, 2 см, 1 см болатын жол бөлгіштері бар тор дәптерге көшкен дұрыс.

24. Жазу элементтерін қалыптастыру бойынша жұмыс мыналарды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

1) жазуға арналған әртүрлі беттер (жармамен, құммен жазу; тақтаға, қағаз парағына, клеенкаға жазу);

2) трафарет, контур арқылы сызу жаттығулары, оқыған әріптердің мөлшерде нүктемен жазылған контурды нүктелерді біріктіріп жазу;

3) түзу, көлбеу, сынық сызықтардан тұратын жол өрнектерін жазу;

4) әріптерді, қиылған әріптерден жасалған сөздерді көшіріп жазу;

5) үйренген әріптерді айту бойынша жазу;

6) баспа мәтіннен дәптерге баспа әрпімен жазу;

7) компьютердің, планшеттің, телефонның пернетақтасында сөздерді, сөйлемдерді, хабарламаларды теріп жазу.

25. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау сипаттамалық бағалауды (қалыптасқан дағдыларды сипаттау) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

26. Білім алушының жетістіктерін бағалаудың бастапқы кезеңі оның жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер болып табылады.

27. Білім алушының жеке оқу бағдарламасы 1-4 сыныптарда қалыптасқан дағдылар деңгейін ескере отырып, оның мүмкіндіктері туралы мәліметтер негізінде жасалады.

28. Бағалау құралдары білім алушылардың қызметін бақылау, олардың қызметінің өнімдерін оқыту мен тәрбиелеудің жеке міндеттерімен салыстыру болып табылады.

29. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау рәсімдерінің реттілігі:

1) оқу жылдың басында жеке оқыту бағдарламасын құру үшін білім алушылардың білімі мен дағдыларын алдын ала бағалау;

2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымдағы бағалау, ол оқушылардың сабақтардағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады;

3) аралық бағалау бірінші жартыжылдық аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылы аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады. Қалыптасқан дағдылардың жеке оқу бағдарламасына сәйкес қалыптастырудың табыстылығы туралы бағалау пайымдаулары жеке бағдарламаның тиісті бағанына тіркеледі.

30. Білім алушылардың жеке бағдарлама бойынша жетістіктерін сипаттау кезінде міндетті түрде дағдыны меңгерудегі дербестік дәрежесі көрсетіледі: "өз бетінше"; "ауызша нұсқаулар бойынша", "үлгі бойынша"; "еліктеу арқылы"; "мұғаліммен (ата-аналармен) бірлескен әрекеттер арқылы".

31. Бағдарлама концентрлік принципіне сәйкес құрылған, бұл оқытудың әр жылында бұрын алған дағдыларды қайталауға, бекітуге, жетілдіруге мүмкіндік береді.

32. Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатта берілген. Педагог білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез-келген өзгерістер енгізуге, оның ішінде зияты жеңіл түрде зақымдалған оқушылар үшін "Әліппе, Ана тілі" бағдарламасының жекелеген мақсаттарын қосу есебінен бағдарламаның мазмұнын күрделендіруге құқылы.

### **3-тарау. "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

#### **Параграф 1. Оқу пәнінің мазмұны**

33. "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағат;
- 2) 6-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағат;
- 3) 7-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағат;
- 4) 8-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағат;
- 5) 9-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағат.
- 6) 10-сыныпта – 5 сағат, оқу жылында 170 сағат.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарымен айқындалады.

34. "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Сөйлеуді дамыту";
- 2) "Коммуникация";
- 3) "Оқу және жазу элементтері".

35. "Сөйлеуді дамыту" бөліміне келесідей бөлімшелер кіреді:

- 1) сөйлеуді түсіну;
- 2) сөйлеу.

36. "Коммуникация" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) коммуникативтік мінез-құлық;
- 2) сөйлеу коммуникациясы.

37. "Оқу және жазу элементтері" келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) оқу элементтері;
- 2) жазу элементтері.

38. 5-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, дауысты дыбыстарды [а, ә, о, ө, у, ұ, и, э, ы] білу және ажырату. Ойын әрекетін дыбыстық сигналмен, сөз бойынша, қимылмен, екі-үш сөзден тұратын нұсқаулық бойынша орындау. Заттар арқылы жаттығулар жасау: "Мен атаймын, ал сен көрсетесің" және керісінше. Аудио-бейнежазбаны қолданумен қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Педагог айтқан әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (қысқа тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: дауысқа еліктеу мен буындарды, сөздерді, қысқа тақпақтарды, ойын жағдайларын ауызша нұсқауларға сәйкес орындау. Тыңдалған әңгімеге оның мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен балалар тақпақтарын, жай қимылдармен сүйемелдеп орындалатын қысқа өлеңдерді жаттап алып айту (2-6 жолды есте сақтаумен). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациямен айтумен, суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолданумен қайталау. Өлеңдер мен мақал-мәтелдер тыңдау, сөйлеу жаттығуы кезінде буындарды, сөздерді толық айту (педагогпен бірлесіп, содан кейін педагогтан бөлек). Иллюстрациялар сериясына сүйене отырып, ертегінің мазмұнын баяндау. Онда оқушылар сұрақтарға жауап беретін ойын ойнайды. Мысалы: "Бұл кім?", "Сатушы не істейді?", "Дүкеннің осы бөлімінде қандай тауарлар сатылады?", "Шай дастарханына қандай ыдыс қою керек?". Суреттер сериясына сүйене отырып, оқиғаны, ертегіні, мәтінді әңгімелеп айту. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау; фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, 2-5 бөліктен құралған

жартылай сурет). Педагогпен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздерден тұратын карточкаларды қолдану арқылы таныс заттар, жақсы көретін заттары туралы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жасаған кезде жағымды эмоционалдық қарым-қатынас көрсету. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көру байланысын орнату. Айнадан өзін, сыныптасын, мұғалімді қарау. Ересек адаммен және құрдастарымен әңгімелескенде қашықтық пен кезектілікті сақтау. Эмоционалдық жағдайда (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік) өзін ұстай білу. Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, "сәлем", "көріскенше") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісім (келіспеушілік) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдану арқылы көмек сұрау. Нұсқау қимылын, суретті, сөзді, "керек, қалаймын, керек емес, қаламаймын" сөз тіркестерін қолдану арқылы өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (басын изеу, қолын кеудесіне қою, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: өзін-өзі атау, өз атына жауап беру, ересектерді аты-жөні бойынша атау; сұрақтар қою, берілген тақырыпқа диалогты қолдау. Мысалы: "Шай дастарханын жаямыз", "Жақында қонақтар келеді – шайға дастархан жаюға дайындаламыз", "Дүкеннен азық-түлік сатып аламыз". Өз әрекеттерін қайталап айту (мұғаліммен бірге). Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атаумен сюжеттік-рөлдік ойынға қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Беттерді парақтау, кітаптан мұғалім атаған заттарды, әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өзінің жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өзінің аты бар картаны пайдалану. Мұғалімнің сұрақтары бойынша "Отбасы", "Мектеп" тақырыптарына сөйлемдер құрастыру. Карточкаларды тақырып бойынша таңдап, іріктеу, мысалы, "Бас, мойын, кеуде, арқа, иық буыны - дененің бөліктері". Элементтерге арналған іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау, мысалы, "Бала сыпырады, қыз жуады". Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Ы және Э әріптерімен танысу. Контур бойымен қиылған А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы әріптерін білу және атау (10-5 см). Олардың дыбыссыз артикуляциясы негізінде А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы дыбыстарын білу және атау. Суреттерге А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы әріптері бар карточкаларды таңдау. Оқыған әріптерді атауы бойынша таныс сөздерден, журналдардан табу.



Жазу элементтері: нүктелерді "жазуды" заттың контуры бойынша саусақпен, қарындашпен, қаламмен орындау (әртүрлі әдістерді қолданумен). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен, жармамен "жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Қағаз парағында көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды "жазуды" орындау. А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы әріптерін әртүрлі беттерге, А4 парақтарына жазу. А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы әріптерін трафаретпен және шаблонмен дөңгелектеп сызу, оларды бояу. Әріптерді сызығы жоқ қағазға үлгі бойынша; мұғалімнің айтуы бойынша жазу. Сызығы жоқ қағаз параққа өзінің атын (сыныптастарының атын, сөздерді, сөйлемдерді) қарындашпен, фломастермен, қаламмен үлгі бойынша жазу. Сөздерді, сөйлемдерді карточкалардан тақырыптық кітапшаларға көшіру. Таныс және бейтаныс сөздерден, мәтіндерден, журналдар мен газеттерден оқыған әріптерді дөңгелектеп сызу. Компьютер пернетақтасында өз атын (сөздерді, сөйлемдерді) теру.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: қазақ халық ертегілер, "Мен мектепке барамын" (Б.Жақып), "Көңілді қыс" (Р.Сәбитұлы), "Алтын күз" (М.Әлімбаев), "Әріп сыры" (Е.Өтетілеуұлы), "Көрші атай" (М.Жаманбалинов), "Ұшқыш болғым келеді" (Қ.Аманжолов), "Мысықтың суреті" (С. Ахметов), "Көмек" (Ә.Табылдиев), "Әдеп" (Е.Өтетілеуұлы), "Қыркүйек" (Ж.Өмірбеков), "Қуанышты қайдан іздейді?" (А.Құдайбергенов), "Тақта білім айнасы" (Ә.Табылды);

39. 6-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дауыссыз дыбыстарды [а, ә, о, ө, у, ұ, ү, и, і, е] заттық суреттерге сүйене отырып, дауыссыз артикуляцияға негізделген және ерте және орта онтогенездегі дауыссыз дыбыстарды тану және ажырату. Дыбыс сигналы, сөз, ым немесе екі және үш сөзден тұратын нұсқаулар негізінде ойын әрекетін орындау. Аудио-бейне жазбалар арқылы шағын өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Оқытушы мен оқушылар қайталаған әр түрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (рифма, өлең, әңгіме, ертегі).

Сөйлеу: дауысқа еліктеуді және буындарды, сөздерді, қысқа тақпақтарды, ойын жағдайларын ауызша нұсқауларға сәйкес орындау. Тыңдалған әңгімеге оның мазмұны бойынша мұғалімнің көмегімен сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен тақпақтар, жай қимылдармен сүйемелдеп орындалатын қысқа өлеңдер жаттап алып айту (2-6 жолды есте сақтаумен). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациямен айтумен, суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Иллюстрациялар сериясына сүйене отырып, тақпақтар мен мақал-мәтелдерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін бөлек). Онда оқушылар сұрақтарға жауап беретін өмірлік жағдайларды ойнайды. Иллюстрациялар сериясына және мұғалімнің сұрақтарына сүйене отырып, ертегілердің мазмұнын қайталап айту. Сұрақтар бойынша таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау: Бұл кім? Ол не істейді? Қандай? Фотоларда,

суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, 2-6 бөліктен құралған жартылай сурет). Мұғаліммен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздерден тұратын карточкаларды қолдана отырып, таныс заттар, жақсы көретін заттары туралы 3-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыру. Өз атынан ("Мен нан сатып аламын", "Біз мерекеге торт сатып аламыз"), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", "Олар...") хабарлама түрінде сөйлем құрастыру, хабарламаның адресаттын жазып белгілеу.

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жасау жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көру байланысын орнату. Айнадан өзін, сыныптасын, мұғалімді қарау. Ересек адаммен және құрдастарымен әңгімелескенде қашықтық пен кезектілікті сақтау. Ересектермен қарым-қатынаста оның атын, тегін және жынысын пайдалану. Сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Эмоционалдық ахуал (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік) көрсету және атау. Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, "сәлем", "көріскенше") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісім (келіспеушілік) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Қимылды, суретті, сөзді, сөз тіркестерін қолдану арқылы өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (басын изеу, қолын кеудесіне қою, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: ересектермен қарым-қатынаста оның атын, тегін және жынысын пайдалану, сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау. Өз әрекеттерін айту (мұғаліммен бірге). Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес ойын жағдайларын жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атай отырып, сюжеттік-рөлдік ойынға қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Беттерді парақтау, кітаптан мұғалім атаған заттарды, әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өзінің жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өз аты бар карточканы пайдалану. Пәнаралық байланыстарды ескере отырып, мұғалімнің сұрақтары бойынша тақырыптарға сөйлемдер құрастыру, мысалы: "Азық-түлік". Тақырыптар бойынша карточкаларды таңдау және жіктеу, мысалы, "Сүт, айран, сүзбе, йогурт, ірімшік – бұл сүт өнімдері". "Сатушы сатады" сияқты заттарға арналған іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау. Ауызша

нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Оқушыларды контурмен қиылған М, Н, Ң, П, Б, К, Қ, Г, Ғ, Х, Й әріптерімен таныстыру (өлшемі 5 см әріптер). Контурмен қиылған А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Б, К, Қ, Г, Ғ, Х, Й әріптерін білу және атау (5 см). Олардың дыбыссыз артикуляциясы негізінде А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Б, К, Қ, Г, Ғ, Х, Й дыбыстарын білу және атау. А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Б, К, Қ, Г, Ғ, Х, Й әріптері бар карточкаларды таңдау. Үлгі бойынша кесілген әліппеден буындар мен сөздер құрастыру, содан кейін оларды оқу. Өзінің атынан, таныс сөздерден, журналдардан оқыған әріптерді табу. Сөздерді, сөйлемдерді, шағын мәтіндерді оқу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерде, А4 форматындағы парақтарда мынадай әріптерді "жаз": А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Б, К, Қ, Г, Ғ, Х, Й. Мөлшері 3-5 см А, Ә, У, Ұ, О, Ө, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Б, К, Қ, Г, Ғ, Х, Й әріптерін трафаретпен және шаблондармен қоршап сызу, оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу: нүктелерді "жазуды" саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша орындау (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен, жармамен "жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Әріптерді сызылмаған қағазға үлгі бойынша; мұғалімнің айтуы бойынша жазу. Картадан сызылмаған қағаз парағына өз атын (сыныптастарының атын, сөздер, сөйлемдер) қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Сөздерді, сөйлемдерді карточкалардан тақырыптық кітаптарға көшіру. Оқыған әріптерді таныс және бейтаныс сөздерден табу және оны дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, жақындарының аттарын (сөздер, сөйлемдер) теру.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: "Қолғанат", "Наурыз" (Б.Жақып), "Жапырақтар" (А.Мусина), "Менің жадым" (А.Асылбек), "Гүлді жұлма, өсір" (М.Дүйсенов), "Көшедегі сабақ" (Қ.Омарұлы), "Көмекшілер" (Ә. Шапағат), "Қыс қызығын тойлаймыз" (Т.Молдағалиев), "Жапалақ қар" (Қадыр Мырза Әли), "Балапан мен мысық" (Д.Мамырова), "Алма" (Г.Әзірбаева), "Тәтті мақта" (Н.Құмар), "Екі дос" (А.Хамзаұлы), "Туған күн" (Р. Әбілқадырова), "Алаңғасар Жаппас" (Ә.Файзуллаұлы), "Маңдай тер" (Б.Досымов), "Нан қайдан келді?" (М.Етекбаев);

40. 7-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, дауысты дыбыстарды [а,ә,о,ө,у,ұ,ү,и,і,э,ы] және [м, б, п, т, д, н, ң, к, қ, г, ғ, х, ф] дауыссыз дыбыстарын білу және ажырату. Ойын әрекетін дыбыстық сигнал бойынша, ым-ишара бойынша, екі және үш сөздік нұсқаулар

бойынша орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер, мәтіндер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды, ойын жағдайларын, жаттығуларды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдалған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (2-6 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациялаумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын есте сақтау бойынша иллюстрациялар сериясына сүйене отырып айту. Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды көрсету. Әңгімені, ертегіні мұғалімнің сұрақ қоюымен қайталап айту. Ересек адаммен және құрдастарымен сөйлескенде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). Өз атынан ("Мен бір құты шырын сатып аламын", "Біз таңқурай шырынын жасау үшін таңқурай сатып аламыз"), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", "Олар...") хабарламалар түрінде сөйлемдер құрастыру және сол хабарламалардың адресаттын міндетті түрде жазып белгілеу. Таныс тақырыптар туралы 3-5 қысқа сипаттамалық сөйлем құрау;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көз байланысын орнату, сөйлеушіге қарап отыру, сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Ересек адаммен және құрдастарымен сөйлескенде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Эмоцияларды көрсету және білу (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изею, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш қимылды, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдану арқылы қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: Ересектермен қарым-қатынаста оның есімін, тегін және жынысын қолдану. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау, мысалы, ("Түскі асқа дастарқан жаю", "Жақында қонақтар келеді — дастарқан жаюға

дайындаламыз", "Дүкеннен ыдыс-аяқ сатып алу". Өз әрекеттерін айту (мұғаліммен бірге). Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес ойын және өмірлік жағдайларды жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Рөлдік диалогқа өзінің ойындағы рөлін атаумен қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптардан мұғалім атаған заттарды, іс-әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітаптар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өз жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өзінің аты бар карточканы пайдалану. Тақырыптарға мұғалімнің сұрақтары бойынша ұсыныстар құрастыру. Заттарға іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау. Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Н,Н,Т,Д,Ф әріптерімен танысу. Контур бойымен қиылған А, Ә, У, Ұ, Ү, О, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Т, Д, Б, Ф, К, Қ, Г, Ғ Х, Й әріптерін білу және атау (5 см). А, Ә, У, Ұ, Ү, О, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Т, Д, Б, Ф, К, Қ, Г, Ғ Х, Й дыбыстарын білу және атау. А, Ә, У, Ұ, Ү, О, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Т, Д, Б, Ф, К, Қ, Г, Ғ Х, Й әріптері бар карточкаларды іріктеу. Әріптерді буынға (ма, му, мы, мо, ми), содан кейін кері буынға дәйекті түрде қосу-біріктіру (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрастыру). Таныс сөздерден буындарды бөліп айту (мама, машина). Білім алушылардың назарын аудару үшін буындар қара әріппен, басқа түспен ерекшеленіп көрсетілуі керек. Білім алушылардың буынға бөлу карточкасындағы сөзге тиісті буынды қоятын жаттығуларды орындау. Оқыған әріптерді, буындарды өз атынан, таныс сөздерден, журналдардан табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға, дәптерлерге А, Ә, У, Ұ, Ү, О, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Т, Д, Б, Ф, К, Қ, Г, Ғ Х, Й әріптерін жазу. Трафаретпен және шаблондармен дөңгелектеп сызу (таныс заттар, геометриялық фигуралар, А, Ә, У, Ұ, Ү, О, И, Э, Ы, І, М, Н, Ң, П, Т, Д, Б, Ф, К, Қ, Г, Ғ Х, Й әріптері (әріптердің мөлшері 3-5 см), оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу, оларды сәйкес карточкадағы сөзбен немесе сөздегі тиісті әріппен сәйкестендіру. "Жазуды" саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша орындау (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). "Жазуды" әртүрлі бағыттағы жолда (3-5 см) саусақпен құмға, жармаға, параққа қарындашпен орындау. Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Әріптерді сызылмаған қағазға үлгі бойынша; мұғалімнің айтуы бойынша жазу. Өз атын (сыныптастарының аты-жөнін, сөздерді, сөйлемдерді) сызылмаған қағаз парағына, дәптерге қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Сөздерді, сөйлемдерді карточкалардан тақырыптық кітапшаларға көшіру. Мәтіндерден оқыған әріптерді,

буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, жақындарының аттарын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді теріп жазу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: "Мектеп біздің анамыз" (Ә.Тұрманжанов), "Әдепсіз" (Қ.Ахметов), "Күзгі жапырақтар" (Қ.Шаңғытбаев), "Жанашыр" (Ж.Кенжалиев), "Жалқау" (Д.Қасенов), "Бақша ағаштары" (Ы.Алтынсарин), "Бір атаның ұрпағы" (Е.Сәрсенбаев), "Қыс қуанышы" (Ә.Ысқақбай), "Табиғатты қорға" (Қ.Аймағамбетов), "Жаңа достар" (Ж.Архарова), "Әже" (Ф.Оңғарсынова), "Қарлығаштың қасиеті" (Ғ.Сайран), "Аппақ бала" (Ә.Табылдиев), "Біздің Қазақстан" (М.Әлімбаев), "Болашақ футболшы" (Б.Тәжібаев), "Бір күндік қызық" (М.Айымбетов);

41. 8-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, дауысты дыбыстарды [а,ә,о,ө,у,ұ,ү,и,э,ы,і,е] және дауыссыз дыбыстарын [м, б, п, т, д, н, к, қ, ғ, г, х, һ, в, ф] білу және ажырату, ашық және жабық буындардағы қарама-қарсы дауысты және артикуляцияға жақын дауыссыз дыбыстарды ажырату. Тікелей және кері буындары бар екі буынды сөздердің буын құрылымы мен екпінді буынын айту. Дыбыстық сигнал бойынша жаттығуларды ым-ишара, екі және үш буынды нұсқаулар бойынша орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: ойын және өмірлік жағдайларда, жаттығуларда дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдалған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (4-8 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс интонациялаумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын иллюстрациялар сериясына сүйене отырып айту. Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды ойнау. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). 3-5 сөзден тұратын сөйлемдер құрастыру. Өз атынан хабарламалар түрінде ұсыныстар жасау ("Мен футболка сатып аламын", "Біз барлығына дене

шынықтыру сабақтарына кию үшін спорттық костюмдер сатып аламыз), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", "Олар..."). Бұл жағдайда адресаттың болуы міндетті. Ертегіні мұғалімнің сұрақ қоюы бойынша қайталап айту;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қарым-қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көз байланысын орнату, ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Сөйлеушіге қатысты заттарды атау. Эмоционалдық ахуал көрсету және білу (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). "Эмоцияға сәйкес суретті тап", "Эмоциялар әлеміне саяхат", "Мен әртіс боламын" секілді ойындарда, түрлі этюдтарында эмоциялар туралы білім алушылардың түсініктерін қалыптастыру. Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изеу, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш ым-ишараны, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдана отырып, өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: ересектермен қарым-қатынаста оның атын, тегін және жынысын қолдану. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты қолдау, мысалы, "Киім тігетін ателье", "Киім дүкені", "Киім жөндеу шеберханасы" сюжеттерінде диалогты ойнау. Сөйлеу және сөйлеу емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып, табиғаттағы әртүрлі мамандықтағы адамдардың еңбегі туралы сюжеттік суреттер сериясы бойынша баяндау әңгімелерін құрастыру (пиктограммалар бойынша, мұғалімнің кескіннің немесе заттың егжей-тегжейіне бағытталған қимылдары бойынша). Білім алушылардың жеке тәжірибесінен сөйлеу сұрақ-жауап формасы негізінде мұғаліммен бірлесіп қысқа әңгімелер құрастыру: табиғаттағы еңбек, қолөнер жасау. Әртүрлі қойылымдардың (спектакльдердің), әңгімелер мен өлеңдердің кейіпкерлерін қолдана отырып, ойын түрінде кішігірім көріністерін қою (мұғалім білім алушылармен бірге кейіпкерлердің әрекеттерін сөйлеумен сүйемелдейді). Ойын жағдайларын сүйемелдеу, мысалы: саябаққа бару, орындалатын рөлге сәйкес жекелеген сөздерді ым-ишарамен және қимылдармен айту. Өзінің ойындағы рөлін атаумен рөлдік диалогқа қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: кітаптардағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптардан мұғалім атаған заттарды, іс-әрекеттер мен белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітаптар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өз жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өзінің аты бар карточканы пайдалану. Тақырыптарға мұғалімнің сұрақтары бойынша ұсыныстар құрастыру. Заттарға іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау. Ауызша

нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. А, Ә, О, Ө, У, Ұ, Ү, И, Э, Ы, І, Е, М, Б, П, Т, Д, Н, К, Қ, Ғ, Г, Х, Һ, В, Ф әріптерін білу және атау. С, З, Ц әріптерімен танысу (әріптің мөлшері 5 және 3 см). Контур бойымен қиылған А, Ә, О, Ө, У, Ұ, Ү, И, Э, Ы, І, Е, М, Б, П, Т, Д, Н, К, Қ, Ғ, Г, Х, Һ, В, Ф, С, З, Ц әріптерін білу және атау (3-5 см). Ә, О, Ө, У, Ұ, Ү, И, Э, Ы, І, Е, М, Б, П, Т, Д, Н, К, Қ, Ғ, Г, Х, Һ, В, Ф, С, З, Ц дыбыстарын білу және атау. Білім алушыларға таныс сөздер басылған карточкалардың заттармен, суреттермен, пиктограммалармен сәйкестігі. Әріптерді па, пу пы, по, пи буынына, содан кейін кері буынға дәйекті түрде қосу-біріктіру (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрастыру). Таныс сөздерден буындарды бөліп айту (папа, панама). Өзіне назар аударту үшін буындар қара әріппен, басқа түспен ерекшеленіп көрсетілуі керек. Білім алушылардың буынға бөлу карточкасындағы сөзге тиісті буынды қоятын жаттығуларды орындауы. Сөздерді оқу ("жаһандық оқу"). Көмекші сөздерді оқу және оларды карточкадағы сөздермен сәйкестендіру. Ә, О, Ө, У, Ұ, Ү, И, Э, Ы, І, Е, М, Б, П, Т, Д, Н, К, Қ, Ғ, Г, Х, Һ, В, Ф, С, З, Ц әріптері бар карточкаларды таңдау. Карточкадағы сөздерден "мен, сен, біз, ол, олар" есімдіктерін оқу және оларды көрсеткіш ишарамен сәйкестендіру. Оқыған әріптерді, буындарды өз атынан, таныс сөздерден, журналдардан табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға оқыған әріптерді жазу. Трафаретпен және шаблондармен дөңгелектеп сызу (таныс заттар, мөлшері 3 см әріптер), оларды бояу. Заттар мен С,З,Ц әріптерін контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу, оларды сәйкес карточкадағы сөзбен немесе сөздегі тиісті әріппен сәйкестендіру. Әріптер мен сөздерді контур сызықтарымен (нүктелермен) жазу. Өзінің атын (тегін) (сыныптастарының тегін, сөздерін, сөйлемдерді) контурлық бағдармен және өз бетінше жазу. Мәтінін мұғалім немесе оқушы жазуы мүмкін (мұғалімнің көмегімен) ашықхаттар жазу. Мұғалім мен білім алушылардың айдың нөмірі мен атауын, күнін жазуы (олардың мүмкіндіктеріне қарай): нүктелерді саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша "жазу" (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). "Жазуды" саусақпен, қарындашпен, қаламмен заттың контуры бойынша орындау (әртүрлі әдістерді қолдана отырып). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен, жармамен "жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Білім алушылармен бірге олар үшін маңызды ақпаратты өшіру (жазу). Карточкалардан сөздерді, сөйлемдерді балаларға арналған тақырыптық кітапшаға көшіру. Таныс және бейтаныс мәтіндерден оқыған әріптерді, буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Білім алушылармен бірлесіп қабырға газеттерін, журналдар жасау, мысалы: "Біздің сынып", "Біздің хобби". Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді, әріптерді, буындарды, сөздер мен сөйлемдерді теріп жазу.



Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: қазақ ертегілер, "Мен ғарышкер боламын" (Ж. Смақов), "Сусын туралы жыр" (Т.Бердияров), "Жанкүйерлер" (Ә.Файзуллаев), "Тапсам деймін уақыт" (Р.Тышқанбаев), "Айналайын Отаным!" (С.Асанов), "Алтын бала" (С.Тұрдалиев), "Тырнарлар" (Ұ.Есдәулетов), "Бақшада" (Ж.Кәрбозин), "Әжесін қайсысы жақсы көреді?" (М.Төрежанов), "Аша қар" (Б.Соқпақбаев), "Сырғанақ" (Б.Жақып), "Күлме досқа" (А.Хамзеұлы), "Көктем сәні" (Б.Әділов), "Құстың ұясы" (А.Мусина), "Өзен" (Ы.Алтынсарин), "Денсаулық" (Ә.Шамұратова), "Инелік пен тиін" (Т.Жексенбай), "Көктем деген немене?" (Ж.Жабаев), "Тазалық" (Қадыр Мырза Әлі), "Қайтпай қалған қарлығаш" (Т.Тойбазарұлы);

42. 9-сыныпқа арналған "Сөйлеуді дамыту және коммуникация" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, дауысты дыбыстарды [а, ә, о, у, ұ, ү, и, э, ы, е] және Ұ, ю, я әріптердің дауыстық құрылымын, дауыссыздардың артикуляциясын білу және ажырату. Жаттығуларды дыбыстық сигнал бойынша, ауызша команда бойынша, ым-ишара, екі және үш сөзді нұсқаулар бойынша орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: ойын және өмірлік жағдайларда, жаттығуларда дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдаған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (4-8 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс айтумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын мұғалімнің сұрақ қоюы бойынша айту. Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды көрсету. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). Өз атынан хабарламалар түрінде сөйлемдер құрастыру, хабарламаны алушы адресаттың болуы міндетті. Тыңдаған әңгімені мұғалімнің сұрақ қоюымен әңгімелеп айту.

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көз байланысын орнату. Айнадан өзін, сыныптасын, мұғалімін қарау.

Ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Эмоцияларды көрсету және білу (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изею, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш ым-ишараны, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдана отырып, өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: таныс ересек адамға сөйлеуде оны есімі мен тегі (әкесінің аты) бойынша атау, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты жүргізу. Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес өмірлік жағдайларды жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атап, рөлдік диалогқа қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптан мұғалім атаған заттарды, іс-әрекеттерді және белгілерді табу. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттері бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Өз жұмысын, жұмыс орнын көрсету үшін өз аты бар карточканы пайдалану. Мұғалімнің сұрақтары бойынша белгілі тақырыптарға сөйлемдер құрастыру. Іс-әрекеттердің атаулары бар карточкаларды заттарға сәйкес таңдау. Ауызша нұсқауларға сәйкес заттардың белгілерін көрсететін карточкаларды таңдау. Ш, Ж, Ч, Щ әріптерімен жұмыс (контур бойымен қиылған әріптердің мөлшері 5 және 3 см): әріптерді білу және атау. Оқып үйренген дыбыстарды білу және айту. Білім алушыларға таныс сөздер басылған карточкаларды заттармен, суреттермен, пиктограммалармен сәйкестендіру. Әріптерді буынға (па, пу, пы, по, пи), содан кейін кері буынға дәйекті түрде қосу-біріктіру (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрау). Таныс сөздерден буындарды іріктеп көрсету (буындар назар аудару үшін қалың қаріппен, басқа түспен, өлшеммен ерекшеленуі керек). Сөздерді және сөйлемдерді оқу. Сөйлемдегі "мен, біз, ол" есімдіктерін оқып, сілтеп көрсету қимылымен байланыстыру. Сөйлемдегі "үстінде, ішінде, астында" көмекші есімдерді оқу. Нақты объектілерді көмекші есімдерге сәйкес орналастыру. Оқып үйренген әріптер мен буындарды өз есімінен, таныс сөздерден, шағын мәтіндерден табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға Ш, Ж, Щ, Ч әріптерін жазу. Трафарет пен шаблондар арқылы әріптерді сызу, әріптердің өлшемі 2-3 см, оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойымен сызу, оларды сәйкес сөз картасымен немесе сөздегі сәйкес әріппен салыстыру, нүктелерді саусақпен,

қарындашпен немесе қаламмен нысанның контуры бойымен "жазу" (әртүрлі әдістерді қолдану). Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Сызықсыз қағазға баспа әрпімен жазу: мұғалімнің айтқанынан естігенін жазу, үлгі бойынша жазу. Өзінің атын, тегін (сыныптастардың тегін, сөздерді және сөйлемдерді) картадан сызылмаған таза қағаз парағына және қарындашпен, фломастермен немесе қаламмен дәптерге баспа әрпімен жазу. Мәтінін мұғалім алдын ала басып шығарған немесе жазған құттықтау хаттарын астына өз атын жазу. Білім алушылармен бірге олар үшін маңызды ақпаратты көшіру (жазу). Карточкалардан сөздерді, сөйлемдерді балаларға арналған тақырыптық кітапшаға көшіру. Таныс және бейтаныс мәтіндерден оқыған әріптерді, буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді, әріптерді, буындарды, сөздер мен сөйлемдерді теріп жазу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: қазақ ертегілер (Қожа Насыр, Алдар Қөсе туралы), әлем халықтарының ұлттық ертегілері, "Алтын ұям мектебім" (Қ.Әбділдәқызы), "Ақылшым мұғалім" (Ә.Дүйсенбиев), "Достар" (М.Төреханов), "Рақмет" (М.Ерімбетов), "Қараша" (Қ.Төреқожа), "Ізбасар" (Ж.Әлмешов), "Оқу" (Е.Өтетілеуов), "Қызғаныштың кесірі" (Г.Әзімбаева), "Асыл әдет" (Ә.Нұршайықов), "Алғашқы қар" (М.Жаманбалинов), "Сәтсіз саяхат" (Н.Сералиев), "Істен шыққан сөмке" (Б.Әділ), "Ұя" (Ж.Кәрбозин), "Жер шуағы" (М.Абылқасымова), "Түсіне қарама" (С.Сауытбеков), "Қымбат сыйлық" (Б.Мұстафин), "Байлық" (Ы.Алтынсарин), "Туған жерге саяхат" (Б.Жақып), "Жазғытұры" (А.Құнанбаев);

43. 10-сыныпқа арналған "Сөйлеу және коммуникацияны дамыту" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) сөйлеуді дамыту. Сөйлеуді түсіну: дыбыссыз артикуляцияға негізделген тақырыптық суреттерге сүйене отырып, дауысты дыбыстарды және дауыссыз дыбыстарын білу және ажырату. Дыбыстық сигнал бойынша жаттығуларды ым-ишара, екі және үш сөзді нұсқаулар бойынша орындау. Аудио-бейнежазбаны қолдану арқылы қысқа өлеңдер, ертегілер, әңгімелер тыңдау. Педагог пен білім алушылар айтатын әртүрлі сөйлеу интонацияларын тыңдау (тақпақтар, өлеңдер, әңгімелер, ертегілер).

Сөйлеу: ойын және өмірлік жағдайларда, жаттығуларда дыбыстық еліктеуіштерді және буындарды, сөздерді, тақпақтарды ауызша нұсқауларға сәйкес айту. Әңгімеге тыңдалған әңгіменің мазмұны бойынша, мұғалімнің көмегімен, сұрақтарға сөзбен, қимылмен, суретпен, сөйлеммен жауап беру арқылы қатысу. Мұғалімнің сөздерінен және айтуынан тақпақтар, қарапайым қимылдармен сүйемелденетін қысқа өлеңдер үйрену (4-8 жолды есте сақтау бойынша). Сөйлемді педагогтен кейін дұрыс айтумен суреттерді, сөздер бар карточкаларды қолдану арқылы қайталау. Өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, таза сөздерді тыңдаған кезде буындарды, сөздерді толық айту (бірге, содан кейін өздігінен). Ертегінің мазмұнын иллюстрациялар сериясына сүйене отырып,

мұғалімнің сұрақ қоюы бойынша айту. Таныс заттар мен әрекеттерді, заттардың белгілерін білу және атау. Фотоларда, суреттерде және сюжеттік картиналарда бейнеленген таныс заттар мен әрекеттерді білу және атау. Заттың, іс-әрекеттің оның кескінімен сәйкестігі (түрлі-түсті, ақ-қара, контурлық сурет, жартылай сурет). Оқушылар сұрақтарға жауап беретін жағдайды ойнау. Өз атынан хабарламалар түрінде сөйлемдер құрастыру ("Мен алжапқыш тігемін", "Біз сүлгі тігеміз"), екінші және үшінші жақтан ("Ол...", "Олар..."). Бұл ретте адресаттың болуы міндетті. Әртүрлі мәтіндерді мұғалімнің сұрақ қоюымен әңгімелеп айту. Мұғаліммен бірге суреттерді, пиктограммаларды және сөздер бар карточкаларды қолдана отырып, таныс заттар мен сүйікті заттар туралы 5-8 қысқа сипаттамалық сөйлем құрастыру;

2) коммуникация. Коммуникативтік мінез-құлық: қарым-қатынас жағдайына жағымды эмоционалдық қатынас көрсету, айналасындағылармен өздігінен қарым-қатынас жасау. Ересек адамның, басқа оқушының бетіне тіке қарау. Әңгімелесушімен көз байланысын орнату, ересек адаммен және құрдастарымен сөйлесуде қашықтықты, кезектілікті сақтау. Эмоционалдық көңіл-күйді тану және көрсету (қуаныш, қорқыныш, қайғы, таңдану, тыныштық, көңілсіздік). Әңгімелесушімен сөз, әрекет арқылы (басын изею, қолын созу, "сәлем, сау бол") сәлемдесу және қоштасу. Өзіне назар аударту, дыбыспен, қимылмен, сөзбен, сөз тіркесімен келісімді (келіспеушілікті) білдіру. Дыбысты, қимылды, пиктограмманы, сөздерді, сөз тіркестерін қолдана отырып көмек сұрау. Көрсеткіш ишараны, суретті, сөзді, сөз тіркесін қолдана отырып, өз қалауын білдіру. Ым-ишара, сөз, әрекет арқылы ризашылық білдіру (бас изеу, "рахмет" айту).

Сөйлеу коммуникациясы: таныс ересектермен қарым-қатынаста оның атын толық атау. Сұрақтар қою, берілген тақырып бойынша диалогты жүргізу. Үлгі бойынша, ауызша нұсқаулық бойынша адамдардың, жануарлар мен құстардың қимылдары мен бейнелеріне еліктеу ойындарына, таныс ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді драмалау ойындарына қатысу. Орындалатын рөлге сәйкес өмірлік жағдайларды жеке сөздермен, ым-ишарамен және қимылдармен сүйемелдеу. Өзінің ойындағы рөлін атаумен рөлдік диалогқа қатысу;

3) оқу және жазу элементтері. Оқу элементтері: балалар кітаптарындағы, журналдардағы иллюстрацияларды қарау. Кітаптан мұғалім атаған заттарды, іс-әрекеттерді және белгілерді табу. Мұғалімнің иллюстрация, сөздер мен сөйлемдер бойынша оқуын қадағалау. Мұғаліммен бірге тақырыптық кітапшалар жасау. Оқушының өміріндегі оқиғалар мен қызығушылықтарды бейнелейтін фотосуреттер бар оқушының жеке кітабын (альбомын) жасау. Берілген тақырыпқа мұғалімнің сұрақтары бойынша сөйлемдер құрау. Карточкаларды тақырып бойынша таңдау және жіктеу (тақырып "Адам және әлем", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар" пәндерін ескере отырып таңдалады). Заттарға арналған іс-қимыл атаулары бар карточкаларды таңдау, мысалы, "шаштараз шаш қияды, тарайды, өреді". Заттардың белгілерін білдіретін сөздер бар

карточкаларды ауызша нұсқауларға сәйкес таңдау. Бұрын оқыған дыбыстарды білу және айту. Білім алушыларды контур бойымен қиылған Р,Л әріптерімен таныстыру (әріптердің мөлшері 3 және 2 см). Контур бойымен қиылған әріптерді білу және атау (3 см). Білім алушыларға таныс сөздер басылған карточкаларды заттармен, суреттермен, пиктограммалармен сәйкестендіру. Әріптерді ашық буынға, содан кейін жабық буынға дәйекті түрде қосу (қиылған әліппе әріптерінен буындар құрау). Таныс сөздерден буындарды іріктеп көрсету. Сөздегі буынның астына сол буын жазылған карточкасын қою жаттығуларын орындау. Сөздерді және сөйлемдерді оқу. Сөйлемдегі "мен, біз, ол" есімдіктерін оқып, сілтеп көрсету қимылымен байланыстыру. Сөйлемдегі "үстінде, ішінде, астында" көмекші есімдерді оқу. Нақты объектілерді көмекші есімдерге сәйкес орналастыру. Оқып үйренген әріптер мен буындарды өз есімінен, таныс сөздерден, шағын мәтіндерден табу.

Жазу элементтері: әртүрлі беттерге, А4 форматындағы парақтарға әріптер жазу. Трафаретпен және шаблондармен дөңгелектеп сызу (таныс заттар, геометриялық фигуралар, мөлшері 1-2 см әріптер), оларды бояу. Заттар мен әріптерді контурлар мен нүктелер бойынша дөңгелектеп сызу, оларды сәйкес карточкадағы сөзбен немесе сөздегі тиісті әріппен немесе сөздегі тиісті әріппен сәйкестендіру. Нүктелерді заттың контуры бойынша саусақпен, қарындашпен, қаламмен "жазуды" орындау (әртүрлі әдістерді қолдану арқылы). Әртүрлі бағыттағы жолға (3-5 см) құммен, жармамен "жазуды" саусақпен, қағазға қарындашпен орындау. Әріптер мен сөздерді контур сызықтарымен (нүктелермен) жазу. Қағаз парағында "жазуды" орындау: көлденең (түзу, ирек және қисық) және тік сызықтарды, нүктелер мен пунктирлі сызықтар бойынша —>, <— көрсеткіштерді. Әріптерді сызылмаған қағазға үлгі бойынша, мұғалімнің айтуымен жазу. Өзінің атын (тегін) (сыныптастарының тегін, сөздерді, сөйлемдерді) карточкадан сызылмаған қағазға, 3 см, 2 см, 1 см жолды дәптерге қарындашпен, фломастермен, қаламмен жазу. Мәтінін мұғалім алдын ала жазып қойған немесе жазатын құттықтау ашықхаттарына білім алушылардың жазуы. Білім алушылармен бірге олар үшін маңызды ақпаратты өшіру (жазу). Карточкалардан сөздерді, сөйлемдерді балаларға арналған тақырыптық кітапшаға көшіру. Таныс және бейтаныс мәтіндерден оқыған әріптерді, буындар мен сөздерді табу және дөңгелектеп сызу. Компьютердің, телефонның пернетақтасында өз атын, таныс заттардың аттарын, әрекеттерді, әріптерді, буындарды, сөздер мен сөйлемдерді теріп жазу.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: қазақ ертегілер (Қожа Насыр, Алдар Қөсе туралы), әлем халықтарының ұлттық ертегілері, "Оқуға шақыру" (А.Байтұрсынов), "Өтірік өрге бастырмас" (Д.Мамырбаева), "Бұлбұл мен тоқылдақ" (Ш.Смақанұлы), "Айтшы, әжетай" (Ж.Смақов), "Құдық басында" (Ә.Шынбатыров), "Кішіге қамқор бол" (Б.Ысқақов), "Сырғанақта" (Б.Соқпақбаев), "Қыста құстар қадірлі" (Е.Елубаев), "Тапсырма" (Ә.Файзуллаев), "Керемет көктем" (Б.Мұстафин), "Ізетті бала" (Г.Әзімбаева), "Ана пейілі" (А.Ормантаев), "Жас шыбық" (С.Сарғасқаев), "Қайыңның көз жасы" (

Т.Әбдірайым), "Бірлік" (Д.Дөнентаев), "Бес міндет" (Ә.Табылды), "Чемпион" (С.Дүйсенбиев);

44. Бағдарламаның мазмұнын оқу жылдары (сыныптар) бойынша бөлу үлгілік сипаттамаға ие. Мұғалім оқу мақсаттарының көлемі мен күрделілігін дербес анықтауға, қосымша материалды таңдауға, сондай-ақ сынып оқушыларының мүмкіндіктерін ескере отырып, дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті сағат санын анықтауға құқылы.

## Параграф 2. Оқу мақсаттарының жүйесі

45. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодтау арқылы берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар бағдарламаның бөлімі мен бөлімшесін, төртінші сан оқу мақсатының нөмірленуін көрсетеді. Мысалы, 5.2.1.4 кодтауында "5" – сынып, "2.1" – бөлім және бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі.

46. Бөлімдер мен сыныптар бойынша оқыту мақсаттарының жүйесі:

1) "Сөйлеуді дамыту":

1-кесте

Бөлімше	Оқу мақсаттары					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып	10-сынып
5.1. Заттық сурет салу	<p>9.5.1.13 үлгі бойынша сызылмаған қағазға сызықтарды, геометриялық фигураларды қарындашпен, қаламмен салу</p> <p>9.5.1.9 сурет салу процесінде қолданылатын түстерді атау, ажырату</p> <p>9.5.1.10 ұсынылған алгоритм бойынша қосымша түстер жасау</p> <p>9.5.1.11 қағаз парағын поролон тампондарымен және жалпақ щеткамен бояу</p>
5.2. Сәндік сурет салу	<p>9.5.2.1 геометриялық өрнекті түсі, пішіні, ұяшықтары бойынша кезектестіріп құрастыру және суретін салу</p> <p>9.5.2.2 өрнек жасау үшін пайдаланылған заттардың санын сандармен белгілеу</p> <p>9.5.2.3 үлгі бойынша жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада бірнеше белгілер бойынша әртүрлі дайын элементтерден тұратын өрнектер жасау</p>
5.3. Сюжеттік сурет салу	<p>9.5.3.3 қағаз парағының шетінен өтіп кетпей, бүкіл қағаз парағына тапсырмасыз сурет салу</p>
2 тоқсан	
2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	<p>9.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту</p> <p>9.2.1.2 қазақтың ұлттық киімінің пішінін, түсін, мөлшерін, мақсатын қоршаған ортадан бөліп көрсету, атау, анықтау</p> <p>9.2.1.3 қазақтың ұлттық киімдерін ойынға қосу</p>
4.2. Сәндік аппликация	<p>9.4.1.7 геометриялық фигуралар мен дұрыс емес пішіндегі фигураларды кесуге машықтану</p> <p>9.4.1.8 бүктелген қағазды бірнеше рет, "гармошкамен" кесу әдісін қолдану</p> <p>9.4.2.1 дайындамалардан жасалған өрнекті берілген пішінге түсі, өлшемі, пішіні бойынша таңдалған формада өз бетінше кезектестіріп орналастыруға және желімдеуге машықтану</p>
3.1. Ермексаздан сурет салу	<p>9.3.1.2 үлгі бойынша қатты негіздегі заттық кескіннің дайын контурының ішіне модульдік мүсіндеу әдісімен көлемді ермексаз аппликациясын жасау</p>
3.2. Көлемді бұйымдар	<p>9.3.2.1 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу алдында затты (үлгіні) тексеру</p> <p>9.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын нақты затты көрсету арқылы тану, атау және салыстыру, ажырату</p> <p>9.3.2.3 мүсіндеу кезінде мұғалімнің әрекеттерін бақылау</p> <p>9.3.2.4 табиғаттан ермексаздың бүтін кесегінен бұйымдар мүсіндеу</p>

	9.3.2.6 мүсіндеу объектісін үлгі бойынша ермексаз элементтерімен безендіру
3.3. Композиция	9.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	9.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	9.3.3.3 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
5.2. Сәндік сурет салу	9.5.2.6 жапырақтарға бояу жағу және көрсету бойынша, үлгі бойынша жолаққа, шаршыға, шеңберге жапырақтарды түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектестірумен өсімдік өрнегін басып шығару
	9.5.2.4 үлгі бойынша жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада әртүрлі қалыптан өрнек жасау және басып шығару
5.1. Заттық сурет салу	9.5.1.15 үлгі бойынша шаблондардың көмегімен әртүрлі геометриялық пішіндерден тұратын заттардың суреттерін салу
	9.5.1.16 әртүрлі заттардың суреттерін шаблон бойынша салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	9.5.3.4 табиғатқа саяхат кезінде жылдың әр мезгілінде табиғат элементтерін бақылау
	9.5.3.5 жылдың әр мезгілінде үлгі бойынша табиғат объектілерін салу
3 тоқсан	
1.1. Бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелерін сақтау	9.1.1.1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау
	9.1.1.2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)
	9.1.1.3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау
	9.1.1.4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау және өз бетінше ретке келтіру
	9.1.1.5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу
	9.1.1.6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау
3.1. Ермексаздан сурет салу	9.3.1.3 үлгі бойынша, өз бетінше қатты негізге ермексазды жағу әдісімен коллаж үшін негіз дайындау
4.1. Заттық аппликация	9.4.1.4 үлгі бойынша берілген контур сызбасында жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау
	9.4.1.9 сөйлеу нұсқаулары бойынша қағаз парағының жазықтығына назар аудару
	9.4.1.5. үлгі бойынша, көрсету бойынша матадан жасалған дайындамалардан заттық аппликация жасау



	9.4.1.6 матаның алдыңғы және ішкі бет жақтарын атау, ажырату
4.2. Сәндік аппликация	9.4.2.2 үлгі бойынша геометриялық пішінді дайындамаға бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектерді қосумен дайын элементтерден өрнектер жасау
	9.4.2.5 рамаларды, ашықхаттарды безендіру үшін сәндік өрнекті қолдану
	9.4.2.6 өз сөзінен геометриялық фигуралардың атауларын, терминдерді білу, атау, түсіну, қолдану ( мүмкіндігінше)
5.2. Сәндік сурет салу	9.5.2.7 дайындамадағы ұлттық өрнекті нүктелерменсызу және бояу
	9.5.2.8 балшықтан, тұзды қамырды жасалған заттарды үлгі бойынша нүктелердентұратын, бояу жаққыш щеткамен боялған өрнекпен безендіру
2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	9.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	9.2.2.5 мұғалімнің көмегімен шағын мүсіндік формаларды зерттеп, нақты заттармен ұқсастығын анықтау
3.2. Көлемді бұйымдар	9.3.2.7 ермексаздан, балшықтан, тұзды қамырдан тапсырмасыз аралас әдіспен мүсіндеу
3.3. Композиция	9.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	9.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	9.3.3.3. командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
5.1. Заттық сурет салу	9.5.1.19 өз бетінше гуашпен, бояумен заттық силуэттік пішіндерді (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ заттары ; ойыншықтар) бояу
	9.5.1.20 тұзды қамырдан, саздан жасалған фигураларды өз бетінше акварель бояулармен бояу
	9.5.1.21 өз жұмысын үлгімен салыстыру, қателерді түзету, өзінің және басқалардың жұмысын берілген критерийлер бойынша бағалау
	9.5.1.23 мұғалімнің көмегімен адамның мәнерлендірілген тұлғасын және оның көрінісін салу
	9.5.1.5 бүкіл паракқа тапсырмасыз сурет салу, түстер мен сызықтарды қолдана отырып, сурет арқылы эмоцияларды білдіру
	9.5.1.22 мұғалімнің көмегімен жануарды нүктелермен салу
	9.4.3.1 қарапайым сюжеттік аппликацияны үлгі бойынша, өз ойынша құрастыру және жабыстыру
	9.4.3.2 үлгі бойынша, өз бетінше сюжетке сәйкес аппликацияның бөлшектерін көлемі бойынша, ұзындығы бойынша бөліп қою

4.3. Сюжеттік аппликация	<p>9.4.3.3 бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін және сыйлық ретінде пайдалану</p> <p>9.4.3.4 мұғалімнің жетекшілігімен ұжымдық композициялар жасауға қатысу</p> <p>9.4.3.5 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау</p> <p>9.4.3.6 композицияны ойынға қосу</p>
5.3. Сюжеттік сурет салу	<p>9.5.3.1 контурлық сызбаларды қарапайым сюжетпен бояу</p> <p>9.5.3.6 бояу кезінде сурет пен бөлшектердің шекарасын, штрихтардың бағытын сақтау</p> <p>9.5.3.7 үлгі бойынша, өз бетінше контурлық сюжет суретінің бөлшектерін аяқтап салу</p>
4 тоқсан	
3.2. Көлемді бұйымдар	<p>9.3.2.1 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу алдында затты (үлгіні) тексеру</p> <p>9.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын нақты затты көрсету арқылы тану, атау және салыстыру, ажырату</p> <p>9.3.2.5 бұйымдарды үлгі бойынша конструктивті әдіспен мүсіндеу</p> <p>9.3.2.8 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу тақырыбын үлгімен салыстыру</p> <p>9.3.2.9 дайын бұйымдармен ойнау</p> <p>9.3.2.10 мұғалімнің жетекшілігімен өз бұйымын ұсынылған критерий бойынша үлгімен салыстыру, бағалау</p>
4.1. Заттық аппликация	<p>9.4.1.10 коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың әрекеттерін бақылау</p> <p>9.4.1.11 көрсету бойынша, үлгі бойынша коллаж жасау үшін дайын формалардан аппликацияны орындау техникасын қолдану</p>
2.2. Иллюстрациялар, көркем сурет, фотоөнер, мүсін, сәулет заттары	<p>9.2.2.6 композиция, түс үйлесімі дағдыларын дамыту үшін әлемге әйгілі суретшілердің суреттерін қарау</p> <p>9.2.2.7 өнер туындыларындағы нақты заттарды тану, атау</p>
5.1. Заттық сурет салу	<p>9.5.1.17 табиғат объектілерін жылдың әр мезгілінде үлгі бойынша салу</p> <p>9.5.1.18 объектілерді пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес өз бетінше орналастыру</p> <p>9.5.1.12 сурет салу кезінде әрекеттердің реттілігін сақтау</p> <p>9.5.1.6 берілген жоспар бойынша сурет салу алдында заттарды қарап тексеру</p> <p>9.5.1.7 мұғалімнің тақтаға, қағазға сурет салуды орындаудағы әрекетін бақылау</p>

	9.5.1.14 заттар мен объектілерді табиғаттан үлгі бойынша заттардың негізгі формасы мен өлшемдерін бере отырып салу
	9.5.1.8 үлгі бойынша суреттің контурын және штрихтар бағытын сақтай отырып, суреттің бөлшектерін сызықтан шықпай бояу, нүктелермен сызу
5.2. Сәндік сурет салу	9.5.2.5 үлгі бойынша берілген нүктелермен геометриялық пішіндегі дайындамаға бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектердің суретін салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	9.5.3.2 қарапайым заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар, жануарлар, адамдар) қағазға үлгі бойынша композиция нұсқаларымен және суретті әртүрлі орналастырумен салу
	9.5.3.8 берілген жоспар бойынша өз суретін ұсыну
	9.5.3.9 мұғалімнің көмегімен берілген критерий бойынша өзінің және басқа біреудің жұмысын бағалау
	9.5.3.10 ұжымдық суреттерді үлгі бойынша жасауға қатысу

## 6) 10 сынып:

Бөлімше	Оқу мақсаттары
1 тоқсан	
1.1. Бейнелеу өнері кабинетінде қауіпсіздік техникасы мен тәртіп ережелерін сақтау	10.1.1.1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау
	10.1.1.2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)
	10.1.1.3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау
	10.1.1.4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау және өз бетінше ретке келтіру
	10.1.1.5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу
	10.1.1.6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау
2.2. Иллюстрациялар, көркем сурет, фотоөнер, мүсін, сәулет заттары	10.2.2.1 өнер туындысы туралы әңгіме тыңдау, мүмкіндігінше мұғаліммен әңгімелесуге қатысу
	10.2.2.2 таныс шығарманың иллюстрациясын қарау, бейнеленген кейіпкерлерді, заттарды, әрекеттерді тану, көрсету, атау, мүмкіндігінше алдыңғы және кейінгі оқиғалар туралы сұрақтарға жауап беру
	10.2.2.3 өнер туындыларында, бейнеленген заттарда, әрекеттерде берілген эмоциялар мен көңіл-күйді тану, атау және мүмкіндігінше сипаттау, олар туралы сұрақтар қою

	10.2.2.4 жыл мезгілі мен тәулік уақытын, объектілерді, олардың түсін, пішінін, шамасын, кеңістіктік орналасуын; адамдардың, жануарлардың сыртқы түрін суреттеу
3.1. Ермексаздан сурет салу	10.3.1.1 үлгі бойынша қатаң негізге сурет салу үшін пластилинография техникасын қолдану
3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.1 мүсіндеу алдында затты (үлгіні) өз бетінше тексеру
	10.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын тану, атау салыстыру, ажырату
	10.3.2.3 мүсіндеу кезінде мұғалімнің әрекеттерін бақылау
	10.3.2.5 бұйымдарды үлгі бойынша, өз бетінше конструктивті әдіспен мүсіндеу
	10.3.2.8 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу тақырыбын үлгімен салыстыру
	10.3.2.9 дайын бұйымдармен ойнау
	10.3.2.10 өз бұйымын ұсынылған критерий бойынша үлгімен салыстыру, бағалау
4.1. Заттық аппликация	10.4.1.1 берілген жоспар бойынша үлгіні талдау, аппликация бойынша жұмыс жоспарын жасау
	10.4.1.2 негізгі және қосымша түстерді атау, ажырату, пайдалану
	10.4.1.3 қағазды жырту, кесу және мыжу арқылы дайындамалар жасау
	10.4.1.12 тапсырмасыз мыжылған қағаздан көлемді аппликация жасау, желімдеу
4.2. Сәндік аппликация	10.4.2.3 саябаққа саяхат кезінде жапырақтар топтамасын, өсімдік тұқымын жинау
	10.4.2.4 өз бетінше жапырақтардан жасалған өрнекті әртүрлі белгілері бойынша кезектестіріп жайып қою
5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.1 әртүрлі бейнелеу материалдары мен құралдарын қолдану
	10.5.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет салу техникасында үйренген әдіс-тәсілдерді қолдану
	10.5.1.3 сурет салу техникасын сақтау және жетілдіру
	10.5.1.4 үлгі бойынша "акватушь" техникасында сурет салу
	10.5.1.13 көрсету бойынша сызылмаған қағазға қарындашпен, қаламмен сызықтар, геометриялық фигуралар салу
	10.5.1.9 сурет салу процесінде қолданылатын түстерді атау, ажырату
	10.5.1.10 өз бетінше қосымша түстер жасау
	10.5.1.11 қағаз парағын поролон тампонарымен және жалпақ щеткамен бояу

5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.1 геометриялық өрнекті түсі, пішіні, ұяшықтары бойынша кезектестіріп құрастыру және суретін салу
	10.5.2.2 өрнек жасау үшін пайдаланылған заттардың санын сандармен белгілеу
	10.5.2.3 жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада бірнеше белгілері бар дайын элементтерден тұратын өрнектер жасау
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.3 қағаз парағының шетінен өтіп кетпей, бүкіл қағаз парағына тапсырмалық сурет салу
2 тоқсан	
2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	10.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	10.2.1.2 халық қолөнершілерінің бұйымдарын, ұлттық өрнектерді қоршаған ортадан, бөліп көрсету, атау (мүмкіндігінше)
	10.2.1.3 өрнекті оның атауы бойынша анықтау
4.2. Сәндік аппликация	10.4.1.7 геометриялық фигуралар мен дұрыс емес пішіндегі фигураларды, симметриялық фигураларды кесуге машықтану
	10.4.1.8 қағаз кесудің әртүрлі әдістерін қолдану
	10.4.2.1 дайындамалардан жасалған өрнекті берілген пішінге түсі, өлшемі, пішіні бойынша таңдалған формада өз бетінше кезектестіріп орналастыруға және желімдеуге машықтану
3.1. Ермексаздан сурет салу	10.3.1.2 үлгі бойынша, өз бетінше қатты негіздегі заттық кескіннің дайын контурының ішіне модульдік мүсіндеу әдісімен көлемді ермексаз аппликациясын жасау
3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.1 мүсіндеу алдында затты (үлгіні) өз бетінше тексеру
	10.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын тану, атау салыстыру, ажырату
	10.3.2.3 мүсіндеу кезінде мұғалімнің әрекеттерін бақылау
	10.3.2.4 табиғаттан ермексаздың бүтін кесегінен бұйымдар мүсіндеу
	10.3.2.6 мүсіндеу объектісін өз бетінше ермексаз элементтерімен безендіру
3.3. Композиция	9.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	9.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	9.3.3.3 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.6 жапырақтарға бояу жағу және өз бетінше, үлгі бойынша жолаққа, шаршыға, шеңберге жапырақтарды түсі, мөлшері, пішіні бойынша кезектестірумен өсімдік өрнегін басып шығару

	10.5.2.4 жолақта, шеңберде, шаршыда, сопақшада әртүрлі қалыптан өрнек жасау және басып шығару
5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.15 үлгі бойынша, ойлау бойынша шаблондардың көмегімен әртүрлі геометриялық пішіндерден тұратын заттардың суреттерін салу
	10.5.1.16 заттардың суреттерін шаблон бойынша салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.4 табиғатқа саяхат кезінде жылдың әр мезгілінде табиғат элементтерін бақылау
	10.5.3.5 жылдың әр мезгілінде табиғат объектілерін салу
3 тоқсан	
1.1. Соблюдение ТБ и правил поведения	10.1.1.1 бейнелеу өнері кабинетінде тәртіп ережелерін сақтау
	10.1.1.2 материалдармен және құралдармен жұмыс істеу кезінде ҚЕ ережелерін сақтау және түсініктеме беру (мүмкіндігінше)
	10.1.1.3 мұғалімнің талаптары мен тапсырмаларын орындау
	10.1.1.4 жұмыс орнын қызметтің берілген түріне дайындау және өз бетінше ретке келтіру
	10.1.1.5 сабақта мұғаліммен, сыныптастарымен ынтымақтасу
	10.1.1.6 бейнелеу өнері кабинетінде кезекшінің міндеттерін өз бетінше ауызша орындау
3.1. Ермексасдан сурет салу	10.3.1.3 өз бетінше қатты негізге ермексазды жағу әдісімен коллаж үшін негіз дайындау
4.1. Заттық аппликация	10.4.1.4 үлгі бойынша берілген контур сызбасында жапырақтардан, дәнді дақылдардан, тұқымдардан аппликация жасау
	10.4.1.9 сөйлеу нұсқаулары бойынша қағаз парағының жазықтығына назар аудару
	10.4.1.5 үлгі бойынша матадан жасалған дайындамалардан заттық аппликация жасау
	10.4.1.6 матаның алдыңғы және ішкі бет жақтарын атау, ажырату
4.2. Сәндік аппликация	10.4.2.2. бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектерді қосумен дайын элементтерден өрнектер жасау
	10.4.2.5 рамаларды, ашықхаттарды безендіру үшін сәндік өрнекті қолдану
	10.4.2.6 өз сөзінен терминдерді түсіну, қолдану (мүмкіндігінше)
5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.7 дайындамадағы ұлттық өрнекті нүктелерменсызу және бояу
	10.5.2.8 балшықтан, тұзды қамырды жасалған заттарды нүктелердентұратын, бояу жаққыш щеткамен боялған өрнекпен безендіру

2.1. Халықтың қолданбалы өнер бұйымдары	10.2.1.1. оң эмоцияларды, өнер нысандарына қызығушылық таныту
	10.2.2.5 Қазақстанның тарихи архитектуралық көрікті жерлері бар фотосуреттерді қарау
3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.7 ермексаздан, балшықтан, тұзды қамырдан тапсырмасыз аралас әдіспен мүсіндеу
3.3. Композиция	10.3.3.1 берілген тақырып бойынша ұжымдық композиция жасауға қатысу
	10.3.3.2 орындалған композициямен ойнауға қатысу
	10.3.3.3 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.19 өз бетінше гуашпен, бояумен заттық силуэттік пішіндерді (киім, жиһаз, ыдыс-аяқ заттары ; ойыншықтар) бояу
	10.5.1.20 тұзды қамырдан, саздан жасалған фигураларды өз бетінше акварель бояулармен бояу
	10.5.1.21 өз жұмысын үлгімен салыстыру, қателерді түзету, өзінің және басқалардың жұмысын берілген критерийлер бойынша бағалау
	10.5.1.22 жануарды нүктелермен салу
	10.5.1.23 мұғалімнің көмегімен киімдегі адамды берілген нүктелермен салу
	10.5.1.5 бүкіл паракқа тапсырмасыз сурет салу, түстер мен сызықтарды қолдана отырып, сурет арқылы эмоцияларды білдіру
	10.5.1.7 мұғалімнің тақтаға, қағазға сурет салуды орындаудағы әрекетін бақылау
4.3. Сюжеттік аппликация	10.4.3.1 қарапайым сюжеттік аппликацияны үлгі бойынша, өз ойынша құрастыру және жабыстыру
	10.4.3.2 үлгі бойынша, өз бетінше сюжетке сәйкес аппликацияның бөлшектерін көлемі бойынша, ұзындығы бойынша бөліп қою
	10.4.3.3 бұйымдарды үй-жайларды, көрмелерді безендіру үшін және сыйлық ретінде пайдалану
	10.4.3.4 үлгі бойынша, ойластыру бойынша ұжымдық композициялар жасауға қатысу
	10.4.3.5 командада жұмыс істеу ережелерін сақтау
	10.4.3.6 композицияны ойынға қосу
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.1 контурлық сызбаларды қарапайым сюжетпен бояу
	10.5.3.6 бояу кезінде сурет пен бөлшектердің шекарасын, штрихтардың бағытын сақтау
	10.5.3.7 өз бетінше контурлық сюжет суретінің бөлшектерін аяқтап салу
4 тоқсан	
	10.3.2.1 мүсіндеу алдында затты (үлгіні) өз бетінше тексеру

3.2. Көлемді бұйымдар	10.3.2.2 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу затын тану, атау салыстыру, ажырату
	10.3.2.5 бұйымдарды үлгі бойынша, өз бетінше конструктивті әдіспен мүсіндеу
	10.3.2.8 ұсынылған жоспар бойынша мүсіндеу тақырыбын үлгімен салыстыру
	10.3.2.9 дайын бұйымдармен ойнау
	10.3.2.10 өз бұйымын ұсынылған критерий бойынша үлгімен салыстыру, бағалау
4.1. Заттық аппликация	10.4.1.10 коллаж техникасын көрсету кезінде педагогтың әрекеттерін бақылау
	10.4.1.11 үлгі бойынша, өз бетінше коллаж жасау үшін дайын формалардан аппликацияны орындау техникасын қолдану
2.2. Иллюстрациялар, көркем сурет, фотоөнер, мүсін, сәулет заттары	10.2.2.6 заманауи қазақстандық суретшілердің (Д. Қасымов, Л. Махит, Әбілхайыр, Н. Бубә) композиция, түс үйлесімі дағдыларын дамыту үшін суреттерін қарау
	10.2.2.7 өнер туындыларындағы нақты заттарды тану, атау
5.1. Заттық сурет салу	10.5.1.17 табиғат объектілерін жылдың әр мезгілінде үлгі бойынша салу
	10.5.1.18 объектілерді пішінінің, көлемінің, ұзындығының ерекшеліктеріне сәйкес үлгі бойынша, өз бетінше орналастыру
	10.5.1.12 сурет салу кезінде әрекеттердің реттілігін сақтау
	10.5.1.6 берілген жоспар бойынша сурет салу алдында заттарды қарап тексеру
	10.5.1.7 мұғалімнің тақтаға, қағазға сурет салуды орындаудағы әрекетін бақылау
	10.5.1.14 заттар мен объектілерді табиғаттан өз бетінше заттардың негізгі формасы мен өлшемдерін бере отырып салу
	10.5.1.8 үлгі бойынша суреттің контурын және штрихтар бағытын сақтай отырып, суреттің бөлшектерін сызықтан шықпай бояу, нүктелермен сызу
5.2. Сәндік сурет салу	10.5.2.5 өз бетінше дайындаманың шеті, периметрі немесе ортасы бойынша геометриялық пішіндегі дайындамаға бояудан, нүктелерден, дақтардан жасалған өрнектердің суретін салу
5.3. Сюжеттік сурет салу	10.5.3.2. қарапайым заттар мен олардың айналасындағы заттарды (жемістер, ойыншықтар, жануарлар, адамдар) қағазға үлгі бойынша композиция нұсқаларымен және суретті әртүрлі орналастырумен салу
	10.5.3.8 берілген жоспар бойынша өз суретін ұсыну



10.5.3.9 берілген критерий бойынша өзінің және басқа біреудің жұмысын бағалау
10.5.3.10 ұжымдық суреттер жасауға қатысу

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 540 -қосымша

## **Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Музыка және ырғақ" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Музыка және ырғақ" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың музыкалық іс-әрекеті барысында тыңдау, орындаушылық және қозғалыс қабілеттерін дамыту, қарапайым эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.

3. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) білім алушылардың музыкалық сабақтарға жағымды сезімдері мен оң көзқарастарын қалыптастыру және қолдау;

2) музыкаға және музыкамен қимыл-қозғалыстар жасауға деген эмоционалдық ықыластылықты тәрбиелеу;

3) музыкалық-орындаушылық және би дағдыларды дамыту.

4. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) ырғақты сезінуді, музыкалық есте сақтауды дамыту;

2) білім алушылардың әншілік тыныс алуын, әншілік аппаратын дамыту;

3) моторикалық ептілікті, тепе-теңдік сезімін, кеңістікте бағдарлануды, қозғалыстарды үйлестіруді қалыптастыру;

4) эмоционалдық-ерікті саланы және оң жеке қасиеттерді дамыту.

### **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде ескертіледі:

1) ұжымдық оқыту жағдайында оқушылардың танымдық белсенділігінің төмендігі;

2) фронталды жұмыс барысында қолданылатын мұғалімнің бағыттаушы ынталандырушы көмегіне реакцияның әлсіздігі;

3) қалыптасатын дағдыларды машықтанудың қиындықтары.

6. Білім алушылардың ерекшелігі - айқын көрінетін сөйлеу бұзылыстары: сөйлеуді түсінудегі қиындықтар, сөздік қорының аздығы, дыбыс айтуының және сөйлеудің грамматикалық құрылымын бұзылуы, балалардың бір тобында белсенді сөйлеудің толық болмауы да байқалады. Оқушыларға әннің мәтінін мағынасын түсіну, оны есте сақтау және қайталау қиынға соғады.

7. Оқу процесін ұйымдастыру арнайы педагогика принциптеріне негізделген.

8. Мұғалімдер оқушылардың бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; үнемі өзгеріп отыратын мүмкіндіктерін бақылап зерделейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, оқушылардың дағдыларды дамыту мен игерудегі минималды нәтижелерін тіркейді. Кез-келген прогресс оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

9. Педагогтер осы бағдарламадан әрбір оқушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалаудың нәтижелерін ескере отырып, оқыту әдістерін, нысандарын, құралдарын дербес таңдайды.

10. Сабақты ұйымдастыруда әр оқушыға қатысты іс-әрекет түрін уақытылы өзгерту мүмкіндігі қарастырылады, егер оқушының осындай қажеттілігі туындаса. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтің жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

11. Музыка және ырғақ сабақтарын дайындау және өткізу барысында мұғалім келесі талаптарды ұстанады:

1) музыкалық материалды оның тәрбиелік мәнін, эстетикалық құндылығын, білім алушылардың даму деңгейіне сәйкестігін ескере отырып таңдау;

2) оқушылардың тыңдауына ұсынылатын (оның ішінде жазбада берілетін) музыкалық шығарманы орындаудың жоғары деңгейі;

3) музыкалық шығарманың мазмұнымен таныстыруда білім алушыларға көп сөйлемеу, берілетін түсіндірмелердің қысқа, қолжетімді болуы;

4) музыканы тыңдау кезінде бейнелі көрнекілікті қолдану (бейнесюжеттер, иллюстрациялар, драматизация, шығарманың мазмұнына сәйкес келетін суреттер сериясы);

5) білім алушылардың қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру, қозғалыс белсенділігі музыкалық шығарманың ырғақты бейнесін, қарқынын, динамикасын жақсы меңгеруге ықпал етеді.

12. Музыканы тыңдау - әр сабақтың міндетті бөлігі болып табылады, ол балалардың музыкалық түсініктерін кеңейтуге және олардың эстетикалық сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

13. Музыканы тыңдау бойынша жұмыстың мазмұны мен ұйымдастырылуы білім алушылардың жас және психикалық, дене дамуының ерекшеліктерімен анықталады.

Оқушылардың зейін ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың шаршауын тудырмас үшін музыкалық шығарманың дыбысы 1,5-2 минуттан аспауы керек.

14. Музыканы тыңдау жаңа шығармамен танысу, музыкалық шығарманы қайта тыңдау, музыкалық аспаптарда ойнау процесінде жүреді.

15. Музыкалық шығарма бірнеше сабақта және сабақтан тыс уақытта қайта-қайта тыңдалады. Қайта тыңдау кезінде әр түрлі ойын қимылдарын, шу оркестріндегі ойын еңгізіледі. Мұндай әдістер оқушыларға шығарманың құрылымын, оның қарқынын, ырғақтық бейнесін анықтауға көмектеседі. Қайта тыңдаған сайын балалар музыкалық шығарманы жақсы таныла бастайды, олардың жағымды эмоциялары туындайды.

16. Музыкалық материалды іріктеуде оны оқытудың келесі кезеңдерінде бекіту үшін біртіндеп ән айтумен, музыкалық аспаптарда ойнаумен күрделендіре алатындай және кейін қозғалыстар қосып, би композицияларын құра алатындай етіп таңдайды.

17. Ән айту оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытудың ең белсенді әдісі ретінде қарастырылады, музыкалық тәрбиенің негізі құрайды. Маңызды дамытушы құралы - хор әні болып табылады. Ән мәтіндері, әуендердің әсемдігі оқушылардың эмоционалды тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді.

18. Мұғалім әндерді және олармен жұмыс істеу ретін оқушылардың музыкалық және әншілік дайындығына, олардың даму деңгейіне байланысты таңдайды. Әнді толық орындау қиналатын балалармен жұмыс жасауда, мұғалім оларға әннің жеке бөліктерін айтуды ұсынады.

19. Сөйлемейтін балалар ән айтуға еліктеп, әндетудің иммитациясын жасайды, әуен ырғағына қарай тербеледі, қолдарымен ырғақты қимылдарын орындайды, аяқтарымен топылдатады.

20. Ән айтуға дайындық жаттығулары логопедиялық ырғақтық жаттығулары, артикуляциялық гимнастика, тыныс алу жаттығулары болып табылады. Музыкалық аспаптардың дыбыстарын, жақын ортаның дыбыстарын иммитациялау мұғалімге мектеп оқушыларын қызықтыруға және сабақты түрлендіруге көмектеседі.

21. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар барысында оқушылар зал бойымен ирелең жолымен қозғалады, қатарға, бағанға, шеңберге тұрады, бейнелі қимылдар жасайды. Мұғалім ырғақ сезімін, би қимылдарын мақсатты, дәйекті қалыптастыру үшін жаттығулар, музыкалық ойындар жүйесін құрастырады.

22. Музыка және ырғақ сабақтары музыкалық аспаптармен (фортепиано, баян, аккордеон, домбыра, үрмелі гармоника, барабандар, металлофондар, балалар синтезаторы, сылдырмақ, дабыл, маракас, үшбұрыш), музыкалық орталықпен, музыкалық шығармалардың аудиожазбалар жиынтығымен, иллюстрациялық және бейнематериалдармен жабдықталады.

23. Музыкалық аспаптарда ойнау білім алушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді: тембрлік, динамикалық естуін, жоғары дыбысты естуді, ырғақ

сезімін, музыкалық есте сақтауын; қол мен саусақтардың қозғалғыштығын дамытады, ырғақты қозғалыстардың сапасын жақсартады.

24. Би билеуді үйрену кезінде оқушылар бидің атауларымен, негізгі қимылдарымен танысады. Әр түрлі халықтардың билерін орындау оқушыларды халықтық мәдениетке, қозғалыстарда әр түрлі халықтардың билерінің сипаттамалық ерекшеліктерін таба білуге баулиды, интернационализм сезімін тәрбиелейді.

25. Бағдарлама концентірлік принципіне сәйкес құрылған, бұл оқытудың әр жылында бұрын үйренген дағдыларды қайталауға, бекітуге, жетілдіруге мүмкіндік береді.

26. Бағдарламаның мазмұнын ұсыныстық сипатындағы нұсқаулықтар ретінде қолданылады, яғни мұғалім оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, кез-келген өзгерістер енгізуге, бағдарламада ұсынылғандардың ішінен керектігін таңдауға және басқа музыкалық шығармаларды пайдалануға құқылы.

27. Музыкалық- ырғақтық құралдар жүйесі білім алушылардың қозғалыс саласының жай-күйін ескере отырып, сабақтарда әр түрлі болады.

28. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау сипаттамалық бағалауды ( қалыптасқан дағдыларды сипаттау) пайдалана отырып жүзеге асырылады.

### **3-тарау. "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

#### **1-параграф. "Музыка және ырғақ" пәнінің мазмұны**

29. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 6-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 3) 7-сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 4) 8 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.
- 5) 9 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.
- 6) 10 - сыныпта-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді Мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты.

30. "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны келесідей бөлімдерді қамтиды

:

- 1) "Музыканы тыңдау";
- 2) "Ән айту";
- 3) "Музыкалық-ырғақтық жаттығулар";
- 4) "Музыкалық аспаптарда ойнау"

5) "Би мен би билеу"

31. "Музыканы тыңдау" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) музыканы тыңдау.

32. "Ән айту" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) ән айту.

33. "Музыкалық-ырғақтық жаттығулар" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) музыкалық-ырғақтық жаттығулар.

34. "Музыкалық аспаптарда ойнау" бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) музыкалық аспаптарда ойнау.

35. "Би мен би билеу" бөлімі бөлімі келесідей бөлімшені қамтиды:

1) би мен би билеу.

36. 5-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыканы тыңдау ережелері, балалар ертегілерінен әуенді тану, оларды кейіпкерлердің бейнесімен байланыстыру. Қазақ халық шығармаларын, Қазақстан Республикасында тұратын түрлі халықтардың музыкалық шығармаларын тыңдау. Дыбыстық күштің өзгеруін тану және атау (қатты, ақырын). "Домбыра", "балалайка" музыкалық аспаптарының дыбысын тыңдау. "Домбыра", "балалайка" аспаптарын дыбысы, сыртқы түрі бойынша тану және атау;

2) ән айту. Ән айту ережелері. Суреттегі бет бөліктерін тану және атау (ұрт, ерін, мұрын, ауыз, көз, маңдай, қас, құлақ, иек). Мұғалімнің көрсетілімі бойынша ән айтпас бұрын артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Таныс әндерді тану және суреттегі музыкалық бейнені көрсету. Мұғаліммен бірге ән айту. Әндегі дауыстың күшін тану (қатты, ақырын). Таныс ертегілерінің мазмұнын жаңғырту. Мұғалімге еліктеп музыкалық аспаптың (балалайканың), жұмыс аспабының (қайшының) дыбысының, жақын ортадағы дыбыстарды (сағат, дабыл) иммитациялау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Мұғалімнің көрсетілімі бойынша бұлшықетті ширату жаттығуларының кешенін орындау (бастың еңкейту, иықты көтеру, түсіру, денені оңға, солға еңкейту, орнында жүгіру). Мұғаліммен бірге ертегі кейіпкерлерінің қимылдарына еліктеу. қашықтықты сақтай отырып бір қатарда бір бірден еркін кадаммен жүру. Бұлшықеттерді созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (қатпар), қазақ биінің қол қимылын (қол буындарын айналдыру), "Тұмарша" би қимылындағы қазақ ою-өрнегінің мотивтерін, қазақ биінің қимылдарын (ауыспалы жүріс), "жұмсақ кадам", "аяқтың ұшынан кадам басу", "өкшеден кадам басу", "моталочка", "майшабақ" қимылдарын көрсетілімі бойынша және педагогтың көмегімен орындау. Үйренген қимылдарды музыкамен, қолдарына орамалдарды ұстап орындау, таныс әуендердің ырғақтық бейнесін қол шапалақтау арқылы көрсету, әртүрлі кәсіптердегі адамдардың қозғалыстарын иммитациялау (теңізші);

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Музыкалық аспаптардың (домбыра, балалайка) дыбысталуымен музыкалық аспаптарда ойнауды имитациялау. Музыкалық аспаптарда ойнау ережелері, пианинода ойнау кезінде дұрыс отыру. Пианинода ойнамас бұрын қолға дайындық жаттығуларын орындау. Пианинода бір саусақпен пернетақта бойымен баспалдақ секілді жоғары, төмен ойнау. Мұғаліммен бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен пианинода ойнап көрсету. Таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен пианинода, шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге ойнату. Пианинода гамманы белгіленген пернелермен оң қолдың, содан кейін сол қолды бір саусағымен бір октава шегінде 1до-1си дейін орындау. Таныс әндер мен ән шумақтарының қарапайым музыкалық фразалардың ырғағын қайталау;

5) би мен би билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Құс қанаты" қазақ халық биінің негізгі қалыптарын орындау. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Құс қанаты", "Тұмарша" қазақ халық билерінің қалыптары мен қозғалыстарын, "ауыспалы жүріс", "қол буындарын айналдыру" қозғалыстарын үйлестіріп орындау. Қозғалыстардың комбинацияларын (үйлесімдерін) орындау: "жұмсақ қадам", "аяқтың ұшынан қадам", "өкшеден қадам", "Моталочка", "Елочка" (шырша). Үйренген қозғалыстардан (педагогтың таңдауы бойынша) қазақтың қарапайым халық би композицияларын, Қазақстан Республикасында тұратын әр түрлі халықтардың би композицияларын, балаларға арналған би композицияларын және әр түрлі мамандықтағы адамдардың (теңізшінің) қызметін көрсететін би композицияларын орындау.

Ұсынылатын музыкалық материал: Ю. Энтин, Б. Окуджава "Буратино" А.Толстойдың "Золотой ключ" немесе "Приключения Буратино" ертегісі бойынша фильмнен. В. Шаинский, Л. Яхнина "Площадь картонных часов" музыкалық ертегісіндегі "Белые кораблики". Ю. Селиверстова "Песня Золушки". "Мама" фильмінен Ю. Энтин мен Буржоа Жерардың "Мама- первое слово" әні. Ағайынды Гриммдердің "Бременские музыканты" ертегісінен Ю. Энтин мен Г. Гладковтың "Песенка про друзей". "Красная шапочка" ертегісінен Ю. Ким және А. Рыбниковтың "Песня красной шапочки" әні. "Сказка о царе Салтане" операсынан Римский - Корсаковтың "Полет шмеля". Қазақ халық күйлері: "Ақсақ құлан", "Балқылдақ", "Аншының зары". Байырбекова Ж. "Бесік жыры". "Во поле береза стояла" орыс халық әні. Р. Глиер "Узбекский танец". "Бульба" беларус халық музыкасы. "Гопак" украин халық музыкасы. "Лезгинка" грузин халық музыкасы. "Чабота" татар халық музыкасы. "Андижанская полька" өзбек халық музыкасы. Ю. Селиверстованың "Танец моряков", П.И. Чайковскийдің "Детский альбом" циклынан "Баба-яга", "Камаринская", "Полька".

37. 6-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Балалар фильмдерінен әуенді тану, оларды кейіпкерлердің бейнесімен байланыстыру. Қазақ халық музыкалық шығармаларынан, түрлі халықтардың шығармаларынан әуендерді тыңдау. Музыкалық шығарманың мәнерлік құралдарын тану және атау (баяу, жылдам). Музыкалық аспаптардың дыбысын тыңдау: "шаңқобыз", "гармонь". Музыкалық аспаптарды тану және атау: "шаңқобыз", "гармонь" дыбысталуы бойынша, сыртқы түрі бойынша;

2) ән айту. Әндерді орындаудың ережелері. Дене бөліктерін иллюстрация арқылы тану және атау (бас, мойын, иық, кеуде, іш, арқа, қол, шынтақ, қол буыны, алақан, саусақтар, аяқ, жамбас, бел, тізе, табан, саусақ, өкше). Мұғалімнің көрсетілімі бойынша музыкалық сүйемелдеумен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Мұғаліммен бірге. Әннің уақтылы басталуы және аяқталуы. Ән айтудың мәнерлілік құралдарын ажырату (баяу, жылдам). Таныс ертегілерінің мәтінін айту. Мұғалімге еліктеу бойынша музыкалық аспаптың (гармонь), жұмыс құралының (сорғының), жақын ортаның (шәйнектің) дыбысын имитациялау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Мұғалімнің көрсетілімі бойынша бұлшықетті ширату жаттығулар жиынтығын орындау (басын бұру, иықты алға, артқа айналдыру, тізені тік ұстап, денені алға еңкейту, орнында секіру). Мұғаліммен бірге балалар фильмдеріндегі кейіпкерлердің қимылдарына еліктеу. Сигнал бойынша бір қатардан колоннаға тұру. Педагогтың көмегімен бұлшықеттерді созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (көбелек), музыкаға қазақ биінің қол қимылдарын (қолды айналдыру, білектерде айқастырылған қолдар), "Шаңырақ" би қозғалысындағы қазақ ою-өрнегінің мотивтерін (киіз үйдің төбесі), "бір аяғынан бүйірлік жүріс" қазақ биінің қимылын, "биік қадам" қозғалысын орындау, "жартылай отырумен алға жалғамалы қадам", "ковырялочка", "доп" жаттығуы (отыру-тұру) қозғалысы. Мұғаліммен бірлесе отырып, үйренген қимылдарды орамалдармен, жалаулармен орындау, таныс әуендердің ырғақтық бейнесін аяқты топырлату арқылы көрсету, әртүрлі кәсіптердегі адамдардың (отын жарушы) қимылдарына еліктеу;

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Музыкалық аспаптарда ойнау ережелері. Үрмелі гармоникада ойнаған кезде денені дұрыс ұстау. Музыкалық аспаптардың дыбысталуына оларда ойнауды имитациялау (шаңқобыз, гармонь). Үрмелі гармоникада ойнаудың алдында қолға дайындық жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау. үрмелі гармоника пернетақтасында баспалдақ секілді бір саусақпен ойнау, диез пернелерде жоғары, төмен ойнау. Шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен үрмелі гармоникада мұғаліммен бірге, жеке өзі (соло) орындау. Үрмелі гармоникада белгіленген пернелермен оң қолдың, содан кейін сол қолдың саусағымен до1до-1си

гамманы бір октава шегінде орындау. Мұғалімнің көмегімен белгіленген пернелер арқылы таныс әндер мен ән шумақтарынан қарапайым музыкалық фразаларын үрмелі гармоникада ойнау;

5) би мен би билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Қос мүйіз" қазақ халық биінің негізгі қалыптарын орындау. "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Қос мүйіз", "Шаңырақ" қазақ халық биінің қалыптары мен қимылдарының, "бір аяқтан бүйірлік жүріс", "қол буындарын айналдыру", "білектерінде айқастырылған қол буындарын айналдыру" қимылдарының үйлесімдерін орындау. Қатардан бір бағанға қайта тұру. Қимылдарды үйлесімінде орындау: "жоғары қадам", "жартылай отырумен алға қарай жалғамалы қадаммен жылжу", "ковырялочка", "доп". Үйренген қозғалыстардан қазақ халқының қарапайым би композицияларын, Қазақстан Республикасында тұратын әр түрлі халықтардың би композицияларын, балалар би композицияларын (педагогтың таңдауы бойынша) және әртүрлі кәсіптердегі адамдардың (отын жарушы) қызметін көрсететін би композицияларын орындау.

Ұсынылатын музыкалық материал: "Золушка" фильміндегі А. Спадавеккия мен Е. Шварцтың "Добрый жук" әні. "Приключение электроника" фильміндегі Ю. Энтиннің, Е. Крылатовтың "Крылатые качели" әні. "Гостья из будущего" фильмінен Ю. Энтиннің, Е. Крылатовтың "Прекрасное далеко" әні. В. Шаинскийдің, М. Пляцковскийдің "Дважды два, четыре" әні. Ю. Селиверстованың "Кап-кап" әні. Ю. Селиверстованың "Танец с мамой по дорожке" әні. Ю. Энтиннің, В. Шаинскийдің "Чунга-чанга" әні, Ю.Энтиннің, Д. Тухмановтың "Пых, пых самовар" әні. "Сарыарқа", "Әсем қоңыр", "Бас төре" қазақ халық күйлері. Ә.Еспаевтың, Ш. Смаханұлы "Өртеке әні". "Приходите в гости к нам" фильмінен Ю. Ким және В. Дашкевичтің "Там, на неведомых дорожках" әні. "Пляска парами" литва халық музыкасы. "Хава нагила" еврей халық музыкасы. "Фломенко" испан халық музыкасы. "Полька Евы" фин халық музыкасы, П.И.Чайковскийдің "Детский альбом" циклынан. "Неаполитанская песенка", "Мужик на гармонике играет", "Немецкая песенка", "Итальянская песенка" әндері.

38. 7-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Балалар әндерінің әуенін тану, кейіпкерлердің бейнесімен байланыстыру. Аспаптардың дыбысы бойынша қазақ халық музыкалық шығармаларын тану. 2/4 өлшемді музыкалық шығармаларды тыңдау. Дыбыстардың биіктігі бойынша өзгеруінде музыкалық мәнерлілік құралдарын тану және атау (төмен, жоғары). Музыкалық аспаптардың дыбысын тыңдау: "Жетіген", "Арфа". Музыкалық аспаптарды олардың дыбысталуы бойынша, сыртқы түрі бойынша тану және атау: "Жетіген", "Арфа";

2) ән айту. Әндерді орындау кезіндегі ережелер. Артикуляциялық аппараттың бөліктерін тану және атау (ерін, тіл, жақ, тіс, таңдай). Мұғалімнің көрсетуі бойынша дайындық тыныс алу жаттығулары мен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын



орындау. Балалар әндерінің мәтінін әндету. Дауыс тембрін тану (төмен, жоғары). Мұғалімге еліктеу бойынша музыкалық аспаптың (барабанның), жұмыс құралының (балғаның) дыбысын, жақын ортаның дыбысын (тоңазытқыштың дыбысын) иммитациялау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақты жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Мұғаліммен бірге ширату жаттығулар жиынтығын орындау (басын оңға, солға бұру, қолды алға, артқа сермеу, денені еңкейту, орнында жүгіру, секіру). Мұғаліммен бірге балалар әндерінің мәтініне сәйкес қимылдарды орындау. Бір бағаннан сигнал бойынша екі бағанға қайта тұру. Мұғалімнің көмегімен бұлшықетті созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (көпір), музыкаға қазақ биінің қол қимылдарын (алақанды біресе жоғары, біресе төмен бағыттап отырып, қолды алға қарай ашу), "Қос өркеш" би қозғалысындағы қазақ ою-өрнегінің мотивтерін, қазақ биінің қимылдарын (аралас бүйірлік жүріс), қимылдарды орындау: "аяқты артқа тастап жүгіру", "алға қадам басу және артқа қадам жасауда өкшеге шығу", "жартылай отырумен бүйірлік қадам", отырып жүрелеу қозғалысы "жорғалаушы". Мұғаліммен бірге 2/4 өлшемдегі музыкамен, лентаны әуеннің күшті бөлігіне айналдыру, шапалақтау мен санауды бір мезгілде орындау, әр түрлі мамандықтағы адамдардың қозғалысына еліктеу (етікші);

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Музыкалық аспаптарда ойнау ережелері. Домбырада ойнаған кездегі денені дұрыс қалпына кеттіру. Музыкалық аспаптардың дыбысталуымен оларда ойнауды иммитациялау (жетіген, арфа). Домбыраның бір ішегінде барлық пернелерін бір саусақпен баспалдақ секілді жоғары, төмен басып, ойнау. Шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің тандауы бойынша) домбырада бір ішекте, бір саусақпен мұғаліммен бірге, жеке өзі (соло) орындау. Домбырада пернелерді баспай, әуеннің күшті ырғағына қаттырақ соғып, санауға бір саусақпен еркін ойнау. Мұғалімнің көмегімен домбырада бір ішекте, бір саусақпен, пернесіз таныс әндер мен ән шумақтарының қарапайым музыкалық фразаларын ырғақтық бейнесін орындау;

5) би және билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Сәукеле" (қыздың бас киімі): "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Сәукеле" (қыздың бас киімі), "Қос өркеш", "аралас бүйірлік қозғалыс", "қолды алға қарай ашып, алақанды жоғары-төмен бағыттау" қазақ халық биінің негізгі калыптары мен қозғалыстарының үйлесімдерін (комбинацияларын) орындау. Бір бағаннан екі бағанға қайта тұру. Қимылдарды үйлесімде орындау: "аяқты артқа тастап жүгіру", "алға қадам басу және артқа өкшемен басып жүру", "жартылай отырумен алға қарай жалғамалы қадам", "Ползунок" (жорғалаушы). үйретілген

қозғалыстардан құрастылырған қарапайым қазақ халық би композицияларын билеу (педагог таңдауы бойынша) және әр түрлі мамандардың қызметін (етікші) көрсететін би композицияларын орындау.

Ұсынылатын музыкалық материал: В. Шаинскийдің, М. Пляцковскийдің "Учат в школе" әні. Ю.Селиверстованың "Листики – кораблики", "Снежные бабочки", "Танец с лентами" композициялары. Савельев пен М. Пляцковскийдің "Настоящий друг" әні. Г. Остер, М. Мееровичтің "В каждом маленьком ребенке" әні. Қазақ халық күйлері "Қоңыр", "Қызыл қайын", "Қөкейкесті". К. Дүйсекееваның, Ш.Сариеваның "Туған жер" композициясы, П.И. Чайковскийдің "Детский альбом" циклынан "Сладкая греза" әні, А. Вивальдидің "Времена года" циклынан "Зима", "Весна", "Лето", "Осень" композициялары.

39. 8-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Кіріспе-әуені арқылы таныс әуеннің атауын тану және атау. Кіріспе-әуені бойынша қазақ халық музыкалық шығармаларын тану. Музыкалық өлшемі 3/4 шығармаларды тыңдау. Музыкалық дыбыстың ұзақтығын тану және атау (саңырау - қысқа, дауысты - ұзақ). Музыкалық аспаптардың дыбысын тыңдау: "сыбызғы", "флейта". Аспаптарды дыбысы бойынша, сыртқы түрі бойынша тану және атау: "сыбызғы", "флейта";

2) ән айту. Әндерді орындау кезіндегі ережелер. Артикуляциялық аппараттың бөліктерін атау (ерін, тіл, жақ, тіс, таңдай). Музыкалық сүйемелдеумен тыныс алу жаттығулары мен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Әнді тыңдау, дыбыстың ұзақтығын ажырату (қысқа - өткір, ұзын - тегіс). Шумақты ұран мәтіндерін айту. Мұғаліммен бірге музыкалық аспаптың (кұбырдың), жұмыс құралының (бұрғының) дыбысын, жақын ортаның дыбысын (ыдыс-аяққа) иммитациялау. Әнді орындау;

3) музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау кезіндегі ережелер. Педагогпен бірлесіп ширату жаттығулар кешенін орындау (еңкею, бұрылу, басты айналдыру, қол шынтақтарын өзінен, өзіне қарай айналдыру, денені еңкейту, орнында аттап жүру, секіру және жүгіру). Музыка кіріспенің біткенін күтіп, ән бастамасына қозғала бастау. шеңбер бойымен қозғалу, сигнал бойынша шеңберді тарылту және кеңейту. мұғалімнің көмегімен бұлшықеттерді созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды (шатқа отыру, оң аяқпен, сол аяқпен, көлденең), қазақ биінің қол қимылын (бет алдында қолдың айналмалы қозғалысы), "Бүркіт тырнақ" би қозғалысында қазақ ою-өрнегінің мотивтерін, қазақ биінің қозғалысын (алға өріле жылжу) музыкаға орындау. мұғаліммен бірге 3/4 музыкамен қозғалыс жасау (аяқтар иық енінде, бір жақтан екінші жаққа тербелу; оңға, солға бұрылу; бір жағынан екінші жағына, оңға, солға бұрыла, тербелу; қолды "шам" позициясына қойып алға, артқа

жалғамалы қадам. Мұғаліммен бірге 3/4 музыкамен лентаны әуеннің күшті бөлігіне айналдыру, шапалақтау мен санауды бір мезгілде орындау, әр түрлі мамандықтағы адамдардың қозғалысына еліктеу (темір ұстасы);

4) музыкалық аспаптарда ойнау. Барабанда ойнау кезіндегі ойын және дененің дұрыс ұстау ережелері. Музыкалық аспаптардың (сыбызғы, флейта) дыбысталуымен оларды ойнауды имитациялау. Барабанда ойнауға қолға дайындық жаттығуларын орындау. Музыкалық аспапта (барабанда) 2/4, 3/4 музыкалық өлшемдегі әуеннің күшті ырғағына таяқшаларымен барабанды соғып ойнау және бір мезгілде санауды жүргізу. Музыкалық аспапта (барабанда) шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда, дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге ұсақ даңғырды орындау. Барабанда қарапайым шұмақты ұрандардың ырғақтық үлгілерін орындау. Мұғалімнің көмегімен барабанда таныс әндер мен ән шумақтарынан қарапайым музыкалық фразалардың ырғағын орындау;

5) би және билеу. Билер мен билеуді орындау ережелері. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Сыңар мүйіз" (жұптасқан мүйіз) қазақ халық биінің негізгі қалыптарын орындау. Педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Сыңар мүйіз" (бір мүйіз), "Бүркіт тырнақ" қазақ халық билерінің қалпылары мен қимылдарының үйлесімін орындау, қазақ халық биінің "алға қарай оралған жүріс" қозғалысын "бет алдында қолдың айналмалы қозғалысымен" орындау, шеңбермен жүруде шеңбер көлемін тарылту және кеңейту қозғалыстарын. "Бір жағынан екінші жаққа тербелу, аяқтар иық енінде", "бүйірден екінші жаққа оңға, солға бұрылу", "аяқтар иық енінде, бүйірден екінші жаққа оңға, солға бұрылумен бір жағынан екінші жаққа тербелу", "қолды "шам" позициясына қойып алға, артқа жалғамалы қадам" қозғалыстарын комбинацияларын орындау. Үйретілген қозғалыстардан құрастылырған қарапайым қазақ халық би композицияларын, музыкалық өлшемі 3/4 қарапайым би композицияларын, қарапайым балалар би композицияларын және әр түрлі мамандардың қызметін көрсететін би композицияларын орындау (темір ұстасы).

Ұсынылатын музыкалық материал: И. Дунаевскийдің, М.Матусовскийдің "Школьный вальс" әні. Ю. Селиверстованың "Вальс с листочками", "На пороге Новый год", "Нежный вальс" әндері. Д. Кабалевскийдің, А.Пришелецтің "Наш край" әні. Қазақ халық күйлері "Адай", "Ақ жауын", "Ноғайдын зары". Л. Хамидидің "Қазақ вальсі" композициясы. "Во кузнице" орыс халық әні. П.И. Чайковскийдің "Вальс цветов", "Мама" композициялары, "Детский альбом" циклынан "Вальс", "Времена года" циклынан "Лето" композициясы.

40. 9-сыныпқа арналған "Музыка және ырғақ" оқу пәнінің негізгі мазмұны:

1) Музыканы тыңдау. Музыкалық шығармаларды тыңдау ережелері. Таныс әуенді фрагменттерден тану және атау. Қазақ халық музыкалық шығармаларын фрагмент бойынша тану. Классикалық музыкалық шығармаларды тыңдау. Музыкалық шығармалардың түрлерін ажырату және атау (марш, би). Музыкалық аспаптарды

тыңдау: "қобыз", "скрипка". Музыкалық аспаптарды дыбысы бойынша, сыртқы түрі бойынша тану және атау: "қобыз", "скрипка";

2) ән айту. Әндерді орындау кезіндегі ережелер. Артикуляциялық аппараттың бөліктерін атау (ерін, тіл, тіс, жақ, таңдай). Мұғаліммен бірге ән айту алдында тыныс алу жаттығулары мен артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау. Мұғаліммен бірге ән айту, ән тыңдау, әндердің сипатын ажырату (көңілді, қайғылы). Ән шумақтардың мәтінін мұғалімнен кейін қайталау. Мұғаліммен бірге музыкалық аспаптың (скрипка), жұмыс құралының (ара), жақын ортаның (радио) дыбысын имитациялау (имитациялау);

3.1. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар	<p>10.3.1.1 музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау мәдениетін ұстану</p> <p>10.3.1.4 қашықтықты сақтай отырып, бірінен соң бірі ирелең жолмен еркін қадам жасау</p> <p>10.3.1.8 педагогпен бірлесіп музыкаға қазақ биінің қозғалысын орындау (секіртпе жүріс)</p> <p>10.3.1.11 мұғаліммен бірге қозғалысты музыкамен орындау (6 позициядан 2-ге секіру және кері секіру)</p>
4.1. Музыкалық аспаптарда ойнау	<p>10.4.1.1 музыкалық аспаптарда ойнау кезінде кезектілікті сақтау</p> <p>10.4.1.6 музыкалық аспаптардың дыбыстарын өзгерте отырып (мұғалімнің таңдауы бойынша), балалар синтезаторында бір саусақпен пернетақта бойымен баспалдақ секілді жоғары, төмен ойнау</p> <p>10.4.1.7 музыкалық аспаптардың дыбыстарын өзгерте отырып (мұғалімнің таңдауы бойынша),</p>

	балалар синтезаторында диз пернелермен бір саусақпен пернетақта бойымен баспалдақ секілді жоғары, төмен ойнау
	10.4.1.8 мұғаліммен бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен (балалар синтезаторында), музыкалық аспаптардың дыбыстарын өзгерте отырып (мұғалімнің таңдауы бойынша) орындау
5.1. Би және билеу	10.5.1.1 билер мен билеуді орындау кезінде қатарды ұстау
	10.5.1.4 педагогпен бірлесіп қазақ халық биінің "секіріспен қадам басу" қозғалысын "Ши орау" (тоқу) қол қимылымен үйлестіріп орындау
	10.5.1.5 педагогпен бірлесіп қазақ халық биінің "секіріспен қадам басу" қозғалысын "Ши орау" (тоқу) қол қимылымен үйлестіріп орындау, қашықтықты сақтай отырып, бірінен соң бірі ирелең саппен қозғалу
	10.5.1.8 мұғаліммен бірге "6-шы позициядан 2-ші позицияға өту және бастапқы позицияға секіру", "6-шы позициядан 2-ші позицияға алға қарай аттап өту "үшбұрыш" және кері қарай аттау", "6-шы позициядан 2-ші позицияға секіру және кері қарай секіру" қозғалыстар үйлесімдерін орындау
	10.5.1.10 қарапайым қазақ халық билерін билеу (үйретілген қозғалыстардан педагог таңдауы бойынша)
4 тоқсан	
1.1. Музыканы тыңдау	10.1.1.1 музыка сабағына ұйымдасқан түрде кіру, сапта өз орнына тұру, музыкалық сәлемдесуді орындау
	10.1.1.5 музыкалық шығармалардың сипатын тану және атау (көңілді, би)
	10.1.1.9 "керней" музыкалық аспабының дыбысын тыңдау
2.1. Ән айту	10.2.1.1 залда өз орындарына өту, ән айтуға дайындалу
	10.2.1.3 мұғалімнің көрсетілімі бойынша ән айтпас бұрын артикуляциялық гимнастика жаттығуларын орындау
	10.2.1.4 мұғаліммен бірге орташа қарқынмен және дауыстың біртегіс орташа күшімен асықпай, кернеусіз ән айту
	10.2.1.8 мұғаліммен бірге жұмыс құралының дыбысын имитациялау (балта)
	10.2.1.9 мұғаліммен бірге жақын маңдағы дыбыстарға еліктеу (кір жуғыш машина)
	10.3.1.1 музыкалық-ырғақтық жаттығуларды орындау мәдениетін ұстану



3.1. Музыкалық-ырғақтық жаттығулар	<p>10.3.1.5 мұғалімнің көмегімен бұлшықеттерді созуға арналған гимнастикалық жаттығуларды орындау ("стрелка")</p> <p>10.3.1.12 мұғаліммен бірге қозғалысты музыкамен орындау ("Восьмерка" айналдыру: жамбаспен, тіземен, иықпен бөлек-бөлек )</p> <p>10.3.1.13 оқытушымен бірге үйренген қимылдарды музыкамен орындау (гимнастикалық таяктармен)</p> <p>10.3.1.15 әр түрлі мамандықтағы адамдардың қозғалысына еліктеу (кір жуу)</p>
4.1. Музыкалық аспаптарда ойнау	<p>10.4.1.1 музыкалық аспаптарда ойнау кезінде кезектілікті сақтау</p> <p>10.4.1.9 шу оркестрінің ойынымен (сылдырмақтарда , дабылдарда, маракастарда, үшбұрыштарда) бірге таныс әннің ырғақтық бейнесін (мұғалімнің таңдауы бойынша) бір нотада, бір саусақпен балалар синтезаторында музыкалық аспаптардың дыбыстарын өзгерте отырып (мұғалімнің таңдауы бойынша), мұғаліммен бірге, жеке өзі (соло) орындау</p> <p>10.4.1.10 музыкалық аспаптардың дыбыстарын ( мұғалімнің таңдауы бойынша) өзгерте отырып, балалар синтезаторында белгіленген пернелермен бір саусақпен оңға, содан кейін сол қолды бір октава шегінде до1до-1си дейін гамманы орындау</p> <p>10.4.1.11 белгіленген пернелер бойынша балалар синтезаторында мұғалімнің көмегімен таныс әндер мен ән шумақтарынан қарапайым музыкалық фразалардың ырғағын музыкалық аспаптардың дыбыстарын (мұғалімнің таңдауы бойынша) өзгерте отырып орындау</p>
5.1. Би және билеу	<p>10.5.1.1 билер мен билеуді орындау кезінде сапта тұру</p> <p>10.5.1.6 педагогпен бірлесіп "Сәлем" (сәлемдесу, тағзым ету), "Қамшы", "Айна" қазақ халық билерінің қимылдарымен "секіріп жүру", "Ши орау" (тоқу) қол қимылдарының үйлесімін орындау, қашықтықты сақтай отырып, бірінен соң бірі ирелең саппен қозғалу</p> <p>10.5.1.9 мұғаліммен бірге қозғалыстар үйлесімдерін орындау: "6-шы позициядан 2-ші позицияға өту және бастапқы позицияға секіру", "6-шы позициядан 2-ші позицияға алға қарай аттап өту " үшбұрыш" және кері қарай аттау", "6-шы позициядан 2-ші позицияға секіру және кері қарай секіру", "сегіздік" жамбаспен, тізелермен, иықпен бөлек-бөлек айналдыру</p> <p>10.5.1.13 әр түрлі мамандықтағы адамдардың қызметін көрсететін би композицияларын орындауға ұмтылу (кір жуушы)</p>

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
541-қосымша

## **Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабы 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты – білім алушылардың жақын қоғамда бағдарлау дағдыларын, тұрмыстық еңбек дағдыларын, отбасы мен қоғамдық орындардағы мәдени тәртіптің тәсілдерін меңгеруіне жағдай жасау.

3. Бағдарламаның білім беру міндеттері:

1) білім алушыларда тұрмыстық практикалық дағдыларды, киім мен аяқ киім заттарын пайдалану, тағам дайындау дағдыларын қалыптастыру;

2) тамақ дайындау кезінде гигиена талаптарын және қауіпсіз жұмыс қағидаларын сақтауға үйрету;

3) адам жасаған қоршаған заттарға: өзінің киіміне, аяқ киіміне, жиһазға, тамақ өнімдеріне және дайындалған тағамға ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

4) білім алушыларды әртүрлі кәсіпорындар мен мекемелердің (сауда, көлік, халықтың тұрмыс қажетін өтеу қызметі, байланыс, мәдениет, медициналық көмек) қызметтеріне бағдарлауға, осы қызметтерді пайдаланудың қарапайым практикалық дағдыларын қалыптастыру;

5) әртүрлі өмірлік жағдайларда, қоғамдық орындарға, әлеуметтік мекемелерге барған кезде мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.

4. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) қарапайым тұрмыстық еңбекке оң көзқарас қалыптастыру;

2) еңбекқорлықты, ерікті күш-жігерді қалыптастыру; жұмысты белгілі бір тәртіппен орындай білу, басталған істі аяғына дейін жеткізе білу, өз қызметіне ағымдық

бақылауды, қорытынды бақылауды орындау, өз жұмысының нәтижесін басқалармен салыстыру қабілетін дамыту;

3) танымдық іс-әрекетті дамыту, жеңіл себеп-салдарлық байланыстарды орнату тәсілдерін үйрету;

4) топтық жұмыс процесінде сөйлеу және коммуникацияның басқа да түрлерінің көмегімен басқалармен түсінісу қабілетін қалыптастыру; білім алушылардың сөздік қорын байыту;

5) практикалық жұмысты орындау кезінде іс-қимылды үйлестіруді, шебер ептілікті, мұқияттылық пен нақтылықты жетілдіру.

## **2-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға оқытудың негізгі мазмұны өмірлік дағдылар, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық дағдылары болып табылады, оларды меңгеру білім алушылардың әдеттегі тұрмыстық жағдайларда көмекті қажет ету қажеттілігін азайтуға ықпал етеді. Академиялық білімді қалыптастыру саласында білім алушыларда танымдық іс-әрекеттің мақсатты әдістерін қалыптастыру кезіндегі айқын қиындықтарға байланысты мүмкіндіктердің шағын ресурсы байқалады.

6. Бағдарламаның мазмұнын педагог, тәрбиешілер (білім алушының мектепте болған барлық уақыты ішінде, өзіне-өзі қызмет көрсетуге және режимдік сәттерге байланысты табиғи жағдайларда) және білім алушылардың ата-аналары (үйде, қоғамдық орындарда, кез келген өмірлік жағдайларда) жүзеге асырады. Педагогтар мен отбасының қызметін үйлестіруді және келісушілікті сынып мұғалімі жүзеге асырады.

7. Оқу процесін ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажет:

1) ұжымдық оқыту жағдайында білім алушылардың танымдық белсенділігінің төмендігін;

2) педагогтың фронталды жұмыста қолданатын бағыттаушы, ынталандырушы көмегіне төмен реакцияны;

3) коммуникативтік, реттеуші, жоспарлаушы сөйлеу функцияларының өрескел дамымауын;

4) қалыптасатын дағдыларды автоматтандыру қиындықтарын;

5) бір сыныптағы оқушылардың оқу мүмкіндіктері мен дағдыларын дамытудағы елеулі айырмашылықтарын.

8. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаттарына негізделген.

9. Педагог өзінің бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, оқушылардың жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, білім алушылардың дағдыларын дамыту мен игерудегі ең төменгі ілгерілеуді тіркеп отырады. Кез-келген ілгерілеу оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

10. Педагог осы Бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ білім алушылардың білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалау нәтижесінде белгіленген жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту әдістерін, құралдарын дербес таңдайды.

11. Оқыту процесі оқудың тек мазмұнын ғана емес, сонымен қатар ұйымдастыру формаларын да қатаң реттеуді қарастырмайды. Академиялық білімді қалыптастыруға бағытталған сабақтың дәстүрлі құрылымының зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту кезінде оның тиімділігінің төмен екенін ескеру қажет.

12. Оқу-тәрбие процесі дәстүрлі құрылымның өзгеруін және сабақтың жабдықталуын көздейтін білім алушылардың пәндік-практикалық іс-әрекеті негізінде құрылады. Білім алушылардың тиісті қажеттіліктерінің пәндік ортасын құру кезінде келесідей ережелер орындалады:

1) білім мен дағдыларды жаңа жағдайға көшірудің елеулі қиындықтарына байланысты іскерлік пен дағдыларды осы дағдылар пайдаланылатын жағдайға барынша жақын жағдайға қалыптастыру;

2) нақты өмірлік жағдайларға сәйкес сабақтарды ұйымдастыруға арналған үй-жайларды жаратқандыру, нақты заттарды, құрылғыларды, азық-түлікті, тұрмыстық техниканы пайдалану;

3) білім алушылардың өзгермелі мүмкіндіктеріне сәйкес пәндік ортаның өзгеруі ( күрделене түседі, кеңейеді);

4) білім алушылардың өмірлік тәжірибесі мен әлеуметтік байланыста болуын оларға қолжетімді шектерде кезең-кезеңімен және жоспарлы түрде кеңейту: мектептен тыс оқу қызметін ұйымдастыру (қоғамдық көлікпен жүру, дүкендерге, дәріханаларға, поштаға, емханаларға, мұражайларға, театрларға, кафелерге, саябақтарға бару);

5) білім алушының қоғамға ауыртпалықсыз кірігуі үшін толерантты және қолайлы қоршаған ортаны қалыптастыру, мектептің отбасымен және қоғамдастықпен жоспарлы жұмысы.

13. Әр сабақтың мазмұны білім алушыға әртүрлі іс-шараларда (пәндік, ойын, сөздік сабақтары, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас, әлеуметтік мақсаттағы объектілерге барған кездегі бақылау) зерттелетін объектілерді қолдана отырып, әртүрлі анализаторларға сүйене отырып, өзінің мүмкіндіктерін, жақын әлеуметтік және пәндік ортаның ерекшеліктерін білуге көмектесуі керек.

14. Сабақты ұйымдастырған кезде әр білім алушыда қажеттілік туындаған кезде іс-әрекетті өзгерту немесе демалу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтың жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

15. Білім алушыларға сабақ барысында сынып бөлмесінде еркін жүріп-тұруына, оқу тапсырмаларын үстел басында, кілемде отырып, тұрып орындауға; сыныптастарының жұмысын бақылай отырып, олармен бірлесе жұмыс істеуге мүмкіндік беріледі.

16. Сабаққа арналған үй-жай осы Бағдарламада көзделген дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті жабдықтармен, тұрмыстық техникамен, нақты заттармен, тамақ өнімдерімен жарақтандырылады.

17. Арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес құрылған педагогикалық іс-шаралар білім алушылардың өзіндік белсенділігін, олардың бастамалары мен дербестігін дамытуға бағытталған.

18. Бағдарламаны меңгеру кезінде білім алушылардың белсенділігі мен дербестігі қалыптасатын негізгі қызмет түрлері:

- 1) ересектердің тұрмыстық қызметін, әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау;
- 2) пәндік-практикалық қызмет;
- 3) ойын әрекеттері және ойын қызметі;
- 4) әлеуметтік-тұрмыстық қызмет;
- 5) жақын ортадағы білім алушылармен және ересектермен қарым-қатынас.

19. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" пәні бойынша сабақтарда оқытуда мынадай әдістер пайдаланылады: мұғалімнің іс-әрекет тәсілін көрсету, көрсету және үлгі бойынша жаттығулар, ересектердің іс-әрекетін әдейі және әдейі емес бақылау, білім алушылардың өмірлік тәжірибесін кеңейтуге, нақтылауға ықпал ететін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ).

20. Практикалық дағдыларды қалыптастыру үшін:

- 1) педагогтің басшылығымен объектілерді қарау;
- 2) экскурсияларды бақылау;
- 3) заттардың, объектілердің қасиеттері мен сапасын практикалық тану; заттарды, тұрмыстық техниканы, аспаптарды, құралдарды пайдалану арқылы практикалық жаттығулар;
- 4) білім алушы мен педагогтың бірлескен іс-әрекеттері, еліктеу әрекеттері;
- 5) заттарды тиісті суреттермен байланыстыру, содан кейін оларды ым-ишара арқылы атау немесе көрсету;
- 6) педагогтың ауызша нұсқаулығы бойынша ыдыс-аяқ, тұрмыстық техника, азық-түлік, асүй құралдары, құралдарды өз бетінше атау және/немесе көрсету;
- 7) заттарды, құрылғылар мен тұрмыстық техниканы, құралдарды мақсаты бойынша пайдалану қолданылады.

21. Бағдарлама "Өзіне-өзі қызмет көрсету" (1-4 сыныптар) оқу пәнінің мазмұнын ескере отырып жасалған, онда дағдыларды үздіксіз қайталауды, бекітуді қамтамасыз ететін концентрлі (спиральды) құрылым бар.

22. Бір тақырыппен біріктірілген әлеуметтік-тұрмыстық бағдар мен экономикалық еңбек сабақтарын дәйекті түрде өткізуге болады. Оқу процесінде дағдыларды қайталау мен бекітуде жаттығуларға үлкен рөл беріледі. Үздіксіз қайталау қалыптасқан дағдылардың табыстылығын және білім алушының дербестік дәрежесін бағалауға жағдай жасайды.

23. Бағдарламаның мазмұны ұсыныстық сипатта берілген, ол жеке оқу бағдарламаларын жасау үшін негіз болып табылады. Жеке оқу бағдарламалары алты айға жасалады. Алдағы алты айға жеке оқу жоспары оқушының қол жеткізген мақсаттарын ескере отырып жасалады.

24. Білім алушының жеке оқу бағдарламасын жасау, білім алушының ата-анасының (заңды өкілдерінің) олардың тәжірибесін, мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін, сұранысын бастапқы (оқу жылының басында) педагогикалық бағалаумен алдын ала белгіленеді. Бастапқы педагогикалық бағалау нәтижелерін талдау негізінде педагог Бағдарлама мәтінінен білім алушыға қолжетімді оқу мақсаттарын таңдайды. Мұғалім оқу мақсаттарын өз бетінше нақтылайды. Қажет болған жағдайда педагог білім алушының білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, жеке бағдарламаға Үлгілік бағдарламаны толықтыратын мазмұнын қосады. Мұғалім жеке оқу бағдарламасының оқу мақсаттарын "қарапайымнан күрделіге" ретімен құрастырады.

25. Білім алушының жетістіктерін бағалау критерийлері жеке оқу бағдарламасының оқу мақсаттары болып табылады. Жетістіктерді бағалауды педагог, тәрбиешілер, ата-аналар (заңды өкілдер) ұйымдастырылған сабақтар процесінде, тұрмыстық, өмірлік жағдайларда, қызмет іс-әрекетін талдау негізінде білім алушының іс-әрекетін бақылау негізінде жүргізеді.

26. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау білім беру процесінде педагогтің ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асырылады. Жеке оқу бағдарламасына сәйкес іскерліктер мен дағдыларды меңгерудегі жетістіктер туралы бағалау пайымдаулары жеке бағдарламаның тиісті бағанында тіркеледі. Білім алушының жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыны меңгерудің дербестік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі: "өз бетімен" ; "ауызша нұсқаулар бойынша", "үлгі бойынша"; "еліктеу арқылы"; "мұғаліммен ( ата-анамен) бірлескен әрекеттер арқылы".

27. Пәнаралық байланыстар "Шаруашылық еңбек", "Сөйлеуді дамыту және коммуникация", "Адам және әлем", "Кәсіп", "Санау" пәндерімен белгіленеді.

### **3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

#### **1-параграф. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің мазмұны**

28. Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 3) 7-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 4) 8-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 5) 9-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 6) 10-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты.

29. "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Киім";
- 2) "Тамақтану";
- 3) "Тұрғын үй";
- 4) "Көлік";
- 5) "Халыққа қызмет көрсету саласы";
- 6) "Деңсаулық".

30. "Киім, аяқ киім" бөлімі мынадай бөлімшені қамтиды:

- 1) киім, аяқ киім, бас киім түрлері.

31. "Тамақтану" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) азық-түлік;
- 2) асүй және асхана ыдыстары, техника;
- 3) тамақ дайындау;
- 4) тамақтану мәдениеті.

32. "Тұрғын үй" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) тұрғын үй-жайлар түрлері.
- 2) жиһаз, тұрмыстық техника.

33. "Көлік" бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көлік түрлері;
- 2) көлікте және жолда жүру тәртібінің мәдениеті.

34. "Халыққа қызмет көрсету саласы" мынадай бөлімшелерді қамтиды:

- 1) халыққа қызмет көрсету саласының объектілері;
- 2) әлеуметтік мекемелердегі тәртіп мәдениеті.

35. "Деңсаулық" бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

- 1) дене күтімі.

36. 5-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, күртке, шарф, қолғап және мұғалімнің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзі үшін киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың атауларын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма

және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне аяқ киім таңдау. Аяқ киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (табан, өкше, қоныш, тіл, ілгек, бау және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау. Киіміндегі және аяқ киіміндегі ілмектерді (түймелер, түйреуіштер, ілгектер) ашып-жабу. Тиісті маусым үшін ұл мен қызға арналған бас киімдерді білу және олардың аттарын атау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзі үшін бас киім таңдау. Көшеге және үйге киетін аяқ киімді ажырату. Ерлер мен әйелдердің жаздың күнделікті киетін ұлттық қазақ киімдерін тану және атау (мұғалімнің таңдауы бойынша). Білім алушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетіне өздігінен бақылауды жүзеге асыру.

2) тамақтану. Көкөністерді білу, аттарын атау: қызанақ, қияр және педагогтің таңдауы бойынша басқалар. Көкөністерді қолдануға дайындау: оларды жуу, кесу. Жеміс-жидектерді білу, аттарын атау: алма, алмұрт, жүзім, қара өрік, шие және педагогтің таңдауы бойынша басқалар. Жеміс-жидектерді қолдануға дайындау: жуу, сүйектерін алып тастау, табаққа, вазаға салып қою.

Шай ыдыстарын (кесе, табақша, қант тостағы, шәйнек), құралдарды (кесетін тақтайша, майлықтар салатын ыдыс), жылыту құралдарын (электр шәйнек) білу, аттарын атау. Кесетін тақтайшаны, майлықты, шай ыдыстарын, электр шәйнегін, салат салатын ыдысты, асхана құралдарын (қасық, шанышқы, пышақ) пайдалану. Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кескіш заттарды, электр құралдарын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау.

Тамақ дайындау кезіндегі гигиеналық талаптар (азық-түлікті қолдану алдында қол жуу). Жай бутербродтар дайындау: нанды, ірімшікті, шұжықты тілімдеп кесу. Нанға май жағып, ірімшікті, шұжықты нанның бір тіліміне қою. Педагогтің таңдауы бойынша жаңа піскен көкөністер мен жемістерден салаттар дайындау. Пышақ пен құралдарды (кесетін тақтайша, үккіш) пайдалану. Педагогтің таңдауы бойынша жұмыртқа тағамдарын дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша қайнатылған және бұқтырылған көкөністерден, жартылай фабрикаттардан тағамдар дайындау. Қалташадағы шайды демдеу ережелері.

Таңғы асқа дастарқан жаю, дастарқанға тағамдар қою. Мектеп асханасында таңғы ас дастарқанын әзірлеу. Тамақтану кезінде тағам салатын әрбір затты қолдану ережелері: шай ішетін кесе, табақша, қант салатын ыдыс, шай қасық, майлық. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Бөлме бөліктерін тану, атау: қабырға, төбе, еден, терезе, терезе алды, есік. Бөлмелердің атауы мен мақсаты: қабырға, төбе, еден, терезе, терезе алды, есік.



Тұрғын бөлмелерді тану және атау: қонақ бөлме, жатын бөлме. Қонақ бөлменің, жатын бөлменің мақсаты: қонақ бөлме мен жатын бөлмеге арналған жиһаз заттарының атауы мен мақсаты: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киім сөресі, кітап сөресі), аласа сөре. Қонақ бөлмесі мен жатын бөлмесіне арналған жиһаздарды саралау. Қонақ бөлме мен жатын бөлменің интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьермен жабдықтау. Тұрмыстық техника заттарының атауы мен мақсаты: теледидар.

Тұрғын үйдегі жиһаздың заттарына ұқыпты қарау. Тұрмыстық техниканы пайдалану ережесі (теледидар): қосу, өшіру, бағдарламаны таңдау.

Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде, телефон арқылы бейтаныс адамдармен сөйлеспеу, тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу" сюжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану.

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлікті білу, аттарын және олардың мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтің таңдауы бойынша). Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. "Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны.

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда жүрудің қарапайым ережелері: тротуарды (қоқысқа тастамау, айқайламау, итермеу), көшенің бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану. Бағдарламашам сигналдарын білу және оны орындау. Үйден мектепке және кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүретін бағыттар, үйінің мекенжайын атау;

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға ересектермен бірге бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен қарым-қатынасын бақылау.

Өзіне-өзі қызмет көрсететін-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға ұқыптап салу. Таңдалған тауарды кассирдің, сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту.

Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет және қоршаған ортаға зиян келтіретін әрекеттер жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. "Дүкен" сюжеттік-рөлдік ойыны;

б) денсаулық: дене күтімі. Гигиеналық заттар мен құралдар: сабын, сабын ыдысы, сүлгі, орамал, тіс пастасы, тіс щеткасы, тарақ, айна, олардың мақсаты. Атауы бойынша тану (көрсету), жеке гигиена заттарын (сүлгі, тіс щеткасы, тарақ, тұмсық орамал) белгілер арқылы тану. Қолды (бетті) жуу тәртібін бекіту: жеңді қайырып, су крандарды ашу, судың температурасын реттеу, сабынды алу, қолды және сабынды сулау, алақандарын, қолдың сыртқы жағын, саусақтардың арасын сабындау, сабынды жуу. Сүлгіні пайдалану тәртібі: қолды және бетті жайылған сүлгімен сүрту, сүлгіні ілгішке ілу. Бет орамалды пайдалану тәртібі: Мұрның жайылған орамалмен сүрту, бет орамалды пайдаланып түшкіру, орамалды бүктеу, көрсету, ауызша нұсқау бойынша киімнің қалтасына орамалды салу. Шашты айнаның алдында, қажет болған жағдайда мұғалімнің, ересектердің көмегімен тарау. Тістерді тазалау - өз тіс щеткасын тану, щетканы дұрыс ұстау. Айна алдында тістерді тазалау тәртібін орындау: тіс щеткасының қылшықтарын сумен сулау, тіс пастасының қақпағын бұрап ашу, тіс пастасын щеткаға сығу, тістерді тазалау кезінде үлгі бойынша тік және көлденең қимылдарды орындау; тіс пастасын бұрап жабу, ауыз қуысын шаю, тіс щеткасын жуу. Дәретханаға барғаннан кейін өз киімдерін ретке келтіру.

37. 6-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті киетін киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, куртка, шарф, қолғап және мұғалімнің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне аяқ киім таңдау. Тиісті маусым үшін ұл мен қызға арналған бас киімдерді білу және олардың аттарын атау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау. Көшеге және үйге киетін аяқ киімді ажырату. Қыс мезгіліне сәйкес күнделікті киетін ерлер мен әйелдердің қазақ ұлттық киімдерін тану және атау (педагогтың таңдауы бойынша). Оқушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетін өз бетінше бақылау.

2) тамақтану. Көкөністер мен жеміс-жидектерді өңдеу реті: тағам өнімдерін (ет, сүт, шұжық, балық, ірімшік, май) тоңазытқышта сақтау, тағам өнімдерін тоңазытқыштың сөрелеріне қою, тамақ өнімдеріне арналған контейнерлерді пайдалану. Сусындарды салқындату. Тоңазытқышты пайдалану және оны таза ұстау ережелері.

Ас үй және асхана ыдыстары (кастрөл, таба, қаңылтыр табақ, терең және ұсақ тәрелкелер, салат салғыш), аспаптар (шайқағыш, үккіш, араластырғыш және басқалары) техникасы (электр шәйнек, блендер, электр плитасы және басқалары)

Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кесетін заттарды, электр аспаптарын, газ плитасын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау. Тамақ дайындау кезіндегі гигиеналық талаптар (тағамды пайдаланудан бұрын қолды жуу).

Шұжықтарды, күрішті, қарақұмықты (және педагогтің таңдауы бойынша басқа жармаларды), макарон бұйымдарын қайнату. Педагогтің қалауы бойынша қайнатылған көкөністерден салат дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша компот, морс, сүт коктейлін дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша жартылай фабрикаттардан тағамдар (кисель, сорпа, тұшпара, қайнақша (вареник), басқа да тағамдар) дайындау. Таңғы, түскі және кешкі асқа мектеп асханасында дайындалған тағамдарды атау. Қалташадағы шайды демдеуіш шәйнекте демдеу ережелері.

Таңғы асқа, түскі асқа дастарқан жаю, дастарқанға тағамдар салынған заттарды қою. Дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында таңғы, түскі асқа дастарқан жаю.

Тамақтану кезінде дастарқан үстіндегі әрбір затты: шай ішетін кесені, табакшаны, кант салатын ыдысты, шай қасықты, майлықты, салат салатын ыдысты және педагогтің таңдауы бойынша басқа заттарды қолдану ережелері. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері: көп пәтерлі үйлер, жеке үй. Көп пәтерлі және жеке үйлерді экскурсияда, суретте тану. Қаладағы, ауылдағы тұрғын үйлердің ерекшеліктері (экскурсия).

Тұрғын бөлмелерді (қонақ бөлме, жатын бөлме) және ас үйді тану және атау. Пәтер бөлмелерінің, үйлердің атауы мен мақсаты: (қонақ, жатын бөлмелері) ас үй. Қонақ бөлмесі мен жатын бөлмесіне, ас үйге арналған жиһаз және интерьер заттарының атауы мен мақсаты: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа арналған), кіші сөре, қол жуғыш. Қонақ, жатын және ас үйге арналған жиһаздарды саралау. Қонақ, жатын және ас үйдің интерьерін қолдану үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьерді тиімді пайдалану. Тұрмыстық техниканың атауы мен мақсаты: теледидар, тоңазытқыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш.

Тұрғын және тұрғын емес үй жиһазы мен интерьеріне ұқыпты қарау.

Тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану қағидалары (теледидар, тоңазытқыш, газ/электр плитасы, раковина). Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, телефон арқылы бейтаныс адамдармен сөйлеспеу). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу" сюжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану;

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлік түрлерін білу, аттарын және мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтің таңдауы бойынша). Қоғамдық көлік аялдамаларын білу, атау. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. "Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны. Мамандандырылған машиналарды (шұғыл медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша басқа қызметтер) сыртқы түрі бойынша ажырату. Полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттері.

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда жүрудің қарапайым ережелері: тротуарды, көшенің жаяу жүргіншілер өтетін өткелін пайдалану (қоқыс тастамау, айқайламау, итермеу). Бағдарламаларды білу және оны орындау. Жолда жүру ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну. Жолда төтенше жағдайлардың туындау себептері, төтенше жағдай кезіндегі тәртіп. Үйден мектепке және одан кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүру бағыттары, үйінің мекенжайын атау;

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаларға бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен, медициналық қызметкерлермен қарым-қатынасын бақылау.

Өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға ұқыптап салу. Таңдалған тауарды кассирдің, сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту.

Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет жасамау, қоршаған ортаға бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен, дәрігермен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. "Дүкен", "Дәрігердің қабылдауында" сюжеттік-рөлдік ойындары;

б) денсаулық: дене күтімі. Гигиеналық заттар мен құралдар: сабын, сабын ыдысы, сүлгі, орамал, тіс пастасы, тіс щеткасы, тарақ, қол (бет) кремі, бет жууға арналған көбік, жөке, айна олардың мақсаты. Атауы бойынша тану (көрсету), жеке гигиена заттарын (сүлгі, тіс щеткасы, тарақ, тұмсық орамал) белгілер арқылы тану. 5-сынып материалын қайталау; қол мен аяқты жуу, тіс пен тілді тазалау ережелері, шашты тарау және сәндеу білу. Қағаз сүлгіні, қол электр кептіргішті пайдалану. Суық тию кезде бет перде, бет

орамалды пайдалану. Проблемалық жағдайларда көмек сұрай білу (сүлгі жоқ, кран ашылмайды), көмек үшін алғыс білдіру. Басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету (кранды ашу-жабу, сабын беру, сүлгі табу, шашты тарау).

38. 7-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті және мерекеде киетін киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, күртке, шарф, қолғап және мұғалімнің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ киімді білу және олардың аттарын атау: бөтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілмек, бау және педагогтің таңдауы бойынша). Өз киіміндегі және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, ілмектерді, сырмаларды, жабысқышты) ашып-жабу. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау. Көшеге, үйге, мерекеде киетін аяқ киімді ажырату. Жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдерін тану және атау (педагогтың таңдауы бойынша). Білім алушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетін өздігінен бақылау;

2) тамақтану. Балалар мен жасөспірімдердің рационында сүт пен сүт өнімдерін қолдану. Сүт өнімдерінің ассортименти (дүкенге саяхат). Сүт түрлері: табиғи, құрғақ, қоюландырылған, қойытылған. Сүт өнімдерін тоңазытқышта сақтау ережелері мен мерзімдері.

Ас үй мен асхана ыдыстары (кастрюль, таба, табақ, терең және ұсақ тәрелкелер) құралдары (бөлшектеу тақтасы, оқтау, печеньеге арналған қалыптар), ас үй техникасы (электр шәйнек, блендер, электр плитасы, мультиварка). Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кесетін заттарды, электр аспаптарын, газ плитасын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау. Тамақ дайындау кезіндегі гигиеналық талаптар (тағамды қолданудан бұрын қолды жуу).

Сүт көже, сүт ботқасын дайындау (педагогтің таңдауы бойынша). Педагогтің таңдауы бойынша сүзбе құймағын, ірімшік көмешін, пудинг және басқа да сүт тағамдарын дайындау. Педагогтің таңдауы бойынша жартылай фабрикаттардан тағамдар (тұшпара, қайнақша (вареник), кисель, сорпа) дайындау. Сүтті шай, сүтті какао, сүтті кофе (еритін) дайындау. Дайын қамырдан печенье пісіру.

Таңғы асқа, түскі асқа дастарқан жаю, дастарқанға тағамдар салынған заттарды қою. Дастарқандағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында таңғы, түскі асқа

дастарқан жаю. Мектептің асханасында таңғы астан кейін ыдыстарды жинау. Тамақтану кезінде дастарқан басындағы әрбір затты: шай ішетін кесені, табақшаны, қант салатын ыдысты, шай қасықты, майлықты және педагогтің таңдауы бойынша басқа заттарды қолдану ережелері. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;

3) тұрғын үй. Тұрғын үй-жайлардың түрлері: көп пәтерлерлі үйлер , жеке үйлер. Көп пәтерлі және жекеменшік үйлерді экскурсияда, суретте тану. Қаладағы, ауылдағы тұрғын үйлердің ерекшеліктері (экскурсия).

Пәтер бөлмелерінің, үйлердің атауы мен мақсаты: (қонақ, жатын бөлмелері), және тұрғын емес үй-жайларды (ас үй, дәретхана). Қонақ бөлмесіне, жатын бөлмесіне, ас үйге, дәретханаға арналған жиһаз және интерьер заттарының атауы мен мақсаты: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа), кіші сөре, қол жуғыш, унитаз. Тұрғын үй-жайлар (қонақ, жатын бөлме) және тұрғын емес үй-жайлар (ас үй, дәретхана) үшін жиһаздар мен интерьер заттарын саралау. Қонақ бөлменің, жатын бөлменің, ас үйдің, дәретхананың интерьерін жасау үшін жиһаздың миниатюралық үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьерді тиімді пайдалану. Тұрмыстық техниканың атауы мен мақсаты: теледидар, тоназытқыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш, унитаз.

Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың жиһазы мен интерьеріне ұқыпты қарау.

Тұрмыстық техниканы пайдалану ережелері: теледидар, тоназытқыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш, унитаз.

Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, бейтаныс адамдармен телефонмен сөйлеспеу). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу" сюжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану;

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлікті білу, аттарын және мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтың таңдауы бойынша). Қоғамдық көліктің аялдамаларын білу, атау. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. " Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны. Мамандандырылған машиналарды сыртқы түрі бойынша ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша басқа қызметтер). Полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттері. Алыс сапарға жүретін көлік құралдары (пойыз ). Көлік түрлерінің жүру тәсілдерін атау (автобус, көлік – жүреді, пойыз – жүйткіді).

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер өтетін

өткелде жүру тәртібінің қарапайым ережелері: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану (қоқыс тастамау, айқайламау, итермеу). Бағдаршам сигналдарын білу және оны орындау. Жолда жүру ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну. Жолдағы төтенше жағдайлардың себептері, төтенше жағдайдағы тәртіп. Үйден мектепке және одан кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүретін бағыттар, үйінің мекенжайын атау;

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаларға, дәріханаларға бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен, медициналық қызметкерлермен, дәріхана қызметкерлерімен қарым-қатынасын бақылау. Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет жасамау, қоршаған ортаға бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен, дәрігермен, дәріхана қызметкерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. Өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Тауарды кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу. Таңдалған тауарды кассирдің, сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту. Дәріхананың мақсаты. Ең жақын дәріхананың орналасқан жері. "Дүкен", "Дәрігердің қабылдауында", "Дәріханада" сюжеттік-рөлдік ойындар;

б) денсаулық: дене күтімі. Гигиеналық заттар мен құралдар. Денені және шашты күтуге арналған құралдардың атауы бойынша тану (көрсету): тарақ, қол (бет) кремі, бетті жууға арналған көбік, сұйық сабын, шампунь, бальзам, душқа арналған гель, жөке, олардың мақсаты мен пайдаланылуы. 6-сынып материалын қайталау. Қол мен аяқты жуу дағдыларын бекіту, тырнақ қию, бет орамалды, қағаз сүлгіні пайдалану, суық тиген кезде мұрынды күту. Электрлік қол кептіргішті пайдалану. Тырнақты күту үшін щетканы пайдалану. Шаш қыстырғыштарын, шаш байлауларын қолдану; суық тию кезінде мұрынға күтім жасау ережелері. Жеке интимдік гигиена ережелері, іш киімнің тазалығын күту қағидалары.

39. 8-сыныпқа арналған "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім. Тиісті маусымға сәйкес ұл мен қызға арналған күнделікті және мерекеде киетін киімдерді білу және олардың аттарын атау: шалбар, көйлек, белдемше, жейде, көйлек, алжапқыш, шұлық, колготки, спорттық костюм, күртке, пальто, тон, шарф, қолғап және педагогтің қалауы бойынша білім алушылардың мүмкіндіктері мен климаттық ерекшеліктерді ескере отырып тағы басқалар. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау. Киімнің бөліктерін білу және олардың аттарын (жең, манжет, балақ, белдік, сырма және педагогтің таңдауы бойынша басқа) атау, оларды қызметіне сәйкес пайдалану. Тиісті маусым үшін қыз бен ұлға арналған күнделікті киетін аяқ

киімді білу және олардың аттарын атау: бәтеңке, туфли, етік, сандал, кроссовка, үй тәпішкесі. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне аяқ киім таңдау. Аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілмек, бау және педагогтің таңдауы бойынша). Өз киіміндегі және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, ілмектерді, сырмаларды, жабысқышты) ашып-жабу. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау: құлақшын, кепке, қалпақ, панама, орамал, бандана. Маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау. Көшеде, үйде, мерекеде киетін аяқ киімді ажырату. Жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдері мен аяқ киімдерін тану және атау (педагогтың таңдауы бойынша). Оқушының сыртқы келбетіне қойылатын талаптарға сәйкес өзінің сыртқы келбетін өз бетінше бақылау.

2) тамақтану. Қысқа (сүт, кондитерлік өнімдер) және ұзақ (жармалар, макарон өнімдері, тұз, қант, өсімдік майы) сақтау мерзімі бар өнімдерді атау. Ұзақ сақталатын тағамдарды (жарма, макарон өнімдері, тұз, қант, өсімдік майы) сақтау ережелері. Мерзімі ұзақ сақтау өнімдерді (жармалар, макарон өнімдері, тұз, қант) контейнерлерде ас үй сөрелерде орналастыру. Көкөністерді қоймада, жер төлемінде, тоңазытқышта сақтау ережелері. Көкөністерді қоймада, жер төлемінде, тоңазытқышта сақтау тәсілдерін бақылау.

Ас үй және асхана ыдыстары (кастрөл, таба, табақ, терең және ұсақ тәрелкелер, тостак), құралдар (бөлшектеу тақтасы, оқтау, печеньеге арналған қалыптар), педагогтің таңдауы бойынша ас үй техникасы (электр шәйнек, блендер, электр плитасы, мультиварка, микротолқынды пеші). Тамақ дайындау кезіндегі қауіпсіздік техникасы (өткір және кесетін заттарды, электр аспаптарын, газ плитасын пайдалану кезінде). Ас үйде тазалық пен тәртіпті сақтау. Тамақ дайындаудағы гигиеналық талаптар (тағамды қолданудан бұрын қолды жуу).

Мектеп асханасында құс етінен дайындалған тағамдарды тану және атау. Құс етінен (тауық, үйрек, күркетауық) тағам дайындау: сорпа, көже, педагогтің таңдауы бойынша дайын құс етінен жасалған тағамдар. Құс етін тұмшапеште (мультипісіргіште) пісіру. Мектеп асханасында қамырдан дайындалған тағамдарды фотосуретте, иллюстрацияда тану және атау. Дайын қамырдан бұйымдар дайындау: бауырсақ, шелпек, бәліштер, самса және педагогтің таңдауы бойынша басқа заттар. Қалташа шай, шәйнекте, сүтті, лимон қосылған, шай дайындау.

Таңғы асқа, түскі асқа, түстен кейінгі тамақтануға дастарқан жаю, үстелге тағамдар салынған заттарды қою. Дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, таңғы, түстік, түскі, кешкі асқа мектеп асханасында дастарқан жаю. Тамақтану кезінде әрбір тағам салынған заттарды қолдану ережелері: шай ішетін кесе, табақша, қант салатын ыдыс, шай қасық, майлық және педагогтің таңдауы бойынша басқа заттар. Тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықтарды қолдану. Тамақтанғаннан кейін рахмет айту;



3) тұрғын үй. Экскурсияларға тұрғын үйлер мен басқа функционалды құрылыстарды саралау. Үй маңындағы аумақты абаттандыруды зерделеу: балалар алаңдары, орындықтар, күркелер, гүлзарлар. Үй маңындағы аумақта мінез-құлық қағидаларын орындау, мүлікке ұқыпты қарау. Тұрғын бөлмелерді (қонақ, жатын бөлме) және тұрғын емес үй-жайларды (ас үй, дәретхана, жуынатын бөлме) тану және атау, олардың мақсатын атау. Киіз үй құрылысының ерекшеліктері (дөңгелек, бүктеуге оңай, жеңіл, жылы, тасымалдауға ыңғайлы). Киіз үйдің қонақ, жатын, ас үй, дәретхана, жуынатын бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану. Жасалған интерьерді пайдалану.

Жиһаз бөліктерінің және интерьер заттарының атауы мен мақсаты: қонақ бөлмесіндегі, жатын бөлмесіндегі, ас үйдегі, дәретханадағы, жуынатын бөлмесіндегі: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа), кіші сөре, жуғыш, унитаз, жуынғыш, гигиена құралдарына арналған таяқша, киім-кешекке арналған себет. Тұрмыстық техниканың атауы мен мақсаты: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, газ/электр плитасы.

Тұрғын және тұрғын емес үй-жайлардың жиһазы мен интерьеріне ұқыпты қарау. Тұрмыстық техника және интерьер пайдалану ережелері: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, газ/электр плитасы, қол жуғыш, унитаз, жуынғыш.

Үйде қауіпсіз жүріп-тұру ережелері (бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, бейтаныс адамдармен телефонмен сөйлеспеу). Үй маңындағы аумақта өзін-өзі ұстау қағидалары, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау (орындықтар, күркелер, әткеншектер). Телефонмен сөйлесу әдебі (сәлемдесу, қоштасу, аты-жөнін айту). "Телефонмен сөйлесу сжеттік-рөлдік ойыны.

Үй интерьерін, сондай-ақ Бағдарламаның басқа бөлімдерінің мазмұнына сәйкес келетін заттар мен объектілерді көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану.

4) көлік. Қоғамдық және жеке көлікті білу, аттарын және мақсатын атау: автобус, троллейбус, такси, трамвай, метро (педагогтің таңдауы бойынша). Қоғамдық көліктің аялдамаларын білу, атау. Қоғамдық көлікте жұмыс істейтін адамдардың еңбегі. "Автобуспен (троллейбуспен) жүру" дидактикалық ойыны. Мамандандырылған машиналарды сыртқы түрі бойынша ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша басқа қызметтер). Полицияның, дәрігердің, өрт сөндірушінің міндеттері. Алыс сапарға жүретін көлік құралдары (пойыз, ұшақ). Көлік түрлерінің жүру тәсілдерін атау (автобус, көлік – жүреді, пойыз – жүйткіді, ұшақ – ұшады).

Қоғамдық көлікте тәртіп ережелерін сақтау: отыру-түсу ережелері, жол жүру ақысын төлеу, салонда тәртіп сақтау, жасы үлкен жолаушыларға, жас балалары бар жолаушыларға орын беру және көмек көрсету. Жолда және жаяу жүргіншілер

өткелінде жүрудің қарапайым ережелері: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану (қоқыс тастамау, айқайламау, итермеу). Бағдаршам сигналдарын білу және оны орындау. Жолда жүру ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну. Жолдағы төтенше жағдайлардың себептері, төтенше жағдайдағы тәртіп. Үйден мектепке және одан кері қайту жолын зерттеу. Қала бойынша жүру бағыттары, үйінің мекенжайын атау.

5) халыққа қызмет көрсету саласы. Ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаларға, дәріханаларға, поштаға бару. Тауарларды сатып алу процесін, сатып алушының сатушымен, медициналық қызметкерлермен, пошта, дәріхана қызметкерлерімен қарым-қатынасын бақылау. Қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін орындау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға агрессивті әрекет жасамау, қоршаған ортаға бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу. Сатушымен, дәрігермен, дәріхана, пошта қызметкерімен қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген қызмет пен көмек үшін рахмет айту. Өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінде тауарларды ересектермен бірге таңдау. Тауарды кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу. Таңдалған тауарды кассирдің, сатушының алдындағы үстелге мұқият жылжыту. "Азық-түлік дүкені", "Дәрігердің қабылдауында", "Дәріханада", "Поштада" сюжеттік-рөлдік ойындары;

б) денсаулық: дене күтімі. Гигиена заттары мен құралдары. Денеге және шашқа күтім жасау құралдарының атауы бойынша тану (көрсету): тарақ, қол (бет) кремi, бетті жууға арналған көбік, сұйық сабын, сусабын, бальзам, душқа арналған гель, жөке, олардың мақсаты мен қолданылуы. Гигиеналық дағдыларды бекіту: қол мен аяқты жуу, тырнақты қию, қағаз сүлгіні, бет орамалды пайдалану. Құлақтың гигиеналық күтімі ережесі, мақта дискілері мен таяқшаларды пайдалану, шашты жуу ережесі. Дененің таңертеңгі және кешкі жуыну тәртібі, жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау.
	8.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу
6.1 Дене күтімі	8.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану
	8.6.1.4 суық тию кезінде мұрынға және тамақты күтім жасау ережесін орындау
3-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	8.1.1.5 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау
	8.1.1.6 маусымға және ауа-райына сәйкес аяқ киім таңдау, аяқ киімді кию үшін оны киетін құралды қолдану
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	8.2.2.1 педагогтің таңдауы бойынша ас үй және асхана ыдыстарын, құралдарды (оқтау, ет тартқыш және басқалар), техниканы (комбайн, қысқа толқынды пеш және басқалар) білу және атау
	8.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшاپешті білу және атау
	8.2.2.3 педагогтің таңдауы бойынша асханалық ыдыстарды, құралдарды (оқтау, ет тартқыш және басқалар), техниканы (комбайн, қысқа толқынды пеш және басқалар) пайдалану
2.3 Тамақ дайындау	8.2.3.6 дайын қамырдан бауырсақ пісіру
	8.2.3.7 дайын қамырдан шелпек пісіру
	8.2.3.8 дайын қамырдан әртүрлі салма қосылған самса, бәліш дайындау
	8.2.3.9 қалташадағы шай, демдеуіш шәйнекте сүтті шай, лимон қосылған шай дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	8.2.4.5 проблемалық жағдайларда көмек сұрау (қасық болмағанда, нан таусылып қалғанда, майлық жетіспегенде, тамақтанғаннан кейін өзін нашар сезінгенде)
	8.2.4.6 көмек көрсеткені үшін рахмет айту

3.2 Жиһаз, тұрмыстық техника	8.3.2.1 қонақ, жатын, ас үй, дәретханада, жуыну бөлмесінде жиһаз және интерьер заттарын білу және атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдыстарға арналған), кіші сөре, жуғыш, унитаз, жуыну орны, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет
	8.3.2.2 қонақ, жатын ас үй бөлмесінде, дәретханада, жуунатын бөлмеде жиһаз және интерьер заттарының мақсатын атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдыс аяққа арналған), кіші сөре, жуғыш, унитаз, жуыну орны гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет
	8.3.2.7 қонақ, жатын, ас үй бөлмесі, дәретханаға және жуынатын бөлмеге арналған жиһаз заттарын саралау
	8.3.2.8 қонақ, жатын, ас үй бөлме, дәретхана, жуынатын бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану
	8.3.2.3 тұрмыстық техника заттарын білу және атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, газ/электр плитасы
	8.3.2.4 тұрмыстық техника заттарының мақсатын атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, газ/электр плитасы
	8.3.2.5 білім алушы тұратын пәтердің/үйдің интерьерін көрсететін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану
	8.3.2.6 жиһаз заттарына және тұрмыстық техникаға ұқыпты қарау; тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану ережелерін сақтау
6.1 Дене күтімі	8.6.1.3 шашты жуу ережелерін, дененің таңертеңгі және кешкі жуыну тәртібін орындау
	8.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс)
	8.6.1.4 суық тию кезінде мұрынға және тамақты күтім жасау ережесін орындау
	8.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау
4-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	8.1.1.7 өз киімінде және аяқ киіміндегі ілгектерді ( түймелерді, батырмаларды, сыдырманы, ілмектерді ) салу және ағыту
	8.1.1.8 әр мезгілге арналған жас өспірім мен қыз баланың бас киімдерін атау және саралау
	8.1.1.10 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау

	8.1.1.12 жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдері мен аяқ киімдерін тану және атау
2.3 Тамақ дайындау	8.2.3.6 дайын қамырдан бауырсақ пісіру
	8.2.3.7 дайын қамырдан шелпек пісіру
	8.2.3.8 дайын қамырдан әртүрлі салма қосылған самса, бәліш дайындау
	8.2.3.9 сүтті шай, лимон қосылған шай дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	8.2.4.7 басқа білім алушыға көмек көрсету (майлық беру, қасық әкелу, шырын құйып беру)
	8.2.4.8 таңғы асқа, түскі асқа, түстен кейінгі тағамдарға дастарқан жаю
	8.2.4.9 аңғы, түскі, түстік, кешкі асқа дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында дастарқан әзірлеу
	8.2.4.10 Мектептің асханасында таңғы, түстік астан кейін ыдыстарды жинау.
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	8.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға бару
	8.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету-ересектермен бірге азық-түлік дүкенінен тауарлар таңдау
	8.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған заттарды себетке, арбашаға мұқиятталу салу
5.2 Әлеуметтік мекемелердегі тәртіп мәдениеті	8.5.2.1 қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға қатысты агрессивті әрекеттер, қоршаған ортаға қатысты бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу (алмау)
	8.5.2.2 сатушымен, дәрігермен, пошта қызметкерімен, дәріханамен байланысудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген көмек пен қызмет үшін рахмет айту
	8.5.2.3 кафеге бару, дастарқан басында мәдени тәртіп дағдыларын қолдану, бейтаныс адамдармен (кафе қызметкерлерімен) қарым-қатынас жасау, ұқыпты тамақтану, ас құралдарын, майлықтарды дұрыс пайдалану
6.1 Дене күтімі	8.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану
	8.6.1.3 шашты жуу ережелерін, дененің таңертеңгі және кешкі жуыну тәртібін орындау
	8.6.1.4 суық тию кезінде мұрынға және тамақты күтім жасау ережесін орындау
	8.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау

## 5) 9-сынып

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	<p>9.1.1.1 жас өспірім мен қыз балаға арналған күнделікті, мерекелік және спортпен айналысуға арналған киімдерді атау және саралау.</p> <p>9.1.1.2 киімнің бөліктерін (жең, манжет, шалбар, белдік, сырға және педагогтың таңдауы бойынша тағы басқа) білу және атау</p> <p>9.1.1.11 өзінің сыртқы келбетін бақылау</p>
2.1 Азық-түлік	<p>9.2.1.1 Дүкендегі балық өнімдерін ажырату: тірі, тоңазытылған, мұздатылған, тұздалған, қақталған, кептірілген, ысталған балық</p> <p>9.2.1.2 көкөністер мен жемістерді жеуге дайындау: жуу, кесу</p> <p>9.2.1.3 балық өнімдерін тоңазытқышқа салу, дайын тағамдарды сақтау үшін контейнерлерді қолдану</p> <p>9.2.1.4 балық консервілерін, пресервілерін, балық улығын танып, атау</p> <p>9.2.1.5 балық өнімдерін сақтау ережелерін ұстану</p>
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	<p>9.2.2.1 ас үй мен асхана ыдыстарын (кастрөл, таба, қаңылтыр таба, тәрелке, тостаған, салат салғыш), құрылғыларды (кесу тақтасы, пісіруге арналған фольга), техниканы (электр шәйнек, блендер, мультиварка, микротолқынды пешті) білу және атау</p> <p>9.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшاپешті білу және атау</p> <p>9.2.2.3 ас үй мен асхана ыдыстарын (кастрөл, таба, қаңылтыр табақ, терең және ұсақ тәрелкелер салат салғыш), құралдарды (бөлшектеу тақтасы, пісіруге арналған фольга), техниканы қолдану</p>
2.3 Тамақ дайындау	<p>9.2.3.1 ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау</p> <p>9.2.3.2 тамақ пісіру кезінде қауіпсіздікті сақтау</p> <p>9.2.3.3 балық өнімдерінің бутербродтар дайындау</p> <p>9.2.3.4 педагогтың таңдауы бойынша балық пен балық консервілерін пайдаланумен салаттар дайындау</p> <p>9.2.3.5 балық сорпасын дайындау</p>
2.4 Тамақтану мәдениеті	<p>9.2.4.1 тамақтанар алдында қолды жуу; тамақтанғаннан кейін ауызды сумен шаю</p> <p>9.2.4.2 дастарханның әрбір аспабын және ас құралдарын мақсатына қарай пайдалану (шай мен ас ыдыс-аяқ, қасықтар, шанышқы, пышақ, майлық)</p> <p>9.2.4.9 таңғы, түскі, түстік, кешкі асқа дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында дастарқан әзірлеу</p>

	9.2.4.10 Мектептің асханасында таңғы, түскі, түстік астан кейін ыдыстарды жинау.
3.1 Тұрғын үй-жайлардың түрлері	9.3.1.1 экскурсияда тұрғын үйлерді басқа функционал құрылыстарынан айқындау
	9.3.1.2 тұрғын (қонақ, жатын бөлме) және тұрғын емес (ас үй, дәретхана, жуынатын, кіреберіс бөлме) бөлмелерді білу, атау
	9.3.1.3 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін атау
	9.3.1.4 үйде қауіпсіз тәртіп ережелерін орындау: бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, телефон арқылы бейтаныс адамдармен телефон ең сөйлеспеу
	9.3.1.5 телефонмен сөйлесу әдебін сақтау
	9.3.1.6 үй маңындағы, мектеп маңындағы аумақта өзін-өзі ұстау ережелерін орындау, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау (орындықтар, күркелер, өткеншектер
4.1 Көлік түрлері	9.4.1.1 қоғамдық және жеке көліктің (педагогтің таңдауы бойынша), алыс сапарға жүретін көліктің (пойыз, ұшақ, теплоход) түрі мен мақсатын білу, атау
	9.4.1.2 көлік түрлерінің жүру тәсілдерін атау (автобус, көлік - жүреді, пойыз - жүйткіді, ұшақ - ұшады, пароход-жүзеді)
	9.4.1.3 қоғамдық көлік аялдамасын табу, бағыт нөмірін білу
6.1 Дене күтімі	9.6.1.1 теріні күту құралдарын таңдау (крем, дезодорант, лосьон)
	9.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету.
	9.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (шашты, денені жуу, шаю, сүлгімен кептіру)
2-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	9.1.1.3 күнделікті, мерекелік және спортпен айналысуға арналған аяқ киімді атау және саралау
	9.1.1.4 аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілгек, жабысқақ)
	9.1.1.9 көшеге, үйге, мерекеде киетін аяқ киімдерді ажырату
2.3 Тамақ дайындау	9.2.3.1 ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау
	9.2.3.2 тамақ пісіру кезінде қауіпсіздікті сақтау
	9.2.3.3 балық өнімдерінің бутербродтарын дайындау
	9.2.3.4 педагогтің таңдауы бойынша балық пен балық консервілерін пайдалану арқылы салаттар дайындау

	9.2.3.5 балық сорпасын дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	9.2.4.3 тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықты қолдану
	9.2.4.4 тамақтанар алдында астың дәмді болуын қалау, тамақтанғаннан кейін ауызша рахмет айту/ ишарамен алғыс білдіру
4.2 Көлік пен жолда жүру тәртіп мәдениеті	9.4.2.1 қоғамдық көлік салонына отырып-түсу, жол ақысын төлеу, тәртіп ережелерін сақтау
	9.4.2.2 жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда тәртіп ережелерін орындау: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану
	9.4.2.3 бағдаршам сигналдарын орындау
	9.4.2.4 үйден мектепке және одан кері қайтатын жолды білу
	9.4.2.5 сыртқы түрі бойынша мамандандырылған машиналарды ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша тағы басқа қызметтер)
	9.4.2.6 дәрігердің, полицейдің, өрт сөндірушінің міндеттерін білу және атау
	9.4.2.7 жол қозғалысы ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	9.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару
	9.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінен тауарлар таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу
	9.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу
6.1 Дене күтімі	9.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету.
	9.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (шашты, денені жуу, шаю, сүлгімен кептіру)
	9.6.1.4 суық тию кезінде мұрынға және тамақты күтім жасау ережесін орындау
3-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	9.1.1.5 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау
	9.1.1.6 маусымға және ауа-райына сәйкес аяқ киім таңдау, аяқ киімді кию үшін оны киетін құралды қолдану



2.3 Тамақ дайындау	<p>9.2.3.6 балықты қуыру, жартылай фабрикаттардан балық тағамдарын дайындау, дайын қамырдан бауырсақ пісіру</p> <p>9.2.3.7 балықты тұмшаште пісіру, қамырдан шелпек пісіру</p> <p>9.2.3.8 жартылай фабрикаттан кисель дайындау</p> <p>9.2.3.9 қалташадағы шайды шәйнекте демдеу</p>
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	<p>9.2.2.1 педагогтың таңдауы бойынша ас үй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, ас үйдің техникалық жабдықтарын білу және атау</p> <p>9.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшаштегі білу және атау</p> <p>9.2.2.3 педагогтің таңдауы бойынша асүй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, техниканы қолдану</p>
2.4 Тамақтану мәдениеті	<p>9.2.4.5 проблемалық жағдайларда көмек сұрау ( қасық болмағанда, нан таусылып қалғанда, майлық жетіспегенде, тамақтанғаннан кейін өзін нашар сезінгенде)</p> <p>9.2.4.6 көмек көрсеткені үшін рахмет айту</p>
3.2 Жиһаз, тұрмыстық техника	<p>9.3.2.1 қонақ, жатын, ас үйдегі, дәретханадағы, жуынатын бөлмесіндегі, кіреберістегі бөлме жиһаз бөліктерінің және интерьер заттарын білу және атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре ( киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге арналған сөре), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, жуыну орны, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет</p> <p>9.3.2.2 қонақ, жатын ас үй бөлмесінде, дәретханада, жуунатын бөлмеде жиһаз және интерьер заттарының мақсатын атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет</p> <p>9.3.2.7 қонақ, жатын, ас үй бөлмесі, дәретханаға, жуынатын, кіреберіс бөлмеге арналған жиһаз заттарын саралау</p> <p>9.3.2.3 тұрмыстық техника заттарын білу және атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы</p> <p>9.3.2.4 тұрмыстық техника заттарының мақсатын атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы</p> <p>9.3.2.8 қонақ, жатын, ас үй бөлме, дәретхана, жуынатын, кіреберіс бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану; киіз үй интерьері</p> <p>9.3.2.5 білім алушы тұратын пәтердің/үйдің интерьерін бейнелейтін фотосуреттер бар білім</p>

	алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану
	9.3.2.6 жиһаз заттарына және тұрмыстық техникаға ұқыпты қарау; тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану ережелерін сақтау
6.1 Дене күтімі	9.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (шашты, денені жуу, шаю, сүлгімен кептіру)
	9.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік)
	9.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау
4-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	9.1.1.7 7 өз киімінде және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, батырмаларды, сыдырманы, ілмектерді, жабысқақты) салу және ағыту
	9.1.1.8 әр мезгілге арналған жас өспірім мен қыз баланың бас киімдерін атау және саралау
	9.1.1.10 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау
	9.1.1.11 өзінің сыртқы келбетін айнаның көмегімен бақылау
	9.1.1.12 жылдың әр мезгіліне арналған күнделікті қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдері, аяқ киімдері мен бас киімдерді тану және атау
2.3 Тамақ дайындау	9.2.3.6 балықты қуыру, жартылай фабрикаттардан балық тағамдарын дайындау, дайын қамырдан бауырсақ пісіру
	9.2.3.7 балықты тұмшашпеште пісіру, қамырдан шелпек пісіру
	9.2.3.8 жартылай фабрикаттан кисель дайындау
	9.2.3.9 қалташадағы шай, демдеуш шәйнекте, лимон қосылған шай дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	9.2.4.7 басқа білім алушыға көмек көрсету (майлық беру, қасық әкелу, шырын құйып беру)
	9.2.4.8 дастарқан басындағы адамдардың санын ескере отырып, таңғы асқа, түскі асқа, мерекеге дастарқан жаю
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	9.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару
	9.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінен азық-түлік таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу
	9.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу

	9.5.1.4 жедел жәрдем телефондарын атау: жедел медициналық көмек, өрт сөндіру қызметі
5.2. Әлеуметтік мекемелердегі тәртіп мәдениеті	9.5.2.1 қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға қатысты агрессивті әрекеттер, қоршаған ортаға қатысты бүлдіру әрекеттерін жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу (алмау)
	9.5.2.2 сатушымен, дәрігермен, пошта қызметкерімен, дәріханамен байланысудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген көмек пен қызмет үшін рахмет айту
	9.5.2.3 кафеге бару, дастарқан басында мәдени тәртіп дағдыларын қолдану, бейтаныс адамдармен (кафе қызметкерлерімен) қарым-қатынас жасау, ұқыпты тамақтану, ас құралдарын, майлықтарды дұрыс пайдалану
6.1 Дене күтімі	9.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету.
	9.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік)
	9.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау

## б) 10-сынып

бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	10.1.1.1 жас өспірім мен қыз балаға арналған күнделікті, мерекелік киімдерді және спортпен айналысуға арналған киімдерді атау және саралау
	10.1.1.2 киімнің бөліктерін (жең, манжет, шалбар, белдік, сырға және педагогтің таңдауы бойынша тағы басқа) білу және атау
	10.1.1.11 өзінің сыртқы келбетін айнаның көмегімен бақылау
2.1 Азық-түлік	10.2.1.1 мектеп асханасында суретте, иллюстрацияда, ет тағамдарын тану және атау,
	10.2.1.2 тоңазытқышта сақталатын тағамдарды атау
	10.2.1.3 ет өнімдерін тоңазытқышқа салу, дайын тағамдарды сақтау үшін контейнерлерді қолдану
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	10.2.2.1 ас үй мен асхана ыдыстарын (кастрөл, таба, қаңылтыр таба, тәрелке, тостаған, салат салғыш), құрылғыларды, техниканы (электр шәйнек, блендер, мультиварка, микротолқынды пешті) білу және атау
	10.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшапешті білу және атау

	10.2.2.3 педагогтің таңдауы бойынша ас үй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, техниканы қолдану
2.3 Тамақ дайындау	10.2.3.1 ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау
	10.2.3.2 тамақ пісіру кезінде қауіпсіздікті сақтау
	10.2.3.3 көжелерді көкөніс пен ет сорпасында дайындау
	10.2.3.4 қамыр дайындап, құймақ пісіру, қамырды дайындап, бауырсақ (шелпек) пісіру
	10.2.3.5 қамыр дайындап, "Шарлотка" алма бөлішін пісіру
2.4 Тамақтану мәдениеті	10.2.4.1 тамақтанар алдында қолды жуу; тамақтанғаннан кейін ауызды сумен шаю
	10.2.4.2 дастарханның әрбір аспабын және ас құралдарын мақсатына қарай пайдалану (шай мен ас ыдыс-аяқ, қасықтар, шанышқы, пышак, майлық)
	10.2.4.9 таңғы, түскі, түстік, кешкі асқа дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, мектеп асханасында дастарқан әзірлеу
	10.2.4.10 Мектептің асханасында таңғы, түскі, түстік астан кейін ыдыстарды жинау.
3.1 Тұрғын үй-жай түрлері	10.3.1.1 экскурсияда тұрғын үйлерді басқа функционал құрылыстарынан айқындау
	10.3.1.2 тұрғын (қонақ, жатын бөлме) және тұрғын емес (ас үй, дәретхана, жуынатын, кіреберіс бөлме, қойма) бөлмелерді білу, атау
	10.3.1.3 киіз үй құрылысының ерекшеліктерін атау
	10.3.1.4 үйде қауіпсіз тәртіп ережелерін орындау: бейтаныс адамдарға кіретін есікті ашпау, ересектер болмаған кезде тұрмыстық техниканы, газ плитасын пайдаланбау, телефон арқылы бейтаныс адамдармен телефон ең сөйлеспеу
	10.3.1.5 телефонмен сөйлесу әдебін сақтау
	10.3.1.6 үй маңындағы, мектеп маңындағы аумақта өзін-өзі ұстау ережелерін орындау, қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау (орындықтар, күркелер, өткеншектер)
4.1 Көлік түрлері	10.4.1.1 қоғамдық және жеке көліктің (педагогтың таңдауы бойынша), алыс сапарға жүретін көліктің (поезд, ұшақ, теплоход) түрі мен мақсатын білу, атау
	10.4.1.2 көлік түрлерінің жүру тәсілдерін атау (автобус, көлік - жүреді, пойыз - жүйткіді, ұшақ - ұшады, пароход - жүзеді)
	10.4.1.3 қоғамдық көлік аялдамасының орнын табу, бағыт нөмірін білу
	10.6.1.1 теріні күту құралдарын таңдау (крем, дезодорант, лосьон)

6.1 Дене күтімі	10.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету
	10.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік, спрей)
	10.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау
2-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	10.1.1.3 күнделікті, мерекелік аяқ киімді және спортпен айналысуға арналған аяқ киімді атау және саралау
	10.1.1.4 аяқ киімнің бөліктерін білу және атау (табан, өкше, қоныш, тіл, ілгек, жабысқақ бау)
	10.1.1.9 көшеге, үйге, мерекеде киетін аяқ киімдерді ажырату
2.3 Тамақ дайындау	10.2.3.1 ас үйде тазалық пен тәртіп сақтау
	10.2.3.2 тамақ пісіру кезінде қауіпсіздікті сақтау
	10.2.3.3 көжелерді көкөніс пен ет сорпасында дайындау
	10.2.3.4 қамыр дайындап, құймақ пісіру, қамырды дайындап, бауырсақ (шелпек) пісіру
	10.2.3.5 қамыр дайындап, "Шарлотка" алма бөлішін пісіру
2.4 Тамақтану мәдениеті	10.2.4.3 тамақтану кезінде және одан кейін қағаз және маталы майлықты қолдану
	10.2.4.4 тамақтанар алдында астың дәмді болуын қалау, тамақтанғаннан кейін ауызша рахмет айту/ ишарамен алғыс білдіру
4.2 Көлік пен жолда жүру тәртіп мәдениеті	10.4.2.1 қоғамдық көлік салонына отырып-түсу, жол ақысын төлеу, тәртіп ережелерін сақтау
	10.4.2.2 жолда және жаяу жүргіншілер өтетін жолда тәртіп ережелерін орындау: тротуарды, көшенің жүру бөлігінен өтетін жаяу жүргіншілер өткелін пайдалану
	10.4.2.3 бағдаршам сигналдарын орындау
	10.4.2.4 үйден мектепке және одан кері қайтатын жолды білу
	10.4.2.5 сыртқы түрі бойынша мамандандырылған машиналарды ажырату (жедел медициналық көмек, полиция, өрт сөндіру машинасы, педагогтің таңдауы бойынша тағы басқа қызметтер)
	10.4.2.6 дәрігердің, полицейдің, өрт сөндірушінің міндеттерін білу және атау
	10.4.2.7 жол қозғалысы ережелерін сақтамау кезіндегі қауіпті түсіну

5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	10.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару
	10.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету, азық-түлік дүкенінен тауарлар таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу
	10.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету, дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу
6.1 Дене күтімі	10.6.1.1 теріні күту құралдарын таңдау (крем, дезодорант, лосьон)
	10.6.1.2 құлақ гигиенасын орындау, мақта дискілері мен таяқшаларын пайдалану тырнақ араларын пайдалану, басқа оқушыға гигиеналық процедураларды орындауға көмек көрсету
	10.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (жуыну, душ)
3-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	10.1.1.5 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне киім таңдау
	10.1.1.6 маусымға және ауа-райына сәйкес аяқ киім таңдаңыз, аяқ киімді кию үшін оны киетін құралды қолдану
2.2 Ас үй және асхана ыдыстары, техника	10.2.2.1 педагогтің таңдауы бойынша асүй мен асханалық ыдыстарды, құралдарды, ас үйдің техникалық жабдықтарын білу және атау
	10.2.2.2 газ немесе электр плитасын, тұмшاپешті білу және атау
	10.2.2.3 ас үй мен асхана ыдыстарын (кастрөл, таба, қанылтыр табақ, терең және ұсақ тәрелкелер салат салғыш), құралдарды (бөлшектеу тақтасы), техниканы қолдану
2.3 Тамақ дайындау	10.2.3.6 дайын қамырдан жасалатын бәліштерге жай салмалар (педагогтің таңдауы бойынша алма, асқабақ, сүзбе, кептірілген жемістер) дайындау
	10.2.3.7 дайын қамырдан тұмшاپеште бәліштер, қаусырма, самса дайындау
	10.2.3.8 туралған еттен тағамдар дайындау
	10.2.3.9 қалташадағы шай, демдеуіш шәйнекте, сүтті шай, лимон қосылған шай дайындау
2.4 Тамақтану мәдениеті	10.2.4.5 проблемалық жағдайларда көмек сұрау (қасық болмағанда, нан таусылып қалғанда, майлық жетіспегенде, тамақтанғаннан кейін өзін нашар сезінгенде)
	10.2.4.6 көмек көрсеткені үшін рахмет айту
	10.3.2.1 қонақ, жатын, ас үйдегі, дәретханадағы, жуынатын бөлмесіндегі, кіреберістегі бөлме жиһаз

	<p>бөліктерінің және интерьер заттарын білу және атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге арналған сөре), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, жуыну орны, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет</p>
	<p>10.3.2.2 қонақ, жатын ас үй бөлмесінде, дәретханада, жуунатын бөлмеде жиһаз және интерьер заттарының мақсатын атау: орындықтар, үстел, кресло, диван, кереует, сөре (киімге, кітапқа, ыдысқа, аяқ киімге, сыртқы киімге), кіші сөре, жуыну орны, унитаз, гигиена құралдарына арналған таяқшалар, іш киімге арналған себет</p>
3.2 Жиһаз, тұрмыстық техника	<p>10.3.2.7 қонақ, жатын, ас үй бөлмесі, дәретханаға, жуынатын, кіреберіс бөлмеге арналған жиһаз заттарын саралау</p>
	<p>10.3.2.3 тұрмыстық техника заттарын білу және атау : теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы</p>
	<p>10.3.2.4 тұрмыстық техника заттарының мақсатын атау: теледидар, тоңазытқыш, шаңсорғыш, кір жуу машинасы газ/электр плитасы</p>
	<p>10.3.2.8 қонақ, жатын, ас үй бөлме, дәретхана, жуынатын, кіреберіс бөлме интерьерін жасау үшін жиһаздың шағын үлгілерін пайдалану; киіз үй интерьері</p>
	<p>10.3.2.5 білім алушы тұратын пәтердің/үйдің интерьерін бейнелейтін фотосуреттер бар білім алушының жеке кітабын (альбомын) жасау және пайдалану</p>
	<p>10.3.2.6 жиһаз заттарына және тұрмыстық техникаға ұқыпты қарау; тұрмыстық техника мен интерьер заттарын пайдалану ережелерін сақтау</p>
6.1 Дене күтімі	<p>10.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (жуыну, душ)</p>
	<p>10.6.1.4 дене температурасын анықтау үшін термометрді қолдану</p>
	<p>10.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік, спрей)</p>
4-тоқсан	
1.1 Киім, аяқ киім, бас киім түрлері	<p>10.1.1.7 өз киімінде және аяқ киіміндегі ілгектерді (түймелерді, батырмаларды, сыдырманы, ілмектерді, жабысқақты, бауды) салу және ағыту</p>
	<p>10.1.1.8 әр мезгілге арналған жас өспірім мен қыз баланың бас киімдерін атау және саралау</p>
	<p>10.1.1.10 маусымға және ауа-райына сәйкес өзіне бас киім таңдау</p>

	<p>10.1.1.11 өзінің сыртқы келбетін айнаның көмегімен бақылау</p> <p>10.1.1.12 әр жыл мезгілдеріне арналған күнделікті және мерекелік (салтанатты) қазақ ұлттық ерлер мен әйелдер киімдерінің, аяқ киімдер мен бас киімдердің заттарын атау және ажырату</p>
2.3 Тамақ дайындау	<p>10.2.3.6 дайын қамырдан пирожныйлар мен пирогтарға қарапайым толтыруды (педагогтың таңдауы бойынша алма, асқабақ, сүзбе, кептірілген жемістер) дайындаңыз</p> <p>10.2.3.7 дайын қамырдан тұмшапеште бәліштер, қаусырма, самса дайындау</p> <p>10.2.3.8 туралған еттен тағамдар дайындау</p> <p>10.2.3.9 қалташадағы шай, демдеуіш шәйнекте, сүтті шай, лимон қосылған шай дайындау</p>
2.4 Тамақтану мәдениеті	<p>10.2.4.7 басқа білім алушыға көмек көрсету (майлық беру, қасық әкелу, шырын құйып беру)</p> <p>10.2.4.8 дастарқан басындағы адамдар санын ескере отырып, таңғы асқа, түскі асқа, мерекеге дастарқан жаю</p>
5.1 Халыққа қызмет көрсету саласының объектілері	<p>10.5.1.1 ересектермен бірге дүкендерге (азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлар), базарларға, емханаға, дәріханаға, поштаға, кафеге бару</p> <p>10.5.1.2 өзіне-өзі қызмет көрсету-азық-түлік дүкенінен тауарлар таңдау, сатып алғаны үшін ақы төлеу</p> <p>10.5.1.3 өзіне-өзі қызмет көрсету-дүкенде азық-түлікті кассаға жеткізу үшін себетті, арбашаны пайдалану: таңдалған тауарларды себетке, арбашаға мұқияттап салу</p> <p>10.5.1.4 жедел жәрдем телефондарын атау: жедел медициналық көмек, өрт сөндіру қызметі</p>
5.2 Әлеуметтік мекемелердегі мінез-құлық мәдениеті	<p>10.5.2.1 қоғамдық орындарда тәртіп ережелерін сақтау: айқайламау, жүгірмеу, айналадағы адамдарға қатысты агрессивті әрекеттер, қоршаған ортаға қатысты бүлдіру әрекеттерді жасамау, басқалардың заттарына тиіспеу (алмау)</p> <p>10.5.2.2 сатушымен, дәрігермен, пошта қызметкерімен, дәріханамен байланысудың әлеуметтік мақұлданған тәсілдерін қолдану: сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген көмек пен қызмет үшін рахмет айту</p> <p>10.5.2.3 кафеге бару, дастарқан басында мәдени тәртіп дағдыларын қолдану, бейтаныс адамдармен (кафе қызметкерлерімен) қарым-қатынас жасау, ұқыпты тамақтану, ас құралдарын, майлықтарды дұрыс пайдалану</p>



10.6.1.3 дене, шаш тазалығын өз бетінше қадағалай

6.1 Дене күтімі

білу, қажетті гигиеналық процедураларды орындай білу (жуыну, душ)
10.6.1.4 дене температурасын анықтау үшін термометрді қолдану
10.6.1.5 шашты сәндеуге арналған құралдарды қолдану (гель, мусс, көбік, спрей)
10.6.1.6 жеке гигиена, іш киімнің тазалығын күту ережелерін орындау

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына  
542-қосымша

## **Зияты орташа түрде зақымдалған білімалушыларға арналған 5-10-сыныптары үшін " Шаруашылық еңбек" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10-сыныптары үшін "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқытудың негізгі мазмұны өмірлік дағдылар, қарапайым еңбек дағдылары, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық дағдылары болып табылады, оларды игеру білім алушылардың әдеттегі тұрмыстық жағдайларда көмекке деген қажеттілігін азайтуға көмектеседі. Академиялық білімді қалыптастыру саласында білім алушыларда танымдық іс-әрекеттің мақсатты әдістерін қалыптастырудағы айқын қиындықтарға байланысты мүмкіндіктердің шағын ресурсы байқалады.

3. Бағдарламаның мазмұнын педагог (оқу пәні бойынша сабақтарда), тәрбиешілер (оқушының мектепте болған барлық уақыты ішінде, нақты жағдайларда) және білім алушылардың ата-аналары (үйде, қоғамдық орындарда, кез келген өмірлік жағдайларда) жүзеге асырады. Педагог және отбасының қызметін үйлестіруді және келісуді сынып педагогі жүзеге асырады.

4. Бағдарламаның мақсаты - білім алушылардың өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру, тұрмыстық жағдайларда қажетті шаруашылық-еңбек қызметінің қол жетімді дағдыларын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

5. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) тамақ ішуге, киім мен аяқ киімге, тұрғын үйге күтім жасауға байланысты өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру;

2) тұрмыстық заттарды мақсатына сәйкес пайдалану дағдыларын жетілдіру;

3) тұрмыстық заттар мен жеке заттарға күтім жасау үшін арнайы жабдықтар мен материалдарды пайдалану тәсілдерін үйрету;

4) санитарлық-гигиеналық нормаларды, тұрмыста қауіпсіз жұмыс істеу қағидаларын ұстануға үйрету.

6. Бағдарламаның түзету-дамыту міндеттері:

1) отбасында қол жетімді шаруашылық-еңбек міндеттерін орындау қажеттілігі мен іскерлігін қалыптастыру;

2) құрдастарымен және ересектермен еңбек тұрмыстық қызметінде ынтымақтастық дағдыларын, ұқыптылықты, жауапкершілікті қалыптастыру;

3) жұмысты белгілі бір тәртіппен орындау, басталған істі аяқтауға жеткізу, өз қызметін ағымдағы бақылауды, қорытынды бақылауды орындау, өз жұмысының нәтижесін үлгімен салыстыру қабілетін дамыту;

4) көру және қимыл-қозғалыс бағдарлауын жетілдіру;

5) ауызша және ауызша емес қарым-қатынас құралдарын түсінуді дамыту, білім алушылардың сөздік қорын кеңейту және нақтылау;

6) әлеуметтік ортадағы және тұрмыстағы мінез-құлық нормаларын бекіту.

## **2 тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

7. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде мыналарды ескеру қажет:

1) оқушылардың еңбек қызметіне төмен мотивациясын, тез шаршауды;

2) педагогтің топтық жұмыста қолданылатын ынталандырушы, бағыттаушы көмегіне әлсіз реакциясын;

3) коммуникативтік, реттеуші, жоспарлаушы сөйлеу функцияларының өрескел дамымауын;

4) қол-көзді үйлестірудің кемшіліктері, қалыптасатын еңбек дағдыларын автоматтандырудың қиындықтары.

5) бір сынып оқушыларындағы оқыту мен дағдыларды қалыптастырудың мүмкіндіктерінің елеулі айырмашылықтарын.

8. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаттарына негізделген.

9. Педагог білім алушылардың бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, білім алушылардың дағдыларын дамыту және игерудегі минималды ілгерілеулерді тіркейді. Кез-келген прогресс оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

10. Педагог осы бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ білім алушылардың білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалау нәтижесінде белгіленген жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, оқыту әдістерін, құралдарын дербес таңдайды.

11. Оқыту үдерісі тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық формаларды да қатаң реттеуді қарастырмайды. Академиялық білімді қалыптастыруға бағытталған сабақтың дәстүрлі құрылымы зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларды оқытуда тиімділігі төмен екенін ескеру қажет.

12. Оқу-тәрбие үдерісі сабақтың дәстүрлі құрылымы мен жабдықталуын өзгертуді көздейтін білім алушылардың пәндік-практикалық іс-әрекеті негізінде құрылады. Білім алушылардың қажеттіліктеріне сәйкес пәндік ортаны құру кезінде келесі ережелер орындалады:

1) білім және дағдыларды жаңа жағдайға көшірудің елеулі қиындықтарына байланысты осы дағдылар пайдаланылатын жағдайға барынша жақын жағдайда іскерліктер және дағдыларды қалыптастыру;

2) нақты өмірлік жағдайларға сәйкес сабақтарды ұйымдастыруға арналған үй-жайларды жабдықтандыру, нақты еңбек құралдарын, құрылғыларды, материалдарды, жуу құралдарын пайдалану;

3) білім алушылардың өзгертін мүмкіндіктеріне сәйкес пәндік ортаның өзгеруі ( күрделене түседі, кеңейеді).

13. Сабақты ұйымдастырған кезде әр білім алушының қажеттілігі туындаған кезде іс-әрекетті өзгерту немесе демалу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жеке жұмысты жеке қарқынмен орындау, педагогтің жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

14. Білім алушыларға сабақ барысында сынып бөлмесінде еркін қозғалуға мүмкіндік беріледі. Үй-жайда әртүрлі нысандарды (жеке, жұптық, топтық) және жұмыс түрлерін жүргізу үшін оңай қозғалатын жиһаз көзделеді.

15. Арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес құрылған педагогикалық іс-шаралар білім алушылардың өзіндік белсенділігін, олардың бастамалары мен дербестігін дамытуға бағытталған. М.Монтессоридің педагогикалық жүйесін арнайы дайындалған пәндік дамытушы ортада басқа арнайы педагогикалық әдістер мен технологиялармен бірге қолдану ұсынылады.

16. Білім алушылардың белсенділігі қалыптасатын және дербестігі дамитын негізгі қызмет түрлері келесілер болып табылады:

1) ересектердің шаруашылық тұрмыстық қызметін, әлеуметтік өмір құбылыстарын бақылау;

2) пәндік-практикалық қызмет;

3) іскерлік ойындар;

4) білім алушылардың шаруашылық-еңбек қызметі;

5) жақын ортадағы (микросоциум) білім алушылар және ересектермен қарым-қатынас;

17. Бағдарлама "Өзіне-өзі қызмет көрсету", "Пәндік-практикалық қызмет" (1-4 сыныптар) оқу пәндерінің мазмұнын ескере отырып құрастырылған, үйренген дағдыларға оралуға және оларды жетілдіруге мүмкіндік беретін концентрлі (спиральді) құрылымы бар.

18. Практикалық жұмыстардың мазмұны мен көлемін педагог психофизикалық мүмкіндіктерді ескере отырып, әрбір білім алушы үшін жеке айқындайды.

19. Бір сабақ аясында сынып білім алушылары әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Білім алушылар ұжымдық жұмысқа барынша қатысады, педагогтің көмегімен бейімделген технологиялық карталарды, пиктограммаларды, суреттерді, фотосуреттерді пайдалана отырып, көрнекі нұсқаулықтарды қолдана отырып жұмыс істейді.

20. Бір тақырыппен біріктірілген әлеуметтік-тұрмыстық бағдар мен экономикалық еңбек сабақтарын дәйекті түрде өткізуге болады. Оқу үдерісінде дағдыларды қайталау және бекітуде жаттығуларға үлкен рөл беріледі. Үздіксіз қайталау қалыптасқан дағдылардың жетістігін бағалауға және білім алушының дербестік дәрежесін арттыруға жағдай жасайды.

21. "Шаруашылық еңбек" пәні бойынша сабақтарда оқытудың негізгі әдістері:

1) педагогтің ауызша нұсқаулығы бойынша еңбек құралдарын, заттарды, еңбек әрекеттерін атау және /немесе көрсету;

2) білім алушы және педагогтың бірлескен іс-әрекеттері;

3) үлгі бойынша оқушының еліктеу әрекеттері;

4) заттардың, объектілердің сапасы және қасиеттерімен практикалық танысу;

5) функционалдық мақсатына сәйкес еңбек құралдарын, жуу құралдарын практикалық пайдалану;

6) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.

22. Бағдарламаның мазмұны ұсыныстық сипатта берілген, оның мазмұны білім алушылардың жеке оқу бағдарламаларын жасау үшін негіз болып табылады. Жеке білім беру бағдарламалары алты айға құрастырылады. Алдағы алты айға жеке оқу жоспары білім алушының қол жеткізген мақсаттарын ескере отырып жасалады.

23. Білім алушының жеке оқу бағдарламасын жасау білім алушының қолда бар тәжірибесін, мүмкіндіктерін, қажеттіліктерін бастапқы (оқу жылының басында) педагогикалық бағалаумен алдын ала белгіленеді. Бастапқы педагогикалық бағалау нәтижелерін талдау, ата-аналардың (заңды өкілдердің) сұранысы, денсаулық жағдайы негізінде педагог бағдарлама мәтінінен білім алушыға қол жетімді оқу мақсаттарын тандайды. Қажет болған жағдайда педагог оқу мақсаттарын нақтылайды, білім алушының білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне назар аудара отырып, үлгілік бағдарламаны толықтыратын мазмұнды жеке бағдарламаға қосады.

24. Білім алушының жетістіктерін бағалау критерийлері жеке оқу бағдарламасының оқу мақсаттары болып табылады. Жетістіктерді бағалауды педагог, тәрбиешілер, ата-аналар (заңды өкілдер) ұйымдастырылған сабақтар және өмірлік жағдайлар үдерісінде білім алушының іс-әрекетін бақылау, қызмет өнімдерін талдау негізінде жүргізеді.

25. Білім алушылардың жетістіктерін бағалау білім беру үдерісінде педагогтың ішкі бағалау құралдарымен жүзеге асырылады. Жетістіктер туралы бағалау пайымдаулары жеке оқу бағдарламасына сәйкес жеке бағдарламаның тиісті бағанында тіркеледі. Білім алушының жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыны меңгерудің дербестік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі: "өз бетінше"; "ауызша нұсқаулар бойынша", "үлгі бойынша"; "еліктеу арқылы"; "мұғаліммен (ата-анамен) бірлескен әрекеттер арқылы".

26. Шаруашылық еңбек бойынша сабақтар әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау кабинетінде, Монтессори-кабинетте немесе осы бағдарламаның мазмұнына сәйкес құралдармен және материалдармен жарактандырылған арнайы жабдықталған кабинетте өткізіледі.

27. Пәнаралық байланыстар "Адам және әлем", "Әлеуметтік-тұрмыстық бағдар", "Сөйлеуді дамыту және коммуникация", "Қолөнер", "Санау" пәндерімен белгіленеді.

### **3-тарау. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

#### **Параграф 1. "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің мазмұны**

28. "Шаруашылық еңбек" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі келесіні құрайды:

- 1) 5-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 6-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 3) 7-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 4) 8-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 5) 9-сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 6) 10 – сынып-аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

29. "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Киім және аяқ киімге күтім жасау";
- 2) "Тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау";
- 3) "Өсімдіктерге күтім жасау";

4) "Үй жануарларына күтім жасау".

30. "Киім және аяқ киімге күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) киімге күтім жасау;

2) аяқ киімге күтім жасау.

31. "Тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) үй-жайға күтім жасау;

2) жиһаз және тұрмыстық заттарға күтім жасау;

3) ыдыс-аяққа күтім жасау.

32. "Өсімдіктерге күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) бөлме өсімдіктеріне күтім жасау;

2) гүл бақшасының, бақшаның, бақтың өсімдіктеріне күтім жасау.

33. "Үй жануарларына күтім жасау" бөлімі келесі ішкі бөлімдерді қамтиды:

1) үй жануарларына күтім жасау.

34. 5-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім және аяқ киімге күтім жасау. Қолмен кір жууға арналған жабдықты тану, атау: леген, кір сабын, едендік кептіргіш, киім қыстырғыштары. Кір сабын қолдана отырып, легенде ұсақ заттарды (бет орамал, шұлық, орамал) қолмен жуу әдістері. Кір жуудың кезекті әрекеттерін орындау: сабындау, қолмен жуу, таза суда шаю, сығу, қыстырғыштарды қолданып және қолданбай (едендік кептіргіште) жіпке жайып кептіру. Кір жуғаннан кейін легенді жуу және сүрту, леген мен сабынды сақтау орындарына қою. Сыртқы киімді құрғақ щеткамен тазалау. Киімді шкафтағы сөрелерге, шкафтағы ілгіштерге, орындықтың артқы жағына іліп жинау және бүктеу. Өз киіміне ұқыпты қарау.

Күнделікті аяқ киімге күтім жасау: құрғақ шүберекпен сүрту, былғары аяқ киімді щеткамен және аяқ киімге арналған креммен тазалау, аяқ киім күтіміне арналған құралға малынған губкамен тазалау. Ылғалды аяқ киімді кептіру. Аяқ киімді сақтау орындарына орналастыру: сөреге, аяқ киім шкафына. Тазаланған аяқ киімді маусымдық сақтау қораптарына салу. Киім мен аяқ киімге күтім жасау жөніндегі құралдар мен заттарды сақтау ережесі;

2) тұрғын үй және тұрмыстық заттарға күтім жасау. Оқу және тұрғын үй-жайларды жинауға арналған құрал-саймандар мен құрылғыларды тану, атау, пайдалану: сыпырғыш, щетка, қалақша, қоқыс себеті. Еденді щеткамен және сыпырғышпен сыпыру тәртібі. Терезе мен есікке күтім жасауға арналған құралдарды тану, атау. Жиһаздан шаңды кетіру. Терезенің, есіктің, үстелдің бетін дымқыл шүберекпен сүрту. Үй-жайға күтім жасау жөніндегі құралдар мен құрылғыларды сақтау ережесі. Үйді тазалау кезінде отбасы мүшелеріне мүмкіндігінше көмек көрсету.

Науаны пайдаланып тамақтанғаннан кейін үстелден лас ыдыстарды тазалау. Табақшалардан тамақ қалдықтарын кетіру. Ыдыс жууға арналған керек-жарақтарды

таңдау және атау: шараша, губка, жуғыш құрал, шай сүлгісі. Шай ыдыстарын губка мен жуғыш құралды пайдаланып жылы сумен жуу реті. Шай сүлгісінің көмегімен шай ыдыстарын кептіру. Ыдыстарды сақтау орындарына орналастыру;

3) өсімдіктерге күтім жасау. Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау құралдарының атауы мен мақсаты: суару ыдысы, бүріккіш. Суаруға суды дайындау. Өсімдіктердің топырағына және науаға су құю, өсімдіктерді сумен бүрку, ережелерге сәйкес өсімдік жапырақтарын сүрту.

Бау-бақша жұмыстарына арналған жабдықтарды тану, атау, пайдалану: суару ыдысы, тырма. Бау-бақша жұмыстарына арналған арнайы киімдерді тану, атау, кию: қолғап, халат, алжапқыш. Суару ыдысынан гүлзарларды суару. Бақшадағы күзгі жапырақтарды тырмамен тазалау;

4) үй жануарларына күтім жасау. Мысық/ит тағамын ыдысқа салғанда ересек адамның әрекетін бақылау. Үй жануарларының ыдыстары мен жататын орнына күтім жасау кезінде ересек адамның әрекеттерін бақылау. Ересек адаммен бірге үй жануарын серуендеуге шығару.

Киім және аяқ киімге, бөлме және жиһазға, өсімдіктер және үй жануарларына күтім жасау, ыдыс жуу алдында және олардан кейін жеке гигиена ережелері: қолғапты, алжапқышты пайдалану, қолды жуу және крем жағу.

35. 6-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім мен аяқ киімге күтім жасау. Қол жууға арналған құрал-жабдықтарды тану және атау: раковина, кір сабын, еден кептіргіш, киім қыстырғыш. Кір сабын қолданып бассейнде ұсақ заттарды (орамал, шұлық, шарф) қолмен жуу техникасы. Кезекті жуу қадамдарын орындау: сабынмен жуу, қолмен жуу, таза сумен шаю, сығу, сызғышпен кептіру (еден кептіргіште) киімді қыстырғышпен және қолданбай. Жуғаннан кейін бассейнді жуу және сүрту, бассейн мен сабынды сақтау орындарына қою. Сыртқы киімді құрғақ щеткамен тазалау. Киімді шкафтағы сөрелерде, шкафтағы ілгіштерде, орындықтың арқалығында бүктеу және сақтау. Жыл мезгілдері арасында киімдерді шкафта сақтауға дайындау: жамылғыларды пайдалану. Киіміңізге жақсы күтім жасаңыз

Аяқ киім күтіміне арналған құрал-жабдықтарды тану және атау: қылқалам, губка, крем, барқыт мата, клеенка. Күнделікті аяқ киім күтімі: құрғақ шүберекпен сүрту, былғары аяқ киімді щетка мен аяқ киім бояуын пайдаланып тазалау технологиясы, былғары аяқ киімді тазалау үшін түсі бойынша крем таңдау. Аяқ киімді күтуге арналған қоспаға малынған губканы пайдаланып аяқ киімді тазалау. Қысқы аяқ киімді тазалау тәртібі. Резеңке аяқ киімді жуу және сүрту. Ылғал аяқ киімді кептіру. Аяқ киімді сақтау орындарында орналастыру: сөреде, стендте, аяқ киім шкафында. Таза аяқ киімді маусымдық сақтауға арналған жәшіктерге салу. киім мен аяқ киімді күтуге арналған жабдықтар мен құрылғыларды сақтау ережелері;



2) тұрғын үй мен тұрмыстық заттарды күту. Оқу және тұрғын үй-жайларды тазалауға арналған жабдықтар мен құрылғыларды тану және атау: сыпырғыш, щетка, шаң жинағыш, коқыс себетін, шүберек, шелек, швабра, жуғыш заттар. Еденді щеткамен және сыпырғышпен сыпыру тәртібі. Еденді сүрту тәртібі. Тақталарды, табалдырықтарды, бөлменің бұрыштарын тазалау ерекшеліктері. Терезе төсеніштері мен есіктерді күтуге арналған жабдықтарды тану, атау, пайдалану. Жиһаздан шанды кетіру. Терезе төсенішінің, есіктің, үстелдің, тоңазытқыштың бетін дымқыл шүберекпен сүрту. Жабдықтарды және үй-жайларды ұстауға арналған жабдықтарды сақтау ережелері. Үйді тазалау кезінде отбасы мүшелеріне мүмкіндігінше көмек көрсету.

Тамақтан кейін дастархандағы лас ыдыстарды науаны пайдаланып тазалау. Тағамдардың қалдықтарын табақтардан шығару. Ыдыс жууға арналған ыдыстарды таңдау және атау: раковина, губка, жуғыш зат, шәй сүлгі. Шәй мен ыдыс-аяқты губка мен жуғыш затты пайдаланып жылы сумен жуу реті. Ыдыстарды сүлгімен кептіру. Ыдыстарды сақтау орындарына қою.

3) өсімдіктерге күтім жасау. Жабық өсімдіктерді күтуге арналған жабдықтың атауы мен мақсаты: суару ыдысы, бүріккіш. Суаруға суды дайындау. Топырақтағы және науадағы өсімдіктерді суару, өсімдіктерді бүрку, ережеге сәйкес өсімдік жапырақтарын сүрту.

Бау-бақша жабдықтарын тану, атау, пайдалану: суару, тырма, сыпырғыш. Бау-бақшаға арналған комбинеzonдарды тану, атау, кию: қолғап, қолғап, халат, алжапқыш. Гүлзарларды суарғышпен суару. Гүлзардағы арамшөптерді қолмен тазалау. Бақшадағы күзгі жапырақтарды тырмамен тазалау. Жолдарды сыпыру ережелері. Құрғақ жапырақтарды тырмалау және тасымалдау. Қыс мезгілінде мектеп ауласын тазалауға қатысу. Жұмыс кезінде құралдарды дұрыс ұстау;

4) үй жануарларын күту. Мысық пен ит тағамын ересек адамның басшылығымен ыдысқа салыңыз. Ыдысты жуу. Үлкен адамның сүйемелдеуімен үй жануарыңызбен серуендеуге барыңыз. Аквариум балықтарын ("тірі бұрыштағы" басқа жануарларды), тотықұстарды (басқа құстарды) ересек адамның басшылығымен торда тамақтандыру.

Киім мен аяқ киімге, үй-жай мен жиһазға, өсімдіктер мен үй жануарларына күтім жасау алдында және одан кейінгі жеке гигиена ережелері, ыдыстарды жуу: қолғапты, алжапқышты пайдалану, қолды жуу және крем жағу.

36. 7-сыныпқа арналған "Шаруашылық еңбек" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) киім және аяқ киімге күтім жасау. Киімнің сыртқы түрі бойынша қандай күтім қажет екенін анықтау: киім щеткасымен тазалау, жуу, үтіктеу. Қолмен жууға арналған құралдарды тану, атау: леген, кір сабын, кір жуғыш ұнтақ, кір жууға арналған гель, едендік кептіргіш, киім қыстырғыштары. Кір сабынды, кір жуғыш ұнтақты қолдана отырып, легенде ұсақ заттарды (орамал, шұлық, бет орамал, алжапқыш, жеңдер) қолмен жуу әдістері. Кір жуудың реттік әрекеттерін орындау: сабындау, қолмен жуу,

таза суда шаю, сығу, қыстырғыштарды қолданып және қолданбай (едендік кептіргіште) жіпте кептіру. Кір жуғаннан кейін легенді жуу және сүрту, сақтау орындарына легенді, сабынды, кір жуғыш ұнтақты қою. Сыртқы киімді құрғақ және дымқыл тазалау. Киімдерді шкафтағы сөрелерге бүктеу, шкафтағы ілгіштерге, орындықтың артқы жағына ілу және сақтау. Киімді жыл мезгілдері арасында шкафта сақтауға дайындау: қаптамаларды пайдалану. Бас киімдерді күту, бас киімдерді шкафта сақтау ережелері. Өз киіміне ұқыпты қарау. Ұсақ мақта маталы киімдерді үтіктеу технологиясы. Үтікпен қауіпсіз жұмыс істеу ережелері. Инеге жіпті сабақтау. Тігістердің түрлері: тігіс, смҰталық. Екі тесігі бар түймелерді тігу.

9.2.2.3 модульдер құрамын құрастыру
9.2.2.4 дайын өнімді берілген үлгі бойынша бояу
9.2.2.5 шаблон бойынша сызу және қиып алу
9.2.2.6 цилиндрге жолақтарды бір жағы ығысу арқылы - спиральмен жабыстыру
9.2.2.7 дайындамаларды кесіп, негізге қою
9.2.2.8 сюжеттік аппликация жасау
9.2.2.9 сюжетті аппликацияны жасау
9.2.2.10 үлгіні контур бойымен және өрнектің ішіне дәйекті түрде орналастыру
9.2.2.11 бөлшектердің қажетті санын іріктеп алу
9.2.2.12 тескіш көмегімен қағазды белгіленген жерден тесу
9.2.2.13 бөлшектерді мөлшері бойынша іріктеу
9.2.2.14 бөлшектерді үлгі бойынша орналастыру дайындамалардан сәндік фигуралар немесе басқа композициялар жасау
9.2.2.15 конустан немесе цилиндрден көлемді ойыншықтар жасау оригами техникасын қолданып



2.2 Қағаз және картонмен жұмыс	бұйымдар жасау, ұлттық ою-өрнектертері бар композицияны құрастыру
2.3 Саз және тұзды қамырмен жұмыс істеу	<p>9.2.3.1 "шикі күйінде" саздан безендіру: жабыстыру, тырналау</p> <p>9.2.3.2 әртүрлі текстураларды қолдану ( жақсартылған құралдар, маталар, құрылғылар)</p> <p>9.2.3.3 кескіндеменің негізгі элементтерін орындау</p> <p>9.2.3.4 тұтас саздан (қамырдан) жеке бөліктерді жұлу</p> <p>9.2.3.5 өрнектер шеңберлер, жолақтар салып, кескіндеме жасау</p> <p>9.2.3.6 ойыншықтың жасалу ретін сақтау</p> <p>9.2.3.7 қамырды жұмысқа дайындау әдістерін орындау: үлгі бойынша әртүрлі көлемдегі қамыр кесектерін илеу</p> <p>9.2.3.8 қамыр бөлшектерің су мен щетка арқылы қосу</p> <p>9.2.3.9 композиция құрастыру</p> <p>9.2.3.10 фигураны шаблон бойынша мүсіндеу, илектеу оқтаумен жаю</p> <p>9.2.3.11 бұйымды 2-кезеңде орындау: бұралған тұтқаның екі жіптерін бұрау (бұрау әдісі)</p> <p>9.2.3.12 тесу, бұйымның бөліктеріне басып шығару, бояу, оларды негізге желімдеу</p> <p>9.2.3.13 сәндік элементтерді жасау үшін әртүрлі заттарды пайдалану</p> <p>9.2.3.14 рельефті тақтайшаларды безендіру, үстіне жабыстыру, сызу, бояу, фактураларды қолдану, сурет салу, тапсырмада бағдарлау</p> <p>9.2.3.15 саз қабатын әртүрлі тәсілдермен "шикідей" безендіру</p> <p>9.2.3.16 кескіндеме бұйымдарында қазақтың ұлттық ою-өрнектерін пайдалану</p> <p>9.2.3.17 қолда бар құралдарды (шаблондарды) пайдаланып бұйымның бөліктерін кесу</p>
3-тоқсан	
1.1. Жалпы еңбек дағдылары	<p>9.1.1.1 нұсқауға сәйкес жұмыс орнын дайындау және тазалау</p> <p>9.1.1.2 кәсіп құралдары мен материалдарын таңдауды білу</p> <p>9.1.1.3 қол араны қолдану</p> <p>9.1.1.5 желім түрлерін тану және атау (кеңсе тауарлары, ПВА)</p> <p>9.1.1.6 таспа түрлерін тану және атау (бір жақты, екі жақты)</p>

	<p>9.1.1.7 қауіпсіз жұмыс ережелерін сақтай отырып, өткір және тесетін заттарды қолдану (қысқыш, тіс газалағыш, қайшы)</p> <p>9.1.1.9 қауіпсіздік ережелерін, ылғалды жылумен өңдеу ережелерін, сақтау</p> <p>9.1.1.10 технологиялық карта бойынша бұйымды дайындау кезіндегі жұмыс кезеңдерін орындау</p> <p>9.1.1.12 орындалған жұмыс туралы есеп беру, дайын бұйымның сапасын бағалау</p>
2.4 Қалдық материалмен жұмыс	<p>9.2.4.1 бөлшектерден (жүн жіптер, түрлі-түсті картон, өрім) пластикалық қорапқа ұлттық ою-өрнектерді жасап жапсыруда желімдеу технологиясын (техникалық талаптарын, тәртібін, ретін) сақтау</p> <p>9.2.4.2 екі жақты таспаны қолдану</p> <p>9.2.4.3 бұйымның бөлшектерін жинау</p> <p>9.2.4.4 қағазбен (картонмен), сіріңке қораптарымен жұмыс істеу тәсілдерін орындау</p> <p>9.2.4.5 бұйымның барлық бөлшектерін қосып құрастыру</p> <p>9.2.4.6 үгінділер мен сіріңкелерден аппликация жасау</p> <p>9.2.4.7 сіріңке қораптарын жұмысқа дайындау, әртүрлі түстерге бояу</p> <p>9.2.4.8 таңбалау сызықтары бойымен қайшымен кесу; қораптарды желімдеу және біріктіру</p> <p>9.2.4.9 бөлшектерді степлермен біріктіру</p> <p>9.2.4.10 бөлшектерді бұйымға желімдеу</p>
2.5 Моншақтармен және бисерлермен жұмыс	<p>9.2.5.1 бисерлерден қарапайым бұйымдарды дайын сызба бойынша тоқу</p> <p>9.2.5.2 бисерді сымға теріп, бұйым жасау</p> <p>9.2.5.3 ілмекті сыммен бекіту</p> <p>9.2.5.4 жіпке бірнеше моншақ салып, инені қарама-қарсы бағытта жіппен өткізу</p> <p>9.2.5.5 екі жіпке тоқу ережесін сақтау</p> <p>9.2.5.6 бір жіпке екі немесе үш түсті бисерлерді біртіндеп санын өзгертумен теру</p> <p>9.2.5.7 әртүрлі пішіндегі жапырақшалар мен жапырақтарды тоқу</p> <p>9.2.5.8 гүл сабақтарын өру; сымның керілуімен қарама-қарсы бағытта</p> <p>9.2.5.9 бисерлерді сымға теру және дайындаманы бұрау</p> <p>9.2.5.10 бисерден жасалған бұйымдарды деңгейлеп жинау</p> <p>9.2.5.11 бұйымды жинауда ұлттық ою-өрнектерді қолдану</p>

	4-тоқсан
1.1. Жалпы еңбек дағдылары	9.1.1.1 нұсқауға сәйкес жұмыс орнын дайындау және тазалау
	9.1.1.2 кәсіп құралдары мен материалдарын тандауды білу
	9.1.1.3 қол араны қолдану
	9.1.1.9 қауіпсіздік ережелерін, ылғалды жылумен өңдеу ережелерін, сақтау
	9.1.1.10 технологиялық карта бойынша бұйымды дайындау кезіндегі жұмыс кезеңдерін орындау
	9.1.1.11 қауіпсіз жұмыс ережелерін сақтай отырып, желіні, бояуларды (акварель, гуаш, акрил) қолдану
	9.1.1.12 орындалған жұмыс туралы есеп беру, дайын бұйымның сапасын бағалау
2.6 Тоқыма материалдарымен жұмыс	9.2.6.1 "Жіппен бейнелеу" әдісін қолданып түстерді біріктіру, ұзындығы мен түсі әртүрлі екі хорда бойымен шеңберді толтыру, қысқа хорданы ұзынның үстіне қою
	9.2.6.2 "Спираль" техникасын қолдану, спиральды толтыру
	9.2.6.3 саңылауларды санау, жіп бағытын, түс комбинациясын анықтау
	9.2.6.4 "инемен алға" тігісті, қиғаш тігісті орындау
	9.2.6.5 изожіп техникасы арқылы түзу тігістерді орындау
	9.2.6.6 "Жіппен бейнелеу" техникасында тапсырманы орындау
	9.2.6.7 моншақ пен блесткаға тігу тәсілдерін қолдану
	9.2.6.8 тігісті басында мен соңында бекітуді жасау
	9.2.6.9 бұйымның алдыңғы жағын жөрмалеу тігісімен жалғау
	9.2.6.10 бұйымның бөлшектерін түйреп қою және көктеу
	9.2.6.11 "жақтау астындағы" кесінділерді өңдеу
	9.2.6.12 матаға сәндік тігістерді орындау
	9.2.6.13 "зиг-зак" әрлеуіш тігісін, "түзу тігісін" орындау
	9.2.6.14 көлденең жіптер мен ұлпа кесінділерін ажырату
	9.2.6.15 төрт тесігі бар түймелерге сәндік тігуді орындау
	9.2.6.16 тоқыма аппликациясында түймелерді қолдану
	9.2.6.17 қазақ ою-өрнектерінің әртүрлі элементтері бар жұмсақ ойыншықтарды жасау технологиясын қолдану

	9.2.6.18 ұлттық ою-өрнегі бар жұмсақ ойыншық жасағанда "алға ине" тігісін, қиғаш тігісін, "шетінен" тігісін пайдалану
	9.2.6.19 бұйымның әр түрлі материалдармен көркем безендірілуін орындау: моншақ, пайетки, өрім және бау
	9.2.6.20 диван жастықтарын, кәстрөл ұстағыштарды, аппликациясы бар бір бөлікті алжапқыштарды, шәйнек жылытқыштарды, қазақы ою-өрнек аппликациялары бар қораптарды, ұлттық нақыштағы сөмкелерді (қалта), ұлттық нақыштағы ыстық тағамдарға арналған астарларды жасау
	9.2.6.21 үтік қолдану
2.7. Ағашпен жұмыс	9.2.7.1 ағаш бұйымның ұзындығын, енін, қалыңдығын анықтау
	9.2.7.2 бұйымның бөлшектерін әртүрлі тәсілдермен қосу
	9.2.7.3 егеуішпен және жонғышпен жұмыс істеу ережелерін сақтау
	9.2.7.4 белгілерге сәйкес аралау техникасын орындау
	9.2.7.5 бөлшектерді таңбалар бойынша жұқа тістері бар арамен кесу
	9.2.7.6 сызғыш арқылы белгілеу
	9.2.7.7 желім мен бұрандаларды қолданып бұйымды құрастыру әдістерін қолдану
	9.2.7.8 бұйымның көркемдік безендірілуін орындауда қазақ ұлттық ою-өрнектерін қолдану

## 6) 10 сынып

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1 тоқсан	
1.1. Жалпы еңбек дағдылары	10.1.1.1 жұмыс орнын өз бетінше дайындау және тазалау
	10.1.1.2 кәсіп құралдары мен материалдарын таңдауды білу
	10.1.1.5 желім түрлерін тану және атау (кеңсе тауарлары, ПВА)
	10.1.1.7 қауіпсіз жұмыс ережелерін сақтай отырып, өткір және тесетін заттарды қолдану (қысқыш, тіс тазалағыш, қайшы)
	10.1.1.9 қауіпсіздік ережелерін, ылғалды жылумен өңдеу ережелерін, сақтау
	10.1.1.10 технологиялық карта бойынша бұйымды өндірудегі жұмыс кезеңдерін орындау
	10.1.1.12 орындалған жұмыс туралы есеп беру, дайын бұйымның сапасын бағалау

2.1 Табиғи материалдармен жұмыс	10.2.1.1 табиғи материалдардан қарапайым өрнектерді салу, үлгі бойынша аппликациялар жасау
	10.2.1.2 әр түрлі дәнді дақылдардан дайын үлгі бойынша төсеу (тікелей құю және себу әдісі)
	10.2.1.3 жармаларды суреттің ішіне орналастырған кезде шаблондарды (қарапайым сюжетті сурет) пайдалану
	10.2.1.4 пішінін, өлшемін, сыртқы түрін ескере отырып бұршіктерді таңдау
	10.2.1.5 қосымша материалдарды пайдалана отырып бұйымдарды безендіру әдістерін жүргізу
	10.2.1.6 әр түрлі жаңғақ қабықтарынан дайын үлгі бойынша төсеу (тікелей құю және себу әдісі)
	10.2.1.7 материалды төсеу кезінде шаблондарды (жабайы жануарлардың суреттерін) негізге жұмыртқа қабығын пайдалану
	10.2.1.8 қабық бөліктерін бояу
	10.2.1.9 бұйымды жасау үшін қажетті тұқымдарды түрлерін таңдау
	10.2.1.10 жарма мен тұқымдардан панно және сыйлық кәдесыйларын жасауға; жарма мен тұқымнан жасалған бұйымдарды безендіру
2-тоқсан	
1.1. Жалпы еңбек дағдылары	10.1.1.1 жұмыс орнын өз бетінше дайындау және тазалау
	10.1.1.2 кәсіп құралдары мен материалдарын таңдауды білу
	10.1.1.3 тігін машинаны қолдану
	10.1.1.4 картон түрлері мен қасиеттерін атайды (жұмсақ, тығыз)
	10.1.1.5 желім түрлерін тану және атау (кеңсе тауарлары, ПВА)
	10.1.1.8 қамырмен және табиғи сазбен жұмыс істегенде санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау
	10.1.1.9 қауіпсіздік ережелерін, ылғалды жылумен өңдеу ережелерін, сақтау
	10.1.1.10 технологиялық карта бойынша бұйымды өндірудегі жұмыс кезеңдерін орындау
	10.1.1.12 орындалған жұмыс туралы есеп беру, дайын бұйымның сапасын бағалау
	10.2.2.1 қағаз парағын "көзбен өлшеп" тең бөліктерге жырту
10.2.2.2 бөлшектерді негізге қою	
10.2.2.3 модульдер құрамын құрастыру	
10.2.2.4 дайын өнімді берілген үлгі бойынша бояу	

2.2 Қағаз және картонмен жұмыс	<p>10.2.2.5 шаблон бойынша сызу және қию</p> <p>10.2.2.6 жолақтарды цилиндрге бір жағы ығысуы спираль арқылы жабыстыру</p> <p>10.2.2.7 дайындамаларды кесіп, негізге қою</p> <p>10.2.2.8 жолақтарды сақиналарға және бірге тізбекке қосу</p> <p>10.2.2.9 көлемді аппликацияны жасау</p> <p>10.2.2.10 үлгіні контур бойымен және өрнектің ішіне дәйекті түрде орналастыру</p> <p>10.2.2.11 бөлшектердің қажетті санын анықтап, іріктеп алу</p> <p>10.2.2.12 тескіш көмегімен қағазды белгіленген жерден тесу</p> <p>10.2.2.13 бөлшектерді мөлшері бойынша іріктеу</p> <p>10.2.2.14 бөлшектерді үлгі бойынша орналастыру дайындамалардан сәндік фигуралар немесе басқа композициялар жасау</p> <p>10.2.2.15 конустан немесе цилиндрден көлемді ойыншықтар жасау оригами техникасын қолданып бұйымдар жасау, ұлттық ою-өрнектертері бар композицияны құрастыру</p>
2.3 Саз және тұзды қамырмен жұмыс істеу	<p>10.2.3.1 "шикі күйінде" саздан безендіру: жабыстыру, тырналау</p> <p>10.2.3.2 әртүрлі текстураларды қолдану ( жақсартылған құралдар, маталар, құрылғылар)</p> <p>10.2.3.3 кескіндеменің негізгі элементтерін орындау</p> <p>10.2.3.4 тұтас саздан (қамырдан) жеке бөліктерді жұлу</p> <p>10.2.3.5 өрнектер шеңберлер, жолақтар салып, кескіндеме жасау</p> <p>10.2.3.6 ойыншықты жасау ретін сақтау</p> <p>10.2.3.7 қамырды жұмысқа дайындау әдістерін орындау: үлгі бойынша әртүрлі көлемдегі қамыр кесектерін илеу, шымшу</p> <p>10.2.3.8 су мен щетканы пайдаланып қамыр бөлшектерді қосу</p> <p>10.2.3.9 композиция құрастыру</p> <p>10.2.3.10 фигураны шаблон бойынша мүсіндеу, илектеу оқтаумен жаю</p> <p>10.2.3.11 бұйымды 2-кезеңде орындау: бұралған тұтқаның екі жіптерін бұрау (бұрау әдісі)</p> <p>10.2.3.12 тесу, бұйымның бөліктеріне басып шығару , бояу, оларды негізге желімдеу</p> <p>10.2.3.13 сәндік элементтерді жасау үшін әртүрлі заттарды пайдалану</p>

	10.2.3.14 рельефті тақтайшаларды безендіру, үстіне жабыстыру, сызу, бояу, фактураларды қолдану, сурет салу, тапсырмада бағдарлау
	10.2.3.15 саз қабатын саусакпен ою салу тәсілімен безендіру
	10.2.3.16 бұйымдарға қазақтың ұлттық ою-өрнектерін салып бояу
	10.2.3.17 қолда бар құралдарды (үлгі) пайдалана отырып, бұйымның бөлшектерін қиып алу
3-тоқсан	
1.1. Жалпы еңбек дағдылары	10.1.1.1 жұмыс орнын өз бетінше дайындау және тазалау
	10.1.1.2 кәсіп құралдары мен материалдарын таңдауды білу
	10.1.1.3 тігін машинаны қолдану
	10.1.1.5 желім түрлерін тану және атау (кеңсе тауарлары, ПВА)
	10.1.1.6 таспа түрлерін (бір жақты, екі жақты) тану және атау
	10.1.1.7 қауіпсіз жұмыс ережелерін сақтай отырып, өткір және тесетін заттарды қолдану (қысқыш, тіс тазалағыш, қайшы)
	10.1.1.9 қауіпсіздік ережелерін, ылғалды жылумен өңдеу ережелерін, сақтау
	10.1.1.10 технологиялық карта бойынша бұйымды өндірудегі жұмыс кезеңдерін орындау
	10.1.1.12 орындалған жұмыс туралы есеп беру, дайын бұйымның сапасын бағалау
2.4 Қалдық материалмен жұмыс	10.2.4.1 бөлшектерден (жүн жіптер, түрлі-түсті картон, өрім) пластикалық қобдишаға, футлярға ұлттық ою-өрнектерді жасап жапсыруда желімдеу технологиясын (техникалық талаптарын, тәртібін, ретін) сақтау
	10.2.4.2 екі жақты таспаны қолдану
	10.2.4.3 бұйымның бөлшектерін жинау
	10.2.4.4 қағаз (картон), сіріңке қораптарымен жұмыс істеу тәсілдерін орындау
	10.2.4.5 бұйымның барлық бөлшектерін қосып құрастыру
	10.2.4.6 үгінділер мен сіріңкелерден аппликация жасау
	10.2.4.7 сіріңке қораптарын жұмысқа дайындау, әртүрлі түстерге бояу
	10.2.4.8 таңбалау сызықтары бойымен қайшымен кесу; қораптарды желімдеу және біріктіру
	10.2.4.9 бөлшектерді степлермен біріктіру
	10.2.4.10 бөлшектерді бұйымға желімдеу

2.5 Моншақтармен және бисерлермен жұмыс	10.2.5.1 бисерлерден қарапайым бұйымдарды дайын сызба бойынша тоқу
	10.2.5.2 бисерді сымға теріп, бұйым жасау
	10.2.5.3 ілмекті сыммен бекіту
	10.2.5.4 жіпке бірнеше моншақ қою және инені қарама-қарсы бағытта жіптеу
	10.2.5.5 екі жіпке тоқу ережелерін сақтау
	10.2.5.6 бір жіпке екі немесе үш түсті бисерлерді біртіндеп санын өзгертумен теру
	10.2.5.7 әртүрлі пішіндегі жапырақшалар мен жапырақтарды тоқу
	10.2.5.8 гүл сабағын өру; сымның керілуімен қарама-қарсы бағытта
	10.2.5.9 бисерлерді сымға теру және дайындаманы бұрау
	10.2.5.10 бисерден жасалған бұйымдарды деңгейлеп жинау
	10.2.5.11 бұйымды жинауда ұлттық ою-өрнектерді қолдану
4-тоқсан	
1.1. Жалпы еңбек дағдылары	10.1.1.1 жұмыс орнын өз бетінше дайындау және тазалау
	10.1.1.2 кәсіп құралдары мен материалдарын тандауды білу
	10.1.1.3 тігін машинаны қолдану
	10.1.1.9 қауіпсіздік ережелерін, ылғалды жылумен өңдеу ережелерін, сақтау
	10.1.1.10 технологиялық карта бойынша бұйымды өндірудегі жұмыс кезеңдерін орындау
	10.1.1.11 қауіпсіз жұмыс ережелерін сақтай отырып, желіні, бояуларды (акварель, гуаш, акрил) қолдану
	10.1.1.12 орындалған жұмыс туралы есеп беру, дайын бұйымның сапасын бағалау
10.2.6.1 "Жіппен бейнелеу" әдісі арқылы түстерді біріктіру, ұзындығы мен түсі әртүрлі екі хорда бойымен шеңберді толтыру, қысқа хорданы ұзынның үстіне қою	10.2.6.2 "Спираль" техникасын қолдану, спиральды толтыру
	10.2.6.3 саңылауларды санау, жіп бағытын, түс комбинациясын анықтау
	10.2.6.4 "инемен алға" тігісті, қиғаш тігісті орындау
	10.2.6.5 изожіп техникасы арқылы түзу тігістерді орындау
	10.2.6.6 "Жіппен бейнелеу" техникасында тапсырманы орындау



2.6 Тоқыма материалдарымен жұмыс	<p>10.2.6.7 моншақ пен блесткаға тігу тәсілдерін қолдану</p> <p>10.2.6.8 тігісті басында мен соңында бекітуді жасау</p> <p>10.2.6.9 бұйымның алдыңғы жағын жөрмалеу тігісімен жалғау</p> <p>10.2.6.10 бұйымның бөлшектерін түйреп қою және көктеу</p> <p>10.2.6.11 "жақтау астындағы" кесінділерді өңдеу</p> <p>10.2.6.12 матаға сәндік тігістерді орындау</p> <p>10.2.6.13 "зиг-зак" әрлеуіш тігісін, "түзу тігісін" орындау</p> <p>10.2.6.14 көлденең жіптер мен ұлпа кесінділерін ажырату</p> <p>10.2.6.15 төрт тесігі бар түймелерге сәндік тігуді орындау</p> <p>10.2.6.16 әр түрлі типтегі түймелерді негізге көлденең және тігінен бекіту</p> <p>10.2.6.17 қазақ ою-өрнектерінің әртүрлі элементтері бар жұмсақ ойыншықтарды жасау технологиясын қолдану</p> <p>10.2.6.18 жұмсақ ойыншық жасағанда "алға ине" тігісін, қиғаш тігісті, "шетінен" тігісін қолдану</p> <p>10.2.6.19 бұйымның әр түрлі материалдармен көркем безендірілуін орындау: моншақтармен, пайеткалармен, өрілген және баулармен</p> <p>10.2.6.20 диван жастықтарын, ыстық ыдысқа арналған ыдыстарды, аппликациялы бір бөлікті алжапқышты, шәйнек жылытқыштарды, аппликацияланған қазақтың ою-өрнегі бар қаптамаларды, ұлттық нақыштағы сөмкелерді (қалта), ұлттық нақыштағы ыстық тағамдарға арналған астарларды жасау</p> <p>10.2.6.21 үтік қолдану</p>
2.7. Ағашпен жұмыс	<p>10.2.7.1 ағаш бұйымның ұзындығын, енін, қалыңдығын анықтау</p> <p>10.2.7.2 бұйымның бөлшектерін әртүрлі тәсілдермен қосу</p> <p>10.2.7.3 егеуішпен және жонғышпен жұмыс істеу ережелерін сақтау</p> <p>10.2.7.4 белгілерге сәйкес аралау техникасын орындау</p> <p>10.2.7.5 бөлшектерді таңбалар бойынша жұқа тістері бар арамен кесу</p> <p>10.2.7.6 сызғышты пайдаланып белгілеу</p> <p>10.2.7.7 желім мен бұрандаларды қолданып бұйымды құрастыру әдістерін қолдану</p>

## **Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы**

**Ескерту. Оқу бағдарламасымен толықтырылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 20.09.2018 № 469 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.11.2024 № 327 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін "Бейімделген дене шынықтыру" пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) "Білім туралы" Заңының 19-бабының 1 тармағына сәйкес әзірленген.

2. Бағдарламаның мақсаты - денсаулықты нығайту және қорғау, білім алушылардың психикалық және дене дамуындағы ауытқуларды түзету, оларды өмірде және қолжетімді білім беру мен еңбек қызметтерінде мүмкіншілігінше дербестікке дайындау.

3. Бағдарламаның оқу міндеттері:

1) жалпы дене дамуын арттыру, ағзаның сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне төзімділігін арттыруға жәрдемдесу;

2) қозғалыс техникасының негіздеріне оқыту, өмірлік қажетті қозғалыс дағдылары және машықтарын қалыптастыру;

3) қозғалыс (кондициялық және үйлесімділік) қабілеттерін дамыту;

4) дене жаттығуларымен өз бетінше айналысуға, оларды демалу, жаттығу, жұмысқа қабілеттілігін арттыру мақсатында қолдануға қажеттілікті тәрбиелеу, дағдыға айналдыру.

4. Түзете - дамыту міндеттері:

1) үйлесімді қозғалыс қабілеттерін түзету және дамыту: дене жаттығуларын орындау, кеңістікте бағдарлау, күш-жігерді саралау, босаңсу, тепе-теңдік, ырғақ, қозғалыс дәлдігі, бұлшықет-буын сезімі, қол-көзді үйлестіру кезінде дененің жекелеген бөліктерінің қозғалыстарының үйлесімділігі;

2) жоғалған немесе бұзылған функциялардың орнын толтыру, сақталған функциялардың есебінен қозғалыстың жаңа түрлерін қалыптастыру;

3) тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйесінің функционалдық бұзылыстарының алдын алу және түзету, суық тию және жұқпалы аурулардың, жарақаттанудың және шағын жарақаттың алдын алу;

4) психикалық және сенсорлық-перцептивті процестерді түзету және дамыту: көру және есту сигналдарын, тактильді және тері-кинестетикалық сезімдерді саралау; көру, есту жады мен зейінді дамыту, вестибулярлық тітіркенуге төзімділікті дамыту;

5) білім алушылардың жеке қасиеттерін, эмоционалды-ерікті саласын түзету және дамыту: өзін-өзі бақылау, табандылық және шыдамдылық дағдылары, қозғалыс арқылы өз сезімдерін білдіру қабілеті.

## **2 тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер**

5. Бейімделген дене шынықтыру мұғалімі медициналық құжаттамамен танысып, анамнезін зерделеп, білім алушылардың қозғалыс мүмкіндіктерінің деңгейі мен сипатын анықтап, әр сабақта білім алушының денсаулық жағдайын ескере отырып, дәрігермен жұмыс жүргізеді.

6. Оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде келесілер ескеріледі:

1) ұжымдық оқыту жағдайында танымдық белсенділігінің әлсіздігі;

2) топтық жұмыста қолданылатын мұғалімнің бағыттау және ынталандыру көмегін толық пайдалана алмау, көмекке әлсіз реакция беруі;

3) қалыптасатын қозғалыс дағдыларын автоматтандыру қиындықтары.

7. Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерінің негізінде зияты орташа түрде зақымдалған тұлғалардың өмірін "қалыпқа келтіру" тұжырымдамасы жатыр. Жеке даму, әлеуметтік тәжірибені қалыптастыру үшін жағдай жасау көзделеді.

8. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға оқыту және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастыру арнайы педагогика қағидаттарына негізделген.

9. Педагогтар білім алушылардың бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, жеке қарқынмен даму құқығын құрметтейді; өзгермелі мүмкіндіктерді үнемі зерттейді, білім беру қажеттіліктерін бағалайды, білім алушылардың дағдыларын дамыту және игерудегі минималды ілгерілеулерді тіркейді. Кез-келген прогресс оқуда оң нәтиже ретінде қарастырылады.

10. Педагогтар осы бағдарламадан әрбір білім алушы үшін қолжетімді оқу мазмұнын, сондай-ақ білім алушылардың білім беру, тұлғалық жетістіктерін бағалаудың жеке мүмкіндіктері және нәтижелерін ескере отырып, оқу әдістерін, нысандарын, құралдарын дербес тандайды.

11. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушыларға сөйлеуді (оның болмауына дейін), ойлауды, қарым-қатынасты дамытуда ерекше проблемалар бар. Әрбір нақты жағдайда бар проблемалар педагогикалық құралдармен өтеледі. Сөйлеуді түсінуді кеңейту, ауызша және балама қарым-қатынас құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекі және тиімді ойлауын дамыту бойынша дәйекті жұмыс құрылуға. Педагог тарапынан білім алушылардың қызметін сөйлеу арқылы сүйемелдеуі мөлшерлі және білім алушылардың түсінуіне қолжетімді болуы тиіс.

12. Оқу үдерісі тек мазмұнды ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық формаларды да қатаң реттеуді қарастырмайды.

13. Сабақты ұйымдастырған кезде әр білім алушының қажеттілігі туындаған кезде қызмет түрін өзгерту мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Жеке тапсырмаларды жеке қарқынмен орындау, педагогтің жеке көмегін алу үшін жағдайлар қамтамасыз етіледі.

14. Арнайы педагогика қағидаттарына сәйкес құрылған педагогикалық іс-шаралар білім алушылардың белсенділігін, олардың бастамалары және дербестігін дамытуға бағытталған.

15. Білім алушылардың белсенділігі мен дербестігінің дамуы келесі дидактикалық шарттар орындалған кезде орын алады:

1) қозғалыс әрекеттерін шағын қадамдарға бөлу. Жаңа қозғалыстарды үйрену кезінде бастапқы позициялар, қарқын, амплитудасы өзгеруі керек;

2) саусақтардың ұсақ қимылдарын ерікті түрде реттеуді қамтамасыз ететін жаттығуларды ұсыну;

3) кездейсоқ реттеудің күнделікті қозғалыстарын пайдалану;

4) интеллектуалдық іс-әрекетін дамытуға бағытталған арнайы педагогикалық әдістерді қолдануға: қозғалыс атауларын, қарқыны, көлемі, күші, тегістігі бойынша қозғалыс комбинацияларын есте сақтауға; ойын ережелерін орындауға;

5) спорттық құрал-жабдықтарды (кегльдер, әртүрлі диаметрлі доптар) пайдалану кезінде, топтағы серіктестермен өзара іс-қимыл жасау кезінде, эмоцияларды басқару кезінде білім алушылардың қозғалыс мүмкіндіктерін кеңейтуге;

6) болашақта өмірде қолданылатын қолданбалы қозғалыс дағдыларын қалыптастыру (шаңғы тебу, велосипедке дайындық, жақын туризм, жүзу) ;

7) дене қасиеттерін жетілдіру (күш, жылдамдық, төзімділік, икемділік, ептілікті дамытуға арналған жаттығулар);

8) қоғамға интеграциялау үшін алғышарттар жасайтын спорттық іс-шараларды ( интеграциялық спорт топтары, білім алушылардың дене мүмкіндіктері бойынша спорттық жарыстар) өткізуге міндетті;

9) көркем-музыкалық жаттығуларды: ритмика, би, хореография және ритмопластика элементтерін; танымдық қызметті белсендіретін речитативтермен, өлеңдермен, жұмбақтармен, санаумен қолдануға;

10) жаттығуларды бірнеше рет қайталау, дұрыс көрсетіліммен үйлестіру, қарапайым жеңіл қозғалыстардан тұратын қимылды және спорттық ойындарды таңдау;

11) адам денесінің құрылымы туралы түсініктерді бекіту: бас-бет, желке, маңдай, иек, мойын; дене-арқа, кеуде, іш; қолдар-иық, шынтақ, білезік, саусақтар; аяқтар-жамбас, тізе, табан, өкше, аяқ тұмсығы, саусақтар;

12) педагог білім алушылармен өзара іс-қимылының әртүрлі нысандарын қолдану: педагогтың басшылығымен жеке орындалатын жаттығулар, жұпта және шағын топтарда орындалатын жаттығулар.

16. Бейімделген дене шынықтыру сабағын ұйымдастырған кезде:

1) әр білім алушының жеке ерекшеліктерін ескеру (морфофункционалды даму, сақталған функциялардың жай-күйі, медициналық қарсы көрсеткіштер, қозғалыс функциялары мен үйлестіру қабілеттерінің жай-күйі, дене шынықтыру деңгейі, қимылдарды үйрену қабілеті, дене шынықтырумен айналысуға деген көзқарас);

2) сабақтардың эмоционалдылығын қамтамасыз ету (музыка, ойын әдістері, дәстүрлі емес жабдықтар);

4) тапсырмаларды нақты орындау үшін жағдай жасау, көмек көрсету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

5) білім алушыларды кішігірім жетістіктері үшін мадақтау, мақұлдау, мақтау;

6) оқу-танымдық үдеріс нәтижелерінің динамикасын және білім алушылардың функционалды жағдайын бақылау.

17. Зияты орташа түрде зақымдалған білім алушылардың жетістіктерін бағалау үшін сипаттамалық бағалау пайдаланылады, бұл білім алушылардың жетістіктерінің сапалық көрсеткіші болып табылады. Білім алушылардың жетістіктерін сипаттау кезінде дағдыларды меңгерудің дербестік дәрежесі міндетті түрде көрсетіледі:

1) әрекетті өз бетінше орындайды;

2) нұсқаулыққа сәйкес әрекетті орындайды (ауызша немесе вербалды емес);

3) іс-әрекетті үлгі бойынша орындайды;

4) әрекетті жартылай физикалық көмекпен орындайды;

5) іс-әрекетті айтарлықтай физикалық көмекпен орындайды;

6) іс-әрекетті орындамайды.

18. Бағдарламада оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін нұсқаулық ретінде қызмет ететін және мұғалім білім алушылардың жеке оқу бағдарламаларын құру кезінде басшылыққа алатын оқу мақсаттарының жүйесі тұжырымдалған. Белгілі бір сабаққа оқу мақсаттарын таңдағанда, оларды нақтылауға, бірнеше бөлікке бөлуге болады.

19. Бағдарламаның мазмұны ұсынымдық сипатқа ие, мұғалім әр сынып білім алушысының мүмкіндіктері мен нақты жетістіктеріне сәйкес оқу мазмұны мен қарқынына кез-келген өзгерістер енгізуге құқылы.

### **3-тарау. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

#### **Параграф 1. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің мазмұны**

20. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі келесіні құрайды:

1) 5-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

2) 6-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

3) 7-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

4) 8-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;

- 5) 9-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат;
- 6) 10 – сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағат.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі "Қазақстан Республикасының бастауыш , негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты болады.

21. "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің негізгі мазмұны келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) "Қозғалыс қызметі";
- 2) "Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру".

22. "Қозғалыс қызметі" бөлімі келесі бөлімдерді қамтиды:

- 1) негізгі қозғалыс дағдыларын дамыту;
- 2) қолданбалы біліктері мен дағдыларын дамыту;
- 3) кеңістіктік-уақыттық бағдарлауды дамыту;
- 4) командалық өзара әрекет ету дағдыларын дамыту.

23. "Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру" бөлімінде келесі бөлімшелерді қамтиды:

- 1) қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

24. 5-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметін ұйымдастыру. Мұғалімнің көмегімен сабаққа дайындық. Үлгі бойынша мұғалімнің нұсқауларын және командаларын орындау. Жүгіруді және жүруді кезекпен орындау. Зал бойынша, гимнастикалық орындық бойынша жылжу, жалпы дамытушы: "Сапқа тұр!", "Еркін!", "Түзел!", "Тік тұр!" пәрмендерін орындау. Мұғалімнің жетекшілігімен дене мүсінін қалыптастыруға арналған жаттығуларды орындау, лекпен жүру және жүгіру, жұптармен жарысу, сапты сақтай отырып баяу қарқынмен жүгіру; алға жылжи отырып бір аяқпен секіру, қадамнан ұзындыққа, қадамнан биіктікке, 50 см биіктіктен 45 градусқа бұрылумен тереңдікке, гимнастикалық орындық арқылы секіру. Өкшеге оралумен аяқтың ұшымен көтерілу. Кедергілерден өту, тіреуішпен және онсыз баспалдақпен түсу және көтерілу. Өрмелеу және қайта түсу. Гимнастикалық баспалдақтың төменгі сатысы бойынша жалғамалы қадамдармен бүйірге жылжу. Ішпен, арқамен жатып, дененің бастапқы күйінен төңкерілу. Денемен жан жаққа аунау. Тыныс алу жаттығулары (жатқанда тыныс алу, кеудемен және ішпен тыныс алу).

Қозғалыстардың кеңістіктік-уақыттық бағдары мен дәлдігін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен жаттығулар жасау, көру қабілетін басқара отырып, денені белгілі бір биіктікке (тұрып, жатып) бүгу және керу және көзді жұмып орындау, тепе-теңдік жаттығулары. Затпен (доп, таяқ, жалаулар, құрсау) гимнастикалық орындықта жүру.

Гимнастикалық орындықта өту, еден тақтасында, 20-30 см дәлізде кездескен кезде екеуінің өтуі. Екі аяқты сызылған бағдарға итеру арқылы бір жерден ұзындыққа секіру. Ауыр заттарды, спорттық жабдықтарды жылжыту кезіндегі ұжымдық өзара іс-қимыл. Жылжымалы, спорттық, ұлттық ойындардың элементтері;

2) қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Дене шынықтыру сабақтарындағы қауіпсіздік ережелері; мұғалімнің көмегімен спорттық киім кию, мұғалімге еліктеу жаттығуларын орындау. Жаттығуларды орындау кезінде дененің дұрыс орналасуы, қалыптары. Спорттық құралдарды атау. Тыныс алудың әртүрлі түрлерін орындау: кеудемен, ішпен және аралас тыныс алу. Дене бітімін бақылау.

25. 6-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметін ұйымдастыру. Жалпы дамыту жаттығулары – сапқа тұру және "Түзел!", "Тік тұр!", "Еркін!", "Оңға!", "Солға!", "Тұр!", "Тоқта!" пәрмендерін орындау, қолды бүйірге созу арақашықтығына орналасу, мұғалімнің көрсеткен бағытына айнала бұрылу. Кеңістіктік-уақыттық бағдарлауды дамыту – лекпен бір-бірден жүру, жүгіруді жүрумен кезектестіру. Әр түрлі қарқынмен жүру және жүгіру (жылдам, баяу). Көрнекі бақылаусыз бағдарларға бұрылу, гимнастикалық орындықта сызылған бағдарлар бойынша жүру. Бір орнынан белгіленген бағдар бойынша ұзындыққа секіру. Ауызша нұсқауларға сәйкес қолдың, дененің, аяқтың бастапқы қалпын бекіту. Бірінен соң бірі жүру, қозғалыс қарқынын жылдамдату және баяулату, мұғалімнің артынан бұралыс жолмен жүру, көлбеу тақтада бойынша жүру. Тепе-теңдік жаттығулары; орындықта, тік жазықтықта дұрыс қалыпта тұрып, арқаны тік ұстап аяқтың ұштарына отыру. Мұғалімнің белгісі бойынша бұрылыстар; залда аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың ішкі және сыртқы жақтарымен жүгіру (жүру). Орналастырылған заттар арасындағы лекпен жүгіру. Басына қойылған затпен орындықта жүру, басындағы жүкпен залда жүру. 20-30 см биіктіктен секіру, екі аяқпен жолда, сызылған жолда, заттармен және заттарсыз, тікелей жүгіруден биіктікте секіру, гимнастикалық орындықтан секіру, ұзын және қысқа арқан арқылы секіру. Затпен кедергі астынан өту. Биіктігі 1 метрге дейінгі кедергіден өрмелеп өту. Гимнастикалық қабырға рейкасында 1-2 секундқа дейін қолмен ілініп тұру. Лақтыру - допты екі қолмен ұстауға тырысып лақтыру. Допты басынан асырып лақтыру. Әр түрлі заттарды (құм салынған дорба, доп, резеңке ойыншық) оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру. Мұғалімнің жетекшілігімен қозғалыстық және спорттық ойындарда қарапайым ережелерді орындау. Ұлттық ойындардың элементтері.

Қозғалыстардың кеңістіктік-уақыттық бағдары мен дәлдігін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен жаттығулар жасау, көру қабілетін басқара отырып, денені белгілі бір биіктікке (тұрып, жатып) бұғу, керу және көзді жұмып орындау, тепе-теңдік жаттығулары. Затпен гимнастикалық орындықта жүру (доп, таяқ, жалаулар, құрсау).

Гимнастикалық орындықта өту, еден тақтасында, 20-30 см дәлізде кездескен кезде екеуінің өтуі. Екі аяқты сызылған бағдарға итеру арқылы бір жерден ұзындыққа секіру. Ауыр заттарды, спорттық жабдықтарды жылжыту кезіндегі ұжымдық өзара іс-қимыл;

2) қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сабак кезінде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелері: мұғалім айтқандай және көрсететіндей тек сол жаттығуларды және дәл солай орындау, мұғалімнің рұқсатынсыз спорттық құралдарға жақындамау, белгіленген ережелерді сақтау. Жаттығуларды орындау кезінде дене қалпының дұрыс орналасуы; жабдықтарды атау: бөрене, арқан, гимнастикалық қабырға. Тыныс алуды дамыту - қозғалыс сипатына сәйкес тыныс алу тереңдігі мен қарқынының өзгерту (еліктеу, қол шапалақтау, санау бойынша). Кеудемен, ішпен және аралас тыныс алу. Дененің тік қалпын бақылау.

26. 7-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметін ұйымдастыру. Жалпы дамыту жаттығулары-сап құру және қайта құру ережелері: бағанға бір-бірден сапқа тұру, бастың артқы жағына теңестіру. Қолмен арқа артынан, басты көтеріп жүру. Бір қатарға сапқа тұру, белгі бойынша теңесу. Бағдарлар бойынша бұрылыстар. "Тұр!", "Отыр!", "Жүр!", "Жүгір!", "Тоқта!" пәрмендерін. Бұлшықет тонусын нығайту: бұлшық еттерді босаңсыту жаттығулары, саусақтардың және қолдардың білектерінің, тобық, сіңірлерінің, дененің бұлшық еттерін күшейту жаттығулары, сигнал бойынша тоқтаумен бастың, қолдың, дененің әртүрлі қимылдары. Заттармен (гимнастикалық таяқшалар, жалаулар, үлкен және кіші доптар, кіші құрсаулар), үлкен және кіші доптармен жаттығулар жасау. Тепе-теңдік жаттығуларын орындау: мұғалімнің сигналы бойынша бұрылыстары бар тұзу орындықта. Кеңістіктік-уақыттық бағдарлауды дамыту: белгіленген жерде сапқа тұру жаттығуларын орындау, бағдар бойынша шеңбер құру, бағдарлар бойынша жүру, екі аяқпен сызылған бағдар бойынша ұзындыққа секіру. Қозғалыс дағдыларын дамыту: қозғалыс қарқынын жылдамдату және баяулату арқылы бірінен соң бірі жұппен жүру, мұғалімнің артынан бұрылмалы жолмен, көлбеу тақтаймен, зал бойымен аяқтың ұшымен, өкшемен, аяқтың ішкі және сыртқы жақтарымен жүру, 20-30 см биіктіктен секіру. Сызылған жол бойымен екі аяқпен секіру. Аяқтан аяққа секіру, ілулі затты түрту арқылы орнында жоғары секіру. Кедергілерден өрмелеуді еңбектеумен үйлестіру, әртүрлі биіктіктегі кедергілерден өту. Допты бастың артынан, оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру. Ойында әртүрлі диаметрлі допты кездейсоқ лақтыру. Допты орнынан қабырғаға оң, сол қолмен лақтыру. Қозғалыстық, түзету және ұжымдық ойындар. Спорттық ойындардың элементтері: пионерболда допты беру және лақтыру; допты беру, жүргізу, ұру, әр түрлі қашықтықтан қақпаға соғу. Допты беру, лақтыру. Допты беру, жүргізу және лақтыру. Спорттық ойын элементтері бар қозғалыстық ойындар. Ұлттық қазақ ойындары: мұғалімнің жетекшілігімен "Асық ату", "Бес тас" ойындарындағы техника, тактика элементтері.



Қозғалыстардың кеңістіктік-уақыттық бағдарын және дәлдігін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен жаттығуларды орындау, көру қабілетін басқара отырып, денені белгілі бір биіктікке дейін бүгу және керу және көзді жұмып орындау, тепе-теңдік жаттығулары. Еңкейіп еденнен заттарды жинап, гимнастикалық орындықта жүру. Көлбеу гимнастикалық орындықта жүру, гимнастикалық орындықта екеулеп жүру (мұғалімнің көмегімен). Бір аяқта тұрып тепе-теңдікті ұстау; Екі аяқпен сызылған бағдарға итерілу арқылы бір жерден ұзындыққа секіру. Ауыр заттарды, спорттық жабдықтарды жылжыту кезіндегі ұжымдық өзара іс-қимыл;

2) қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Сабақ кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау; жаттығуларды орындау кезінде дене қалпын дұрыс ұстау, дене қалпын тік ұстау; спорттық снарядтарды атау. Тыныс алуды дамыту - негізгі ережелерді орындау және тыныс алу жаттығуларына қимылдарды үйлестіру, мұрын және ауыз арқылы әр түрлі бастапқы күйде– отырып, тұрып, жатып тыныс алу. Жаяу жүру кезінде тыныс алу жаттығулары: кеудемен, ішпен және аралас тыныс алу. Дене бітімін бақылау.

27. 8-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметін ұйымдастыру. Жалпы дамыту жаттығулары - бағанға, қатарға мұғалімнің нұсқауы бойынша сапқа тұру, орнында (оңға, солға) санау бойынша бұрылу. Залдың әртүрлі бөліктерінде мұғалімнің нұсқауы бойынша қатарға, бағанға, шеңберге тұру. Мұғалімнің нұсқауы бойынша қатардан бағанға, шеңберге қайта тұру. Мұғалімнің нұсқауы бойынша саптық пәрмендерін орындау. Аяқтың, дененің қимылдарын қолдың әртүрлі қимылдарымен үйлестіруге арналған жаттығулар. "Аяқты бүгу" тәсілімен жүгіре отырып биіктікке секіру, белгіленген жерде итеріліп жүгіре отырып ұзындыққа секіру, 50-60 см биіктіктен белгіленген жерге тереңдікке секіру, екі аяқпен итеріліп, белгіленген жерге бір орнынан ұзындыққа секіру. Кішкентай құрсаулармен, үлкен және кіші доптармен, арқанмен, тығыздалған доптармен жаттығулар. Лақтыру, аулау, заттарды беру, жүкті тасымалдау. Гимнастикалық құрсаулардан өту; гимнастикалық қабырғада бүгілген қолдармен аспалы жаттығулар. Допты қадамнан нысанаға лақтыру. Допты қашықтыққа лақтыру. Кеңістіктік-уақыттық бағдарды дамыту - бағдарлар бойынша шеңберден шаршыға қайта құру, көруді бақылаусыз оңға, солға бұрылу. 3-4 алуан түрлі кедергілерді жеңу. Гимнастикалық қабырғаға ауыса отырып, көлденең гимнастикалық орындықпен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаның 5-ші рейкасына дейін өрмелеу. Гимнастикалық қабырғаның көршілес бөлігіне өтумен бүйірлік қадамдармен бүйірлік қозғалыс, төмен түсу, өрмелеу және біртіндеп күрделене түсетін заттарға ауыстыра отырып заттар арқылы өрмелеуге жаттығулар. Көруді бақылай отырып, денені белгілі бір биіктікке дейін бүгуге және керуге арналған жаттығулар (тұру, жату) және көзді жұмып жаттығуларды орындау. Екі жағынан шектелген кедергінің астына еңбектеу. Алға

қарай жылжумен аяқтан аяққа секіру, аяқты бүгіп ұзындыққа секіру, аттап өту әдісімен жүгіріп секіру. Допты белгіленген биіктікке: тізеге дейін, белге дейін, иыққа дейін секіретіндей етіп еденге соғып күшін мөлшерлеу. Допты қозғалыста ұстау және беру, мұғалімнің жетекшілігімен спорттық ойындардың элементтері. Кішкентай допты бір орыннан оң және сол қолмен көлденең және тік нысанаға лақтыру. Жылжымалы, спорттық, ұлттық ойындардың элементтері. Спорттық ойындардың элементтері - футбол, волейбол, баскетбол, гандбол (мұғалімнің таңдауы бойынша).

Қозғалыстардың кеңістіктік-уақыттық бағдары мен дәлдігін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен жаттығуларды орындау, көру қабілетін басқара отырып, денені белгілі бір биіктікке дейін бүгу және керу және көзді жұмып орындау, тепе-теңдік жаттығулары. Мұғалімнің көмегімен гимнастикалық орындықпен, рейкамен жүру. Гимнастикалық орындықта топпен жүру. Орындықта, бөренеде бір аяқтағы тепе-теңдік (мұғалімнің көмегімен). Ауыр заттарды, спорттық жабдықтарды жылжыту кезіндегі ұжымдық өзара іс-қимыл;

2) қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Жеке гигиенаны сақтау: дене жаттығулардан кейін қолды, бетті жуу. Сабақ кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жаттығуды орындау кезінде дененің дұрыс орналасуы, қалыптары. Спорттық снарядтарды атау. Салауатты және қауіпсіз өмір салты ережелерін, спорттық-сауықтыру іс-шараларында өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін орындау. Тыныс алуды дамыту-негізгі ережелерді орындау және тыныс алу жаттығуларына қозғалыстарды үйлестіру, мұрын және ауыз арқылы әр түрлі бастапқы күйлерде тыныс алу-отыру, тұру, жату, серуендеу кезінде тыныс алу жаттығулары, дем шығару кезінде дыбыстарды айту, кеуде, іш және аралас тыныс алу. Дене бітімін бақылау. Өзінің де, сыныптастарның да денсаулығына ұқыпты қарау.

28. 9-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметін ұйымдастыру. Жалпы дамыту жаттығулары - бағанға, қатарға мұғалімнің нұсқауы бойынша сапқа тұру, бір орында (оңға, солға) есеп бойынша бұрылу. Бүйірлік қадамдармен ашу және жабу. Бағаннан бір-бірден екі бағанға залдың ортасы арқылы бұрылыспен қозғалыста қайта құру. Саптық командаларды орындау. Бір орында және қозғалыста орындалатын қимылдардағы қолдың, аяқтың, дененің, бастың негізгі күйлері. Аяқтың, дененің қимылдарын қолдың аттас және әртүрлі қимылдарымен үйлестіруге арналған жаттығулар. Гимнастикалық орындыққа өрмелеу, қолдар белде, аяқтар түзу, тобықты бүгу және керу. Гимнастикалық қабырғамен жоғары, төмен көтеріліп-түсу, бір аралықтан екіншісіне өту. Гимнастикалық құрсаулардан өту; аспалы жаттығулар-гимнастикалық қабырғада бүгілген қолдармен. Орындыққа тірелу. Тепе-теңдік жаттығулары - затты еденнен алып, затты аттап өтіп, гимнастикалық орындықта жүру. Қолдың әртүрлі күйлерімен бір аяқта тұру. Кеңістіктік-уақыттық бағдарды дамыту - бағдарлар бойынша шеңберден шаршыға

қайта құру, көруді бақылаусыз оңға, солға бұрылу. Көруді бақылай отырып, денені белгілі бір биіктікке дейін бүгуге және керуге арналған жаттығулар және көзді жұмып жаттығуларды қайталау. Кедергілерді, қарсылықты еңсере отырып, жылдамдық - күштік сипаттағы жаттығуларды орындау кезінде жаттығуда жүкті тасымалдау кезінде тыныс алуды бақылау. Ешкі, ат арқылы "аяқтарын бүгіп" секіру. Допты белгіленген биіктікке: тізеге дейін, белге дейін, иыққа дейін секіретіндей етіп еденге соғып күшін мөлшерлеу. Қозғалыс дағдыларын дамыту - әр түрлі қарқынмен жүру, көруді бақылаумен және бақылаусыз қол жаттығуларын орындау. Аяқтан аяққа секіру, алға қарай жылжу, аяқты бүгу, секіру әдісімен жүгіру. Кішкентай допты оң және сол қолмен көлденең және тік нысанаға бір жерден лақтыру; біртіндеп күрделене түсетін заттардың үстінен өрмелеу және астынан еңбектеу жаттығулары. Оң және сол иықтан бір қолмен тығыздалған допты (салмағы 1 кг-ға дейін) лақтыру. Тығыздалған допты бір қолдан екінші қолға дененің артынан беру. Алға секіру, алға жылжу арқылы тығыздалған допты аяқпен айналдыру. Жылжымалы, спорттық, ұлттық ойындардың элементтері. Спорттық ойындар - футбол, волейбол, баскетбол, гандбол (мұғалімнің таңдауы бойынша).

Қозғалыстардың кеңістіктік-уақыттық бағдары мен дәлдігін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен жаттығуларды орындау, көруді басқара отырып, денені белгілі бір биіктікке дейін бүгу, керу және көзді жұмып орындау, тепе-теңдік жаттығулары. Мұғалімнің көмегімен гимнастикалық орындықпен, рейкамен жүру. Гимнастикалық орындықта топпен жүру. Орындықта, бөренеді бір аяқтағы тепе-теңдік (мұғалімнің көмегімен). Екі аяқпен итерілу арқылы сызылған белгіге бір жерден ұзындыққа секіру. Аяқтың ұшымен бүйірлік қадамдармен, бұрылыспен, қолдың әртүрлі қозғалыстарымен жүру. Гимнастикалық таяқшаларды, доптарды еденнен алып, тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықта жүру. Қолдарында заттармен кездескен кезде екеуінің өтуі. Әр түрлі жүктерді топпен жылжыту, бір-біріне көмектесу. Бірнеше спорттық снарядтарды топпен жылжыту (уақытқа). Спорттық снарядтарды жылжыту кезінде қауіпсіздік техникасын орындау. Тыныс алуды дамыту-негізгі ережелерді орындау және тыныс алу жаттығуларына қозғалыстарды үйлестіру, мұрын және ауыз арқылы әр түрлі бастапқы күйлерде тыныс алу-отыру, тұру, жату, серуендеу кезінде тыныс алу жаттығулары, дем шығару кезінде дыбыстарды айту, кеуде, іш және аралас тыныс алу.

2) қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Жеке гигиенаны сақтау: дене жаттығулардан кейін қолды, бетті жуу. Сабақ кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Жаттығуды орындау кезінде дененің дұрыс орналасуы, қалыптары. Спорттық снарядтарды атау. Салауатты және қауіпсіз өмір салты ережелерін орындау, спорттық-сауықтыру іс-шараларында өзін-өзі жетілдіру

қажеттілігін көрсету. Мұғалімге дене жаттығу кезінде ауырсыну немесе ыңғайсыздық сезімі туралы қол жетімді тәсілдермен хабарлау. Дене бітімін бақылау. Өзінің де, сыныптастарының да денсаулығына ұқыпты және жауапкершілікпен қарау.

29. 10-сыныпқа арналған "Бейімделген дене шынықтыру" оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) қозғалыс қызметін ұйымдастыру. Жалпы дамыту жаттығулары - бағанға, қатарға мұғалімнің нұсқауы бойынша сапқа тұру. Әр түрлі қарқынмен жүру. Баяу жүгіру (білім алушылардың жеке мүмкіндіктері бойынша). Жүріс пен жүгіруді кезектестіру, уақытқа жүгіру. Аяқтан аяққа секіру, алға қарай жылжу, аяқты бүгу, секіру әдісімен жүгіру. Бір орында және қозғалыста орындалатын қимылдардағы қолдың, аяқтың, дененің, бастың негізгі күйлері. Гимнастикалық орындыққа өрмелеу, қолдар белде, аяқтар тұзу, тобықты бүгу және керу. Гимнастикалық қабырғамен жоғары, төмен көтеріліп-түсу, бір аралықтан екіншісіне өту. Кедергілерді, қарсылықты жеңе отырып, жылдамдық-күш жаттығуларын орындау кезінде жаттығуда жүкті тасымалдау кезінде тыныс алуды реттеу. Кішкентай құрсаулармен, үлкен және кіші доптармен, арқанмен, тығыздалған доптармен жаттығулар. Гимнастикалық құрсаулардан өту; аспалы жаттығулар-гимнастикалық қабырғада бүгілген қолдармен. Тепе-теңдік жаттығулары - затты еденнен алып, затты аттап өтіп, гимнастикалық орындықта жүру. Қолдың әртүрлі күйлерімен бір аяқты тұру. Ықтимал аралас кедергілерді жеңу (екі тіректен және екі жолақтан тұратын терезе; ұзындығы 30-60 см-ден 60 см-ге дейінгі кедергілер). Ешкі, ат арқылы "аяқтарын бүгіп" секіру. Кеңістіктік-уақыттық бағдарлауды дамыту-бағдарлар бойынша шеңберден шаршыға қайта құру, көруді бақылаусыз оңға, солға бұрылу. Көруді бақылай отырып, денені бағдарлар бойынша (тұрып, жатып) белгілі бір биіктікке дейін бүгуге және созуға арналған жаттығулар және көзді жұмып жаттығуларды орындау. Кішкентай допты бір қолмен орнынан лақтыру және үш қадамнан қашықтыққа, ені 10 метрге дейінгі дәліз бойымен, оң және сол қолмен көлденең және тік нысанаға дейінгі қашықтыққа "иық арқылы артқа" тәсілімен лақтыру. Тығыздалған допты итеру (1-2 кг.). Біртіндеп күрделене түсетін заттардың үстінен өрмелеу және астынан еңбектеу. Тыныс алуды дамыту-негізгі ережелерді орындау және тыныс алу жаттығуларына қозғалыстарды үйлестіру, мұрын және ауыз арқылы әр түрлі бастапқы күйлерде тыныс алу-отыру, тұру, жату, серуендеу кезінде тыныс алу жаттығулары, дем шығару кезінде дыбыстарды айту, кеуде, іш және аралас тыныс алу. Жылжымалы, спорттық, ұлттық ойындардың элементтері. Спорттық ойындар - футбол, волейбол, баскетбол, гандбол (мұғалімнің таңдауы бойынша).

Қозғалыстардың кеңістіктік-уақыттық бағдары мен дәлдігін дамыту үшін мұғалімнің көмегімен жаттығуларды орындау, көруді басқара отырып, денені белгілі бір биіктікке дейін бүгу және керу және көзді жұмып орындау, тепе-теңдік жаттығулары. Мұғалімнің көмегімен гимнастикалық орындықта жүру. Гимнастикалық орындықта топпен жүру. Орындықта, бөренеді бір аяқтағы тепе-теңдік (мұғалімнің

көмегімен). Екі аяқты сызылған бағдарға итеру арқылы бір жерден ұзындыққа секіру. Аяқтардың ұшымен бүйірлік қадамдармен, бұрылыспен, қолдың әртүрлі қозғалыстарымен жүру. Гимнастикалық таяқшаларды, доптарды еденнен алып, тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықта жүру. Аяқтардың ұшымен бүйірлік қадамдармен, бұрылыспен, қолдың әртүрлі қозғалыстарымен жүру. Гимнастикалық таяқшаларды, доптарды еденнен алып, тепе-теңдікті сақтай отырып, гимнастикалық орындықта жүру. Қолдарында заттармен кездескен кезде екеуінің өтуі. Әр түрлі жүктерді, ауыр заттарды топпен жылжыту, бір-біріне көмектесу. Бірнеше спорттық снарядтарды топтар бойынша жылжыту. Спорттық снарядтарды жылжыту кезінде қауіпсіздік техникасын орындау;

